Будда оқуларының нәтижесінде Ә.Сыдыхановтың 1998 жылы Чжоу-цзыйдың «Жетілген адам «бос қайық» секілді»,-деген нақыл сөзінен нәр алған «Бос қайық» атты ақ түсті кезеңге жататын кескіндемелік кенебі жарық көрді. Мұндағы бос қайық – толыққанды адам өмірінің символы. Ол – адам өмірді, тіршілікті оның бар болмысымен қабылдау үшін барлық нәрсеге ашық болу керек, оның жан дүниесі жаман дүниелерден бос болу керек дегенді білдіреді. Суретші баяндауында ашық аспан астында, жарқыраған күннің жылуға толы шұғыласына бөленіп, жалғыз бос қайық су бетінде қалқып тұр. Қайықта ескек те жоқ, оны есетін, бағыт-бағдарын тұспалдайтын адам да жоқ. Бос қайық алып кеңістікте теңіз толқынының ырғағымен қалықтап барады. Алда оны не күтері белгісіз. Ол өзін жетелер толқындардың қандай боларынан, қайда апарып соқтырарынан хабарсыз. Дегенмен, бүгінгі күн барлық күндерден тамаша. Кенепте бейнеленген қайық пен кеңістік суретшінің көркем тіліндегі адам мен өмірдің айнымас келбеті. Адам – бұл данышпандық философиясы, яғни жалғыздық пен мәңгілік тақырыбы.

Ә.Сыдыханов шығармашылығында «Бос қайық» кенебімен композициялық құрылымында ұқсастық табатын жұмыстарының бірі «Жалғыздық» (1998) деп аталады. Кенеп 1998 жылы жазылып, төртбұрышты форматта көгілдір түсте шешім табады. Алдыңғы жұмыс секілді мұнда да аспан кеңістігінің басым бөлігін күн алып тұр. Күн астында су бетінде жалғыз тырна бейнеленген. Кескіндемелік кенеп адамның ішкі жан дүниесінің өмір туралы толғаныстарына, нәзік поэзиясына арналған. Кенеп лирикалық мәнерге, ішкі кернеуге толы. Ол тыныштықты, тіршіліктің мәңгілік қозғалысын, өмірдің қылдай нәзіктігін арқау етеді. Аспандағы үлкен күн – мәңгілік айналып жатқан күнделікті тіршілік, ашық аспан – адам жанының тыныштығы, су – тіршілік, өзен секілді өмір, тырна – сол өмірде тіршілік етуші адам. Немесе автордың өзі. Оның қылдай нәзік мойны мен аяқтары күрмеуге келмейтін, көзді ашып-жұмғанша өтіп кететін адам өмірінің, тіршілігінің маңызын білдіреді.

Суретші кенепте композиция құру барысында бір жүйені жиірек пайдаланады. Оған композицияны бір орталыққа жинақтау тән. Оның кенептерінде бір орталықтан тараған композиция жинақы, қабылдаудың күрделілігіне қарамастан бірізді болып келеді. З.Сыдыханова кескіндемеші кенептеріндегі композициялық шешімге «Сыдыханов туындыларының ең басты ерекшелігі – бұл орталықтандырылуы. Қабылдауы жағынан бұл киіз үйдің шаңырағын еске түсіреді. Шаңырақ киіз үйдің барлық конструкциясын, барлық бөліктерін ұстап тұр: есігін, керегелерін және уығын. Онда мағыналық мән шоғырланған: ол аспанның, әлемнің, отбасының символы және адамның космоспен байланысы. Мүмкін сондықтан болар шаңырақтың графикалық символы (шеңбер ішіне орналастырылған тепе-теңдіктегі крест) суретші кенептерінде жиірек кездеседі» - деген пікірін береді [4, 61].

Әбдірашит Сыдыханов шығармашылығы тәуелсіздік жылдарындағы Қазақстан кескіндемесінде қалыптасқан өзіндік тенденциялардың біріне жатады. Ол қазақ кескіндемесінде таңбалық жазу тілінің қалыптасуына өзіндік үлесін қосып, тарих беттерінде өз есімін мәңгілікке қалдырды. Сыдыханов шығармашылығы көп қырлы, алуан түрлі. Онда көшпенділер халқының ойлау жүйесі мен шығыс философиясы бірізді баяндауға ие. Ол таңбалық жүйені жасауда кенеп бетінде оның символдық мәнін тиімді пайдалана отырып, қазақтардың дүниетанымдық көзқарасының өзіндік космо әлемін бейнелейді. Сыдыханов тілі күрделі, алайда оның шығармаларын интерпретациялауда ондағы әрбір бөлшек, терендеп енуді, түбегейлі зерттеуді қажет етеді.

«Бейнелеу өнеріндегі дәстүр – бұл белгілі бір тарихи кезеңге тән, көркемөнер тілінің жүйесі, образды-сюжеттік құрылымы. Әр буын суретшілеріне мұралыққа қалған бұл тәжірибе өнердің барлық кезеңіне енеді – көне замандардан бүгінгі күнге дейін» [5, 194]. Батыс Еуропаның ортағасырлар-

дағы дәстүр приоритеті бір кездері өз орнын Қайт өрлеу деп аталған дәуірдің сезімдік тәжірибелеріне бергені белгілі. Кейіннен осы бір мызғымас дәстүр өзінен кейінгі кезеңдердегі өнерге және модернистік, постмодернистік мәдениеттерге жол берген болатын.

Тәуелсіздік кезеңіндегі Қазақстан бейнелеу өнері де осындай дәстүрдің жалғасы. Мұнда тек қатып қалған соцреализм дәстүрін жас мемлекеттің еркіндікті, бабалар мұрасын, тарихи тамырын аңсаған, жаңа тыныстағы тілді игерген көркемдік дәстүрді ығыстырған болатын. Мәдениет пен өнердегі мұндай көркемдік процесс шеңбер құрап қалыптасқан үздіксіз үрдіс. Ол қоғамға келген жаңа буынның және қоғамда қалыптасқан жаңа көзқарастардың талаптарына сай туындап отырады. Ә. Сыдыханов шығармашылығы да осындай үздіксіз үрдістердің шеңберінде айналымға түскен. Әр айналым сайын жаңа қырынан көрініп, көрерменін жалықтырмаған суретші тың ойымен, кенептеріндегі терең сезімдік жүйесімен елітеді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қодар Ә. *Мәдени танымның қысқаша сөздігі. // Тамыр. – 2002. – №2. – С 98.*
2. Ли К., Таурбеков Б. *Символ - код истины. // Дидар Қазақстан. – 1999. – № 15. – С 70.*
3. Барманқұлова Б. *Испытание воображением. А.Сыдыханов. Альбом. – Алматы: 2007. – С 108-109.*
4. Сыдыханова З. *Абдрашит Сыдыханов. / Сб.статей Мастера изобразительного искусства Казахстана. Выпуск 3. – Алматы: 2004. – С 61.*
5. Джумашева Ф. *Традиции и современность в искусстве. // Культурное наследие народов Казахстана и национальная система образования. Доклад Международной научно-практической конференции. – Т I. – Алматы: 2004. – С 194.*

Ыдырыс Зухра Асылбекқызы
өнертану магистрі, Т.Жүргенов атындағы Қазақ Ұлттық Өнер академиясының
аға оқытушысы, zukhraydyrys@gmail.com

Ғ.МАДАНОВ ПЕН А.ЕСДӘУЛЕТОВТІҢ МИФОЛОГИЗАЦИЯЛАУ ТІЛІ МЕН БАСТАМАЛАРЫ

Түйін. Мақалада егемендік алғаннан кейінгі Қазақстан кескіндемесіндегі елеулі өзгерістер қарастырылады. Автор тәуелсіздік жылдарындағы кескіндеменің негізгі бағыттарын қарастырып, фигуративтік емес кескіндеме өкілдерінің шығармашылығына тоқталған. Суретші Ғ.Маданов пен А.Есдәулетов шығармашылығы арқылы кескіндемедегі аталмыш бағыттың өзіндік ерекшеліктерін айқындайды.

Резюме. В статье рассматривается наиболее значимые изменения в живописи Казахстана после обретения суверенитета. Автор рассматривает основные тенденции в живописи Казахстана периода независимости и останавливается на творчестве художников нефигуративистов. Через творчество художников таких как Г.Маднов и А.Есдаулетов раскрывается особенности этого направления.

Summary. The article examines the most significant changes in the painting of Kazakhstan after gaining sovereignty. Author's main trends in painting, history and events on the creative work of non-figurative artists. Through the work of artists such as G.Madnov and A.Esdauletov features of this direction are revealed.

Тәуелсіздік қарсаңындағы Қазақстан бейнелеу өнері жас та талантты жаңа есімдермен толыға түсіп, олардың шығармашылығында кескіндеменің жаңа бір тенденциясын қалыптастырған айрықша белгілер көркемдік шешім тапты. Өткенінді саралап, бүгінгіге салмақпен қараған жас суретшілер абстрактылық бейнелеу тіліне сүйене отырып, өзіндік тарихы мен табиғи болмысын көшпенділік сана негізінде мифтендіру арқылы жүзеге асыруға барын салды.

Осы тұста өздерінің алғашқы қадамдарынан-ақ рухани дәстүрге деген құштарлықтары туралы мәлімдеген жас суретшілердің ішінде Б.Бәпішев, Ғ.Маданов, А.Есдәулетов есімдері әлі таныла қоймаған суретшілер болды. Бұл буын өздерінің шығармашылықтары арқылы бүгінгі күнді дәстүрлі құндылықтар, түсініктер мен наным-сенімдер, рәсімдер әлемімен байланыстыратын бір тізбекті ұғымды ұғынуға тырысты. Олар мифология мен рәсімдерде, салттық ғұрыптар мен дәстүрлі мәдениетте, фольклор мен материалдық мәдениетте жасырынған «ақтаңдақтарға» толы қазақтардың, түріктердің дәстүрлі мұраларына назар салады. Аталған бұл белгілерді тиімді, ұтымды пайдалана отырып көркемдік қолтаңбаларын, баяндау тілдерін қалыптастырады.

Ғалым Маданов шығармашылығы өзінің көркемдік қолдаңбасының ерекшелігімен қызықтырады. Ол Қазақстан бейнелеу өнеріне 1980 жылдардың аяғы 1990 жылдардың басында келіп қосылып,

суретші график ретінде одан кейін объектпен жұмыс жасайтын суретші ретінде көрінеді. Қазіргі бейнелеу өнерінің жаңа мүмкіндіктерін де өз шығармашылығының бастапқы сатысында тиімді түрде пайдаланады. «Көпір» суретшілер ассоциациясының құрамында өзінің ерекше көркемдік қолтаңбасымен, кескіндемелік тілінің шеберлігімен ілтипатқа ие болады. Қазіргі кескіндеме өнерінің бүгінгі бейнелеу мүмкіндіктерін шебер игерген суретшіні өз замандастарының арасынан ажырату қиын емес. Мифтік бастаулар негізінде шығармашылығын қайта қалыптастыруда суретші өзі үшін тың, жаңа дүниенің есігін ашады. Ол болмыстың жаратылысы, кеңістік, кеңістіктегі алғашқы бастаудан нәр алған құбылыстар.

Ғ.Маданов шығармашылығында 1990 жылдардың басында алғашқы бастаулар, әлемнің жаратылуы туралы, алғашқы адам жайындағы мифтер арқау болған туындылар жетекші орынды иеленеді. Кескіндемешінің осы жылдардағы шығармаларында енді реалды дүние мүлде жоғалып, заттық орта өз тіршілігін тоқтатады. Ендігі кенеп беттерінде менің, сенің, оның тіпті баршамыздың жаралуымыз, жаратылысымыз туралы мифтер әлемі өзіндік сипатқа ие болады. Бұл мифтер тек бейнелеу құралдары арқылы, динамикалық, статикалық композиция құру мүмкіндіктері арқылы шешіліп, метафоралық баяндау тілін иеленеді. Оның «Әрекет» (1990), «Архетиптер» (1992), «Ағаш, Жер және Аспан» (1991-1993), «Адам ата мен Хауа ана. Жаратылыс» (1993), «Миф өзегі» (1993), «Таудың дүниеге келуі» (1996) секілді жұмыстары осындай сипатта.

«Адам ата мен Хауа ана. Жаратылыс» (1993) тақырыбындағы кескіндемелік жұмысы адам баласының, жер бетіндегі тіршілік атаулының, тіпті Көк пен Жердің жаралуы туралы миф негізінде құрылған. Төртбұрышты форматта қою реңдегі фонда сары түспен тұспалданған екі тұлғаның дене бітімі жобаланған. Олар бітпей аяқсыз қалған. Белгілі бір бастау мен аяғына дейін жеткізілген процесстің нышандары байқалмайды. Барлық нәрсе шартты көрніске ие. Болмыс бітімдері сары түспен тұспалданған тұңғыық кеңістікте ерекше жылтырап жарықшақтанған екі дене бір-біріне параллель орналасқан. Жазық бетін жарып көтерілген еркек пен әйелдің айрықша белгілері жарық пен көлеңкеде бояу түстерінің құбылуында тұспалданып берілген. Композиция діни миф желісінің негізінде баяндалғандықтан барлығын анық, ашық жайып салудан ада. «Мұның барлығы нәтижесінде өмір мен сол өмірдің өзіндеорын алатын болмыс пен болмыс

еместегі өмірлік үдерістердің қарқыны мен нәзік тепе-теңдігінің макро- және микрокосмдегі адам мен табиғат үндестігінің әсерін береді. Дәстүрлі санадағы әлемді нақты дәлме-дәл құрылымдау қасиеті, универсум арқылы өзінді-өзің ашу қажеттілігі, өмірді әрқашан жаңарып тұратын, тоқтамайтын, аяқталмайтын үрдіс ретінде түйсіну Маданов шығармаларының өзегі, мәні болып табылады» [1].

Маданов жұмыстарынан жарқын мәнерленген архитектуралықты, яғни шығармада баса көрсетілген структуралық негізді бірізді байқауға болады. «Бұл ерекшелік оның болмысының алғашқы бастамаларының әзденісі, соның ішкі мәні мен құрылымы жайлы концепциясының көрінісі болып табылады. Оны тек жана түрде, көрермен назарында әлде-қандай біртұтас органикалық құрылым әсері арқылы ғана жүзеге асыруға болады» [2, 114].

Жадабайев Ә.Ж. Ғалым Маданов шығармашылығын шартты түрде образды-композициялық шешімі бойынша бірнеше түрге бөледі.

- Қатаң симметриялы композициялар;

- Элементтерінің фрагменттілігін баса көрсеткен ассиметриялық композициялар;

- Көлденең сызық үстемдік құрып, композиция бөліктері динамикалы орналасқан жұмыстар [2].

Мұндай жіктеу суретші шығармашылығында жалпы ортақ бір принципке негізделгенімен, оның ізденістен, шығармашылық әдістер мен бірнеше құралдардан тұратынын көрсетеді. Симметрия және ассиметрия секілді аталған сипаттамалардың шартты болып табылуы олардың кенеп бетінде бір жағдайдан екінші жағдайға ауысып отыруына байланысты. Бұл композициялық әдістер терең болмыстық үрдістердің өзара қарым-қатынасы мен қалыптасуының әртүрлі жағдайының күрделі үрдісін мәнерлейді. Визуалдық қабаттардың тереңдігінде суретшіге қиялдағы орындалмас армандар туралы тұрақтылық пен уйлесімділік елестейді. Фрагменттілік адам санасына сыймайтын әлдебір жаһандық тіршілік туралы тұспалдайды. Суретшінің 1992-1994 жылдар аралығында біртүзбекте дүниеге келген «Атаусыз» атты топтамасы осындай көрініске, мазмұндық күшке ие.

Ғ.Мадановтың «Атаусыз» топтамасына енетін кескіндемелік жұмыстары кеңістіктен, кеңістік ішіндегі шолақ кеңістіктен құралған. Олар космостық әлемдегі кеңістіктерді елестетеді. Түс шектеулі, композиция жиірек аралас техникада орындалып, санадан тыс дүниеге жетелейді. Сарғыш, қоңыр, ақшыл сияқты жылы түстерден құралған туындылар алып кеңістіктің түстік жағдайын, мифологиялық жаралу болмысын сипаттады. Кеңістіктің ішіндегі кеңістік деп атауымыздың өзіндік себебі бір. Суретші мұндай шығармаларында әлдебір сюжетті баяндаудан, мазмұндық желіден алшақтайды. Ол әрекет үстіндегі немесе мүлде мүлгіген тыныштықтағы алып кеңістіктің бір бұрышындағы көріністі кенеп бетіне түсіреді. Осы бір бөлшекті

кенеп бетіне түсіруден оның туындыларында фрагменттілік басымдық танытып, бүкіл ғаламшардың бір көрінісі секілді күй береді.

Суретші шығармашылығындағы мифтендірудің тенденциясының мұндай сипаты әлемді қоғамнан, табиғатты адамнан, кеңістікті жазықтықтан бөле жармаудан туындаған. Өйткені алтын, сарғыш, ашық түстің реңіндегі алып кеңістіктің рамамен шектелген бір бөлшегі белгілі бір жазықтыққа орналасқанда сол жазықтықтың ажырамас бөлігі болып табылады. Бұл суретшінің өзіндік концепциясы. Өйткені кеңістік көшпенділер ұғымында дала, аспан ұғымдарымен түйіседі. Кең дала мен аспан көкжиекте түйіскенмен көкжиек олардың шегі болып табылмайды. Керісінше көкжиек келесі екінші кеңістіктің жалғасы болып табылады.

Осы тенденцияда жарқын мәнерге ие болып, өзіндік қолтаңбасын қалыптастырған суретшілердің ішінде Асқар Есдәулетов есімі де Қазақстан бейнелеу өнеріне 1980 жылдардың соңы мен 1990 жылдары кеңінен танымал. Ол 1962 жылы Шымкент облысында дүниеге келеді. 1985 жылы Алматы көркемсурет училищесін интерьер дизайн мамандығы бойынша бітіріп, білімін әрі қарай шыңдау мақсатында Алматыдағы театралды-көркемсурет институтына тапсырып, оқуға қабылданады. Аталмыш оқу орнын мүсін бөлімі бойынша 1990 жылы аяқтайды. Осы жылдан бастап ҚР Суретшілер Одағының Мүшесі. Қазақстан бейнелеу өнерін бүгінгі әлемдік мәдениетпен сабақтастықта дамыту мақсатында көптеген Халықаралық көрмелерге қатысып, қазақ кескіндемесінің өзіндік келбетін шет елге таныстырып жүрген суретшілердің бірі.

1990 жылдары суретші көшпенділік сана сезімді кенеп бетінде халыққа етене жақын тілде мәнерлеу негізінде өзінің абстрактылық сипаттағы концептуалдық тілін қалыптастырады. Зооморфты, антропоморфты бейнелерді кенеп бетінде қисынды орналастыру арқылы суретші көрерменді өзінің конструктивтік мифтерінің әлеміне жетелейді. Көне түріктердің құдайлар әлеміне, ғұрыптық салт-дәстүрлері тақырыбына қалам тартқанда оның композициялары ашық-жарқын, түрлі түсті реңдегі, стилизацияланған декоративтік мәнерге ие болады. Ол шығармашылық тілі мен қолтаңбасын өзіне дейінгі Б.Бапишев пен Ғ.Маданов шығармашылығында ерекше мәнерлеуге ие болған үштік ұғымнан (Жоғарғы, ортаңғы, төменгі әлем. Өмір дарағы.) алшақ сипатта дамытады.

Оның кенептерінен құстар мен Тәңіршілдік әлемінің құдайларынан емес, кеңістіктегі кеңістіктің тіршілігі мен алғашқы жаратылыс туралы мифті емес, керісінше бұқалар мен жылан, мүйіз тұмсық секілді жануарларды кезіктіреміз. Сияр, бұқа, мүйіз тұмсық секілді жануарлар суретші кенептерінде жаңа конструкциялық пішінге, ашық қанық түстерге ие болады. Мысалы, «Мүйізтұмсық» (1991,1994) деп аталатын шығармасында мүйіз тұмсықты кенеп

скіндемеші кенепте графикалық шешімде шешеді. Ол шөлдің жануарын бүге-шүгесіне дейін зерттеп, кенеп бетінде әлдебір космостық әлемнің бізге таңсық, түсініксіз техникасын, дәлірек айтсақ машинасын бейнелегендей егжей-тегжейіне дейін сызып көрсетеді. Жануар өзінің биологиялық болмысынан айрылып, металл материалдан жинақталған эмбебап машинаның контрукциясына айналады. Табиғаттың ажырамас бөлігі болып табылатын жануарлар әлемін Есдәулетов ендігіде материалдық дүниенің құндылығы ретінде қарастырады. Оның әлемі өң мен түстің арасындағы, балалық шақ пен есейген кезеңнің ортасындағы жағдайды суреттейді.

Сиыр тұқымдастар, бұқалар суретші кенепіндегі ең басты қайраткерлер мен қаһармандар. Кескіндемеші оларды ерекше сүйіспеншілікпен кенеп бетіне түсіреді. Оның бұқаларды суреттеуі Еуропалық суретші Пикассоның шығармашылықтағы құштарлығымен сәйкестік табады. Пикассо өз шығармашылығындағы бұқаларды алып күштің иесі ретінде қарастырса, Есдәулетов кенептеріндегі бұқалар сонау тереңдегі рухани дәстүрлік байланыстырдың тізбегінен келіп орын тепкен. Пикассо шығармашылығына қарағанда олар мүлде қарсы сипатта. Себебі Пикассо кенептеріндегі бұқалар күш иесі болғандықтан қатал, қатаңдық танытса, Есдәулетов бұқалары мен сиырлары сыртқы тұрпатында айбат шеккенімен, іштей олар шарасыз, бейкүнә жануарлар. Тіпті 2005 жылы жазылған «Күннің батуы», «Дала» атты жұмыстарында аталмыш жануарлар сыртқы тұрпатымен де қорқыныш тудырмайды.

А.Есдәулетов шығармашылығы тек жануарлар әлемінен ғана тұрмайды. 2000 жылдардан бастап ол сақтар әлеміне сапар шегеді. «Қалқан» (2000), «Сақ мотивтері» (2005) кенептері сақтардың көркемдік дүниелерін, мифтері мен бүгінгі ұрпаққа қалдырған мұраларын паш етіп, кенеп бетінде қайта жандандыруға бағытталған. «Қалқан» атты шығармасында кескіндемеші төртұрышты форматқа қартаң тартқан кеуанамен қоштасқан сақ сарбазын бейнелейді. Сақ жауынгері «Есік» қорғанынан табылған «алтын адамның» өзі ретінде көрінеді. Табиғат көрінісі тек сары және көк түстен тұрады. Сары түсте жер мен дөң шешілсе, аспан ашық, қою көк түспен бейнеленеді. Бейнелер кенеп бетінде бір жақты сипатқа ие болған. Жоғарыда атап кеткеніміздей оларды тек бір жақты ракурсте ғана көреміз. Кенепте сондай-ақ анасымен қоштасқан сарбаздан басқа, оның тұлпары, сол жақ бұрышта жалаңаш тұрған кішкене бала мен ит бейнеленген. Бала жылап тұр. Ана баласын соғысқа жібергісі келмегендей отырған қалпында баласына сүйене, сүйініш арта бейнеленген. Ит жан-жағында болып жатқан оқиғаға көнбістік танытып, мұнайған қалпы кимылсыз жатыр. Сарбаздың тұлпары ширақ, әлі жас, қожайынымен шамалас көрінеді. Сары, көк, жасыл, ақ түстерде шешім тапқан композициядан қайғылы жағдайдың

ауырлығы, қысым сезілмейді. Суретші баяндаудағы туындының қалқан атануының өзіндік себебі бар. Сарбаз жаста болса жауына қарсы шайқасқа аттанбақ. Ол елдің қорғаушы батыры, жел соқса ық болатын, жау тисе қалқан болатын тірегі. Жалпы композиция құрылымы миниатюралық шешім табады. Әсіресе мұндай баяндауда табиғат көрінісі мен ана бейнесі құрылған.

Ал, «Сақ мотивтері» (2005) шынайы декоративті шешім тапқан жұмыстарының бірі. Онда суретші сары, қызыл, көк, жасыл түстердің үндестігінде сақтар әлемін бір кенептің бетіне сыйдыруға тырысады. Кенеп бетінде сақ патшайымы Тұмар, сақтар бағындырған еуропа өркениетінің нышандары, бейбітшілік символы саналып көгершін құс және бақыт пен әлемнің түрлілігін сипаттайтын тауыс құсы бейнеленген. Осы аталғандардың барлығын ұзыннан созыла түсіп төменгі жағында шеңбер құрап түскен ойығы бар созылықты пішіндерге топтастыра орналастырады. Ұзынша келіп, созыла біткен бұл пішіндер шошақ бас киім киген әрбір сақ адамының образы секілді. Алайды бүгінгі ұрпақ санасында қалмаған олардың бет әлпеті тек дөңгеленіп ойылып, қара түспен тұспалданған. Бас киімдер маникенге кигізілген киім тәрізді. Олар әртістер, әрқайсысы бір кейіпкердің ролін ойнап, олардың болмыс бітімін сомдап тұр. Тұмар патшайым күн мен айдың, ғалам мен жердің патшасы ретінде бас киіміне осыларды сипаттайтын белгілер нақышталып бейнеленген. Бейбітшілік пен тыныштықтың символында көгершіндер бейнеленген шошақ төбелі ақ түсті кимешек секілді бас киім астында киген ана образы көрініс тапқан. Елге бақыт әкелуші тауыс құсы бейнеленген бас киім астында алтын адам тұр. Ал, бүткіл еуропа жерін басып алып, оның өркениетінің елеулі ескерткіштері жинақталған бас киімде жауынгер, ана мен бала құдайы, олардың қорғаушысы ретінде төбесіне кимешекті әйелдер жиынтығынан тұратын бас киім киген, құс қанатты адам кейпінде Ұмай кескінделсе, алтынға ұқсас сары қызыл түстерді жарықтандыра бейнеленген шошақ бас киімде қарапайым сақ суреттелген. Осындай мәнерде А.Есдәулетов ««Бақыт», С.Айтбаев шығармасын қайталау» (2004), «Бас ию» (2005) және т.б. кескіндемелік жұмыстарын дүниеге әкеледі. Олардың әрқайсысы өзінше талдауды, жеке көзқарасты талап етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. *Ергалиева Р.Ә. Этнокультурные традиции в современном искусстве Казахстана. Живопись. Скульптура. – Алматы: НИЦ Ғылым, 2002. – 101 бет.*
2. *Жадабайев Ә.Ж. Галим Маданов. Статъя к сборнику Мастера изобразительного искусства Казахстана. Выпуск 3. – Алматы, 2004. – 111, 114 бет.*

Кабылов Даулет Блялулы

Т. Жүргенов атындағы Қазақ Ұлттық өнер академиясының докторанты,
Dauletm777mmm@mail.ru

ГЕОМЕТРИЧЕСКАЯ ГАРМОНИЗАЦИЯ КАК ОСНОВА ХУДОЖЕСТВЕННОГО ФОРМИРОВАНИЯ ИНТЕРЬЕРА

Резюме. В данной статье рассматриваются идеи о том, что автор в соответствии с творческими концепциями, с стилистическими направлениями, используя различные средства композиции и учитывая природно-климатические условия создает геометрические формы, которые оказывают функцию "семантического кода" отражающего принадлежность к определенной культуре.

Ключевые слова: Дизайн, архитектура, орнамент, интерьер, общественное здание.

Түйін. Бұл мақалада, автордың шығармашылық тұлғасымызды, стилистикалық бағыттарға сай, әр түрлі үйлесімдік тәсілдерді және табиғи-климаттық жағдайларды ескере отырып семантикалық белгі қызметін атқаруға қуатты, белгілі бір мәдениетке тәндігін айқындаушы геометриялық бейнені туындау идеялары қарастырылды.

Кілтті сөздер: Дизайн, сәулет, ою, интерьер, қоғамдық ғимарат.

Summary. This article focuses on the idea, that the author accordance with creative concepts, with stylistic directions using various means of composition and taking into account climatic conditions creates geometric form, that have function "semantic code" reflecting own to identified culture.

Keywords: Design, architecture, ornament, interiors, public building.

Квадрат, круг, многогранник в плане предполагают построение статичной, уравновешанной формы пространства. Человек находящийся в таком пространстве, чувствует себя внутренне спокойнее, независимее, значительнее. Характеристика формы внутреннего пространства, очертание помещения в плане, криволинейные и плоские потолки, форма мебели являются признаками художественного формирования интерьера. Форма может быть охарактеризована как статичная, уравновешанная и, в противоположность ей, как динамичная. Динамичная же форма предполагает обращенность внутреннего пространства куда-то во вне и ставит человека в положение чего-то ожидающего, зависимого. Часто такая форма бывает связана с характером использования помещения-обращенность зрительного зала к сцене, раскрытие в природу и т.д. Кроме того, она бывает обусловлена композицией, построением целого. И тогда статичная форма является организую-

щим началом, как бы условно подчиняющим себе динамичные, обращенные формы.

Развитие идеи геометрической гармонизации пространства следует основополагающей идее порядка - строгие пропорции объемно-пространственной композиции, чистота геометрических построений, выверенная детализация.

Задачи организации внутреннего пространства и формирование интерьера как законченной архитектурной композиции не могут быть оторваны от тех требований, ради которых возникает это пространство. Неразрывно в единстве с практическими, возникают и развиваются эстетические и духовные требования к внутреннему пространству, его интерьеру. Художественное понимание развивается как стремление к гармонии.

В архитектуре нерасчленимо понятие удобства и красоты, поэтому созданию внутреннего пространства должно предшествовать серьезное изучение задания, изучение всех отдельных требований в связи с проведением того или иного процесса, изучение графиков движения и взаимосвязей отдельных помещений, изучение критериев оптимального режима и т.д. И только в результате комплексного решения вопроса может быть найдено оптимальная пространственная структура. Взаимосвязи помещений, вопросы оборудования и его размещения, размеры и форма необходимого пространства, освещение, акустика – все эти научно обоснованные требования возникают для каждого типа общественных и отдельных помещений.

В качестве примера можно интерьер музея им. Абылхана Кастеева. Региональные особенности в здании музея отражает атриум музея, художественная особенность достигнута использованием скульптуры, живописи, орнаментального войлока. Связь с окружающей средой или введение природы в объем здания осуществлена массивным козырком, который опирается на квадратные в плане мраморные столбы. «Особую выразительность придает четырехгранная стеклянная пирамида кровли, через которую освещается ядро здания, т.н. верхние обходные галереи двухуровневого зала «периодики». Пирамидальные объемы «фонарей» освещают помещения третьего этажа. В центре расположен внутренний дворик с деревьями, цветниками и декоративными бассейнами, служит эффективным средством «музейного утомления» [11].




Рисунок 1- Музей им. Абылхана Кастеева

Использование верхнего света является выразительным художественным приемом композиции и становится ведущей темой интерьера музея в целом.

Эти примеры показывают, что элементами интерьера, возникающим как необходимые, зависимые от ряда требований, могут придать такую характеристику и такое взаимное сочетание, которая войдет как важная художественно-эстетическая составляющая, а иногда и как ведущий элемент в композицию интерьера.

В данном случае применени концентрически прием построения пространства вокруг главного ядра.

Многие из современных архитектурных форм в интерьере, такие как солнцезащитные решетки, акустические потолки, фонари верхнего света, очертание амфитеатральных залов, получившие совершен-

ную пластику и пространственную характеристику и ставшие выражением современных эстетических представлений, возникли не случайно, а как ответ на функциональные требования проведения того или иного процесса.

«На фасаде Дворца бракосочетания солнцезащитное средство орнаментального мотива. Это - унифицированный ажурный элемент, используемый в данном случае для выражения национального своеобразия в архитектурном объекте. Реализованная интеграция художественных средств - стенная роспись, чеканка у входа и мозаика на заднем фасаде. Интерьер здания выполнен в виде юрты. Солнцезащитные устройства, опоясывающие сплошным кольцом окна, выполнены орнаментальным пояском, которая придают зданию легкость, нарядную торжественность. На 1-м этаже - двухцветный вестибюль, комнаты жениха и невесты, ритуальный зал. Из центра круглого вестибюля одномаршевая лестница, из белого мрамора, украшенная живыми цветами, ведет на 2-й этаж, где находятся зал торжеств бракосочетания. Здание дворца бракосочетания, внесен в реестр памятников истории и культуры 4 апр. 1979 г.» [11].

Основа архитектурной композиции также закладывается в рисунке геометрии плана, т.е. в архитектурно-планировочной структуре общественных зданий.

Художественно-образное решение конфигурации плана Дворца бракосочетания в Алматы решено в виде цилиндрических объемов, символизирующих два обручальных кольца, одно в другом. Диаметр основного этажа 34 м. Стены, кровля монолитные на ригелях, в железобетонном каркасе. В интерьере используется - световой фонарь, детали которого сделаны из белого мрамора и анодированного алюминия. Авторами проекта являются архитекторы М. М. Мендикулов, А. А. Лепшик, 1966-72 г.



Рисунок 2- Дворец бракосочетания, архитекторы М. М. Мендикулов, А. А. Лепшик, 1966-72 г.

В данном случае, необходимо дополнить, что художественные средства позволяют создавать неповторимый облик, своеобразие, индивидуальность

каждого общественного здания и ансамбля в целом. Сопоставление и сочетание элементов здания, самих зданий или ансамбля по силуэту, пластике, фактуре, цвету и масштабу создает многообразные по образу и эмоциональному воздействию композиционные системы. Вместе с тем, построение композиции, например, ансамблей общественных зданий и сооружений и формирование их художественного образа, может составлять сложное переплетение и сочетанием различных композиционных тем. Задачей создания общего характера композиции должен стать результат интеграции многообразных по художественно-эмоциональному строю фрагментов.

Концентрическое построение пространства, в этом случае можно наблюдать две тенденции, два направления – это замкнутое, изолированное от внешнего мира пространство и, наоборот, широко раскрытое по периметру, иначе говоря, пространство, развивающееся от периферии к центру или от центра к периферии.

Динамичная форма плана здания, также могут способствовать его органичной связи с пространством. «Попытка преодолеть привычные схемы решений, создать необычный облик общественного здания, была предпринята в проекте Республиканского Дворца пионеров. Сооружение одновременно могут посетить 2200 пионеров и школьников. Всего составе имеются: зрительный зал на 800 мест, клубно-кружковые помещения, спортзалы, плавательный бассейн, обсерватория. Функциональным и композиционным центром является круглый в плане зал торжеств, купольное покрытие которого подчеркивает его значимость в общей структуре комплекса. Спирально изогнутое очертание плана сооружения позволило организовать перед ним изолированную площадь. Здание четырехэтажное с высоким аттиковым этажом, корпуса главной дугой замыкают восточную и южные границы участка со стороны центрального входа. Основной характеристикой интерьеров является мягкие очертания и светонасыщенность потолков. Так, как основные помещения Дворца имели круглую форму, отдельные павильоны соединены переходами. Один из них увенчан обсерваторией. Просторные аллеи и площадки перед зданием, близость побережья р.Ал-



Рисунок 3- Республиканский Дворец пионеров

матинка, предусматривают возможность проведения массовых мероприятий на открытом воздухе. Имеются зрительный зал, помещения для занятий в кружках, спортзалы, плавательный бассейн [23].

Принцип построения внутреннего пространства фронтальное, т.е. протяжное вдоль поперечной оси, широким фронтом обращенное во внешнюю среду, пространство открытое, связанное с окружением.

Пространство такого типа в наибольшей степени отвечает требованиям массового общественного здания. В современной практике можно встретить разные варианты фронтального построения внутреннего пространства общественных зданий.

Ощущение гармоничности художественной структуры связано, также с такими качествами композиции, как соразмерность, уравновешенность, «симметрия».

Образная целостность восприятия архитектуры общественных зданий, сооружений и ансамблей включает в себе такие качества, как визуальная, ассоциативная и логическая связанность элементов.

Средства архитектурной композиции представляют собой совокупность способов и приемов, обеспечивающих достижение ярко выраженной образной характеристики общественных зданий и сооружений, компонентами которой являются рисунок, пластика, ритмическое построение, масштаб, пропорции, цветовая и световая гамма, стилевые характеристики и т.д. Эти понятия имеют различные качественные характеристики в зависимости от масштабного уровня и типа объемно-пространственной композиции.

Из выше указанного следует, что масштабные соотношения отдельных элементов ведут к гармонизации всей композиционной структуры общественных зданий. В дополнение к этому можно говорить и о таких средствах гармонизации объемно-пространственной взаимосвязи и соотношения, как ритмическое чередование объемов и пространств, их контрастное или нюансное противопоставление. Важными средствами всех видов композиции являются также соразмерность, пропорциональность, тождественность, симметрия, асимметрия и др. Эти средства можно сгруппировать применительно к основным целям проектирования эстетически полноценной общественной среды: достижения задуманного характера и силы воздействия формируемых общественных зданий и создания целостной композиции.

Одним из ярких примеров демонстрации ритмического чередования является комплекс лечебно-оздоровительных бань «Арасан».

Построен в 1979-82 гг., авторы проекта: арх. В.Т. Хван, М.К. Оспанов; инженеры В.В. Чечелев, К.Р. Тулебаев. В 1984 году внесен в реестр памятников архитектуры Республиканского значения.

Комплекс лечебно-оздоровительных бань «Арасан» представлял новый тип общественного здания, уни-

кальный образец по своему назначению и архитектурно-композиционному решению .

В интерьере отмечается ритмичное чередование арок, округлые формы которых характерны для традиционной восточной архитектуры.

Элемент повторяемости, сходства облегчает восприятие правильной формы застывшей в шаге. Не случайно при всем разнообразии архитектурных сооружений они почти всегда имеют в своей основе объем правильной геометрической формы. Призма, пирамида, конус, часть шара, параллелепипед.



Рисунок 4- Интерьеры комплекс лечебно-оздоровительных бань «Арасан»

«Главной темой ритмического чередования становится колоннада. В колоннаде явственно ощущается остановленное движения. Комплекс композиционных принципов построения интерьера, сопровождается процессом целенаправленного и непринужденного движения-восприятия в условиях определенного функционального процесса и целевого назначения здания. Принцип ритмического чередования реализован в архитектурно-планировочной взаимосвязи пространств. В составе комплекса вошли: бани русского, финского и комбинированного типов на 306 мест. Плавательные бассейны, восточные бани на 90 мест, душевые залы на 28 мест, водолечебницы на 18 мест, детское отделение на 62 места, кафе на 75 мест, кабинеты бытового обслуживания, парикмахерские с косметическими залами, прачечная, помещения для отдыха. Все помещения комплекса разделены на две симметричные зоны-мужскую и женскую половины. Планировочная структура плана основана на сочетании помещений зальной и ячеистой структур, функционально связанных между собой. Причем ряд основных залов имеет круглую в плане форму и перекрыты купольной конструкцией» [6].

«В организации интерьера данного архитектурного объекта, наряду с ритмическим средством художественного выражения используется контрастное средство композиции. Основным признаком - явный контраст между прямоугольными конструкциями и купольными помещениями. Идея единства противоположностей подчеркнута контрастом между аскетичным оформлением фасада и богато украшенным, хорошо освещенным внутренним пространством.

В своей научно-исследовательской работе Д.Е. Тойшубеков пишет: «В комплексе «Арасан» геометрия круга и квадрата прочитывается как в композиции плана, так и на фасаде здания. Такая объемно-пространственная форма продиктована стремлением к простоте, экономному языку и к символическому содержанию. Здание своими особенностями восходит к традиционному народному жилищу – юрте и к древним квадратным в плане языческим захоронениям, таким как мавзолей саганатам. Неизменчивость, устойчивость находит свое выражение в квадрате, символе постоянства – кубе, а земные мутации символизирует круг. Сочетание этих древних тюркских символов становится смысловой рифмой по отношению к функциональному назначению комплекса – омоложение (очищение), обретение новых жизненных сил и внутренняя готовность к переходу в жизнь вечную. Архитектура комплекса справедливо считается национальной: национальный стиль мышления, творческая психология и ментальность архитектора» [27].

Таким образом, в геометрической гармонизации симметрия, динамика, ритм, метр, статика являются основными средствами гармонизации архитектурного объекта и средствами выражения художественных особенностей. Артикуляции форм характерны правильные очертания, применение разного пропорционального соотношения, учет природно-климатических условий, взаимодействие с природной средой, использование растительной орнаментики, природных и искусственных материалов. В соответствии с творческими концепциями, стилистическими направлениями геометрические формы могут нести символическую нагрузку. Данная нагрузка может оказывать функцию "семантического кода", которая отражает принадлежности к определенной культуре.

Список использованных источников:

1. Глаудинов Б.А., Сейдалин М.Г., Карпыков А.С. *Архитектура советского Казахстана*. – М.: Стройиздат, 1987. – 319 с.: ил.

2. Булатов М.С., *Геометрическая гармонизация в архитектуре Средней Азии IX - XV вв.*, Главная редакция восточной литературы издательства "Наука", 1978 г.

ЕЖЕЛГІ ЖЕТІСУ МУЗЫКА МӘДЕНИЕТІ ТУРАЛЫ ҚЫТАЙ ДЕРЕКТЕРІ

Түйін: Мақалада Жетісу өңірінің тарихы туралы айта келіп, қытай тарихы деректерінен мысал келтіріле отырып, осы өңір музыкалық дәстүрінің ерекшелігін, музыка шығармаларының құрылысын зерттеуге өзіндік көзқарас ұсынады. Сондай-ақ, Жетісу өңірінің Қытай музыка мәдениетіне әсері тілге тиек болады.

Түйін сөз: Жетісу, музыкалық өнер, музыкалық форма, құрылысы, музыкалық аспап, аспаптық музыка, поэзия

Резюме: В статье, на основе фактов из китайских летописей, рассматривается историческое происхождение и развитие музыкальной культуры Семиречья. В краткой форме изучена структура и особенности музыкальной культуры Семиречья.

Ключевые слова: Семиречье, музыкальная культура, музыкальная форма, структура, музыкальные инструменты, инструментальная музыка, поэзия.

Summary: In this scientific article, the historical origin and development of musical culture of Semirechye is studied on the basis of facts from Chinese chronicles. In a concise form, the structure and peculiarities of the musical culture of the Semirechye have been studied.

Keywords: Semirechye, musical culture, musical form, structure, musical instruments, instrumental music, poetry.

Еліміз егемен ел болғалы 20 жыл уақытта қазақ ән-күйлерін жинау, үн таспаға шығару, баспа бетінде шығарып оны халыққа үгіттеу ісінде көптеген жетістіктерге қол жеткізді. Алыстағы қытай жеріндегі қазақтың да музыкалық мұрасы туралы біршама көп зерттеулер, очерк, жекелеген кітаптар басылым көріп жатыр. Десе де, жекелеген тұлғалар, олардың шығармашылығына талдау жасау енді-енді музыка танушылардың назарына ілігіп отыр.

Орта Азияның кең байтақ алқабында тал бесіктен жер бесікке дейін әндетіп өскен қазақ халқының музыкалық мәдениеті өзінің дара ерекшелігімен дүние мәдениетінен әрленіп, биігінен көрініп тұр. Мәдени мұраларды жинап зерттеу, оларды келешек ұрпаққа қаймағын бұзбай жеткізу жұмысы егемен Қазақстанда бұрынғыдан бетер түрлі-түрлі салаларда қарқынды түрде жүріп жатыр.

Қазақтың ежелгі ата қонысы – Жетісу, ұлы жібек жолының бойына орналасқан болып, көптеген мәдениеттің тоғысқан орны болды. Қытайдың тарихи деректерінде қазіргі Қытай шекарасында тұрған Жетісудың Іле өңірі туралы көптеген құнды

деректер жазылған. Біздің тақырыбымыз осы жайында болмақ.

Егер музыканы ән және күй екі ірі салаға бөлер болсақ, менің ойымша Іле өңірінің ән дәстүрі Жетісу (К.Әзірбаев, Д.Рақышов, Т.Жолды, т.б.) және Арқа (Ә.Найманбай) әндері қатарынан табылады. Ал күй дәстүрі бойынша Арқа шертпе күй дәстүрінен бастау алған Жетісу күйлерінің (Қожеке, Әшім, т.б. күйлері) құрамына кіреді.


Іле өзені Қытайдағы Тянь-Шань таусілемдерінен бастау алып, Күнес, Текес, Қас үш өзен бір арнаға тоғысқан соң батысқа қарай бет алып Қазақстанның Алматы облысы арқылы Балқаш көліне құйылады. Суы - мол, ағыны - таза. Ұзындығы-1439 км. оның ішінде 815км. Қазақстан аумағында [1,654б]. Іле өңірі- қазақ елінің ежелден көшіп-қонған шұрайлы мекені. Ол тарихтан белгілі «Жетісу» алқабының көлеміне жатады. Балқаштың шығысы мен Алатаудың батысын, Шу өзенін қамтыған көп өзенді осы аймақ, айталық, Іле, Қаратал, Бүйен, Ақсу, Лепсі, Басқан, Сарқан, Көксу, т.б. өзендері жатқан осы «Жетісу - ежелден бері құнарлы топырағымен, батыс пен шығысты жалғастырған ерекше стратегиялық орнымен түрлі тарихи кезеңде әр елдің көзін қызартқан асыл алқабы, жерұйығы болды. Бұл алқап ең алғаш тиграхаут сактарының мекені деген деректермен Қытай тарихынан орын алады. Шұрайлы Жетісу көптеген келелі тарихи оқиғалардың куәгері. Мысалға айтар болсақ, Орта Азияның ислам дініне кіруінде шешуші рөл атқарған Қытайдың Таң империясы мен мұсылман әлемінің 751жылғы «Талас ғазауаты» атанған сұрапыл шайқасы осы өңірде өтіп, мұсылмандардың жеңісімен аяқталады. Соның нәтижесінде Қарлұқ, Түркеш, Соғды халықтары, кейіннен бүкіл Орта Азия жаппай ислам дінін қабылдай бастайды. [2,96б] Моғолстан мен Әбілқайыр хандығының әлсіреуіне байланысты құрылған Қазақ хандығы да ең алғаш іргетасын осында қалайды. Жердің құты дарып, қазақ халқының алғашқы хандарының бірі Қасым ханның тұсында қазақ елі бүкіл Орта Азияны өзіне қаратады. [3,223б] Жетісуда Қазақ-Жоңғар соғысының шешуші шайқасы «Аңырақай шайқасы» да осы аймақта болған. [4,389б]

Аталған өлкеде тек қырқыс-шайқастардың ғана емес, ғалымдардың, ақындардың, алыстан сапар шеккен саяхатшылар мен зерттеушілердің де ізі қалды. Тарих қойнауындағы сан тарау оқиғалардың өзімізге жақын тұсын алсақ, 1856 жылдардағы Шоқан Уалихановтың Ыстықкөл, Қашқария сапарына аттанардан бұрын дамылдаған қамалда-

ры Қапал, Верный (қазіргі Алматы), немесе оның тұңғыш Қытайдың батысындағы Құлжа қаласына барып қайтуы, ондағы табиғаты, ауа райы, толып жатқан қызықты ақпараттар жинап қайтуы-Жетісу өлкесінің тарихтағы өрнекті оқиғалары. [5,1376]

Ақ Орданың ханы Орда Еженнің немересі тұсында Италиядан Қытайға сапар шеккен(1271-1295) Марко Поло соғыс өртіне жамылған түркі халықтарының хәлінен хабардар болады.[6] Бұдан Жетісу батыс пен шығыс елдерінің мәдени, экономика және саяси сахнасында айрықша рөл атқарғанын, ежелгі Жібек жолының маңызды өткелі болғандығын аңғарамыз. Ал, одан бұрынғы

тарихқа көз жіберер болсақ, Қытайдың Хань империясының Үйсінге жіберген елшісі Джаң Цянь (张骞) батысқа сапар шегіп (Ж.Б. 139-126 ж.ж; 119-115 ж.ж.) жол бойы Қытайдың батысындағы 36 елді басып өтіп, ең соңында Іледегі Үйсіннің жазғы ордасы - Қызыл Қамалға (赤谷城 赤谷城) жетеді.[7,2646] Ол Қытай мен Ғұндардың соғысы үшін маңызды ақпараттар жинап, кейін Қытай мен Үйсін, т.б. елдермен әскери одақ құруына жол ашады. Джаң Цяньның бұл сапарының негізінде Қытайдың батыстағы 36 елдің картасы сызылып, патша қазынасында сақталады.



1-сурет – Хань патшалығының батысындағы елдер.

Демек, ғұндардың күшейіп тұрған тұсында, Қытай елі өзі елінің амандығы үшін Ғұндарға қарсы одақ құру мақсатында басқа елдермен саяси қатынасын нығайтқан. Батыс пен шығыс елінің мәдениет алмасуына тамаша саяси орта жасаған. Сондықтан, Жетісу және осы өңірді мекен еткен басқа халықтар музыкасында шығыстың қытай, моңғол, тибет халық әндеріндегідей пентатоникалық жүйесі (мысалы: халық әні «Қараторғай», Әппақтың «Көк өзен» әні, сондай-ақ Таңжарық әндері. Бұл туралы II тарауға қараңыз) мен батыстың диатоникалық жүйесінің тең болуы-табиғи құбылыс.

Ғұн немесе үйсін болсын, бәрі де кейінгі Қазақ халқын құрайтын ежелгі тайпалар. Ендеше, осы Жетісуды мекендеген, Қазақ ұлтының тарихи қалыптасуына үлес қосқан ежелгі тайпалардың әдебиеті мен музыка мәдениетіне қысқаша тоқталайық. Жетісу аймағында өмір сүрген сақтар туралы тарихи деректердің аздығы сонша, қазіргі таңда олардың қай тілде сөйлегендігі туралы ғалымдар

арасында үлкен дау тудырып отыр. Бірақ, қазба жұмыстары нәтижесінде «Есік жазуының» табылуы сақ тайпаларында жазба мәдениетінің болғандығын дәлелдейді.[8,4336] Академик Н.Келімбетов грек, парсы жазбаларын зерттей келе, сақтарда «Томирис» (көне грек тілінің нормасы бойынша, Геродот сақтардың «Тұмар» деген сөзін – «Томирис» деп жазған), «Шырақ батыр», «Алып ер Тоңға» («оны парсылар Афрасиаб деп те атаған», бұл да содан) атты дастандар бар екенін айтады.[9,246] Бұл дастандар «Түркі тайпаларының байырғы поэтикалық өлшемінде – көг өлшемінде туған.» - дей келіп, «көг өлшемінің» құрылысын түсіндіреді: «Бұл өлшем бойынша жырдың алғашқы үш жолы өзара ұйқасады да, төртінші жолы келесі шумақтың төртінші жолымен ұйқасып отырады. Көне түркі поэзиясының көг өлшемі негізінен а-а-а-ә; б-б-б-ә; в-в-в-ә түрінде болып келеді»[9,366]. Демек, көг өлшемі сонау Сақ дәуірінен бастап дамып, Түрік қағанатының ауыз әдебиетінде жалғасын тапқан. Сонымен қатар, Түрік қағанаты мен сол кез-

дегі Қытайдың Суэй (隋朝, 581 – 618 ж.), Таң (唐朝, 618 – 907 ж.) империясы арасында тығыз мәдени қарым-қатынастар болады. Өйткені алдымен Шығыс Түрік қағанатын, сосын Батыс Түрік қағанатын күйреткен Қытайлар Орта Азия жерлеріне ат бастарын бұрды. «Күлтегін» жазба ескерткішінде бұл былай суреттеледі :

Сүчиг сабыңа, йымшақ ағысыңа артурып үкүс,
Түрк будун, өлтіг.

(Тәтті сөз, асыл қазынасына алданып,
Түркі халқы, қырылды) [10,456]

Қытайдың әйгілі романтик ақыны Ли Бай (701-762) бір деректерде Шу бойында, Жетісуда туылған делінеді. Ли Байдың өмір сүрген Таң империясы тұсы «Чи янь ши» (七言诗, сөзбе-сөз аударғанда «төрт буынды өлең» деген мағынада) өлең жанрының ең гүлденген кезі.[11] Бұл өлеңдер 7 буыннан тұрды. Неге бұдан бұрынғы ғасырлар бойы жалғасып келе жатқан 5 буыннан тұратын өлең дәстүрі оп-оңай өзгере қалды деген сұрақ туындайды. Түркі халықтары жеті санын ерекше қадірлейтіні баршамызға белгілі. Қазақ халқының тұрмыс-салт әндерінің бәрі дерлік 7-8 буынды (жар-жар мен сыңсудан басқалары). Бұл 7-8 буынды өлең үлгілерінің өте көнеден келе жатқанын

байқатады. Таң империясының тарихында әкесі қаңлы, анасы түрік, бірақ аты қытайша Энь Лу шань атты патшаның болуы (756-757 ж.ж.) бізге ұлтаралық ассимиляция болғанын дәлелдеп отыр. Сондықтан, біздің Түрік қағанатының музыкалық мәдениеті қытай музыкасының дамуына үлкен әсер еткеніне іліміміз мол. Тағы бір қызықты дерек Таң империясының «Батыс өңір шежіресінде» жазылған. Шежіреде патша сарай музыкасы он түрге бөлінген («Ши бу жи» 十部伎, сөзбе-сөз аудармасы – он түрлі өнер), оның үш түрі ғана қытайдың дәстүрлі музыкасы болған, ал қалған жетеуі іргелес елдердің музыкасы, Соның бірі - Қаңлы музыкасы. Бұл түрдегі музыканы былай деп суреттейді: «康國樂, 工人阜絲布頭巾, 緋絲布袍, 錦\衿。舞二人, 緋襖, 錦\袖, 綠綾渾襠蔥, 赤皮靴, 白蔥帟。舞急轉如風, 俗謂之胡旋。樂用笛二, 正鼓一, 和鼓一, 銅鈸二»。 «通典». Аудармасы: «Қаңлы музыкасын екі адам басына жібектен тоқылған жаулық тағып, матадан тігілген шекпен, ал аяғына тері етік киіп, тез айналып билейді, тағы бір аты: ху щюань (胡旋, ху – батыс, шетел; щюань – айналу мағынасында). Музыка екі сыбызғы, бір дауылпаз, бір үлкен барабан, екі тарелке арқылы орындалады. [12,886]



Сол кезде түрік қағанатына қараған Күшар(қытайдағы ұйғыр халқының мекені) музыкасы да Таң империясы сарай музыкасының маңызды бір тарауы болып саналған.

Қазіргі кезде Қытай зерттеушілері өздерінің ұлттық музыка аспабы саналып жүрген Сан юань (үш ішекті шертпелі аспап), Яң чинь (ұйғыр

халқындағы Чаң аспабының пентатоникалық түрі) аспаптары осы кезде қытай жеріне батыстағы халықтар арқылы жеткен деп есептейді. Бірақ, бір Түрік қағанатына қараса да, бұл екі түрлі музыканың бір-бірінен өзгеше болғанын оларды орындайтын аспаптардың түрліше болуынан байқау қиын емес.



3-сурет – Таң патшалығындағы Күшар биі



4-сурет – Қытайдың халық аспабы Иаң чинь, Сан юань

Бұның тағы бір тарихи себебін академик Н. Келімбетовтың мына сөзінен аңғаруға болады: «Кезінде аты аңызға айналған Сақ – ананың мекені – Боғда көлі мен Боғда тауы тұрған жер бертін келе Батыс Түрік қағанаты мен Шығыс Түрік қағанатының аралық шекарасы болған екен. Сол үшін бұл жерді сол ежелгі дәуірлерден бері «Ара Түрік» деп атаған»[9,236]. Жетісу өңірі мен Күшар аймағын Тянь Шань тау сілемі бөліп тұрды. Осы тау кейінгі батыс, шығыс түрік қағанатының шекарасы болды. Кейіннен бұл тау қазақ жоңғар шекарасы болып, «Жоңғар қақпасы» атанып кетті. Қысқаша айтқанда, Түрік қағанатының батысы мен шығысындағы халықтардың музыка мәдениетінде едәуір айырмашылықтар болған. Ал, Жетісу музыка мәдениеті

сол кезден-ақ Орта Азияға тән ерекшеліктерге ие болады.

Енді Түрік қағанаты иелігіндегі Жетісу музыкасы туралы қолда бар материалдарға көз жүгіртелік. «М.Қашқаридың әйгілі «Диуани лұғат ат-түрік» атты сөздігінде «көк» (қазақта «күй» болып айтылады) деген атау аспапты музыканы да, әнді де білдіреді. XIV ғасырдан бермен қарай «күй» сөзі тек аспапты музыканы ғана білдіретін мағынаға ие болады. Мысалы, Абдықадыр Мұрағидың «Зүбдатал - Адвар» атты еңбегінде аспапты музыка мен вокалдық музыка сараланып, «көкһа» - күй, «дола», «ыр» - ән болып бөлінеді», - деп жазады А.Жұбанов[13,766]. Сондықтан, музыка өнері түрік қағанаты заманында ән мен күй бір-біріне

тәуелді күйінде дамыған. Өлеңнің 7 буынды болуы, оған сүйемел болған аспаптар музыкасының да 7/8, 5/8 темптерінде болуына әсер еткен, тіпті 8/8 деген жұп түрдегі темп үлгісі де «ақсақ буын»

шырмауынан құтыла алмаған, нәтижеде түркі халықтарында бұл темп 2 мен 3 буынның қосындысы болып қалған(3/8 + 2/8 + 3/8, 2/8+3/8+3/8, 3/8+3/8 + 2/8).



1-Мысал: Құрманғазының күйі «Аман бол, шешем, аман бол» (3/8 + 2/8 + 3/8)

Кейін аспаптық музыка әнге тәуелсіз жанр болып бөлініп шыққанда, буындық өлшем ерекшелігі осы жанрда сақталып қалған. Моңғол шапқыншылығы осы өңір өнер құрылымына үлкен өзгеріс алып келмеді. Өйткені, кейінгі Шыңғыс хан тұқымынан болған ақсүйек билеушілер осы өңірдегі салт-дәстүрді, наным-сенімін қабылдап, сол ұлт тілінде сөйлеп шыға келді. Тіпті, қазақ ұлты Шыңғыс хан ұрпағын «төре» руына жатқызады.

2. Шеповалов В.М. *Сценография в художественной целостности спектакля. Автореферат диссер. на соискание уч. ст. канд.искусствоведения, Л., 1986 г.*
3. В. Сахновский *Режиссура и методика ее преподавания. М., изд. «Искусство», 1933, с. 8*

ШЫҒАРМА МӘТІНІНІҢ ҚИСЫНДЫ ПЕРСПЕКТИВАСЫН ТҮСІНУ – БЕЙНЕ ЖАСАУ БАРЫСЫНДАҒЫ АКТЕРДІҢ ЖАСАНДЫЛЫҚТАН АРЫЛУ ЖОЛЫ

Түйін: Актердің қисынды перспективаны, яғни, мәтіннің негізгі ойын жеткізуде шығарма авторы сөздерінің терең мағыналы астарларына ерекше көңіл бөлгені жөн. Сөз астары дегеніміз – мәтінді айтуға мәжбүрлейтін сөздің ішкі мазмұны. Демек, сөз жалаңқабат айтылмас үшін оның астарын, яғни, ішкі мазмұнын аша білу қажет. Сөз мазмұнын ашып, оларды бір-бірімен сабақтастыра отырып, ойдың біртұтастылығына, түпкі мақсатқа жеткен абзал. Бұл театр өнеріндегі актердің сахналық бейне жасау барысында жасандылықтан арылуына кең жол ашақ.

Резюме: Для предоставления скрытой логической точки зрения актера, чтобы раскрыть глубокий смысл автора произведения, ему следует обратить внимание на основное содержание текста. Подтекст это - внутренний добавочный смысл текста, высказывания, чувства и идеи, которые добавочно вкладывается в текст чтецом или актером посредством интонации, паузы, мимики, жеста. Подтекст раскрывает сценический образ актера в театральном искусстве, и избавляет от актерского штампа.

Summary: To reveal the deep meaning of the author's work the actor has to provide a hidden logical point of view, but at first he should pay attention to the main context. Subtext is an implicit meaning; the underlying personality of a dramatic as implied or indicated by a script or text and interpreted by an actor in performance. Subtext reveals the stage image of the actor in theatrical art and exterminates the actor's stamps.

«Театр – бұл кітап пен прессадан артық әсер беретін ең күдіретті кафедра» [1] – деп ғұлама реформатор, артист, театр режиссері К.С.Станиславский айтып кеткен болатын. Ол – құрама құбылыс және өте салмақты, болмысы бөлек, бірнеше өнер атаулысын бір шаңырақ астына бір бүтіндей біріктірген, барлық жанр аясында қызмет атқаратын киелі орда. Театрда ән де, би де, ойын да – барлық іс-әрекеттер бар. Осылардың түгелін біз асыл сахна төріне беттеген қойылымдар арқылы көріп, сезініп, оларға өз бағамызды береміз.

«Өнер дегеніміз – процесс, үнемі іздену, әрдайым алға жылжу», – деген Г.Товстаноковтың әйгілі дәйексөзін іс жүзінде дәлелдеп, көрерменін сахнада тудырған жаңалығымен таңғалдыру — ең алдымен, театр актері үшін үлкен сын. [2].

Театр – халықты эстетикалық мұрат пен ізгілікке тәрбиелеудің аса маңызды құралы. Оның

басты қасиеті, яғни әрекетке құрылған табиғаты сахналық ойын-сауықтың мазмұн-желісі мен идеялық-мақсаттар негізін құрайтын драма арқылы ашылады. Театр әдеби шығарманы сахналық әрекетпен, өзіне тән бейнелі театрлық бояу-өрнекпен жаңа күйге түсіреді де, драмадағы мінез-кейіптерді, олардың өзара қарым-қатынастарынан, қақтығыстарынан туатын талас-тартыс пен іс-әрекеттеріне жан бітіріп, тірілтіп отырады. Осыған орай, көрермендер де театр сахнасында өтіп жатқан оқиғалы әрекеттер мен оған қатысушы-қаһармандардың ой-арманына, шат күлкілеріне, сезім өзгерістеріне, күйініш-сүйініштеріне, жалпы тіршілік-тынысына бейжай, немқұрайлы қалыпта емес, қайта барынша зейіндерімен, сергек көңілдерімен қарайды. Олар сахналық өмір көріністерінің жай бейтарап, салқынқанды бақылаушысынан гөрі, оның тікелей қатысушысы ретінде бой көрсетеді. Түптеп келгенде, театрдың қоғамдық-тәрбиелік қызметі мен идеялық-эмоциялық және көркемдік-эстетикалық әсер күші де ғаламат мағынаға ие. Өнердің өзге түрлеріндей театр да өмір шындығын көркем бейнелер жүйесі арқылы бедерлейді. Сахна сұлулықты сүйеді. Қарабайырлық емес, оған тек суреткерлік қана тән. Осы тұрғыдан келгенде, бейне жасау барысындағы актердің жасандылықтан арылу жолын біз шығарма мәтіннің қисынды перспективасын түсінумен байланыстырамыз.

Қисынды перспектива дегеніміз – сөйлемдегі, белгілі бір ойдың аяқталғандығын білдіретін бірнеше сөйлемдегі, үзіндідегі, әңгімедегі, монологтағы, пьесадағы т.б материалдардағы негізгі ойды жеткізу. Қисынды перспективада шығарманың ішкі мазмұн қисындылығы мен сабақтастығын бұзбай, ойды өрбіте отырып, бүтін бір ойды жеткізе білу аса маңызды.

К. Станиславскийдің қисынды перспективаға «расчетливое гармоническое соотношение и распределение частей при охвате всего целого» деп баға бергенін ескеруіміз керек. Ол бұл мәселенің ерекшеліктері хақындағы майталман маман ретіндегі оралымды ойын былай қорытады: «В перспективе передаваемой мысли (логической перспективе) важную роль играют логика и последовательность при развитии мысли и при создании соотношения частей на протяжении всего целого. Такая перспектива в развертывающейся мысли создается с помощью длинного ряда выделенных ударениями слов, которые придают смысл фразе. Подобно тому, как в слове мы выделяем тот или другой слог, а в фразе то или иное слово, следует в

большой мысли выделить наиболее важные фразы, а в целом длинном рассказе, диалоге, монологе - их наиболее важные составные части, точно так, как в целой большой сцене, акте и прочее - их наиболее важные эпизоды. Получается вереница ударных моментов, которые отличаются друг от друга силой и выпуклостью» [5].

Актердің қисынды перспективаны, яғни, мәтіннің негізгі ойын жеткізуде шығарма авторы сөздерінің терең мағыналы астарларына ерекше көңіл бөлгені жөн. Сөз астары дегеніміз – мәтінді айтуға мәжбүрлейтін сөздің ішкі мазмұны. Демек, сөз жалаңқабағ айтылмас үшін оның астарын, яғни, ішкі мазмұнын аша білу қажет. Сөз мазмұнын ашып, оларды бір-бірімен сабақтастыра отырып, ойдың біртұтастылығына, түпкі мақсатқа жеткен абзал. Бұл театр өнеріндегі актердің сахналық бейне жасау барысында жасандылықтан арылуына кең жол ашпақ.

Бұл сөзіміз театр сыншысы Б.Құндақбаевтың сахналық бейне туралы айтқан мына бір тұжырымымен үндеседі: «Сахналық бейненің мазмұны мен түрі өмірдің ағымына қарай өзгеріп отыруы – заңды құбылыс. Өмір болмысының жылжуы мен дамуы театрға, спектакль дайындау мен оның сахналық бейнелілігіне ықпал етпей қоймайды. Әр мезгілдің сахналық шығармасы өзіндік бейнелеу тәсілдерін, өзіндік қойылу жолдарын, өзіне тән театрлық бояуын, яғни уақыт талабына сай көркем шешім табуы шарт. Бір кезде қойылып өткен пьеса екінші бір кезеңде оны сахнаға қайта шығарғанда сол алғашқысының барлық көлемдік белгілерін толық қайталауы мүмкін емес. Сондықтан театр өнерінің, әсіресе, оның сахналық тілінің, бейнелеу құралдарының өзгеріп, жаңғырып отыруы, негізінен уақыт талабынан туады» [3]. Рас, өз шығармашылығында бейне жасау барысында таптауырындылыққа, бірсарындылыққа, жасандылыққа ұрынбасы үшін, сарабдал сыншы Б.Құндақбаев айтқандай, театр актері өмірді, ондағы қоғамдық өзгерістерді, театр ілімінің соңғы жетістіктері мен тәсілдерін жетік меңгергені жөн. «...рольдерде ойнаған актерлердің спектакль дайындау процесінде шығармашылық белсенділік таныта алмауын, өздерін бейтарап ұстауын қалай түсінеміз. Қойылымдағы эклектиканы көрмеуі, сезбеуі, режиссерлік жөнсіздікке қарсы өз пікірін ұсына алмауы – шығармалық немқұрайлық, әлсіздікке апаратын жол ғой. ...Дәстүр дегеннен шығады, күні кешеге дейін актерларымыз шетінен сөзге шешен, оның табиғатын жете түсініп, сахнадан айтылған сөз көрермен залына ақаусыз, сиқырлы сырымен, мол астарымен жететін. Бүгінгі сахнада осы тамаша дәстүр жоғалып барады, сөздің көркемдік қуаты әлсіреген жерде драмалық спектакльде қасиет қалмайды» [4] – деп жазады Б.Құндақбайұлы актер шығармашылығындағы сөз астарын аша білудің маңыздылығы жайында.

Театр өнерінің ұлы реформаторы К.С.Станиславский актерлерге қарата: «Сіздердің тамаша аппараттарыңыз бар. Оны жетілдірумен қатар сақтауымыз қажет. Бабы кеткен жасанды аспапта Бетховенді ойнауға болмайды. Сіздің көңіл-күйіңіздің барлық орамдарын жеткізу үшін аспабыңыздың құлақ күйі келтірілген болуы тиіс. Осыған байланысты денеңіздің қай бұлшық еттерін дамыту қажет, ненің жетіспейтінін ұстазыңыздан сұраңыз. Өз денеңізді бағындыру деген осы. Жүру кезінде аяқты дұрыс қоя білу жеткіліксіз, жүргенде, сөйлегенде, өмір сүргенде ішкі бақылаушыңыз сіздің барлық қозғалысыңызды қадағалап отыратын күйге жету қажет. Бұл бақылаушы еркіңізден тыс, сіздің сыртқы әрекетіңіздің де дұрыс болуын қадағалайды» [1] – деп өзінің ойын ортаға салады. Бұдан біз бейне жасау барысында жасандылықтан арылу үшін актерге ойнайтын шығармасының қисынды перспективасын түсінумен қатар, теория мен тәжірибені ұштастыра білуі қажет екендігін түйеміз.

Актердің айтар сөзінің қисынды перспективасы тиісті мәреге жетуі үшін, мәтіннің негізгі ойын анықтап, ондағы әртүрлі сөздерге қатысты әрқилы дыбыстық құбылтулардың лайықты орындарын, сәттерін белгілеу керек. Актер өз ойы мен сезім-тебіренісін көрерменге дөп әрі әсерлі тигізу үшін, алдымен, қисынды перспективаны жеткізудегі дыбысталу техникасын меңгеруге баса назар аударуы тиіс. Ішкі тебіреніс сыртқы бұлқыныссыз бейнеленбек емес. Негізгі хәм қосалқы мәтіндік мағыналарға екпін бере білу – қисынды перспективаны дұрыс жеткізе білу деген сөз. Екпін түсіру күштері де әртүрлі болып келеді. Актер өз сана-сезімімен, тұтастай тұлғасымен осы екпін түсіру күштерін қолдану тәсілдерін игеру қажет. Бұл жөніндегі ойымызды дәйектей түсуіміз үшін біз тағы да К.Станиславскийге жүгінеміз: «У нас в речи существуют такие же планы, которые дают перспективу фразы. Наиболее важное слово ярче всех выделяется и выносится на самый первый звуковой план. Менее важные слова создают целые ряды более глубоких планов» [5].

«Біздің тірлігімізде жасап жүрген бір қалыпты қозғалысымыздағы қақтығыстарды суреткер «драматизмге» жеткізеді. Пьеса – адамдарды драмалық әрекеттерге қатыстыру арқылы, олардың мінез-құлықтарын ашуды, өмірлік ұстанымдарын (авторлық позиция) жеткізуді мақсат тұтады. Драмалық әрекеттің неден туындап, неге әкеп соққандығының барлығын қақтығыс арқылы анықтаймыз. Кейіпкерлердің «іс-әрекеті» мен «мінез-құлықтары» да қақтығысқа байланысты, өмірдегіден өзгеше екпін-ырқақпен дамиды. Біреудің драмалық халін байқау дегеніміз: қақтығысты байқау және сол қақтығысқа сезім-тебіреністерімізді білдіріп әрекет ету. Сондықтан драматургияның ең басты шарты – ҚАҚТЫҒЫС (кейде тартыс

ретінде де қарастырып жүрміз.) екенін ұмытпағанымыз абзал. Құр қақтығыстың өзі де драма бола алмайды. Қақтығыс адамның ішкі-сыртқы өзгеріс әсерлерінен болатын «жан-дүниесінің ширығуы». Шыңғыруы. Драмалық ситуацияны көру дегеніміз ондағы қақтығыстың элементтерін көру және соларға деген өзіңнің көзқарасыңды (қуаныш, реніш, қарсылық, қолдау, т.б.) білдіру. К.С.Станиславский: «Драма – автордың түсініктемелерін (ремаркаларын) және кейіпкерлердің өзара қақтығыстарын бейнелеу. ...Сөз әрекеттерінің үзілмес легі» - деп анықтама береді. Қақтығыс өтіп жатқан оқиғаға, іс-әрекетке, айтылған пікірлерге кейіпкерлердің әртүрлі көзқарасынан туындайды. Әр адамның өміртанымы, талғамы, көздеген мақсат-мүддесі сан түрлі болғандықтан, қарапайым затқа да әртүрлі пікір қалыптасады. Топ-топ болып өз дегендерін дәлелдеуге тырысады. «Өліспей беріспейтін» тартысқа түседі. Бұл дау-дамай топтардың арасында ғана емес, адамды өз-өзімен (ішкі жан-дүниесіндегі) драмалық қақтығысқа түсіріп, арпалыстырып қоятынын жақсы білеміз.» [6] - дейді театры режиссері, педагог-профессор Ә.Рахимов өзінің режиссура турасында жазған тағылымды еңбегінде. Актерге ойналатын шығармадағы қисынды перспективаның тамырын тап басып табуға жәрдемдесетін бірден-бір тиімді тетік – ол пьесаның қақтығысы. Қақтығысты түсінген актер үшін кейіпкердің не үшін күресіп, нендей мақсатты көздейтінін білу аса қиынға соқпайды.

Біздің бұл тұжырымымыз К.С.Станиславскийдің мына бір ойларымен сабақтасып жатқандай: «Только когда мы изучим читаемое в целом и изведем перспективу всего произведения, можно правильно расположить планы, красиво распределить составные части в гармонических соотношениях

и выпукло вылепить их в словесной форме. Лишь после того, как актер продумает, проанализирует, переживет всю роль в целом и перед ним откроется далекая, красивая, манящая к себе перспектива, то его речь становится, так сказать, дальноружкой, а не близоружкой, как раньше. Тогда он сможет играть не отдельные задачи, говорить не отдельные фразы, слова, а целые мысли и периоды» [5].

Психологиялық реализмнің өкілі, ағылшындық жазушы Эдвард Форстер (1879 – 1970): «Патша өліп, артынан патшайым өлді десек, бұл тарих. Жай ғана сюжет. Ал, егерде: Патша өліп, артынан патшайым қайғыдан өлді десек, бұл енді драма» [7] - деп атап өткеніндей, драманың дара білгірі К.С.Станиславскийдің келелі кеңестерімен санаса білген сауатты да талапты актердің бейне жасау барысында қандайда бір жасандылыққа, бірсарындылыққа бой бермесі анық.

Әдебиет:

1. Станиславский К. Собрание сочинений в 8-ми томах. – Москва: 1935
2. Товстаноков Г.А. «Зеркало сцены». – Ленинград: «Искусство», 1984
3. Құндақбаев Б. Уақыт және театр. – Алматы: Өнер, 1981
4. Құндақбайұлы Б. Заман және театр өнері. – Алматы: Өнер, 2001
5. Станиславский К. Работа актера над собой. М., «Искусство», 1951
6. Рахимов Ә. Пьесадаң қойылымға дейін. – Алматы: 2010
7. Форстер Э. Избранное. М.: Художественная литература, 1977

Мусабекова Л.Д.

докторант 2 курса КазНАИ им. Т. Жургенова, al-laura@mail.ru

МУЗЕЙ КАК ПРОСТРАНСТВО АКТУАЛИЗАЦИИ КУЛЬТУРНО-ИСТОРИЧЕСКОЙ ПАМЯТИ

Резюме. Музей мыслимый как храм муз, начинает теперь представлять собой синтез коммуникативных функций. Музей совмещает и культурно-просветительные, познавательные функции и функции рекреативные. Музей, как и всякая культурная форма, имеет свои задачи. Это, во-первых, интегративное включение человека в культуру, а во-вторых, порождение, накопление, хранение и трансляция духовно-исторического опыта.

Ключевые слова. Концепция, экспозиция, выставка, музейная коммуникация, художественная выставка, архитектурное пространство, экспозиция, материальный объект выставочного пространства.

Түйін. Мұражай маңызды байланыс функциялардың синтезі болып табылатын, музалар храмы. Мұражай мәдени-жаңғыру, танымдық және рекреативті міндеттерді біріктіреді. Мұражай, кез келген басқа да мәдени форма ретінде, өзіндік міндеттерге ие. Бұл, біріншіден, адамның мәдениетке интегративті кірітіру, ал екіншіден, рухани-тарихи тәжірибелерді ұрпақтан ұрпаққа жалғастыру, жинақтау, сақтау және беру.

Тірек сөздер. Тұжырымдама, экспозиция, көркемөнер көрмесі, сәулеттік кеңістік, көрме кеңістігінің материалдық нысаны.

Summary. The museum, conceivable as a temple of muses, begins now to represent a synthesis of communicative functions. The museum combines cultural and educational, cognitive functions and recreational functions. The museum, like any cultural form, has its own tasks. This, first, integrative inclusion of man in culture, and secondly, the generation, accumulation, storage and transmission of spiritual and historical experience.

Key words: Concept, art exhibition, architectural space, presentation, material object of the exhibition space.

Если музееведение как наука смотрит на музей исключительно как на научно-исследовательские и научно-просветительские учреждения, призванными предметно и наглядно содействовать просвещению населения, на место, где хранятся, обрабатываются и формируются различного рода коллекции, как на место, которое с помощью своих экспонатов и фондов знакомит своего посетителя с его историей и дает ему пищу для ума, то искусствоведение уже давно рассматривает музей как подвижную структуру, которая не только хранит свои коллекции и разнообразные предметы искус-

ства, быта и т.д., что, безусловно, важно не только для посетителя в частности, но и для человечества в целом, но и пытается интегрировать человека непосредственно в культуру, дать ему возможность проникнуть в многообразную сущность музейных вещей.

За последнее двадцатилетие музей в России стремительно меняется: из кладезя предметов и научного знания он трансформируется в активного участника культурологических процессов: в дворцах-музеях устраивают благотворительные вечера, выступают звезды с концертами, уже несколько лет с неизменным успехом идет фестиваль «Дворцы Петербурга» (Санкт-Петербург), любой желающий может приобрести билет и послушать классическую музыку в дворцовых интерьерах, на несколько часов представить себе, как в XVIII веке также под звуки клавирина или струнных в этих залах вальсировали монаршие особы. Обилие тематических экскурсий (недавний опыт Государственного Русского музея - экскурсия для беременных женщин, призванная вызывать исключительно положительные эмоции у будущих мам и последующие лекции об увиденном), недавно вошедший и прочно укоренившийся в культурной жизни обеих столиц такой опыт как Ночь музеев, на которую каждый музей - участник делает особенную программу - все эти процессы и многое другое лишней раз показывают, что музей XX века вовсе не отмирает за ненадобностью в период господства цифровых технологий, а активно развивается и ищет новые пути своего развития. Если раньше основной задачей было в соответствии с идеологическими установками развернуть экспозиционное повествование таким образом, чтобы оно соответствовало общепринятым нормам и служило подспорьем в патриотическом воспитании граждан страны, то теперь, помимо организации выставочных и экспозиционных залов, в расчет также берутся и так называемые «не экспозиционные площади». Музей, мыслимый как храм муз, приобретает теперь новые качества, а также, коммуникативные функции. Сюда уже принято идти не только для того, чтобы пополнить багаж своих знаний посредством получения новой информации об истории страны или об искусстве, но и чтобы полностью провести свой выходной день: большинство музеев на своих площадях устраивают кафетерии, кресла и скамейки для отдыха (известен опыт музея Орсе (Париж, Франция), где по всему периметру экспозиционных площадей вто-

рого этажа идет зона для отдыха посетителей), в музеях проходят научные конференции, или устраиваются лектории для всех желающих (Государственный Эрмитаж, Государственный музей Истории Санкт-Петербурга), устанавливаются интерактивные стенды, появляется беспроводной интернет. В своем нынешнем состоянии музей делает большой шаг навстречу меняющемуся миру (существует даже грант, поощряющий движение музея по новому пути «Меняющийся музей в меняющемся мире») и требовательному потребителю различных услуг, носящего в этих стенах имя «посетитель». Большое внимание уделяется работе с разными группами посетителей: на базе музеев устраивают различные студии, кружки, проводят тематические экскурсии, устраивают конкурсы для самых маленьких посетителей.

Одной из современных тенденций становится освоение музеем интернет-пространства: уделяют большое внимание информации о себе на официальных сайтах, разрабатывают виртуальные экскурсии, регулярно обновляют последние новости.

Уже давно наступило время говорить о музее как о музее «активном», где возможно использование анимационных средств, аудиовизуальных методов, театральных представлений. Так, уже в середине XX века о художественном музее начали говорить, как о месте, где происходит акцентировка неповторимого индивидуального художественного значения вещи, создание условий для углубленного переживания увиденного, формирование эстетического вкуса зрителя. Сейчас трактовка музея в научном обществе приобретает расширенный характер. Здесь интегрируются, синтезируются принципы музея и коммуникации его с различными группами посетителей.

Музей, как и всякая культурная форма, имеет свои задачи. Это, во-первых, интегративное включение человека в культуру, а во-вторых, порождение, накопление, хранение и трансляция человеческого опыта. Любопытное объяснение музею как институту дал Б.А. Столяр: «Художественный музей как данность не ориентирован ни на какой возраст - ни на пенсионера, ни на ребенка. Он существует в пространстве своих вещей[1]».

Если говорить о сути музея, о его предназначении и месте в историческом и культурном пространстве, уместно процитировать слова известного российского философа-культуролога, М.С. Кагана, который отмечал, что художественный и исторический музеи — это учреждения, которые принадлежат к разным сферам культуры. Так, «художественный музей - это учреждение, в котором искусство предстает в его художественном качестве и обращено к художественному восприятию, переживанию, так же как спектакль, так же как концерт в филармоническом зале.» А музей исторический «обращен к тем знаниям данной сферы

культуры, которые нужны человеку в такой же мере, в какой ему вообще нужны знания природы, гражданской истории, истории техники и т.д.» [2].

Актуальные проблемы современной культуры показывают, насколько необходимо расширение традиционных функций музея. Если раньше музей рассматривался исключительно как институт собирающий, изучающий, систематизирующий и хранящий музейные предметы для последующей их демонстрации, то в наши дни музей стал универсальным центром культуры, в котором слилось воедино и место проведения досуга, место повышения своего культурного уровня, место встречи, место проведения досуга всей семьей. По мнению Б.А. Столярова, ценность музея для современного глобального общества заключается в том, что он способствует:

1. Формированию более полной картины мира;
2. Расширению знаний не только в профессиональной области, но и расширению кругозора в целом;
3. Возвращению человека к его природной сущности, раскрывающейся в чувственном восприятии;
4. Развитию межличностной коммуникации, в том числе и на основе современных информационных технологий;
5. Возможности постижения действительности через опыт личного переживания, так как произведения искусства бесконечны для интерпретации, являющейся актом творческого процесса[3].

Таким образом, музей собирает, хранит и обобщает культурный и исторический опыт, приобретенный ранее, для того, чтобы в своих залах передать его своим посетителям. Музей предоставляет целостную картину мира, служит для передачи культурного наследия потомкам.

Художественный музей призван напомнить нам о том, кто мы и каково наше место в этом мире. Театр принимает зрителей, ежедневно автобусы и метрополитен перевозит тысячи пассажиров, туроператоры работают с индивидуальными заказчиками и целыми группами туристов, магазины, цирки, библиотеки ежедневно собирают в своих стенах большое количество людей. Едва ли можно сказать о вышеперечисленном, как о взаимодействии людей не только между собой, но и со своим культурным прошлым, настоящим. С этой точки зрения, музей, пожалуй, одно из немногих культурных учреждений, которое не только собирает в своих стенах ежедневно до тысячи посетителей, а может быть даже больше, но и предлагает им возможность подумать о духовной составляющей своей жизни. Национальная и культурная самоидентификации одни из важных составляющих в современном мире. Музеи - это, своего рода, хранилища нашего прошлого. Они значимы для нас, ибо, хранят нашу историю, рассказывая ее через

собранные и изученные экспонаты; наша история, культура, словом, наша собственная самоидентификация доступны нам здесь в любое время. В контексте актуализации культурно-исторической памяти в музее, уместно вспомнить такие понятия как «социальная память» («коллективная память») и «культурная память». Основатель социологии памяти М. Хальбвакс характеризует социальную память как: «живая» память отдельных индивидов или групп, как память «по свежим следам», когда эпоха еще жива и живы свидетели, которые в ходе своих коммуникативных практик формируют свои представления о прошлом и определенных событиях. Главная функция коллективной памяти — сохранение единства сообщества и его воспроизводство». Когда определенная группа - носитель памяти определенных событий исчезает, запускается механизм «культурной памяти» представление памяти прошлого через символические предметы (памятники прошлого). Таким образом, музеи являются институтами, хранящими и концентрирующими культурную память через выставляемые предметы. Когда посетитель находится в зрительном контакте с музейным предметом, через него он дотрагивается до прошлого нации, пытается воспроизвести пробелы истории и культуры посредством представленных в экспозиции музея предметов. Экспонат способен выступать в качестве источника сведений о явлениях культуры, природы, об исторических событиях. Музейный предмет способен «отражать» действительность, так как он веществен, материален. Он - «след», «остаток» реальной действительности, в наибольшей мере вводящей нас в обстановку прошедших или свершающихся событий. Таким образом, у зрителя усиливается восприятие экспонируемого времени, связи времен, динамики исторического процесса.

Феномен музея заключается в том, что он способен работать с группами посетителей и с индивидуальными посетителями одновременно. Осознание того, что ты, как часть нации, владеешь каким-либо сокровищем, музейным предметом, и в любой момент можешь прийти в музей и посмотреть на него, актуализировав тем самым свое культурное прошлое, свою память и историю, очень важно для каждого из нас, особенно в такое беспокойное время, когда на рубеже смытых идентификационных границ, рассказах о глобализации, каждая нация

стремится сохранить крупницы своей общенациональной истории. В конце восьмидесятых годов на Западе считалось, что музеи, по сути своей, однозадачны и примитивны[4], так как, храня историю через свои экспонаты, они фокусируются именно на значимости формы, а не содержания, и, тем самым, в первую очередь представляют посетителю предмет и декор, не заботясь о значении предмета. Из этого следовало, что история и культура в музее существует только тогда, когда представлен экспонат. Если же такого ни в фонде, ни в экспозиции нет, то, этой части истории не существует ни для музея, ни для посетителя. В настоящее время, все же, ситуация кардинально поменялась, и уже, идет речь о музее, как о месте моделирования действительности (которое может быть весьма произвольным-с помощью одного и того же материала возможно акцентирование значимого для экс позиционера аспекта этой действительности[5]).

Две основополагающих формы демонстрации музейного предмета в зале «выставка» и «экспозиция», по сути своей, являются двумя отличающимися друг от друга формами актуализации культурно-исторического опыта. Экспозиция являет собой хронологически последовательную и перманентную основу представления музейных предметов с целью наиболее полного восполнения знания и культурно-исторического опыта прошлых поколений, в то время как выставка по большей части является переменной величиной и основной целью ставит познакомить посетителя с определенной проблематикой в рамках заданной темы.

Литература:

1. Столяров Б.А. *Музейная педагогика. Междисциплинарные диалоги. Первая тетрадь.* СПб, 1998. с.20
2. *Музейная педагогика. Междисциплинарные диалоги. Первая тетрадь.* СПб, 1998 - с.25
3. Столяров Б.А. *Музей в пространстве художественной культуры и образования.* СПб, 2007. С. 28
4. *Place Exporation: museums, identity, community.* Peter Davis (сс 53-75)
5. Шляхтина Л.М. *Основы музейного дела. М.: Высшая школа, 2005. С.47*

Қайранов Ербол Бахарамұлы

PhD, Т.Қ. Жүргенов атынд. ҚазҰӨА доценті, er.kb.oner@mail.ru;

Айт Бұлбұл Ақанқызы

Т.Қ. Жүргенов атынд. ҚазҰӨА-сының 6M041300-«Кескіндеме» мамандығы бойынша
2-курс магистранты, lady91.00@mail.ru;

Хасенов Ашим Шекерханұлы

Т.Қ. Жүргенов атынд. ҚазҰӨА доценті, ashimart@mail.ru;

Ахметов Сағындық Кеңесұлы

Т.Қ. Жүргенов атынд. ҚазҰӨА аға оқытушысы

ҚАЗАҚСТАННЫҢ КӨРКЕМ БІЛІМ БЕРУДЕГІ АКАДЕМИЯЛЫҚ СУРЕТТІҢ ҚАЗІРГІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

(Т.Қ. Жүргенов атындағы Қазақ Ұлттық Өнер Академиясы мысалында)

Түйін: Мақалада Т.Қ. Жүргенов атындағы ҚазҰӨА мысалында «Кескіндеме» мамандығы бойынша бакалавриатта көркемдік білім берудегі академиялық суреттің қазіргі жағдайына талдау жасалынады. Осы саладағы суреттің дамуының қазіргі кейбір мәселелері анықталады. Сонымен қатар, білім беру жүйесіндегі заманауи өзгерістерге сәйкес жас суретшілер мен студенттердің сұранысындағы академиялық суреттің болашақтағы даму жолдарын анықтауға әрекет жасалынған.

Резюме: В статье проводится анализ современного состояния академического рисунка в художественном образовании на бакалавриате по специальности Живопись на примере КазНАИ им.Т.К. Жургенова. Определяются некоторые современные проблемы развития рисунка в данной области. Также, сделаны попытки обозначения дальнейшей траектории развития академического рисунка, востребованной молодыми художниками и студентами в соответствии с современными изменениями в образовательной системе.

Summary: The article analyzes the current state of academic drawing in art education in the bachelor's degree in the specialty Painting with the example of T.K. Zhurgenov KazNAA. Some modern problems of the development drawing in this area are determined. Also, attempts have been made to designate a further trajectory of the development of the drawing, in demand by young artists and students in accordance with modern changes in the educational system.

Бүгінгі таңда көптеген жастардың шетелдік мәдени құндылықтар мен идеалдарға бағдарлануы байқалып, Қазақстанның құндылықтары мен мәдени имунитетінің орнықты шкаласын қалыптастыруға теріс әсерін тигізуде. Қазақстан Республикасының Мәдени саясат тұжырымдамасында айтылғандай, елімізде ұлттық рухани құндылықтар мен көрнекті көркем бейнедегі бағдарды көрсететін заманауи өнер туындыларының жетіспеушілігі сезіледі [1]. Көркемдік мәдениеттің төмен деңгейінің себебі ұрпақтың кәсіби тәжірибелер сабақтастығын жоғалтуына, академиялық ұстанымдарға сүйенген бейнелеудің эмоционалды-құнды мәдениетінің болмауына байланысты. Осының салдарынан көркемдік шығармашылыққа формалистік тәсілдеме, кәсіби кескіндеме үшін суретті тереңдетіп және

іргелі зерделеудегі енжарлық сияқты келеңсіз құбылыстар күшейеді. Осыған байланысты, үздіксіз көркемдік білім берудегі академиялық суретті оқыту әдістерінің сабақтастығы қазіргі замандағы әлемдік болмыс талаптарына жауап беретіндей терең зерттеу мен жаңартуды қажет етеді.

XXI ғасырда оқу үдерісін жетілдіруге сәйкес (Болон процесінің кредиттік технологиясы) халықаралық бірігудің маңызды аспектілері - бәсекеге қабілеттіліктің және академиялық ұтқырлықтың өзектілігі артты. Осы жаңа талаптарға байланысты станоктік кескіндемедегі академиялық суретке оқытуды дамытудың заманауи жай-күйін талдау, оның проблемаларын анықтау және дамудың қажетті жолдарын – келешегін айқындау маңызды.

Көркемдік білім берудегі негізгі өзекті құрамдас болып пластикалық анатомия саналады, оның мамандандырылған кабинетінің болмауы академиялық сурет дамуының негізгі проблемасы ретінде зерттеу үшін маңызды болып келеді.

Қазіргі таңда, кескіндеме бойынша республикалық және халықаралық деңгейде ұйымдастырылып жүрген түрлі көрмелер мен конкурстарға Т.Қ. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы «Кескіндеме, мүсін және дизайн» факультетінің көптеген жас түлектері қатысуда. Олардың туындыларын академиялық білім беру сапасының көрсеткіші ретінде зерделей отырып, академиялық сурет, әсіресе адамның пластикалық анатомиясы саласындағы қажетті әдістемелерді игеру жеткіліксіздігін атап өткен жөн.

Т.Қ. Жүргенов атынд. ҚазҰӨА мысалында «Станоктік кескіндеме» мамандандыруы бойынша және Қазақстан жоғары оқу орындарының көркемсурет факультеттеріндегі басқа да мамандандырулары бойынша кадрларды дайындау кезіндегі академиялық сурет дамуының заманауи проблемасының бірі ретінде «Пластикалық анатомия» пәні бойынша арнайы жабдықталған аудиторияның (суретшілерге арналған, медициналық бағыт емес) болмауын айту керек. Мұндай аудиторияларда студенттер

анатомиялық суретті үйренер еді, яғни, адам анатомиясын тұтастай – қаңқа, бас сүйек құрылымы, сүйек бөлшектері мен бұлшықет орналасуы және т.б. зерделей алар еді. Пластикалық анатомия бойынша қажетті реквизит пен көрнекті оқу құралдарымен толыққанды жабдықталған стационарлық аудиторияның аса қажеттілігін көптеген студенттер мен оқытушылар белгілеп айтуда. Себебі, осындай аудиторияның жоқтығы академиялық сурет, арнайы сурет және кескіндеме сияқты негізгі пәндердің сапалы игерілуіне кері әсерін тигізуде. Дәл осы пластикалық анатомияны зерттеуге бұрынғының данышпан суретшілері көп көңіл бөлген. Бұл Леонардо да Винчи, Микеланджело, Рафаэль, Альберт, Дюрер, Гольбейн, Кампер, Гудон, Жерди, Сальваж және басқаларының күрделі жұмыстары мен трактаттары. «Пластикалық анатомияны зерттеу негізінде адам суретін салу өнерінің ғылыми-теориялық негіздеуіне орыс академиялық мектебі де зор үлесін қосты. Екі ғасырдан астам тарихында бұл жоғары мектеп бейнелеу өнерінің бір топ саңлақтары мен мықты шеберлерін даярлап, тәрбиеледі, олар: А.П. Лосенко, П.И. Соколов, В.К. Шебуев, А.Е. Егоров, О.А. Кипренский, Ф.А. Бруни, К.П. Брюллов, А.А. Иванов, П.П.Чистяков, И.Е. Репин, В.А. Серов, Д.Н. Кардовский, А.Е. Яковлев және т.б. Олардың Ресей көркемсурет академиясында оқу кезінде нақнұсқадан қарап салған оқу суреттері мен анатомиялық суреттері еліктеуге тұрарлық үлгі бола алады» [2].

Көптеген жылдар бойы О.Таңсықбаев атындағы Алматы көркемсурет училищесінде (1969 жылдан бастап 1993 жылдар аралығында) «Пластикалық анатомия» пәні бойынша дәріс жүргізген профессор Исмаил Шайкулович Ачилов 1990 жылы Қазақстандағы алғашқылардың бірі болып, салмағы зор «Адам басының анатомиясы мен оның суреттегі құрылымы» оқу құралын даярлады. Осы оқу құралында ол Пластикалық анатомия бойынша мамандандырылған аудиторияда студенттердің табысты оқуы үшін көрнекі құралдардың болжалды тізімін толық ұсынды.

«Пластикалық анатомия бойынша кабинеттің оқушылардың айналысуы үшін келесі оқу-әдістемелік және көрнекі құралдары болуы қажет:

а) бірнеше данадағы адам қаңқасы (табиғи) немесе пластмассадан; қаңқаның кейбір сүйектері, буындар: иық, шынтақ, тізе, жамбас, табан. Олар табиғи, гипстік, пластик болуы мүмкін; ер адам және әйел бас сүйектері – монголоидты, еуропалық; жылқы, түйе, ит, сиыр бас сүйектері;

б) Гудонның анатомиялық гипс мүсіні – тері қабаты жоқ экорше, анатомиялық кеуде, бас, қол, білек, табан;

в) бұлшықет пен сүйек, бас пен бассүйек негізінде адам мүсіні бөлімдерін әдістемелік талдау – пластикалық анатомия сабақтарында олардың суретін салу әдістемесі, бас сүйектің кейбір бөліктері мен пропорциялары, буындар, дене, аяқ пен қол бойын-

ша әдістемелік талдау, сондай-ақ оларды суретте қолдану;

г) альбомдық көрмелерге арналған плакаттар, нақпіншіндер, тақталар» [28].

Студенттерге мұндай көрнекіліктермен осы мамандандырылған аудиторияда оқылған материалды натурадан суреттеу арқылы игеру мен бекіту шынымен оңай болады.

Сондай-ақ осы құралда И.Ш. Ачилов пластикалық анатомия мамандандырылған аудиториясының жұмыс тәртібін жазып көрсетті: «Кабинет келесі деушілер үшін аптасына 5-6 күн сағат 18.00-ге дейін қол жетімді болуы керек. Бұл үшін оқытушы оқушылар қатарынан кабинет старостасын белгілейді. Ол өз бетімен жұмыстану үшін нөмір санын көрсете отырып кабинетке сабақтардың апталық кестесін іліп қояды. Кабинетте дәптер бар, оған әр оқушы өз бетімен сабақ оқығаннан кейін тегін, тобын, сабақ оқыған жылы мен уақытын жазып қояды. Бұдан басқа, кабинетте орыс суретшілерінің анатомиялық суреттері бар альбом болуы қажет. Шебер орындалған суреттер оқушылар үшін көркемдік оқу орындарында пластикалық анатомияны саналы түсінікпен келіп оқуға үлгі болады [3].

«Пластикалық анатомия», сондай-ақ өзектілігі одан кем түспейтін «Перспектива» пәндерінің маңыздылығына назар аударуды ұлғайту қажеттілігі туралы профессор Б.С. Досжанов 2001 жылы өзі даярлаған «Сурет» оқу құралында жазды: «Адам суретін тіке денеден салуға оқыту процесі, сондай-ақ жадында сақтау мен ойдағы көрініс бойынша салу сызықтық пен әуедегі перспектива мен пластикалық анатомия бойынша білімді қолдана білумен тығыз байланысты. Дәл осы білім суреттің ғылыми негізін құрайды. Сол себептен, пластикалық анатомия бойынша сабақтар мен әлеует көркемдік жоғары оқу орындарының оқу жоспарына кіретін қажетті пән. Өкінішке орай, соңғы жылдары көркемдік жоғары оқу орындарының жоғары мектеп мемлекеттік стандарттарына әлеует тақырыбы оқу жоспарына енгізілмеген. Сызықтық перспектива мен пластикалық анатомияны білу суретті белсенді, саналы түрде жүргізуге мүмкіндік береді, енжар көшіріп алуды және дененің көшірмесін ойланбай жасауды қойдырады» [4, С. 8].

Жақында болған сұхбатта анатомиялық кластың жоқтығы туралы Т.Жүргенов атындағы ҚазҰОА-сы «Академиялық сурет» кафедрасының негізін қалаушы, профессор Е.А. Сергебаевта еске түсірген еді: «Кезінде О.Таңсықбаев атындағы Алматы көркемсурет колледжінен осы саладағы тәжірибелі оқытушы-зерттеуші И.Ш. Ачилов шақыртылған, барлығын ұйымдастыруға уәде берілген болатын, алайда бұдан ештеңе шыққан жоқ. Сол кезде біз ректорат алдында осы мәселені, пластикалық анатомия бойынша арнайы жабдықталған аудитория қажет екендігі туралы айтқанбыз. Бірақ, бұл пәннің адам анатомиясын зерттейтіндігі, реквизит үшін бас

сүйектер, кеуде қуысы, бұлшықет, экорше және т.б. бұйымдар керек екенін түсіндірсек те, академия басшылығы бұл пәннің маңыздылығын түсінген жоқ. Бұл арнайы жабдықталған аудиторияда студент бір жылға дейін аптасына 2 сағаттан оқуы керек. Осы пәнге арналған, тарихпен қалыптасып жасалып шыққан өз оқу бағдарламасы бар, оны И.Е. Репин атындағы Санкт-Петербургтік кескіндеме, мүсін және сәулеттің Мемлекеттік академиялық институтынан ресейлік әріптестерден алуға болады. Бұл пән барлық суретшілерді оқыту үшін өте маңызды, олар қаңқа құрылымын білуі керек, өйткені адам суретін салу кезінде көптеген студенттер сүйектің аты мен анатомиясын білмейді, ешқандай теория жоқ. Бұл да негізгі проблемалардың бірі» [5].

Бүгінгі таңда сурет бойынша «Станоктік кескіндеме» мамандандыруының ерекшелігін ескеретін инновациялық бағдарламаларды ғылыми талдау және оларды оқу жоспарына енгізудің объективті қажеттілігі бар. Болашақ суретшілер академиялық суретті үйренудің толық курсынан өтулері керек, сондай-ақ, графикалық техникалар мен материалдардың кең спектрін зерделеуі және игерулері тиіс, келешектегі көркемдік қызметте өздеріне қажет болатын беттерде кескінді көркемдік стильдеу мен графикалық ұйымдастыру тәсілін еркін игерулері қажет. Осылайша, станоктік кескіндеме суретшілерінің сурет бойынша даярлық деңгейіне қойылатын жоғарылаған талаптар мен осы пән бойынша білім берудің қазіргі таңдағы жәй-күйі арасында кереғарлық бар. Бұл дегеніміз суретті оқыту бойынша өзектілігін жоғалтқан бағдарламалар мен әдістемелер, «Пластикалық анатомия» пәні бойынша арнайы жабдықталған кабинет пен лайықты реквизиттердің болмауы. Осы мәселелер станоктік кескіндеме ерекшелігін ескеріп суретті оқытудың тиімді заманауи тұжырымдамасын жасау қажеттілігін шарттайды.

Абай атындағы ҚазҰПУ ғалым-оқытушылары Н.А. Михайлованың, М.Э. Султанова мен В.Ф. Власюктің бірлескен мақаласында отандық көркемсуреттік білім берудің қазіргі жағдайы келесідей баяндалған: «Қазақстанда әлі де дәстүрлі реалистік бейнелеу өнерін оқытады, ал Батыста қазір ешкім классикалық академиялық даярлыққа қызығушылық танытпайды. Айта кету керек, отандық білім берудің бейнелеу өнеріндегі нақнұсқадан сурет салуға үйрету сияқты ұстанымдарды, яғни қарапайымнан күрделіге, жылдан жылға шеберлікті шындауды Еуропада өткен ғасыр қалдығы деп санайды. Батыс оқытушыларының пікірі бойынша, өнерді қатаң шеңберге қамалауға болмайды, себебі көркемсурет әлемінде шығармашылық деген еркін жүзу болып табылады. Көркемсурет оқу орнына оқуға түсу кезінде ұсынылған гипстен жасалған және нақнұсқадан салынған суреттері бар портфолио оң емес теріс эффект беруі мүмкін, өйткені батыс әлеміндегі өнер әдемі заттарды жасау емес,

зерттеулік қызмет болып табылады. Бұл суретші кәсібі қолөнер емес, зияткерлік өндіріс болып саналатындығын көрсетеді және сәйкесінше теориялық пәндер басты болып саналады, өйткені оларды танып-білмей студент әрі қарай оқи алмас еді. Сонымен бірге, батыс мектебі отандыққа қарағанда басқа педагогикалық ұстанымдарға, яғни оқышылардың орасан дербестігі мен жауапкершілігіне негізделеді. Біздің студенттер басқаша менталдық және экономикалық өмір талаптары мен тәрбиеге байланысты бұған әзір емес» [6].

Қазақстанның көркемсурет білім беруінің болашақта қалай даму керектігі жөнінде осы мақала авторларының ой-пікірлерімен біз толық келісеміз: «Батыспен білім беру интеграциямыз ең алдымен мәдениет және өнер саласындағы онжылдықтар бойы жинақталған және өзін-өзі ақтаған жүйелер мен қадамдарды сақтап қалуда болуы тиіс. Болон процесіне қосылумен отандық көркемсурет білімі студенттерге беретін білімі мен машықтарын өзіне тән іргелігін, кәсіби негізділігін және практикалық бағытын жоғалтып алмауы маңызды, іргелілік және қолданбалы білім бұл - білім берудің қиын әрі көп жапа шеккен проблемасы. Өнер саласындағы мамандарды дайындаудың қиындығы жаһандану жағдайында тез арада ақырғы шешім шығарылады деп үміт артуға мүмкіндік бермей отыр. Көркемсурет саласындағы ғалымдардың, ұстаздардың және мамандардың шығармашылық одақтастығы осы әлеуметтік және мәдени маңызы бар мәселені шешуге және әрі қарай зерттеуге әлеуетті мүмкіндіктер береді» [6].

Қазіргі таңдағы Болон процесі жүйесі туралы Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, профессор Е.А. Сергебаев келесіні айтады: «Мен Еуропада, Францияда, жағарғы оқу орнында тұрпаттық сурет жоқ екендігін, академиялық суретті салу білмейтіндігін, студенттердің төртбұрыш пен үшбұрыштар түрінде сурет салатындығын, кескіндемеге тек аптасына 2 сағат қана оқылатындығын көрдім. Міне, Болон процесінің болмысы осындай. Біздерде, өкінішке орай, білім берудің бұрынғы жүйесін қайтару мүмкін емес, тек оқу кестесін түзету, пластикалық анатомия бойынша адам денесінің анатомиясы, бұлшықет бойынша материалдар, адам қаңқасының нақпішіні, әдістемелік стендтер мен плакаттар жабдықталған арнайы аудитория ашу ғана қолымыздан келеді (ол кабинетте басқа пәндер мүлдем жүргізілмеуі тиіс), және ең бастысы тәжірибелі оқытушылар – адам анатомиясы жөніндегі мамандар болуы қажет. Міне, сол кезде ғана академиялық сурет дамуына ықпал жасалады және табиғатта өткізілетін тәжірибелік сағаттар сапасына көңіл бөлу керек. Мысалы, бірнеше күн бойы құрылыс бейнеленген немесе егін орағы, демалыс саябағы және т.б. суреттелген нобайлар мен суреттемелер болуы тиіс. Біздер, суретшілер үшін білім берудің Болон жүйесі жарамайды, мұнда теориялық және онлайн-режим-

дегі сабақтар көп және өз бетімен оқуға көп уақыт бөлінеді. Болашақ кәсіби суретшілер үшін оқытушы қатысағын және нақнұсқадан сурет салуы бар тәжірибелік сабақтар қажет. Тек осылайша, тәжірибе мен дағды арқылы академиялық сурет, кескіндеме, және мүсіндеуді игеру бойынша негізгі нәтижелерге қол жеткізе аламыз» [5].

Сондай-ақ, профессор Е.А. Сергебаев өз сұхбатында басқа да пайдалы кеңестер береді: «Астана қаласындағы Қазақ ұлттық өнер университетінде де кескіндеме мен мүсін бойынша мамандарды даярлайды, мұнда классикалық гипстік бедерлер мүлдем жоқ, табиғи жарықтандыру да мүлдем жоқтың қасы, терезелер күңгірт. Сондықтан бізде, Қазақстанда, әлемдік классикалық көркемсурет жоғары оқу орындарымен салыстырғанда, «Кескіндеме» және «Мүсін» мамандықтары бойынша жоғары білікті кадрларды даярлау бойынша мамандандырылған ғимараттың болмауы маңызды мәселелердің бірі. Салыстыру үшін, И.Е. Репин атындағы Көркемсурет академиясы, Флоренциядағы әсем өнерлер академиясы, Париж мемлекеттік әсем өнерлер жоғары мектебі, Венадағы бейнелеу өнер академиясы, Сан-Фернандо бейнелеу өнерінің Корольдік академиясы сияқты әлемдік көркемөнер жоғары оқу орындарын мысалға келтірейік. Оқу шеберханалары көлемінің сәйкессіздігі – бұл төбе биіктігі, терезе, есік көлемі, табиғи күндізгі жарықтың аздығы – суретшілер үшін күн жарығы тек дәстүрлі терезелерден ғана емес, төбеден де түсуі қажет, әсіресе солтүстік жарықтандыру. Ал Т.Қ. Жүргенов атындағы ҚазҰӨА-ның қазіргі ғимараты – бұл ХХ ғасырдың 20-30 жж. конструктивизм стилінде салынған сәулеттік ғимарат, ол бастапқыда үкіметтік ғимарат болуға арналған (сәулетшілері М. Гинзбург, И. Милинис), яғни бөлмелері шенеуніктер, қағаз бастылық үшін ыңғайлы болған. Жәй ғана мысал, суретшілерді оқыту үшін арнайы салынған ғимарат – Санкт-Петербурдағы И.Е. Репин атындағы Көркемсурет академиясында барлығы қарастырылған және есептелген. Міне сонда ғана, көркемсуреттік білім беруге қажетті барлық жағдайлар жалпы отандық бейнелеу өнерінің қарқынды дамуы үшін зор серпін береді» [5].

«Пластикалық анатомия» пәнінің маңыздылығы туралы Финляндияда 2012 жылы өткен көрмеден мысал келтіруді жөн санадық. Иатра қаласының көркем сурет музейінде И.Е.Репин атындағы Институттың сурет кафедрасының профессоры Г. Манашеровтың басшылығымен студенттері орындаған «Анатомиялық сурет» студенттік жұмыстар көрмесі болып өтті. Көрме И.Е. Репин атындағы Университет пен Саймен қолданбалы өнер университеті арасындағы көп жылдық біріккен ынтымақтастық арқасында ұйымдастырылды. Көрме ашылуында И.Е. Репин атындағы Санкт-Петербур мемлекеттік кескіндеме, мүсін және сәулет академиялық институтының ректоры С. Михайловский сөз сөйледі:

«Біздің оқу орнымыздың басты ерекшелігі – біз көп жағынан көркемсуреттік білім берудің академиялық жүйесінің дәстүрін сақтаймыз және осындай консервативтікпен заманауи арт нарықтың әсерімен қатты өзгерген басқа академиялардан ерекшеленеміз. Біз жүз және екі жүз жыл бұрынғыдай біртіндеп – біріншіден соңғы курсқа қарай оқу тапсырмаларын күрделендіру жолымен канондық ежелгі бейнелерге бағдарланамыз.

Сонымен, Қазақстанның заманауи көркемсуреттік білім беруіндегі академиялық суреттің қазіргі мәселелері мен болашақтағы дамуын зерттеу нәтижесінде бізбен келесі тұжырымдар жасалынды:

1. Суреттің бейнелеу өнерінің негізі ретінде бекітілген мойындалуы оған көркемсурет оқу орындарының бейінді оқу пәндері қатарындағы біріншілікті қамтамасыз етеді, бұл оқу суретінің көкейкесті мәселелеріне, оның суретшіні даярлаудағы рөліне назар аударудың өзектілігін арттырады;

2). Жас суретшілер мен студенттерді оқытудағы өте пайдалы болып келетін қазақстандық кескіндеме классиктері – ұлы суретшілердің академиялық суреттері белгісіз. Мысалы, И.Е. Репин атындағы Ресей көркемсурет академиясының қорында жақсы жағдайларда уақытында сақталуына байланысты ХІХ және ХХ ғасырлардағы ресейлік атақты суретшілер - П. Чистяков, К. Брюллов, В. Суриков, И. Репин, В. Серов, В. Савинский, П. Пименов және басқаларының сурет бойынша оқу жұмыстарын бүгінгі күні де түпнұсқа қалпында көруге болады. Кеңес дәуірінде және қазіргі заманда олардың барлығы Ресейде ғана емес, ТМД-да да, алыс шетелде де үлкен сұранысқа ие іргелі еңбектерде, оқулықтар мен оқу құралдарында мақтанышпен бейнеленеді;

3) Сурет пен пластикалық анатомия бойынша отандық әдебиеттерді зерттеу нәтижесінде анықталғаны, қазақстандық мағлұмат көздерінде оқулықтар, оқу құралдары мен ғылыми мақалалар өте аз. Пластикалық анатомиядан профессор И. Ачилов пен М. Өскенбайдың кейбір еңбектері ғана бізге белгілі болды. Отандық зерттеушілердің іргелі немесе қолданбалы еңбектері, суреттері бар альбомдар мүлде жоқтың қасы. Шетелдік әдебиет бойынша талданған барлық материалдардан кейін осы саладағы отандық әдебиеттің әлі біршама салмақты зерттеулерді қажет ететіндігі өзекті болып қалады. Әрине, шетелдік ғалымдар бәрін зерттеді, жазды, суреттерін салды, суреттемелерін жасады деп айтуға болады. Осы күнге дейін көптеген суретшілер мен отандық көркемдік жоғары оқу орындарының оқытушылары да осылай ойлайды. Алайда, қазіргі таңдағы студенттердің көпшілігі қазақстандық суретшілер суреттері бойынша суреттемелері бар альбомдардың, әсіресе мемлекеттік тілінде болмауына қатты таңқалады;

4) Бүгінгі таңда, сурет бойынша станоктік кескіндеме ғана емес, басқа да туысқан көркемсуреттік мамандандырулар (монументалды кескіндеме,

бейнелеу өнер туындыларын қайта жаңарту, мүсін, станоктік графика, тіпті анимация суретшісі) ерекшеліктерін есепке алатын инновациялық бағдарламаларды ғылыми талдау мен оларды оқу жоспарына енгізудің объективті қажеттілігі бар. Ол сапалы бейнеленген стенділер, тапсырмалардың тақырыбына сәйкес аудиторияларда орналасқан экрандарда тәжірибелі суретшілердің шеберлік-кластарының әрдайым қосылған видео көрсетілімдері және т.б. Болашақ суретшілер академиялық суретті үйренудің толық курсынан өтулері керек, сондай-ақ, графикалық техникалар мен материалдардың кең спектрін зерделеуі және игерулері тиіс, келешектегі көркемдік қызметте өздеріне қажет болатын беттерде кескінді көркемдік стильдеу мен графикалық ұйымдастыру тәсілін еркін игерулері қажет;

5). Академиялық сурет дамуындағы замануи өзекті мәселелерінің бірі ретінде «Пластикалық анатомия» пәні бойынша болашақ суретшілерге арнайы жабдықталған аудиторияның болмағандығы болып келеді. Арнайы жабдықталған аудиторияда толыққанды қажетті реквизитпен, яғни адам денесінің анатомиясы, бұлшықет бойынша материалдар, адам қаңқасының нақпшіні, әдістемелік стендтер мен плакаттармен қамтамасыз етілу керек, ол кабинетте басқа пәндер мүлдем жүргізілмеуі тиіс. Және ең бастысы тәжірибелі оқытушылар – адам анатомиясы жөніндегі мамандар болуы қажет. Нәтижесінде академиялық суреттің тұрақты дамуына нақты әсер болады.

6) Т. Жүргенов атындағы ҚазҰӨА-сында Республикалық оқу-әдістемелік кеңес өнердің 14 мамандығы, соның ішінде кескіндеме бойынша да өз қызметін жүзеге асырады. «Кескіндеме» кафедрасының оқытушылары «Кескіндеме» мамандығы бойынша (бакалавриат, магистратура және докторантура) мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартын (МЖБС), типтік оқу бағдарламаларын (ТОБ), жұмыс оқу жоспарларын (ЖОЖ) және пәндердің оқу-әдістемелік кешендерін (ПОӘК) әзірлеушілер болып келеді. Т. Жүргенов атындағы ҚазҰӨА даярлаған барлық МЖБС мен ТОБ-ды ҚР БҒМ, ҚР МСМ бекітеді және олар республиканың өнер саласындағы мамандықтар дайындайтын барлық жоғары оқу орындарына таратылады. «Кескіндеме» мамандығы 3 мамандандыруға бөлінеді – Станоктік кескіндеме, Монументалды кескіндеме және Бейнелеу өнері туындыларын қайта жаңарту. Қазақстанда бір жерде ғана дайындалып сирек кездесетін осындай мамандандыруларда суретші-кескіндемеші біліктілігі бойынша кәсіби көркемсурет академиялық білімді ең дарынды студенттер орта кәсіптік білім алғаннан кейін алады. Т. Жүргенов атындағы ҚазҰӨА-ның осы мамандандырулардың барлық түлектері еліміздің өнері мен мәдениетінің дамуына зор үлесін қосып келеді, олардың көпшілігі жоғарғы оқу орындарының, колледждердің және көркемсурет мектептерінің оқытушылары, өздерінің студия-


лары мен үйірмелерін ашқан. Сол себепті, «Кескіндеме» мамандығы бойынша білім беруді сапалы дамыту, «Академиялық сурет» пен «Пластикалық анатомия» секілді негізгі пәндерін оқыту әдістерінде инновацияларды енгізу ХХІ ғасыр басындағы әлемдік талаптарға сәйкес өте маңызды әрі өзекті болып табылады;

7). Болон процесіне сәйкес көркемсурет біліміндегі болып жатқан өзгерістерге байланысты, соның ішінде, көптеген дәстүрлі практикалық сабақтардың қысқарып теориялық лекция дәрістері көбейіп жатуы, және студенттердің өзіндік оқу уақыты ұлғайып жатқандығы жас суретшілердің заманауи кескіндеме туындыларын академиялық білім беру сапасының көрсеткіші ретінде бағалау қиынға соғады.

Тұжырымдай келе, Д.А. Сафаралиеваның «Учебный рисунок в академии художеств» тақырыбындағы альбомында келтірілген Б.С. Угаровтың кіріспе сөзінен үзінді келтірген жөн деп санадық: «Сурет әлемнің образдық кейпін тану мен пластикалық бейнелеуі болып келеді. Сурет арқылы біз нақнұсқаны зерттейміз, сурет бізге өзіміздің қиялдап ойлаған шығармамызды көрсетуге көмектеседі. Кез келген суретшіге – мүсінші болсын, кескіндемеші немесе график – және де әрбір сәулетшіге де нақнұсқадан сурет салудың қатаң әрі күрделі мектебі қажет. Суретті кәсіби игере білу – ол шығармашылық қиялдың ұшуына арналған қанаттар, ол оның шығармашылық даралығын дамытудағы міндетті шарты және төлтумалы көркемдік ой-жоспарларды өнердің аяқталған және ерекше дара туындыларына айналдырып шығару құралы болып келеді» [8].

Әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасының мәдени саясатының тұжырымдамасы. Қазақстан Республикасы Президентінің 04.11.2014 ж. № 939 Жарлығы. - <http://adilet.zan.kz/rus/docs/U1400000939>;
2. Манашеров Г.И. *Анатомический и учебный рисунок*. http://practicum.org/index.php?option=com_content&view=article&id=145:2011-03-05-15-44-06&catid=12:2010-01-07-19-31-34&Itemid=14 ;
3. Ачилов И.Ш. *Анатомия головы человека и построение ее в рисунке*. – Алма-Ата: Рауан, 1990 – 112 с.;
4. Досжанов Б.С. *Рисунок. // Учебное пособие*. - Алматы: КазНАИ им.Т.Жүргенова, 2001 г., 32 с., С. 8;
5. Айт Б.А. *Профессор Е.А. Сергебаевпен сұхбат*. – Алматы: КазНАИ им. Т.Жүргенова, 08.03.2017 г.;
6. Михайлова Н. А., Султанова М. Э., Власюк В. Ф. *Художественное образование Казахстана в новой эстетике времени*. - Челябинск: Современная высшая школа: инновационный аспект, *Научно-методический журнал*, № 3, 2012, С. 12-20;
7. *Анатомический рисунок*. - http://www.old.artsacademy.ru/exhibitions/anatomicheskij_risunok/ ;
8. Д.А. Сафаралиева. *Учебный рисунок в академии художеств*. – М.: Изобразительное искусство, 1990., 138 с.



ФИЛОЛОГИЯ ҒЫЛЫМЫ
ФИЛОЛОГИЧЕСКИЕ НАУКИ
PHILOLOGY



ҚЫТАЙДАҒЫ ҚАЗАҚ ЭПОСЫНЫҢ ЖИНАЛУЫ МЕН ЗЕРТТЕЛУІ

Түйін. Мақалада Қытайдағы қазақ эпосының жиналу мен зерттелу жайы сөз етіледі. А.Татанайұлы, З.Сәнікұлы, Н.Мыңжани, З.Сейітжанұлы, О.Егеубаев, Б.Әзібаева, Ұ.Аязбаева сынды зерттеуші мен жинаушы ғалымдардың еңбектері жан-жақты сараланады.

Түйін сөздер: фольклор, эпос, дастан, жыр, қисса, тарих, ауыз әдебиеті, тарихи эпос.

Резюме. В статье анализируются сбор и исследование казахского эпоса в Китае.

Рассматриваются научные труды таких ученых как А.Татанайұлы, З.Сәнікұлы, Н.Мыңжани, З.Сейітжанұлы, О.Егеубаев, Б.Әзібаева, Ұ.Аязбаева которые внесли весомый вклад в исследовании и собирании казахского фольклора.

Ключевые слова: фольклор, эпос, история, устная литература исторический эпос.

Summary. The article considers collecting and a research of the Kazakh epos in China.

Scientific works of scientists as A. Tatanayuly, Z.Sanyuk, N. Mynzhani, Z.Seytzhanyuly, O.Egeubayev, B.Azybayeva, U.Ayazbayeva who have made a powerful contribution in research and collecting of the Kazakh folklore.

Key words: folklore, epos, history, historical epos, oral literature.

Қытай Халық Республикасында тұратын қазақтардың фольклорын жинау мен жариялау өткен ғасырдан бастау алады. 1950 жылдары «Қос Қобди» (1957), «Ертегілер» (1958), «Ертегілер мен аңыздар» (1958) жинақтары шығады. Біраз саяси шегіністен (Мәдениет төңкерісі) кейін қазақ ауыз әдебиеті үлгілерін реттеу мен жүйелі түрде баспадан шығару ісі 1980 жылдардан бастап қайта қолға алынады. Мысалы, 1980 жылдан бүгінге дейін батырлық жырлардың 30-дан астам томы, ғашықтық жырлардың 20 томы, ертегі-аңыздардың 10 томы, айтыстардың 7 томы, мақал-мәтелдердің 5 томы, шежірелердің 5 томы жарыққа шыққаны белгілі [1].

Қытайдың Үрімжі қаласындағы «Халық баспасынан» бастау алған «Шалғын» журналы аз жылдың ішінде ауыз әдебиетінің біраз үлгілерін жинап үлгерді. Бірақ белгісіз себептермен журнал кейін «Мұра» журналына қосылып кетеді. Ал ағалмыш журнал күні бүгінге дейін Қытайдағы қазақ фольклорына арналған бірден бір баспа болып қызмет атқарып келеді. Сонымен бірге әр аймақтан да әдеби журналдар жарыққа шығып жатты. Атап айтсақ, Құлжа, Шәуешек, Алтай аймақтарынан «Іле

айдыны», «Тарбағатай», «Алтай аясы» журналдары мерзімді баспа бетін көрді.

Асқар Татанайұлы Шыңжаң өлкесінде дүниеге келген ақын ауыл молданысынан хат танып, сауат ашады. Шәріпхан Көгедаеттың «Халық ауыз әдебиетін жинау да, игере білу керек» нұсқауымен көптеген қиссаларды жазып алады. Бірақ 1944 жылы Гоминдан үкіметінің «Кеңестер одағынан келген кітаптарды жинау» науқанында алғашқы жинаған мұраларынан айрылып қалады.

1945 жылы Алтай аймақтары жеңіске жеткен соң біраз дастандарды қайта жинайды. Алайда Гоминдан үкіметі екінші рет Алтай аймағын басып алып, 1944-1947 жылдары жиған материалдарын өртеп жібереді. Үшінші рат ақын ел ішіндегі құйма құлақ қариялардан жинап, «Бөгенбай батырдың» төрт саласы, «Бақтиярдың қырық бұтағы», «Алпамыс», «Қобыланды батыр», «Біржан-Сараның айтысы», «Әсет пен Ырысжанның айтысы», «Әсет пен Кәрібайдың айтысы», «Бәтiш пен Мәлік молданың айтысы», «Ілесіп пен Райымхан софының айтысы», «Бәтiш пен Шыбар ақынның айтысы», «Арқалық батыр», «Ер Дәмежан», «Сақаридың зары», «Шәмекенің құны», «Қара Оспанның еліне хаты» және т.б. тарихи деректерді жинайды.

1958 жылы «Төрт көне» саяси науқанында Асқар Татанайұлы «оңшыл» деп танылып үшінші рет өртеле бастайды. Ақын амалсыздан қайтыс болғанына екі ай болған әйелінің басына белгі қоямын деген сылтаумен екі қап молаға жасырады. «Оңшыл» саясаты туралы «Қытайдың жаңа заман тарихы» атты екінші кітабында: «...ойлау, сөйлеу жағында ішінара сыңаржақтылық істегенімен, партияның стиль дұрыстауына шын ниетімен қолғабыс еткендерді шетінен «оңшыл» деп жазалады», – делінген [2, 88].

1968 жылы жасырып, 1978 жылы қайта қазып, соның негізінде Асқар Татанайұлы «Тарихи дерек – келелі кеңес» (1987) атты зерттеу еңбегін жазады. Шыңжаң қазақтарының қытай отаршыларының қорлық-зұлымдықтарына шыдай алмай қарсы шыққан ерлері Демежан, Зуха, Бөке, Қара Оспан батырлар туралы, олардың өмір сүрген кезеңдері мен ерліктері және қытайлық отарлаушылардың қолынан өлтірілгені туралы нақты деректерге сүйеніп жазады [3, 4].

Зейнолла Сәнікұлы 1954 жылдан бастап қоғамдық қызметке қатынасып, ілгерінді-кейінді «Шін Жаң жастар-өрендер баспасы», «Шін Жаң халық баспасында» редакциялық жұмыстармен айналысқан.

Жазушының 2 роман, 3 повест, 50-ден астам очерк, сәнуын (шағын әңгіме), әңгіме, зерттеу мақалалары мен әдеби аудармалары «Қазақ халық ертегілері», «Қазақ балалар ертегілері», «Қабанбай батыр», «Мұралар нені айтады», «Қазақтың тұрмыс-салт білімдері» т.б. фольклорлық-этнографиялық еңбектері сондай-ақ «Басбай» романы, «Атаның алтын іздері» атты ғылыми зерттеулер жинағы баспа беттерінде жарық көрді. 2005 жылы Қазақстанда «Хан батыр Қабанбай», «Тұғырыл хан», «Демежан батыр» сияқты кітаптары жарыққа шықты.

З.Сәнікұлының 1980 жылы «Шалғын» журналында жарық көрген «Әдеби мұра жөнінде» [4, 99-111] атты мақаласында қазақ әдеби мұраларын жинау және жариялау мәселелерін қарастырып, ондағы мәселелерді бірнеше салаларға бөліп қарастырған. Олар: халық ертегілері мен қисса-дастандар, шешендік әңгімелер және халық өлеңдері болып табылады. Оның ішінен қисса-дастандар тобын арнайы алсақ, дастандардың жуан бұтағы «Бақтиярдың қырық бұтағы», «Тотынама», «Қырық уәзір», «Алпыс екі қоңыр» екенін атап, бұл жыр-дастандар туралы нақты тарихи деректердің сол кезде табылмай отырғанына автор қынжылады. «Бақтиярдың қырық бұтағы», «Тотынама», «Қырық уәзір» шарт бойынша 40-120 түн айтылатын ұзақ қиссалар екенін атап, жырларды жинап, анықталса, әдебиетіміздің мол қазынасы, ұшан-теңіз тарихының құлпыра түсетінін айтады. Зерттеуші мақаласында «Бақтиярдың қырық бұтағы» мазмұнын қысқа баяндап береді. Сол кезде табылған қиссалардан «Қызыл табан», «Темір таяқ», «Қасым Жомарт», «Көркемше» «Хасен Мәлік», «Мұңлық-Зарлық», «Алтын балық», «Базарқан», «Шәкір-Шәкірат», «Шамарқан», «Жиханша», «Зарқұм Сал-салдар» екендерін атап, олардың көлемдерін атап көрсетеді.

Қытайдағы қазақ жырларын ғылыми тұрғыда зерттеу Н.Мыңжанидан бастау алады десек артық айтқандық емес. Зерттеушінің 1942 жылы Шыңжаң газетінде жарық көрген «Қыз Жібек жөнінде» атты алғашқы мақаласы эпостық жырларға арналған негізгі зерттеу мақаласы болып табылады. Мақалада ғалым жырдың тууы мен тарихи кезеңдерін саралап, жырдың қазақ халқының арман-мақсатынан туған жыр екендігін айтады.

Сонымен бірге ғалымның «Қазақ халық дастандарының тарихына тән кейбір деректер жайында» атты мақаласында «Қазақ халық дастандарын» үш топқа жіктейді: «Батырлар жыры», «ғашықтық жыры» және «қиссалар» [5, 74].

Батырлар жырына «Оғыз қаған», «Қорқыт ата» жырынан бастап, XVIII ғасырдағы Абылай ханның төңірегіндегі батырларды жинақтайды. Ал ғашықтық жырға «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» жырын жатқызып, қиссалар тобына «Жүсіп-Зылиха», «Хұсырау-Шырын» т.б. жырлармен бірге «Мың бір

түн», «Тотынама», «Қырық уәзір» т.б. шығыс ертегілері өлең-жырға айналдырылып қисса болған дейді.

1994 жылы «Егемен Қазақстан» газетінде Н. Мыңжанидың «Қазақтың халық қиссасы «Бақтияр және оның «Қырық бұтағы» жайында» атты зерттеуі жарық көреді. Мақалада автор қисса-дастандардың қазақ фольклорындағы жетекші жанр екенін айтып, оның үш салаға бөлінетінін (батырлар жыры, ғашықтық дастандар, қиссалар) атап көрсетеді. Алайда ғалымның батырлық жыр мен тарихи жырды бірлестікте қарастырғанын тарихи жырдың өзіндік ерекшеліктеріне баса назар аударылмағаны мен зерттеудің сол дәуірге тән қарастырылғанын ескеруімізге болады. Оны ғалымның «Батырлар жыры – тарихта қазақ халқының басынан өткен елеулі оқиғаларды, тарихи дәуірлердегі тартыстардың бел-белестерін бейнелейді» деген сөзімен дәлелдеуімізге болады [6, 3].

Зерттеуші ауыз әдебиетінің негізгі жанрларын атап, олардың қырықтан астам түрлерінің бары екенін айтып, олардың тақырыбы мен мазмұны, құрылысына қарай ішкі бірнеше түрге бөлінетінін ажыратып береді. Ауыз әдебиетінің туып, қалыптасуы мен даму кезеңдерінің VI-VIII ғасырлардағы көне түрік ескерткіштерінен бастау алып, XI ғасырдағы Жүсіп Баласағұн мен Махмуд Қашғаридың еңбектері және XIV ғасырдағы «Кодекс Куманикусте» ауыз әдебиетінің түрлі жанрлардың орын алғандарын көрсетіп, дәлелдеп береді. Зерттеуші еңбегінде қазақ қиссаларының жанрының өзгеше болатынын олардың оқиғаларының феодалдық қоғамның қат-қабат қайшылықтарымен, орда-сарайлардағы тақ таласымен ұштасып отыратынын, қиссада феодалдық қоғам құрылысы мен ислам дінінің көзқарастары бейнеленетінін айтады. Қазақ жыр-дастандарының саны екі жүзден асатынын атап, оның ішінде «төрт қырық» немесе «төрт алып» дастандар тобының бар екенін ашады. Олардың әрбір тобының бір-бірімен матасқан қырық дастаннан құралатынын мысалдар келтіріп айқындайды. Оның ішінде Шыңжаң өлкесінде кең тараған «Бақтияр» және оның қырық бұтағы» дастанының мазмұнын берген. Мақала аяқталмаған. Бірақ осы «Төрт қырық» ұғымдары туралы екіұшты пікірлер бар. Профессор О.Егеубаев Қытайдағы дастан-қиссалар арасында «Төртқырық» немесе «Төрт алып» деп аталатын тоғыспалы дастан-қиссалар тобы бар екенін айтса [7, 31], қазақ фольклортанушы ғалымдарының ішінде эпостанушы ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор Б.Әзібаева өзінің «Бақтиярдың қырық бұтағы»: аңыз ба, шындық па?» атты мақаласында топтама санатына жатқызылып жүрген дастандардың көпшілігін «Бақтиярдың қырық бұтағына» жатпайтынын жеке-жеке дәйектер келтіре отырып, дәлелдейді. Ғалым ақынның «қырық бұтақ» атауы себебін қазақ халқындағы киелі «қы-

рық» санымен байланыстырып: «Жанұзақ ақын жырлаймын деп жоспарлаған топтаманы «Бақтиярдың қырық бұтағы» деп атап, Бақтияр айтты деген әңгімелердің санын қырыққа жеткізуді мақсат тұтқан деп болауға болады», – дейді. [8, 76].

Қытайдағы қазақ ғалымдары назарының басым көпшілігі эпостардың ішінде тарихи жырларға ауды. Олай деуімізге дәлел ретінде, А.Кірішбаевтың «Қазақ әдебиеті тарихынан таңдамалы үлгілер» (1986) А.Татанайұлының «Тарихи дерек – келелі кеңес» (1987), З.Сәніктің «Бас Сардар. Жәнібек Батыр туралы аңыздар» (1993), З.Сейітжанұлының «Тарихи эпос» (1994) т.б. еңбектерін келтіруімізге болады.

Қазақ эпостарының ішінде тарихи эпосты зерттеп, тарихи-типологиялық салыстыру жасаған З.Сейітжанұлы болды.

Ғалым өз монографиясында Шыңжаң қазақтары эпикалық жырларының жанрлық ерекшеліктерін айқындап, олардың нақты тарихи жыр екенін дәлелдейді. Зерттеуші образдар жүйесін ашып, олардың әр қилылығын мысалы, тарихи жырларда ел қорғаушы қаһармандар бейнесі жасалса, ғашықтық мазмұндағы нақты тарихи жырларда лирикалық бейнелерді суреттеу басым болатынын нақтылайды.

З.Сейітжанұлының жоғарыда аталған монографиясы «Қазақтың реалды-тарихи эпосы» [9] (1988) деген тақырыпта қорғалған диссертацияның негізінде жазылған. Ғалым аталған еңбегінде бұрын зерттелмей, М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қолжазба қорында жатқан бір шоғыр тарихи жырларды («Түкібай-Шолпан», «Арқалық батыр», «Мырзаш батыр», «Ахмет-Кәшім», «Хасен-Жәмилә», «Шайқан-Күләш» алғаш рет ғылыми айналымға енгізеді. Аталған жырларды ғалым «реалды эпос» деп атап, оларға бірінші рет тарихи-типологиялық салыстыру жасап, ерекшеліктерін саралаған. Сондай-ақ ғалым белгілі бір аймақтағы фольклорлық мұраның сақталып, эпикалық дәстүрдің өзгеруі, тарихи шындық пен дәстүрдің арақатынасының көрінісі, образдар жүйесі, жырдың поэтикалық ерекшеліктері сияқты проблемалар түркі тілдес халықтардың халық әдебиетімен салыстыра отырып талдаған. Өзгерістері мен ортақ қасиеттері айқындалады. Осы арқылы автор эпикалық дәстүрдің жаңа бір белесін яғни нақты (реалды) тарихи эпостың қалыптасуын тұжырымдаған. Аталмыш еңбек 2008 жылы орыс тіліне аударылды.

«Тарихи жырлар» (Хрестоматия. – Алматы, 2011) жинағы да жоғары оқу орындарының студенттеріне арналған. Белгілі бір аймақтағы жырлар топтастырылып, көлемді алғысөз берілген.

Ғалымның «Қытай қазақтары әдебиетінің туып, даму жолдары (Поэзия, проза, 1950 жылға дейінгі кезең)» атты филология ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындаған диссер-

тациясының екінші тарауы дастандарға арналған. Зерттеуші дастандарды шартты түрде төрт топқа бөліп қарастырады:

– Шығыс желісін негіз еткен шығармалар, яғни нәзира дәстүрі,

– Дәстүрді жалғап, халықтық сипат алған жырлар,

– Діни тақырыптағы шығармалар,

– Тарихи сипаттағы дастандар [10].

Қытайдағы қазақ фольклорын жанрына қарай жүйелеп, қазақ фольклорын дәуірлеуін қарай ажыратып берген профессор О.Егеубаев болды. Ол (1935-2007) Қытайдың Шыңжаң өлкесі, Шағантағай ауданы, Ойқұдық ауылында туылған. Қытайдағы «Мәдениет зор төңкерісі» нәубеттерінде 1958 жылдан бастап ауыр саяси соққыға ұшырап, 1980 жылы ақталған. Қытайдың мәдениеті мен өнеріне үлес қосқан ғалым, ҚХР фольклортанушылар қоғамының мүшесі болған. Ғалым қазақ фольклорын жеті негізгі үлкен топқа бөліп қарастырған:

1) Миф; 2) Сенім-наным, тұрмыс-салт жырлары; 3) Аңыздар мен

ертегілер; 4) Дастандар мен киссалар; 5) Жаңылтпаш, жұмбақ, шешендік сөздер; 6) Мақал-мәтелдер; 7) Байырғы айтыс, ата-жөн шежіресі [11, 67].

Қытайдағы қазақ фольклорын түр және жасалу әдісі жағынан профессор екі үлкен топқа жіктеген: түр жағынан – өлең үлгісіндегі халық жырлары мен кара сөз үлгісіндегі халық шығармалары болса, жасалу әдісі бойынша: ауызша туындаған, фольклор үлгісінде жасалған туындылар және нәзираланған кітаби мұралар. Кітаби мұраларда «Бастайын Алла атымен сөздің басын», «күсни хат», «Пәни», «Үшбу сөз», «Ғар», «Тәмәт-тәмам» тәрізді кітаби тілдің айшығы молынан кездесетінін нақтылайды.

Сонымен бірге фольклортанушы ғалым Қытайдағы қазақ фольклорын дәуірленуін үш кезеңге бөліп, ажыратып берген:

1) Ежелгі дәуірден – VI ғасырына дейін,

2) VI ғасырдан – XVIII ғасырға дейін,

3) XVIII ғасырдан XXI ғасырдың басына дейін.

Бұл жерде ғалым қазақ фольклорын дәуірлеуін тарихи деректерге сүйеніп жасағаны анық. Мәселен Нұржамал Алдабек өзінің «Қытай тарихы» атты оқулығында ежелгі заманнан XVIII ғасырдың ортасына дейінгі Қытай халқының мәдениеті, мен ғылымы, тарихын бейнелейді. Аталмыш еңбекте III-VI ғасырда әдебиет саласына өлең-жырлардың туындағанын, патшалық шежірелерінің сондай-ақ әулеттік тарихи еңбектерде фольклорлық және жылнамалық дәстүрдің өзара байланысы айтылады. «Ел кезіп әулеттің тарихын жырлаушылар өз жырларында халықтық дәстүрлердің буддистік сутралар мен даостық қағидаларды кеңінен қолданды», – дейді Алдабек Н. [12, 146].

О.Егеубаев дастандар мен киссалар тобын қазақ өмірінен туындаған яғни төл, нәзиралап жырланған діни, ғашықтық, батырлық және тарихи

дастан-қиссалар (қағазға түскені 368 нұсқа) деп беске бөледі де төл туындылардан үшеуіне «Үйсін ауған», «Жеті Қаған», «Жыр роман» тоқталады. Әр жырдың шығу тегі мен, жырлаушы ақынға көңіл бөледі. Мысалы, алғашқы дастанды Шөкен ақын деген кісінің жырлағанын, ескі қолжазбадан Түркияда жуық жылдарда дүние салған Жиренше Түкіманұлы көшіріп алып, ұзақ жылдар сандығында сақтағанын айтады. Ол кісіден 1927 жылы інісі Тайыр Түкіманұлы деген азаматтың көшіріп алып, 1980 жылдары сол жаттағаны бойынша ұмытқан жерлерін есіне ала отырып, қағазға түсіріп, 1992 жылы жарық көрген «Үрімжі ауданының қисса-дастандары» кітабында жариялағанын айтады. Сол секілді «Жеті Қаған» эпосын жариялаған Қытайда өмір сүрген тоқсанды алқымдаған, қырғыз халқының атақты манасшысы Жүсіп Мамай деген ақсақал екенін нақтылайды. Ақынның айтуынша эпосты алғаш жырлаған адам қырғыз жерінде өткен Қылыш молда. Сонымен бірге «Жеті Қаған» эпосының бас кейіпкерлеріне қысқаша тоқталады. Олар: Қызыл арыстан (Түк табан), Мәлік Хатам, Мәлік Зат, Мұхамет Бинин Мәлікзат, Бидайық, Мұзбұршақ, Аққұлақ. Бұлар батырлық пен даналық көрініс тапқан билік басында болған қағандар. Осы қағандардың бастан кешкендері, Аму мен Сырдария орталығындағы Жиделі Байсын жерінде және оған ұштасатын аймақтарда тіршілік еткен қазақ халқының негізін құраған үйсін, қыпшақ, керей тектес байырғы тайпалардың қоғамдық-әлеуметтік тіршіліктері жырланатынын жеткізеді. Профессор шамамен «Жеті қаған» эпосының көлемін жеті том болуы мүмкін дегенді айтады. Бүгінде оның бірінші томы – «Қызыл арыстан – Түк табан» ғана жазылып алынғанын, «Жыр роман» дастанын ақын Арғынбек Апашбайұлы (1876-1946) жырлағанын, онда XVII-XVIII ғасырда өткерген қоғамдық-әлеуметтік ірі тарихи оқиғалары сөз болатынын және «Сөзім сол естеріне салатұғын», «Орта жүздің Сырдариядан аууы», «Абақ-керейдің төре шақыруы», «Шәудің батасы», «Мингоның заманындағы Абақтың ел билеген ұлықтары» атты бес тараулардан тұратынын саралап, көлемінің – 1606 жол болатынын көрсетеді [11, 67].

Ал, Қазақстанда ҚР Президенті Н.Әбішұлы бастамасымен ашылған «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында «Бабалар сөзі» 100 томдығының 10 томы Қытайдағы қазақ фольклорына арналды. Атап айтсақ, 22-32 томдар аралығы жырлар (батырлық, тарихи, ғашықтық жырлар мен дастандар), бір том «Қытайдағы қазақтардың қара өлеңі» және басқа да серияларына Қытайдан жиналған фольклорлық мұралардың мәтіндері 57, 58, 59-томдарға арқау болды. Жыр-дастандар мәтіндері түпнұсқалардан өзгертусіз басылып, ғылыми қосымшалармен түсіндіріліп берілді. Сонымен бірге 2012-2013 жылдары Қытайға ұйымдастырылған ғылыми экспедиция материалдарын зерттеу негізінде 2014

жылы «Шетелдегі қазақтардың фольклоры» атты монография баспа бетін көрді.

Жоғарыда аталған жүзтомдық қолжазба мәтіндерін еш өзгертусіз қалыпта басып, нұсқаларын салыстыруда текстологиялық зерттеулер жасады. Және томға енген мәтіндерде кездесетін есімдерге, жер-су атауларына, жырлаушы-орындаушылар мен жинаушылар жөнінде түсінік беріп, ғылыми сөздікпен толықтырып шығарды.

2014 жылғы жинақ Қытайдағы қазақтардың жарыққа шыққан эпостық жырлары мен дастандарына алғашқы сараптама жасалған зерттеу еңбек болып табылады. Ең алдымен жырлардың жанрлық түрлері ажыратылып, олардың трансформациялануына үлкен мән берілді.

Аталмыш ұжымдық монографияда филология ғылымдарының докторы, профессор Б.Әзібаева «Қытайдағы қазақтардың эпостық жыр-дастандары (Бабалар сөзі сериясы бойынша)» атты жоғарыдағы он томдық бойынша зерттеу жүргізген. Зерттеуші ғалым қазақ эпостарының жанрлық түрлеріне қарай көне эпос, романдық (ғашықтық), тарихи эпос және дастандық эпос деп ажыратып, олардың негізгі белгілері мен жанрлық құрамын зерделейді. «Бабалар сөзі» ғылыми серияның томдарында жарияланған көне эпостар, ғашықтық дастандар, тарихи және дастандық эпос жырларының шығу тегі мен дамуы, сюжеттері мен мотивтері, негізгі кейіпкерлері талданып, текстологиялық зерттеулер жүргізеді. Ғалым саралай келе, «Бабалар сөзі» жүзтомдық ғылыми серияның томдарында Қытайдағы қандастарымыздың 90 эпостық жыр, дастандарының мәтіні жарыққа шыққанын, алғаш рет әрі жүйелі түрде ғылыми айналымға енгізілгенін өз тұжырымдарымен дәлелдейді [13].

Сонымен бірге Ұ.Аязбаеваның «Ұлт-азаттық көтерілісі туралы тарихи жырлар (Қытайдағы қазақтардың XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың бірінші жартысында туған тарихи жырлары бойынша)» (2007) атты филология ғылымдарының кандидаты диссертациясын алу үшін дайындаған диссертациясында тарихи жырлар зерттеледі. Ол өзінің диссертациясында Қытайдағы қазақтар оның ішінде Шыңжаңдағы қазақтардың саяси-әлеуметтік жағдайы мен ұлт-азаттық көтерілістердің туу себебі яғни тарихи сипаты, ел жадындағы батырлар жайында туған тарихи жырлардың туу, таралу, зерттелу мәселелерін саралайды. Сондай-ақ тарихи жырлардың версиялар мен нұсқалардың сюжеттік, тілдік ерекшеліктеріне назар аударады. Автор «Демежан батыр», «Зуқа батыр», «Жақыпберді батыр», «Үркін-қорқын» жырларының тұтастануындағы ерекшеліктерін, тарихи жырлардың шындықпен арақатынасын айқындайды [14].

Қорыта айтқанда, Қытайдағы қазақ эпостарының біршама зерттелгені айқындалды. Біршама зерттеулер жарыққа шықты. Десек те қолжазба

қоры мұраларында қаттаулы жатқан экспедиция материалдарының мол екендігі, оларды жарыққа шығару мен жан-жақты зерттеу, терең тану бүгінгі күн тәртібіндегі мәселе екендігі белгілі.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Әзібаева Б. Қытайдағы қазақтардың эпостық жыр, дастандары // Шетелдегі қазақ фольклоры. – Алматы, 2014.
2. Қытайдың жаңа заман тарихы (1949-1978). Тарихи деректер. Т. 2. – Алматы, 2014.
3. Шетелдегі қазақтар // Түркістан. – 1999. – Қазан – 22-28
4. Сәнік З. Әдеби мұра жөнінде // Шалғын. – 1980. – №1. – 108 б.
5. Мұра. 30 жылдан таңдамалылар. 1-том (1982-2012). Құрастырған: Дәлелбек Қинаятұлы. – Үрімжі, 2012.
6. Мыңжани Нығымет. Қазақтың халық қисасы // Егемен Қазақстан. 6 қазан, 1994 жыл.
7. Хикаялық дастандар. Томды жүйелеп, ғылыми қосымшаларын дайындағандар: Әзібаева Б., Алтысбаева Қ., Ақан А, Егеубаев О., Салтақова Ж. Т. 23. – Астана, 2005.

8. Әзібаева Б. «Бақтиярдың қырық бұтағы»: аңыз ба, шындық па? // Ақиқат. №5. 2011. Б. 72-76.

9. Сейітжанұлы З. Тарихи эпос. – Алматы, 1994.

10. Сейітжанұлы З. «Қытай қазақтары әдебиетінің туып, даму жолдары (Поэзия, проза, 1950 жылға дейінгі кезең)» атты филология ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындаған диссертациясы. – Алматы, 2000.

11. Егеубаев О. Қытайдағы қазақ фольклоры // «Рухани мұра және қазіргі мәдениет: текстология, игеру, зерттеу». Халықаралық ғылыми симпозиумның материалдары. – Алматы, 2006.

12. Алдабек Н. Қытай тарихы. Оқулық. – Алматы, 2007.

13. Әзібаева Б. Қытайдағы қазақтардың эпостық жыр-дастандары (Бабалар сөзі сериясы бойынша) // Шетелдегі қазақ фольклоры. – Алматы, 2014.

14. Аязбаева Ұ. «Ұлт-азаттық көтерілісі туралы тарихи жырлар (Қытайдағы қазақтардың XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың бірінші жартысында туған тарихи жырлары бойынша)» атты филология ғылымдарының кандидаты диссертациясын алу үшін дайындаған диссертациясы. – Алматы, 2007.

Молдашева Акзия Абсаламовна

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық Қазақ Түрік Университеті
ф.ғ.к., доцент, e-mail: akziyach

Абдулханова Мадина

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық Қазақ Түрік Университеті
Қазақ филологиясы және журналистика кафедрасының аға оқытушысы, e-mail: madina_0271

ТӘЖІК ҚАЗАҚТАРЫНЫҢ ТІЛІНДЕГІ ҮНДІ «Л» ДАУЫССЫЗЫНЫҢ ТҰРАҚСЫЗДЫҒЫ

Түйін. Мақалада Тәжік жерінде тұратын қазақтардың тілін оңтүстік говорларымыз -дың бір бұтағы жөнінде қарастырылады. Жергілікті қазақтардың тілінің дыбыстық жүйесін, грамматикалық құбылысын, сөз байлығын – бұлардың қай-қайсысын алсақ та, олардың бойында қазақ тіліне жалпы ортақ белгілердің мол екені айқын сезіледі. «Л» дыбысының тұрақсыздығы қазақ тілі сөйленістерінің бәрінде бірдей жиі кездесетін құбылыс деп айтуға болмайды. Диалектологиялық зерттеулерге қарағанда бұл ерекшелік қазақ тілінің басқа түркі тілдерімен қоныстас, аралас отырған, жиі қарым-қатынаста болған өңірде молырақ ұшырайтыны мәлім болып отыр.

Түйін сөз. Дыбыстық жүйе, «Л» дыбысының тұрақсыздығы, диалектологиялық зерттеулер, шартты рай, қалау және бұйрық рай.

Резюме. В статье автор пытается выявить значительные явления взаимосвязи таджикского и казахского языков. Попытка выявить сходные и отличительные особенности звуков исследуемого говора и подговоров в качественной и количественной характеристике и их эволюции в истории языка инвентарь гласных и согласных звуков, звукосоответствия гласных и согласного звука «Л», выявляются и впервые описываются отдельные звуковые изменения в области фонетики и морфологии.

Ключевые слова. Взаимосвязи таджикского и казахского языков, звуковая система, нестабильность звука «Л», диалектологическое исследование, условное наклонение, повелительное наклонение.

Summary. In the article the author tries to reveal the considerable phenomena of interrelation of the Tajik and Kazakh languages. Attempt to reveal similar and distinctive features of sounds of the studied dialect and subdialects in the qualitative and quantitative characteristic and their evolution in the history of language stock of vowels and consonants, sound compliances of vowels and a consonant of L, come to separate sound, changes in the field of phonetics and morphonology are described for the first time.

Keywords. Interrelations of the Tajik and Kazakh Languages, sound system, instability of the sound L, dialectological research, conditional mood, imperative mood.

Жергілікті тұрғындар тілінде кездесетін дыбыстық ерекшеліктердің бірі - дауыссыз дыбыстардың түсіп қалуына байланысты. Көлемі таралу шегі жағынан бұл құбылыстың мөлшері әртүрлі. Қазақстанның Орталық, Солтүстік, Батыс облыстарымен салыстырғанда, Оңтүстік, Алматы, Жамбыл облыстары тұрғындары тілінде жүйелі түрде кездесетін, кең тараған құбылыстың бірінен саналады. Бұл жөнінде С.Аманжолов, Ж.Досқараев еңбектерінде назар аударылған болатын [1]. Түркологиялық еңбектерде дауыссыз дыбыстардың тұрақсыздығы жөнінде зерттеулер жүргізген. Н.К.Дмитриев үнді р, л, н дыбыстарының түркі тілдерінде тұрақсыз екенін айта келе, бұл құбылыстың башқұрт, татар [2] тілдерінің диалектілерінде бар екенін, Э.В.Севортян, үнді л-дың тұрақсыздығы оғұз тілдерінен гөрі қыпшақ тілдеріне тән құбылыс екенін көрсетеді.

«Л» дыбысының тұрақсыздығы қазақ тілі сөйленістерінің бәрінде бірдей жиі кездесетін құбылыс деп айтуға болмайды. Диалектологиялық зерттеулерге қарағанда бұл ерекшелік қазақ тілінің басқа түркі тілдерімен қоныстас, аралас отырған, жиі қарым-қатынаста болған өңірде молырақ ұшырайтыны мәлім болып отыр.

Үнді л-дың түсіп қалу құбылысы зерттеліп отырған тәжік қазақтары тілінде кең тараған сипатты ерекшеліктердің бірінен саналады. Бұл дауыссыздың түсіп қалуы екі түрлі жағдайда кездеседі. Біріншісі: ол, сол, бұл тәрізді сілтеу есімдіктері құрамындағы ойақ (ол жақ), бұйақ (бұл жақ), сойақ (сол жақ) түрінде айтылғанда, сондай-ақ атау тұлғасынан басқа септіктерде бұ(л)ған-бұған, со(л)ған-соған, о(л)ған-оған және дауыссыз дыбыстан басталатын анықталушы сөздің алдында келгенде –о(л) жер, бұ(л) жер; бұ(л) қала; кейбір сілтеу есімдігінің (сол) мағынасы көмескі ғұрлым сөзімен тіркескенде со(л) ғұрлым «л» дыбысының түсіп қалатыны әдеби тілде де кездесіп қалатын құбылыс екені І.Кеңесбаев еңбегінде айтылған болатын.

Екіншісі: ал, бол, кел, қал, әкел, етістіктерінің құрамындағы «л» дыбысының түсіп қалуы. Ол мынандай жағайларда кездеседі:

а) шартты рай формасында айтылғанда: а(л)са-алса, бо(л)са-болса, ке(л)се-келсе, қа(л)са-қалса, са(л)са-салса, әке(л)се-әкелсе. Қарыз а(л)саң, уақытылы қайтар. Пұлың бо(л)са сөйлесіп көр.

Шамаң ке(л)се белдесіп көр. Пұлың қа(л)са бала-шағаңа сақтап қой. Егін са(л)са өнімін ал.

б) болымсыз түрде айтылғанда: а(л)май-алып бармай, ке(л)мей-келмей, қа(л)май – қалмай, са(л)май-салмай, әке(л)мей-әкелмей. Әлі билет а(л)май Ақындық дарымаса бо(л)майды екен. Ке(л)меймін деген жоқпын.

в) қалау және бұйрық райдың үшінші жағында айтылғанда: бо(л)сын-болсын, ке(л)сін - келсін, қа(л)сын-қалсын, са(л)сын-салсын, әке(л)сін-әкелсін. Жұмысты ертерек аяқтайтын бо(л)сын. Айтыңыз құтты бо(л)сын.

г) қалау райынан кейін көптік жалғауы жалғанғанда: ке(л)індер-келіндер, қа(л)ындар-қалындар. Сонда барып, оны алып ке(л)індер. Балалар, бүгін үйде қа(л)ындар.

Ауызекі сөйлеу тілінде ал, бол, кел, тәрізді етістіктердің соңындағы «л» қалып асайшы (алсайшы), босайшы (болсайшы), кесейші (келсейші) т.б. айтылу кездесіп қалады. Ауызекі сөйлеу тілінде «л» дыбысының түсіп қалуын У.Н.Ильминскийде аңғарған. Сол кездегі шыққан еңбектерде қалыб орнына қаб, келіп орнына кеб болып қысқарып айтылуын көрсететін мысалдар көрген еңбектерден мәлім [3].

Қазақ тілінің жергілікті ерекшеліктері жайында мақала жазған диалектологтар еңбегінің қай-қайсысы болмасын, сөз ортасында дауысты дыбысқа тетелес келген үнді л дыбысының айтылмай түсіп қалуына көңіл аудармағандары кем де кем. Оны біз Оңтүстік Қазақстан жөнінде материал жазған Ж.Досқараевтың [4], Шу бойы өңірі тұрғындары жөнінде зерттеу жүргізген О.Накысбековтың [5], Жамбыл облысы Сарысу тұрғындары жайындағы С.Омарбековтің [6] еңбектерінен аңғарамыз. Осы іспен дауыссызының тұрақсыздық Түрікменстандағы қазақтар тілінде және сөйленістерінде де (мыс.: әке(л), ке(л) се, кім бі(л)сін, а(л)ған) кездеседі.

Бұл келтірілген мысалдардан С.Аманжолов пен Ж.Досқараевтың ... дің тұрақсыздығы қазақ тілінің оңтүстік сөйленістер тобына тән деген болжамын қуаттай түседі.

Үнді «л» дыбысының түсіп қалуы Қазақстанның оңтүстік – шығыс облыстарынан шыққан ақын-жазушылардың шығармаларында кездесетіндегі белгілі болып отыр. Бұл жайында Ш.Сарыбаев жоғарыда аталған мақаласында ал, бол, қал және басқа көсемше түріндегі бір буынды етістік өзінің оңтүстік – шығыс сөйленістерінде жиі қоданыла бастағанына қарамастан әдеби тілге де еніп, жалпы халық тілінде орын алғанын мысалдармен дәлелдеп келтіреді. Етістіктердің ықшамдалған – п тәрізді көсемше формасы М.Әуезов шығармаларында жиі кездесетіні қызықты деректер келтіреді.

Түркі тілдерінде жарияланған диалектологиялық еңбектерге назар аударсақ бұл құбылыс Қазақстаннан тыс өзбек, қырғыз, қарақалпақ тіл-

дерінде де бар ерекшелік екенін көреміз.

Проф. Н.К.Дмитриев түркі тілдеріндегі үнді р, л, н дыбыстарының ... дыбыстар, бірақ олар біраз түркі тілдеріне тән болғанымен, оның ... де екеніне назар аударады да, түркі тілдерінен мысалдар келтіреді: башқұртша бу-ған (бул-ған), бу –маған (бул –маған), қал-ған (қал-...), ал,қал, кел етістіктеріне –ып, -са, -ған, -ғы, -ла, -ба, -сын қосымшалары жалғанғанда соңғы үнді түсіп қалатынын аңғарған.

Дауысты дыбыстардың соның ішінде үнді л-дің түрік тілінде түсіп қалуы Н.Кононов және Э.В.Севортян еңбектерінде де көрініс тапқан.

Кейбір тілдерде әсіресе ұйғыр тілінде, үнді л дыбысының түсіп қалуы әдеби тілде де кездеседі. Мысалы: кә(л), кә(л)миди, а(л)му(р)т, а(л)мидим, ке(л)ип [9].

Түркі тілдерінен келтірілген жоғарыдағы материалдарға қарағанда, үнді л-дің түсіп қалуы жалпы түркілік сипаттағы құбылыс екенін аңғаруға болады. Э.В.Севортяның [10] зерттеуіне қарағанда бұл дыбыстың тұрақсыздығы оғұз тілдеріне қарағанда, қыпшақ тілдері тобында жиі ұшырайтын құбылыс деп санайды.

Бұл ерекшеліктің тілімізде көбірек байқалатын жері -ал, бол, қал, сал, қыл, әкел тәрізді етістіктердің құрамы. Осы етістіктердің боса болмаса да, солай болсын, байқалмай қап, кім білсін, осында әкелсін тәрізді қолданыста түсіп қалуы бірден көзге шалынады. Аталған құбылыс жазба тілден гөрі ауызекі тілімізде көбірек байқалатын жай. Бұл өзгешеліктердің таралу шеңбері барлық говорларда бірдей емес. Оның ең көп қолданылатын жері – Қазақстанның оңтүстік аймағы мен өзбек, тәжік, қарақалпақ тәрізді өзге тілдермен аралас отырған тұрғындар тілі. Л-дің түсіп қалуы аталған етістіктердің барлық грамматикалық тұлғаларында ұшыраса бермейді. Оның түсіп қалатын кезі- көбінесе осы етістіктердің көсемше (боп < болып), шартты рай (боса < болса), үшінші жақтың бұйрық рай (босын < болсын) түрінде айтылғанда, «л» дыбысы қысқарып қалады.

Осында аталып өткен етістіктердің құрамындағы л-дың боған < болған, аған < алған, қаған < қалған, саған < салған, әкеген < әкелген, деген ретпен есімше тұлғасында түсіп қалуы немесе осы етістіктердің болымсыз тұлғада бомай < болмай, ала амай < ала алмай, қымай < қылмай, самай < салмай, әкемей < әкелмей түрінде л-сыз айтылуы қазақ говорларының бәрінде бірдей ұшырай бермейді. Бұл қазақ елі қоныстанған жердің оңтүстік өңіріне тән құбылыс.

Зерттеліп отырған өңірдегі тұрғындар тілінде осы етістіктердің құрамындағы л-дың түсіп қалуы бұдан өзге грамматикалық тұлғаларда ұшырасады. Олар: есімше тұлғасы боған екен < болған екен, бомаған екен < болмаған екен, қаған жоқ < қалған жоқ; тұйық райдың болымсыз түрі олай бомау керек < олай болмау керек; екінші жақ бұйрық

райдың жекеше түрі: она алма < оны алма; бірінші жақтың ашық райдың жекеше түрі: таңдап ағам < таңдап алғам, түк қығамыз жоқ < түк қылғамыз жоқ.

Осы келтірілген мысалдардан сөз ішінде л да-

уыссызының түсіп қалуы-тілміздің дыбыс жүйесінде ертеден орын ала бастаған көне құбылыстың бірі екенін дәлелдей түседі.

Қазақ говорларының оңтүстік тобында	Өзбек говорларында	Әдеби тілімізде
Ап	Ап	Алып
Аса	Аса	Алса
Боса	Боса	Болса
Босын	Бусын	Болсын
Бома	Бома	Болма
Қып	Қыб	Қылып
Кеп	Кэб	Келіп
Кесе	Кэса	Келсе
Саса	Саса	Салса

Жоғарыда келтірілген деректер, әрине, осы өлкенің қазағының тілдеріндегі барлық фонетикалық құбылыстарды қамтымайды. Бірақ сонда да болса, осы мәліметтердің өзінен-ақ тұрғындар тілінің фонетикалық жағынан қазақ тілінің оңтүстік говорларымен ұқсастығы бары аңғарылады. Осы жағынан алғанда, тәжік жерінде тұратын қазақтардың тілін оңтүстік говорларымыздың бір бұтағы деуімізге болады. Дегенмен, бұл мұндағы қазақтардың тілінің өзіндік ерекшелігі жоқ деген сөз емес. Жергілікті қазақтардың тілінің дыбыстық жүйесін, грамматикалық құбылысын, сөз байлығын – бұлардың қай-қайсысын алсақ та, олардың бойында қазақ тіліне жалпы ортақ белгілердің мол екені айқын сезіледі. Дегенмен, бұл жердегі қазақтардың недәуір ықпал жасағанын мойындамасқа болмайды.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Аманжолов С.А. *О диалектах казахского языка. Вопросы языкознания.* 1953 №6. 93- б.; Досқараев Ж., Мұсабаев Ф. *Қазақ тілінің жергілікті ерекшеліктері.* Алматы, 1951, I бөлім. 14- б.
2. Дмитриев Л.К. *Неустойчивые положение сонорных р, л, н в тюркских языках.* – Сб. «Исследования по сравнительной грамматике тюркских

языков». ч. I. *Фонетика М., 1955.* 279 – б.

3. Сарыбаев Ш. *О неустойчивом полпжении сонорного л в казахских говорах.*

4. Досқараев Ж. *Бір экспедиция отрядының жұмысы туралы. ҚТТ мен ДМ. 1958, вып. I стр. 180, 156.*

5. Нақысбеков О. *Шу бойындағы қазақтардың тіліндегі кейбір дауыссыз дыбыстардың алмасуы жөнінде. Қазақ ССР Ғылым академиясының Хабарлары. Филология және өнертану сериясы, 1961. 3 (19) шығ. 51-55 б.*

6. Омарбеков С. *Из наблюдений над языком казахов Сарысуйского района. ҚТТ мен ДМ. 1953, вып. V. Стр 234.*

7. Абдуллаев Э., Мукамбаев Ж. *Кыргыз диалектологиясының очерки. Фрунзе. 1959. Стр 83-84.*

8. Бакинова Г., Кондучалова С., Садыков С. *Кыргыз тилинин Жалал-абад облысынын говорлары. Фрунзе, 1958. Стр. 58.*

9. Кайдаров А., Садвакасов Г., Талитов Т. *Казирки заман уйгур тили. I-қисим. Лексика вэ фонетика. Алмута, 1963. Стр. 219.*

10. Севортян Э.В. *Выпадение согласных в южных тюркских языках. В книге исследования по сравнительной грамматике тюркских языков. I. Фонетика. М., 1955. Стр.290.*

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ КИІМ АТАУЛАРЫНЫҢ ТҮСІНЕ БАЙЛАНЫСТЫ УӘЖДІЛІК

Түйін. Қазақтың ұлттық киімдері – этностың өткен өміріндегі өзіне тән ерекшелігін бүгінге дейін сақтап келген мәдениеттің ең қажетті де, құнды белгісінің бірі. Сонымен қатар, қазақ тіліндегі киім атаулары ұлттық сөздік қорымыздың субелі қабатын құрайтын тілдік бірліктердің мағыналы жүйесі болып табылады. Бұл мақалада қазақ тіліндегі киім атауларының этнолингвистикалық табиғаты этномәдени және этнопсихологиялық факторлар арқылы айқындалып, түр-түсіне байланысты уәжділігі анықталды.

Резюме. Казахская национальная одежда - это важный и ценный показатель истории и культуры этноса с древних времен до современности. Наименования видов национальной одежды составляют значительный пласт в лексической системе казахского языка. В данной статье анализируется этнолингвистическая природа наименований видов национальной одежды в казахском языке путем выявления этнокультурных и этнопсихологических факторов.

Summary. Kazakh national clothes are the most specifically necessary and valuable culture units kept up today. Besides names of the clothes in the Kazakh language is a semantic system composing the main lay of the national word stock. The problem of identifying ethno linguistic nature of the Kazakh national clothes names through ethno cultural ethno psychological facts are analyzed, the motivation according to the type and color of clothes are defined in this article.

Әрбір халықтың менталитетінің ерекшелігіне, яғни тұрмыс-салты мен әдет-ғұрпына, наным-сеніміне байланысты түр-түстің символдық мәні қалыптасқан. Академик Ә.Қайдар бұл жөнінде: «түр-түс атаулары тамыры алыста жатқан, халықтың ұзақ өмірімен астарласа келіп, эстетикалық талғам-таныммен, ұлттық психологиясымен, салт-сана, әдет-ғұрпымен ұласатын қоғамдық, филологиялық, этнолингвистикалық мәні зор мәселелер қатарына жатады» - дейді[1,34].

Демек, киім-кешек түрлерін жасауда ата-бабаларымыз әлеуметтік, рулық т.б. да ерекшеліктерге байланысты оның түр-түсіне ерекше мән берген. Қазақ ұлтының мәдени өмірінің көрінісін этнографиялық түсінік ұғымдарынан анық байқауға болады. Мысалы, Г. Смағұлова: «көк» түсті қазақтар ерекше пір тұтқан. Ұлт ерекшелігін тұтастай тану үшін оның тілдік, танымдық қасиеттерін зерттеп білмейінше пәлендей ой пікір түюге болмайды. Тіл дүниесінің ұлттық-мәдени айшықтарын бейнелеуде

адамдардың когнитивтік (танымдық) әрекетін қоршаған ортаның ықпалымен ұштастырады» - деп түйіндейді [2,168]. Осы пікірдің растығын мынадан көруімізге болады: «**Көксауыр.** Осындай былғарыдан тігілген етіккі бояу түсіне қарай көк етік, көксауыр етік деп айту қалыптасқан. Ертеде қазақы тондардың **бас тон, қызыл тон, көк тон, қара тон, ақ тон** деп аталатын түрлері болды. Тонды белгілі бір түске бояудың салттық мәні болды. Мәселен тонның көк кездемен тысталып, өңіріне, етегіне құндыз ұстаған тері көк тон аталады. Мұндай тонды ертеде тек белгілі, атакты кісілер ғана киген». Басқа түркі халықтарында көк түстің қолданылуына байланысты Р.Шойбеков мынадай салттық дерек келтіреді: «Қаралы кезде көптеген халықтарда әйелдердің қара жамылатыны белгілі. Мәселен, өзбек әйелдері, жақын адамы қайтыс болғанда, үш күн бойы қара не көк кездемен көйлек тігеді екен. Төртінші күні оған осы көйлекті кигізу салтын жасайды. Осы күнді және ғұрыпты «көк киді» деп атаған. Бір жыл өткенде ол көйлекті шешіп, ақ көйлек кигізген жора «ақ киді» деп аталады екен»[3,17].

Академик Ә.Қайдар түске байланысты туындаған мынадай деректерді келтіреді: «Зерттеуші А.Диваевтің еңбектерінде қазақ дәстүрі бойынша қара, ақ, қызыл түстердің қазаға байланысты синкретикалық қолданысының болғанын көреміз. Бұл түстердің бәрі қазақ өмірінде қайғылы қазаның, қара тұтынудың символы болып келген, осы түстерге боялған *мата, киім-кешек*, үй жиһаздары мен тұрмыстық бұйымдардың бәрі де символика атрибуттары болып саналған. А.Диваевтың жазуына қарағанда, ертеректе күйеуі өлген қазақ әйелдері бастарына қара және қызыл түсті орамал, желек жамылған. Қайғылы қаза символы ретінде кейбір жерлерде ақ түсті де пайдаланған. Мәселен, күйеуі, не жақын туыстары өлген әйел үстіне қара түсті көйлек киіп, басына қара орамал жамылған, ал кей жерлерде ақ жамылу салты да болған. Мысалы, Ғ.Мүсірепов өзінің «Жат қолында» деген романында «Қара күйік пештер **қара жамылған әйелдерді еске түсіреді. Игіліктің әйелі Айғаншаның осындай бір кезеңін көрген бар еді. Мына қара жамылғандардың бірі – сол Айғанша болып шыға келмесін...**» (283-б.) деп суреттесе, осы шығарманың енді бір жерінде: «*Назыкеш басына **ақ жамылып отыр. Қазақ әйелінің басына қара жамылғаны осы: **ақ жамылады...*****» (37-б.) – деп жазады[4, 66]. Сондай-ақ, «Абай жолы» роман-эпопеясында: «*Тап орта тұста басына **қара желек жамылған***

Бөжсейдің бәйбішесі аңырап отыр», «Бөжсейдің екі қызы да бастарындағы бөркін тастап, қара салыны шорт байласып алыпты» - деген деректер де мысал бола алады.

Көк, қызыл, ақ, қара т.б. түстердің номинациялық мағынасынан басқа халқымыздың түсінігінде ақ түс – кіршіксіз тазалықтың, махаббаттың, қызыл түс – жастықтың, қара түс – қайғының белгісі болып саналған. Осымен байланысты бұл жөнінде: «дүниенің тілдік бейнесіндегі қара, ақ сөздерінің мағыналық спектрінің өте кең екендігі байқалады.

Қара жамылу, ниеті қара сияқты тіркестердегі қара сөзінің «қайғы», «қаза», «жамандық» мағынасында жұмсалып, символдық мән алуы лингвомәдени коннотация болып табылады»[5,13].

Осы тәріздес мысалдарды «Қорқыт» жырында кездесетін Бамсы-бұйрықты жоқтаудан көруге болады. Мұнда былай деген:

Ақ үйдің ішінен зарлаған дауыс шықты,
Сұқсырдай бой жеткен жас қыз
Ақ киімін шешіп, қара жамылды.
Бамсының ақ боз атының құйрығын кесті,
Және
Қырық беске келген жігіттер
Тегіс қара киім киісті
Бастарына көксәлде салысты,
Қазанбектің алдына келіп,
«Бұйрық қайда» -деп жыласты[6,124].

Осы мысалдардан көріп отырғанымыздай, тура мағынасымен уәжделген ауыспалы-метафоралық қолданыстағы түстердің көрінісі, яғни, әр ұлттың өзіне тән мәдени-танымдық ерекшеліктерінен «дүниенің тілдік бейнесі» түрліше болатындығын дәлелдейді.

Осыған байланысты тілші Р.Авакова: «Сол тілде сөйлеуші халықтың тілдік құбылыстарының көріністерін тілдік бірліктердің ұлттық-мәдени нышандарымен тығыз байланыста зерттеу тіл – этнос – мәдениет үштігінің негізін құрайтыны сөзсіз. Тілдік бірлік болып табылған фразеологизмдер, кез-келген халықтың рухани байлығының жемісі. Халықтың мәдениетінің, салт-дәстүрлерінің, бейнелі ойлау болмысының, танымы мен санасының, қиялы мен дүниетанымының көрінетін тұстары да осы фразеологизмдерде» [7, 58]– дейді.

Тілімізде мынадай тұрақты тіркестер бар:

«Ақ көйлек – көңілінде көлеңке жоқ, сенгіш адам». Мысалы, Ақ көйлек қарғам! – деп бәйбіше даусын соза түсті (Мил). Және

Ақ көйлек дала адамы аңқылдаған,
Жүрегінен мейірімі сарқылмаған
Бас алғыштың түріндей түсі суық,
Төреңнің керегі жоқ жарқылдаған- (Торайғыров С.) – деген тілдік деректер кездеседі.

Ал *«Ақ жаулық - әйел, жұбай» - деген мағынада қолданылады.*

Ізгі перзент, **ақ жаулық,**
Қорада жатыр жүз саулық,

Құлаш мойын, кез құлақ
Бір бедеу ат, денсаулық (ҚТФС);
Сонымен қатар,

Әуелгі байлық –денсаулық,

Екінші байлық –он саулық,

Үшінші байлық - **ақ жаулық** – дегендегі *ақ жаулық, ақ көйлек* деген тұрақты тіркестердің пайда болу мотивінің өзіндік ерекшелігінің тіліміздегі мағыналық қолданысын мына мысалдан көруге болады: «Жаман адамның кегі өле-өлгенше кетеді. Жақсы адамдікі ақ жаулық кепкенше ғана жетеді» - деді Төкен (Шығ).

Алтайы қызыл бөрік (түлкідей) деген тұрақты тіркес – «асыл түлкінің терісінен істелген бөрік (көрікті, сұлу мүшелі, сылаң әйел (кісі) туралы да айтылады)» - деп берілген.

Бұл фразеологиялық тіркесте бөріктің қызыл түсі тура мағынасында емес, метафоралық бейнеленуі арқылы *сұлу әйел* туралы айтылады.

Сонымен қатар тіліміздің диалектілік лексикасында киім-кешекке байланысты атаулардың үлесі біршама. «Түр-түстердің де қоғам өмірінде, халықтың дәстүрі мен әдет-ғұрпында, салты мен санасында, белгілі этностың, тіпті жеке адамдардың түсінігінде де осындай символикалық мәні бары байқалады. Әрбір халық, этностық топ – түстердің белгілі бір түрлеріне белгілі бір ұғымдар мен түсініктерді бағалауға, оларға өзіндік мән-мағына беруге тырысады»[4,64-65].

Демек, диалектілік ерекшеліктердің этнос өмірінде бейнеленуі әрқилы болады. Қазақ тілінің диалектологиялық сөздігіндегі мына мысалдарға тоқталайық: **Қызыл тон.** 1. (Гур., Маң., Қарақ) Макпалдан тігілген астарсыз әйелдер киетін жеңіл киім. Жаздық шапан. 2.(Түрікм., Красн.) жағасы, етек жеңі түгел құндызбен жиектелген, екі өңірі мен етегі зермен көмкерілген тон. Адайлар қызыл тонды ұзатылған қызға кидіріп жібереді. Осы деректерден көріп отырғанымыздай, бірінші мысалда қызыл тон атауыштық мағынада жұмсалып, яғни киімнің қызыл түсті мақпалдан тігілуіне байланысты айтылуы мүмкін. Ал екінші мысалда таза экстралингвистикалық мәнділікпен байланыста әр рудың салттық дәстүрінен хабар беретін қазақ халқының этникалық ерекшелігін көрсетіп беріп отыр. Сондай-ақ **қызыл шарқат** – (Түркім., Недиб.) әлі тұрмысқа шықпаған қыздың қызыл орамал тағуы, қыз белгісі (213-б) – деп берілген. Жоғарыда көрсеткеніміздей **қызыл** – жастықтың белгісі ретінде символ болып қалыптасқан. Яғни, тарихтан белгілі **ақ орамал, ақ жаулық** – келіншек, әйелдердің басына киетін белгісі екендігін білдірсе, **қызыл** - бойжеткеннің әлеуметтік ерекшелігін көрсеткен.

«Былғары қара, сары, қызыл түсті бояулармен боялады. Қыз-келіншектер қызыл түсті былғарыдан ою өрнектеп тіктірген етік киген. Оны «сапаян етік» деп те атайды. Ал мырза, сал-сері жігіттер

қара түсті былғарыдан оюлатып, етік киюді әдет еткен» [8, 62]. «Етікті ерте кезде илеген теріден, бертінде былғарыдан киген сияқты. Былғары қара, сары, қызыл немесе басқа да түрлерге боялады. Оюдан оюлап, кестелеп, әшекейлеп тігілген етік-ті әйелдер киген. «Мырза» атанғандар да сөйткен. Негізінен алғанда еркектер қара түстісін ғана киген. Сондықтан ерге тимей көбірек отырып қалған қызға «көк етікті келмейді, көн етіктіге бармайды» - дейтін болған» [9, 117].

Сондай-ақ, жаппа тымақты жас ерекшеліктеріне сай әртүрлі асыл пұлдармен тыстайды. Жастарға ашық қызыл, сары пұлдармен тыстатып киеді. Аңшылық кәсіптің үлкен бір қыры аң терісінен киім тігіп кию. Моңғолиядағы қазақтар киімге қылшық жүнді аңдарды көптеп пайдаланып келді. Мәселен, керейдің «Төрт сай жаппа тымағын» қырдың қырмызы түлкілерінің терісінен істейді. Түлкінің қара қасқа пұшпақтарынан «пұшпақ тымақтар» істеп келеді [10, 102; 298].

Тілдік деректерден байқасақ бай, ауқатты адамдар **қызыл түлкі тымақ** кигенге ұқсайды. Мысалы, «Абай жолында» Құнанбайдың киген киімі былай суреттеледі: «*Үстінде қара құлын жарғағы бар, күміс кісе буынған, қара мақпалмен тыстасып, қызыл түлкі тымақ киген Құнанбай сырт жағынан қарағанда, тіпті зор, көрнекті еді*» және

Қыстыгүні кигенім **қызыл тымақ**

Отқа теріп жаққаным қара құшақ.

Тілімді алмай барасың, ау, жалғызым,

Қош, аман бол көргенше, Айдос шырақ (Айтыс) – деген тілдік деректер мысал бола алады.

Түркі халықтарының өмірінде ертеден келе жатқан наным-сенімдерінің бірі – түс көру және оны жору. Сондай-ақ қазақ халқының дүниені тануында да түс көру мен түсті жорудың өзіндік рөл атқаратынын төменде келтірілген деректерден көруге болады: «*Түсте жақсы көйлек кию, кісіге өңінде қуаныш әкелетін істің боларынан хабар береді. Егер кісі өлген адамды түсінде жақсы киімде көрсе, онда бұл – жақсы. Егер кісі өлген адамды жаман киімде көретін болса, онда бұл – жақсы емес. Егер кісі түсінде ақ түсті киім киетін болса, онда ол бұл дүниеде де, о дүниеде де сый құрметке бөленеді. Егер кісі түсінде сары түсті киім кесе, онда ол, өз ісіне қарай, өңінде бірде жақсы, бірде жаман жағдайда болады. Егер кісі түсінде ақсары киім кесе, онда ол, өте жақсы оның өңінде барша тілектері орындалады. Егер кісі түсінде қара түсті киім кесе, онда ол өңінде қайғыға ұшырайды. Егер кісі түсінде басына тәж кесе, онда ол өңінде байлыққа ие болады. Егер кісі түсінде қызыл түсті киім кесе, онда ол өңінде ел билеген бастық болады» [11, 39-44].*

«**Бөрік**» атауына қатысты:

Тойға келсе ерке едің,

Қасқита басқа кигенің

Алтай қызыл бөрік еді (Едіге батыр);

Қостанып шыққан елінен

Көк шекпенді, **көк бөрік**

Қызылбастың хан Шошай (Қамбар батыр);

Үйге кірген екі адам еді. Алдыңғысы - биік бойлы, сусар бөрікті, қаба қоңыр сақалды, артқысы – ауыр, қалың қара бөрік киген орта бойлы, жауырынды, мол бурыл сақалды адам екен (М.Ә. «А.Ж.»).

«**Тақия, тымақ**» атауына қатысты М.Әуезовтың «Абай жолы» роман-эпопеясынан төмендегідей мысалдарды келтіруге болады. Басында хажы сапарынан киіп қайтқан шошақ төбе **ақ тақиясы** бар. **Қара мақпалмен тыстаған түлкі тымағы** бар. Сарғыш қызғылт жұқа жібекпен тыстаған жеңіл **қара тымағы** бар, бозбала тымақ.

Қорыта келгенде, ұлттық киім түрлерін жасауда қоғамдық өмірдің, табиғи ортаның сан түрлі сипаты мен өзіндік бояу нақыштарына сай, ұлттық болмыстың символдық, ритуалдық т.б. да ерекшеліктерін түстеп қолдана білген ата-бабаларымыз мәдениетінің жоғары болғандығын жоғарыдағы тілдік деректер нақтылай түседі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қайдаров Ә., Ахтамбердиева З., Өмірбек Б. *Түр-түстердің тілдегі көрінісі. Алматы, 1992.*

2. Смағұлова К.Н. *Мағыналас фразеологизмдердің ұлттық-мәдени аспектілері. Ф.ғ.д. дисс: 10.02.02. Алматы, 1998.*

3. Шойбеков Р.Н. *Кейбір түр-түс атауларының мағыналары. //Қазақ ССР хабарлары. Фил.сер. Алматы, 1990. №3.*

4. Қайдаров Ә.Т., Өмірбеков Б., Ахтамбердиева З. *Сырға толы түр мен түс. Алматы, 1986.*

5. Снасапова Г.Ж. *Ғ.Мүсіреповтің «Ұлан» повесіндегі лингвомәдени бірліктері. фил.ғыл.канд. автореф: 10.02.02. Алматы, 2003.*

6. Марғұлан Ә. *Ежелгі жыр, аңыздар. Алматы, 1985.*

7. Қайдар Ә. *Қазақ тілінің өзекті мәселелері. Алматы, 1998.*

8. Қалиев С., Оразаев М., Смайылова М. *Қазақ халқының салт-дәстүрлері. Алматы, 1994.*

9. Мұқанов С. *Халық мұрасы (тарихтық және этнографиялық шолу) Алматы, 1974.*

10. Камалашұлы Б. *Моңғолиядағы қазақтардың салт-дәстүрлері (этнологиялық зерттеулер) Өлгей, 1995.*

11. Кенжеахметұлы С. *Жеті қазына. Алматы, 2000.*

ЖАЗЫЛЫМ ҚҰЗІРЕТТІЛІГІН ДАМУДАҒЫ БАҒДАР МЕН ТАЛАП ӨЛШЕМДЕРІ

Резюме. Курс академического письма в вузах дает возможность студентам практиковать свои коммуникативные навыки и освоить новые инновационные технологии. Студентам необходимо улучшить коммуникативность, основанную на научном стиле, на государственном языке, наряду с этим, студентам нужно читать научные статьи, совершенствовать навыки обсуждения. Студенты должны научиться находить идею, которую автор хотел донести до своих читателей, актуальность статьи, основные ключевые слова и должны уметь получать для себя важную информацию находя литературу, которая раскрывает данную тему. Это научит студентов самостоятельно учиться, искать знания по нынешним требованиям, прокладывать себе дорогу в этом современном мире информативных потоков и совершенствовать себя в дальнейшем. Данное время задания по академическому письму развиваются и совершенствуются по нынешним требованиям.

Ключевые слова: академическое письмо и чтение, научный стиль, актуальность темы, содержание, источник, опорные слова, особенности стили речи.

Summary. The course of academic writing in higher education allows students to practice their communication skills and learn new innovative technologies. Students need to improve their communication based on the scientific style, the official language, along with this, students need to read scientific articles, to improve the skills of discussion. Students should learn to find the idea that the author wanted to convey to his readers, the relevance of the article, the main keywords and must be able to receive important information for themselves by finding literature that reveals the subject. It teaches students to learn independently, to seek knowledge of the current requirements, to make inroads in this modern world of informative flows and improve themselves in the future. This time, the task of academic writing develop and improve on current requirements.

Keywords: academic writing and reading, scientific style, the relevance of the theme, content, source, key words, peculiarities of speech act.

Ғылым мен техниканың жедел дамыған, ақпараттар ағыны күшейген ХХІ ғасырда жеке тұлғаны қалыптастыру жоғары оқу орнындағы ұстаздардың басты міндеті болып саналады. «Тіл мұраты – халықтық мәселе, көптің қамқорлық-құрметі негізінде өріс алады. Білім жүйесі, тәлім-тәрбие ісі, қарым-қатынас аясы қазақ тілі арқылы жүзеге асуы

тиіс. Отбасы тәрбиесі ұстаз ұлағатымен ұштасып, бірін-бірі байытып, асқақ арманға, ұлы мұраттарға қанат қағуы тиіс. Қазақша ойлап, оқып-жазу – әрбір ұлт өкілінің төл міндетіне айналуы керек. Тіл тұғыры биік әрі берік болғаны нұр» [1, 34] дегендей, ана тілімізді өркендетуді жадымыздан шығармағанымыз абзал. Бұл өз кезегінде оқытушылардан үнемі шығармашылық ізденісті, жаңа әдісті қолдануды талап етеді. Педагогикада оқыту технологиясы мен білім сапасы бір-бірінен ажыратуға болмайтын, өзара тәуелді, өзара сабақтас егіз ұғымға айналды. Себебі оқыту технологиясының тиімділігі сапалы нәтижелерге әкелетін факторларды үйлесімділікпен басқаруға тікелей байланысты болса, ал үйлесімді басқару жүйелілік арқылы сапаға қол жеткізудің басты шарты болып саналады. Өзіміздің тәжірибемізден айтар болсақ, академиялық жазылым және оқылым курсы бойынша тапсырма бермес бұрын, өз мақсатымызды негіздеп аламыз. Мынадай сұрақтар қойылғаны жөн:

1. Тапсырмаларды орындау барысында студенттер нені білуге тиіс?

2. Бұл тапсырмаға қанша уақыт қажет? Бірнеше сағат немесе күн бе?

3. Студенттер жекелей ме, жұптық па, әлде топтық жұмысқа тартыла ма?

4. Оларды қызықтыратын және қызықтырмайтын жаттығулар қандай?

Тапсырмалар студенттерге мынадай мүмкіндіктер беруі қажет: бағалауды үйрену, салыстыру, жариялау, модельдеу, жаңадан құру, зерттеу, гипотезелар ұсыну, ұйымдастыру, есептеу, тыңдау, көру және бақылау, мазмұндау, тәжірибе жасау, ойнау, сауалнама жүргізу және баяндама жасау. Бұл жағдайда осы текті тапсырмалар «студенттің ақпараттық компетенциясын дамытады» [2, 66].

Ғылыми жұмыстың негіздемелерін меңгеру арқылы ғана білім алушы өзінің таңдаған тақырыбын жүйелі, бірізді, дереккөздерді сауатты қамти отырып, толыққанды жаза алады. Ол үшін ең басты шарт болып табылатын мына деректер назарда болуы қажет:

Мазмұны (жұмыстың негізгі тараулары мен беттері).

Кіріспе (мәселенің қысқаша мазмұны, тақырыптың өзектілігі, мақсат пен міндеттердің анықтамасы, пайдаланған әдебиеттердің қысқаша шолуы мен сілтемесі, зерттелген жұмыстың зерттелу дәрежесі, таңдалған мәселені шешудегі автордың қосқан үлесі)

Негізгі бөлім (ақпарат, бөлімдерге бөлу: қарастырылып отырған фактілерді көрсету, мәселе-

лерді шешудегі белгілі және жаңа қолданылған әдістерді салыстыру, алынған нәтижелерді ғылыми тұрғыда негіздеу – маңыздылығы, нақтылығы, қарапайымдылығы, көркемділігі, тәжірибелік құндылығы және т.б).

Қорытынды (нұсқауы бар автормен алынған тұжырымдыры мен нәтижелері, егер зерттеу нәтижелерін практикада қолданылуы бойынша келешекте зерттеу және ұсыныстарының бағыттары мүмкін болса).

Қолданылған әдебиеттер тізімі (басылымдар, автормен пайдаланған әдебиеттер алфавитті тәртіпшен реттік номермен беріледі)

Қосымша бет (суреттер, фотосуреттер, графиктер, карталар, кестелер т.б.) негізгі жұмыстың мәтініне байланысты болуы қажет.

Міне, осы белгіленген талаптар дұрыс орындалса, білім алушы ғылыми жұмыстың қарапайым түрінен бастап, ары қарай кең ауқымды, іргелі жоба қорғауға да машықтанады. Ғылыми әдебиеттер «қағидалары, тұжырымдары әдетте зерттеу жұмыстарында, тәжірибеде бар объективті шындықты уағыздайды. Сондықтан, оның тілі жинақы, стилі «қатаң», сөздері, сөз тіркестері, сөйлем құрылыстары дәлме-дәл, тап-тұйнақтай болуы тиіс. Ғылыми прозаның тірегі – логикалық объективті байлам, бірізділік және дәлдік» [3, 171] дегендей, білім алушыларға қатаң тәртіпке бағынатын ғылыми мақала жазу оңайға соқпайды. Ю.Д.Дешериев «познавательная функция» деп атаған стиль ең алдымен, қоғам мен табиғаттың заңдылықтарын ғылыми тұрғыдан тану үшін жұмсалатын күрделі құрал» [4].

Академиялық жазылым курсы бойынша студенттер бұхаралық ақпарат құралдарындағы жаңалықтарды оқу, есту, көру арқылы хабардар бола алуымен қатар, оны талқылап, тұжырымдай білуге қол жеткізеді. Әсіресе аудиторияда баспамен тікелей қарым-қатынас жасауға мүмкіндік беретін сайттарды пайдалану арқылы да әрбір студенттің өзіндік дамуына жол ашуға болады. Бұл арқылы студенттер оқыған мақаласы жөнінде өз ойын айтуға және автормен тікелей байланысқа түсуге мүмкіндік алады. Сабақтың көп бөлігі коммуникативті мақсатқа құрылғандықтан, оларды екі-екіден немесе үш-үштен бөліп, мақаланы зерттеуге тапсырма беруге болады. Бұл әдіс бүкіл аудиторияның қызығушылығын арттырып, сабаққа белсенді түрде қатысып отыруына үлкен ықпалын тигізеді. Тілді жақсы меңгерген студенттер күрделі мақаламен жұмыс жасай алады, ал үлгерімі төмен студенттер мәтіннің бейімделген, шағын үлгісімен жұмыс жасауға болады.

Әрине, академиялық жазылым және оқылым курсы әдеби тіл нормасындағы ғылыми стильге негізделген. Ғылыми стильмен жазылған мақалалар белгілі бір нормаға сәйкес қатаң сөздік қолданыс аясында болатын заңды. Ғылым тілі лексикасын:

а) жалпы қолданыстағы сөздер;

ә) жалпы ғылыми сөздер;

б) терминдік қабаттар деп бөледі. Қандай ғылыми еңбек болмасын, ол жалпыхалықтық әдеби тілде жазылуы тиісті, бірақ әр ғылым саласына қарай тілдік тәсілдердің қолданылуы біркелкі болмайды. Әр сөз ғылыми стильде өзінің лексикалық мағынасын сақтайды, себебі көп мағыналылық – ғылыми стильге тән ерекшелік емес. Лингвистикалық еңбектерде де термин сөздер көп қолданылады. Ғылыми стильдегі негізгі зерттеу нысаны болып табылатын зат пен құбылыс ғылыми негізінде дәлелденіп, түсіндіруді қажет етеді. Ол үшін дұрыс ойлау логика заңына сүйенеді. Оқушы мен тыңдаушыға түсінікті, тұжырымды болу мақсат етіледі, тілдік тәсілдер ғылым мәселеріне байланысты қолданылады. Ғылыми стильдегі мәтіннің өзіндік құрылымдық ерекшелігі, біріншіден, мәтін мазмұнының нақтылығы; екіншіден, дәлелдеу, дәйектеу; үшіншіден, әрбір құрылымдағы пікір белгілі оймен тұжырымдалады. Сондықтан да білім алушылар ғылыми мәтінмен жұмыс істеп қоймай, өздері де осы стильді қолданып, ары қарай меңгеруге ден қоюы керек.

Академиялық жазылым және оқылым курсы баспасөз беттерінен алынатын мақалаларды да талдап, саралауға, мәтінмен жұмыс жасауға бейімдейді. Публицистикалық мәтін мазмұнын саралау бойынша да түрлі әдіс-тәсілдер қолданылады. Қоғамдағы әлеуметтік және саяси жағдай, тұрмыстық мәселелер сияқты көптеген заман құбылыстары әр дәуірдің өз тарихы ретінде хатқа түсіп қала береді. Қай кезде болмасын олар публицистикадан көрініс табады. Қоғамдық мәселелерді сөз етуіне қарай, публицистика көркем әдебиетке де ұқсас келеді. Оның да жанрлық ауқымы кең, көркемдік қуаты мол. Публицистикалық мәтін ерекшеліктері:

1) информациялық-ақпараттық қызметі;

2) комментарийлық-бағалаушылық қызметі;

3) ағартушылық-танымдық қызметі;

4) қоғамдық пікір тудыру қызметі. Білім алушылардың ой дамуын, білім дәрежесін, тіл мәдениетін анықтау үшін мақала жаздыру жұмысын жүргізу тиімді. Өйткені мақала жазу кезінде студент белгілі сюжет құрап жазуға төселеді.

Студенттер белгілі бір тақырыпқа байланысты өзінің жеке тұжырымдамаларын да жасауға болады. Мақалаларды зерттеудегі мәдениаралық біліктілікті дамыту арқылы студенттер мәселені терең меңгереді, өз ойын жеткізе алады және сараптама жасап үйренеді. Жұмыс жасалғаннан кейін әрбір студент жұмысын талқылау мақсатында пікірталас, дөңгелек үстел, тіпті конференция өткізу қажет. Мысалы, оқытушы өз тобындағы студенттерге ғаламтор желісін пайдалана отырып, өзінің жеке поштасына, досына белгілі бір сұрақ бойынша хат алмасуды тапсыруға болады. Студент өзі оқып, талқылаған мақаласы бойынша өзі жасаған тұжы-

рымын оқытушы поштасына жіберсін. Оқытушы оны тексере отырып, білім алушының жіберген қателіктерін көрсетіп, хатты қайта жолдайды. Бұл хатты алған студент өзінің дұрыс нұсқасын қайтып жібереді. Бұл тәсіл студенттің өз қатесін көпшіліктің назарынан тыс көруіне, дұрыс бағыт алуына, жеке ізденісіне жол ашады. Хат алмасуды кез келген және түрлі деңгейдегі аудиторияларды өткізуге болады. Электрондық хат алмасу қағазға жазуға қарағанда тезірек, ыңғайлы және уақыттан ұтымды. Электрондық хат алмасу тәсілін түрлі мақсатта қолдануға болады: біріккен жобаларды жасауға, мәселелерді шешуге, жеке студенттің өзіндік деңгейін көтеруге тиімді. E-mail бағдарламасы электрондық хат қолданудың жеңіл жолы.

Бұл тәсілдің артықшылығы мынада:

1) Электрондық хат алмасу арқылы оқу бағдарламасынан ауытқымай студенттерден сол тақырып жайлы сұрап, кейін сол мәліметтерді олардың баяндама ретінде қолдануына мүмкіндік беру.

2) Оқытушының қатаң қадағалауынсыз студенттер 2 немесе 3 адам болып жұмыс жасауы керек. Егер студенттерді қызықтыратын тақырыптар талқыланса жұмыстың сапасы жақсырақ және тезірек болады.

3) Жазу үрдісі өзгереді, яғни студенттер қате жібермеуге тырысып, серіктесінің көмегіне жүгінеді.

4) Электрондық коммуникация арқылы студенттердің еркін сөйлеп, өз ойларын жеткізуге мүмкіндіктері бар.

5) E-mail қолдану тілді үйренуге деген қызығушылықты тудырады.

Оқытушылар академиялық жазылым курсы бойынша студенттердің коммуникативтілігін жүзеге асыруға жаңаша инновациялы технологиялар арқылы көп мүмкіндік береді. Жоғарғы оқу орындарындағы студенттердің коммуникативтілігін мемлекеттік тілде жүзеге асыру қажет, сонымен қатар ғылыми мақаланы оқып, талқылаудағы біліктілігін жетілдіру керек. Студенттер мақаладағы өзектілікті, автордың оқырманға жеткізгісі келетін басты ойын, негізгі кілт сөздерді, осы тақырыпты ашар әдебиеттерді де оқып, ішінен ең маңыздысын табуы және өз қажеттілігіне жұмсауды үйренуі шарт. Бұл студенттердің бойында өзіндік білім алуы, бүгінгі күн талабына сай ізденуді, ақпараттық ағымда жол табу және өзін өзі дамытуды әрі қарай жетілдіру қажет. Студенттер арасындағы байланысты, топтық, ұжымдық жұмысты дамытуға мүмкіндік беруіміз қажет. Өзіміздің жұмыс тәжірибемізден көріп жүргендей, студенттерге ғылыми-зерттеу жұмысының негіздемелерін (абстракт жазу, тезис, баяндама, курстық жұмыс, диплом жұмысы, іргелі ғылыми жобалар дайындау) оқытып, меңгерту – бүгінгі ғылыми қазақ тілін жоғарылататын ең дұрыс жол болмақ.

Көрсетілген мақсаттарды іске асыруда зерттелмек ғылыми тақырыптың өзектілігі ерекше

ескерілу керек. Академиялық жазылым жұмыстары мынадай көрсеткіштер бойынша бағаланады және тексеріледі:

1) жазба жұмыстарының грамматикалық сауаттылығы;

2) жазба жұмысының мазмұны;

3) жазба жұмысындағы тілдік құралдарды пайдалану сапасы;

4) жазбаша тапсырманы орындау кезінде өз бетінше тілді қолдана алу дәрежесі.

Педагогикалық өлшеулер теориясында білім сапасын бағалау құралдарының белгілі бір қасиеттерге ие болғанда ғана ол құралдардың бағалаушылық мүмкіндіктері болатындығы дәлелденген. «Бұл – ықшамдылық, технологиялылық, тұжырымдаудың логикалық формасы, жауаптың орналасуының анықтылығы секілді тест тапсырмаларына қойылатын талаптар» [5] дегендей, біз академиялық жазылым бойынша бірнеше бағалау өлшемдерін басшылыққа аламыз.

Берілген әрбір тапсырманың күрделілігі мен мазмұнына байланысты жауап парағын айқын анықтауға мүмкіндік беретін арнайы бағалау параметрін қолданамыз. Әрбір деңгейдің тақырыптары мен жағдаяттарына арналған тапсырмалардың дұрыс-бұрыстығына көз жеткізе отырып, тақырыпшаларды нақтылау, тапсырманың күрделілігі, жалпы қиындық деңгейі сияқты қасиеттерін анықтаймыз.

Мұндай негіздемелер жоқ жерде тіл білімін тек деңгей тақырыптарына сай тапсырмалармен бағалау дәл нәтижесін бермейтіні анық. Бұндай жұмыстардың нәтижесінде студенттер түрлі зерттелген мәліметтерді пайдалануды үйренеді, өз ойын нақты және жүйелі түрде жазуға, мәтіндік, сандық және графикалық ақпаратты көп мөлшерде қабылдауға, өздеріне берілген мәліметті зерделеуге және жаңа идеяларды көрсетуге ұмтылады.

Мемлекеттік тілді сауатты қолдану арқылы жобалық жұмысқа тартылады, көмек көрсетуді үйренеді, жауапкершілікті және толеранттық, көптүрлілікке және шыдамдылыққа үйренеді. Студенттер таңдауды, мәліметті пайдалануды, гипотеза ұсынуы және шешім қабылдауды үйренеді.

Қазақ тілі бойынша тілдік білімді объективті түрде бағалауды қамтамасыз ету өте күрделі. Себебі, студенттің академиялық жазылымға негізделген жұмысын түрлі бағалау тәсілдерімен тексеруге болады. Соның бірі ретінде тест тапсырмаларын қолданудың тиімді жағы көп.

Тест тапсырмалары барысында қолданылатын әдіс түрлері: Дәстүрлі проблемалық әдіс: алынған шешімдер мен нәтижелерді бір жүйеге түсіріп, оларды қолдану жолдарын анықтау көзделеді. Өңгіме әдісі (еске түсіретін): меңгеруге тиісті материалдардың түйінді мәселелерін студенттердің өздері ашатындай жағдай тудыру қажет. Байқау әдісі: мәселен, сөз тіркестерін жазуда да, сөйлеуде

де дұрыс қолдана білу үшін, оның мағынасы мен формаларын білудің міндет екенін аңғару. Байқалғандарынан ненің басты, ненің қосымша фактор екенін аңғарып, соның негізінде дұрыс қорытынды шығару, ой қорытындысының дұрыстығын байқаған дәйектемелермен дәлелдеп беру.

Қорыта айтқанда, академиялық жазылым бойынша жүргізілетін дәрістер мен соған негізделген тапсырмалар технологиясының негізгі тірегі – өз бетімен белсенді істер атқаратын студенттің өзіндік ізденісіне, олардың өзін-өзі танытуына, танымдық-практикалық қабілеттерін жүзеге асыруына қажетті мүмкіндіктер. Бұлар бүгінгі қоғам талап етіп отырған бәсекеге қабілетті тұлғаны қалыптастыруда шешуші мәнге ие бола алады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. *Туған тіл // альманах. № 2 (02) Астана, 2005*
2. *Сәтбекова А.А. Қазақ тілін сапалы оқытудың ғылыми-әдіснамалық негізі // «Тәуелсіз Қазақстан жағдайындағы үздіксіз білім беру модернизациясы» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. II том. – Алматы, 2007.*
3. *Балақаев М. Қазақ тілі білімінің мәселелері. Алматы: Арыс, 2008. Б - 592*
4. *Вопросы языкознания. М. 1982. №6*
5. *Аванесов В.С. Item Response Theory: Основные понятия и положения, Педагогические измерения, Научно-методический журнал РФ. - Москва, 2007. -№2.*

ЭНЕРГЕТИКА ТЕРМИНОГРАФИЯСЫНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Резюме. Данная статья посвящена исследованию проблем терминологического образования, научно-техническим терминам, предметным словам, методам словообразовательных терминов, основным принципам словообразования и т.д. в соответствии были сделаны выводы о проблемах соискания.

Ключевые слова: Термин, терминологическое образование, сфера энергетики

Summary. This article is devoted to the research of problems of the educational terminology, scientific and technical terms, subject words, methods of educational terminology formation, to the basic principles of word formation. In accordance, conclusions on research problems were compiled.

Keywords: Terms, the term education, the energy sector

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен бекітілген «Тілдерді қолдану мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасына» сәйкес бұл тұрғыдағы негізгі міндеттердің бірі тіліміздің терминдер саласын қазіргі талапқа сай қайта жүйелеп, кемелдендіру болып отыр. Осыған орай, ғылым, мәдениет, халықшаруашылығы салаларының барлығын қамтитын көптомдық қазақша-орысша, орысша-қазақша терминологиялық сөздіктер шығару жөніндегі салааралық ғылыми-баспа бағдарламасы бекітіліп, бұл жұмысқа еліміздегі ғалымдар мен жоғары оқу орындары қызметкерлерінің үлкен жұмыс тобы жұмылдырылды.

Қазір ғалымдар арасында екі түрлі пікір белең алып тұрғаны белгілі. Бірі – термин атаулының бәрін өз тілімізге аударып алу, екіншісі – аударуға келмейтін, халықаралық болып кеткен сөздер, сондықтан да оларды өзгеріссіз қабылдау керек дейтін пікірлер. Терминология ғылымында ғалымдар арасында мұндай пікірлердің пайда болуы терминология саласының зерттелуіне түрткі болып отырған негізгі өзекті мәселе деп білеміз. Дегенмен бұл қарама-қарсы пікірлердің алдағы уақытта бір арнаға тоғысары белгілі.

Тәуелсіздік алғаннан бастап, яғни 90-жылдардан бергі уақытта терминология ғылымы мәселелерінің өзектілігі арта түсті. Бұған себеп, тәуелсіздігімізді алғаннан кейін өз ұлттық тілдік қорымызды қалыптастыру, түрлі салаларға қатысты ғылым тілдерін құру тілші ғалымдардың алдында тұрған үлкен міндет еді. Осы міндеттерді жүзеге асыру барысында мәселенің шешімін табу үшін түрлі зерттеу жұмыстары қолға алынды. Атап айтсақ, термин қалыптастырудағы негізгі қағидағарға сүйене отырып, терминжасам шығармашылығын жүйелеу, терминжасам талаптарына сай бірізділендіру, кірме

терминдерді ішкі заңдылықтар негізінде қалыптастыру жұмыстары жүргізілді. «Атқарылған жұмыстардың нәтижесінде түрлі салааралық терминдер сөздігі түзілді. Бұл жұмыстардың басы-қасында Республикамыздағы терминологиялық жұмыстардың кеңесші органы болып табылатын ҚР Үкіметі жанындағы Мемлекеттік терминология комиссиясы болып, сараланған терминдерді бекітіп, жітік бақылады. Негізгі мәліметтерге сүйенсек, 1990 жылдардан бергі уақытта Мемтерминком 8230 терминді бекіткен. Ал осы терминдердің 8036-сы қазақ тілінің лексикалық қорында бұрыннан бар атаулар болса, қалған 194-і халықаралық терминдерді құрайды екен» [1, 899]. Ғалым Ш.Құрманбайұлы тәуелсіздіктен бергі соңғы 20 жылдың ішінде терминология мәселелерін зерттеудің қарқынды кеңестік кезеңге қарағанда едәуір артқандығын айтады [1, 895]. Мысалы, кеңестік кезеңде терминология саласы бойынша бірде-бір докторлық диссертация қорғалмаған болса, тәуелсіздік алғанымыздан бергі соңғы 20 жылдың ішінде 9 докторлық диссертация қорғалғандығы терминология ғылымындағы атқарылып жатқан игі істердің бірден-бір дәлелі. Алайда, мұндай қарқынды ғылыми еңбектер де терминология мәселесін шешуге толықтай жол ашып отырған жоқ. Әлі де болса шешімін таппай отырған атқарылар жұмыстар терминолог ғалымдардың алдына мақсат етіп қойған міндеттері болып отыр. Кірме терминдерді түрлі жолдармен қазақшаластақта, салааралық сөздіктерді түзсек те жүйелеу, терминдерді бірізділендіру мәселесі жолға қойылмай, түрлі кемшіліктер орын алып отыр.

Ғалым Е.Әбдірәсілов: «Терминологиялық сөздіктердің құрамындағы терминдерді оны пайдаланушы оқырман қалыптасқан тілдік бірлік ретінде қабылдайтындай, мағынасы мен ұғымдық дефинициясын сөздікте қалай берілсе, солай пайдаланатындай қызмет атқаруы тиісті»[2,132]-деп, терминологиялық сөздіктердің сөздік талаптарына сай құрылған, сапалы, бірізді, жүйелі қолданылатындай етіп түзілуін дұрыс деп санайды. 2014 жылы «ҚА-Зақпарат» баспасынан жарық көрген «Қазақша-орысша және орысша-қазақша» терминологиялық сөздіктің 5-ші томы энергетика терминдеріне арналған. Мұнда 9000 мыңнан астам сөз қамтылған. Бұл сөздіктің толықтырылып, жүйеленіп қайта басылып шығуы энергетика ғылым терминдерін дамытуға қосқан ғалымдарымыздың үлкен үлесі деп білеміз. Десек те, 80-90 жылдай уақытқа созылған техника саласына қатысты (энергетика) терминдерді жасау, қалыптастыру, дамытуда атқарылған істердің тиімді жағымен қатар, бұрыс жақтары да болғандығын осы жерде айта кеткеніміз жөн.

Мысалы, 2000 жылғы сөздікте құбыр сөзі трубопровод болып аударылса, 2014 жылғы сөздікте құбыржол – трубопровод болып аударылған. Құбыр сөзінің труба болып аударылып жүргені энергетика саласының мамандары үшін де, жалпы көпшілік қауым үшін де түсінікті, активтене бастаған термин. Жол сөзі провод деп алынған, ал энергетикада провод - сым құралдың атауы болып бұрыннан аударылып қалыптасқаны белгілі. Егер құбырсым десе, сөздің мағынасын дәл бере алмас еді. Сондықтан да аудармашылар сөздің басқа баламасын іздегені белгілі. Дей тұрғанмен, құбырдың жолы дегеннен гөрі құбырдың желісі десек ұғымды дәлірек берген болар еді. Өйткені сала мамандарының (энергетиктердің) берген ғылыми түсініктемесіне сүйенсек, трубопровод сөзін құбыр желісі деп берілуін мақұлдайды. Бұған дәлел келтіретін болсақ, «Жалпы ұзындығы 464 шақырым құбыр желісі арқылы Астана су тазарту стансасынан бір тәулікте 300 текше метр су тазаланады» [3].

Сонымен қатар, оперативно-диспетчерская группа - күнделікті-диспетчерлік топ деп берілсе, осы сөздіктің 130-шы бетінде оперативті-диспетчерлік басқару деп аударылмай берілген. Сондай-ақ күнделікті басқару – оперативное управление болып аударылған. Мұндағы күнделікті сөзі оперативті делінсе, оперативті диспетчерлік басқару қызметтері тіркесінде услуги по оперативно диспетчерскому управлению деп алынып, оперативті сөзі мұнда да аударылмай берілген [4, 99]. Бірақ осы сөздіктің 63 бетінде оперативті сөзін жедел деп аударды. Мысалы, жедел жөндеу қызметкерлері – персонал оперативно-ремонтный, жедел реттеулік басқару – оперативное диспетчерское управление, жедел ақпараттық кешен – оперативно-информационный комплекс. Біздің ойымызша оперативті сөзі жедел деп аударылғаны дұрыс және де жедел-ақпараттық кешен, жедел-жөндеу қызметкерлері, жедел-реттеулік басқару - бұлар қосарланған тіркестер. Бұл тіркестер 2000 жылғы сөздікте қосарланған сөзтіркесі ретінде дұрыс берілген. Оперативно-диспетчерская группа - оперативті диспетчерлік топ, оперативті диспетчерлік басқару - оперативно-диспетчерская управление.

Берілген мысалдардан ой түйсек, бұл сөздің бірде жедел, бірде күнделікті болып берілуі бірізділікті, жүйелілікті байқатпайды.

Сол сияқты катушка сөзі шарғы деп алынса, 2000 жылғы терминологиялық сөздікте орауыш деп берілген. Алайда қазақ тілінің ауызекі сөйлеу тілінде катушка сөзін шарық деп атайды. Біздіңше, шарғы сөзі энергетикада мағынасын ашпайды, сол себепті шарғы дегеннен гөрі орауыш деп алған әлдеқайда дұрыс болатын сияқты. 2000 жылғы сөздікте сланец – тақтатас, водоток - суағыны деп берілсе, 2014 жылғы сөздікте сланец сөзі аударылмай, ал водоток – суағым деп өзгертіліп берілген. Дегенмен тақтатас сөзі оқулықтарда аударылып, аударма-

сы жатық болып қалған терминдер қатарында, ал суағым дегеннен гөрі суағыны делініп, өзгертілмей берілгенін дұрыс деп санаймыз. Сол секілді қалқандық имарат - помещение щитовое деп аударылыпты, ал имарат сөзі бірде сооружение, бірде помещение деп алынған. Помещение - үй-жай, ғимарат деген ұғымдарды білдіреді. Сондықтан да бұл жерде қалқандық имарат дегеннен гөрі қалқандық үй-жай десе дұрыс болған болар еді.

Тағы да ескере кететін жәйт: станса, турбина сөздері бірде алдыңғы сөздерге қосылып, бірге жазылса, бірде олардан бөлек жазылған. Мысалы, гелиоэлектр станса деп станса сөзі бөлек жазылса, күн электрстанса дегенде бірге берілген. Бу-турбиналы қондырғы сөзтіркесі қосарлану арқылы берілсе, жылулық бутурбиналы электрстанса біріккен түбір ретінде берілген [4, 40-77]. Термин жасауда мұндай кемшіліктер орын алмауы керек. Бірізді болу үшін олардың барлығы не бірге, не бөлек жазылуы керек. Термин ғылымының талабы да осы.

Дегенмен бұл сөздіктің ерекшелігі – тіркесті терминдер санының көп берілгендігінде. Сөздіктің 60-70 пайызын тіркесті терминдер құрайды. Сондай-ақ латын, грек тілдерінен алынған халықаралық терминдер, терминбөлшектер аударылмай, сол күйінде қабылданған. Мысалы, полюс термині үйек деп алынғанымен бірде полюс деп, бірде үйек деп беріліп, бірізділік сақталынбаған. Сонымен қатар гидро терминбөлшегі су сөзімен, гелио – күн сөзімен алмастырылып, қолдану аясы кеңейіп, көпшілік қауымға түсінікті қолданылып жүрсе де, гидростанса, гидрогенератор, гелиоколлектор, гелиоэнергетика т.б. деп берілгендігі жат сөздерді өз тіліміздей мойындай алмай жүргендігімізді білдіреді ме деп қаламыз.

Егер термин қалыптастырудың талаптары орындалса, кез келген ғылым термині нақты, нормаға сай құрылып, сол ғылыми ұғымдарға берілген анықтамалардың (дефинициялардың) да көпшілікке ұғынықты әрі түсінікті болары сөзсіз.

«ҚАЗАқпарат» баспасынан жарық көрген терминологиялық сөздіктің 5-ші томындағы терминдер жап-жақсы қазақшаланған және де термин жасаудың түрлі тәсілдері қолданылған. Осы тәсілдердің біразы бүгінгі күні оң нәтижесін беріп отыр.

Сөздіктерде мұндай олқылықтардың орын алуы, әрине талаптардың дұрыс ескерілмеуінен деп білеміз. «Терминологиялық сөздіктерге қойылатын талаптардың әрқайсысы арнайы қарастыруды қажет ететін өзекті мәселелер. Терминологиялық сөздіктердің жасалуы барысында сөздіктерге қойылатын талаптардың сақталуы сөздіктердің сапасын арттырып, терминдерді жүйелеуге ықпал еткен болар еді»- деп, Е.Әбдірәсілов осы талаптардың толық орындалмайтындығын баса айтады [2, 107]. Кім болса да сала маманы болсын, жалпы көпшілік қауым осы терминологиялық сөздіктерге сүйенетіндігі белгілі. Сондықтан да сөздіктердің

сапалы, жүйелі болғаны дұрыс және бүгінгі күннің талабы да осы.

Сөздіктерден бөлек бүгінгі күні бұқаралық ақпарат құралдарында да жарияланып жүрген мақалалардан да осындай олқылықтар байқалады. Соңғы жылдары ресми бекітілген кейбір терминдер қазақ тілінің айтылуына қарай, яғни дыбыстық өзгеріске ұшырап, жазылып жүр. Мысалы, станса - станция, режим - режим, ось - ось, кәбіл - кабель, нөл - ноль, пеш - печь, нөмір – номер. Энергетикада мұндай сөздер көп емес. Бұрын орысша қолданылған мұндай түбір сөздер бүгінде қазақша дыбысталап, қазақша жазылып жүр. Бірақ жаңаша жазылып жүрген бұл атаулар жаппай дерлік жаңа үлгісімен жазылып жүрген жоқ. Мысалы, 1) «Бізде қазірдің өзінде «ҚазМұнайГаз» Қайта өңдеу Маркетинг» компаниясымен олардың май құю желілерінде автомобильге газ толтырғыш компрессорлық станциялар орнату туралы уағдаластық бар. Компания басшылығы республикадағы осы станциялардың желісін дамығудың 2022 жылдарға дейінгі перспективалық жоспарын әзірледі. Бүгінгі таңда осындай 11 газ толтыру станциясы жұмыс істеуде» [5]. 2) «Концессия» термині қолданылған алғашқы келісімшарттардың бірі, Шүлбі, Өскемен, Бұқтырма концессияға берілетін су электр станцияларын концессияға беру жобалар болып табылады»-деген ақпараттарда станса сөзі бұрынғысынша станция болып жазылған [6]. Ғалым Е.Әбдірәсіловтың: «Терминдерді қолдану барысында терминологиялық сөздіктерге жүгінбей, қарамай, жазуда да, айтуда да өз білгенімізше бір терминді әрқайсымыз әр түрлі қолданатындығымыз да рас» [2, 133]-деген пікірі келтірілген мысалдарды дәлелдей түседі. Оны мына келесі мысалдан да байқаймыз:

«Бункер мен барабанның арасында желдеткіш орнатылған. Оның қызметі түсіп жатқан дәннің арасындағы жеңіл заттарды және шаңды желмен тазалап барабанның етек жағынан шығарып жібереді» [7]. Берілген мәліметтегі бункер сөзі шанап, барабан – дағара делініп аударылып жүрген терминдер. Энергетика саласындағы оқулықтарда да, сөздіктерде де қолданылып жүрген түсінікті қалыптасқан терминдер. Өкінішке орай, бұқаралық ақпарат құралдарында да бірізділік байқалмайды. Бұл ойымызды Е.Әбдірәсіловтың: «Терминдердің бұлай қалыптасуы айналып келгенде тіл саясатымен, орыстандыру саясатымен байланысты. Нәтижесінде 70 жыл не одан да көп уақыт бойы біз жат сөздердің өз тіліміздей болып кеткендігін аңғармай да қалғандығымыз, әлі күнге дейін сол терминдерді пайдалануға бейім тұратындығымыз шындық. Өз тілімізде жасалған сөздердің өз санамыз үшін қолдануға ыңғайсыз болып көрініп жүргендігі де сондықтан. Бұл – психолінгвистикалық тұрғыдан ойлау деңгейіміздің де таза қазақтық деңгейден шығып қалғандығының, бүгінгі таңда

қазақ тілін білетіндердің өзінің санасында орысша ойлау элементтерінің бар екендігінің, оның қазіргі тілімізге, қазақ тіліндегі жаңа сөздердің қолданысына әсер етіп отырғандығының көрінісі. Демек, ғылыми ойлау жүйесінде де «өзге ұлттық» ойлау психологиясы қалыптасқан»[2, 110-111]-деген пікірі дәлелдей түседі.

Кірме терминдердің қазақша баламасы бола тұра, әлі де болса сол терминдерді пайдалануға бейімделіп тұрамыз. Мұндай кемшіліктерді сайт ақпараттарынан да байқауға болады. Мысалы, «1854 жылы АҚШ-та жел энергиясымен жұмыс істейтін су тарту насосы іске қосылды. Су тарту насосының моделі жел диірменінен қалақшалар санының көптігімен және жел бағыты мен жылдамдығын анықтайтын аспап флюгердің болуымен ерекшеленеді» [7]. Бұл мәліметтегі насос – сорғы болып ресми бекітілген термин. Соған қарамастан, орыс тіліндегі нұсқасы әлі де болса қолданылып жүр. Тәуелсіздік алғанымызға 20 жылдан астам уақыт өтсе де, ұлттық терминдерімізді қалыптастыруда, ғалымдарымыздың тынбай атқарған елеулі еңбектері ескерілмей, жоғарыда айтып өткендей кемшіліктер әлі де болса орын алуда. Келтірілген мысалдардан байқайтынымыз, орысша ойлау психологиямызды жаулап алғаны анық. Бүгінгі күні бұқаралық ақпарат құралдары болсын, сайтта жарияланған ақпараттар болсын бірізді, жүйелі түрде қолданылмауы, әрине өкінішті жәйт. Аталған мәселенің шешімі табылмайынша, терминология ғылымы өзекті болып қала берері сөзсіз. Орын алған кемшіліктерді жоймайынша терминдердің бірізділігі, жүйелілігі қалыптаспайтындығы анық. Сондықтан да бірінші кезекте терминологиялық сөздіктердің талаптарға сай жасалуын қадағалау мәселесі тұруы тиіс.

Дегенмен терминология ғылымына деген қызығушылық болса, мәселелердің қыр-сырын ашу үшін аянбай күш жұмсалса, онда мұндай кемшіліктердің уақыт өте келе түзеліп, қалыптасып кететіндігін сала терминдерінің табиғатын зерттеуге арналған жұмыстар дәлелдейді деп білеміз.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Құрманбайұлы Ш. Қазақ терминологиясы. – Алматы: Сардар, 2014. – 923 б.
2. Әбдірәсілов Е. Қазақ терминографиясының жүйесі. – Астана, 2005. – 206 б.
3. Астана ақшамы. – 2015. - №51 (3256).
4. Қазақша-орысша, орысша-қазақша терминологиялық сөздік: Энергетика. 5 том. 9000 сөз // Құсайынов А. –Алматы: ҚАЗАқпарат, 2014. – 441 б.
5. Егемен Қазақстан газеті. - 2015, 26 мамыр.
6. Айқын газеті. - 2013, - №95 (2250).
7. Білімді ел газеті. – 2015. - №6 (19).
8. Қазақша-орысша, орысша-қазақша терминологиялық сөздік: Энергетика. 5 том // Құсайынов А. –Алматы: Рауан, 2000. 5000 сөз. – 314 б.

Нестерик Элла Владимировна

к.ф.н., доцент, КарГУ им. Е.А. Букетова, г. Караганда, ella_nesterik@mail.ru

Эм Татьяна Викторовна

магистр гуманитарных наук, ст. преподаватель, КарГУ им. Е.А. Букетова, ehm_tanya@mail.ru

Беликова Оксана Викторовна

магистр филологического образования, ст. преподаватель,
КарГУ им.Е.А.Букетова, г. Караганда, volosast@mail.ru

Шершнева Виктория Юрьевна

магистр педагогических наук, преподаватель, КарГУ им.Е.А.Букетова, tory_sh@mail.ru

ЭПИТЕТ КАК ХУДОЖЕСТВЕННЫЙ ПРИЕМ РЕАЛИЗАЦИИ ЭМОЦИОНАЛЬНОЙ ОЦЕНКИ

Түйін. Берілген мақала көркем құралдардың бірі – эпитетті зерттеуге арналған. Көркем тілде эпитеттердің семантикасы мен қызметінің іске асуының еркішеліктерін зерттеу авторлық қабылдауды айқындау және қоршаған ортаны интеллектуалды-эмоционалды тану тұрғысынан маңызды. Эпитет – сөз немесе толық тіркес, ол өзінің құрылымы және мәтіндегі ерекше қызметі арқасында белгілі бір жаңа мәнге немесе мағыналыққа ие болады, сөзге (тіркеске) толықтық, толыққанды түс беруге үлесін қосады.

Резюме. Данная статья посвящена изучению одного из выразительных художественных приемов – эпитета. Изучение особенностей реализации семантики и функционирования эпитетов в художественной речи важно и в плане определения авторского восприятия и интеллектуально-эмоционального осмысления окружающего мира. Эпитет - слово или целое выражение, которое, благодаря своей структуре и особой функции в тексте, приобретает некоторое новое значение или смысловой оттенок, помогает слову (выражению) обрести красочность, насыщенность.

Summary. This article deals with the study of epithet as one of the expressive literary devices. Studying the peculiarities of semantics and epithets functioning realization in literary speech is important both in terms of determining the author's perception and through intellectual and emotional understanding of the world around him. Epithet is a word or a phrase that thanks to its structure and specific function in the text has a new meaning or semantic connotation. It helps the word (phrase) become colorful and rich.

Эпитет является одним из древнейших и выразительных стилистических приемов. Сложно переоценить роль эпитетов не только в русле функциональной стилистики, поэзии и прозе, но и в повседневной речи. Без эпитетов речь была бы бедной и невыразительной. Ведь образность речи упрощает восприятие информации. Одним метким словом можно передать не только сообщение о

факте, но и рассказать, какие эмоции он вызывает, какое значение этот факт имеет.

Эпитеты могут различаться по силе передаваемых эмоций и по степени выраженности той или иной характеристики. Например, скажите «cold water» - и вы получите только приблизительную информацию о температуре. Скажите «icy water» - и вместе с основной информацией вы передадите ощущения, эмоции, выразительный метафорический образ и ассоциации с колючим, пронизывающим холодом льда.

В качестве эпитета могут выступать:

1. Прилагательные: squalid misery (страшное горе), bonny lass (красна девица);
2. Причастия: loudly – quietly, brightly – dimly;
3. Существительное: my darling!
4. Местоимения: What a man!
5. Имя числительное, которое приобретает оттенок эмоциональности при добавлении интенсификаторов: my very first day!

Обратимся к примеру:

Longer morn for me when I am dead
Than you shall hear the surly sullen bell
Give warning to the world that I am fled
From this vile world, with vilest worms to dwell:
Nay, if you read this line, remember not
The hand that writ it; for I love you so
That I in your sweet thoughts would be forgot
If thinking on me then should make you woe.
O, if, I say, you look upon this verse
When I, perhaps, compounded am with clay
Do not so much as my poor name rehearse,
But let your love even with my life decay,
Lest the wise world should look into your moan
And mock you with me after I am gone.

(W. Shakespeare. Sonnet LXXI)

В сонете LXXI все эпитеты усилены дополнительными экспрессивными средствами: аллитерацией (surly sullen), повтором (world:: vile world), превосходной степенью (vilest).

Основной характеристикой эпитета является экспрессивность, хотя нет однозначного определения, что же такое эпитет. И.В. Арнольд определяет

эпитет как лексико-синтаксический троп, поскольку он выполняет функцию определения (*a silvery laugh*) или обстоятельства (*to smile cuttingly*), или обращением (*my sweet!*), отличается необязательно переносным характером выражающего его слова и обязательно наличием в нем эмотивных или экспрессивных и других коннотаций, благодаря которым выражается отношение автора к предмету. Ю.М. Скробнев считает, что эпитет не является тропом, это понятие, обладающее частично семантическими и частично синтаксическими свойствами [1]. А.И. Гальперин определяет эпитет, как выразительное средство, основанное на выделении качества, признака описываемого явления, которое оформляется в виде атрибутивных слов или словосочетаний, характеризующих данное явление с точки зрения индивидуального восприятия этого явления. Эпитет всегда субъективен, он всегда имеет эмоциональное значение или эмоциональную окраску. [2;183]

Эпитет может выражать положительную ценностную эмоциональную оценку, при помощи которой определяются отношения говорящего к объекту, его действию, признаку, свойству.

“You could be invaluable to me, Antrobus. Your mature judgment, your winning ways, your paternal touch...” [3; 155].

(Lawrence Durrell, *The little affair in Paris*)

Эпитет также может обозначать отрицательную ценностную эмоциональную и этическую оценку; такой эпитет называется порицательным.

His silence and his agonized, though hidden, shyness were both the result of a secret physical passionateness. And how Pauline could play on this! Ah, Ciss was not blind to the eyes which he fixed on his mother, eyes fascinated yet humiliated, full of shame. He was ashamed that he was not a man [4].

(D. Lawrence, *The lovely lady*)

Эмоциональное значение в эпитете может сопровождать предметно-логическое значение, либо существовать как единственное значение в слове. Эпитет рассматривается многими исследователями как основное средство утверждения индивидуального, субъективно-оценочного отношения к описываемому явлению. Посредством эпитета достигается желаемая реакция на высказывание со стороны читателя. Действительно, в таких сочетаниях, как *destructive charms*, *glorious sight*, *encouraging smile* везде налицо элемент утверждения индивидуального ощущения, субъективной оценки описываемых явлений. В примере *destructive charms* прилагательное *destructive* помимо своего предметно-логического значения приобретает и эмоциональную окраску, поскольку оно выявляет отношение автора к действию *charms*. С другой стороны, в сочетании *glorious sight* эпитет *glorious* потерял свое предметно-логическое значение и имеет лишь эмоциональное значение - пе-

редает восхищение. Сочетание *encouraging smile* показывает использование прилагательного в его предметно-логическом значении, где, однако, имеется и определенная эмоциональная окраска. В сочетаниях *round table*, *green leaf*, *large hand*, *little girl*, *blue eyes*, *solid matter* и т. д. слова *round*, *green*, *large*, *little*, *blue*, *solid* — логические определения. Однако, любое из этих определений может стать эпитетом в том случае, если оно будет использовано не только или не столько в предметно-логическом, сколько в эмоциональном значении. Так, например, прилагательное *green* в сочетании *a green youth* является эпитетом, поскольку в этом сочетании реализуется производное предметно-логическое значение “green” “молодой” и связанное с ним эмоциональное значение. То же можно сказать и о таких сочетаниях, как *little house*, где *little* имеет эмоциональное значение (уменьшительно-ласкательное), а не предметно-логическое.

Таким образом, эпитет - экспрессивная оценочная характеристика какого-либо явления, лица или предмета, иногда, но необязательно, образная.

Непременное условие экспрессивной образности слова - одновременное восприятие перенесенного признака и новой номинации слова [5;75]. Только такое совмещение ввиду сохранения предметно-конкретных представлений и признаков, делающих восприятие более конкретным, чувственно-осознаваемым, и создает экспрессивно-образное представление, а в лингвистических терминах - экспрессивную образность (*pitiless sunlight*, *a low dreamy air*).

Анализ композиционной структуры эпитетов и их морфолого-синтаксического выражения позволяет выделить и описать ряд структурных моделей эпитета, характерных для языка английской художественной литературы.

1. Наиболее частой является модель, в которой эпитет выражен прилагательным. Прилагательное может быть простым, например, *mysterious river* – «таинственная река», *pearly beauty* – «жемчужная красота», и сложным *flat-cheeked visage* – «лицо с плоскими щеками», *owl-like eyes* – «совиные глаза», *heart-burning sigh* – «обжигающий сердце вздох», *golden-haired baby* – «девушка с золотыми волосами».

Необходимо подчеркнуть, что простое прилагательное в качестве эпитета может употребляться в одной из степеней сравнения, например, *a faint and bitter smile* – «слабая и горькая улыбка» Однако чаще в качестве эпитета употребляются прилагательные в превосходной степени, например, *the sweetest little moustache* – «небольшие милейшие усы». Эпитеты, выраженные сложными прилагательными, обычно называют сложными эпитетами.

Сложные прилагательные, построенные на уподоблении признаков со словом *like*, используют его

в качестве второго (словообразующего) компонента, передающего идею подобия, например, *ribbon-like snake* «похожая на ленту змея», а *small, bird-like head* «маленькая, похожая на птичью голова». Имеются также сложные прилагательные, сравнение в которых выражено без помощи формальных показателей, например, *see-deep grave* «глубокая, как море могила». В этом словосочетании глубина могилы сравнивается с глубиной моря. Такой вид эпитета напрямую связан с визуальной оценкой, так как он формируется на основе предыдущего визуального опыта, с которым сравнивают нынешнюю визуальную картинку.

2. Второй по распространённости является модель, в которой эпитет выражен причастием. Эпитет может быть выражен как причастием настоящего времени (*crackling fire* «потрескивающий огонь»; *sleeping, yawning world* «спящий зевающий мир»), так и причастием прошедшего времени (*choked, miserable voice* «жалкий, задыхающийся голос»; *a screwed-up smile* «кривая улыбка»).

3. В роли эпитета может выступать существительное, употреблённое в функции определения. Эпитет может быть выражен нарицательным существительным в общем падеже (*a giant tree* «гигантское дерево»), в притяжательном падеже (*clown's smile* «клоунская улыбка»; *lizard tongue* «язык похожий на язык ящерицы»), существительное в *of*-phrase (*a shadow of a smile* «тень улыбки»; *a man of courage* «мужественный человек»). Эпитет может быть выражен именем собственным в общем или в притяжательном падеже (*her Gioconda smile* «её улыбка Джоконды»; *a shadowy little man, with Murillo eyes* «мрачный человечек с глазами с полотен Мурильо»; *his loud Titan's laugh* «его громкий смех Титана»).

4. В качестве эпитета могут употребляться словосочетания и целые предложения, стягиваемые в одно слово с помощью дефисов, так называемых *hyphenated phrases*. И.Р. Гальперин предлагает для этого структурного типа эпитета термин «фразовый эпитет» (*phrase epithet*). Например:

Mildred turned her face again to the worried preoccupied, infinitely to-be-looked-after bald-headed Hugh «Милдред вновь обернулся к расстроенному, озабоченному Хью с блестящей на голове лысиной, за которой нужно было всё время присматривать»; *He had dark spectacles, puffy cheeks and a tell-me-my-good-man way talking*, «Он был в тёмных очках, с одутловатыми щеками и с доверительной манерой разговора».

В отличие от простых и сложных эпитетов, выраженных простыми и сложными прилагательными, а также эпитетов, выраженных причастием, которые могут употребляться как в предложении, так и в постпозиции относительно определяемого слова, например, *eyes luminous, secretive* «глаза блестящие, скрытные» фразовые эпитеты всегда

помещаются перед тем существительным, к которому они относятся. Приведем пример предложения, функционирующего в качестве фразового эпитета:

“There is a sort of “Oh-what-a-wicked-world-this-is-and-how-I-wish-I-could-do-something-to-make-it-better-and-nobler” expression about Montmorency that has been known to bring the tears into the eyes of pious old ladies and gentlemen

(Jerome K. Jerome, *Three Men in a Boat*)

5. Ещё одной моделью эпитета, характерной для языка художественной литературы, является эпитет, выраженный наречием при прилагательном, модель, например, *her eyebrows were boldly black* «её брови были нагло тёмными», а *hellish dull empty room* «дьявольски скучная пустая комната».

Рассмотрим особенности функционирования и стилистической роли разновидностей эпитета на примере сказок Оскара Уайльда:

-It's winter, - answered the Shallow, - and chill snow will soon be here. («Happy Prince»). Chill - unpleasantly cold.

В данном контексте сочетание слов *chill snow* предполагает что-то неприятное, помогает сделать логическое ударение на первую часть предложения «*It's winter*», показывает эмоциональное отношение к описываемому явлению.

В последнее время все больше внимания уделяется характеристике эпитета с точки зрения его структуры и положения в контексте. Наиболее обычным для английского языка является однословный эпитет в препозиции, выраженный прилагательным, причастием или существительным в атрибутивной функции. Экспрессивность эпитета повышается, если он стоит в постпозиции, если один предмет характеризуется целой цепочкой эпитетов и некоторыми другими средствами.

Стилистическое функционирование многочисленных синтаксических единств (МСЕ) подробно описано в работе М. Е. Обнорской. Приведем заимствованный у нее пример МСЕ в характерологической функции: *And then in a nice, old-fashioned, lady-like, maiden-lady way, she blushed. (A. Christie)*

Эпитеты в постпозиции, особенно если в них содержится два и больше элементов, непременно обращают на себя внимание читателя, эстетически действенны и эмоционально окрашены:

There is no interrogation in his eyes in the hands, quiet over the horse's neck,

And the eyes watchful, waiting, perceiving, indifferent.

(T. S. Eliot)

Эпитет позволяет непредвзято объединить точность и достоверность (аналитическое познание) с ценностным авторским (индивидуальным) суждением; при этом необходимым условием художественного достоинства эпитета становится чувство меры, - соподчиненность его со всей системой

изобразительно-выразительных средств, реализующих целостный смысл произведения. Стилистический прием эпитета функционирует для характеристики персонажа или его эмоции. Эпитеты также могут сопровождаться прямой номинацией эмоции. В следующем фрагменте эпитеты в избраженной речи носят выраженный метафорический характер и способствуют передаче эмоций персонажа по отношению к другому лицу:

The exquisite freshness of Isabel! When he had been a little boy, it was his delight to run into the garden after a shower of rain and the rose-bush over him. Isabel was that rose-bush, vital-soft. Sparkling and cool [6;34].

(K. Mansfield, *Marriage a la Mode*)

Эпитет как средство индивидуальной и эмоциональной характеристики имеет большое значение в художественной литературе.

Особенную трудность представляет перевод эпитетов с английского языка, так как английские прилагательные, как и другие части речи, в большинстве своем многозначны. Важно иметь в виду, что некоторые английские прилагательные могут употребляться в прямо противоположных значениях - положительном и отрицательном - и выражать, в зависимости от контекста и ситуации, то положительные, то отрицательные признаки. К числу подобных прилагательных относятся такие как, например, plain, tough, strong, deep, mean. При переводе ряда эпитетов, отнесенных к одному существительному, важно учитывать их взаимосвязь и взаимодействие. Также большую роль при переводе играет и порядок следования эпитетов. В английском языке порядок следования эпитетов нередко подчинен в основном фонетическому или интонационному принципу. В русском языке эпитеты чаще всего следуют в порядке постепенного усиления.

Рассмотрим следующий пример: "There may have been a period in which more exciting, disturbing and straining things or developments were taking place, but no one who is alive today remembers them" [7;87]. (T. Dreiser "America is Worth Saving") Все три эпитета exciting, disturbing, straining объединяются одним понятием чего-то волнующего, будоражащего. Однако если первый выражает положительный признак, то два остальных придают насмешливо-отрицательный характер. Самым сильным из трех эпитетов будет disturbing, который в переводе должен быть поставлен в конец и сделан кульминирующим: "Быть может и было такое время, когда происходили еще более волнующие, ошеломляющие и ужасающие вещи или события, да только никто из ныне живущих не помнит о них".

В рамках исследования стилистического приема эпитета в воплощении эмоциональной оценки, необходимо рассмотреть эпитет как важную состав-

ную часть художественного приема, определяемого словом «оксюморон». Оксюморон является собой частный случай «эффекта обманутого ожидания», сопровождающий многие стилистические приемы. В силу этого некоторые исследователи считают неправомерным предоставлять оксюморону статус самостоятельного стилистического приема. Ряд исследователей относит оксюморонное сочетание к особой группе эпитетов - «оксюморонному эпитету» на том основании, что, с точки зрения структуры, оксюморон чаще всего представляет собой схожее с эпитетом атрибутивное сочетание.

Обратимся для примера к тропеической конструкции 'kindly grimness', которая совмещает в себе стилистические приемы оксюморона и эпитета:

When young Rockwall entered the library the old man laid aside his newspaper, looked at him with a kindly grimness [...] (O'Henry)

Как известно, основная стилистическая функция эпитета - это эмоционально-оценочная конкретизация и индивидуализация представления о предмете или явлении. Помимо данной функции тропеическая конструкция 'kindly grimness' также вскрывает внутреннюю противоречивость описываемого персонажа - удалившегося от дел фабриканта Рокуэлла, который и в общении с собственным сыном остается расчетливым бизнесменом, хотя и пытающимся устроить личное счастье своего отпрыска.

Как мы упоминали ранее, стилистический эффект оксюморонного эпитета определяется нарушением типовой сочетаемости: в атрибутивную группу объединяются слова, не способные в норме сочетаться друг с другом благодаря наличию в их смысловой структуре сем противоположного значения. Такими словами могут быть прямые антонимы - либо однокорневые, либо разнокорневые. Например:

Connie heard Clifford talking to Mrs. Bolton, in a hot, impulsive voice, revealing himself in a sort of passionless passion to the woman - «Конни услышал, как Клиффорд говорит с миссис Болтон, горячим импульсивным голосом, обнаруживая свою бесстрастную страсть к этой женщине»

(D. Lawrence)

I drew a curtain over the sun-flecked faces, the wise foolishness, the lost glory - «Я задёрнул занавеской тронутые солнцем лица, мудрая глупость, утерянная слава» (H. Priestly)

It is more than just a sort of laborious idleness? - Это не просто усердная праздность? (S. Maugham).

Немаловажно отметить, что экспрессивные и эмоционально-оценочные коннотации носят прагматическую направленность, так как они «высвечивают» авторское (переводческое) намерение и оказывают различное воздействие на потенциального читателя.

Так, например, посредством сочетания стоящих постпозиции метафорических эпитетов, характеризующих голос героини, *glowing and singing* (светящийся и певучий) Ф.С.Фицджеральд в своем романе «Великий Гэтсби» достигает яркой образности, ср.: *...her voice plowine and sinpim*. В переводе А сохраняется образность фразы, ср.: ... сказала напевным, льющим голосом. Однако в переводе препозиция эпитетов нейтрализует часть экспрессивности. В переводе меняется образная основа метафорического переноса в эпитете льющийся (то есть — 'распространяющийся, струящийся, текучий'), тогда как оригинальный эпитет имел в своей основе сравнение с приглушенным светом от затухающего костра. В целом это не изменяет восприятие голоса героини: и в оригинале, и в переводе создается впечатление мягкости, приятного ощущения игривости.

В переводе В увеличивается экспрессивность данной фразы, ср.: ее волнующий голос зажурчав, заструился и заиграл, как драгоценный камень в изумительной оправе. Голос героини в переводе наделяется дополнительным эмотивным эпитетом - волнующий, который не противоречит макроконтексту, но является отображением внутренних ощущений переводчика. Образные эпитеты оригинала развернуто передаются посредством трех метафорических глаголов (зажурчал, заструился и заиграл) и образного сравнения (как драгоценный камень в изумительной оправе). Основание метафорического переноса так же, как и в варианте А, меняется, но общее восприятие голоса героини остается прежним. Однако необходимо заметить, что развернутость в передаче оригинальных эпитетов и, следовательно, большая эксплицитность приводит к значительному усилению экспрессивности речи переводчика и проявлению его личного отношения к героине — любованию ее голосом.

Подводя итог вышесказанному, мы приходим к выводу. Эпитет всегда субъективен, он всегда носит эмоциональную окраску, либо имеет эмоциональное значение. Эпитет - художественное определение (определение в эстетической функции)

предмета, лица, явления, процесса, ситуации, выделяющее, подчеркивающее, усиливающее существенный, с точки зрения автора, признак, который может повторять или подновлять значение определяемого слова, быть типичным и неотъемлемым для целого класса предметов, индивидуальным признаком конкретного предмета, создавать микро- или макрообраз, придавая ему живописность, содержать скрытые смыслы и оценку. Данные факторы приводят к выводу о том, что лексические средства выражения эмоциональной оценки позволяют ей выполнять функцию эпитета в художественном тексте. Тем самым помогает создавать эмоциональный настрой произведения, усиливать впечатление на читателя, обращаясь к его интеллектуальному, эмоциональному и эстетическому восприятию.

Литература:

1. Скребнев Ю.М. *Основы стилистики английского языка: Учебник для ин-тов и фак. иностр. яз.* – М.: Астрель, 2003. – 221 с.
2. Мирзоева Л.Ю. *Категориальные особенности оценки и их представление в современной лингвистике // Вестник КарГУ. Серия: Филология. / Караганда, 2012. С. 54-58.*
3. *The thing he loves / Предисловие и словарь С.Е. Пале; комментарий Э.М. Медниковой.* – М.: Рольф, 2002. – 352 с.
4. *Lawrence D.H. The Lovely Lady // Английский рассказ XX века. Сборник 2. 5-е изд., перераб.* – На англ. яз. – Составитель Н.А. Самуэльян. М.: Издательство “Менеджер”, 2000. – С. 168-190.
5. *Нестерик Э.В. Языковая репрезентация субъективного восприятия времени в художественном тексте: Монография.* – Караганда: Изд-во КарГУ, 2012. – 172 с.
6. *The Tree of Knowledge. – Collected stories.* – М.: Айрис Пресс, 2002. – 352 p.
7. *Dreiser T. America is Worth Saving // 2-е изд., испр. и доп.* – М.: Издательство “Менеджер”, 2001. – С. 266-298.

Алмауытова Әсия Базарбайқызы

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті,
Қазақ тілі мен әдебиеті және журналистика кафедрасының аға оқытушысы,
филология ғылымдарының кандидаты, almauytova73@mail.ru

ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҒЫНДА МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРДІ ОҚЫТУДЫҢ ӨЗЕКТІЛІГІ (жалғастырушы топқа арналған)

Түйін. Мақал-мәтелдер талай замандар бойы қалыптасып, ұрпақтан-ұрпаққа ауысып келген халықтық мұра, асқан шеберлікпен жасалған сөз өрнегі. Сондай-ақ, мақал-мәтелдерде халықтың ақыл-ой даналығы мен тапқырлығы көрініс табады. Сол мақсатта студенттерге қазақ тілі сабағында мақал-мәтелдерді меңгерудің маңызы зор. Мақалада мақал-мәтелдерді оқытудың өзектілігі әдіс-тәсілдер арқылы анықталады.

Резюме. Пословицы и поговорки - это искусство слова, наследие народа, формирующееся на протяжении веков и передаваемое от поколения к поколению. В пословицах и поговорках отражается мудрость, находчивость, смекалка народа. Необходимо на занятиях по казахскому языку знакомить студентов с богатством языка, формировать у них навыки умения использовать в своей речи пословицы и поговорки. В статье рассматриваются методы и приемы, применяемые при изучении пословиц и поговорок.

Summary. Proverbs and sayings are the most important expressions, the heritage of the people, formed over the centuries and coming up from generation to generation. Proverbs and sayings reflect the wisdom, resourcefulness, and ingenuity of the people. It is important to teach students in the Kazakh language classes the richness of the language, to form their skills in using proverbs and sayings in their speech. The article deals with methods and techniques used in the teaching proverbs and sayings.

«Халық даналығының қазына - байлығы саналатын мақал-мәтелдердің және де сол сияқты басқа да тұрақты тіркестердің пайда болуы, әдетте, тіл өнерінің дамуына, сол тіл арқылы адамзат қауымының асыл арманын, ақыл-парасатын, өмірлік тәжірибесін, дүниетанымын ұрпағына ғибрат етіп ұсыну әрекеті нәтижесінде туындап, қалыптасқан рухани құбылыс болып есептеледі»[1,8]. Бүгінде жалпы саны 15 мыңға жеткен қазақ мақал-мәтелдері көненің көзі, дананың сөзі ретінде қазақ халқының өзімен бірге жасап, атадан балаға, ұрпақтан ұрпаққа ауысып, елдің жадында сақталып келе жатқан асыл мұра болып саналады.

Қазақ мақал-мәтелдерін зерттеуші ғалым М.Ғабдуллин мақал-мәтелдерін былайша сипаттайды: «Ең алдымен, әлеуметтік жағынан алғанда, мақал-үлкен толғау, образ арқылы берілген логикалық ой қорытындысы болып келеді. Ол адам өмірінде, тұрмыс-тіршілігінде, қоғамдық жағдай-

ларда кездесетін әртүрлі құбылыстарға, тарихи мәні бар оқиғаларға берілген даналық баға, байсалды тұжырым есебінде қолданылады» [2,70].

Тіл үйренушілердің қызығушылығын арттыруда мақал-мәтелдердің үлгілерін пайдаланудың маңызы зор. Мақал-мәтелдермен танысу және оларды білудің тәрбиелік мәні де жетерлік.

Мақал көп жағдайларда тиянақталған ой ретінде, сөйлем түрінде келеді және олар нақыл-өсиет түрінде айтылатын пәлсапалық ой-қорытындылары болады. Ал мәтел сипаты жағынан бейнелеп сөйлеудің элементі тәрізді. Мәтелде ой, көбінесе, аяқталмай келте қайырылады.

Мақалдың – жалпы мағынасы оның құрамындағы компоненттердің тура мағыналарынан туындаса, мәтелдердің - жеке мағынасы оның астарлап айтылған ауыспалы, идиомалық мағыналары негізінде қалыптасады. Қазақ тілінде мақал-мәтелдерді пайдаланудың негізгі мақсаты:

1. Үйренушілердің сөздерді дұрыс айту дағдысын қалыптастыру.
2. Кейбір грамматикалық құбылыстарды түсіндіру және бекіту.
3. Сөздік қорын кеңейту және байыту.
4. Сөйлеу әрекетіне ынталандыру.

Мақал-мәтелдерді пайдалану мақсатынан шыға отырып, оларды тілді үйретудің әртүрлі деңгейлерінде қолдануға болады.

Бастапқы деңгейде мақал-мәтелдерді фонетикалық жаттығулар ретінде пайдалануға болады. Қазақ тіліне ғана тән дыбыстарды, сондай-ақ буындарды дұрыс айту үшін, мысалы, мұрын жолды /н/ дыбысын, /ө/, /ұ/, /ү/ сияқты еріндік дыбыстарды тыңдап, жаттығуға болады. Мысалы, Өз үйің – өлең төсегің. Жүре берсең, көре бересің, Көре берсең, біле бересің. Сұңқар қиясын сағынады, Торғай ұясын сағынады. т.б.

Орта деңгеймен жұмыс кезінде мақалдар тек дұрыс айтуға ғана дағдыландырмай, сондай-ақ сөйлеу әрекетіне ынталандыруға да көмектеседі. Мысалы, «Досы көппен сыйлас, Досы азбен сырлас» деген мақалмен таныстырған соң, Досыңыз көп пе?, Досыңыз қандай адам?, Достық ұғымын қалай түсінесіз? т.б. деген сұрақтар қоюға болады.

Жалғастырушы деңгейде мақал-мәтелдерді грамматикалық материалды пайдаланғанда және лексикамен жұмыс кезінде пайдалануға болады және студенттер мақалдардың мәнін түсіндіріп, оған өзінің көзқарасын, пікірін айта алуы тиіс.

Жалғастырушы деңгейде оқитын студенттер-

ге қазақ мақал-мәтелдерінің құрылымдық тұлғасы (структурная типология) түсіндіріледі. «Қазақ мақал-мәтелдерінің құрылымдық тұлғасы үш түрлі үлгіден тұрады: бір тағанды, қос тағанды және көп тағанды. «Таған» дегеніміз логикалық ой-тұжырымның бүтін бір бөлшегін, табиғат пен қоғамдағы заттар мен құбылыстардың, қалып-күй, іс-әрекеттің сипатын, ерекшелігін, себебі мен салдарын білдіретін сөз тіркесі, синтаксистік бірлік»[1,62].

1. Ақыл бітпес дәулетке,
2. Алтын тағың болғанша,
3. Білімдіден шыққан сөз,
4. Білімдіден ақыл шығар,
5. Білімдінің сөзі – жібектей,
6. Жақсының аты өшпейді,

3-тапсырма: Тірек сөздерді пайдалана отырып, мақал-мәтелдерді құрастырыңыз.

Той, ас: Той – тондынікі, ас – атгынікі.

Қыз, бөз: Ата даңқымен қыз өтер,
Мата даңқымен бөз өтер.

4-тапсырма: Мына тірек сөздерді қажетті орнына қойыңыз (хан, су, тау, бай, сай).

Қайырымсыз болса - ... без,

Өткелсіз болса - ... без;

Асусыз болса - ... без;

Пайдасыз болса - ... без;

Панасыз болса - ... без.

5-тапсырма:

а) Екі құрамдық бөлшектен тұратын қос тағанды мақал-мәтелдер жазыңыз.

Асыл – тастан,

Ақыл – жастан.

Қуған жетпес,

Бұйырған кетпес

ә) Үш құрамдық бөлшектен тұратын қос тағанды мақал - мәтелдер жазыңыз.

Біреудің көзі соқыр,

Біреудің өзі соқыр.

Біреу тоңып секіреді,

Біреу тоңып секіреді.

б) Төменде берілген сөздерді пайдаланып, алты құрамдық бөлшектен тұратын қос тағанды мақал-мәтелдерді құрастырыңыз.

1) ат, үш, деген, басар, жерін, баспаймын. ер, деген, үш, татпаймын, тұзын, татар.

2) құтты, келсе, егіз, қонақ, қой, табады, құтсыз, келсе, қасқыр, қонақ, қойға, шабады.

6-тапсырма: Есімдік тұлғалы мақал-мәтелдер мен етістік тұлғалы мақал-мәтелдерді ажыра-

1-тапсырма: «Адам» тақырыбына қатысты мақалды аяқтаңыз.

1. Адам қатесіз болмас,

2. Адамның бір жақсысы – көзінен,

3. Адам сөйлескенше,

4. Адам туа жаман болмайды,

5. Адам көркі – шүберек,

2-тапсырма: Мақалдарды сәйкестендіріңіз.

ғалымның хаты өшпейді.

талаптыға болсын кез.

алақандай жерің болсын.

Білімсіздің сөзі – білектей.

ақылдыдан нақыл шығар

Дәулет бітпес келбетке.

тыңыз.

Жақсы сөз – жарым ырыс.

Өздің тілі - батыр,

Ердің қолы - батыр.

Аз сөз – алтын, көп сөз – күміс.

Айла – алтау, ақыл – жетеу.

Тәуекел тау жығады.

Жоққа жүйрік жетпейді.

Дәм татқан құдыққа түкірме.

7-тапсырма:

Кестеде берілген «Адам», «Қоғам», «Табиғат» саласына жататын тақырыптық макротоптарға қатысты мақал – мәтелдер жазыңыз.

Біз жоғарыда жалғастырушы деңгейде оқитын студенттер үшін қазақ тіліндегі мақалдар мен мәтелдердің болмысын, табиғатын анықтауға қатысты бірнеше тапсырмаларды ұсындық. Мақал-мәтелдерді оқытудың өзектілігі – ММ-дердің «көнеден жаңаға, атадан балаға қалдырып келе жатқан, тоз-байтын, тот баспайтын өмірлік өшпес мұра»[3,3], сонымен қатар, «ел жадында көптен сақталып келе жатқан, болашақ ұрпаққа рухани мұра болып ауысып отыратын халық даналығының қайнар көзі» [4,7] екендігін студенттерге таныту.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қайдар Ә. Халық даналығы. Алматы, 2004.

2. Ғабдуллин М. Қазақ халқының ауыз әдебиеті. Алматы, 1958.

3. Қазақтың мақал-мәтелдері. Алматы, 2000.

4. Пермяков Г.Л. Основы структурной паремии. –М., 1988.

БАЗАР ЖЫРАУ ДАСТАНДАРЫНЫҢ ДИДАКТИКАЛЫҚ СИПАТЫ

Түйін. Базар жырау шығармаларының философиялық-педагогикалық тағылымы адамдардың жақсылық мұратына жетуін ұғындырады. Педагогикалық ұстанымдарды ұрпақтың санасына сіңіріп, олардың ұлттық, ата-бабалық әдет-ғұрыптарды, салт-дәстүрлерді сақтап өсуін қамтамасыз етуде адамның тұрмыс қажеттілігіне жарайтын жаңалық іздеу мұратындағы жетістіктерін дәріптеу Базар жырау шығармаларында ғасырлар бойы сақталып келеді.

Summary. The meanings of philosophical and pedagogical compositions of Bazaar zhyrau get people achieve their good aims. Pedagogical omens to absorb in generations minds, their national ancestors traditions and rites. To develop achievements which are suitable to search for news in daily lives of people. All of these are keeping in Bazaar zhyrau's compositions for centuries.

Резюме. Примеры, приведенные в философско-педагогических произведениях Базар жырау, способствуют пониманию, привести людей к зовущей цели. Внедрить в сознание поколений педагогические позиции, сохранив при этом национальные традиции и обряды предков, в целях поиска новизны и достижения использования их в быту, было сохранено и возмечивалось в сочинениях Базар жырау веками.

Сыр бойы ақын-жырауларының философиялық, педагогикалық тұжырымдар жасаудағы эпикалық туындыларды кейінгі ұрпаққа жалғастыруында XIX-XX және XXI ғасырлардағы көркемдік дәстүр жалғастығы ықпалды орын алды. Ислам өркениеті ықпалдарымен дамыған Шығыстың классикалық әдеби дәстүрлерімен қаруланған Қаратау атырабындағы көрнекті ақындар (Майлықожа, Мәделікожа, Молда Мұса, Шәді, т.б.) көрнекті ақындар эпикалық шығармалар (мысалдар, хикаяттар, қиссалар, т.б.) жазу арқылы философиялық, педагогикалық көзқарастар жүйесін классикалық әдеби дәстүрмен жалғастырды.

Сырдария өзенінің орта және төменгі ағыстары жағалауларындағы қазақ ауылдарын мекендеген ақындар көршілес түркі халықтарына ортақ оқу-ағарту орталықтарынан (Бұхар, Хиуа, Самарқан, Ташкент, Қазан, Уфа, Түркістан, т.б.) орталықтарынан арнаулы мұсылмандық білім алып, соның негізінде шығыстың классикалық әдеби дәстүрімен қазақтың ұлттық сөз өнерін сабақтастырды. Бұл орайда, XIX ғасырдың екінші жартысы және XX ғасырдың бірінші жартысында әдеби дамудың көрнекті тұлғалары болған ақын-

дарды (Базар, Омар, Жүсіп, Тұрмағамбет, Ерімбет, Даңмұрын, т.б.) айрықша атаймыз. Аталған ақындардың әдеби мұралары жазбаша дәстүрмен жасалып, ел арасындағы талантты жыршы-термеші орындаушылардың ықпалымен ұрпақ тәрбиесінде кеңінен қолданылды.

«Базар жырау шығармаларының бір қатары «XVIII-XIX ғасырлар ақындары шығармалары», «Үш ғасыр жырлайды», «Бес ғасыр жырлайды» жинақтарына енді. «Мақпал-Сегіз», «Айна-тарақ», «Әмина қыз», «Ахметжүсіп» атты лирикалық толғау дастандары бар. Аталмыш дастандар – нәзік жанды ғашықтар әрекеттерін, олардың жүрек сезім жырларын шертетін кейбір шығыстық сюжеттерді еске салар нәзіралық сипаты да бар, дәстүрлі лирикалық туындылар» [1, 199-б.].

Бұл орайда, Сыр сүлейлері ақындық мектебінің ұстазы болып саналатын Базар Оңдасұлының дидактикалық-философиялық сипаттағы дастандарын айрықша айтамыз. Мысалы, «Айна-тарақ» дастаны шығыс елдеріне таралған сюжеттің негізінде жырланған. Дастандағы халықтық педагогикалық ұстаным бойынша басты кейіпкерлерінің алыстарға сапар шегіп, тұрмысқа, адамдарға пайдасы тиетін ізденістер жасау ұлағаты насихатталған. Дастанның басты кейіпкерлері үш жігіт өздері ғашық болған қыздың қалауы бойынша қайсысына таңдау түсетінін жоспарлап, қызға ұнайтын аса қажетті затты іздеп, ақыры табады. Үш жігіттің әрқайсысының тапқан заттары (айна, кілем, тарақ) қиял-ғажайып ертегілеріндегідей айрықша тылсым қасиеттерімен ерекшеленген. Айна арқылы өздері ғашық болған қыздың өліп қалғанын көріп, соншама алыстағы мекенге ұшатын кілеммен жетіп келеді. Бұл арада өліп қалған қызды қасиетті тарақты қыздың шашына қою арқылы тірілту ежелгі мифтерде кездесетін – өмір құдіретінің аса бағалылығын таныту. Дастан тағылымы өлген адам қайта тіріледі деген мифологияға негізделген. Қорытындысында қыз өзін тірілткен тарақ иесі жігітке қосылады. Шығарманың дидактикалық-философиялық түйіні – адамдардың тұрмыс қажеттілігіне жарайтын жаңалық іздеу мұратындағы жетістіктерін дәріптеу. Өздері ғашық болған қыздың тапсырмасы бойынша айрықша қасиетті заттарды тапқан жігіттердің жігерлі іс-әрекеттері арқылы адамның ізденістері арқылы талай ғажайыптардың табылатыны дәлелденген.

Әдебиет зерттеушісі Ә.Дербісәлин: «Шығыстың ғашықтық дастандары жер жүзі әдебиетінде өзіндік орны бар ұланғайыр дүние. Олардан үйренбеген, үлгі алмаған немесе оларға танданбаған,

тамашаламаған оқушы не қалам иесі қай дәуірде де, қай халықта да кемде-кем. Шығыс әдебиетімен байланысы ғасырлап саналатын қазақ қауымы жөнінде мұны тіпті баса айтуға болады» - деп орынды пайымдайды. [2, 144-бет]

Базардың «Әмина қыз» атты дастанында «Мың бір түн» ертегілерінде жиі кездесетін сиқыршылық ілімін игерген адамдар мен қарапайым адамдар арасындағы қарым-қатынастар байыпталған. Дастан кейіпкері – адал пейілді, жан жүрегі таза жігіт. Өзі ұнатқан Әмина атты қызға үйленгенмен, бірге тұрғаннан кейін әйелінің сиқыршы, зұлым қасиет иесі екендігін біледі. Бірақ, күйеуінің өзіне деген пиғылын жамандыққа балаған әйел оны басқа тіршілік иесіне айналдырып жібереді:

Түршікті сонда қатын түсі кетіп,
Киімнен түгі сыртқа тесіп өтіп.
Аузынан көбік ағып, көз алартып,
Жүгіріп есік жаққа барды жетіп.

Қолына бір кесе су құйып алды,
Бойына бар қайратын жиып алды.
Қолына бір солқылдақ шыбық алып,
Келді де: «Ит болғыр!» деп салып қалды.

Айырылып адамшылық қалыбынан,
Ит болып ырғып шықтым жабығымнан.
Қамшының қуып жүріп астына алды,
Қайғырдым құтылам деп неғып мұнан.

Шақырып алды қатын малайларды,
Мен ғаріп көрдім, тақсыр, талайларды.
Бұралқы ұры ит кірді үйіме деп,
Теп-тегіс хабарладым маңайларды.

Қақпаны жауып қойып ортаға алып,
Сабалап тарттырды әбден сазайларды.
Қиналып шыбын жаным сасқанымнан,
Жүгірдім, шыр айналдым сарайларды.
Болмады ең болмаса есік ашық,
Шынымен састым әбден жанталасып.
Салдырған басым сауда биік қақпа,
Секіріп кетер жер жоқ сыртқа қашып.

...Қайғырып, қапаландым, ішім күйіп,
Жазықсыз көрінгеннен таяқ тиіп.
Қор болды ақырында ғаріп басым,
Опасыз қатын алып, дүние жиып.
Аралап кезіп жүріп талай жерді,
Ит болдым бір наубайға көңілім сүйіп
[3,156-б.].

Дастанның сюжеттік-композициялық желісінде түнде молаларды аралап, жаңа өлген өліктерді жейтін сиқыршы жалмауыз әйелдің шын сырын ашқаннан кейін итке айналып кеткен байғұс жігіттің басынан кешкен оқиғалары көне мифология

арқылы берілген. Дастанның халықтық-педагогикалық тағылымы зұлымдық, қиянат жасаушылардың нақақтан-нақақ біреуге бәле іздеушілердің тозаққа баратынын еске салады. Дастан сюжетінің шарықтау шегінде наубайханада ит болып жүрген тіршілік иесінің адалдығы иесіне де ұнап, ақырында сол қасиетінің нәтижесінде бақытты тұрмысқа жеткені баяндалған. Әсіресе, наубайханаға келген арам пиғылды алдаушының жазалануына әрекет жасаған адал қызметі үшін иесінен алғыс алады. Ақырында, сюжеттік шешім бойынша наубайға келген бір қария кемпірдің бастауымен өзінің адамдық қалпына оралуына көмектесетін, өзіне жар болатын оқымысты, сұлу қызға кездеседі:

Қыз екен парасатты, өзі сұлу,
Айрықша бір кісідей берген көрік.
Қарауға жүз тоқтатып көре алмадым,
Сұлудан көрген басым көңілім жеріп.

...Қыз айтты, ол кемпірге: -Анам,-деді,
Тапсырдың бір жұмысты маған деді.
Сабыр қыл сағаттан соң неде болса,
Білермін келсе менің шамам деді.

«Иеннен дуаң күшті» деген сөз бар,
Бәрінен оның жолы жаман деді.
Бір залым бұл шаһарда бар ет сондай,
Бір болса, болған шығар сонан деді [3,160-б.].

Дастанның сюжеттік шешімдік бөлігінде оқымысты, ақылды, сұлу қыздың көмегімен кейіпкер жігіт өзінің адамдық қалыбына түседі:

Қолына бір кесе су құйып алды,
Бойына бар қайратын жиып алды.
Және де бір солқылдақ шыбық алып,
Тікелей тура маған назар салды.

«Әуелде қандай болсаң, сондай бол!» деп,
Келді де шыбықпенен салып қалды.
Мен түстім бұрынғыдан қалыбыма,
Күмән жоқ бұл сөзімнің анығына.
...Қанша жыл көрген қорлық сол сағатта,
Тұрған жоқ бір мезгілің жарымына [3,160-б.].

Адам қалпына түскен жігіттен барлық жағдайды естіген қыз сол сиқыршы Әмина қызбен бір кездері бір ұстаздан сабақ алғандарын, бірақ ол бұзық жолға түскенін баяндайды. Ендігі істің барысында қыздың берген көмегімен жігіт сиқыршы әйеліне тұтқиылдан жетіп барып, қыздың берген дұғалы суын шашып жіберіп, шыбықпен салып қалып, әйелді байталға айналдырып жібереді. Байталды ылғи жетелеп жүріп, жүруіне көнбеген жағдайда жазалап, сабайтын болған. Дастанның басталуындағы байтал жетелеген жігіттің әңгімесін тыңдаған патшаға айтқан осы жеке сыр соңы кейіпкер жі-

гіттің өзін құтқарған оқымысты қызға үйленуін, ақырында баянды бақытқа жеткенін көреміз. Эпикалық шығарманың дидактикалық-философиялық тағылымы адамдардың фәнидегі тіршілік мазмұнында жақсылық істер жасауға, әділетті болу мұратына жетуін ұғындырады.

Сыр сұлейлері ақын-жыраулары мектебінің ұстазы саналатын Базар жырау Оңдасұлының эпикалық шығармашылық дәстүрі өзімен қатарлас және кейінгі дамудағы ақын-жырауларға ықпал етті. Әлем әдебиетінің даму желісінде дидактикалық-педагогикалық және философиялық ақыл-ой қазыналарын қалыптастырған ұстаздық ұлағат жолы ақын-жыраулардың эпикалық шығармалары арқылы айрықша қарқынмен өркендеді. Сыр өлкесіндегі діни-исламдық ағартушылық аясында өркендеген философиялық-педагогикалық көзқарастар жүйесі ақын-жыраулар шығармаларының қазақ ауылдарындағы адамгершілік-имандылық ұстанымдарына негізделген халықтық тәлім-тәрбиенің қуаттылығын қалыптастырды. Ақын-жыраулардың эпикалық шығармаларын халық жиналатын орындарда (астарда, тойларда, шілдеханаларда, т.б.) үздіксіз орындаған жыршылардың шығармашылығы арқылы халықтың тыңдаушылық мәдени дәстүрі дамыды.

Сөз өнерін ұлықтаған ұрпақтардың бірін-бірі сыйлайтын, тыңдайтын ұлағаты кейінгі буынға жалғасты. Шығармалардағы әр алуан мазмұнды сюжеттердің әсерімен жақсылық пен жамандық жағаласқан, күрескен, бірақ тіршіліктің қатаң жағдайына орай әрі бірлесе өмір сүрген адамдардың тағдырлары эпикалық шығармаларда көркем шындық бояуларымен суреттелді. Эпикалық шығармалардың сондай тағылымын тыңдап, ондағы қарама-қайшылықты тұрмыстың қақтығыстарын, үндестіктерін біліп өскен ұрпақ өздерін қоршаған ортадағы сондай құбылыстармен байланыстыра түсінді. Сыр сұлейлері шығармала-

рындағы эпикалық баяндаулар мен кейіпкерлерді даралай мінездеулер арқылы тыңдаушы, оқырман ұрпақтар адалдық пен арамдық, мәрттік пен ездік, тұрлаулылық пен опасыздық және т.б. бір-біріне қарама-қарсы қасиеттердің сырларын сезініп өсті. Әрине, философиялық-педагогикалық ұстанымдарды ұрпақтың санасына сіңіріп, олардың ұлттық, ата-бабалық әдет-ғұрыптарды, салт-дәстүрлерді сақтап өсуін қамтамасыз етуде ақын-жыраулардың эпикалық шығармаларының ықпалы осылайша ғасырлар бойы сақталып келеді. Бәлкім, қазақтың ұлан байтақ даласын аз санына қарамастан сақтап, қорғап келген ұрпақтарымыздың жан ділінің қуатты болуы да осындай себепке байланысты болуы керек. Қазақ әдебиетінің әлем өркениеті кеңістігіндегі Шығыс және Батыс өңірлерді мекендеген халықтардың дүниетаным дәстүрлерімен сабақтаса дамуында діни-исламдық ағартушылықтың әсерімен классикалық мұралардың шығармаларға арқау болуы – үздіксіз жалғасып келе жатқан әдеби құбылыс.

Қорыта айтқанда, Сыр бойы ақын-жырауларының эпикалық шығармалары – қалың жұртшылықтың, халықтың ықыласын иеленген нағыз философиялық-педагогикалық мағыналы, өміршең туындылар.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. *Сүйіншіәлиев Х. XIX ғасыр әдебиеті. – Алматы: Ана тілі, 1992. -360бет*
2. *Дербісәлин Ә. Дәстүр мен жалғастық. – Алматы: Ғылым, 1976.*
3. *Базар жырау. Шығармалары /Құрастырған, алғы сөзін, түсініктерін жазған Ш.Алдашев. -Алматы: Жазушы, 1986.-200б.*
4. *Ғаббасов С. Халық педагогикасының негіздері: Монография. -Алматы: әл-Фараби, 1995. -463б.*

Молдашева Ақзия Абсаламовна

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық Қазақ Түрік Университетінің доценті,
ф.ғ.к., e-mail: akziyach

Абдулханова Мадина

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық Қазақ Түрік Университеті
Қазақ филологиясы және журналистика кафедрасының аға оқытушысы, e-mail: madina_0271

ТӘЖІКСТАННАН КЕЛГЕН ҚАЗАҚТАР ТІЛІНДЕГІ КЕЙБІР ЛЕКСИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕР

Түйін. Мақалада Тәжікстаннан келген қазақтар тілінің әдеби тілмен салыстырғанда тәжік қазақтары тілінде өзіне тән және басқа сөйленістермен ортақтық, ашақтық жақтарын грамматикалық, лексикалық ерекшеліктері анықталады. Басқа говорлармен қарым-қатынасын сөз еткенде, негізінен оңтүстік говорлар тобына жақын екенін танытып отырады. Кейбір құбылыстардың қолданылуы, таралу тегі жөнінен тектес, қоныстас аудандарда қатар айтылу ұшырайды. Басқа говорлар тобымен салыстырғанда тәжік қазақтары тілінде өзбек, тәжік тілдерінің ықпалы бар екені айтылады.

Түйін сөздер: грамматикалық, лексикалық ерекшеліктер, таралу тегі, тілдер ықпалы, ана тілі, сөз тіркестері, ауыз екі сөйлеу тілі.

Резюме. В статье рассматривается грамматические и лексические отличия казахского языка у казахов приехавшие из Таджикистан в их устной речи от литературного языка. На данном языке сказываются появление своей системы письма и формирование народу с устно-разговорным письменного языка, Поскольку общество в процессе своего исторического развития непрерывно изменяется, меняются и функции обслуживающего его языка, взаимоотношения между территориальными и социальными говорами, общественный статус разных форм существования языка.

Ключевые слова: грамматические и лексические особенности, взаимоотношение языков, родной язык, словосочетание, разговорный язык.

Summary. The article is considered grammatical and lexical differences of Kazakh Language at Kazakh people arrived from Tajikistan in their oral speech from the literary one. The language system in written and colloquial language are the historical development. Continuously, the changes affect the language, also functions of the language serves it, relationship between territorial and social dialects, the public status of different forms existence in language changes.

Keywords: grammatical and lexical features, relationship of languages, native language, phrase, spoken language.

Тәжікстанның Қорғантөбе облысының Вахш алқабын мекен еткен қазақтардың бұл жерге келіп қоныстанғанына алды бір ғасырдан артық уақыт болды. Көпшілігі негізінен өткен ғасырдың орта шенінде барса, біразының орнығуы 30-жылдарда еді.

Этникалық жағынан Орта жүз, Кіші жүз құрамына кіретін Адай, Әлім және Алаша руларының ұрпақтары болып келетін олар алғаш келгенде Молдаман, Қаратау, Сарыкемер, Теректі тауларындағы Дарбаза бұлақ, Қошқар бұлақ, Найман бұлақ, Үш бұлақ, Өлең бұлақ, Қара бұлақ деген жерлерді иемденген екен. Содан бері жергілікті тәжік-өзбек халқымен тығыз қарым-қатынас жасап келген. Мұнда тұрған қазақтар тәжік-өзбек мектептерінде оқыған өз ана тілімен бірге өзбек, тәжік тілдерін жақсы біледі. Аталған халықтармен тығыз байланысы Қазақстанға көшіп келгенде де тіліне едәуір әсер еткені байқалып тұрады. Қазіргі кезде Тәжікстаннан келген қазақтар, негізінен Оңтүстік өлкеге, Жетісай және Түркістан аудандарына қарасты Шорнак, Бабайқорған елді мекендеріне орналасқан [1,2].

Тәжік тұрғындарының этникалық құрамы Кіші жүз қазақтары болғаны мен тіл ерекшелігі жағынан батыс говорлар тобында айтылатын біраз сөздер сақталғанымен, олардың ауызекі тілінде, негізінен, оңтүстік говорлар тобына тән сөздердің басым екенін аңғаруға болады [3]. Мұнда оңтүстік өңірге тән бастырма (лапас), там (лайдан жасалған үй), сыбау (сылау), жай (үй), ауқат (тамақ), ашымақ (ашымал), пәтір (ашымай илеп пісірген нан), зуала (жаюға лайықталған қамыр бөлігі), тандыр (нан жапқыш пеш), ұстақан (кесектей берілген ет), тоқаш (күлше), пиала (шай кесе), керней (самаурын трубасы), шарық (шикі теріден істелген аяқ киім), сарпай (киім, шапан), мойынтұрық (мойын ағаш), зембіл (носилка), он айдау (егін бастыру), жап (арық) [1].

Дегенмен, осындағы тұрғындар тілінде батыс говорлар тобында ұшырасатын, сол өңірдің ерекшеліктерін сипаттайтын сөздер кездеседі. Мысалы: күзе (ыдыс), самар (шұңқыр), кенерлі (табақ), чиша (бөтелке), созан (ине), кеуіш (кебіс), ілгек (түйме), бел (күрек), дігіршек (дөңгелек), тегір-

меш (дөңгелек), кегей (дөңгелек табағы), көшер (күпшек), шүлдік (ойын аты).

Тәжік қазақтары тілінің өзіндік лексикалық ерекшеліктерінің жеке-дара ерекшеленіп тұруына жиі қарым-қатынас жасап келген тәжік, өзбек тілдерінің әсері болса керек. Төменде Тәжікстаннан келген қазақтардың тіліндегі кейбір лексикалық ерекшелігі бар сөздерге тоқталайық: мәстави (ет, күріш, майдан жасалған сұйық тамақ), наскеді (насыбай шақша жасайтын қабак), сукеді (ыдыс жасайтын қабак), чақ (арық түрі), жармачак (чақтан таралған арықша), ағет (мақта жүйегі), сэрвант (судың көмейі), ахаб су (сорлау жерге берілетін қысқа су), Һәуіз (1) су тұнатын шұқыр; 2) су сақтап қоятын шұқыр), абышкен (су бұзып кеткен жер), машқы (қағазды үшкірлеп жасаған ойыншық), тоғыра кепе (қоныс кене), кәл там (тоқал там), кәл ешкі (тоқал ешкі), шөптара (итарқа етіп қамыс, қияпен жапқан үй), кәм (аз), әстесекін (ақырын-ақырын), кепсен (кеусен), ынтызан (тәртіп), чөрөк (бауырсақ тәрізді нан), каллама (ашытпай май жағып илеп, қатты пісірген нан), ғау (шыр), шақа (айыр), жүлә (ер астына салатын шашақты жабу), ашала (шыршы ақысы), шора (алабота), больш (жастық), пеш (шайан), түйнек (құбыр), иблас (нас, лас), тұт (қолға ұстау), кәтта (үлкен), майдан (алаң), сете (гүлсіз аласа болып өсетін өсімдік), ләйлә (табак), қаралы (қара өрік), зордалы (өрік), т.б. Осы сияқты (өзбек, тәжік тілдерімен ортақ) сөздер көптеп кездеседі.

Тәжік қазақтары тілінде айтлып, басқа говорларда кездесе бермейтін мына төмендегі сөздерді келтіруге болады. Олар: ыдыс атауларына байланысты: қара шәйнек (шәуғім), ақ шәйнек (ақ құман), нас түкіргіш (түкіргіш ыдыс), киім-кешек, кілем, мата сәндік бұйым түрлеріне байланысты: түймешік (сырға сылдырмағы), құс мұрын сақина (үсті дөңестеу келген сақина түрі), қоңырау білезік (екі ұшын бір-біріне айқастыратын білезік), қақпа алаша (өрнексіз аласа), қақпа кілем (өрнегі екі жағына бірдей түсетін кілем), шымырауын ши (өрнектеп жасаған ши), қаптама (пододеяльник), ақсан (қалын ақмата), тік (жол-жол мата), ғыжым (плюшь); құрал жабдық түріне байланысты: тепкі (күрек сабына кигізетін аяқ аудармас үшін жасалған тепкіш), от шаттауық (қысқаш), темір шаттауық (атауыз), он ағаш (арбаның төрт жағындағы қазығы), егін бау бакша түрлеріне байланысты боз жер (тың жер), бидай нал (бидай егілген жер), дүмбіл (дәнді дақылдардың сүттенген кезі), бөрік (жүгерінің ең басындағы сота шығаратын жапырақ), бес тұқым тарбыз (ішінде бес-ақ дәні бар тарбыз түрі), ақ зәрметін (өте тәтті торлама қауын), бәрікәлла (сырты сап-сары, іші қып-қызыл болып пісетін қауын), кәрікыз (жол-жол ұзынша қауын), түрікпен қауын (қысқа сақтайтын қара қауын), бір салқын су (жарты күндік су), екі салқын су (бір күн бойы берілетін су), бір бел су (арық қазғанда бір

кісіге берілетін су); әдет-ғұрып, ойын-сауық түрлеріне байланысты: тоғыз сарпай (тоғыз киіт - келген кісі санына қарамай берілетін ерлер үшін тоғыз, әйелдер үшін тоғыз киім), құдаша киім (тоғыз киім үстіне қосымша қыздар үшін берілетін киім). Ұл той (сүндет той), маслихат той (той жасар алдындағы кеңесу үшін өткізілетін кеш), жыртыс (қызға көрпе-төсек деп күйеу жағынан берілетін кездеме), қатынқұран (той алдында мал сойылып оқылатын құран), дүре соқпақ (белбеу тастамақ), тақия тәртіп (тақия теппек ойыны).

Бұл өңірде Қазақстанның басқа жерлерінде кездесе бермейтін төмендегі өсімдік атаулары қолданылады. Олар мыналар: қаламсүгір (таулы жер өсімдігі: ортасын жарса тарамыс-тарамыс болып кетеді), ғұмай (жапырақ-жапырақ дән байлайтын өсімдік), су оты (бойы аласа, тарбиып шығатын өсімдік), салаумаликум (бойы 10-15 см егінге зиянды өсімдік). Өзгеше айтылатын сөз тіркестері кездеседі. Олар: абад қылды (гүлдендірді) әстесекін (ақырын-ақырын). Әсте-секін бәрін көрді. Ағза қылып алу (кіргізіп алу, қабылдау). Колхозға ағза қылып алды. Бара-бар тақысым қылу (суды бірдей қылып бөлу). Бәрбішана қылу (арыққа су жіберерде «тоқтаусыз ақсын» деп мал сойып, садақа беру). Дәп бермеу (ешкімге теңдікке бермеу). Бұлар аз болғанмен ешкімге дәп бермеген. Асылға кіру (қауын-қарбыз жемісінің өсуі), Қара пұшты болу (жердің әбден суға қанып, ылғалдануы). Қара пұшты болып жер нам тартып келеді. Кәсә қылып қою (қауынды тіліп, қабығынан бөліп, етін бірнеше жерге бөліп қою). Нам болып қалу (ылғалданып қалу). Жер суды теп-тегіс ішіп, нам болып қалады. Нәубат қылу (кезектесу). Тәкіріп қылу (ұсыныс қылу, ұсыныс жасау). Отыр деп тәкіріп қылды. Тәмін қылу (қамтамасыз ету) Тәшкір қылу (жасалу, түзілу, құрылу, ұйымдастыру). 1932 жылы осы жапты тәшкір қылды. Тәсілім қылмау (бағынбау). Тамам болу (аяқталу). Сағат төрт бесте тамам болды. Тамам қылу 1) жоқ қылу, жеп қою. Пахтаны дәрілемесе тамам қылады. 2) бітіру, аяқтау. Жұмысты тамам қылып қойды. Тәсір қылды (әсср етті). Инесі тәсір қылды. Танқит қылу (сынау) Мен оны қатты такит қылдым. Қайыл болу (риза болу) Дәмулла бұған қайыл болып, бала оқытуға береді. Қабатында болу (қарауында болу). Біраз жұмысшылар сушылардың қабатында болып жұмыс істеп келді. Жеті күн менің қабатымда болды. Биқатар ағу (тоқтаусыз су ағу). Арқада қалу (артта қалу). Биыл біздің аудан арқада қалды, Бардам адам (дәулетті адам). Бардам адамдар жақсы нәрсе береді. Қан талаш қылу (аяқ астынан ауырған малды сойып, таратып жіберу). Шамадан қалмасын (суық тиіп қалмасын). Жағдайын алу (мазасын алу). Ол ішіп келсе, бала-шағаның жағдайын алады. Зың болып қалу (зерігіп қалу). Зың болып қалған жоқ-сын ба? Пәтия қылу (бата қылу). Жауап бермеу (рұқсат етпеу). Базар күні балаларға жауап бермей

пахтаға айдайды. Сізге кетуге жауап бермейді деді. Зәбір айналу (зәбір көру). Зәбір айналғанда келген болу керек. Чәпер қылу (бидай басу), алмас еді (алмайтын еді), көп болар екен (көп болады екен). Бір жыл алдын (бір жыл бұрын), қасалу (өш алу), қалса (ұнап қалса), қып-қызыл (таза), қып-қызыл қазақша сөйлейді.

Сөз басында кейбір дауыссыздарының қосып айтылуы да бұл говорға тән құбылыс.

Ә (а) мен е, орнына а, ә дауыстыларның жұмсалуды да өзбек тілінің материалдарымен сай келеді.

Фонетика, грамматика саласына қарағанда лексикалық ерекшеліктер көптеп кездеседі.

Тәжік қазақтары тілінде айтылатын, басқа говорда кездесе бермейтін сөздер де бар. Түймешін (сырға сылдырмағы), шаштауық (қысқыш) т.б. Басқа жерлерде кездесе бермейтін өсімдік атаулары, басқа өңірдегі тұрғындар тілінен ажыратып тұратын сөз тіркестері де көп кездеседі және де -ң, -ың, -ің формалы етістік тұлғасы жиі қолданылады.

Қорыта айтқанда, әдеби тілмен салыстырғанда тәжік қазақтары тілінде өзіне тән және басқа сөйленістермен ортақтық, алшақтық жақтарын грамматикалық, лексикалық ерекшеліктерінен аңғардық. Басқа говорлармен қарым-қатынасын сөз еткенде, негізінен оңтүстік говорлар тобына жақын екенін танытып отырады. Кейбір құбылыстардың қолданылуы, таралу тегі жөнінен тектес, қоныстас

аудандарда қатар, параллель айтылу ұшырайды. Басқа говорлар тобымен салыстырғанда тәжік қазақтары тілінде өзбек, тәжік тілдерінің ықпалы бар екені байқалады. Ондай жерлер негізінен тілдің фонетика, лексика, грамматика салаларында кездеседі. Фонетика саласында Тәжік қазақтары тілінде жиі ұшырайтын мынадай ерекшеліктерді атап айтуға болады. Бұл говорға тән басты дыбыстық құбылыстардың бірі – ұяң б орнына қатаң п-ның жиі қолданылатындығы. Пол (бол), пүтін (бүтін), пешпент (бешпент), пәсік (бәсік). Қазақ тілінің басқа жерлерінде ұяң б-мен айтылып, оның орнына тәжік қазағы қатаң п-ның қолданылуын аралас отырған өзбек халқының әсері деп айтуға әбден мүмкіндік бар.

Әдебиеттер:

1. *Нақысбеков О. Қазақ тілінің оңтүстік говорлар тобы. -Алматы, 1982.*

2. *Бекетов Б. Қарақалпақ қазақтарының тілі. -Алматы, 1992.*

3. *Нұрмағанбетов Ә. Қазақ тілі говорларының батыс тобы. -Алматы, 1987.*

4. *Сағындықов Ф., Бейсембаева Ж. Тәжікстан қазақтары тіліндегі кейбір лексикалық ерекшеліктер. -Алматы, 1990.*

5. *Нақысбеков О., Сарыбаев Ш. Қазақ тілінің аймақтық лексикасы. -Алматы, 1989.*

Алмауытова Әсия Базарбаевна

кандидат филологических наук, Кызылординского государственного университета
имени Коркыт Ата, e-mail: almauytova73@mail.ru

Тулбаева Айдынгул Тойбазаровна

магистр-преподаватель, Кызылординского государственного университета имени Коркыт Ата,
Республика Казахстан, e-mail: aidyn42@mail.ru

ЭТНОКУЛЬТУРНЫЙ ХАРАКТЕР ТОПОНИМОВ В «КНИГЕ ДЕДА КОРКЫТА»

Резюме. Топонимы являются одним из ярких художественных средств языка. Их национально-культурный, исторический характер играет в художественном произведении важную роль при описания исторической и культурной стороны жизни и быта казахского народа.

В данной статье анализируются этнокультурные особенности топонимов, используемых в «Книге деда Коркыта».

Түйін. Қазақ халқы өмірінің тарихи-мәдени көрінісін, ұлттық болмысын көрсететін, бейнелейтін тілдік-көркем құралдарының бірі болып табылатын топонимдердің ұлттық-мәдени, тарихи т.б. сипаттары көркем мәтінде үлкен рөл атқарады. Мақалада «Қорқыт ата кітабындағы» топонимдердің этномәдени ерекшеліктері сипатталады.

Summary. Toponyms are one of the brightest artistic means of the language. Their national-cultural, historical character plays an important role in the artistic work in describing the historical and cultural aspects of life and the life of the Kazakh people.

This article analyzes the ethnocultural features of the toponyms used in the «Korkyt Ata Book».

Одной из новых отраслей знания, исследующей взаимосвязь национального языка и национальной культуры, является лингвокультурология. Так как лингвокультурология возникла на стыке лингвистики и культурологии, она отражает взаимосвязь лингвистических реконструкций с реконструкциями в культуре народа.

Многие устаревшие слова, имеющие этнокультурный характер и отражающие мифические, религиозные представления людей различных социально-исторических эпох об окружающем их мире, дошли до нас в произведениях устного народного творчества, в старинных обычаях, в национально-культурных компонентах и некоторых других источниках [2, с.76].

Знакомство с древней культурой своего народа путем изучения языка является одним из важных приемов воспитания последующих поколений: для формирования чувства гордости за родной язык, за историю и культуру своего народа важно показать им все богатство родного языка [3, с.52].

Топонимы, имеющие национально-культурный характер, отражают национальный колорит казах-

ской земли, дают представление об основных этапах в истории казахского народа и казахской земли.

Выражения со словами «Қаратау» и «Алатау», встречающиеся в «Книге деда Коркыта», указывают на этнокультурную семантику данных топонимов. Известно, что земли Алатау и Қаратау издавна являлись родиной казахского народа, центром его политической власти.

Названные топонимы используются в произведении для объективного изображения жизни, общественного бытия казахского народа в описываемую эпоху. Например, в «Книге деда Коркыта» даются следующие сведения о национальном, культурном и историческом образе Қаратау:

Қаратау. Қоркыт тұрып: «Мен сенің аспанмен таласқан Қаратауынның басына шықсам деп келдім» [1, с.39]. (Коркыт встал и сказал: Я пришёл, чтобы подняться на вершину Қаратау, равную небесам).

«Тек қарсы алдымда тұрған Қаратауым құламын, ол елімнің кең жайлауы еді, сулы өзендерім аман болса елдің шырайы кірер» [1, с.63]. (Пусть будет вечно Қаратау: его пастбища, воды его рек -это красота нашей земли).

Сен менің көз алдымда тұрған асқар Қаратауым едің [1, с.63]. (Ты для меня как недосыгаемая вершина Қаратау). Сен өлсең менің Қаратауымның құлағаны, Қазан [1, с.64]. (Если умрешь ты, то для меня рухнет Қаратау).

Хан ием, өз басым сізге батағөймін: өзіңе кең жайлау болған Қаратау күйремесін [1, с.72]. (Я с благожелательностью склоняю голову перед тобой: лишь бы не был разрушен Қаратау). Оны жеңсең, даңқың мынау самаладай болып тұрған биік Қаратау шыңдарының басынан асып, өзендерден өтіп, еліңе жетеді [1, с.79]. (Если одержишь победу, то слава о тебе разнесется выше вершин Қаратау, пойдёт дальше полноводных рек и дойдет до твоей родины). «Қаратаудың басына шығар болсаңдар, канаттарың талмасын, өзен суы қанға толса, одан да жүзіп өте біліңдер!» [1, с.98]. (Если хотите взойти на вершину Қаратау, пусть не устанут ваши крылья; если воды рек наполнятся кровью, то сумеете их переплыть!). Оның ашуы Қаратауға тұман болып түсіпті [1, с.102]. (Его гнев опустился туманом на Қаратау). Бекіл баласына Қаратауды жайлау етіп берді [1, с.105]. (Бекіл отдал Қаратау сыну под пастбища). Көз алдында тұрған Қара-

тауың құлап еді ғой, сенің сол тауың бой түзеген екен, шырағым! [1, с.108]. Твой Каратау обрушился, но эта гора вновь поднялась, выпрямилась).

В «Книге деда Коркыта» и «Огуз наме» часто упоминается наименование одной из старинных ставок, расположенных в Каратау,- Карашык (Караспан). Она располагалась на южных склонах Каратау, недалеко от города Карнак. В казахском народном эпосе её с почтением именовали «Қырық қақпалы Қарашық» (Карашык с сорока воротами) и воспевали наряду с Каратау.

По мнению Махмута Кашгари, Карашык- это одно из названий города Отрар (Фараб). Возможно, он считал так, потому что между этими городами была тесная связь. Однако Карашык –это одно из наименований

Каратау (Карашык, Караспан, Каратау). Город Карашык был расположен ниже Туркестана, ближе к городу Карнак, на южной стороне горы Карашык (Каратау). На современной археологической карте они обозначены как Карашык 1, Карашык 2 [4 ,321].

Алатау. Шұбарланған көп әскер Алатауға аттанып, аң ауламақ болды [1, с.23]. (Многочисленное войско направилось на охоту в Алатау).Әкемнің тіккен үйінен түзге талай шыққанмын, Алатауға барғанмын [1, с.83]. (Я много раз покидал отчий дом, посетил и Алатау). Қазан хан орнынан ерте тұрып жауға аттанбақ, Алатауға ақ шатырларын тікті [1, с.123]. (Казан хан решил рано утром отправиться в поход, расположил свои белые шатры на склонах Алатау). В «Книге деда Коркыта к топонимам, имеющим национально-культурный характер, относится также наименование города Туркестан.

Национально-культурное значение топонима Туркестан можно отметить в следующих предложениях (выражениях): Туркестан. Сені Төле құстың тұқымы, Түркістанның дінгегі деп атаушы еді [1, с.49]. (Тебя называли потомком Толе, опорой Туркестана).

В «Книге деда Коркыта» отмечается, что Туркестан – священный город, центр религии ислам для всех мусульман в казахской степи.

В «Книге деда Коркыта» наиболее часто встречаются такие географические наименования, как Арқу (Арқа) белі, Ала-тағ, Алты ағаш, Қазылық тауы (Арқа, Ала-тағ, Алты ағаш, гора Казылык).

О горе Казылык Этторе Росси говорит: «Это название одной из гор в Туркестане». В произведении Кудери Кожа говорится: «Каркаралы, Казылык простираются вширь». На востоке Каркаралы, на западе Семейа находятся высокие горы (Кент, Кент, Мыржык, Абыралы, Дегелең), которые в старые времена, по сведениям китайских исторических источников, населяли карлуки, поэтому некоторые ученые Карлук называли Казылык. Наименование Казылык упоминается и в эпосе «Манас». Акаде-

мик В.В. Радлов утверждает, что гора Казылык находится на территории Казахстана.

Гора Казыгурт. В сказаниях Абылгазы говорится, что гора Казыгурт на протяжении долгого времени была местом, где располагалась ставка Казанбека. Особо почитались там пещеры прорицателей. Коркыт ата восхвалял Казанбека на горе Казыгурт: Қазығұрт тауындағы үңгір тасты

Салар Қазан барып көркейтті.

Онда ата-бабасына садақа тартты.

Ит бешене оны көріп есі кетті.

Бір қазанға қырық аттың етін салды,

Ол қазанды сол қолымен көтереді,

Оң қолымен елге жүріп үлестірді

Алыптар, билер, көремісің Қазанбектің кім екенін.

Здесь он отмечает, что Казанбек обустроил пещеры Казыгурта и дал там щедрые поминальные обеды в честь предков. Для угощения людей было приготовлено мясо сорока коней. И он ставит его в пример всем биям.

Встречаются легенды на казахском языке, в которых воспеваются Казыгурт. Они восходят к старинным легендам, сохранившимся в жырах Коркыта. Согласно легендам, на вершине Казыгурта была широкая ровная степь с прохладными летними пастбищами; во времена великого потопа к одной из её вершин причалила лодка. По преданию, здесь же находится пещера, в которой жили великие люди. Здесь казахские акыны играли на домбре, кобызе и создавали свои прекрасные произведения. Одним из них стало произведение «Нұх пайғамбардың кемесі қалған орын» (Место, куда причалила лодка пророка Нуха) Қазығұрттың басында кеме қалған,

Ол әулие болмаса неге қалған?

Жетім бота үстінде жатып қалып,

Ойсылқара жануар содан қалған.

В этом произведении говорится, что на вершине Казыгурта осталась священная лодка, которая в свое время спасла жизнь на земле.

Во-первых, Казыгурт изображается как благодатная земля для скотоводства, во-вторых, как место, которое особенно любил и почитал Казанбек.

Необходимо отметить, что топонимы, встречающиеся в «Книге деда Коркыта», имеют национально-культурную семантику. К таким топонимам можно отнести такие географические наименования, как Каратау, Алатау, Акшал, Гокче Тениз, Кара тениз.

Казахи, занимавшиеся кочевым скотоводством, воспринимали предметы и явления окружающего мира с помощью «живого созерцания»; с помощью органов зрения они познавали цвет, вид, форму, размер этих объектов и устанавливали их отличительные особенности. Следовательно, возникновение в языке топонимов, основанных на этих наблюдениях,- закономерное явление.

Топонимы казахского языка, обладающие этнокультурной семантикой, представляют собой языковое (лингвостилистическое) средство создания в художественном тексте историко-национальной картины.

Итак, мы можем сказать, что в богатом ономастическом фонде казахского языка сохранились наименования, представляющие собой языковые явления, которые отражают материальную и духовную культуру нации.

Ономастическая система казахского языка формировалась и развивалась в тесной связи с вековой историей нашего народа, в связи с его бытом, миропониманием и общественным бытием.

По мнению А. В. Суперанской, ономастика тесно связана с лингвистикой, так как имена – это слова, которые подвергаются процессам изменения и заимствования из других языков, отражающие исторические закономерности эпохи. Они содержат конкретные ассоциативные связи с называемым объектом, поэтому они несут в себе опре-

деленную информацию о быте, культуре, художественном творчестве определенного народа [5, с. 7]. Немалую часть собственных имен

Значение топонимических названий в «книге деда Коркыта» мотивированно, так как все элементы, содержащиеся в этих названиях, отражают различные особенности называемой местности.

Список использованной литературы:

1. Книга деда Коркыта. Героический эпос огузов. Эпос/ перевод с русского языка А. Кобыратбаева, М. Байдылдаева.- А., 1986

2. Керимбаев Е. Тайны наименований.- А., 1984.-119с.

3. Маргулан А. Произведения. I-т., -А., 2007.

4. Этнолингвистика и произведения Маихура Жусипа.// Казахский язык и литература, №10, 2002.

5. Суперанская А.В. Общая теория имени собственного. –Изд. 2-е испр. –М.: Издательство ЛКИ, 2007.– С.159.

Аяпова Гүлзира Борамбайқызы

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің аға оқытушысы,
филология ғылымдарының кандидаты, aiarova-1969@mail.ru

С.СМАТАЕВТЫҢ «ЕЛІМ-АЙ» ТРИЛОГИЯСЫНДАҒЫ АБЫЛАЙ ХАН ТҰЛҒАСЫН БЕЙНЕЛЕУДЕГІ КӨРКЕМДІК ТӘСІЛДЕР

Түйін. Мақалада С.Сматаевтың «Елім - ай» трилогиясындағы Абылайдың тарихи образын бейнелеудегі орны сипатталады.

Кілт сөздер: трилогия, пролог, жырау, түркі тарихы, образ, фольклор

Summary. S. Smataev's artistic methods in characterization Abylai Khan's personality in «Elim-ai» trilogy

The article considers the place in the description the historical character of Abylai in the trilogy of S. Smataev «Elim- ay»

Key words: trilogy, prologue, narrator, Turkic history, character, folklore

Кеңестік ұранды әдебиеттің социалистік реализм сипатындағы баспалдақты кезеңінде де өмірге келген қазақ тарихи романдарында ел басына қауіп төнген шежірелі жылдардағы ел бостандығы, жер үшін күрес, азаттықтың болашағына сәт сапар тілеген игілікті ойлардың тарихилығы көрініс тапты. Яғни, әдебиетші – ғалым С.Қирабаевтың сөзімен бедерлесек: «Жаңа қоғам құру жолында әртүрлі бұрмалаушылықтарға тап бола отырса да, біздің әдебиетіміз бостандық идеясына, азат, тәуелсіз ел болу принципіне берік екендігін танытты» [1, 22].

Халық жазушысы, арқалы ақын, көрнекті сөз зергері Софы Сматаевтың «Елім - ай» трилогиясы алғашында екі кітаптан (1978, 1981) тұрды. Үшінші кітабы тәуелсіздік жылдары жазылды (2000-2002).

Трилогияның басталуындағы прологында «Кілт» деген атаумен туындының әлқиссасы берілген. Туындының «Елім - ай» аталуы «Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұлама» кезеңінде халық өмірінің жағдайын баяндайтын өлең жолының атауымен байланыстыра аталыпты.

Қаратаудың басынан көш келеді,
Көшкен сайын бір тайлақ бос келеді.

Ел – жұртыңнан айырылған жаман екен,,
Екі көзден мөлтілдеп жас келеді!

Елім – ай! Елім – ай.

««Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұламада» дүниеге келген бұл ән қазақтың ұлан – ғайыр кең даласын түгел шарлап кетті. Босқан елдің азалы зарымен тарады. Көбік шашқан көлдің қара жартасты ышқына соққан қаһарлы толқынымен ұзарды. Бұл ән - атамекен, кіндік жұртын аңсап, жапа шеккен елдің арманды тілеуі болды. Қайғымен еңкейген кәрінің өткенін ойға алғанда, ілгерісін көлденең тартар серігі де болды. Ат

– сойылын қамдаған, азаттық аңсаған қазақтың құдіреті мен қуатын шақыратын атойы мен ұраны да болды. Елдікті ән жоқтап, бірлікке ән шақырып, ерлікке ән бастады. Қасірет тұтқан даласының қасиетті әні жүректен жүрекке өтті. Бұл ән – ұрпақтан – ұрпаққа ауысып, ер жүрек елдің жас буыны әлдилеп өсірер, аялап есейтер – «Елім - айы» болатын» [2, 5].

Шығарманың прологынан-ақ туындының негізгі идеясы айқындалып қалады. ХҮІІІ ғасырдағы Жоңғар шапқыншылығының зардабынан болған қазақ жұртының ауыртпалықты жылдарының шындығының көркемдікпен өрілуін бірден байқаймыз.

«С.Сматаевтың «Елім - ай» дилогиясында бірінші кезекте қазақ халқының жоңғар басқыншыларына қарсы күресі емес, жоңғар шапқыншыларының қазақ халқына қарсы қимыл-қаракеті суреттелгендей әсер қалдырады» [3, 27] дейді әдебиет зерттеушісі Ж. Дәдебаев.

Екінші том «Қарбаласта», «Сырдағы сойқан», «Қырдағы қуғын», «Еңку-еңку жер шалмай», «Ордабасыға оралғанда», «Аңырақай» деген алты тараудан тұрады. Осы тараулар атауларынан –ақ халықтың басындағы қасіретті кезеңнің сатылап суреттелгенін байқаймыз. Алғашқы үш тарауы жоңғардың тым ішкерілеп кеткен, халықты қырғынға ұшыратқан қилы кезеңін білдірсе, кейінгі тарауларда тездетіп есін жиып, ілгерілеген жаудың бетін қайыруын көргендей боламыз.

Алғашқы «Қарбаласта» тарауы ХҮІІІ ғасырда өмір сүрген, жортуыл жырауы Жиёмбет Бортоғашұлының мына толғау жолдарымен басталады:

Керегеге ілінген,
Шабылмаған семсер тұр.
Жаудан алмай кегімді,
Есіл де өмір өткен құр.

Тараудың айтар ойы да осы эпиграфта жатыр.

Әсіресе туындыда халық өмірі алғашқы кезекте кеңінен сипаттала беріледі. Осы дәуірде өмір сүрген тарихи адамдар туралы жырларда көрінетін халық өмірінің шындық оқиғалары да шығармада кеңінен қамтылған. Бірінші кітапта қазақ халқының аса ауыр кезеңі - «Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұлама» деп аталатын кезеңді суреттеумен аяқталады. Алғашқы жоңғар шапқыншылығын жортуыл кезеңіне тап келген Жәңгір бастаған алты жүз қазақ қолы Батыр қонтайшының елу мың әскеріне қарсы соғысып, алғашқы күні қазақ

қолы жеңіске жетеді. Екінші күні Жалаңтөс батыр бастаған жиырма мың қол қосылып, жау он мың әскрінен айырылып, шегінуге мәжбүр болады. Жоңғармен қақтығыс соғыстарды суреттеуде автор мұрағат құжаттарына сүйенгені байқалады [2,35-36]. Сеге қонтайшының Халқаның Алтын – ханы Лубсан – тайшыны жазалауы, Абылай тайшы мен Очирту Цецен арасындағы шиеленісті олардың балаларының бейбіт жолмен шешуі – бұлар да тарихи және әдеби деректерге толық сәйкес суреттеледі.

Автор Жәңгірдің алты жүз жауынгерімен қарсы жақтың елу мың қолға тойтарыс беруге болатын сәтімен мен қолайлы жағдайды таңдап, таба білуін, батырдың соғыс өнеріне жетік екендігін аңғарта білген. Алты жүз жауынгердің елу мың қолмен бетпе – бет өлмей беріспейтін шайқасы да туынды да шынайы шеберлікпен бейнеленген. Батыр қонтайшының жер қайысқан қол бастап келіп, аз ғана ертәуіл топтан соққы алып, есеңгіреп қалуын, күйінішті ойларын берудегі жазушының қиялдан туған ойлары да туындының көркемдік бітіміне көрік беріп тұрғандай. Бірақ автор, батырлардың немесе жау қонтайшының образын толыққанды бермеген, оның есесіне халықтың жан айқайы, тарихи тағдырындағы ерекше оқиғаға шын жүректерімен егілуі басты орында тұр. Бұл жерде тарихи дерек тарихи тұлғаның образын толық жасау, оның характерін типтендіру мақсатында пайдаланылмай, тарихи ерекше оқиғаның өзінің мазмұнын байытып көрсету үшін игерілгендей әсер қалдырады.

Тарихи оқиға тарихтағы жеке адамның іс – әрекетінен алынып, батырлық сипатта көрінсе, жау жүрек батырлығын, аузы уәжді би болса, шешімді кесім айтқан дауларына бастау алатыны белгілі. Сол себепті оқиғаны және оның иесін бір – бірінен бөліп, ажырату мүмкін емес. Бірақ, С.Сматтаевтың туындысында автор тарихи деркті негізге ала отырып, белгілі бір оқиғаға кім, қандай адам қалай қатысқанын емес, сол тарихи оқиғаның қандай жағдайда, қалай болғанын баян етуді көздегенін анық байқалады. Бірақ басты орынға халық бейнесін көрсетуді мұрат тұтқан автор суреттелініп отырған дәуірдің шынайы бейнесін жасауды қолға алғанын байқаймыз.

Жазушы тарих шындығын тиісті жерінде басқа қырынан да көрсетеді. Тарихи оқиғаның мазмұнын көркемдік заңдылықтарына орай пайымдай отырып, адам характерін ашуға ерекше назар аудартады.

«Ала таңға бір ұйқыдай ғана қалғанда ауыл үстін дүрліктіріп, тастақ тақырмен ат тұяғын тақылдатып келіп, бейқам елдің үстіне қиқу төнді. Шаңырақтан боздап өткен қорғасын оқ туырлық – түндікке тырс – тырс тигенде, жанып барып, маздап жерге түскен кигіз тығын әр жер әр жерде торғайдай болып топырлап жатыр.

Әп-сәтте ың-жың болып қопарылып оянған ауыл үй-үйден өре шыққанда, екпіндеп келген аттылар құрандаған бала-шағаны ажыратпастан қағып-жығып, сұлатып домалатып кетті. Ес жиғызбай тұтқиылдан бас салған шабуылдан дағдарған жұрт қарсылық көрсете алмай, шаппа – шап айқастың сойылын көтерудің орнына қалбаңдай жүгіріп, қарадай қалшылдап күңіреніп жүр. У-шу, гүр-гүр дүрлідеген үндерге қосылып иттер шабаланып үріп, түйе боздап, қой дүркіреп маңайды одан сайын дүрліктіріп жіберді» [2, 109].

Жоңғардың таң сәріде басталған жабайылық дәстүрдегі қарулы жасағы бейбіт жатқан қазақ елін дүрліктіріп жіберді. Бұл жерде автор иттердің, түйенің, қойдың шуынан елдің қандай күйде екенін жанмалап байқатып тұрғандай. Автор соғыстың ұзын – ырғасын суреттемей, ол туралы жұртшылық санасындағы ұғым – түсінігін, тарихи жағдайын алға тартып отырады.

«Ауылдағы аз ғана еркек сәлден соң біріне-бірі екілесе дес беріп, сойылдарын ала ұмытылып, аттылы жауға қарсы жаяу ұрыс салды.

– Қапта! Қыр! Жой! – деп, оқшау тұрып ат үстінен зәрін шашқан сұлтанның дауысы саңқ-саңқ естілді.

Сол-ақ екен әлекедей жаланған сарбаздар қиқу-айғайды аспандатып, тұс-тұстан қалың нөпір боп құйылып кетті. Қатты иликкен аттылы құйынға жаяу жігіттер не істей алсын, омыраулап соққан сәйгүліктердің екпініне шыдамай еріксіз титығы құрып, кейін ығысты. Одан сайын елірген, өркештеніп алған бір жендеттер бір жаяуды бес-алта боп қуалап, дем арасында селдіретіп тастады. Самайынан аққан қанды жеңімен сүртіп, ызалана тісін басқан кескебай қайыңқұрықты солқылдата сілтеп әлі де болса құламай сабаласып жүр. Аузына түскен қарғыстың неше түрін қылығына айғайлап, ыр-ыр-ыр сілтегенде шықшыттан сорғалаған жылымшы қан тырс-тырс тамып, ақ жейденің өңірін дымқылдандырып жіберді. Сәтке басы айналып, көзі қарауытқан соң тәлтіректеп жалт бұрылып үйге сүйеніп тұрып қалып еді, тасадан шыға келген бір жендеттің тізесінен торс еткізіп бір қағуға ғана шамасы келді де, аттан ауып түскен жауының үстіне өзі де ұмар-жұмар құлады. Содан кейін-ақ енді бас көтерер ешкім табылмай, қалың нөпір ауылды кернеп кетті» [2, 111].

«Елім-ай» трилогиясы жоңғар шапқыншылығын өзіне дейінгі тарихи туындыларға ұқсамайтындығымен өзгешелеу. Себебі, І.Есенберлиннің «Жанталас», Қ.Жұмаділовтің «Дарабоз» дилогиясында да қазақ ауылына мынадай екпіндеп кірген жау шабуылын көре алмаймыз. Бұл орайдағы «Елім - ай» трилогиясының басты айырмашылығы – жоңғар шапқыншылығының қазақ

еліне салған сойқанды ылаңын шынайы суреттеуі басым түсіп жатыр.

Автор жоңғар шапқыншылығының алғашқы кезеңіндегі қазақ ауылының көрінісін, жау жағадан алғанымен елдік рух пен ар – намысты жоғары қоятын ой иелері – бидің образы арқылы қандай жағдайда да болсын, ұлы елді ешбір жау мұқата да, жеңе де алмайды деген ұлы кесіктің сырын айтып тұрғандай әсер етеді. Түркі тарихының білгірі Л.Н.Гумилевтің: «...түріктерде сөздің күші ақиқатты шынайы күш болып есептелетіндігіне сендіретіндігінің» [4, 332], ерекшелігі халықтың ой – санасында жаңғырығып, күні бүгінге дейін ар-намыс пен сабырлық, даналық пен парасаттылық иелік еткендей.

С.Сматаев Абылай образына барар сәтте аңыз бойынша берілген ойды да, немесе осыған дейінгі тарихи романдарда берілген сюжеттік желілердің ешбіреуіне ұқсамайтын өзіндік ой – толғамын ұсынған. Ол Абылайды би-болыс, не бай – бағылан арасынан емес, тура халықтың өз арасынан шығарып, халық үшін туған ер деген пайымды пікірін алға тартады. Тарихи тақырыпқа бару, өткенге көз салып, бүгінгі күнге тарих пен көркем қиялды араластырып, толымды туынды жазу - уақыт талабынан туындайтын құбылыс екені белгілі.

Жазушы образдардың бет пердесін сыпырып, астарын ашып отырады, бірақ одан олардың көркемдігі кемімейді, керісінше бұрыннан келе жатқан дәстүрлі фольклорлық эстетиканы ығыстырып, С.Сматаевтың өз поэтикасын қалыптастырған элементтердің бірі болып саналады. Романдардағы кейіпкердің психологиялық жай – күйін, толғаныстарын ашудағы жанама психологизмнің маңызы жайында Б.Майтанов [5], Г.Пірәлиеваның [6] т.б. авторлардың еңбектерінде де айтылған. Адам психологиясын жанама түрде суреттеу С.Сматаевқа дейінгі авторларда да, фольклорда да кездесетінін атап өтуіміз қажет. Психологиялық процестердің сыртқы экспрессивті ерекшеліктерін суреттеу фольклордағы психологиялық анализдің қалыптасуының алғашқы кезеңіне тән. Бұл мәселе көптеген ғалымдардың еңбектерінде зерттеліп, көрініс тапты. Бұл зерттеулерден туындайтын негізгі пікір – фольклорда кейіпкердің ішкі сыры, психологиялық әлемі негізінен оның сыртқы пішінінен көрініс табу арқылы ашылады.

Аңыздың үшінші бөлігіне де, яғни жау батырын жекпе – жекте жеңіп, батырлық есім – «Абылайды» алуына да түрлі тарихи аңыздар негізі молынан кездеседі. Жоңғар шапқыншылығының қай шайқасында оның батырлық атақ алуы толығынан айтылмаған. Мұнан шығатын қорытынды, Абылай туралы аңыздардың дені, халықтың ханға деген сүйіспеншілігі арқасында фольклорлық негіздегі сюжетті алғандығын бағамдаймыз.

Бірақ осы Аңырақай шайқасында қазақ сарбаздары «Абылайлап!» жауға қарсы жалғыз шапқан Әділді - Әбілмансұрды таныды. Елі үшін өміренген сарбаздар Әділ - Әбілмансұрға Абылай деген ат берді. Диалогияда Абылай образы авторлық баяндаудан гөрі, ішкі толғаныс, әрекет үстінде көрініс табады. Абылайдың тарихи тұлғасы өз дәуіріне сай, тарихи фактілермен бірлесе алынған бейнесі өз дәуірінің кезеңдік сипатымен өзектес алынуы да, жазушының үдеден шыға білгенін байқатады.

Автордың өмірде болған, нақты ақиқат құбылыстарды ғана суреттеп қана қоймай, қажет болған жағдайда, құбылыстың мәніне тереңдеп барып, оны жан – жақты ашып көрсету мақсатында, ақиқаттар деректер беретін шындықты өз мұратына орай өзгерген немесе толықтырылған түрде пайдалануы елеулі табыстарға жеткізді. «Өйткені үздік шығарма – ұлы табиғат – ананың өзі іспетті, әркімге айтар сыры әр түрлі» [7, 73].

Жазушының ойлау парасаты мен шеберлігі жоғары суреткерлік тұрғы биігінде көрініп, парасаттылық шеберлікпен, ал шеберлік парасат пайымдылығымен ұштасқанда, тарихи туындыға қойылар басты шарт – тарихи шындық пен жазушы қиялы арасында көркемдік келісім, қанатты қиял, шалқар шабыт және туындының тағылымды жарасымы – салтанат құрады. Біз тоқталып отырған, С.Сматаевтың «Елім - ай» трилогиясын осы шарттарға толығымен сәйкес келеді.

Қорыта келгенде, ақиық ақындығымен қатар, ұлттық прозамыздың тарихи деңгейін тереңнен танытқан С.Сматаевтың «Елім - ай» трилогиясы ХҮІІІ ғасырда өмір сүрген қазақ халқының қантөгіс жылдардағы өмірін көркемдікпен бейнелеп берген, көлемді көркем шығармадағы заманымен үндескен тарихи тұлғаның үлгісін көрсеткен, қазақ тарихи прозасының маңдай алды кесек туындысы болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- 1.Қирабаев С. *Әдебиетіміздің ақтаңдақ беттері Алматы, білім, 1995. – 288.*
- 2.Сматаев С. *Елім-ай. Т.2. Алматы, Алманар, 2009. – 496.*
- 3.Дәдебаев Ж. *Өмір шындығы және көркемдік шешім Алматы, Ғылым, 1991. – 208.*
- 4.Гумилев Л.Н. *Көне түріктер Алматы, Білім*
- 5.Майтанов Б. *Қаһарманның рухани әлемі Алматы, жазушы, 1987. – 232.*
- 6.Пірәлиева Г. *Көркем прозадағы психологизмнің кейбір мәселелері Алматы, Алаш, 2003. – 328.*
- 7.Әбділдин Ж. *и др. Логико-гносеологический анализ науки. Теория познания диалектического материализма. Алматы, Ғылым, 1990. – 491.*

Кадеева Майра Исаковна

канд. филол. наук, доцент кафедры теоретической и прикладной лингвистики,
ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Астана, E-mail: kadmi_ru@mail.ru

Сыздыкова Гульбаршин Олжабаевна

докт. филол. наук, профессор кафедры казахского языкознания,
ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Астана, E-mail: go.syzdykova@mail.ru

Бектурова Жанат Базарбаевна

канд. филол. наук, доцент кафедры теоретической и прикладной лингвистики,
ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Астана, E-mail: bekturova.z@mail.ru

ПРАВОВАЯ ТЕРМИНОЛОГИЯ КАК ВАЖНЕЙШАЯ СОСТАВЛЯЮЩАЯ ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ ЮРИДИЧЕСКОЙ КОММУНИКАЦИИ

Түйін. Мақала құқық тілінде пайдаланылатын қазақ тілі заң терминдерінің лингвистикалық ерекшеліктерін зерттеуге бағытталған. Мақалада құқықтық терминологияның қазіргі қазақ тілінің жалпы лексикалық жүйесіндегі орны айқындалып, заң терминдерінің қазақ тілінің тілдік, логикалық және терминологиялық нормаларына сәйкестігі нақтыланған.

Түйін сөздер: қазақ терминологиясы, заң термині, аталым, терминдік элемент.

Резюме. Статья посвящена исследованию лингвистических особенностей используемых в языке права юридических терминов казахского языка. В статье определено место правовой терминологии внутри общей лексической системы современного казахского языка, обосновано соответствие юридических терминов языковым, логическим и собственно терминологическим нормам казахского языка.

Ключевые слова: казахская терминология, юридический термин, номинация, терминологический элемент.

Summary. The article investigates the linguistic features used in the language of law legal terms of the Kazakh language. The article defines the place of legal terminology within the General lexical system of modern Kazakh language, proves the compliance of legal terms linguistic, logical, and actually the terminological norms of the Kazakh language.

Keywords: Terminology, juridical term, nomination, terminological element.


Межкультурная профессиональная коммуникация занимает особое место в современном мире. Бурное развитие науки и техники, интенсивный обмен научно-технической информацией, разработка перспективных научных направлений способствует пониманию значимости эффективного профессионального общения. Не осталась в стороне от этого процесса и область юриспруденции. Широкое развитие экономического партнерства, культурного сотрудничества требует регламентации юридической терминологии, квалифицированной

консультативной помощи со стороны юристов и их участия в переговорах, деловых встречах, в составлении документации. Становление новых независимых государств на постсоветском пространстве ознаменовало развитие национальных правовых систем, стремящихся создать свои формы правового государства. При этом профессиональная сфера юриспруденции обращает пристальное внимание на правовую терминологию как ключевое звено юридического текста и важную составляющую профессиональной юридической коммуникации.

Юридическая терминология является важным разделом терминосистемы современного казахского языка, который в отличие от других пластов терминологической лексики характеризуется большим разнообразием сфер применения (термины конституционного, гражданского, административного, трудового, уголовного, семейного, гражданско-процессуального и т.п. права). В настоящее время юридическая терминология казахского языка представляет собой структурно упорядоченное множество используемых в языке права терминов, характеризующихся иерархичностью в построении и цикличностью развития.

Как известно, юридический термин представляет собой слово (словосочетание), назначение которого – дать «обобщенное название закрепленному в законодательстве правовому понятию, имеющему точный и определенный смысл и отличающимся смысловой однозначностью, функциональной устойчивостью» [1]. Выполняя функцию обозначения специальных понятий, юридические термины обладают общими признаками, к числу которых относятся четкая сфера применения, точное соотношение слова и отображаемого им объекта действительности, однопонятийность, семантическая целостность, независимость от контекста [2].

* Исследование выполнено в рамках реализации научного проекта «Разработка методологии и научно-методических основ формирования лингвистических компетенций студентов в контексте модернизации профессионального образования в Республике Казахстан» на основе грантового финансирования научных исследований Министерства образования и науки Республики Казахстан на 2015-2017 гг.



Современная юридическая терминология казахского языка может быть классифицирована по разным основаниям: 1) сфере применения; 2) стилю изложения; 3) степени распространенности; 4) происхождению (см. Схему 1).

Основу казахской юридической терминологии образуют используемые во всех сферах юридической деятельности и правовых актов многочисленные научные термины, изменяющиеся по мере развития юридической науки. Так, в настоящее время в казахстанской юридической сфере наблюдаются ускоренные темпы развития процесса правотворчества, которые не всегда положительным образом влияют на использование терминологии. При этом статус нормативно-правовых терминов приобретают лишь наиболее точные термины, которые обозначают самые важные юридические понятия, имеют точный и определенный смысл, отличаются смысловой однозначностью.

Систематизировать и унифицировать терминологию права на всех необходимых уровнях – содержательном, логическом и лингвистическом – способствуют юридические словари на государственном и русском языках. Так, наиболее общее представление о современном терминологическом составе казахстанского законодательства дает «Казахско-русский / русско-казахский словарь юридических терминов и понятий» (2008), содержащий около 30 тыс. терминов и понятий, иллюстрированных обширным цитатным материалом из текстов актов казахстанского гражданского, уголовного, административного, уголовно-исполнительного, гражданско-процессуального права [3].

Терминографическая работа по кодификации юридической терминосферы способствует ее унификации и систематизации. Так, юридические термины казахского языка впервые были рассмотрены в терминологическом словаре «Пән сөздері» («Предметные слова») под ред. Н. Каратышканова,


выпущенном в 1927 году в г. Кызылорде, например: агит суд – үгіт соты, подсобник – көмекші, уголовно-процессуальный кодекс – қылмыстық істерді жүргізу заңы [4]. В 1986 году в г. Алматы был опубликован «Русско-казахский толковый словарь юридических терминов» под ред. А. Абдирахманова (сост. С. Байсалов, М. Уалиев, К. Абжанов и др.), в котором многие из юридических терминов были сформулированы на основе действующего законодательства [5]. Наиболее употребительные в повседневной юридической практике термины зафиксированы в «Толковом словаре юридических терминов» Г. Сапаргалиева, например: корғаушы (адвокат), әкімшілік жауаптық (административная ответственность) [6] и др.

Как показал анализ лексикографических данных, семантика большинства юридических терминов казахского языка складывается из семантики составляющих его элементов, ср.: заңтану (юриспруденция), құқық (право), әрекет (действие), қақтығыс (конфликт), жаза (наказание, расплата), сараптама (экспертиза), айғақ (показания), үкім (приговор), талап (иск), бап (статья), рақымшылық (амнистия), тараптар (стороны), тергеуші (следователь), сезікті (подозреваемый), жәбірленуші (потерпевший), оралман (репатриант), тәркілеу (конфискация), қамау (арест), салық (налог), алқа (коллегия), бопса (шантаж), жалдамалы (наемник), болжам (гипотеза), теріс ақпарат (дезинформация), іс, оқиға (прецедент), пәтуа, келісім (консенсус), төрелік (арбитраж), абырой (достоинство), зиян (ущерб), іс жүзінде (де-факто), заң жүзінде (де-юре) и др.

Языковая природа юридических терминов современного казахского языка определяется, в первую очередь, способом их образования (см. Схему 2). При этом структурные типы юридических терминов, как правило, отражают характерную для казахского языка традицию номинации поня-

тий посредством словосочетаний. Основная масса юридических терминов представляет собой терминосочетания двух, трех и более слов, ср.: алдын-ала тергеу (дознание), лауазымды тұлға (должностное лицо, уполномоченный), жетекші орындағы адам (лицо, занимающее лидирующее положение), сөз айласы (речевая манипуляция), билік өкілі (представитель власти), экстремистік қылмыстар (экстремистские преступления), адамды пайдала-

ну (эксплуатация человека), қоғамдық бірлестік лидері (лидер общественного объединения), денсаулыққа келтірілген ауыр зиян (тяжкий вред здоровью), отбасылық-тұрмыстық қатынастар (семейно-бытовые отношения), әскери-қылмыстық құқық бұзушылықтар (воинские уголовные правонарушения), қылмыстық іс-әрекеттерді үйлестіру (координация преступных действий) и др.



В качестве первой части в составе двухкомпонентных терминосочетаний чаще используются имена прилагательные. Нередко на базе одного прилагательного, представляющего собой гнездовое слово, образуются отражающие близкие понятия сочетания. Так, например, в 30-томном Терминологическом словаре казахского языка (Алматы, 2014) на базе сочетаний имен прилагательных с разными непроизводными словами или с помощью присоединения суффиксов содержится более 70 терминов с прилагательным правовой (құқықтық реформа – правовая реформа, құқықтық сана – правовое сознание, құқықтық саясат – правовая политика и др.); 36 терминов с прилагательным экспертный (сараптамалық ахуал – экспертное состояние, сараптамалық зерттеу – экспертное исследование, сараптамалық мекеме – экспертное учреждение и др.); более 200 юридических терминов с прилагательным судебный (сот билігі – судебная власть, сот сараптамасы – судебная экспертиза, апелляциялық сот – апелляционный суд, сот-медициналық сараптама – судебно-медицинская экспертиза, соттағы өкілдік – представительство в суде, сот ұсынысы – представление суда и др.).

Закон регулирует нормативно-правовые отношения во всех сферах жизни казахстанского обще-

ства, в связи с этим терминология юридического языка характеризуется неоднородностью функционирования. Выделяются термины: 1) общеупотребительные, используемые в повседневной жизни: қылмыскер (преступник), күдікті (подозреваемый), заң (закон), құқық (право), айыппұл (штраф), жаза (наказание), қылмыс (преступление), тәртіп (порядок, дисциплина); 2) специально-юридические, обладающие особым правовым содержанием: тұрақсыздық айыбы (неустойка), талап арыз (исковое заявление), егемен (суверенитет), жылжымайтын мүлік (недвижимое имущество), кассация, демпинг, клиринг, коллегия, аккредитив; 3) специально-технические, функционирующие в отдельных отраслях знаний (техники, экономики, медицины): техникалық шешімдер сараптамасы (экспертиза технических решений), індет (эпидемия), трансакция, пайда нормасы (норма прибыли) и др.

Как известно, формирование казахской юридической терминосистемы представляет собой длительный процесс, охватывающий все основные этапы исторического развития казахского государства и права, отражающие дух национальной истории, языка. На протяжении большого периода времени правовые нормы обычного права не были закреплены, но многие из них сохранили

свою регулятивную роль в традициях, обычаях, этикете вплоть до новейшего времени. Многие бытовавшие в устной речи изречения, пословицы, афоризмы отражали специфику степного обычного права: Дәлдеп атып жауды өлтір, дәлдеп айтып дауды өшір (Меткий выстрел врага разит, меткое слово спор гасит); Бидің билігі жұртың бірлігі – халықтың бірлігі ханның тірлігі (Бийство у биев служит единогласием народа, от единогласия народа зависит существование хана); Әр елдің заны баска (Каждому свой закон); Тамыр түбі тартыс, достық түбі – айтыс («Тамырство» ведет к тяжбе, а дружба ведет к состязанию); Билік айтқан би емес, бітім айтқан би болар (Не тот бий, кто ограничивается одним решением, а тот бий, кто приводит решение к исполнению); Жазалы ұрының бір беті қара, жазалы айғақтың екі беті қара (У уличенного вора одна щека черная, у уличенного лжесвидетеля – обе); Күдікті зат табылса – сый табылмас (букв.: Если отыщется поличное, не отыщется вознаграждение) и др.

Значительное количество юридических терминов и понятий, отражающих правовую систему кочевников, было зафиксировано в письменных правовых источниках на древнетюркском, кыпчакском, казахском, уйгурском, монгольском языках. Ср. лексемы тюркского происхождения, сохранившие свою дефиницию в современном юридическом языке: борыш (обязанность; долг), іс (дело, повинность), айып (наказание, взыскание, штраф), қорғау (защита), қорғаушы (защитник), үлес (доля, пай, часть), ант (присяга, клятва), ант қабылдаған (присяжный, присягнувший), сый (дар, подарок), баға, құн (цена, стоимость), жаза (наказание), жал, жалдану (наем), салық (налог, пошлина), қылмыс (проступок, невольное преступление), күш (действие, действительность; сила), айыптау, жазалау (обвинять; наказывать), татуластыру (мирить, примирять), караушы, бақылаушы (смотритель, наблюдатель, надзиратель), татуластырушы (примиряющий, примиритель) и др.

Закономерным языковым процессом в сфере национальной терминологии стало освоение языком юриспруденции иноязычных терминов. Так, под влиянием ислама, шариата, мусульманского образования закрепились лексемы арабского и персидского происхождения, ср. такие адаптированные к фонетическому строю казахского языка юридические термины, как: азаттық (свобода), ереже (назидание; наказание), кепілдік (поручительство), мүлік (недвижимое имущество), пайда (прибыль), ұрлық (воровство), кепіл (залог), куә (свидетель), куәлік (свидетельство; свидетельское показание), кінәлау (обвинять) и др.

Современный терминологический аппарат действующего казахстанского законодательства сформирован разными способами языкового заимствования, представленными транскрипцией,

транслитерацией, калькированием; среди них выделяются также лексические полукальки – слова, объединяющие в себе дословно переведенные заимствованные и казахские словообразовательные элементы. Главной предпосылкой для введения иноязычных терминов, ставших достоянием современной правовой системы казахского языка, является интернационализация юридической терминологии. Однако наряду с терминологизацией как наиболее продуктивного способа терминологической номинации, в результате которого общепотребительные в казахском языке лексемы наделяются специальным правовым значением, современная казахская юридическая терминосистема широко использует и такой способ формулирования нормативных предписаний, как заимствование.

Языковое заимствование как естественный процесс развития и формирования любого языка является распространенным в языке казахской юриспруденции, ср. греческие (автономия, синдикат, ипотека), латинские (вето, юстиция, нотариус, патент, инфляция), французские (прокурор, гарант, франшиза, афера), английские (лизинг, чек, траст, дилер, брокер), немецкие (полиция, банкрот, консул, электорат, рента) и др. правовые термины и понятия, оказавшие в разное время большое влияние на становление казахской терминосистемы. Терминологическая система казахского языка содержит также русизмы, сосуществующие параллельно либо вытеснившие в свое время казахские эквиваленты: сот (төрә, жарғы, юрисдикция), судья (төрәші, жарғышы, би), норма (йергә); некоторые из русизмов прошли фонетическую адаптацию и пишутся в соответствии с их звучанием в казахской разговорной речи.

Большей частью терминологическое наполнение юридического языка происходило с помощью рецепции (лат. *receptio* – ‘принятие’), при этом большинство из интернациональных юридических терминов было заимствовано из языка римского права, которое когда-то называли «писаным разумом» (*ratio scripta*), ср. латинизмы: адвокат < *advocatus* (*advoco* – ‘приглашаю’), кодекс < *codex* (‘книга’), алиби < *alibi* (‘в другом месте’), аффект < *affectus* (‘душевное волнение’, ‘страсть’), апелляция < *appellatio* (‘обращение’), баланс < *bilanx* (букв. ‘из двух чаш’), санкция < *sanctio* (‘строжайшее постановление’), геноцид < *caedo* (‘убиваю’), акция < *actio* (‘движение, действие, поступок’), валюта < *valēre* (‘цениться’, ‘стоять’), инсинуация < *insinuatō* (‘вкрадчивость’), аннексия < *annexus* (‘присоединенный’), транзакция < *transactio* (‘соглашение, сопровождаемое взаимными уступками’) и др.

Заимствованный характер носят юридические термины, образованные в казахском языке на базе транслитерации, предполагающего заим-

ствование термина из одной терминологической системы в другую. В основе словообразовательного калькирования (чаще – при помощи полукалек) лежит принцип конструирования термина на базе казахского и иноязычного лексического материала, в частности с помощью интернациональных терминологических элементов: 1) корней: құқықтық норма (правовая норма), лицензиялық шарт (лицензионный договор), салық полициясы (налоговая полиция), нотариалдық алым (нотариальный сбор), биржалық мәміле (биржевая сделка), авторлық қадағалау (авторский надзор); коммерциялық өкілдік (коммерческое представительство), терроризм актісі (акт терроризма), аффилирленген тұлға (аффилированное лицо), деликтқабілеттілік (деликто-

способность), субсидиялық жауапкершілік (субсидиционная ответственность), моральдық зиян (моральный вред); 2) аффиксов: макроструктура – макроқұрылым.

Вместе с тем анализ лексикографических источников показал, что юридическая терминология казахского языка содержит такие нежелательные явления, как межнаучная терминологическая омонимия и синонимия, произвольная вариативность терминологических форм, нечеткое определение многих терминологических дефиниций, необоснованное введение иноязычных терминов, распространение немотивированных или ложноориентирующих терминов.

Омонимы	Синонимы	Антонимы
Бас ¹ маман (главный специалист) Бас ² прокуратура (генеральная прокуратура) Бас ³ келісім (генеральное соглашение)	адвокат – қорғаушы, айғақ – дәлел, абақты – түрме, қамауға алу – тұтқынға алу, құқық бұзушылық – деликт, оқиға – қазус	сотталу – еркіндікке шығу, жала жабу – ақтап шығу, қамауға алу – босату

Совершенствование законодательных формулировок направлено на постепенное размежевание параллельных синонимических форм, акцентирование внимания на особых, специфических для того или иного вида права, смысловых оттенках их значения в общей терминологической системе казахского языка. Ср., например, отличающиеся стилистическими оттенками варианты взаимозаменяемых терминов, которые употребляются в официально-деловом и публицистическом стилях:

низамшы билік – заң шығарушы билік (законодательная власть).

Наличие взаимозаменяемых специально-юридических терминов, нередко конкурирующих в разговорной речи во время судебного процесса, ведет к неточности их трактовки в законодательной практике, возникновению разных интерпретаций правового характера, что может привести к ошибкам в практической деятельности, ср. данные терминологических словарей.

Ғ. Сапарғалиев	«Казахско-русский / Русско-казахский «Толковый словарь юридических терминов» (Алматы, 1995) терминологический словарь»: В 30 томах, Алматы, 2014
сотта істі қарау	сот талқылауы (судебное разбирательство)
адвокат	қорғаушы (адвокат)
мұрагерлік	мұраға алу (наследование)
талаптың ескіруі	талаптың көнелігі (исковая давность)
айып төлеу	тұрақсыздық айыбы (неустойка)
қатерлі қауіп көзі	жоғары қауіптілік көзі (источник повышенной опасности)
пәтуа	келісім (консенсус)

Таким образом, терминологическая система современного казахского языка, в том числе и юридическая, обладает общими и частными особенностями своего языкового устройства. Это выражается в том, что научные, отраслевые, профессиональные и др. специальные понятия, какой бы понятийно-содержательной сложностью они не обладали, получают свою языковую объективизацию и язы-

ковую репрезентацию через определенные категории языка, в частности, номинативные, лексические средства и способы номинации, языковую деривацию, через слово- и фразообразование, через заимствование, калькирование и т.п.

Исследование казахскоязычной юридической терминологии имеет большое значение не только в теоретическом, но и в практическом плане. Это

обусловлено острой нехваткой учебных пособий и словарей для специалистов, характер работы которых связан с применением юридической терминологии. Существует насущная необходимость подготовки специалистов по юридическому переводу, способных адекватно переводить на казахский язык юридические тексты разных жанров в письменной и устной форме, а без специальных учебников и словарей такая задача трудно выполнима.

В рамках исследования отдельных сторон существования и функционирования языка права в современном казахском языке вопросы номинаций правовых понятий и терминов занимают значительное место и в качестве средства профессиональной коммуникации. При изложении содержания закона или иного нормативного юридического акта авторы юридических текстов должны обращать пристальное внимание на смысловую точность, однозначность, функциональную устойчивость юридических понятий, максимальную лаконичность юридического текста. От правильного использования нормативных правовых терминов, точного и ясного формулирования правовых предписаний во многом зависит эффективность действия правовых норм, поскольку именно термины призваны обеспечить наиболее точное, краткое и информативное изложение содержания нормативных правовых актов и способствовать в целом дальнейшему совершенствованию всей правовой системы Казахстана, а также эффективной защите и реализации прав граждан.

Литература

1. *Язык закона / Под ред. А.С. Пиголкина. – М.: «Юрид. литература», 1990. – 200 с.*
2. *Милославская Д.И. Типовые трудности семантической интерпретации юридического текста // Юрислингвистика-2: Русский язык в его естественном и юридическом бытии: сб. ст. / Под ред. Н.Д. Голева. – Барнаул: Изд-во Алтайского университета, 2000. – С. 103-116.*
3. *Казахско-русский / Русско-казахский словарь юридических терминов и понятий: В 2-х ч. – Астана: ТОО «Институт законодательства РК», 2007.*
4. *Қаратышқанов Н. Пән сөздері. – Алматы: «Ер-Дәулет», 2004. – 128 б.*
5. *Заң терминдерінің орысша-қазақша түсіндірме сөздігі / Құрастырушылары С. Байсалов, М. Уәлиев, К. Әбжанов, А. Бұлғақбаев, Ө. Жекебаев, Ғ. Сапарғалиев, Ғ. Төлеуғалиев, О. Ихсанов; Жалпы редакциясын басқарған А. Әбдірахманов. – Алматы: «Қазақстан», 1986. – 256 б.*
6. *Сапарғалиев Г.С., Ибраева А.С. Толковый русско-казахский словарь юридических терминов. – Алматы: «Жеті жарғы», 1995.*

ЖАЗУШЫНЫҢ ТІЛДІК ТҰЛҒАСЫН ДАРАЛАЙТЫН ТІЛДІК ТАҢБА

Түйін. Мақалада М.Әуезов драмаларындағы орыс тілінен енген сөздердің қолданылуы туралы айтылады.

Резюме. В статье рассматривается особенность использования русских слов в драматических произведениях М.Ауэзова.

Summary. The article deals with the peculiarities of russian words used in dramatic works by M.Auezov.

«Тілдік тұлға» мәселесіне өткен ғасырдың 80-жылдарынан бастап ерекше көңіл бөліне бастады. «Тілдік тұлға» мәселесіне алғаш назар аударған неміс ғалымы – Й. Вейсбергер болды. Орыс лингвистикасында В. Виноградов тілдік тұлғаны «автор тұлғасы» және «кейіпкер тұлғасы» ретінде сипаттаса, А. Леонтьев оны «сөйлеуші тілдік тұлға» ретінде айқындайды.

Г. Богин «сөзді өзі шығарып, айтуға және қабылдауға дайын» адамды тұлға ретінде таниды. Ю. Караулов тілдік тұлғаны «мәтін түзіп, қабылдай алатын күрделі тілдік құрылым деңгейі; ақиқат дүниені терең және нақты бейнелей алатын; анық мақсатты бағыты бар адам» деп сипаттайды [1].

Ю. Караулов көркем мәтінді тірек ретінде ала отырып, тілдік тұлғаның үш деңгейін, атап айтқанда:

1. вербальды-семантикалық деңгей;
2. когнитивтік деңгей;
3. прагматикалық (мотивациялық) деңгейді көрсетеді [2, с. 63].

Вербальды-семантикалық деңгейде тілдік тұлғаның күнделікті қарым-қатынас тілін меңгеру деңгейі анықталады. Бұл деңгейге автордың өзіндік сөз қолданысы, әртүрлі образдар көрінісінің қолданылу дәрежесі, тілдік тәсілдердің сонылығы, түр жаңалығы, сема ерекшеліктері енеді. Бұл тілдік тұлғаның бастапқы таным көрінісін ашағын деңгей болғандықтан, ол кейде «нөлдік деңгей» деп те аталып, тілдік тұлғаның тілді қолдану ерекшелігі басым түрде әңгіме болады.

Тілдік тұлғадағы жекелік тілде ішкі қарым-қатынас пен тілдік мағыналарды жеке ұғыну арқылы қалыптасады, алайда тілдік тұлғаның тілдік дәстүрлерді қалыптастыруға әсер ететінін де ескеру қажет. Әрбір тұлға өзіне дейінгі сөздік қорды, тілдік байлықты игеріп, бойына жинақтау арқылы нақты адам болып қалыптасады. Нақты тұлғаның тілі жеке тілдік ерекшеліктерден тұрады. Тұлғаның ұлттық өзгешелігі барлық этнос элементтеріне тән қайталанбас сәйкестіктен тұрады, қарым-қатынас жүйесі мен құндылықтарды қамтиды, ол белгілі

бір ұлт өкілінің басқалармен қарым-қатынасынан, яғни диалогінен көрінеді.

Ұлттық мәдени құндылық ретіндегі ұлттық тілдік мұраны, ұлттық ділді, ұлттық психологияны терең меңгерген М. Әуезовтің тілдік тұлғасын зерттеудің ұлттық болмыс пен халықтық дүниетанымды тануда ерекше маңызды. М. Әуезовтің тілдік тұлға ретінде тыңдаушысына «сөз қуаты арқылы ой қозғайтындай» әсері мол драмалық шығармаларындағы кейіпкерлерінің аузына «мәні терең, бояуы қанық» сөз сала алуы, өзіндік дүниетанымы кең, ұлттық өреден адамзаттық ауқымға көтеріле білгені, тілдің дамуына орасан үлес қосуы, шығармалары күні бүгінге дейін ұлт кәдесіне жарай алғаны оның шын мәнісінде тілдік тұлға феноменіне айнала алғанын дәлелдейді.

Тұлғаның белгілі бір лексикалық бірліктерді таңдауы оның рухани әлемінің бейнесін танытып, тілдік құзіретін білдіреді. Олай болса, біз үшін Мұхтар Әуезовтің тіліндегі кірме сөздерді, көп мағыналы сөз құрылымынан өзіндік мағына таңдап қолдануын, жеке ассоциацияларының жүйесін қалыптастыруын зерттеу вербальды-семантикалық деңгейдің өзінде-ақ жазушының тілдік тұлғасына тән ерекшеліктерді табуға көмектесіп, кейінгі деңгейлерді таразылауға негіз қалайды. Ю. Караулов тұжырымдаған «өзінде психологиялық, әлеуметтік, этикалық құндылықтары арқылы, дискурсы арқылы сіңірген толыққанды тұлға» [2, с. 19] мәселесін сөз етпекпіз.

М.Әуезов драмаларында орыс тілінен енген сөздер орыстың, батыстың классик жазушыларының пьесаларын қазақ тіліне аударған туындыларында жиі кездеседі. Пьесалардағы кісі аттары, жер-су аттары, оқиға өтетін ортаны сипаттағанда, сонымен қатар кеңес үкіметі кезіндегі халық өмірінің сан қилы тақырыптарын қамтыған төл туындыларында суреткер ғылым мен техниканың, қоғамның саяси дамуын сипаттауда кірме сөздерді қолданған. Пьеса тілінде орыс тілінен кірген 37 сөз 1730 сөз форма түрінде қолданыста жұмсалған екен, оның 144 сөз формасын тек зат есімдер түзеді екен [3, 57-66].

Жазушы тілінде орыс сөздерін қолданудың бірнеше тәсілі кездеседі:

1) орыс тілінен кірген бір топ сөз фонетикалық ассимиляцияға ұшыраған: бөтелке, желетке, кнежке, пешетте, нәселке, жәмшік, тәшке, кашайт, песір, маладес, спесік т.б. Бұлайша қолдану арқылы жазушы оқырманына пьесаға қатысушы кейіпкер туралы мағлұмат береді. Мысалы:

Тәнеке. ... Сал, әпкел мұнда спесігінді, жетпегенін толтырайық деп келдік, түге.

Болыс. Ауыртпалық көтерісейін деген екенсің ғой. Бүйтпесең елдік істейтінің рас, Тәке!

Жантас. Ауыртпалық біздің ауыртпалық қой. Ел болып келгеніміз сол. Сондықтан спесікте біздің спесігіміз болсын. Тәнекенің айтқаны рас, спесікті беріңдер, келгеніміз сол.

Бөрібасар. Спесікті қолымызға беріңдер [4, 132]. Сонымен бірге дәл осы сөздер шығармада өзгеріске ұшырамай, сол күйінде кездесетін кездері де бар:

Кәрім. Өзі, бір кемпірдің жалғыз баласы екен, бұндайлар мына списокке ілінбесе керек еді ғой.

Нұрқан. Өзі ілінгісі келген соң бола ма?

Жүзтайлақ. Ілінбейтін қылығы бар ма?

Бұл жерде Тәнеке, Жантас, Бөрібасар – қарапайым ауыл адамдары ретінде суреттелсе, Кәрім орысша оқыған адам ретінде бейнеленген. Сондықтан жазушы орыс сөздерін өзгертіп не өзгертпей қолданғанда белгілі бір мақсат көздеген.

Шен – қазақ, қарақалпақ, әзірбайжан, қырғыз, татар тілдерінде «мәнсап, ұлықтық белгісі» деген ұғымды білдіретін шен атауы орыс тіліндегі чин, чиновник сөздерімен түбірлес, байланысты болуы керек. Шен атауының қазақ тілінде тым ертеден қолданылғандығы туралы қолымызда әзір дерек жоқ, осыған қарағанда, шен сөзі қазақ тіліне орыс тілінен ауысып келген болар деп топшылаймыз. Чин сөзі жөнінде Шоқан Уәлиханов былай дейді: «Қытайда барлық халық мин және чен деп екі топқа (сославиеге) бөлінеді. Мин – халық бұқарасы, ал чен болса барлық қызметкер, атап айтқанда, патшаның қызметкерлері болып есептеледі. Орыстың чиновнигі қайдан шыққан? Осыған байланысты біреулер «обрядчик, урядчик» мағынасында шіркеудегі чиновниктен (архиер алдында оқитын бала) алынған» десе, тағы біреулер қытайдың чен сөзінен шыққан дейді [5, 220]. Академик В. Васильев шен атауы жөнінде «Қытай тарихында болған оқиғалар аз емес, соның бірі қытай императорлары өздерін шетел хандарының қызметкері (чэн) деп те атаған. Хань династиясында басталып, Тань династиясының тұсында да осылай болған. Алайда олар таққа мықты орнығып алған соң, енді билеушілерден (кейінгі уақытқа дейін Аннам, Бирма, Непаль және Кореядағыдай) өз қағаздарында өздерін тек чэнь деп атауды талап еткен [5, 221 б.] Демек, шен атауы қытайдың монархиялық замандағы чэнь – министр, вельможа, немесе чэнь – атақ не болмаса цин сановник, канцлер деген сөздерінен ауысқан болуы керек [5, 221 б.].

Жазушы тілінде кеңес тұсындағы тарихи сөздер молынан ұшырасады. Кейбір орыс сөздерінің қазіргі баламасы қолданыста жүр. Мысалы, центр – «орталық», «кіндік», совет – «кеңес» т.б. Мысалы:

Шағабутдин: Енді мәжіліс ревком фракциясы мен обком партияның біріккен мәжілісі деп саналсын [2,163 б.].

Бөлтірік: Қамбар, енді дирекциямыз болсын, политотделіміз болсын, мына шабандар арасының социалдық жарысына орай және барлық жаңа екпінділеріне орай, біз нені уәде қыламыз? [2,427 б.].

М. Өуезов драмаларында әскери терминдер өзгеріссіз, молынан қолданылады.

Панфилов: Жоқ, мен талай айттым ғой. Резервтің кезін өзім айтамын, мақұл, бар. Сол жерге жетісімен маған хабар ет! [2, 55 б.].

Намысұлы: Сіз артиллериямен резервті дер кезінде, дәл кезінде беріп, батальонға абырой алып бердіңіз. Аман алып қалдыңыз, рақмет сізге [2,70 б.].

Резерв – белгілі бір уақытқа дейін сақталатын және жағдайдың өзгеруіне, жаңа міндеттердің тууына байланысты іске қосылатын әскер, әскери техника, қару-жарақ, материалдық қор [8, 102 б.].

Артиллерия – 1. Құрлықтағы негізгі әскер түрінің бірі. 2. Қару түрі немесе дәрімен атылатын қару-жарақтың және жабдықтың жиынтығы. 3. Дәрімен атылатын қару түрінің құрылысын, ерекшеліктерін, ұрыста қолдану тәсілдерін зерттейтін әскери ғылымның бір саласы [8, 57 б.].

«Намыс гвардиясы», «Бес дос», «Сын сағатта» – Ұлы Отан соғысы тақырыбына арналған шығармалар. Бұл драмаларда жоғарыда келтірілген мысалдармен қатар батальон, дивизия, командир, взвод, рота, штаб, санбат, генерал, лейтенант, полковник, гвардия, снаряд т.б. әскери термин атаулары кезігеді. Олардың әрқайсысының өзіндік ерекшелігі бар.

Жазушы түсінбестікке жол берілмеуі үшін әр терминді өзі еркін тани, айыра білуі тиіс болғандықтан, драмаларында тыңдарманына қолданылған термин туралы ақпарат беріп отырады. Мысалы:

Григорьев: Я, бір емес, екі сый берген. Біздің 316-дивизия бұдан былай ол ат емес, қасиетті зор атпен аталады. Ең әуелі біздің дивизияға гвардия атағы берілген. Біз бұдан былай 8 - гвардия дивизиясы аталамыз [4, 93 б.].

Осындағы гвардия сөзінің мағынасы (итальянша «күзетші, қарауыл, бақылаушы» дегенді білдіреді) жақсы сұрыпталмаған қарулы күштер құрамы [30].

Дивизия – полктерден, арнайы әскерлерден тұратын негізгі тактикалық құрама [8, 53 б.]. Сондықтан 8-гвардия дивизиясы атауы – сол бөлімше әскерлерінің ерен ерлігін, ерекшелігін білдіретін тіркес болып табылады.

Сондай-ақ автордың драмалық туындыларынан әскери терминдердің өте ұтымды қолданыс тапқанын байқадық:

Ербол (команда). Төртінші батарея, төртінші минометтен, жақын бомбардировщикке он снаряд. Огонь! (Алыста миномет атқылайды).

Мальцев. От шыққан жерді іздеп жүр... Тақап жүр. Біздің батареялардың үстінен өтті, әлі тапқан жоқ!

Ербол. Төртінші миномет... Маскировка! (Снаряд үндері)

Мальцев. Тастады бомбасын, тастап барады... Дивизияны таптым деді. Маскировканы бомбалап барады» [4, 123 б.].

Осындағы огонь, маскировка, батарея, бомбардировщик, миномет сөздері – әскери терминдер. Бұл терминдер қазіргі тілдік қолданыста да кездеседі. Бірақ тілдің белгілі бір дәуірде дағдарып қалмайтынын білеміз. Бұл термин сөздер қазіргі таңда аударылып, қазақша балама атауларына ие болған. Ал М.Әуезов драмалары дүниеге келген дәуір – бұл атаулардың біздің лексикамызға енді ене бастаған дәуірі еді.

Жазушы қолданған биология ғылымына қатысты терминдерге тоқталсақ:

Сәлім. Мәні сол-ау... Мен мына горсовет дачасының жанындағы Воронин деген шалдың бағын көріп ем. Мына бақтың болашағы содан қара үзіп кетпей ме, қалай?

Катя. А, сіз Мичуриннің белплер-рекорд деген бірінші сорт выставкелік алмасы қайдан шыққанын білесіз бе?

Сәлім. А, Невский алмасына анисовканы араластырудан тапқанын айтпақ шығарсыз.

Әли. Ендеше, сол Невский осы Алматының Ворониндей-ақ шалы

болатын (Жастар күледі).

Сәлім. Ол мысалы сіздерге пайда бермес, қайта маған дәлел болар. Мәселе Невскийдің алмасында емес, Мичуриннің гибридизацияларында, ғылыми әдісінде шығар» [4, 95 б.].

Бұл мысалдағы анисовка, гибридизация, Невский алмасы, Мичурин белплер-рекорды биология ғылымының термин сөздер қатарына жатады.

Анисовка (анис) – 1. Однолетнее травянистое растение с пахучими семенами сладковато-пряного вкуса, содержащие маслянистые вещества. 2. Сорт яблок, прилагательное анисовый. Анисовое масло – масло из семян.

Гибридизация – процесс получения гибридов. Вегетативная гибридизация.

Сәлім мен Әли арасындағы диалог олардың өсімдік жайын зерттейтін институтта оқитындарын тағы да нақтылап, шегендеп тұр. Яғни, кейіпкер сөзі, оның сөз саптауы кейіпкер мінезіне, мамандығына сайма-сай. Мысалы:

Балашов: . Саулық қойлар жүнінің әр талының жіңішкелілігі бредфорд классификациясы бойынша 64 салалы 21.9 микрон еркек койдікі – 60 салалы 24.4 микрон» [4, 291 б.].

Бектенов: Жаңағы деректердің бәрі дұрыс, рас. Фенотиптік ерекшелік жағынан бұның бәрі нәтиже есебінде мәлім. Бірақ осыған биологиялық, жүйелік дәлелдер қажет. Оған химиялық анализ шарт. Сол жаңа тұқымның анатомиялық, физиологиялық қандай өзгерістері бар екенін айта аласыз ба, профессор? [4, 291 б.].

Осындағы микрон сөзі – метрдің миллионнан бір бөлігі.

Жоғарыдағы мысалда да арнайы терминдік атаулар (бредфорд классификациясы, фенотип, анатомиялық, физиологиялық тағы басқа) арнайы терминдік атаулар (малшаруашылыққа қатысты) кезігеді. Бұл терминдердің қолданылуында да өзіндік мақсат көзделген.

М. Әуезов кейіпкерлерінің сөздері арқылы терминдерге анықтама береді. Бұл – жазушының тыңдарманына шығарманың ұғынықты, жетімді болуы үшін жасалған әрекеті:

Балашев. Академик Иванов қазақ қойы туралы үлкен ғылымдық қорытынды жасау үшін зерттеді. Бұл тұқымның қасиетін атай отыра барлық сипаты табиғи сұрыптаудан ғана пайда болған. Онда селекцияның қатынасы жоқ еді. Ал селекциясыз жаңа түрлі мәдениетті қой шаруасын жасай аламыз ба, жоқ па? Жоқ, әрине. Сіз бен біз селекцияны қажет десек, қолдансақ қана ғылым қайраткері боламыз. Одан бас тартсақ – кімбіз? Жабайы мал мен жабайы ғана түрдегі көшпелілікті қолдансақ, кім боламыз?

Бектенов. Сіздің селекцияңыз не берді, не тапты? Тапқаныңызды кім таныды? Тапқаныңызды кім таниды? [4, 246 б.].

Осындағы селекция термині малшаруашылыққа байланысты. Бұның қандай мағына берері адресантқа түсініксіз болуы мүмкін. Осындай сәттерде автор кейіпкердің түсіндіре кетуіне мүмкіндік береді. Жоғарыдағы мысалда ол ұзақ анықтама беру барысында, мәтіннің ортақ мазмұны арқылы анықталған.

Қамбар. Ал не жөнінде істейсіндер, мамандықтарың не?

Шәкен. Менікі тұқым асылдандыру – селекция. Алатай. Менікі жайылыс мәселесі – нагул.

Алтын. Менікі асырау мәселесі – кормление [4, 433 б.] деген мысалдан парафраз арқылы жазушы селекцияны кейіпкерінің өзіне анықтатып тұр.

Сонымен, Әуезовтің кеңестік кезең өмірін бейнелеуге арналған шығармаларында термин сөздер мольнан кезігеді. Оған себеп сол дәуірдегі халық өміріне енген өндірістік, экономикалық, әлеуметтік жаңашылдық деуге болады.

Енді бір топ сөздер автор сөзінде көрініс суреттемелеріне орай жұмсалған: акт, сцена, афиша, авансцена, аллея, веранда, террасса, беседка, браунинг, бинокль, интермедия, либретто, марш, силуэт, брезент, газон, дуэт, диван, зритель т.с.с. Бұл

қатардағы сөздердің қазақ тілінде баламасы бар: зритель, спекулянт т.б. Осындай жарыса қолданылған сөздердің дені – есім сөздер, сондай-ақ бұл тиянақсыз формада, көбіне көсемше формасындағы қимыл-әрекетсіз суреттемелер. Барлық пьесалардағы орыс тілінен немесе орыс тілі арқылы енген сөздер кейіпкерлер аузында кеңінен қолданылуымен көзге түседі, ондай сөздер – 876, әсіресе әлеуметтік-саяси сөздер мен тұрмыс-салтқа байланысты сөздер, мысалы: ваше превосходительство, ваше благородие, адмирал, генерал, прокурор, судья т.б. Автор кейіпкерлерінің аузына бұл сөздерді аудармасыз салу арқылы стильдік өң беру мақсатын ұстаса, екіншіден, дәлме-дәл аудармасы болмағандықтан қолданғаны байқалады. Бұл сөздерді қолдануда оларға байырғы қазақ сөздері сияқты тіліміздегі қосымшаларды үстей береді, сондықтан бұл 876 сөз 3540 сөз қолданысында жұмсалған [3, 58 б.].

Суреткердің пьесаларындағы кейіпкер тілінде орыс сөздері және орыс тілі арқылы енген басқа тілден енген сөздер молшылық, олай болуы заман, өмір талабына жауап ретінде, әрі көркем туынды жасауына, әрі жазушының сөз саптау ерекшеліктерін анықтауға, әрі кейіпкер образын сомдауға жұмсалған құрал болған.

Әдебиеттер:

1. Маслова В.А. *Лингвокультурология: учебное пособие.* – М.: Академия, 2001. – 208 с.
2. Караулов Ю.Н. *Предисловие. Русская языковая личность и задачи ее изучения. Язык и личность.* – М.: Наука, 1989. – 263 с.
3. Зекенова А. М. О. *Әуезовтің драмалық шығармалары тілі лексикасының квантативтік стильдік сипаты: филол. ғыл. канд. ... дис.: 10.02.06.* – Алматы, 1992. – 147 б.
4. Әуезов М. *Жиырма томдық шығармалар жинағы. Пьесалар.* – Алматы: Жазушы, 1981. – Т. 10. – 432 б.
5. *Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігі.* – Алматы: Наука, 1966. – 240 б.
6. *Арабша-қазақша сөздік / ред. басқ. Ә.Т.Қайдар.* – Алматы: Мектеп, 1989. – 284 б.
7. Болғанбайұлы Ә., Қалиұлы Ғ. *Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы.* – Алматы: Санат, 1997. – 256 б.
8. *Қазақ әдеби тілінің сөздігі.* – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2011. – Т. 15. – 824 б.

Баялиева Гүлмира Жарылқасынқызы

Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің доценті,
Филология ғылымдарының кандидаты, bayalieva67@mail.ru

**АҚИҚАТ СЫЙЫ ЕСКЕРТКІШІ ТІЛІНДЕГІ СӨЗДЕРДІҢ ФОНЕТИКАЛЫҚ
ЖӘНЕ ГРАММАТИКАЛЫҚ ТҮЛҒАЛАНУЫНЫҢ ҚАЗІРГІ ТІЛМЕН ҰҚСАСТЫҒЫ**

Резюме. На сегодняшний день нет однозначных научных утверждений о языке средневековых памятников. Язык «Ақиқат сыйы» нельзя считать языком только одного народа. Так как выявлены языковые сходства тюркских народов. Акцентируя внимание на утверждении А.Н.Кононова, А.Щербака, Э.Наджипа, рассмотрены фонетические и грамматические отличительные признаки от современного казахского языка.

Summary. Today there are no unambiguous scientific statements about the language of edieval monuments. The language "Akikat siyy" can not be considered a language of only one people. As the language similarities of the Turkic peoples are revealed. Paying attention to the statement of A.N. Kononov, A.Shcherbak, E.Najip, phonetic and grammatical distinctive features from the modern Kazakh language are considered.

Орта ғасырдағы ескерткіштер тілі жөнінде ғылымда бірізді айтылған пікірлер жоқ. Олар әулеттік қатысына қарай – хақан, боғрахан тілінде, тайпалық қатысына қарай қарлұқ тілінде, тарихи-мәдени белгісіне, жазба әдеби дәстүріне қарай – қарлұқ-ұйғыр тілінде жазылған деп есептелінеді. Бұл туралы А.Н.Кононов «бұғрахан тілін қараханидтер ұлысы (840—1212) қолданған әдеби-жазба тіл» деп тұжырымдайды [1, 96]. С.Е.Малов ескерткіш тілін көнеұйғыр тіліне апарып тіресе [2, 133], дыбыстық және грамматикалық белгілерін салыстыра зерттеген А.М.Щербак қарлұқ тілінде жазылғанын айтады [3, 28]. Сонымен қатар қазіргі түркі тілдерінің қайсысымен салыстырсақ та, ұқсас белгілер көптеп кездесетіндіктен, әр түркі халқынан шыққан зерттеушілер өз тілімен сабақтас екенін дәлелдейді. Дегенмен, «...қараханид адамдары өздерін ұйғыр деп атамағаны және де Жүсіп Баласағұн үшін ол жазған тіл, ұйғыр тілі болмағандығы күмәнсіз» деген В.В.Бартольдтың және орта ғасыр ескерткіштері бойынша маман Э.Н.Наджиптің осы пікірді қуаттайтындығы болашақ зерттеулерге жол ашып, XI ғасырдың жазба ескерткіштері «Қутадғу билигтің», «Диуани лұғат ит-түрктің» және «Һибат-ул хақайиктың» орта ғасырдағы түркі халықтарының тілі туралы ақиқатты тануда маңызын көрсетті [4, 65].

«Ақиқат сыйы» тілін тек бір халықтың тіліне телуге болмайды. Өйткені шығармада қазақ пен өзбектің, ұйғыр мен татардың, тағы басқа түркі тектес халықтардың тіліне ұқсастық бар. Ахмед Йүгінеки өмір сүрген дәуірде бұлар әлі жеке ұлт

болып қалыптаса қоймаған еді, тек түрік елі, түркі тілі деген ұғым ғана болатын.

Бұл жөнінде ғалым Б.Сағындықұлы: «Шындығында, әр нәрсені өз атымен атаған орынды. XI-XV ғасырлар аралығында халық арасында тараған жазба әдебиеттің кез келген үлгісін көне түркі әдеби тілінде жазылған деп есептесек, қателеспейміз. Мәселе бір әдеби дәстүрдің, бір әдеби тілдің әр түрлі аймақта, әр түрлі кезеңде сан алуан рең алып, өз ерекшеліктерімен көрінуінде» деген көзқарасын білдіреді [5, 61].

Қалай болғанда да, зерттеушілер қазақ тілінің «Ақиқат сыйына» тікелей болмағанымен жанама қатысы бар екендігін айтады. Қазіргі қазақ тілімен басты айырмашылықтары фонетикалық, грамматикалық жағынан көрінеді.

«Ақиқат сыйы» еңбегіндегі сөздердің фонетикалық тұлғалануына тоқтамас бұрын жалпы, түркі жазба ескерткіштері тіліндегі қазіргі тілдерге ұқсастық, ілікестік белгілерін тізбектеп алғанды жөн көрдік. Көне жазба ескерткіштерде дауысты дыбыстардың жуан-жіңішке болып, төрт жұп құрауы: а-э(е), ы-и(і), о-е, ү-ү және олардың позициялық орындары қазақ тілімен бірдей болып келеді. Қазақ тілінде өзге түркі тілдеріндегі ш –мен келетін сөздер с-мен келетін болса, көне түркі тілінде екеуі де қатар келгенін көреміз: іш-іс, кіші-кісі, йаш-жас, аш-ас, барш-барыс, адаш-адас (жолдас), беш-бесинч.

Сол сияқты е мен и (і) дыбыстары да көне түркі ескерткіштері тілінде жарыса қолданылған (ел-ил, бер-бир, йеті-йіті, кет-кит), е-мен келгендері жалғасын қазақ (және әзірбайжан, түрік, өзбек) тілінен табады. Екінші буында у (ү) ү дыбыстарының орнына қысаң ы, і дыбыстарының келуі де (үчүн~үчін, тоқуз~тоқыз, оғлум~оғлым, буңусуз~буңсыз) бүгінгі ізін қазақ тілінен көре алады. Сонор р, л, н дыбыстарына аяқталатын сөздерге қатаң дыбыстан басталатын қосымшаның жалғануы (келті, болтым, анта, адырылтым) көне түркілерде басым болса, бұл заңдылық қазақ тілінде тек қалдық ретінде сақталған (шідерті, жиынтық).

Әрине, көне түркілік сөздердің барлығының тұлғасы (бітімі) қазіргі қазақ тілімен бірдей түсе бермейді: бұлардағы тағ, бағыр, мүгіз, өгүр сияқты ғ дыбысымен келетін сөздер қазақ тілінде бұл күнде й не у-мен келетіні мәлім (тау, бауыр, мүйіз, үйір). Сол сияқты ескерткіштер тілінде д-мен келетін тұлғалар қазақ тілінде й-мен келетінін білеміз (ада ~қайақ, адырыл~айырыл, ұлғад~ұлғай).

Сингармонизм құбылысы, яғни көп буынды сөздердің алдыңғы буынындағы дауыстының жуан-жіңішкелігі соңғы буындарға әсер ететіндігі (сөздің біркелкі, бір қатарлы дауыстыларды қабылдайтыны: бәгләр, білгә, өлум сансыз, атлығ), алғашқы буынында еріндік дауысты дыбыс келетін сөздердің екінші буынында еріндік емес, езулік дауыстының келуі (бунсыз, оғлына, туттым; буңсуз, оғлуна, тутдум емес), сөз буындарының құрылымдық + типтері (дауысыздардың орналасу тәртібі: дауысты + дауыссыз + дауысты, дауысты + дауыссыз, дауыссыз+дауысты+дауыссыз), ғ, г, п, р дыбыстарының сөз басында кездейспейтіндігі – осылардың барлығы қазіргі қазақ тіліндегі әдеби нормаға сәйкес келеді [6, 108].

«Ақиқат сыйының» лексикасындағы барлық сөздерді фонетикалық тұлғалануы жағынан қазіргі қазақ тіліндегі балама сөздермен салыстырғанда, олардың едәуір бөлігінің айна-қатесіз ұқсас екенін байқауға болады. Мысалы, ат, ата, ана, ара, аз, атан, ал, күн, түн, мең, өз, бер, сөз, көп, кең, тар, оқ, ол, от, он, де, мал, қол, қарын, т.б. Тіпті көптеген сөздерге қосымшалар жалғанғанда олардың біздің дәуірімізде де өзгеріссіз айтылатындығы байқалады. Алды, қалды, қалып, қылды, қылып, қылайын, қылған, қойды, қылыққа, қайтарылмас, малы, малсыз, малға, оқыса, байлық, болғай, толды, тоны, сынаған, соңы сияқты тұлғалар ескерткіште де, қазіргі қазақ тілінде де бірдей [5, 70]. Солай бола тұрса да, ескерткіште пайдаланылған сөздердің басым бөлігінің тұлғалануы жағынан жоғарыда көрсеткендей, қазіргі тілімізден азды-көпті айырмашылығы бар. Олардың бастылары мыналар:

Ш-С. Ескерткіштегі бір, екі кейде үш буынды түбір сөздердің құрамындағы ш дыбысы қазақ тіліндегі с дыбысына сәйкес келеді. Мысалы, ишіс: Қамуғ йашру ишин болуп ашкара (Барлық жасырын ісің жария болып); таш-тас: Санар му едиз кум ушақ таш саны (Түйір құм мен ұсақ тастың саны есептеуге келе ме?); каш-қас: Ажун кулчирар баз алын каш чытар (Дүние әуелі күлімдейді де, қас-қабағын шытады); куш-құс: Дыраңсыз кечар йа куш дег угар (Тоқтаусыз кетеді немесе құс сияқты ұшады); киши-кісі: Хирадлық му болур тили бош киши (Тілін тартпаған кісіні ақылды деуге бола ма?); ешит-есіт: Ешитгил билиглиг негү деп айур (Білімді не айтады, тыңдап көріңіз!); карабаш-қарабаш: Телим мал өкуш кул карабаш керек (Қыруар мал, көп құл, күң керек).

Й-Ж. Сөз басында й дыбысы қазақ тіліндегі ж дыбысына сәйкес келеді. Мысалы, йаз-жаз: Келур куз кечар йаз барур бу өзүм (Күз келеді, жаз кетеді, бұл өмір өтеді); йалған-жалған: Тили йалған ердин йырақ тур тез-а (Сөзі жалған адамнан тез каш); йүр-жүр: Йүригил тилагил өзүң хошлуғын (Сайранда. Көңіліңнің қоштығын көзде); йүз-жүз: Анин үз ерүр бу китаб бир сөзүг толулап кетүрдүм кемиштим йүзүг (Бұл кітаптың үздік болған себебі

сол: бір сөзді сан толғап келтірдім, жүзін кеміттім); йок-жок: Бу күн бар йарын йок бу дүния неңи (Бұл дүниенің заты бүгін бар болса, ертең жок); йол-жол: Өң арқыш узады копуп йол тутуп (Әдепкі керуен қозғалып, жолға шығып ұзап кетті); йел-жел: Кечар йел кечар дег маза муддаты (Рахат дәурені зу етіп желдей өте шығады); йигит-жігіт: Йигит хожа болур йаңы ескирүр (Жас (жігіт) қартаяды, жаңа ескіреді); йемиш-жеміс: Оқыса татыр тил йемиш дег асал (Оқыған кісінің, тәтті жеміс жегендей, үйіреді) т.б.

Белгілі түрколог А.М.Щербак өзінің «Түркі тілдерінің салыстырмалы фонетикасы» атты монографиялық еңбегінде ежелгі түркі тілдерінде түбір сөздердің қатаң айтылғанын дәлелдейді [3, 38]. Егер бұл пікір дұрыс болса, қазақ тілі ежелгі ата тілге бір табан жақын. Бас, тас сияқты сөздер оқшауланып қалған тілдердің бірі якут тілінде де қатаң дыбысталады. й/ж және ш/с дыбыстық белгілері бойынша қазіргі тілдерді шартты түрде ұяң тілдер және қатаң тілдер деп екіге бөлуге болады. Бірақ қатаңнан ұяңданудың қай заманда басталғанын ажырату қиын. Бірқатар тілдер ата тілдегі түбір сөздердің қатаң айтылуын сақтап қалған да, қалғандары тарихи, сондай-ақ әр тілдің өзіндік даму заңдылықтарына орай ұяңдаған. Ұяңданудың кейін пайда болған құбылыс екендігін қазіргі түрікпен тіліндегі к дыбысының г дыбысына айналу фактісі де дәлелдейді. Мысалға өзге түркі тілдерінде көз, кел түрікпендерде гөз, гел. Қатаңнан ұяңдану бүкіл дүниежүзі тілдерінде кездеседі. Керісінше құбылыс байқалмайды [5, 71].

Қараханид дәуіріндегі жазба әдебиетке ұяң тілдер яғни қарлұқ-үйғыр, оғыз тайпаларының, тайпа одақтарының тілдері диалектілік негіз болғанын жоғарыдағы фонетикалық құбылыс қана емес, ескерткіштегі толып жатқан тіл фактілері дәлелдейді. Қазақ тілінің орта ғасырдағы диалектілік негізі мен аталған ескерткіштің диалектілік негізінде сол кездің өзінде-ақ айырма болған. Бұл айырмашылық кейін түбегейлі қалыптасқан мұрагер тілдерде де сақталып отыр. Сонымен жоғарыдағы дыбыстардың айырмашылығы орта ғасырларда-ақ болған деп айтуымызға болады.

Бұл жерде ескертетін жайт орта ғасырларда қыпшақ тайпаларының бір бөлігі ж-ның орнына й, с-ның орнына ш дыбысы арқылы сөйлеген. (Мысалы, ноғайлар қазірде де й арқылы сөйлейді; йылан, йер т.б.) Мұны Махмуд Қашғаридің «Диван-у луғат ит-турк» атты еңбегі ғана емес, таза қыпшақ ескерткіштері болып есептелетін белгісіз автордың XIII ғасырда құрастырған «Китаб-и меджму-у терджуман тюрки ве аджеми ве моголи ве фарси» (қысқаша: Түркіше- арабша сөздік) атты еңбегі, XIV ғасырда құрастырылған атақты «Кодекс Куманикус» дәлелдейді. Олай болса, қыпшақ тілдерінің қараханид дәуіріндегі жазба әдебиетке жанама қатысы болғандығы сөзсіз [5, 71].

Д-Й. Ескерткіште кездесетін бірқатар түбір сөздердің екінші немесе үшінші буынындағы д дыбысы қазақ тіліндегі й дыбысына сәйкес келеді. Мысалы, адақ-айақ: Қаза бирла санчылур адаққа тикан (Аяққа тікен де бұйрықпенен кіреді); иди-ие: Билиг бирла билинүр төраткан иди (Жаратушы тәңірі де білім арқылы танылады), Айа мал идиси ахы едгү ер (уа, мал иесі, жомарт ізгі ер); адар-айыр: Билиглиг билигни адарган болур (Білімді кісі білімнің паркын айырады) т.б.

«Ақиқат сыйында» д дыбысының сақталуы әдеби дәстүрдің әсері болуы керек деп түйіндейді А.М.Щербак [3, 39]. Түркі халықтарында д және й дыбыстарының жіктелуі, ғалымдардың бір ауыздан ұйғаруы бойынша, орта ғасырлардан әлдеқайда бұрын басталған. Мұны жоғарыда көне түркі ескерткіштер тіліндегі фонетикалық құбылыстар жайын сөз еткенде келтіргенбіз.

Ч-Ш. Ескерткіштегі сөздердің екінші, үшінші буындардағы ч дыбысы ш дыбысына сәйкес келеді. Мысалы, ач-аш: Ниқаб көтрүр ажунбирар көз ачар. Йазар қол қушар дег йана тарқ качар (Пердесін көтеріп дүние бірер көзін ашады, құшатын сияқты қолын жазып, сосын тез қашады); ичи-іші: Йоқамаққа йумшақичи ичи пур ағу (Сипағанға жұмсақ, іші тола у); ачық-ащы: Сүчүк таттың ерса ачыққа анун (Тәтті жесең, ащы жеуге дайындал); кичик-кіші: Улуғқа кичигқа сылық боп сөзүң (Үлкенге де, кішіге де сыпайы сөйле) т.б.

Қыпшақ ескерткіштерінде ч дыбысы сақталған. Соған қарағанда бұл сәйкестікті қазақ тілінде кейінірек пайда болған фонетикалық құбылыс деп есептеуге болады [5, 72].

Ескерткіштердегі сөздерді қазіргі қазақ тілімен салыстырғанда сонымен қатар мынадай сәйкестіктерді байқауға болады:

С-Ш: сач-шаш:Халимлық суйын сач ол отын өчүр (Биязылық суын шашып, ол отты өшір);

Ғ-У: йағ-жау: Өкүш йаңшаған тил ей алмас йағы (Көп шатып мылжыңдаған тілді алдырмайтын жау деп түсін);

Н-Й: қанда-қайда: Қаны қанда барды кишилиг есиз (Оңбағандық қане қайда барды?)

М-Н: емди-енді: Бақа көргил емди уқа сынайу (Енді ойлап, сынап, байқап көріңіз);

М-Ң: емгак-еңбек, азап: Агар емгак тегса кишидан кечүр (Егер кісіден өзіне азар-ахирет келсе, кешір);

Г-М: билиг-білім: Билиг бирла билинур саадат йолы (Бақыт жолы білім арқылы білінеді);

Н-Л: инан-илан: Йырақ тұрғу йумшақ деп инанмағу (Қашық тұр, жұмсақ деп иланбағын) т.б [5, 72].

Бұл дыбыстардан мынау бұрын, мынау кейін пайда болған деп пікір айту ғылымның қазіргі дәрежесінде ертерек. Басы ашық дыбыс сәйкестіктері жөнінде пікірлер жоғарыда атап көрсетілді.

Бірқатар түбірлерде сөз ортасында, сөз аяғын-

да кездесетін ғ, к, қ, р дауыссыздары ескерткіште сақталған да қазіргі қазақ тілінде түсіп қалған. Мәселен, қатығ-қатты, кичик-кіші, ачық-ащы, ерди-еді, т.б.

Ескерткіштегі дауысты дыбыстардың сапасы жөнінде пікір таласы көп. Мұның басты себебі араб алфавитінің дауысты дыбыстарды белгілеуде дәрменсіздігінен. Осы себепті дауыстылардың қазіргі тілдермен сәйкестігін ажырату өте қиын. Бұл тұрғыдан ең көзге түсетін ерекшелік ерін дауыстыларының қазақ тілінде езу дауыстылары болып айтылуы. Мәселен, артуқ-артық, көңүл-көңіл, ескирүр-ескірер, т.б. Бұл қазіргі тілімізде екінші, үшінші буындарда ерін дауыстыларының айтылмау заңдылығына байланысты деп ойлаймыз.

«Ақиқат сыйы» дастанында мынадай дыбыс алмасулары кездеседі:

Д-Й: едгү-игі(жақсы): Бу тилдин ким едгү ким есиз ерүр (Тілінен біреу жақсы, біреу жаман болады);

Д-Т: деңиз-теңіз: Деңиздин қаримрақ шаһым мың ката (Шаһым теңізден мың есе қайырымды);

Д-З: едгүлүг-ізгілік: Агар келса ердин саңа едгүлүг Өкүш қыл ол ерниң санасын тила (Егер кісіден саған жақсылық келсе, еселеп қайтар. Ол адамның тілегін тіле);

Ғ-Қ: йоқлуг-жоқтық: Чығайлық деп айма азуқ йоқлұғын (Азық жоқтығын «кедейлік» деп айтпа); Сол сияқты Н-Й: қанда-қайда, С-З: алмас-оңалмаз, дыбыстарының ауысуын байқауға болады. т.б [5, 72].

Э.Н.Наджиптиң пікірінше мұндай фонетикалық әртүрліліктің екі түрлі себебі бар. Біріншіден, жазба тілде сол кезде өмір сүрген диалектілердің ізі сақталған. Екіншіден, әр ғасырда көшірмешілер өзі сөйлейтін диалектінің элементтерін енгізіп жіберген [7, 48]. Бұл пікірді қаншалықты шындыққа жанасатынын айту қиындау.

«Ақиқат сыйында» бір буынды сөздерге дауыстыдан басталатын қосымша жалғанғанда түбірдегі қатаң дыбыс ұянданбайды, қазір қазақ тілінде ұянданып кетеді. Мысалы, оқуң-оғың, шаки-шәгі т.б.

«Ақиқат сыйы» еңбегінің қазіргі қазақ тілінен морфологиялық жағынан да елеулі айырмашылығы бар. Бұл ерекшелік әсіресе негізгі түбір мен туынды түбірді салыстырғанда айқынырақ байқалады. Қазіргі қазақ тілімен түбірлес сөздер негізінен бір немесе екі буынды болып келеді. Үш буынды түбірлес сөздер некен-саяқ. Көне және жаңа тілге ортақ түбір сөздердің өзара айырмашылығы тек фонетикалық тұлғалануында: баш-бас, адақ-аяқ т.б. Яғни, жоғарыда санамаланып өткен ерекшеліктердің морфологияға да қатысы бар. Ал туынды сөздердің жайы басқаша. Етістіктің біл- түбірінен ескерткіште біліг, қазақ тілінде білім туынды сөздері жасалады. Ал көр- деген ортақ түбірден көрүмлүг-көрікті сөздері өрбіген. Бұдан шығатын

қорытынды қазіргі тілдерде сақталған сөздерге ескерткіште көне жұрнақ береді. Керісінше құбылыс та байқалады: қазіргі тілде кездеспейтін көне сөзге тірі жұрнақ жалғанады. Мысалы, борчы-маскүнем, унарча-шамамшы, т.б. Мұндағы –чы, –ча жұрнақтары қазақ тілінде –шы, –ша түрінде жиі қолданылады [5, 73].

Орта ғасырларда туынды болып есептелетін сөздер қазіргі тілде негізгі түбір болып есептеледі. Мысалы, ескерткіштерде ай деген түбірден егістіктің айт деген бұйрық райлы сөзі жасалады. Қазақ тілінде негізгі түбір ұмытылған да, туынды түбір негізгі түбірдің мағынасын беріп кеткен.

Қазақ тілінде тірі деген сөз бар. Ескерткіште бұл сөзге өздік егістің –л жұрнағы жалғанып, «өмір сүр» деген мағына беретін тіріл сөзі жасалған. Яғни кейбір сөздерге қазіргі тілдердің тұрғысынан жалғауға болмайтын жұрнақтар жалғана береді.

«Ақиқат сыйы» дастанында қазіргі тілдердің тұрғысынан көнерген жұрнақтар жиі қолданылады. Мысалы, тануғ (куә), улуғ, қуруғ (бос), қылдачы (қылушы), белгүлүг, йатыбан (жатып), уламай (тіректі), артағ (артық), артут (сыйлық), ердам (өнер, ерлік), аңар (оған), кеңрү (кең), келгү (келуші), болдуғуңша (болғаныңша), т.б. Мұндағы –уғ, –дачы, –гүлүг, –бан, –ай, –ағ, –ут, –дам, –ар, –рү, –гү, –дуғуңша бұл күнде өлі жұрнақтар.

Сөздерді қосарлау арқылы да, біріктіру арқылы да жаңадан сөздер жасауға болады. Бұл тәсілдің түркі тілдерінде атам заманнан келе жатқандығы ескерткіштердің лексикасынан да аңғарылады. Алайда ескерткіштерде мұндай тәсіл арқылы жасалған туынды сөздердің көпшілігі қазіргі тілдердің тұрғысынан архаизм. Мысалы, түштең- теңдес, қатар-құрбы, ағыз-тил- тіл мен жақ, қарабаш-қызметші, т.б. [5, 75]

«Ақиқат сыйында» жалғаулардың қолданылуында қазіргі қазақ тілінен мынадай айырмашылықтары бар:

–лар көптік жалғауының қазақ тіліндегідей фонетикалық варианттары жоқ және қазақ тілінде жалғауға келмейтін сөздерге жалғана бермейді. Мысалы, қылулар, көңұллар, т.б. Яғни, жазба ескерткішінде көптік мағына беретін негізгі қосымшалар дыбыс үндестігіне бағынбайды. Сондықтан оның басқы дыбысы түбір сөздегі дыбыстың ыңғайына қарай түрленіп отырмайды. Бұлар зат есімдерге де, есімдіктерге де, заттанған басқа сөздерге де жалғана береді.

Ескерткіште жіктеу жалғаулары –мен, сен, ол күйінде, яғни толық тұлғасында жалғанады. Мысалы, айур мен- айтамын, қылу сен- қыласың, арнамаз ол- арымайды, т.б. Бұл бір жағынан, «Ақиқат сыйында» өте көне тілдік элементтердің сақталғанын дәлелдейді.

Тәуелдік жалғауының, фонетикалық жағынан болмаса, қазіргі қазақ тіліндегі тәуелдік жалғауынан айырмашылығы жоқ. Мысалы, башым,

башың, башы [5, 74]. Қазақ тілінде жеті септік бар. Атау септігінен басқалары арнаулы жалғаулар арқылы жасалады.

Сөздер құрамы бірдей болмайтыны сияқты, жұрнақтардың да тұлғалық құрамы бірдей емес, әр түрлі. Форма жағынан әрі қарай бөлшектеуге келмейтін, бірақ фонетикалық вариант жасайтын қосымшалар түрі жалаң деп аталады. «Жалаң жұрнақ деп мағына жағынан да, форма жағынан да бөлшектенбейтін бір бүтін тұлғалы жұрнақты айтамыз» - дейді профессор А.Ысқақов [8, 38]. Әрине, мағына тудыру жағынан бөлшектенбейтін «бір бүтін» жұрнақ жоқ, тек олардың тарихи қалыптастыру жағынан ғана бүтіндік, тұтастық болады.

Ескерткіштің септік жалғауында бірқатар ерекшеліктер бар.

Ілік жалғауы –ың, –иң формасында тек есімдіктерге ғана жалғанған: аның, мениң, т.б. Қазіргі қазақ тіліндегідей зат есімдерге жалғанбайды. Бұл жағынан қазақ тіліндегі ілік септігінің жасырын келген түріне ұқсас: билик маданы- білім көзі, шаһым мадхы- шаһымның мадағы.

Барлық сөзге табыс жалғауы негізінен –ны, –ни түрінде жалғанады: ерни, ишни, динарны, т.б. Қазақ тілінде бірнеше фонетикалық варианты бар. Ескерткіште бірен-саран сөздерге ғана табыс септігі –ын, –ин формасында жалғанған. Мысалы, сөзин, суклуғын, йоклуғын, т.б. Бір ғажабы –ын, –ин формасы табыс септігімен қатар көмектес септігінің де мағынасын береді. Мысалы, елгин (қолымен) деген сөз мына тіркесте көмектес септігінің мағынасын беріп тұр: бир елгин тутуп шаһд (бір қолымен бал ұстап). Жекелеген сөздерде табыс септігінің өте көне формасы –үг пайдаланылған: сөзүг (сөзді), йүзүг (жүзді), т.б.

Ескерткіште көмектес септігінің мағынасын негізінен била, бирла септеулік шылауы береді: ер била- ермен, тил била- тілмен, кедим бирла- киімен, т.б.

Шығыс септігінің жалғауы бастан аяқ –дин. Мысалы, башдин, отдин, т.б. Қазақ тілінде бірнеше фонетикалық варианты қолданылады.

Жатыс септігі мен барыс септігінің беретін мағынасы жөнінен де, формасы жөнінен де қазіргі қазақ тілінен айтарлықтай өзгешелігі жоқ [5, 75].

«Ақиқат сыйы» өзге ескерткіштерден архаизмдік элементтерді көбірек пайдалануы жағынан ерекшеленеді. Ескерткіш жазылған кезінде мұндай элементтер сөйлеу тілінде болмаған сияқты. Мұны жаңа форма мен көне форманың жарысып жүргенінен сондай-ақ көне форманың өте сирек қолданылғанынан аңғаруға болады. Жоғарыда айтып өткен табыс септігінің –ин формасының көмектес септігінің мағынасын бере алатыны бұған мысал болады.

Есімшенің –мақ, –ған формалары бірен-саран сөзде жарыса қолданылған: билмақдин, билмагандин- білмегеннен. Барыс септігінің көне –рү, –ру

жалғауы да санаулы сөздерде ұшырайды: табару (қарай), кеңрү (кең), т.б. Кейбір сөздерге қосылған –ла жалғауы жатыс септігінің мағынасын береді: тирикла (тірісінде), үзіла (үстінде), т.б. Дауыстыға аяқталған бір қатар сөздерге жатыс септігінің – да формасы тікелей немесе қазіргі тілдердегідей «н» қыстырма дыбысы арқылы жалғанады: соңыда-соңында, йолыда- жолында, т.б.

Ескерткіште тағы бір көзге түсетін ерекшелік му сұраулық шылауының қазіргі тілдердегідей сөйлемнің соңында емес, сұрау екпіні түсіп тұрған сөзге тікелей тіркесетіндігі. Мысалы, санар му едиз кум ушақ таш саны (Ірі құм мен ұсақ тас санауға келе ме?). Мұнда сұрау екпіні түсіп тұрған сөз –санар [5, 76].

«Ақиқат сыйының» біраз жерінде өлең ұйқасында күшейтетін мағына беретін а демеулік шылауы пайдаланылған. Сениң рахматиндин умармен өң- а (Алдымен сениң мейірім-рақымыңнан үміт етемін). Бұл демеулік шылау ескі ұйғыр ескерткіштерінде көбірек кездеседі

Қазіргі тілдердің тұрғысынан архаизм болып есептелетін элементтерді әр дәуірдегі ескерткіштермен өзара салыстырсақ мынадай жайт аңғарылады. Қараханид дәуірінде сөйлеу тілінде кездесетін әрі жиі қолданылатын сөздер Алтын Орда дәуірінде архаизмге айналып кеткен. Мысалға Алтын Орда ескерткіштерінде уманч (үміт) деген сөз осы бір-ақ формасында пайдаланылған. Ал «Ақиқат сыйында» көлемінің шағындығына қарамастан бұл сөз бірнеше рет және умарман, умғучы сияқты формаларда түрленіп қолданылған.

Ескерткіште етістіктің бұйрық райының –сун формасы мен –су формасы жарыса пайдаланылады. Мысалы, қылеу, қалсеу, билсеу, келмасұн, билсун, т.б.

«Ақиқат сыйы» еңбегінде жіктеу есімдігінің септелуі де назар аударады. Сен, мен жіктеу есімдігіне барыс жалғауы сеңа, меңа түрінде жалғанады.

Ескерткіштің бірінші нұсқасында сеңга, меңга. Бұдан мынадай қорытынды шығаруға болады: түркі тілдерінде ғ, г сусып түсіп қалуға бейім тұрған дыбыстардың бірі. Олай болса, мына формула шығады: сенга >сеңга >сеңа. Яғни жіктеу есімдіктеріне барыс жалғауы көне заманда толық –ға, -га түрінде жалғанған [5, 76].

Үшінші жақ ол жіктік есімдігіне тәуелдік, көптік, септік жалғаулары жалғанғанда ан формасына айналып кетеді. Мысалы, анлар, аңа, анун, аны, т.б. Ескерткіштің бүкіл өн бойында қазіргі тілдерде ұшырайтын олар формасы бір-ақ рет кездесті. Бұл көшірмешілердің енгізгені болса керек. Бұған қарағанда ол есімдігінің ата тілдегі түпкі варианты ан болуға тиіс. Ескі формалардың қосымшалар жалғанғанда қалпына келетіні қазіргі тілдерде де бар құбылыс.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Кононов А.Н. *Грамматика современного тюркского литературного языка.* –М. –Л.: Наука. 1956.
2. Малов С. *Памятники древнетюркской письменности.* М. –Л., 1951.
3. Щербак А. *Грамматический очерк языка тюркских текстов X-XIII в.в. из Восточного Туркестана.* М.-Л., 1961.
4. Сағындықұлы Б. Ахмед Иүгінеки – XII ғасырдың ақыны. //Қазақ тілі мен әдебиеті №3-4, 1997.
5. Сағындықұлы Б. «Гибат-ул хақайиқ» - XII ғасыр ескерткіші. Оқу құралы. – Алматы: Қазақ Университеті, 2002.
6. Томанов М. *Қазақ тілінің тарихи грамматикасы.* –А.: Мектеп, 1988.
7. Наджип Э.Н. *Исследование по истории тюркских языков XI-XV в.в.* – Москва: Наука. 1989.
8. Ысқақов А. *Қазіргі қазақ тілі. Морфология.* – Алматы: Ана тілі, 1991.

Сейтова Фатима Закировна

кандидат филологических наук, преподаватель английского языка,
Алматинский технологический университет, e-mail: ms.fatme@mail.ru

Черепанова Анна Сергеевна

преподаватель английского языка, Алматинский технологический университет
e-mail: kazumoimya@mail.ru

Джакипова Лариса Сахиевна

преподаватель английского языка, Алматинский технологический университет
e-mail: lary85@mail.ru

**КОГНИТИВНЫЙ АСПЕКТ ПЕРЕВОДА ИТ МЕТАФОР
КАК ОДИН ИЗ ПУТЕЙ ПОНИМАНИЯ ПРОФЕССИОНАЛЬНЫХ
АНГЛИЙСКИХ ТЕКСТОВ ИНОЯЗЫЧНЫМИ СПЕЦИАЛИСТАМИ**

Резюме. Данная статья посвящена когнитивному аспекту перевода ИТ метафор специалистами информационных технологий. Авторами дается когнитивный анализ метафорических выражений, который является принципиально важным инструментом в выборе адекватного соответствия ИТ метафор в переводе.

Ключевые слова: анализ, перевод, концептуальная метафора, когнитивный подход, метафорическая модель.

Түйін. Аталган мақала ақпараттық технологиялар саласында қолданылатын метафоралардың когнитивтік аудармасына арналған. Авторлар метафоралды пайдаланып сөйлеу кезінде когнитивті тұрғыдан талдау жасайды, себебі ол аудармадағы баламалы сәйкестікті табуда ең маңызды құрал болып табылады.

Түйін сөздер: талдау, аударма, концептуалды метафора, когнитивті тәсіл, метафоралық модель

Summary. This article focuses on the cognitive aspect of IT metaphor translation by specialists of information technology. The authors perform a cognitive analysis of metaphorical expressions, which is a fundamentally important tool in the selection of adequate IT metaphors' translation.

Key words: analysis, translation, conceptual metaphor, cognitive approach, metaphorical model.

На современном этапе инновационное развитие учреждений профессионального образования, в нашем случае подготовку ИТ специалистов, связывают с процессом реализации новых подходов в организации образовательного процесса. На данном этапе в образовательной системе необходимы определенные механизмы, которые будут способны объединить образование, науку, бизнес и производство. Для осуществления этой цели необходимы углубленные знания иностранного языка, а особенно, профессионального английского языка, так как именно этот язык стал основным движущим механизмом научно-технического прогресса.

Профессиональный язык ИТ специалистов характеризуется наличием

большого количества ИТ метафор. ИТ метафоры могут «очеловечивать», «оживлять» окружающие человека явления и предметы, перенося признаки одних явлений и предметов на другие, например, одушевленных на неодушевленных (мастер, помощник, агент, мышшь, собачка) или неодушевленных на неодушевленные (стол, продукт, офис) и т.д. На данном этапе различают следующие модели ИТ метафор: «человек-неживая природа», «неживая природа-неживая природа», и «животный мир-неживая природа». [1, 425] Для перевода таких выразительных средств с языка на язык ИТ специалистам необходимо, не только быть профессионалами своего дела, но и понимать оригинальный текст на английском языке, уметь вычленять ИТ метафоры, а затем порождать их в переводе. Эти процессы требуют от них определенных знаний и умений не только в переводоведении, но и знаний в области иноязычной культуры.

Чтобы понять смысл, заключенный в ИТ метафоре, специалистам по информационным технологиям необходимо построить ряд когнитивных моделей. В области лингвистики существуют такие модели, на основе которых можно провести процесс перевода – это, например, семантические модели французского семиолога А. Греймаса и выведенная на их основе актантовая модель М.Н. Есакова. Каждая из них своеобразна, но эти модели, на наш взгляд, должны быть модернизированы и адаптированы под перевод ИТ метафор. У Греймаса, модель, выведенная в результате обобщения содержания мифов, выделены шесть актантов: субъект [sujet]; объект [objet]; получатель объекта [destinaire]; некая сила, предназначающая объект получателю и направляющая действия субъекта [destinateur] силы, помогающие субъекту [adjuvant] и силы, мешающие субъекту [opposant]. Предложенные А. Греймасом актанты включают с одной стороны основные значения, которые могут обнаруживаться в различных текстах, но в то же время

у этой модели есть свои недочеты - отсутствие динамических элементов. Под «динамическим элементом» понимается свойство перевода, в котором содержание исходного сообщения передано таким образом, что реакция иноязычного получателя во всех существенных чертах соответствует реакции получателя сообщения на исходном языке. Реакция получателя включает как понимание заложенной в тексте сообщения информации, так и восприятие его экспрессивной и других функциональных характеристик» При этом необходимо учитывать, что полного тождества реакций не может быть, т.к. существуют различия в культурно-историческом опыте разноязычных получателей. Известно, что «каждый естественный язык отражает определенный способ восприятия и организации мира. Выразительные в нем значения складываются в некую единую систему взглядов, своего рода коллективную философию, которая навязывается в качестве обязательной всем носителям языка». У М.Н. Есакова в качестве динамических элементов выступают сирконстанты. Сирконстанты времени и места относятся ко всей ситуации в целом, а не к какой-то ее части. Каждый актант и сирконстант является центром семантического анализа словесного произведения и поэтому они могут быть использованы в семантическом анализе ИТ метафор. В данной статье мы попытаемся показать семантический анализ и перевод ИТ метафор с точки зрения пространственного сирконстанта.

В профессиональном английском языке специалистов информационных технологий существуют ИТ метафоры, которые можно перевести калькой т.е. буквальный перевод, совершенный подменой соответствующей языковой единицей ПЯ. Например, head card – головная карта; head crash – авария головы; name crash – конфликт имен; name condition – условие имени; name association – ассоциация имени; name field – поле имени; name space – пространство имен; naming service – служба имен; relational – родственный; relational language – язык отношений; relational operator – оператор отношений; relation key – ключ отношений; relation quotient – частное отношение; relationships – взаимоотношения; characteristic – характеристика; character boundary – граница знака; character cell – знакомство; character code – код символа; character signal – сигнал знака; member – член; membership – членство и т.д. [2,1]

Калькой можно перевести и целые предложения, например. Windows – a program used by computers to organize the files and programs. [2,1] Windows – программа, используемая компьютерами, чтобы организовать файлы и программы.

Интересны по своему и переводы ИТ метафор семьи. Рассмотрим следующие переводы английских метафорических выражений, сделанные калькой Any of the five broad groups into which computers

may be classified chronologically: first generation the yearliest computers, developed in the 1940s and 1950s, made from valves and wire circuits; second generation, from the late 1950s to the early 1960s, based on transistors and printed circuits; third generation, from the early 1960s to 1970, using integrated circuits and often sold as families of computers, such as the IBM 360 series; and fourth generation, from the 1970s and currently still in use, using microprocessors, large-scale and very large-scale integration (LSI and VLSI), and sophisticated programming languages. [3,1] Все компьютеры могут быть квалифицированы на пять групп: – 1940-1950 гг.: компьютеры первого поколения, сделанные из клапанов и проводных схем; конец 1950-х – начало 1960-х гг.: компьютеры второго поколения, основанные на транзисторах и печатных схемах; - начало 1960х –1970х гг.: компьютеры третьего поколения, для работы которых использовались интегральные схемы. Распространялись как компьютеры типа IBM 360 рядов. – 1970 г. – настоящее время: компьютеры четвертого поколения, базирующиеся на использовании микропроцессоров, крупномасштабных и сверхкрупномасштабных интеграций (LSI and VLSI) и сложных языков программирования.

Log in with your IEEE web account username and password. Every member has an IEEE web account. You can recover both your username and / or password on the login page. Please do not create a new account, as it will not link to your membership or renewal bill. Загрузите сл своего аккаунта (идентификационный номер посетителя) имя пользователя и пароль. Каждый пользователь ПК имеет свой аккаунт. Вы можете изменить имя пользователя или пароль. Пожалуйста, не создавайте новый аккаунт, так как он не будет связан с вашим членством или со счетом обновления.

Другие варианты осуществления перевода ИТ метафор можно проследить на следующих примерах: Welcome to Mother Computers Добро пожаловать к материнским платам компьютеров! Nothing works like a mother. Ничто не работает как материнская плата. [4,1] В данном случае развертывание, например, метафоры Mother Computers позволяет выделить два типа словесных единиц: 1) female parent of a child и 2) device и каждая из этих единиц предполагает только одну единицу деления, например, the female parent: 1) a woman who has given birth to a child; и device: 1) a constructed tool. Такое деление исходной единицы видимо связано в нераспространенности основной лексической единицы исходного языка.

Рассмотрим теперь, как осуществляется перевод ИТ метафор на основе когнитивного анализа метафоры. Согласно семантической структуре метафоры неодушевленные предметы и явления здесь наделены признаками одушевленных предметов. Явление это в филологии известно как явле-

ние антропоморфизма. Именно этот тип метафор наиболее часто встречается в IT метафорах. В данном примере в исходном тексте слово mother – одушевленный предмет, совпадает только с первым значением русского языка и означает мама. Однако в переводе оно не похоже на то, которое было в оригинальном тексте, более того при переводе переводчику приходится сменить его на материнская плата. Таким образом, никакое значение практически не соответствует значению английского слова в тексте оригинала. Употребление слова материнская плата вместо мама было необходимо для того, чтобы исходная метафора была более естественной в русском контексте, потому как у компьютера не может быть мамы.

Пространственные варианты этой единицы позволяют выделить основные аспекты, характеризующие метафору. Сюда входят прагматический аспект ситуаций, коммуникативный, поведенческий и т.д. Все эти аспекты тесно взаимосвязаны с оценочным аспектом ситуаций. Быть мамой – значит иметь определенные полномочия и привилегии. Итак, пространственный аспект метафоры Mother Computers затрагивает многие элементы и отношения, прежде всего он определяет пространственную соотнесенность описываемой ситуации по шкале родственник, который играет роль опекуна и устройство, что и привело к локализации основной единицы.

Кроме того, пространственный аспект затрагивает и дистрибуцию элементов единиц в рамках самой описываемой ситуации. Он отражает пространственные отношения между субъектом и объектом, между частями объекта, между субъектом и другими актантами, а также между субъектом и сопутствующими предметами.

Во многих случаях, кроме когнитивного анализа, перевод IT метафор также требует структурного преобразования, которое заключается как в лексическом, так и в грамматическом изменении исходного текста или выражения. Рассмотрим пример: Mother Tongues of Computer Languages. Язык компьютера – язык материнских плат. [5,1]

Метафорическое выражение включает в себе такие понятия как: 1) mother; 2) tongue; 3) computer и 4) language. Толковый словарь дает следующие определения этим словам: I) the female parent of a child; II) a muscular organ in the mouth of most

vertebrates that manipulates food for mastication, and is used in the act of swallowing; III) a device и IV) the ability to acquire and use complex systems of communication, particularly the human ability to do so, and a language is any specific example of such a system. Из анализа основных понятий, данных толковым словарем видно, что невозможен буквальный перевод данной метафоры. Дословное воспроизведение исходной метафорической структуры приведет к тому, что предложение получит искусственное для русского языка комбинаторное сочетание, который приведет не только к искажению смысла, но и к неадекватному переводу самой метафоры.

Структурное преобразование исходных единиц в данном примере вызвано различием лексической традиции и переводчик полностью учел расхождения в традиционных ассоциациях связанных с тем или иным представлением. В метафоре «Mother Tongues of Computer Languages он правильно перевел данное метафорическое выражение совместив Tongues и Languages как язык в единственном числе.

Анализ переводов IT метафор свидетельствует о том, что различные языки предпочитают те или иные способы изображения предметных ситуаций, полученные при этом метафоры информационных технологий иногда совпадают с метафорами ПЯ, но в большинстве случаев они отличаются от ПЯ, и специалистам IT не всегда удается сделать адекватный перевод. В этом отношении когнитивный анализ метафорических выражений во многом может помочь им в выборе адекватного соответствия.

Литература

- 1 Сеумова Ф.З. "Human as virtual reality": cognitive aspect of IT metaphors translation. Materials of the international scientific congress. – Almaty, 2009.
2. http://www.academia.edu/6075578/СОВРЕМЕННЫЙ_АНГЛООРУССКИЙ_СЛОВАРЬ_КОМПЬЮТЕРНЫХ_ТЕХНОЛОГИЙ
3. <http://www.tiscali.co.uk/reference/dictionaries/computers/data/m0025595.html>
4. <https://www.facebook.com/msoftbd03/videos/1846878148872114/>
5. <http://www.digibarn.com/collections/posters/tongues/>

Сарбасова Қарлығаш Базарбековна

І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің профессоры,
филол. ф. к., bazarbekovna54@mail.ru

І.ЖАНСҮГІРОВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ СИРЕК ҚОЛДАНЫЛАТЫН СӨЗДЕР

Түйін: Тілдік қорымызда бар, бірақ сирек қолданылатын сөздердің жазушы шығармаларындағы қолданыс ерекшеліктері сипатталып, мағынасы ашылады.

Кілт сөздер: мағынасы күңгірт, сирек қолданылатын сөздер, көмескелену себебі, жаңа қолданыс.

Резюме: Характеризуются так называемые редкие слова, которые используются в произведениях И. Жансугурова. Рассматриваются их особенности и лексические значения. Эти слова входят в словарный запас казахского языка, но редки в использовании.

Ключевые слова: значения неясные, редко используемые слова, причины забвения, новое применение.

Summary: Characterized by the so-called rare words, which are used in the works of I. Zhansugurov. Their features and lexical meanings are considered. These words are part of the vocabulary of the Kazakh language, but rare in use.

Key words: Values vague, rarely used words, causes of oblivion, a new application.

Ақын шығармашылығы – күрделі құбылыс. Шығармаға арқау оқиғаны баяндау, кейіпкерді сипаттау, табиғатты суреттеу, баяндау шығарма тілі болмақ. Бұл өз кезегінде кейіпкер тілі мен автор тілін құрайды. Кейіпкерді «сөйлету» мен авторлық «әңгімелеудің» түрлі амал-тәсілдері бар. Шығарманың шынайылығын да, көркемділігін де көрсететін – сол тілдер. І.Жансүгіров шығармашылығы осы тұрғыдан бағаланады да. І.Жансүгіров шығармаларында, атап айтқанда, поэзиясында қазіргі таңда мағынасы күңгірт, түсініксіз сөздер ілуде – бір кездесіп отырады. Олардың бәрін көнерген сөздер немесе диалект сөздер деп түсінуге болмайды. Тілдік қорымызда бар, бірақ сирек қолданылатын сөздер қатарына жатқызғанымыз жөн.. Екіншіден, ақынның ана тілінің бар байлығын сарқа пайдалана алған шеберлігі деп білеміз. Мысалы, «Ұршық» өлеңіндегі «Оймышты ұшқат, ырғай сап, Ұршығым, сені қолға алам» жолдарында «ұшқат» сөзі сирек қолданылады, сондықтан оның мағынасы да көмескі. Негізінде ұшқат – ұсақ жапырақты қара қошқыл түсті бұтағы бар өсімдік. Ұршықтың сабы осы аталған бұтадан немесе ырғайдан, яғни тобылғы тәрізді топтасып өсетін, қоңыр сұр қабықты жіңішке бұтадан жасалған. Осы өлеңде «Қыла ма жалқау жарлылық, Қылмаса ділгір жүн азы» жолдарында «ділгір» сөзі бәрімізге таныс

емес. Ділгір – мұқтаж, зәру, қат деген мағынаны білдіреді. Сонда әңгіме иірілетін жүннің аздығы мұқтаждық туғызадындығында болып отыр. Ақын «ылат» сөзін жиі қолданады. Мысалы: «Жүдеу жүрек» өлеңінде: «Былапыт. Ылат. Былжыр күз». «Көңілдің жүгірісінде»: «Кейде қайғы, кейде шат, Кейде тұнық, кейде ылат. Кейде қорқақ, кейде өжет, Кейде тірі, кейде өлет». Өлең сөздерінің мағынасына қарай бұл сөзді «лай», «лайсаң» мағынасында қолданған деп түсіну керек. «Дала» поэмасында:

-Хурият та! Хурият!

Құрылтайға бармақпыз!

Ұсынбақпыз шарият

Мүфти, қазы, хазірет!

Құрылтайдың шарына, - деген шумақ бар.

Бүгінгі тіл тұрғысынан «хурият» сөзі – түсініксіз, қолданылмайды, бірақ ол әдеби тілімізде бар сөз, үрият-бостандық, еркіндік, теңдік мағынасында жұмсалатын сөз. Немесе, «Ауған, Қытай қайда?» деп, Қызыл табан болды үркін» жолдарындағы түсінігі көмескілеу сөз – «үркін». Бұл – байырғы қазақ сөзі. «Үрік» – етістігінен туған зат есім. Мағынасы – жаудан үріккен, зорлық-зомбылықтан қашқан ел дегенге саяды. Ақынның «Шым-шытырық», «Қалпымыз» өлеңдерінде «жансар» сөзі қолданылады. «Бозбала аусар, Ақылы жансар. Қартаймастан алжиды» (Шым-шытырық). «Аусар-алаң, Жансар- жаман. Қашан жан боп түзелер?» («Қалпымыз»). Сөздікте «жансар» сөзіне мынадай түсінік беріледі: шала, мардымсыз, болмашы, әлсіз. Ауызекі тілде бұл сөз шала-жансар түрінде қолданылады. Шала-толық емес, пісіп жетілмеген, шикі деген мағынаны береді. Ақын бұл сөздерді алғашқы өлеңде ақылы толмаған кем мағынасында, екіншісінде әлсіз мағынасында қолданған. Тағы бір назар аударарлық сөз «алаң». Алаң – беймазалану, әбігерлену деген мағына беретін сөз. Ақын болса, «алаңғасар» сөзінің орнына қолданған. «Құлагер» поэмасында да назар аударарлық сөздер бар.

«Қайт болып қара күшпен меселдесі,

Халықтың қайғыда өткен нешен досы.

Адамнан, айналадан, күйіркеден,

Бой тартып, ел ішінен жиіркенген.

Серіні «пері» деген қалың қауым,

Не ғылсын, бір мақсымды қудалай ма?».

Қазақ тілінің 10 томдық (ҚТТС) түсіндірме сөздігінде меселде з.е. – көңіл, пейіл; күйірке – сырластық, мұндастық; мақсым – дін оқуының шәкірті, білімді, есті деген түсінік беріледі [1].

Берілген түсінік бойынша оқылғанда, өлең жолдары түсінікті бола түседі.

Оқырман түсінігіне ауырлау, анықтамалық не сөздіктер негізінде ғана түсінуге болатын сөздердің болуының себебі баршылық. Бұл, біріншіден, байырғы сөздерімізді толыққанды қолданбағандықтан, сирек қолданылатын сөздердің пайда болуының және олардың мағыналарының көмескіленуінің айғағы. Екіншіден, І.Жансүгіров ана тілінің уақыт қыртысында, жаңа қолданыстар көлеңкесінде қалып бара жатқан сөздерге жан бітіруінің айғағы. Мәселен, «Қыс мезгілінде»:

«Сырты ажарлы, іші-жау,
Тәрізді жаман тамақсау.
Азығы, шөбі аздарға.
Құлқынды қожа, оңаза,
- Жинақты жылың шаруаға.
Жем, шөбі көп қораға,

Қожаның аузы ораза», - деген шумақ бар. Шумақтағы қожа ауыс мағынада қолданылған сөз, мағынасы – қыс. Түсінігі ауыр сөз – оңаза. «Оңаза» сөзінің екі мағынасы бар: 1. Қомағай, ашқарақ, тамақсау; 2. Ауыспалы. Ыңдыны құрыған, аңсары ауған. Өлең жолында «тамақсау» сөзі бір рет қолданылған, қайталамас үшін сирек айтылатын синонимі – «оңаза» сөзі араны ашылған мағынасында қолданылған. Осы шумақтағы «жинақты» сөзі – «жинақы» болуы керек. Себебі «жи» түбірінен тарайтын түбір сөздерде «жинақты» кездеспейді. Әрі «жинақы» сөзінің ұқыпты деген мағынасы «жылпың» шаруаға үйлесімді. «Мәйек» поэмасында мәуірттеніп, «Рүстем қырғынында» деркері (қанішер), «Далада» инаяттап(ластап), жеменгер(елді қанап-сорушы), кеуір(кәпір) сөздерін жас ұрпақтың түсінуі қиынға соғады.

«Қалпымыз» өлеңіндегі «Киіңкі көңіл, қу үміт, Пәреге басты бір сұңгіт» жолдарындағы «киіңкінің» мағынасы - киіп-жарып кететін, кимелегіш. Ақын бұл сөзді ауыс мағынада, яғни алға жетелеген, ұмтылған деген мағына үстегісі келгендіктен пайдаланған деп түсінген жөн. Оқырманға түсінігі қиын сөздер болып есептелгенімен, ана тіліміздің сөздік қорында бар әдеби тіл үлгісі саналатын бұл сияқты сөздер мен сөз тіркестері – Илияс ақынның ана тілі мүмкіндіктерін барынша әрі орынды қолдана білген шеберлігі.

Сонымен қатар, жазушының романдары беттерінен де бұрын-соңды кездестірімеген әрі түсіндірме, диалектологиялық сөздіктерде мән-мағынасы берілмеген сөз, сөз тіркестерін кездестіруге болады: Мұғамаланы да шұқылап, мұғамала болып, шөлкемдеп, бақыршылығым, өңшең сұңқадам қойлар, бұрақ қой, дөмбірдей ақ үй, үрпісі ұшып кетті, былқамыр өлеңдер сияқты сөздердің қайсысы жергілікті, қайсысы көне сөз, қайсысы әдеби тілге ену мүмкіндігі бар сөз екенін ажырату мүмкін емес, олардың мағынасы контекст арқылы ғана аңғарылатын сияқты. Қазіргі кезде көнерген

сөздерге жатпайтын, бірақ сирек қолданылатын сөздер прозалық шығармаларда арақидік болса да кездесіп отырады. Мәселен, рамат ақша, раматына төлерлік тіркестеріндегі – рамат – ҚТТС-де түтін салығы деп түсіндіріледі, сол сияқты қырсау – шабан, кежер, жалқау. Бада – қалың тұтасып өскен тоғайлы жер, бұта. Тұғыр (дай) – мініске төзімді, жабы тұқымдас жылқы; жұмыс көлігі. Құйкалақ – мал сойғанда төстің үстіңгі жағындағы етті терісімен қоса кесіп алып, отқа қақтап пісірілген тағам. Дүмі – бір заттың арты, түп жағы. Қамырықты – мұңлы, шерлі, қажығыңқы. Сүле – селқос, немқұрайды, үстірт. Әреке – бүлік, лаң сөздерінің осындай түсініктері бар. Шығармаларда аталған сөздер бірде тура, бірде ауыс мағынада қолданылғанын байқауға болады: «Бұрынғы ерқашты болып көп мінілген тұғырдай аяғын баспайтын қырсау қойшы енді көңілденіп кетіпті. Қой ыстықтан солықтап, жазылып жайыла алмай, көбінесе үйездейді, бадал-балды (тоғайлы жерді) сағалайды». «Жігіттер лақты өздері сойып, отқа құйкалағын (қақталған тамақ) пісіріп, өз қолдарынан асып түсіріп, жасап жесті». «Бұлар дүмін көтерместен отырып қалды. – Неше арба топырақ шығардың? – деп сұрады. – Екеу, - деп Мардан сүле сапа айта салды». «Базарда халық толы... Сөйтсе де сауда сүле-сапа». «Пристаньдағы жұмыскерлердің арасын әреке алайын деді».

Түсінігі бүгінгі оқырманға қиын тиетін сөздер қатарын төмендегі сөздер толықтыра түседі және олардың кейбірін қазақ тілінің әр жылдарда шыққан түсіндірме сөздіктері негізінде түсіндіруге болады.

«Аймалап ақ танауын жалбыз құшты,
кеулеп иіс кеуілжірден ойға түсті:
«Жұлындың жүрегінің жұмсауымен,
Жалбызым, жүрек күшті, тағдыр күшті»
(Мақпал).

«Алыста қара қарға қаркылдайды,
қылғандай сайқымазақ түнгі шылжың.
Жігіттер Әзірейілдің саусағындай,
Ешбірі мизер емес бейлі жібіп.
Шегінен Шоқай түсті қыл шылбырға,
Қылғынтып қыл мойынға тақты шырға»
(Рүстем қырғыны).

«Елді сордың Мұқан бай,
Кершеуледің мұқалмай...
Ақсүйегі алаштын,
Айдалсаң бірге жыластым.
Керт басыңа көзігіп,
Кәнпескеге ілінген»
(Кәнпеске).

«Машинаға мәуірттеп,
Бейнетінді жеңілтпек.
Қыр жусады тымжиып,

Майдалады малалап,
Әркімдікін деселеп,
Бас-басына еселеп,
Өзді-өзіне береміз.
Аспан аптап, шыжып күн,
Жер қуырған қамбаз түн»
(Мәйек).

«Кетті дала саңғырып,
Бұлар шапқан шалғыға.
Әлді, әлсіз сорлыны.
Жебе сауған жеменгер»
(Дала).

«Би емес, бұзылғанның қуатысың,
Тентектің телі менен суатысың.
Ел болсаң тентек қайда? Билік қайда?
Жүрсіндер Әлімқұлдың мияты үшін.

Қарашаш деді:
«Ізіңмен бәрің де қайт,
Әділ кел, Әлімқұлға болмай мият.
Ақбоз ат белдеудегі күн таласып,
Шыралжың шырт-шырт етіп жанды отауда.
Кетіпті бұған жыны бойдан сергеп,
Бар шығар осыған бір күшті себеп»
(Күйші).

«Құрыштан өзін үртіс құйған кеме.
Миллион мал, миллион күш тұрған кеме.
– Тез, жылдам жүкті алуды басқарыңыз!
Кетуге кәдік болды теңіз тартып.

Мұз Мұхит... Кеме ғарық,
тәртіп қандай, шуламай, аспай-саспай,
бытырамай, тез, тыныш,
түгел дәлдеп қимыл салды,
Бейне бір зор машина қозғалғандай,
Қоналқаны тазалап, көптен күткен халықтар,
Қуанысты қарсы алып.
Зерттеген құтып жолын мұз саяқтар...
Құтыптың не істейді институты...
Осындай лекцияға алуан-алуан,
Құтыптың клубында құлақ қанған»
(Жорық).

«Адайлар өңірінде Атыраудың,
Бұйра құм, бура құмдар зәугім-зәугім»
(Көбік шашқан).

«Қалың қол қарай қалды екі аттыға,
«Кім бұл, - деп жүрген жабал бей уақытта?»

«Келіндер қоналқаға болғанда кеш,
Жол болар – жол бейнеті ештеңе емес.
Жеткен соң жауға алдырмай аман-есен.
Жандарым, жасырынбай белінді шеш!

Батырым, біздерде де бар таудай талап,
Оқ берсең, біз де атамыз жауға қарап;
Нармәті наркескеннің біз де бірі,
Шіреніп тарта аламыз сері садақ»

(Исатай).

Енді осы сөздердің мағынасын ашайық.

Кеуілжір – Мұрын қуысындағы нәзік шеміршекті, торланған кеужір сүйектің жұқа қабықшалары, кеңсірік қуысының жоғарғы жағында болатын жұмсақ шеміршек. Ақын синекдоха тәсілімен бөлшекті бүтіннің орнына қолдану нәтижесінде мұрын, кеңсірік мағынасында жұмсайды.

Мизер – қаперіне алу, елеу.

Шырға – бұғалық.

Кершеуле – 1. турау, қазу, үнгу. 2. Ауысп. жарық сызатты қиюластырып бекіту, құрсаулау. Илияс осы тұста сөздің ауыспалы мағынасы құрсаулауды қолданған тәрізді.

Малалап – сөздің түбірі – мала. Жыртылған жердің топырағын майдалау үшін пайдаланылатын қарапайым құрал. Шумақтағы мағынасы – маламен майдалау, ұсақтау.

Керт – сүйенер ешкімі жоқ, жалғыз өзі.

Қамбаз түн – тымырсық, тымық.

Саңғырып – саңғырлаған дауыс.

Жеменгер – елді қанап-сорушы.

Үртіс – шұғыл, жылдам.

Сырма – қарлы борасын, сусымалы бұрқак.

Мәуірттеп – 1. белгілі бір уақыт, кезең, мезгіл. 2. дәурен, шақ.

Ғарық – суға батты, су апатына ұшырады [2].

Мият – көңілге медеу, тірек, сүйеніш. Алынған мысалда бұл сөз 2 рет қолданылып, Әлімқұлдың сөзін сөйлеуші, шашбауын көтеруші мағынасында жұмсалған.

Кәдік болды – 1. күмән, шүбә, күдік. 2. қауіп, қатер.

Қоналқа – қонып шығатын жер, түнейтін орын. Аталған сөз «Жорық», поэмасында ұшақ қонатын жер, айлақ мағынасында, ал «Исатайда» жатын орын мағынасында қолданылған.

Зәугім – зәугім – біздің ойымызша және шумақтағы ойға байланысты сөздер техникалық қатемен жазылған, дұрысы-зәулім болса керек-ті.

Жабал – не ғып деген мағыналы сөз болса керек, себебі бұл сөзге ақынның өзі осындай түсінік береді.

Деркері – қанішер.

Инаяттап – ластап.

Кеуір – кәпір.

Трюм - кеменің двигатель орналасқан, жүк қоятын астыңғы бөлімі.

Шыралжың – шашағы нәзік, күлтелі, көпжылдық өсімдік.

Дүкер – зәру, мұқтаж. .
Мият – медеу, сүйеніш.
Тұғыр – мініске төзімді жабы жылқы.
Албыртсынған – аңғырт, есер.
Сердбе – 1. бірнеше үйдің адамдары бірігіп мал сойып жеу, бас қосу салты. 2. сейіл, серуен.
Сердебелеу – шашылу, үріп ішіп, шайқап төгу.
Теке жаумет – асыл тұқымды түркімен жылқысы, ақалтеке.
Аужар – о жар, аужар мінезді.
Телі – ақымақ, тезік, сотанақ. Қазір лексикада телі-тентек қос сөз түрінде кезігеді.
Суат – 1. өзеннің, бұлақтың мал суаратын жері.
2. Аусп. көзі, бастауы, арнасы ұшқыр.
Сырмай – оңай кебетін өсімдік майы, олифа [3].
Шығармаларда кездесетін «нармәті», «құтып», «сергеп» сөздерінің мәнін ашу мүмкіндігі болмады.

Қорыта келгенде, қаламгер шығармаларының лексикасы ана тіліміздің сөздік қоры мен құрамына енген сөздерді қамтиды. Қазіргі қарым-қатынас тілінде қолданылмайтын сөздер мен түсінігі қиын сөздер І.Жансүгіров шығармаларында мольнан ұшырасады және осы топтардағы сөздер мен тіркестері белгілі бір мақсатта жұмсалып, шығарманың мазмұны мен көркемдік келбетін аша түседі, стильдік қызмет атқарады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. *Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. Алматы, 1974-86 жж.*
2. *Уәли Н., Құрманбайұлы Ш. т.б. Қазақ сөздігі. – Алматы: Дәуір, 2013 – 1488б.*
3. *Қайыржан К. Сөз –сандық. -Алматы: Өнер, 2013-480б*

Сарышова К.С.

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті
ф.ғ.к. қауымдастырылған профессор; e-mail: k_sarysheva@mail.ru

Сырлыбаева Г.Т.

І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті
ф.ғ.к., аға оқытушы; e-mail: gulnara_s.t81@mail.ru

І.ЖАНСҮГІРОВ ТУЫНДЫЛАРЫНДАҒЫ ЭМОЦИЯНЫ БЕЙНЕЛЕЙТІН ОККАЗИОНАЛ ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕР

Түйін. Мақалада Ілияс Жансүгіров шығармаларындағы эмоцияны бейнелейтін окказионал фразеологизмдер ақын туындыларынан мысалдар келтіре отырып талданады. Тіл білімінде антропоцентристік парадигманың басымдылыққа ие болуы көп талдауларға басқаша, яғни адам бойындағы түрлі жағдайларға байланысты болып жататын психикалық жай-күйді ескере отырып қарастыруға мән береді.

Кілт сөздер: фразеологизм, эмоция, семантика, парадигма, экспрессивтілік, окказионал.

Резюме. В статье анализируются примеры окказиональных фразеологизмов, отображающих эмоции из произведения И. Жансугурова. Антропоцентрическая парадигма в языкознании получившая отражение в анализе работ различных авторов, рассматривается с особым упором на влияние психического состояния человека в различных ситуациях. Эмоции человека – это очень сложный процесс. Фразеологизмы являются неотъемлемой частью средств выражения при попытке отразить особенное эмоциональное состояние человека. Одной из многих причин появления фразеологических единиц является необходимость образного стилистически окрашенного выражения человеческой мысли.

Ключевые слова: фразеологизм, эмоция, семантика, парадигма, экспрессивность, окказионал.

Summary. The article analyzes examples of phraseological units reflecting different emotions in works of I. Zhansugurov. Anthropocentric paradigm in linguistics, reflected in the analysis of the work of various authors, is considered with a special emphasis on the influence of a person's mental state in various situations. Human emotions are a very complex process. Phraseological units are an integral part of the expressive means when trying to reflect a particular emotional state of a person. One of the many reasons of phraseological units appearing is the need for a figuratively stylistically colored expression of human thought.

Keywords: phraseology, emotion, semantics, paradigm, expressiveness, occasional.

Жалпы тіл білімінде, жекелеген тіл біліміндегі көптеген зерттеулерде антропоцентристік парадигма басымдылыққа ие болып барады. Мұның себебі

лингвистикадағы антропоцентристік принциптің алдымен тілді тұтынушы адамды, тілдің шынайы иесі – халықты, ұлтты бірінші кезекке қоюында. Ал құрылымдық зерттеулерде сол тілдің шынайы иесі болып табылатын адам, ұлт, халық көбіне тасада қалады. Бұларды біз “субъект” деп атаймыз.

Тіл – субъектінің ең басты конститутивті белгісі. Адамның ақыл-ойы, танымы, тілден тысқары тұрмайды. Сондықтан да әлемдік лингвистикада зерттеушілердің назары субъектіге ойысты. Эмоциялар табиғатынан субъективті болғандықтан адами болмыстан бөлінбейді. Бүгінгі таңда эмоциялардың физиологиялық, психологиялық процестерді реттеп отыруға, адамның бір нәрсені желеуіне, іс-әрекетін, қызметін ұйымдастыруға, дүниетанымдық көзқарасының қалыптасуына әсер ететіні анықталып отыр.

“Фразеологизмдер – күрделі лингвистикалық бірліктер. Олардың күрделілігі тек құрылымдық түрлері мен синтаксистік модельдердің көптігімен ғана емес, сонымен қатар тематикалық және семантикалық көп жақтылығымен, сондай-ақ ойдың түрлі эмоционалды-экспрессивті реңктерін бейнелеу мүмкіндігімен түсіндіріледі”, – деп академик Ә.Т. Қайдардың айтқанындай [1, 202], ғалымдардың барлығы фразеологизмдердің эмоционалды-экспрессивті реңкін мойындайды.

Ғылыми зерттеулерге сүйенсек, адам эмоциясы – өте күрделі процесс. Адамның осындай сан алуан эмоциялық күйін дөп басып ерекше образдылықпен жеткізуде таптырмайтын тілдік көркемдік құрал фразеологизмдер болып табылады.

Академик І. Кеңесбаевтың фразеологиялық единицалардың стилистикалық мүмкіндігі туралы: “Фразеологизм в любом языке имеет различное назначение: большая часть фразеологических единиц выполняет специфические стилистические функции, то есть выражает экспрессивные оттенки”, – деген пікірін [2, 28], ғалым Ә.Т. Қайдар: “экспрессивтілік, эмоционалдылық, образдылық пен метафоралық кейбір компоненттердің метафоралануына (ішіне ит өлген, тас бауыр), гиперболануына (даңқы әлемге аян), лексика-грамматикалық қайталануына, табу және эвфемизмнің негізінде өзгеріп қолданылуына байланысты жасалып отыратын тәрізді”, – деп жалғастырады [3, 27]

Фразеологизмнің экспрессивтік-эмоционалдық табиғаты туралы: “Эмоционалдылық – дүниедегі зат пен құбылысқа, оқиғаға жеке кісінің берген сезімдік бағасы. Адамның зат пен құбылысқа, іс пен оқиғаға көзқарасы әр түрлі болуы мүмкін. Кейде олардың жағымды не жағымсыз жағын әңгіме етсе, кейде оларға көңіл-күйін, ұнатуын, таңдануын, еркелетуін т.б. білдіріп отырады. Мұндай семантикалық отенноктер фразеологизмнің мағынасынан әрқашан табылып отырады... Жеке сөздердің экспрессивтік-эмоционалдық мәніне қарағанда, фразеологиялық единицалардың құрамында ұшырасатын экспрессивтік-эмоционалды бояу анағұрлым бейнелі де әсерлі келетін тәрізді. Бұларды бөліп қараудың қажеттілігі де осындай табиғатына байланысты”, – дейді Р. Сәрсенбаев, М. Жақыпбеков [4, 27].

Жалпы фразеологиялық тіркестердің дүниеге келуінің бірден-бір себепшісі болмағанымен, ең негізгі себепшісінің бірі – осы адам ойының бейнелі, әсерлі етіп жеткізу талабы. Сондықтан да көпшілік ғалымдар фразеологиялық тіркестердің экспрессивтік-эмоционалдық мағынада қолданылатындығын мойындайды. “Бірақ бұдан барлық тұрақты сөз тіркестері бірдей эмоционалды-экспрессивтік мағына білдіреді екен деген қағида шығармау керек. Мысалы ат ізін салмау, жұмған аузын ашпау, таяқ жеу, жүрек жалғап алу, арам тер болу, бетке шіркеу салу, жаны ашымау, жаны алқымға келу сияқты тіркестердің мағынасында эмоция да, экспрессия да жоқ, тек басқа сөздің мағынасына тең, атауы болатын мағынаны білдіріп тұр”, – деген тұжырымды пікірді М. Оразов айтады [5, 121].

Дәл осы тіл білімінде ерекшеленетін эмоциялық фразеологизмдер көркем мәтін тілінде, көркем шығармада, автор қолданысында қандай қызмет атқарады және оның қандай ерекшеліктері бар деген сауалға Илияс Жансүгіров туындыларын басшылыққа ала отырып талдап көрсетуге болады.

Илияс поэзиясында адамның жылау, қуану, күлу, ашулану, ызалану, күйіну, мұңаю, шаттану, қайғыру т.б. эмоциялық күйін білдіретін фразеологизмдер молынан ұшырасады, тіпті автордың өзінің жасаған окказионал фразеологизмдерді де кездестіруге болады. Мұның бәрін лингвист ғалымдар адамның эмоциялық толғанысын білдіретін фразеологизмдер қатарына жатқызады.

Эмоциялық толғаныстың мәні туралы неміс психологы Ф. Крюгер: “Адамның жан-дүниесінен үлкен орын алатын құндылықтардың мазмұнына қарап, ол адамның қандай адам екенін анықтауға болады. Субъект сол құндылықтар төңірегінде толғанады. Олай болса, толғаныс адамның бүкіл болмысымен тұтастықта, бірлікте”, – деп баға берсе [6, 108.], Ф.В. Бассин: “Толғаныс – адамның сана-сезімін, ал кең түрде қарастыратын болсақ, бүкіл психикасын өзгертетін актив құбылыс”, –

дейді [7, 215]. Осы анықтамалардан байқағанымыз, психологтардың бәрі толғанысты субъектінің сыртқы күйімен емес, ішкі дүниесімен байланыстырады. Оған қоса толғаныстың ішкі және сыртқы шегаралары адамның әлеуметтік, мәдени өмір сүру қалпымен де байланысады.

Әдебиеттерде “толғану” терминін кең және тар мағынада түсіну кездескенімен, толғанудың психологиялық табиғаты адамның аффективтік күйімен тікелей байланысты. “Толғану” сөзі кең мағынасында (“переживание” есть то, что пережи-то) басынан өткерген оқиға туралы адамның терең толғанысын білдірсе, тар мағынасы аффектерге келіп тіреледі.

“Толғаныс” семасымен байланысты фразеологиялық бірліктер өзінің семантикасы жағынан адамның эмоциялық күйінің құбылмалы болуын бейнелейтін фразеологизмдермен өте жақын. Бұл фразеологизмдердің арасын ашуда кездесетін қиындықтар тек олардың семантика жақындығынан ғана емес “шектес” жайттардың көптеп кездесуімен де байланысты. Сонда да болса зерттеуші ғалымдар бір ауыздан эмоциялық толғанысты білдіретін фразеологизмдердің ерекше сипатына тоқтала келіп, бөліп қарастыруды ұсынады.

Эмоциялық толғанысты білдіретін фразеологизмдер сипаты әр түрлі эмоцияларды бейнелейді:

Ашулану, қаһарлану: бұрқан (бұлқан)-талқан болу, кәріне міну, көзіне қан толу, аузынан жалын атып тұру т.б. жатады. Ақын өлеңдерінде ашулануға қатысты мынадай фразеологизмдер кездеседі:

Айдаһардай ысқыру – қаһарланды, кәрін төкті.

Айдаһардай ысқырып,

Арғымақтай пысқырып,

Арба алуға ышқынды.

(«Кәнпеске»)

Ашуы қайнау – ызалана қаны қайнау, ызалы ренжіспен бұлқынды, булықты; долданды, қаһарға мінді, буырқанды-бұрсанды.

Анасы құшақ жайып қол созғандай

Тұрғандай байлауда өзі тап қозғалмай

Мойнына қыз бұғауы мықтап түскен

Тек қана ашу қайнап, кек қозғандай.

(«Күйші»)

Қаны қайнау - ызалану, қатты күйіну.

Талдырып, талықсытып, тамылжытып,

Орғытып, орағытып баса өрлетіп.

Қарқынды үн қан қайнатып, жүрек жұлып,

Жан жалмап, көңіл тербеп, әсерлетіп.

(«Тұңғыш тоғысу»)

“Қайғыру” лексемасынан туындайтын варианттар. Қайғы түрлі - түрлі. Қайғыру да түрліше. Ол адам көңіл - күйінің бұзылуына әсер еткен, қайғы туғызған іс-әрекетке қатысты. Осыған байланысты адам мұңаяды, уайымдайды, қайғырады.

(ҚТФС-те қайғыру, мұңаюға қатысты 42 ФТ

кездесті). Солардың біразын Илияс Жансүгіров туындыларынан кездестіреміз.

Қайғының үлкен, кішісі болмайтыны даусыз. Қайғыға қатысты варианттардан көрінетін реңктер қайғырудың мотивтерімен (уәжімен) тікелей байланысты. Жалғзынан айрылған адамның қайғысы жүрегі қарс айрылу, қасіретпен қан жұту, қабырғасы қақырау, қабырғасы сөгілу деген ФТ-мен беріледі. Бұларға қарағанда жүрегін сыздату, жүрегін жаралау, уайым шегу деген ФТ-ғы уайым, қайғы сәл бәсеңдеу көрінеді.

Илияс Жансүгіровтің «Құлагер» поэмасынан осы эмоцияның түрін (қайғыру) анық көре аламыз. Ақын оны лексикалық бірліктер арқылы да, фразеологизмдер арқылы да ерекше көрсете білген. Поэмадың «Аттың азалы әні» атты бөлімінде Ақанның Құлагерін жоқтауы, оның еңірей жоқтаған дауысының түн, дала, кемпір мен шал, бесіктегі бала, ел тіпті қой мен жылқының да жайылыста ішін тартқыза әсер еткендігі мына бір шумақтарда өте ерекше берілген:

Шер даусы ен далада шықты қатты,
Түн, дала, ел төсекте тыңдап жатты.
Құлақ сап қырда қоян, қорада қой,
Жылқылар жайылыста ішін тартты.

Бесікте бала оянып, ұйып қапты,
Кемпір, шал жабасына зарлы үн батты.
Қыз, келін қой күзеткен айтақтамай,
Түнгі ауыл зарлы әнді тыңдап жатты (379-бет).

Бұл Құлагерін жоқтаған Ақанның зарлы әнінің жан-жағыларға тигізген әсері туралы ғана. Ал поэмада эмоцияны бейнелейтін фразеологизмдер мен тіркестерге толы мынадай шумақтар да бар:

Әнімен шығаруға ішкі дертті,
Шырқатып ащы үнімен шерін шертті.
Болады салған әні су сепкендей,
Сөндіре алмаса да жанған өртті.

Ащы зар, ауыр шері айғайлатты,
«Құлагер» айтқан сайын қайғы ойлатты.
Ұйқышыл, керек қырға маза бермей,
Күрсінтіп соқыр түнді бай-байлатты (379-бет).

Тіліміздегі фразеологиялық сөздікте шерін шерту фразеологизмінің шерін қозғады// шерін шығарды деген варианттары берілген. Мән-мағынасы қайғысын шығарды, мұңын шақты деген қайғыруды білдіретін эмоцияны бейнелейтін фразеологизм болса, ащы зар фразеологизмінің семантикасы да ауыр қайғы, уайым, мұң дегенді білдіреді. Ауыр шер, қайғы ойлау тіркестерінің негізінде қайғыру ұғымы жатыр. Ал бай-байлату дегенде байбалам салу, бебеу қағу// салу тұрақты тіркестерімен ұштасып жатқан ортақ сема бар деп ойлаймыз, олар: зар илеу, зар қақсау, бет бақтырмау.

Поэмадағы тағы да қайғыру мен күйзелісті білдіретін фразеологизмдер қатары мынадай:

Жанына бату – қабырғасы қайысты, қатты күйзелді.

Осылай Ақан зарлап жылап жатты,
Қайтсін ол жыламасқа, жанға батты.
Күйінді ол күңіреніп Құлагерге,
Айырылды ол аттан – жақсы достан, тәтті.

Жанын ұру – қатты қиналды, қайғырды.
Жарлының жалғзы өлсе жанын ұрар,
Дәл сондай жақсы атына Ақан жылар.

Ары қарай Илияс ақында жиі айтылатын эмоциялық толғаныс түрі – жылау. «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде»: 1. Көзден жас шығару, еңіреу. 2. Ауысп. Қайғыру, ренжу. 3. Ауысп. Табиғаттың, жануарлардың боздауы, зарлауы деп түсінік берілген (326-бет).

Бір ғана жылаудың өзін ақын: зар жылау; көз жасын сорғалату; көзден жасын жосу; көзден жасы бұршақтау деген эмоцияны бейнелейтін бірнеше фразеологизмдер арқылы құбылтып берген.

Зар жылау – егіл-тегіл болып жылады, зарлады, ботадай боздады, зар жылады; жалбарына тіледі.
Боз тайлақ жасы толған, қайымаған,
Қаймығып мал иесі зар жылаған...

(«Күй»)

Қызыл жоса сел еткен
Сарыарқаның даласын
Зар жылатқан, еңіреткен
Қатыны мен баласын.

(«Дала»)

Көзден жасы бұршақтау – егіліп жылады, көзден жасы парлады.

Сол ағайды құшақтап,
Көзден жасым бұршақтап,
Егілдім де, төгілдім.

(«Мәйек»)

Көзінің жасын сорғалату – жылау, көз жасын төгу.

Анда-санда көзінің жасын сорғалатып, от басында ғана сағынып жылайтын («Күн өлімі»).

Көзден жасы жосу – жылау, еңіреу.
Көзден жасым жосыған,
Жиіркенем мен сонан,
Мен үйірге қосылам...

(«Колхоз қырманьында»)

Жалпыхалықтық және ауызекі сөйлеуде бір адам жылапты дегеннен гөрі көздің жасын сел етті, көз жасын көл қылды, көз жасын бұршақтады, көз жасын сорғалатты, зар жылады, зар еңіреді деген тұрақты тіркестер жиі айтылатыны баршаға мәлім. Байқағанымыздай бұл Илияс Жансүгіровтің сөз қолданысына да тән. Алайда ақынның жеке қолданысында көзден жасы жосу деген тұрақты тіркес окказионал фразеологизмдер қатарын толықтырып тұр. Автор көз жасын төгу//сорғалату фразеологизмінің соңғы компонентін жосу сөзімен

алмастырып, жаңа авторлық эмоцияны бейнелейтін фразеологизм жасаған.

Мысалдарға зер сала келе, ақын қолданысында тек мұң, шер, қайғы, жылау мағынасындағы эмоцияны бейнелейтін фразеологизмдер ғана бар деген пікір қалыптаспауы керек. Ілияс Жансүгіров эмоциялық толғаныстың барлық түрін қамтыған деуге болады. Оған төмендегі өлең жолдары дәлел бола алады:

Ұялу. Жер шұқу - қатты ұялып, төмен қарады.
Ұлжан бүйір таянды,
Мұқанды ұлы ой алды,
Мырза жерді шұқыды (І.Ж).

Ызалану. Өңі тұтқыштай күйе; жүзі ашудан, ызадан қап-қара болды.

Тұтқыштай өңі күйіп қап-қара боп,
Батыраш басқа сөзді баптаған жоқ.
«Батырып Батырашқа жіберді-ау» - деп,
Тым-тырыс үндемеді, тындаған топ (І.Ж).

Өкіну. Бармағын тістеді – өкінді, аса қатты қын-жылды.

Мекенбек тысқа шығады.

Судья қапаланып олай-бұлай жүреді, бармағын тістеп отырып қалады («Кек»).

Куану. Екі езуі құлағында - өте көңілді, көңілі көтеріңкі, куанышты, мээ-мейрам.

Кіндік кескендердің де, жерден көтеріп алғандардың да, азан шақырғандардың да екі езуі құлақтарында («Жедел жәрдем»).

Ілияс ақынның жырларында көңілі судай тасу – шаттана рухтанды, еңсесі көтерілді, қатты куанды деген мағыналы фразеологизм жиі айтылады. Бірақ, ақын аталған фразеологизмді авторлық өзгеріспен бірнеше нұсқада берген:

«Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігінде»: көңілі судай тасу//сергу//тасу//шалқу.

Бақ туын тұрғанда ұстар бүгін қазақ,
Көңілі судай тасып, оттай маздап. (Құлагер)
Авторлық өзгерісте:

1. Көңілі жаңбыр жауғандай жаңару
Кедей жағының көңілі жаңбыр жауғандай жаңарып, жасарып сала берді («Бадырақ»).

2. Көңілі тау суындай тасқындау
Бұл кеңес өкіметінің нашардың көз жасын көріп, кедейдің басын жеткізгені,-деп қазақша жүйелі сөз білетін судия екеуін құттықтағанда, қол ұстасып тұрған Бадырақ пен Жеңсіктің көңілі тау суындай тасқындап кетті («Бадырақ»).

3. Көңілін көкке самғатқандай

Олардың топ-топ болып, қосыла айтып келе жатқаны жаныңды жадыратып, көңіліңді көкке самғатқандай («Бадырақ»).

4. Көңілі тасқындап кетті

Дәл осы кезде Бадырақтың көңілі тасқындап кетіп жан-жағына қарады («Бадырақ»).

Аталған соңғы авторлық қолданыстағы фразеологизмдердің мағынасы адамның шаттану эмоциясы мәнінде контексте өте ұтымды қолданыс тапқан.

Қорыта келе, Ілияс Жансүгіров туындыларында адамның эмоциялық толғанысын білдіретін ұғыммен байланысты біршама фразеологизмдер көрініс тапқан. Эмоцияны бейнелейтін фразеологизмдер әсіресе кейіпкер әрекеті, толғаныс, эмоциялық күйі негізінде айқын байқалады. Тек жалпыхалықтық фразеологизмдерді қолданып қоймай, ақын фразеологизм жасауда өз қолтаңбасын қалдырғандығына – окказионал фразеологизмдер дәлел дей аламыз.

Әдебиеттер

1 Қайдар Ә. Қазақ тілінің өзекті мәселелері. – Алматы: Ана тілі, 1998. – 304 б.

2 Кенесбаев С.К. К вопросу об экспрессивно-стилистических функциях фразеологизмов // Тезисы докладов конференции “Развитие стилистических систем литературных языков народов СССР”. – Ашхабат, 1966. – С. 27-29.

3 Кайдаров А.Т. Особенности стилистического употребления синонимного и вариантных фразеологизмов уйгурского литературного языка. Исследования по тюркологии. – Алматы, 1969. – 160 с.

4. Сәрсенбаев Р. Жақыпбеков М. Фразеологизмнің экспрессивтік-эмоционалдық табиғаты туралы // Кітапта: Қазақ тілі мен әдебиеті. – Алматы, 1973. – 3-шығуы. – 26-30 бб.

5 Оразов М. Қазақ тілінің семантикасы. – Алматы, 1991. – 216 б.

6. Психология эмоции: Тексты / Под ред. В.К. Вильюнаса, Ю.Б. Гиппенрейтер. – М.: Изд-во МГУ, 1984. – 288 с.

7 Шаров А.С. К познанию эмоциональной сферы человека // Мир психологии. – 2004. – № 1. – С. 214-226.

8 Ілияс Жансүгіров. 3-том. Поэмалар. – Алматы: Қазығұрт, 2004.-405 б.

9 Кеңесбаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. – Алматы: Ғылым, 1977. – 711 б.

10 Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы, 2008. -968 б.

Сырлыбаева Г.Т.

І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті
ф.ғ.к., аға оқытушы; e-mail: gularna_s.t81@mail.ru

Сарышова К.С.

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті
ф.ғ.к. қауымдастырылған профессор; e-mail: k_sarysheva@mail.ru

І.ЖАНСҮГІРОВ САТИРАСЫНДАҒЫ БЕЙВЕРБАЛДЫ АМАЛДАР

Түйін. Мақалада Ілияс Жансүгіровтің сатирасындағы бейвербалды амалдар, олардың қолданылу ерекшелігі, беретін мағыналары талданған, көркем бейне жасаудағы бейвербалды амалдардың қызметі туралы тілдік тұжырымдар келтірілген.

Кілт сөздер: сатира, фельетон, бейвербалды амал, семантика.

Резюме. В статье рассматриваются невербальные средства общения в сатире Ильяса Жансугурова, особенности их применения, значения проанализированных художественных приемов в создании невербальных средств общения языковой деятельности.

Ключевые слова: сатира, фельетон, невербальные средства общения, семантика.

Summary. The paper deals with non-verbal approaches in the satire of Ilyyas Zhangusurov, peculiarities of their use and meaning of analyzed literary devices in creating non-verbal approaches of language activities.

Key words: satire, feuilleton, non-verbal approach, semantics.

Ілияс сатирасы – өз тұсындағы қоғам өмірінің аса маңызды, күрделі мәселелері жөніндегі өткір тілді, мол сырлы сатира. Онда жылы юмор мен ащы сарказм, әдемі эпитет пен келісті теңеу, қиыннан қиысқан қисынды сөз – бәрі бар. Сондай-ақ, ғылыми зерттеулерге зер салсақ І. Жансүгіровтің қазақ сатирасына фельетонның жаңа түрін, үлгісін кіргізуге біраз қызмет қылғандығын, оны фельетонның ертегі, пьеса, қаулы, шолу түрлерін енгізуінен байқай аламыз.

«Әдебиеттің күлкі-сықақ түрі – бізде өспеген, өнбеген түрі. Бұл жөнінде де біраз еңбек істеп келем. Осы түрді туғызу үшін әдебиет түрінен «Сықақ» атты кітап жиып шығардым. Осыған ыңғайым бар. Кезінде ұсақ-түйек жазып отырамын. Менің фельетондарым, сықақ өлеңдерім – біздегі жоқ әдебиеттің сықақтық түрін туғызуға істеп жүрген қызметтерім» – деп, жазады Ілияс Жансүгіров [1].

Сатирик Т.Қожекеев Ілиястың сатириктік қызметін екі кезеңге бөліп қарағанды жөн санайды: Біріншісі, 1920-1925 жылдар, яғни оның «Тілші» газетіндегі кезеңі. Екіншісі – 1928 жылдан бергі аралық, Москвадан оқып келгеннен кейінгі «Еңбекші қазақ» істеген және онан соңғы жылдары [2].

Профессор М.М. Иманғазин «І. Жансүгіров прозасындағы сатира» атты мақаласында Ілияс сатирасының жариялануы туралы мынадай деректер келтіреді: «Ілиястың 1961-64 жылдар арасында жарық көрген 6 томдық шығармалар жинағына 1963 жылы «Әңгімелері мен фельетондары» деген атпен 328 беттік көлемде кітап болып баспадан шығады. Сонымен қатар, 1964 жылы «Қазақстан» баспасынан шыққан «Пьесалары мен әңгімелері» деген кітапқа оның көптеген сықақ әңгімелері мен фельетондары енгізілген» [3].

Ғылыми деректерге сүйенсек, Ілияс Жансүгіров бірінші кезектегі сықақтарын Матай, Балгер, Жа-жа, Ақын, Салпанқұлақ сияқты бүркеншік аттармен жазған екен. Оларын «әзіл-оспақ», «оқшау сөз», «шашауша» деген бөлімдерінде жариялап отырған.

Ілиястың ерекше атап өтетін фельетондары: «Екпінді бүлдіргіш», «Мынау не дейді», «Кімді кім?», «Мен қателескен екем», «Пұшық мұрынға кетік ыдыс», «Жайлаубектің жауыры – аурудың ауыры», «Басқа пәле тілден», «Жалаңаш жиылыс» т.б. болса, сықақ өлеңдеріне: «Елге шыққанда ...ов не айтады?», «Жолсыз салық», «Шешілмеген жұмбақ», «Шенқұмарға», «Жарайсың, Шылғаубайым» т.б. жатқызуға болады.

Ілияс сатирасының тақырыптары да сан алуан. Бірде шенқұмар бастықтарды сынаса, бірде сауатсыз молданы, ал кейде бюрократтарды да мінеп-сынап, әжуалайды. Жазғандарында көтерген мәселелері көбіне, болған оқиға, нақты фактілер. Фельетондарының жанрына келетін болсақ: пьеса, шолу түрінде, ертегі, қаулы есебінде де жазылған. Бір ғана дәлел, Ілиястың «Колхоз қаулы қылды» деген фельетоны қаулы ретінде жазылған 9 пункттен тұрады.

Сан алуан тақырыптарда жазылған Ілияс сатирасындағы кейіпкерлердің әрекеттері, ойын жеткізуі бейвербалды амалдар арқылы жүзеге асқан. Бейвербалды амалдар тілдік амалдар сияқты көркем әдебиетте белгілі бір қызмет атқарады. Лингвист ғалымдар тілсіз қатынасты бейвербалды амалдар деп атайды.

Осы ретте ғалым Ф.Оразбаева тілдік қатынас пен тілсіз қатынастың айырмашылықтары мен ұқсастықтарын атап көрсетеді:

1. Адамдардың бір-бірімен байланысын қамтамасыз етеді, яғни адамдар арасындағы қатынасқа

қызмет етеді.

2. Тілдік қатынаста да, тілсіз қатынаста да белгілі бір нәрсе хабарланады, бірақ тілсіз қатынаста хабар шартты түрде болуы мүмкін.

3. Тілдік, тілсіз қатынас та адамдардың өзара түсінісуіне жол ашады [4, 9 б.].

«Адамдар тек сөйлесу, пікір алмасу арқылы ғана қарым-қатынас жасамайды. Кейде олар белгілі бір шартты келісімдер немесе белгілер арқылы тілсіз-ақ ұғынысады. Бұл да – адамдар арасындағы қарым-қатынастың бір түрі. Семиотикалық таңба-белгілерден өзгеше адамдардың ыммен түсінісуі және көздің, ауыздың, қабақтың қимыл-қозғалыстары арқылы ұғынысуы сияқты көп белгілер бар» [5, 13 б.].

Айтылған тілдік тұжырым ғылыми түрде бейвербалды амалдарға жақын айтылған. «Бейвербалды амалдар деп – вербалды амалдарды толықтырып, оларға қосымша мағына үстейтін, коммуникативтік актіні жалғастыруға қызмет ететін, адамдардың өзара түсінісуін қамтамасыз етуге көмектесетін қарым-қатынастың түрін айтамыз» [5, 15 б.].

Кез келген көркем шығарма мәтінінде бейвербалды амалдар бір сөзбен (ыржию, тыржию, ажыраю т.б.) және фразеологизм (қол қусыру, құрақ ұшу т.б.) арқылы да беріледі.

Түсінік беріп өткен осы бейвербалды амалдар сатира тілінде өте ұтымды қолданылатын, кейіпкер қарым-қатынасын айқындап беруге негіз болатын амалдардың бірі десек те болады.

Сатирик І.Жансүгіров бейвербалды амалдары орынды жерінде қолданып, олар арқылы адамның көркем образын жан-жақты бейнелеп отырған. Илияс кейіпкерлері бірін-бірі немесе бір нәрсені жақтырмағанда мұрнын тыжырайтады, қабағын шытады//қабағын түйеді:

Мұрнын тыржиты: а) жақтырмау, ұнатпау; ә) менсінбеу.

- Подними штан – деді де, мұрнын тыжырып, фельдшер теріс айналып кетті («Жайлаубектің жауыры – ауырудың ауыры»).

Қабағын тую – біреуді ұнатпаудың, бір істі жаратпаудың, жақтырмаудың белгісі немесе көңіл-күйі пәс адамның мимикасы.

Анда-санда әрең илігіп қол астындағы жампаң жорға қызметкерлердің қағазына қабағын түйіп қол қояды («Төрешілдіктің түрлері»).

- Мұсылман! – деп сәудегер қабағын шытты.

Сатирик ақыра қоя беру; қабағын жауып, жұдырығын тую; күре тамыры адырайып, екі көзі бажырайып сияқты бейвербалды амалдардың ашулану эмоциясының ең жоғарғы сатысы ретінде пайдаланған. Мәселен: Начальник көзілдірікті асыра қарап, ақыра қоя береді («Жайлаубектің жауыры – ауырудың ауыры»).

... Сонда бастықтарың қабағын жауып, жұдырығын түйіп:

- Кімді кімге берсең, еркім, онда жұмыстарың жоқ! – деп зекіп тастаса... («Мені арқала, бақа қуала»).

Күре тамыры адырайып, екі көзі бажырайып, екі езуінен көбігі ағып, бураша шабынады. Мұның бар долылығы осы болады. («Төрешілдіктің түрлері»).

Ишара – адамның ішкі көңіл-күйінен хабардар ету мақсатында жасалатын, дене мүшелерінің (аяқ, бас, иық, қол т.б.) әртүрлі қимыл-қозғалысына негізделген мағыналық әрекет [5, 44 б.] екенін ескерсек, Илияс фельетондарында қимыл, ишараның өзі кейіпкерлердің психологиясын, мінезін, басқа кейіпкерлермен қарым-қатынасын, олардың сезімдері мен мәдениеттілігінің деңгейін ашып көрсетуге негіз болады. Мысалы:

Санын шапалақтау – қатты қуану, қуанышы қойнына сыймай шаттану.

- Тек кейбір барлық жағдайға жанаса білетін Кузьма сияқты жігерлі, епті адамдардың тырысып ән салғанына сан шапалақтап, сауық құрып тұрдық («Жалаңаш жиылыс»).

- Қопандаған мырқымбайлар екі қолын ербеңдетіп, біріне-бірі ұрып алды («Газет емес, концерт»).

- Алып ұрам,
Кемелге келіп осы –
Толу деген.

деп сахнаны теуіп қалғанда тыңдап отырғандар селк ете түсті («Газет емес, концерт»).

Мұндағы сан шапалақтау; екі қолын ербеңдетіп, біріне-бірі ұру бейвербалды амалдары қолдың қимыл-қозғалысына негізделген әрекетін, ал теуіп қалу арқылы аяқтың қатысуымен орындалатын кейіпкер іс-әрекетін сипаттауға негіз болған.

Қолдан келер қайраны, амалы жоқтықты аңғартатын, жігерсіздікті, әрекетсіздікті танытатын кинема – желкесін қасу. Мысалы: Міні, гәп сонысында. Осыған келгенде қандай қырағы, қандай білгіш болса да бір мүдіреді. Желкесін бір қасиды («Төрешілдіктің түрлері»).

Сондай-ақ, бажыраю, сыбырлау, желкесін қасу, мойнын созу, ду түрегелу, ду күлу, жағасын ұстау, бөркін аспанға лақтыру, қатты күрсіну т.б. сияқты бейвербалды амалдар мен кинемалар сатириктік қолданысында бар.

Илияс Жансүгіровтің фельетонында бейвербалды амалдардың қолданылу мақсатының бірнеше түрлерін атап көрсетуге болады:

Жақтырмау мәнінде: Жоқ, бірадар, әңгіме жапырақ қағазды жазуда емес, оның артында жатыр.....- депті.

- Артында несі жатыр дейсің-ау сен! – деп Қожа тағы алара қарапты («Мынау не дейді»).

- Бір-біріне, жаудан жаман жақтырмай бұқаша қарасып, тесікке телміріп тұрған очередь (6,323 б.).

Қорку, шошу эмоциясы:

Жайлаубектің көзі алақандай болды. Өзінен-өзі қорқады (6,326 б.).

Ұялған сәтте қолданылатын:

Оны көрген доктор ұялмаса да қызарған шығар (6, 327 б.).

Ымдау мәнінде:

- От-от, товарищ доктор, дәрі давай, дәрі давай, осы жағым- деп қолын арт жағына сермей берді (6, 322 б.).

Таңдану кезінде:

- Әйтеуір жақсылық емес. Өйткені сенімен бірге құқ болғандардың ішінде бұрынғы болғандардан да, молдалардан да бар екен десті ғой.

Қаратайдың көзі бағжия түсті («Құқ»).

Қостанай мырқымбайлары тағы аң-таң. Сыңарын да, тыңдарын да білмейді. Тек көздері жапаң-жапаң етеді («Газет емес, концерт»).

Жұмысың болып бара қалсаң, бадырая қараса; («Мені арқала, бақа қуала»).

Әйел адамдарға тән қасиеттерді көрсетуде: Жағамды ұстадым...Әйел болса бетін шымшыды («Көрген де арманда, көрмеген де арманда»).

Қорыта келе, І.Жансүгіров творчествосынан стилі жағынан сәтті шыққан фельетондарды көп кездестіруге болады. Автор фельетонның әрбір буынына, әрбір бөлігіне бірдей көлем, бірдей көрік беріп жазады. Оқиғаның басталуы, дамуы, ша-

рықтауы, шешілуі жүйелі, жоспарлы келеді. Күлкіні, көркем сөзді, суретті, бояуды фельетонның өнбойында бірдей пайдаланады. Сондай-ақ, Илияс сатирасында тілдік амалдармен қатар бейвербалды амалдар қолданылған; кейіпкердің көзқарасы, бір-біріне қарым-қатынасы оның мимикасынан, дене қимылынан, күлкісінен, ишарасынан байқалатындығын аңғаруға болады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Дүйсенов М. І.Жансүгіров. – Алматы, 1996. -299 бет.

2. Қожаскеев Т. Сатира негіздері. – Алматы, 1996. -201 бет.

3. Имангазинов М. І.Жансүгіров прозасындағы сатира. Әдебиет порталы.

4. Оразбаева Ф.Ш. Тілдік қатынас: теориясы және әдістемесі. – Алматы, 2000. -207 бет.

5. Нұрсұлтанқызы Ж. О. Бөкеев шығармаларындағы бейвербалды амалдар. Ғылыми монография. – Қызылорда, 2015. -142 бет.

6. І.Жансүгіров. Пьесалары, фельетондар. 5-том. – Алматы: Қазығұрт, 2005. -341бет.

7. І.Жансүгіров. Әңгімелер, очерктер, фельетондар. 4-том. – Алматы: Жазушы,1998. -430 бет.

Чалтикенова Л.А.

І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті
ф.ғ.к., аға оқытушы; e-mail: lyazzat.chaltykenoba.59@mail.ru

КӨРКЕМ ШЫҒАРМАЛАРДАҒЫ ТӘУЕЛДІК ЖАЛҒАУЫНЫҢ ГРАММАТИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ (Д.Исабеков әңгімесі негізінде)

Түйін: Мақалада Дулат Исабеков әңгімесі негізінде тәуелдік категориясының қызметі мысалдар келтіре отырып талданады. Тәуелдік жалғауының қосымша эмоциялық-экспрессивтік райды немесе мәнді білдіретіндіктері де айтылып өтеді.

Кілт сөздер: эмоциональды сезім, тәуелдік категориясы, этика, этника, семантика, прагматика, аналитикалық тәсіл, синтетикалық тәсіл, морфосинтаксис, грамматикалық ерекшеліктер.

Резюме: В основе рассказов Д.Исабекова приводятся и разбираются функции примеров категории принадлежности. Оговариваются о дополнительных эмоциональных экспрессивных наклонениях или о свойствах притяжательных окончаний

Ключевые слова: Эмоциональное чувство, категория принадлежности, этика, этника, семантика, прагматика, аналитический метод, синтетический метод, морфосинтаксис, грамматические особенности.

Summary: he base of D. Isabekov's stories are the functions of examples of membership category. It is discussed about additional emotional expressive moods or properties of possessive endings

Keywords: Emotional feeling, category of belonging, ethics, ethnics, semantics, pragmatics, analytical method, synthetic method, morphosyntax, grammatical features.

Жеке автордың шығармалар мәтініндегі сөздер ешқашанда өзін қоршаған тілдік ортадан тыс бола алмайды және олар бір-бірімен өзара тығыз байланыстағы эмоциональды сезімдер мен күрделі ойларды жеткізу құралы болып есептеледі. Тілдік қарым-қатынастағы сөз өзінің бейтараптығын жоғалтып, қосымша реңктерге ие болады да, көп мағыналы сөздің бірнеше мағынасы бірге жаңартылуы мүмкін.

Қазіргі қазақ әдебиетіндегі көркем шығарма тілін талдап, оның этикалық, этникалық, эстетикалық әсер-қуатын таныту қазіргі кездегі аса маңызды міндеттердің бірі, себебі тіл қазынасынан қаламгердің айтар ойына қажетті сөздерді тандап, іріктеп қолдануы арқылы әдеби шығарманың семантикасы мен прагматикасы түзіледі.

Көркем шығарманың мазмұндық-деректі ақпаратын құрайтын лексика-грамматикалық құралдар арасында қолданысы ерекше назар аудартатын тәуелдік жалғауының грамматикалық қызметі.

Дулат Исабековтың шығармалары әдеби жанрлар жағынан көп зерттелгенімен, көркем әдеби тілінің қолданылуы, лексика-семантикалық ерекшеліктері, автордың сөздерді қолданудағы грамматикалық ерекшеліктерді пайдалануы, кейіпкерлер тілінің ұлттық дүниетанымы жағынан әлі зерттеле қойған жоқ, сондықтан да жазушы шығармаларындағы тәуелділік жалғаудың грамматикалық қызметін зерделеуді мақсат етіп отырмыз.

Жазушының адам ойына ақыл беретін, адамгершілікке тәрбиелейтін біршама шығармалары бар, соның барлығынан тәуелдік жалғаудың грамматикалық қызметін анықтауға болады. Оны анықтамас бұрын тәуелдік категориясы туралы айтар болсақ, «...Зат есімге тән категориялардың бірі – тәуелділік. Тәуелділік категориясы деп белгілі бір заттың тәуелділігін білдіретін грамматикалық категорияны айтамыз. Қазақ тілінде тәуелдік категориясы үш түрлі тәсіл арқылы беріледі:

1. Аналитикалық тәсіл арқылы,
2. Аралас тәсіл арқылы (морфология-синтаксис)
3. Синтетикалық тәсіл арқылы [1].

Синтаксистік, яғни аналитикалық тәсіл сөздердің тіркесінен біз, сіз ілік септігіндегі есімдіктер мен түбір күйінде тіркескен, яғни анықтауышпен анықталушы мүшелер тізбегі арқылы жүзеге асқан амалдың түрі. Мысалы Дулат Исабековтың «Тағдырдың кейбір кездері» әңгімесінде көбінесе мына тіркестер көп орын алған: біздің машина, сіздің аудан, сенің орның т.б.

Ал тек есімдік қана емес, басқа да сөз таптарының ілік септігінде келіп (анықтауыштың), анықталушы сөз тәуелдік жалғауда келсе, яғни әрі морфологиялық, әрі синтаксистік тәсілдердің қабаттаса келуі аралас (морфосинтаксистік) тәсілге жатады: Мәселен, бояуының ісі, өзінің өмірі, үйішінің жағдайы, баласының үшеуі, мұның қабырғасы, оның адал еңбегі, ұлының формасы т.б [2].

Морфологиялық тәсіл нәтижесінде жасалынатын тәуелдеу категориясы екі түрлі қосымша арқылы: -нікі, -дікі, -тікі жұрнағы мен -ның (-нің, -дың, -дің, -тың, -тің) жалғауы арқылы туады. Ал заттың екінші бір затқа тәуелді екенін білдіретін қосымша категория тәуелдік жалғау болып табылады. Мысалы: бесеуі, еңбегі, қылығы, бұғанасы, диагнозы.

Әдетте, тәуелдік жалғауы өзінің тіркесетін алдыңғы сөздің ілік септігінде (жіктеу есімдіктерінің) тұруын талап еткендіктен де, олардың жақ

жалғаулары жіктеу есімдіктерінің жақ жалғауларына сәйкес келіп отырады. Сонда тәуелдік жалғаудың жақ көрсеткіштері мына секілді болады: I -м, II -ң (-ңыз, -ңіз), III -сы, -сі; дауыссыз болса түбір: I -ым, -ім, II -ың, -ің (-ыңыз, -іңіз), III -ы, -і.

Зат есімнің тәуелдік категориясы түркі тілдерінің ерекшелігін білдіретін категория, өйткені «грамматикалық категорияларда универсалды грамматиканың жалпы категориялары емес, туыстас тілдердің тобының немесе жеке тілдердің грамматикалық құрылысының басты ерекшеліктері көрінеді». Сондықтан түркі тілдерінде соның ішінде қазақ тілінде дербес категория болып табылатын тәуелдік категориясы орыс тілінде жоқ. Бірақ орыс тілінде тәуелдік мағына бар. Ол лексикалық тәсіл арқылы беріледі (мой, твой, т.б.).

Тәуелдік категориясының мағынасы тәуелдік жалғаулары арқылы беріледі, яғни тәуелдік жалғауы грамматикалық мағынасы жағынан ең алдымен тәуелдік мағынаны, екіншіден, сол тәуелдік мағынаны белгілі жаққа байланысты жекеше, көпше түрде білдіреді. Мысалы Д. Исабеков «Тағдырдың кейбір кездері» әңгімесінде

1-жақ: -ым, -ім, (мама- м)-м; -ымыз, -іміз, -мыз, -міз (машина-мыз)

2-жақ: анайы-ың, -ің, -ң (орын-ың); (-лар.-дар, -тар)-ың (-лер,-дер, -тер)-ің

сыпайы-ыңыз, -іңіз, -ңыз.-ңіз. (орын-ыңыз); (-лар,-дар,-тар)-ыңыз (-лер,-дер,-тер)-іңіз

3-жақ: -ы,-і,-сы,~сі {балалар-ы, күйеу-і} (-лар.-дар, -тар)-ы (-лер,-дер,-тер)-і (құлындар-ы)

Сонымен бірге тілімізде тәуелдеудің оңаша және ортақ түрі қалыптасқан. Бұл-«тәуелденетін заттың (заттардың) бір я бірнеше затқа, адамға тән екенін білдірумен байланысты». Егер бір я бірнеше зат бір адамға (затқа) меншікті болса, тәуелдіктің бұл түрі оңаша тәуелдеу деп аталады.

Мысалы Д. Исабеков «Тағдырдың кейбір кездері» әңгімесінде:

Жекеше: Менің мама-м, әке-шешем сенің орның,

оның адал еңбег-і, қылығы

Көпше: құлын-дар-ым

құлын-дар-ың

құлын-дар-ы

Егер бір я бірнеше зат біреу емес, бірнеше адамға (затқа) меншікті болса, тәуелдіктің бұл түрі ортақ тәуелдеу деп аталады. Мысалы, «Тағдырдың кейбір кездері» әңгімесінде мына тәуелдеулі сөздерді көп қолданғанын байқаймыз сендердің, дос-жарандар-ың, олардың папалар-ы. Тәуелдік жалғаулы сөз сөйлемде үнемі ілік септіктегі сөзбен тіркесте қолданылады. Мысалы, қаланың баспаханасы, облыстың ауруханасы, т.б., яғни қаланың, облыстың, деген ілік септіктегі сөздер өздерінен кейінгі сөздердің тәуелдік жалғауында тұруын талап етсе, ал тәуелдік жалғаулы сөз өзінің алдындағы сөздің ілік септікте тұруын керек етеді. Сөз-

дердің осылайша, яғни бірінші сыңары ілік септік жалғауда, екінші сыңары тәуелдік жалғауда келіп, байланысуы ғылымда матасу деп аталады.

Сонымен бірге, мұндай тіркестердегі яғни, матаса байланысқан сөздердің кейде біреуінің қосымшасы түсіп қалып қолданылуы да тілімізде кездеседі. Мысалы, аурухана қабырғасы, пеш оты, кітап мұқабасы, ауыл маңы. Бұл тіркестерде ілік септік жалғаулары түсіп қалған, бірақ оны тілдегі заңдылық бойынша -тәуелдік жалғауы тұрған жерде ілік септігі жалғауы болатындығы арқылы дәлелдеуге болады. Ал кейде керісінше, сөзде тәуелдік жалғауы түсіп қалады. Мысалы, біздің көше, сіздің ауыл. Осы тіркестер толық айтылғанда біздің көшеміз, сіздің аулыңыз, өзіміздің шәкірттеріміз болуы тиіс еді. Бұл мысалдарда біз, сіз, өз есімдіктері ілік септік жалғауында келген де, тәуелдік жалғауда айтылуға тиісті сөздер қосымшасыз тұлғада тұр. Мұндай құбылыстың тілдік қолданыста кездесетіндігін М.Балақаевтың мына пікірінен көруге болады. «.. біз, сіз, деген екі есімдік ілік жалғауында айтылғанда, олармен байланысты тәуелдік жалғауында айтылуға тиісті сөздер жалғаусыз да жұмсалады, мысалы: біздің еліміз-біздің ел, сіздің балаңыз-сіздің бала»[3].

Тәуелдік жалғауларының қолданыста түсіп қалуы тілдегі ықшамдау тәсілінің бір түрі болып табылады. Мұны соңғы кездегі зерттеулер де дәлелдейді. Мысалы, К.Қондыбаеваның зерттеуінде тілдегі грамматикалық категориялардың көрсеткіштері саналатын жалғаулардың қолданыста ықшамдалу заңдылығының әсеріне, ықпалына ұшырауы қарастырылған. Автор өз еңбегінде қазақ тіліндегі жалғаулардың ықшамдалып қолданылатындығын және әр жалғаудың түсіріліп қолданылуының өзіндік орны мен қызметін сипаттай келіп, тәуелдік жалғауының түсіріліп қолданылуының мынадай ерекшеліктерін түйіндеген:

-тәуелдік жалғауының стильдік мақсатта түсіріліп қолданылуы тілдегі дағдылы құбылыстардың бірі. Әсіресе, сіздің, біздің сияқты ілік жалғаулы есімдіктермен тіркескен сөздердегі тәуелдік жалғауының көрсеткіштері түсірілуге бейім саналады;

-тәуелдік жалғауының бірінғай мүшелердің тек соңғысына жалғануы да стильдік мақсаттағы тілдік нормалардың қатарына жатады.

Олай болса, матаса байланысқан тіркестердегі тәуелдік жалғауының түсіріліп қолданылуы ерте кезден күні бүгінге дейін кездесетін, әрі белгілі бір мақсатта қолданылатын тілдік құбылыс екендігі анық. Тәуелдік жалғауы тек қана меншіліктілікті білдіріп қоймайды. Мысалы қаланың баспаханасы, үй-ішінің жағдайы, құдайдың құдіреті секілді тіркестерде нақты меншіктілік мағына жоқ, өйткені бұл тіркестер жалпы ананың құшағы, жалпы ауылдың ақсақалы, жалпы малдың ізі деген ұғымды беріп тұр. Сондықтан бұл тіркестерден нақты қай

ананың құшағы, қай ауылдың ақсақалы, қай малдың ізі екендігін білу қиын. Осымен байланысты ғалымдар «тәуелдік жалғау меншікті білдіреді» деген ұғым-аса кең грамматикалық ұғым, ақиқат меншіктілік жайындағы ұғым сол кең грамматикалық ұғымның тек әредікте ғана кездесетін бір көрінісі ғана", - деген пікір айтады. Д. Исабековтың «Тағдырдың кейбір кездері» әңгімесінде кездесетін ішкі дүниесі, аурухана қабырғасы, аудан орталығы, бояуының ісі секілді тіркестерден белгілі бір жаққа тән нақтылы меншік те, тәуелділік те байқалмайды, тек қана грамматикалық қатынас аңғарылады. А.Ысқақовтың сөзімен айтқанда, «әуелде меншікті, белгілі бір жаққа тән тәуелділікті білдіретін жақ жалғауы бірге-бірге жақтық көрсеткіш болу қабілетінен көшіп, жаққа байланысы жоқ тым жалпы қатынасты білдіру сипатына ие болған» [4]. Бұдан тәуелдік жалғаудың қолданыста басқа да мағына беретіндігі байқалады.

Сонымен бірге, тәуелдік жалғау қосымша эмоциялық-экспрессивтік райды я мәнді білдірерліктей де міндет атқарады. Мысалы, құлындарым, қошақандарым, мамам, папам секілді формалар тыңдаушы адамның сезіміне әр алуан эмоциялық ықпал жасап, әр қилы экспрессивтік әсер ететіні аян. Мысалы, Құлындарым, қошақандарым! Қане, келіндерші!

Қорыта келген Д.Исабековтың бір ғана «Тағдырдың кейбір кездері» әңгімесінің ішінде қырыққа жуық тәуелдік жалғауы жалғанған сөздер бар: аудан орталығы, қаланың баспаханасы, дос –жарандарының бірі, оның көңілі, шешелері, іздеушілері, аурухана қабырғасы, бояуының ісі, әке-шешем, өзінің өмірі, балалары, қиялы, үйішінің жағдайы, әйелі, қызы, мамалары, баласының үшеуі, мұның қабырғасы, бұғанасы, миы, диагнозы, адал еңбегі, қылығы, күйеуінің жүзіне, ішегі, құдайдың құдіреті, сенің орнына, оның қуанышы, күйеуі, папалары, мамам, баспахана ба-

стыхы, біздің машина, папасы, мамасы, құлындарым, қошақандарым, ішкі дүниесі.

Соның ішінде тәуелділік жалғауының I –жағында тұрған сөздер: әке-шешем, мамам, құлындарым, қошақандарым, ал тәуелдік жалғауының I жағында көпше түрде тұрған сөз:біздің машина

II – жақта тұрған сөз: сенің орнына

III- жақта тұрған сөздер: аудан орталығы, қаланың баспаханасы, дос –жарандарының бірі, оның көңілі, шешелері, іздеушілері, аурухана қабырғасы, бояуының ісі, өзінің өмірі, балалары, қиялы, үй-ішінің жағдайы, әйелі, қызы, мамалары, баласының үшеуі, мұның қабырғасы, бұғанасы, миы, диагнозы, адал еңбегі, қылығы, күйеуінің жүзіне, ішегі, құдайдың құдіреті, оның қуанышы, күйеуі, папалары, баспахана бастығы, папасы, мамасы, ішкі дүниесі

Қаламгердің баяндауында тәуелдік жалғаудың прагматикалық қызметіне ерекше екпін түсіріп, ойын мейлінше әсерлі, мейлінше анық, мейлінше дәлелді жеткізеді және шығарма семантикасын, модальділігін түзуге пайдаланады. Автор қолданысындағы тәуелдік жалғауларының грамматикалық ерекшеліктерін осы талдаулардан көруге болады.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. *Қазақ грамматикасы. Фонетика, сөзжасам, морфология, синтаксис /*
- А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, Е.Жанпейісов т.б. – Астана: Елорда, 2002. –784 б.
2. *Исабеков Д. Екі томдық таңдамалы шығармалар.-Алматы: Жазушы.-1993. -544 б.*
3. *Балақаев М. Қазақ тіл білімінің мәселелері.-Алматы: «Арыс» баспасы, 2008.-592 бет. +12 бет суретті жапсырма.*
4. *Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі: Морфология. (филология фак. студенттеріне арналған оқулық) . -Алматы: Ана тілі, 1991. 2 - басылым. –384 б.*

Нұржанова Айсұлу

Филология ғылымының кандидаты, Сулейман Демирель университеті
«Филология» кафедрасының ассистент профессоры, aisulu.nurzhanova@sdu.edu.kz

Құрманәлі Алтыншаш

Ph.D., Сулейман Демирель университеті, «Филология» кафедрасының
қауымдастырылған профессоры, altynshash.kurmanali@sdu.edu.kz

ҚАЗІРГІ ТІЛ БІЛІМІНДЕГІ ЛИНГВОМӘДЕНИ БАҒЫТТАР

Түйін. Мақалада қазіргі тіл біліміндегі лингвомәдениеттанымдық зерттеулердің іштей бағыттарға бөлініп, саралана дамуы қарастырылады. Қазіргі тілтанымдық зерттеулер адамның әлеуметтік-қоғамдық ортада қалыптастырған мәдени құндылықтарының тілде шегенделуінің өзіндік ерекшеліктерін айқындауға және тілдік таңба тұрпатында көрініс беретін ақиқат шындықтың және адам болмысының сипаттамасын қайтадан қарауға негізделгендігі сөз етіледі.

Кілт сөздер: қазіргі тіл білімі, лингвомәдени бағыттар, лингвомәдени зерттеулер, парадигма.

Резюме. В статье тщательно проанализированы лингвокультурологические направления современной лингвистики. Современные лингвистические исследования позволяют определить особенности культурологических ценностей этноса, закрепленных в языке, сформированных человеком в социально-общественной среде, а также рассматривается тенденция целенаправленного пересмотра характеристик человеческого бытия.

Ключевые слова: современная лингвистика, лингвокультурологические исследования, лингвокультурологические направления, парадигмалар.

Summary. The article thoroughly analyses the linguacultural trends of the contemporary linguistics. The modern linguistic studies give the opportunity to determine the peculiarities of the cultural values of an ethnos, which exist in the language and formed by mankind in social public environment. The article also focuses on the tendency of the purpose approached overview of the characteristics of the human being.

Keywords: contemporary linguistics, linguacultural trends, linguacultural studies, paradigm.

Бүгінгі таңда тіл білімі зерттеулерінде тілдің этникалық мәдениеттің формасы, ұлттық мәдениеттің құрамдас бөлігі тұрғысынан қарастырылуы «мәдениет» ұғымын нақтылаумен тығыз сабақтастып жатады. «Мәдениет» ұғымына берілген анықтамалар өте көп екені белгілі. Ғылым мен мәдениеттің әртүрлі саласында қызмет ететін зерттеушілердің ғылыми мектептерінің ыңғайына қарай, зерттеулерінің мақсат-мүддесі мен аспектілеріне байланысты мәдениеттің мазмұны мен құрылымы әрқалай түсіндіріледі.

«Мәдениет» ұғымын әлеуметтік аспектіде анықтауда бұл құбылыстың табиғаттан жаратылмағандығы, биологиялық және физиологиялық тектен таралмайтыны, жекелеген индивидпен шектелмейтіндігі, тек бір-бірімен қарым-қатынас жасаушы адамдар қауымына тән, қоғамдық-әлеуметтік факторларға байланысты мазмұны мен тұрпатын жаңартып, өзгертіп отыратын құбылыс екені алға тартылады (В. Освальт). Когнитивтік аспектіде мәдениет – «білім мен танымның нәтижесі» ретінде (В. Гудинаф), ал семиотикалық аспектіде мәдениет – «ең алдымен әлемді репрезентациялайтын, сонан соң қатынас құралы ретінде пайдаланылатын таңбалар жүйесі» тұрғысынан түсіндіріледі (К.Леви-Стросс). Г.П.Нещименконың пікірі бойынша: «Мәдениет» термині «шындық болмысты адам баласының рухани игеруі» дегенді білдіреді, ал «мәдени құндылықтар – адамның рухани іс-әрекетінің ақиқат шындыққа айналуының нәтижесі» /1, 31-б./.

А. Вежицкаяның пікірінше, мәдениетке берілген сан алуан анықтамалардың арасынан «тіл және мәдениет» сабақтастығын зерттеуде жүгінуге ең қолайлысы, ең өнімдісі Клифорд Герц ұсынған анықтама.

К. Герцтің анықтамасы бойынша: «Мәдениет - символдар кейпіне енген мағыналардың тарихи жалғастықтағы моделі, ұрпақтан-ұрпаққа мирас етілетін түсініктердің жүйесі. Олардың көмегімен адамдар арасында қарым-қатынас орнайды және олардың негізінде адамдардың өмір туралы білімі ұшталады, өмірлік ұстанымдары шегенделеді және дамиды» /2, 289-б./.

«Мәдениет» ұғымын қай қырынан сөз етсе де, мәдениетті зерттеушілердің барлығы да бұл күрделі құбылыстың құрылымындағы тілдің рөлі айрықша екенін мойындайды. Маселен Э. Сепир: «Мәдениеттің қорлануы мен оның тарихи мирастығындағы тілдің рөлі айқын әрі өте маңызды. Бұл мәдениеттің жоғары деңгейіне де, оның қарадүрсін формаларына да қатысты болмақ. Қарадүрсін қоғамның мәдени қорының көп бөлігі белгілі бір тілдік формада сақталады», - дейді /3, 233-б./.

Мұнда ғалымның мәдениетті «жоғары деңгейдегі» және «қарадүрсін» деп бөлуімен келіспеуге болады. Мәдениет әр халықтың өмір сүру салтына, шаруашылықтық, діни, ділдік, дәстүрлік негіздерінің

тарихи тұғырына байланысты түр жағынан әр алуан болуы мүмкін. Бірақ бір халықтың мәдениетін келесі бір халықтың мәдениетінен жоғары немесе төмен қоюға болмайды, мәдениеттің «жетілген», «жоғары дәрежеде дамыған» немесе, керісінше «жабайы», «қарадүрсін» болуы мүмкін емес. Әйтсе де мәдениеттің тілдік формада сақталып, тарихи жалғасым табатыны жайлы Э.Сепирдің ой-пікірі тілдің мәдениетті қалыптастырудағы рөлі және мәдениеттің тілге әсер – ықпалы мәселесіне арналған зерттеулерде жиі көрініс береді. Ал Леви – Стросстың: «Тіл маған көп жағдайда мәдениет фактісі болып көрінеді. Себебі, тіл – ең алдымен мәдениеттің құрамдас бөлігі, біздің сыртқы дәстүрден алатын әдеттеріміз бен қабілеттеріміздің бірі, содан кейін тіл – басты құрал, ең тиімді тәсіл. Оның көмегімен біз өз тобымыздың <...> мәдениетін меңгереміз. Тіл – жүйе құрайтын мәдени құбылыстардың ішіндегі ең жетілгені. Егер біз өнердің, діннің, салт-дәстүрдің, тіптен кішкентай топтың өзіне ғана тән ішкі ереже-тәртіптерін және ізет-әдептерін білгіміз келсе, оларды тілдік коммуникация үлгісіндегі таңбалардың тіркесімінен қалыптасқан код ретінде қарастыруымыз қажет» деген пікірі /4, 24-б./ тілді «мәдени феномен» ретінде нысанға алып, оны дүние моделінің, яғни дүние бейнесінің әмбебап коды ретінде қарастыратын лингвомәдениеттанымдық бағыттағы зерттеулерде ғылыми ой-тұжырымдардың дәйектемелік негізі етіледі.

Этносты танып-білуге тұс-тұсынан атсалысып, өзіндік үлесін қосушы қоғамдық ғылым салаларының бірі – мәдениеттану десек, ол этнос болмысының ауқымды да маңызды саласымен шұғылданады. Мәдениет жеке адамның басына тән қасиетпен басталып, бүкіл ұлттық менталитетті, ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық сана, дүниетаным, салт-дәстүр, рухани-материалдық байлықтық бәрін түгел қамтитын өте күрделі ұғым' [5, 13 -б.].

А.Ислам тіл мен мәдениеттің байланысы жайында «Тіл мен мәдениет – екі дербес семиотикалық жүйеге жатқанымен, бір-біріне тең ықпал етер жүйелер. Екеуіне де кумулятивті қызмет тән, - деп тұжырым жасай келе, лингвомәдениеттануды «мәдениет пен тілдің өзара қатынасының тілдегі көрінісін зерттейді және бұл үдерісті тілдік және тілдік емес (мәдени) мазмұнды, біртұтас құрылым ретінде кешенді әдістемелер көмегімен және де қазіргі заманның басты бағыттары мен мәдени ұстанымдарына сәйкес зерттейтін қосынды (синтездеуші) кешенді ғылым» ретінде сипаттайды [6, 14-б./].

«Тіл мен мәдениеттің өзара байланысы және өзара ықпал-әсері туралы ғылыми білімнің кешенді саласы» – лингвомәдениеттану /7, 8-б./ – XVIII ғ. соңындағы И.Г. Гердердің тіл және этнос аралық байланысқа қатысты идеяларынан, XIX ғ. басындағы В.Гумбольдттың тіл философиясынан, Ф.И.

Буслаев, А.Н. Афанасьев, А.А. Потебня бастаған ресейлік ғалымдардың филологиялық және тілтанымдық дәстүрінен, XX ғ. Л. Вейсгербер, Э. Сепир және Ф. Боас еңбектерінен бастау алып, XX ғасыр соңында интегративтік сипаттағы дербес пән ретінде қалыптасып үлгерген «этнолингвистиканың ең жас бұтағы» /8, 64-б./ болып есептеледі.

Оның XXI ғасырда айрықша жедел қарқынмен дами бастау себебін адам және қоғамның өмір сүруінің өзіндік формасы болып табылатын мәдениет феноменін терең түсінуді, оның адамзат өркениетіндегі алатын орнын кешенді зерттеуді талап етіп отырған заманауи проблема – ғаламдану, жаһандану процесінің аса өзектілігімен түсіндіруге болады. Осы орайда лингвомәдениеттанымдық зерттеулерді нысандарына, мақсат-мүдделеріне, көтерген мәселелеріне қарай топтастырып, мәдениет пен тілді өзара тығыз байланыстағы таңбалар жүйесі шеңберінде зерттеудің ғылыми жіктемесін ұсынған В.Т. Клоковтың пікірін /9, 60-б./ ескеретін болсақ, қазіргі кездегі лингвомәдениеттанымдық бағыттардың жалпы мазмұны мынаған келіп саяды:

Тілдік семантикаға байланысты лингвомәдениеттанымдық зерттеулерде көрініс беретін бірінші бағыт бойынша тілде семиотикалық код ретінде шегенделіп бекіген қоғамдық маңызды ақпараттар бөлігін зерттеуге басты назар аударылады. Адамның дүние-әлемді түйсінуі, түсінуі және сол дүние-әлемде өз орнын, бағыт-бағдарын табуы үшін тілде қалыптасқан амал-тәсілдерді нақтылау мақсаты көзделетін мұндай зерттеулерде көбінесе лексикалық таңбалардың, грамматикалық категориялардың, тілдің лексикалық және грамматикалық құрылысының маңызына мән беріледі. Әсіресе әлемдегі нысандарды белгілейтін сигнификативтік мағыналарды әркілі мәдениетте өзінше өңделе отырып, жалпыға ортақ ұғымдық категорияға жетелейтін түсініктерге сай зерттеуге айрықша ден қойылады.

Екінші бағыт тілдік номинацияға, яғни адамның әлем туралы қордалаған білімін тілдің шегендеп бекіту қабілетіне байланысты болып келеді. Мұнда тілдік таңбалардың заттар мен құбылыстарды және оларға қатысты қоғамдық қолданыстағы ұғымдарды белгілеу, көрсету қызметіне ден қойылады. Бұл бағыт көбінесе әлем туралы білімнің жаңа қырларын пайдалану мәселесін, сондай-ақ тілдік таңбалардың уәждік сипаты, бастапқы тіл бірлігінің көмегімен екіншілік тілдік белгінің жасалу процесі (деривация), сөзқосым, кірмелілік, тілдік бірліктің ішкі формасы т.б. тілдік таңбалар туралы мәселелерді қарастырады. Әсіресе метафоралық және басқа да тәсілдер арқылы жасалатын тілдік таңбалардың түп негізінде жататын ассоциация және аналогия құбылыстарын адамның танымдық әрекетімен сабақтастықта зерттеу - бұл бағыттағы өзекті проблемалардың бірінен саналады.

Үшінші бағыт тілдің көмегімен, яғни семиотикалық код арқылы мәдени ақпараттың қалай сақталып, ұрпақтан ұрпаққа берілетінін зерттеуге қатысты болып келеді. Мұнда негізінен таңбалық парадигманың құрылымы, яғни лексикалық формалар саласында лексика-семантикалық, грамматикалық категориялар саласында функционалды-семантикалық құрылым-құрылыстар зерттеледі.

Төртінші бағыт бойынша сөйлесім жүйесінің құрылысы мен қызметі «тіл және мәдениет» қатыстылығында сарапталады. Мұнда аялық білім мәселесін зерттеу өзекті болып табылады. Аялық білім – шындық болмыстың нысаны туралы қосымша ақпараттар жиынтығы. Сөйлесушілердің ақиқат болмыстағы қандай-да бір нысан туралы қосымша ақпараттарды білуі олардың мәдени өресін танытатын білім көрсеткіші, өзара түсінушілікті орнатудың коммуникативтік құралы тұрғысынан зерттеледі. Соңғы кезде бұл бағыттағы зерттеулерде лексикалық бірліктер астарындағы символдық фонның тілдік-мәдени ортаға сай түсіндірілуін және мәдени символға айналатын сөздің сөйлесімде қолданылуын зерттеуге баса назар аударыла бастады. Мәдени символдар жүйесі - қоғамға пайдалы ақпараттарды бекітудің және жалғаудың, топтап жинақтаудың қосымша құралы. Демек, мәдени символдар арқалаған ақпараттардың, тілдік бірліктер арқалаған аялық білім қорының сөйлесімдік таңбалар арқылы берілу жолдарын зерттеу - төртінші бағыт көздеген басты мүдде болмақ.

Бесінші бағыт - қоғамдық маңызды ақпараттардың сөйлесім жүйесінде шегенделу ерекшеліктерін айқындауға байланысты болып келеді. Мұнда сөйлесім қатынасын орнатушылардың қылық-қимыл, жүріс-тұрыс, психологиялық жайкүйі, өзін-өзі ұстау манері сияқты мәселелерге назар аударылып, қоғамдық-мәдени ортада қалыптасқан жүріс-тұрыс ережесіне, адамдардың білім деңгейі мен интенциясына байланысты ақпараттардың коммуникацияға түсушілер арқылы шегенделіп беку жолдары зерттеледі.

Алтыншы бағыттағы зерттеулерде мәдени ақпараттың қоғамдағы орнын анықтауға ден қойылып, қоғамдық рәсімге, жөн-жосынға (ритуалға) айналған мәдени ақпараттың берілу жолдары қарастырылады. Әдеби тілдің жазбаша және ауызша дәстүріне байланысты сөйлесім этикеті қоғамдық құрылым мен оның жалпыға ортақ заңдылықтары туралы өте мол мәдени ақпараттар көзі саналады. Мұнда адамдардың сөз саптау ерекшеліктері, қаратпалар мен қайталамалардың тілдік қолданыстағы тұлға-тұрпаттары, сөздің табу және эвфемизмге айналуы т.б. мәселелер мәдени ақпарат берілімінің айрықша түрлері (формалары) тұрғысынан сарапталады. Бұл бағыттағы лингвомәдениеттану кино, теледидар, баспасөз, реклама, компьютерлік техника т.б. қазіргі заманғы құрал-

дар көмегімен коммуникацияны жүзеге асырудың ерекшеліктеріне де баса назар аударлады.

Лингвомәдениеттану саласындағы жетінші бағыт эмотивтік бояуы қанық болып келетін этноэйддердің мазмұнын зерттеуге бағытталады. Белгілі бір этномәдени және тілдік қауымдастық үшін этноэйддер логика-концептуальдық ақпараттарды және ұлттық психологияны білдірудің тура формаларының орнына жүретіндігімен маңызды саналады. Сөйлесім этикетінің ұлттық формалары, аппеллятивтер мен онимдер, түр-түс атаулары, ұлттық өлшемдер жүйесі сияқты этноэйддер зерттеудің нысаны етіледі.

Сегізінші бағыттағы лингвомәдениеттанымдық зерттеулерде кәсіби жаргондардың, диалектілер мен говорлардың қоғамда қалыптасуы мен қолданылуы, жалпыхалықтық тіл және оның ауызекі сөйлеу тілі мен жазбаша әдеби формасы мәселелері сөз болады. Мұнда тілдің әрбір түріне жалпытілдік сипатпен қоса мәдени ақпаратты бекітудің өзіндік амал-тәсілдері тән екендігі, айталық, жаргонизмдер мен диалектілердің қолданысындағы ерекшеліктер, айтылымдағы, грамматикалық тәсілдердегі, лексика-семантикалық дивергенттердегі ұлттық ерекшелік, ауызекі сөйлеу тілі мен жазба әдеби тілде ұлттық-мәдени ақпараттардың сақталу ерекшеліктері ескеріледі.

Тоғызыншы бағыт мәдени ақпараттың идиомалар көмегімен сақталуы және ұрпақтан ұрпаққа берілуі мәселесін зерттеуге байланысты болып келеді. Мұнда басты назар идиомалардың функционалдык жүгіне аударылып, мәдени ақпараттың белгілі бір қоғамда бірден бірнеше этнотілдік кіші жүйелердің көмегімен, сонымен қатар бірнеше тілдер арқылы берілуі мен бекуіне көңіл бөлінеді. Қоғам әртүрлі әлеуметтік топтар мен идиомалар жүйесінен тұратын коммуникативтік ортадан тұрады десек, бұл идиомалардың қоғамда бір-біріне тәуелді қызмет атқаруы өзіндік ерекшеліктегі лингвомәдениеттанымдық жағдайды тудырады. Айналып келгенде мәдени ақпараттың берілуі мен сақталуы сол лингвомәдениеттанымдық жағдай шеңбер аясында жүзеге асады. Мұндағы идиома деп отырғанымыз - әр түрлі тіл құрамдарын (тіл, диалект, говор, әдеби тіл және олардың т.б. түрлері) білдіретін жалпы термин. Идиома тілдің ешқандай құрылымдық сипатын білдірмейді, тек функционалдык ұғымда, тілдік құрылымның дәл лингвистикалық мәртебесін анықтау қиын болған жағдайда қолданылады /10, 138-б./.

Сонымен, лингвомәдениеттанымдық зерттеулердің іштей бағыттарға бөлініп, саралана дамуы бұл пәннің тіл білімінің дербес саласы ретіндегі ғылыми мәртебесін, тілтаным ғылымындағы өзіндік орнын айқындап қана қоймайды, сондай-ақ адамның әлеуметтік-қоғамдық ортада қалыптастырған мәдени құндылықтарының тілде шегенделуінің өзіндік ерекшеліктерін айқында-

уға және тілдік таңба тұрпатында көрініс беретін ақиқат шындықтың және адам болмысының сипаттамасын қайтадан қарауға басты назар аударыла бастағанын да танытады. Мұнда зерттеудің ғылыми-теориялық және әдіснамалық тұғырына негізінен құрылымдық-формалдық парадигманың нәтижелері және тіл мен ойлау, тіл мен сана, тіл мен таным сабақтастығына қатысты жалпытілтанымдық тұжырымдамалар алынып, адам болмысы мәселесі «тіл мен мәдениет» аралық өзара байланыстың, қарым-қатынастың тілдік өзегі етіледі.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1 *Язык как средство трансляции культуры.* – Москва: Наука, 2000. – 311с.

2 *Вежбицкая А. Семантические универсалии и описание языков // (Пер. с англ. А.Д.Шмелева, под ред. Т.В.Булыгиной).* – Москва: Языки русской культуры, 1999. I-XII. – 780 с.

3 *Сепир Э. Избранные труды по языкознанию и культурологии.* – Москва: Прогресс, 1993. – 654 с.

4 *Цивьян Т.В. Модель мира и ее лингвистические основы. Изд.3-е, испр.* – Москва:

КомКнига, 2006. – 280 с.

5 *Қайдаров Ә. Қазақ тілінің өзекті мәселелері.* – Алматы: Ана тілі, 1998.

6 *Ислам А. Лингвомәдениеттану: Тіл Мәдениет контексінде.* Алматы-Астана, 2004. – 244 б.

7 *Карасик В.И. О категориях лингвокультурологии // Языковая личность: проблемы коммуникативной деятельности. Сб. науч. трудов.* – Волгоград: Перемена, 2001.

8 *Воркачев С.Г. Лингвокультурология, языковая личность, концепт:*

становление антропоцентрической парадигмы в языкознании// Филологические науки. – 2001.

9 *Клоков В.Т. Основные направления лингвокультурологических исследований в рамках семиотического подхода // Теоретическая и прикладная лингвистика.* – Вып.2. Язык и социальная среда. – Воронеж: Изд-во: ВГТУ, 2000.

10 *Қалиев Ғ. Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігі.* – Алматы: Сөздік-Словарь, 2005. -440 б.

Балтымова Мира Рашидқызы

филология ғылымдарының кандидаты, Қ.Жұбанов атындағы АӨМУ
қауымдастырылған профессоры (доценті), Қазақ әдебиеті кафедрасының меңгерушісі,
Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті, Ақтөбе қ., mbr76@mail.ru

ТАРИХИ РОМАНДАРДАҒЫ ӘБІЛҚАЙЫР ХАННЫҢ КӨРКЕМДІК БЕЙНЕСІ

Түйін. Мақалада көрнекті қазақ жазушылары І. Есенберлиннің «Жанталас», Ә. Кекілбаевтың «Үркер», «Елең-алаң», Қ. Жұмаділовтің «Дарабоз» тарихи романдарында сомдалған Әбілқайыр хан образы талданады. Автор қаламгерлердің сипаттауындағы Әбілқайыр хан тұлғасының шын мәнінде ел бірлігі, жері үшін, халық қамы үшін күрескен ел билеуші екендігіне назар аударады. Сонымен қатар Әбілқайыр ханның тарихи тұлғасы мен әдебиеттегі қаһармандық бейнесі тарихи деректермен салыстырыла отырып ашылады.

Резюме. В статье анализируется образ Абилкайыр хана, изображенного в исторических романах известных казахских писателей, как «Отчаяние» И. Есенберлина, «Плеяды – созвездие надежды», «Всполохи» А. Кекильбаева, «Дарабоз» К. Жумадилова. Автор обращает внимание на художественный образ настоящего правителя Абилкайыр хана в изображении писателей, который боролся не только за власть, но и за единство и благо своего народа. Вместе с тем сделан сравнительный анализ между исторической личностью и художественным образом Абилкайыр хана на основе исторических фактов.

Summary. The image of Abilkaiyr Khan, depicted in the historical novels of famous Kazakh writers, such as «Despair» by I. Yesenberlin, «Pleiades - the constellation of hope», «Flares» by A. Kekilbayev, «Daraboz» by K. Zhumadilov is analyzed in the article. The author draws attention to the artistic image of the real ruler Abilkaiyr Khan in the depiction of writers, who fought not only for power, but also for the unity and good of his people. At the same time, a comparative analysis was made between the historical figure and the artistic image of Abilkayir Khan on the basis of historical facts.

Тарихи тұлғалардың көркем бейнеленуі тарихи романның тағы бір ерекшелігін көрсетеді. Әдебиеттегі кейіпкер тарихи тұлға болса, оның сөйлеген сөзі, іс-әрекеті, қимыл-қозғалысы, түр-тұлғасы, өмір сүру талаптары, өзгелермен қарым-қатынасымен қатар қайраткерлік істері, қоғамдағы орны ашылатын болады.

Тарихи романдарда портрет жасаудың үш түрлі әдісін көрсеткен ғалым Т. Сыдықов оны «статикалық, живописітік, психологиялық формаға» жіктейді және: «Статикалық формасын қаламгерлеріміз жиі қолданады. Онда қаһарманның бет-бейнесі, киген киімі, сырт құбылысы көзге шалынары қал-

дырылмай суреттеледі, демек кәдімгі портреттік болмысына назар ауарылады. Қазақ тарихи романдарында живописітік портреттер жетекші қызметке көше бастады. Живописітік портреттер бүкіл шығарманың өн бойына жайылып, тамырын таратып жібереді. Кейіпкердің әрбір қимылы, қозғалысы, амал-әрекеті, сыртқы ортамен қарым-қатынасы осы портреттерде толық көрінеді. Живописітік портреттен романның халықтық-эпикалық табиғаты танылады. Ол барынша пластикалы. Психологиялық портрет адам басынан өтетін қилы жағдайлар мен оқиғаларға қарай күрделене түседі. Жағдай, психологиялық акт адам жанына өшпес із, жазылмас жара қалдырады» [1, 40-41 бб.], - деп түсіндіреді.

Әдебиетімізде ерекше орын алатын туындылар легін құрайтын І. Есенберлиннің "Көшпенділер" трилогиясына, Ә. Кекілбаевтың "Үркер", "Елең-алаң" және Қ. Жұмаділовтің "Дарабоз" дилогияларына Қазақ тарихының елеулі кезеңдерін өзек етілген. Бұл романдарда суреттелген тарихи тұлғалар арасында ел билеуші хандар тұлғасын сомдауға мол орын берілген. Бұл туындыларға тән ортақ сипат – Әбілқайыр хан образының жасалуы. Сонымен қатар "Көшпенділер" трилогиясында ХҮ-ХІХ ғасырлардағы қазақ хандары Жәнібек, Керей, Қасым, Бұрындық, Абылай, Кенесары образдары да бейнеленген. Жазушы І. Есенберлин реалистік, эпикалық, қаһармандық образ жасау барысында кейіпкерлердің іші-тысын, сөзі мен ісін қоғам талабына сай көрсетеді. Кейіпкерлері жанды тұлғалар болғандықтан, жазушы романдарының идеялық-көркемдік концепциясы терең.

«Хан» атауы туралы Брокгауз бен Ефронның энциклопедиялық сөздігінде: «Хан – татар тектес шығыс халықтары билеушілерінің титулы, оның ертедегі түрі қаған болуы мүмкін», – делінсе [2, 55-б.], Құрбанғали Халидтің «Тауарих Хамсасында»: «"Хан" – түркі тілінде бір көңіл бөлінетін ұлық, шен, арабша – "әмір" ажам "падишах" деген сөз осымен сарындас», – деп айтылады [3, 102-б.].

Ғалым Б.Т. Бораш хандардың көркем бейнеленуінің жіктелуін көркем әдебиеттің тууы, дамуы мен қалыптасуы уақытына және тегі мен саласына қарай үш кезеңге: хандар бейнесінің берілуінің 1) фольклорлық кезеңі, 2) авторлық ауыз әдебиет немесе ақын-жырау поэзиясы кезеңі, 3) жазба әдебиетте бейнелену кезеңі деп бөледі және өз ішінде әр саланы жеке-жеке жіктейді [4, 71-125 бб.]. Фольклорлық кезеңге ертегілердегі, ауыз әдеби-

етінің шағын түрлеріндегі (мақал-мәтелдер, нақыл сөздер, бата-тілектер, жұмбақтар, аушадиярлар, ұлттық ойындар), батырлық жырларындағы, қаралы өлең-жырлардағы, аңыз әңгімелердегі, шешендік сөздердегі, тарихи жырлардағы хан бейнесінің сомдалуы; екінші кезеңге ХІҮ-ХҮ ғасырлардағы жыраулар поэзиясындағы, ХҮІ-ХҮІІ ғасырлардағы жыраулар толғауларындағы, ХҮІІІ ғасырдағы жыраулар мен ақындар поэзиясындағы, ХІХ ғасырдағы ақындық поэзиядағы хандар тұлғасының жасалуы, үшінші кезең өз ішінде төртке бөлінеді, яғни 1) ХІХ ғасырдың екінші жартысынан осы кезеңге дейінгі қазақ поэзиясындағы, 2) көркем прозадағы, яғни прозалық тарихи туындылардағы, 3) драмалық шығармалардағы, 4) басқа халықтар әдебиетіндегі қазақ хандарының бейнеленуі қарастырылады.

І. Есенберлиннің, Ә. Кекілбаевтың, Қ. Жұмаділовтің тарихи романдарындағы хандар тұлғасының сомдалуы көркем прозадағы бейнелену кезеңіне жатады, бұл образдың деректілікпен сомдалуын бдiредi.

Тарихи деректерге сүйенсек, Шыңғыс хан әулетінің кіші буыны Өсеке ұрпағы Қажы сұлтанның баласы Әбілқайыр баһадүр хан (1693-1748) соғыста батырлығымен, айлакерлігімен, аса дарынды ұйымдастырушылығымен көзге түсіп, өз беделімен 1710 жылдан өмірінің соңына дейін хан болады. 1728-30 жылдары жоңғар қалмақтарына қарсы Аңырақай жерінде соғысқа қолбасшылық жасап, өз жерін дұшпандардан тазартады. Зерттеуші Дж. Кэстль Әбілқайырға барған сапары туралы еңбегінде оны: «Ол зор тұлғалы, сымбатты, аппақ жүзі қызыл шырайлы, түсі сондай жылы кісі, сонымен қатар зор денсаулық пен қайрат күш иесі, садақ тартуға келгенде шынымен-ақ бүкіл ұлтта оған тең келетін кісі жоқ», – деп сипаттайды [5, 120-б.].

Көрнекті жазушы І. Есенберлиннің "Көшпенділер" трилогиясының «Жанталас» романында батырлығымен даңқы шыққан Әбілқайырдың қазақ қосындарының қолбасшысы болып сайланып, жоңғарларға қарсы жеңісті шайқастарда басшылық еткені туралы суреттеледі. Оның басындағы бірталай ұнамды қасиет – ақылдылық, әскери дарындылық, табандылық, айлакерлік жан-жақты елес береді. Әбілқайыр қарсы келгендермен күресе білетін, ерлікті танытын алғыр адам сипатында суреттеледі. Ол Ресейге Қазақстанды ерікті түрде қосып, өзі бүкіл қазақтың ханы болуды армандайды. Оның ел басқаруға арыны да, шалымы да жететіні талай жерде байқалады. Бірақ кезінде ептілік танытып, қазақ елінің тағдырын қуатты Ресей мемлекетіне тәуелді етуге көп еңбек сіңірген адам, түбінде өзінің жеке мақсатына жете алмайды. Романда Әбілқайырдың ішкі ойы, толғанысы былайша келтіріледі: «...Мені Ор қаласына қалдырмақсың деп айыптайды. Ор қаласын салдыртсам, қазақ елін Ресейге бағындыру үшін салдырам.

Оны жасырып отырамын ба? Егер сөзіме көнбесе, айтқанымды күшпен істетем. Күшпен бағын! Өз халқыма осылай зорлық көрсетуім, біле білсе сол халықтың өзі үшін емес пе? Бүгінгі ісіме, ертең болашақ ұрпақ алғыс айтады! Ал осы арманым үшін, жолымда кім қарсы тұрса аяғымның астына таптаймын! Сол үшін маған қазақ жеріне салынар Ор бекінісі керек! Ол бекіністе мұздай қару-жарақты, аузы түкті көп солдат болуға тиісті! Өрине, қастарым «осының бәрін Әбілқайыр өз басы үшін істейді, орыс патшасының күшімен бәрімізге хан болғысы келеді!» дейді. Сөздерінде шындық бар, рас мен орыс патшасына сүйенген хан болғым келеді. Бір жағынан надан ел-жұртым, сенің қамыңды ойлайтын хан болғым келеді» [6, 14-б.]. Өзінің озат ойымен озық тұрған, қайшылықты ортада қайшылықты өмір кешкен хан Әбілқайыр қанша дегенмен өзінің династиялық бәсекелестерінің бәрінен де жоғары тұрды. Әбілқайыр хан болдым екен деп ешкімге жағасын бастырмады. Ол өзін еркін ұстаған. «Түбі тірі сүйекке бітерін», қазақ елі еңсесін көтеріп, есесін сұрайтын күнін армандаумен өткен, ұлт үшін жанын талай тозаққа салған Әбілқайыр саясатын, ойын халқы, артындағы елі қорғаған.

Әбілқайырдың бақталастарымен тартысы туралы суреттерде қашанда оның тұлғасының биіктігі, азаматтығы танылады. Амал-айла, шарасыздықтан туған мінездеріне қоса оның кішіпейілдігі, ұстамдылығы, талай қиын шайқастарда, айтыстарда болса да жинақы жүретін, елді ақылымен риза ететін қылықтары эпизодтар арқылы ашылады. Өзінің үлкен бәсекелестерінің бірі – Барақ сұлтанға да бейберекет мінез көрсетіп, артық кетпейді.

Елшілік пен келіссөздің ойдағыдай аяқталуы – Әбілқайырдың, оның ұстаған жолының, саясатының үлкен жеңісі еді. Әбілқайырдың Ресейге қол артуы, оған бағынуға ант беруі, жалпы қазақ мүддесіне де, оның мұсылмандық салтына да, халықтық дәстүріне де қайшы емес. Романдағы Әбілқайыр образы ыстығы мен суығына бірдей көнетін, қажырлы, ойлы халық басшысы қандай болу керек деген сұраққа жауап бере алады. Оның осылай жарқ етіп тарих сахнасына шығуы заңды.

Тарихшы С.Өтениязов бұл жөнінде: «1709 жылы Әбілқайыр хан болып басқарған Кіші жүз елі өз шекарасын қорғап Ресеймен 150 жыл бойы соғысқан еді. Сол соғыстың соңғы отыз жылын және Ресеймен болған келесі 150 жылдың он сегіз жылын Әбілқайыр хан өзі басқарды. Сондай адамның Ресейге бас иіп, бодан болуы мүмкін емес. Себебі, Ресей бодандығындағы башқұрт халқының жағдайын Әбілқайыр хан өте жақсы білетін еді», – деп жазады [7].

Алайда Қазақстанның Ресейге өз еркімен қосылмағаны ешкімге құпия болмаса да, көп зерттеушілердің Әбілқайырдан күдіктенетіні рас. Оның себебі, Х. Досмұхамедұлы және басқа

Алаш көсемдері, сондай-ақ басқа зерттеушілер (И. Крафт және т.б.) Әбілқайыр ханның 1730 жылы жазған хатының түпнұсқасын көремегендігін немесе жалған екенін айтады. Барлық қате осыдан басталады. Барлық зерттеушілер оның орысша аудармасын пайдаланып келеді. Түпнұсқаны көрген тарихшылар бұл оқиғаның өзгеше дамығанына көз жеткізді. Бүгінгі ұрпаққа осы шындықты жеткізу үшін тарихшы Амантай Исин сол тарихи хаттың түпнұсқасын және орысша жалған аудармасын салыстырып, 2001 жылдың басында «Абай» журналының №2 санында шығарған еді.

Қазақ тарихында елеулі орын алған оқиға Әбілқайыр ханның шешімімен Кіші жүздің және Орта жүздің біраз бөлігінің Ресей империясына қосылуы еді. Бұл туралы кейбіреулер қазақ халқының кейін тоталитарлық жүйеге еніп, коммунистік идеологияның тар құрсауында қалғанына кінәні Әбілқайыр ханның осы шешімінен іздейді, бірақ бұл оқиғаның тарихи қажеттілік екеніне шүбә келтірмеу керектігі тарихшылар тарапынан айтылып жүр. Бұл мәселеге «Жұлдыз» (№7, 1990) журналының дөңгелек үстелінде «Көркемдік шындық және тарихи тұлға» тақырыбында келелі әңгімеде тарих ғылымдарының докторы, профессор Ж. Қасымбаев өзінің оң көзқарасын білдіреді. Себебі сол кездегі оқиғалар, яғни 1684, 1711, 1712, 1717-1718, 1723-1727, 1738, 1741-1743 жылдардағы жоңғар шапқыншылығына төтеп беру үшін Солтүстік соғыста Швеция сияқты қуатты мемлекетті жеңіп, дүние жүзіне беделі артқан Россияның қамқорына кіру оңтайлы тәсіл еді. Ал Ямышевск, Омбы, Жезинск, Семей, Өскемен және басқа да шекаралық бекіністер қазақтарды қалмақтардың жаулап алуынан аман алып қалғанын еске сақтау керек. Бір-бірімен таласуды әдетке айналдырған феодалдық ішкі қырқыстар жоңғар шапқыншылығын үдете беретінін дер кезінде түсінген Әбілқайыр ханның саясаты бірден-бір өзін-өзі ақтаған бағыт, ал оның тарихи шешімін халықтың тілегі деуге болады. Ал патша үкіметінің Ұлы жүздің бір бөлігін өзіне күшпен қаратып алуы басқа мәселе.

Жазушы Әбілқайырдың хандық құрған кезеңінің соңына таман ел сенімінен айрылып, күйзеле бастағанын да суреттейді. Орыс патшалығынан не әскер, не Жайықтың арғы бетінен жайлы қоныс, не аманатқа берген баласы Қожахметті қайтып ала алмаған Әбілқайыр өзінің қадірінің түсе бастағанын айқын сезінеді. Бірақ жазушы бұл Орынбор губернаторы Неплюевтің қатесі екенін жазады, ал Әбілқайыр қазақ елін Россияға қосу жолындағы алғашқы қайраткерлердің ең табандысы еді, сондықтан оның қадірін ел алдында көтере беру керек еді дей келіп: «Әбілқайырдың өз аты да тарихтан орын алады. Бірақ ол хандық, жаугершілік, ерлік істерімен емес, сан қиындықтары, қайшылықтары болса да, түбі тарих өзі ақтаған, қазақ елінің Россия қол астына кірсек деген ғасырлар бойы келе

жатқан тілегін ресми түрде мемлекеттік саясат сатысына көтерген алғашқы ханы болып танылды», - деп аяқтайды [8, 399-б.].

Қарымды қаламгер Ә. Кекілбаевтың «Үркер», «Елең-алаң» атты тарихи романдарында да негізгі кейіпкер – Әбілқайыр хан. Ол, ең алдымен, хан тұқымы, сұлтан. Осы тұқымға тән билікқұмарлық, өзімшілдік сезімдерден де құр емес. Жазушы оның ел билеушілік психологиясына үңіледі. Жазушының сипаттауында Әбілқайыр бірден көзге түсіп, билікке ұмтылмайды. Ол хан тұқымына, жалпы билік басындағыларға тән даңғойлық пен кеудемсоқтықтан аулақ. Өзін қарапайым, сыпайы ұстап, халықпен салмақты, байсалды қарым-қатынас жасайды, көпшіліктің ортасында болып, адам тануға ұмтылады. Оның хан тағына жетуге дейінгі дайындығы халық даналығымен көкірек көзін ашқанымен сипатталады. Әбілқайыр хан халық тілегін орындау мен ынтымағы аз, көшпелі жауынгер елді бағындыратын жол – ерлік көрсету екенін түсінеді. Ол игі жақсыларымен, батырлармен тізе қосып қимылдаудың қажеттілігін жете түсінді, оның айналасында Бөгенбай, Есет, Жәнібек батырлар жиналды, бұлар оның алынбас қамалына, қолдаушыларына айналды. Әбілқайыр Мәртөбе сапарында халықтың әлеуметтік және рухани тіршілігімен терең танысып, көрші елдермен қарым-қатынас туралы ойланып, қазақтың үш биі – Төле, Қазыбек, Әйтекенің сүбелі сөздерін тыңдады. Романда: «Тәуке ханнан кейін қазақта әзір Әбілқайырдан беделі аса қойған төре жоқ. Ол Тәуке ханның тұсында-ақ хан атанып көзге түскен. Қазақтың қазіргі ханмын, сұлтанмын деп жүргендері ешқайсысының Әбілқайырдай еңбегі сіңген емес... Ол үш арыстың басын қосқан талай-талай іргелі шайқастарды басқарды. Жоңғармен қалмақтан абырой алған соғыстардың бәрінде тізгін соның қолында болды. Тәуке тұсында қол басқарды. Осыдан екі жыл бұрын ақ киізге көтеріп бас сардар сайлаған. Қазақ ғаскері оның алдына шыға алмайды» [9], - деген бас кейіпкер бейнесін сомдаудағы жазушының шешуші сөздері бар. Ә. Кекілбаевтың аталмыш романдары Қазақстанның Ресейге қосылу кезеңінің шындығын суреттеген тарихи шығармалар. «Үркер» романында Әбілқайырдың Петербургтан хабар күтуі, патша елшілігімен келіссөз жүргізуі, осы әрекеттің ұзақ тартыстан соң сәтті аяқталуы суреттеледі. «Елең-алаң» романында Кириллов пен Татищевтің қазақ өлкесін басқару саласындағы отаршылдық шешімдеріне көбірек көңіл бөлінеді.

Ал белгілі жазушы Қ. Жұмаділовтің «Дарабоз» тарихи дилогиясында [10] Әбілқайыр ханның бейнесі жоғарыда келтірілген тарихи ісіне қарай көрінеді. Романда оның бейнесіне «қазаққа құлдық бұғауды алып келуші» тұрғысынан баға беріледі. Бұған қарап автор ханның еліне сіңірген еңбегін жоққа шығаруды діттемейді. Ол шынайы деректер бойынша Әбілқайыр ханның өз кезінде

қазақ қосындарын бастап, жоңғарға қарсы үлкен майдан ашқанын, әскери қолбасшылық қабілетінің арқасында жауға ауыр соққы бергенін, сөйтіп ауыр жеңілістерден кейін қазақтың рухын қайта көтергенін ашып айтады. Әбілқайыр хан мен Барақ сұлтанның арасындағы қақтығыс «Жанталас» романында да, «Дарабоз» дилогиясында да сипатталады. Соңғысында бұл қақтығыстың тақ таласы, енші бөлісі үшін емес, саяси қақтығыс ретінде үлкен мәні бар екені ашылады.

Қазақ хандары мен ел билеушілері ұлы Абайдың сөзімен айтқанда:

«Единица – жақсысы
Ерген елі бейне нөл.
Единица нөлсіз-ақ
Өз басындық болар сол.
Единица кеткенде,
Не болады өңкей нөл?
Берекеңді қашырма,

Ел тыныш болса, жақсы сол» [11, 91-б.], – дегеніндей халықтың бастаушысы, басшысы болған. Дегенмен ақынның сөзіне бақсақ, ел билеушінің басты міндеті – оның қол астындағы халқының берекесін қашырмай, тыныш ұстауы болып табылады.

Жазушылар қазақ хандарын суреттеуде олардың бойында халық үшін күрескен елжандылық сезімі әрқашан бой алғанын көрсетеді. Аталған романдарында қаламгерлер Әбілқайыр хан бейнесін сомдауда оның билік үшін таласымен қатар, елді біріктіру туралы ойлары, мемлекет құру жолындағы күресі арқылы шын мәнінде ел билеуші, жер үшін, халық үшін жанын ауыртқанын көрсетеді.

Әдебиеттер

1. Сыдықов Т.С. Қазақ тарихи романы (Жанрлық спецификасы. Типология. Стилль. Ұлттық кейіпкер. Тарихилық сипаты. Поэтика): филол. гыл. докт. ... автореф.:10.01.02. – Алматы, 1997. –46 б.

2. Энциклопедический словарь Брокгауз и Ефрон. – СПб, 1903. – Т.73.

3. Халид Қ. Тауарих хамса (Бес тарих) /Ауд. Б.Төтенаев, А.Жолдасов. – Алматы: «Қазақстан», 1992. – 300 б.

4. Бораи Б.Т. Фольклор мен ақын-жырау поэзиясындағы хандар бейнесі /Монография. – Алматы: «Білім», 2007. – 512 б.

5. Кэстль Дж. 1736 жылы Кіші жүз ханы Әбілқайырға барып қайтқан сапары туралы /Неміс тілінен аударған Э.Төреханов. – Алматы: «Аударма», 2002. – 144 б.

6. Есенберлин І. Көшпенділер /Тарихи трилогия. – Алматы, 1998. – 581 б.

7. Өтениязов С. Дерек тілекке бағынбайды // Ана тілі. – 2006. – 16-22 ақпан

8. Есенберлин І. Көшпенділер /Тарихи трилогия. – Алматы: «Көшпенділер», 2004. – 760 б.

9. Кекілбайұлы Ә. Он екі томдық шығармалар жинағы. – Алматы: «Өлке», 1999. – 3-т. – 400 б.; Кекілбайұлы Ә. Он екі томдық шығармалар жинағы. – Алматы: «Өлке», 1999. – 4-т. – 464 б.; Кекілбайұлы Ә. Он екі томдық шығармалар жинағы. – Алматы: «Өлке», 1999. – 5-т. – 416 б.

10. Жұмаділов Қ. Дарабоз: Тарихи роман. Бірінші кітап. – Алматы: «Шабыт», 1994. – 416 б.

11. Абай (Ибраһим Құнанбаев). Екі томдық шығармалар жинағы /Өлеңдер мен поэмалар. – Алматы: «Жазушы», 1986. – 1-т. – 304 б., суретті

МУЛЬТИПЛИКАЦИЯЛЫҚ ФИЛЬМДЕРДІ АУДАРУ БАРЫСЫНДА ЛЕКСИКАЛЫҚ ТРАНСФОРМАЦИЯЛАРДЫҢ БЕРІЛУ ЖОЛДАРЫ

Түйін. Лексикалық трансформация дегеніміз – аудару тілінен аударма тіліне белгілі бір лексикалық бірліктерді аударған кезде эквивалентсіз, сөздік ордың сәйкес емес берілуі. Лексикалық трансформациялардың қолданысы әр түрлі себептерге байланысты болып келеді.

Аударманың трансформациялық теориясының мәні аударма үдерісі барысында ой-мазмұнды толыққанды беру мақсатында түпнұсқалық лексикалық бірліктің ішкі формасын түрлендіруде немесе оны аударма тілінің лексикалық бірлігімен ауыстыруда. Аударманың трансформациялық үлгісін жасауда аудармашы аударма үдерісі кезінде қиыншылық тудырған күрделі мәселені тауып, оның шешімін табу үшін аударманың басты мақсаты оның адекватты болуы екенін ескере отырып, қажетті аудармалық трансформацияларды жасауы тиіс.

Қазақстан кино индустриясындағы «Көліктер -2» тұңғыш мультфильмінің аудармасын талдау зерттеу жұмысымыздың өзектілігіне арқау болды.

Түйін сөздер. лексикалық трансформациялар, «Көліктер - 2» мультипликациясы, аударма әдістері,

Резюме. Лексические трансформации - это отклонение при переводе от словарных соответствий, которое заключается в замене отдельных лексических единиц исходного языка на лексические единицы переводного языка, не являющиеся их эквивалентами. К использованию лексических трансформаций прибегают по разным причинам.

Перенос основного содержания лексических единиц связан с внутренними формами оригинального текста и переносом лексических единиц в переводе в процессе перевода. Главная цель адекватного перевода - решить основные проблемы трансформационных моделей при переводе. Переводчик должен знать основные способы преобразования лексических единиц. Актуальность исследования заключается в том, что, дается анализ мультфильма «Автомобили-2» который был переведен в Казахской кино индустрии.

Ключевые слова. Лексическая трансформация, мультфильм «Тачки -2», способы перевода

Summary. Lexical transformation is a deviation when translating from dictionary correspondences, which consists in replacing individual lexical units of the source language with lexical units of the translated language, which are not their equivalents. The use

of lexical transformations is resorted for various reasons.

Transference of the main content in transference of lexical units is connected with the inner forms of original text and transference of lexical units in translation process. The main aim of adequate translation is to solve the main problems of transformation models in translation. The translator should know the main ways of transforming lexical units. The topicality of the research is the analysis of the cartoon “Cars- 2” which was translated for the first time in film industry of Kazakhstan.

Key words. lexical transformation, “Cars -2” cartoon, ways of translation

«Көліктер 2» мультипликациялық фильмі – бұл Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 20 жылдығына орай «Болашақ» Қауымдастығы, «Меломан» компаниясы, «Алтын Қыран» халықаралық қайырымдылық қоры және бүкіл әлемге әйгілі екі киностудияның бірігіп шығарған сыйлығы.

«Біз дубляждың сапасына ерекше көңіл аударамыз. Сондықтан да біз басқа мемлекеттерге белгілі бір талап қоя отырып, қазақ тіліне де сондай талап енгіздік. Лос-Анджелес, Лондон, Москва және Астана қалаларының мамандарынан құрылған топ үлкен жетістіктерге жетті. Сіздер бұл мультфильмді өз ана тілдеріңізде көре алатындарыңызға біз өте қуаныштымыз», – деді Марина Жигалова-Озкан. Бес басты кейіпкерді дыбыстайтын әртістер Лос-Анджелесте бекітілді. Бір дауысты бекіту үшін фильм режиссері кем дегенде 5-6 дауыс ұсынуы тиіс болды. Басқа кейіпкерлердің дауыстары Алматы қаласында «Уолт Дисней Компани ТМД» компаниясының Disney Character Voices бөлімінің қызметкерлерінің қатысуымен бекітілді.

«Көліктер 2» мазмұны бойынша: Найзағай МакКуин мен оның досы Мэтр жаңадан қызықты да шытырман оқиғаларды бастан өткереді. Әлемнің ең маңызды да, айтулы жарысы — Әлемдік Гран-При басталмақ. Бұл сында Ф ормула-1, NASCAR, Le Mans секілді барлық санаттағы жарысушылардың үздігі анықталмақ. МакКуин Жапонияның, Францияның және Италияның аса қауіпті тасжолдарында үздіктердің үздігімен сайысқа түсуі тиіс. Алайда, ол Мэтр екеуінің шытырман тыңшылық қастандыққа тап болатындарын әлі білмейтін еді.

Найзағай МакКуин мен оның досы Мэтр жаңадан қызықты да шытырман оқиғаларды бастан өткереді. Әлемнің ең маңызды да, айтулы жарысы

— Әлемдік Гран-При басталмақ. Бұл сында Формула-1, NASCAR, Le Mans секілді барлық санаттағы жарысушылардың үздігі анықталмақ. Мак Куин Жапонияның, Францияның және Италияның аса қауіпті тасжолдарында үздіктердің үздігімен сайысқа түсуі тиіс. Алайда, ол Мэтр екеуінің шытырман тыңшылық қастандыққа тап болатындығын әлі білмейтін.

Қазақ тіліне дубляждалған тұңғыш Голливуд туындысы - "Көліктер-2" (Carsанимациялық фильмі. АҚШ пен Ұлыбритания, Ресей мен Қазақстан мамандарының қатысуымен дубляждалған "Көліктер 2" мультфильмінің Қазақстандағы тұсаукесері 2011 жылдың 23 маусымы күні өткізілді. Қазақ тілі - "Көліктер 2" туындысы ресми түрде дубляждалған әлемдегі 39-шы тіл болды. Түркі тілдерінің арасында Голливуд туындылары бұған дейін тек түрік тіліне ғана дубляжданған.

Енді «Көліктер -2» мультфильмін талдап көрелік. Аудармалық трансформацияларын ғалымдар әр түрлі жіктейді. Алайда аударматанушылар көбінесе, Л.С.Бархударов та аударма трансформацияларын негізгі сипаттары жағынан төрт топқа жіктеген теориясымен санасады:

1. Орын алмастыру;
2. Сөз қосу;
3. Ауыстыру;
4. Түсіріп тастау (опущения) [1, 190-231 бб.].

Орын алмастыру. Бұл - аудару үстінде түпнұсқа тілдегі элементтердің орналасу тәртібін аударма текстте өзгертіп беру. Алмастырылатын, әдетте, сөздер, сөз тіркестері, құрмалас сөйлемдерді құрастырушы сыңарлардың орын тәртібі, дербес сөйлемдердің тіркестегі орны. Бұл трансформацияны мына мысалдар арқылы талдап көрсетуге болады. Аударма материалы ретінде «Көліктер -2» мультфильмінің ұнтаспа материалдарын талдап көрелік. “Therefore, mon ami, I fear that you must forswear your beauty sleep tonight, and join me in my all-night vigil in that flat below – armed with that excellent revolver of yours, bien entendu!”; “Соған қарағанда, достым, бүгін тәтті ұйқыңды қиып, төменгі пәтерде менімен бірге түні бойы кірпік қақпай отыруға тура келер. Әрине, әлгі тапаншанды өзіңмен бірге ала жүрсен, абзал болар еді”. Бұл сөйлемде all-night біріккен үстеуі қазақ тіліне түні бойы болып аударылған. Бұл аударманы сөзбе-сөз аударма әдісіне жатқыза аламыз. Мұндағы all-night біріккен сөзі сөздіктерде түні бойы болып берілген. Алайда бастапқы тілде екінші орында тұрған сөз аудармада бірінші орынға шыққанын айта кеткен жөн. Бұл жағынан бұл аударманы орын алмастыру моделіне жатқызуға болады.

Антонимдік аударма – түпнұсқада берілген ұғымның адекватты (дұрыс) баламасын беру үшін, оның сол ұғымға қарама-қарсы сөзбен алмастырылуы арқылы жүзеге асырылатын лексикалық-грамматикалық трансформация (аударма

тәсілі). Сонымен бірге мұндай аударма барысында түпнұсқадағы болымды мағынаға ие сөз аударма мәтінінде оған қарама-қарсы мағыналы сөзбен аударылады және керісінше де солай болады.

Мысалы, «It hurts everywhere» деген сөйлемді қазақ тіліне «Ауырмайтын жерім жоқ» деп те аударуға әбден болады. Тәжірибелі аудармашылар шет тілдегі баламаны таппағанда егістікке антонимдік аударма тәсілін қолданады. I never forget it! -Бәрі де есімде. Әрине, кезкелген антониммен болымсыздықты пайдалануға, ал антонимдік аударма тәсілін қолданған кезде сөйлемнің мазмұнын өзгертуге болмайды. Мысалы, I opened the door (Мен есікті ашқанмын) деген сөйлем Мен есікті жапқан жоқпын деген сөйлеммен тең емес; келесі сөйлемдердің арасында да теңдік жоқ: He laughed (Ол күліп жіберді) - Ол жылаған жоқ. Антонимдер бір-бірін контекстің ішінде ғана ауыстыра алатынын ұмытпау керек. Жеке сөздерді антонимдермен ауыстыруға еш уақытта болмайды, мысалы қараңғы деген сөзді bright (жарық) деген ұғыммен немесе қауіпті - safe (қауіпсіз) деген сөзбен аударуға болмайды.

Ауыстыру тәсіліне аударма барысында сөз таптарын, сөйлем мүшелерін, синтаксистік байланыс түрлерін, сондай-ақ лексикалық ауыстыруларды (нақтылау, жалпылау, антонимдік аударма, компенсация) жатқызуға болады. Қазыбек Г.Қ. бұл ретте сөздіктегі сәйкестіктер көркем аудармада ұғымдық-мазмұндық, стильдік және экспрессиялық қызметінде елеулі айырмашылықтар жоқ тілдік құралдардың орны ауыстырылатындығын, ал енді кейбір жағдайларда екі мәтіннің коммуникативті-функционалдық теңбе-теңдігіне қол жеткізу үшін мәтіндегі сөздің дәлме-дәл баламасы емес, мағынасы жуық, сөздің стильдік қызметін нақтылайтын, экспрессивті бояуын бере алатын басқа сөзбен (тіркеспен, фразамен) ауыстырылатындығын айтады [2, 173-175 бб.]. Кейде түпнұсқа сөйлеміндегі нақты атаулар аудармада есімдік арқылы беріледі, кейде керісінше де болуы мүмкін. Бұл бір сөзді қайталай бермеу мақсатынан туған әрекет болып саналады. Бір сөзбен айтқанда, түпнұсқадағы тілдік бірліктер аударма тіліне сол қалпында берілуі шарт емес. Тек мазмұн кемшіліксіз сақталуы қажет. Мына мысалдарды талдап көрейік: “Now then, school marm, she said”, сөйлемін аудармашы қазақ тіліне “Ал, мұғалім мадам, сіз не дейсіз?-деді ол” деп берген.

Бұл сөйлемде school marm біріккен зат есімі мұғалім мадам болып аударылған. Бұл аударманы сөз ауыстыру моделіне жатқызамыз. Өйткені, мұнда school мектеп сөзінің орнына мұғалім сөзі берілген. Яғни, мектеп мадамы дегеннің орнына мұғалім мадам сөзі қолданылған.

“...and raising the revolver he fired point-blank at the woman’s retreating figure just as I flung myself upon him”], “...ол қаруын көтере беріп, сытылып бара жатқан әйелді көздеді. Дәл осы кезде мен оны

бас салдым” . Аталған сөйлемде point-blank біріккен сөзі қазақ тіліне көздеді болып аударылған. Негізінде, point-blank біріккен сөзі зат есім қызметінде тұр. Ал аудармашы оны fire етістігінің көмегімен етістікке айналдырып аударған. Осы тұрғыдан алып, мұны сөз ауыстыру моделіне жатқызамыз. Ғалымдардың сөз ауыстыру моделі көп жағдайда сөз таптарын ауыстырумен байланысты болады деген пікірін осы мысал қуаттайды.

“A returning wayfarer, slightly drunk, was lurching along the pavement and almost collided with Poirot, who said something sharply to him which I did not catch”- “Қарсы жақтан теңселе басып келе жатқан масаңдау біреу Пуароны қағып кете жаздады. Пуаро ашуланып, әлгіге бірдеме деді, бірақ оның не дегенін ұқпай қалдым” , сөйлемдегі wayfarer біріккен сөзі біреу болып аударылған. Бұл аударма сөз ауыстыру әдісі бойынша жасалған. Негізінде, wayfarer біріккен зат есімі жолда жүруші деген мағынаны білдіреді. Ал қолымыздағы аудармада ол біреу деп берілген.

Кейде түпнұсқа сөйлеміндегі нақты атаулар аудармада әр түрлі сөз таптары арқылы берілсе, енді бірде түпнұсқадағы негізгі етістік аударма тілде бірнеше сөзден тұратын аналитикалық формалар арқылы берілуі де мүмкін. Түпнұсқадағы зат есім аудармада етістік түрінде немесе керісінше де беріле алады [3, 32].

Сөз қосу (добавления) дегенді түпнұсқада жоқ, бірақ аударма барысында қажет болған қосымша сөздерді қолдану дегенді білдіреді. Мысалы, ағылшын тіліндегі “Some of them must be perfect palaces; the swimming-baths, the lounges, the restaurants the palm courts- really, it must be hard to believe that one is on the sea” сөйлемі қазақ тіліне ““Ия, тамаша болар еді”, - деп құптай кеттіп мен оны. “Ол кемелердің кейбіреуін сәулетті сарай десең де артық болмайды, шомылатын бассейндер, демалыс бөлмелері, мейрамханалары, пальма ағашы өсірілген саяжайлары – жан рахатының бәрі бар. Тіпті теңізде келе жатқаның да мүлдем есіңнен шығып кетеді” деп аударылған. Сөйлемдегі the palm courts біріккен зат есімі қазақ тіліне пальма ағашы өсірілген саяжайлары еркін тіркесі арқылы берілген. Palm пальма, court аула болып аударылатынын ескерсек, автор аударма мәтініне пальма ауласы деп беруді місе тұтпай, қазақ тілді оқырмандарға the palm courts біріккен зат есімін түпнұсқа мәтінінен аударма мәтініне сөз қосу арқылы пальма ағашы өсірілген саяжайлары деп жеткізуді жөн көрген.

Келесі мысалдарды талдап көрелік: “He only actually lived in it a fortnight – then he advertised it to be let furnished”, “Ол да екі-ақ апта тұрып, сосын үйді жалға беретіні жөнінде хабарландыру жасайды” . Ағылшын тіліндегі a fortnight біріккен үстеуі қазақ тілінде екі апта мағынасын береді. Алайда мұнда бұл екі сөздің арасында -ақ демеулігі қолданылған. Сол арқылы сөйлемге шектеу, тежеу мәні

қосыла берілген. Демек, бұл аудармада сөз қосу тәсілі қолданылған.

“It represented a tall, fair woman, with something subtly un-English in her face”- “Бұл бойшаң, аққұбаша келген әйелдің суреті болатын. Бірақ бет-әлпетінен оның ағылшын әйелі емес екені байқалды”. Түпнұсқа мәтініндегі fair woman біріккен зат есімі орыс тіліне блондинка, ал қазақ тіліне аққұба болып аударылады. Ә.Ахметовтың келтірілген аудармасында бұл біріккен зат есім аққұбаша келген әйел деп аударылған. Бұл аудармада сөз қосу тәсілі қолданылған. Өйткені мұнда «келген» сөзі қосылып отыр.

Сөз түсіру (опущения), яғни бір компонентін түсіру деп аударма барысында мазмұнға нұқсан келтірмеу шартымен белгілі бір сөздерді түсіруді айтамыз [6]. Мысалы, “Why did you, a young man of thirty-three, good-looking, fond of sport, popular with your friends, devote so much of your time to an elderly woman with whom you could hardly have anything in common?” [3.], “Сіз отыз үш жастағы жас, әдемі, спортпен шұғылданып жүрген, достарыңыздың арасында беделіңіз бар, сегіз қырлы, бір сырлы жігітсіз, ал соншама уақытыңызды жасы жетіп тұрған кәрі кемпірге арнауыңыздың себебі не?”. Бұл сөз түсіру моделіне жатады. Мұнда «көрінетін» мағынасын беретін looking сөзі берілмеген. Аудармашы тек good сөзін аударумен шектелген.

“They say, “I never eat flesh”, in a way that puts you right off your nice little beefsteak”, “Олар еш уақытта да ет жемейміз дегенді айтқан кезде, жегелі отырған бір үзім етті де тастап кетесін” . Бұл аудармада beefsteak біріккен зат есімі қазақ тіліне ет болып аударылуына қарағанда, мұнда да сөз түсіру әдісі орын алған. Ағылшын тіліндегі beef қазақ тіліне сиыр, сиыр еті болып аударылады.

Аударманың оңтайлы тұстары:

1. Әрбір кейіпкердің табиғатына сай қысқа да нақты сөйлемдердің қолданылуы.

2. Кейбір сәттердегі оқиғаның, көңіл-күйдің, жағдайдың таза қазақы ұғыммен берілуі. Мысалы, жолда бұзылып тұрған көлік Мэтр-тасығышқа өзінің оталмай қалғанын айта келіп: «Қалшылдадым да қалдым», – дейді. Сөз емес, сурет! Бұдан бөлек:

– Жан досымды біраз жерге апарып тастадың ғой... (Маккуиннің Франческоға айтатыны).

– Қасқа-а! Онда мен неғып тұрмын?! (Мэтрдің асыға жөнелетін тұсы).

– Біреу «шарқыш» десе, біреу «салдырлақ» дейді... (Жасырын әрекет ұйымдастырушы Колленвалдың айтатыны. Мұндағы «шарқыш» сөзі – өте дәл теңеу).

– Ойбо-ой! (Эмоционалды көңіл-күйдің қазақы леппен дәл берілгені сүйсіндіреді. Жай «ойбай» естілсе, мұнша елікпейтіміз анық).

3. Италиялық жүйрік көлік Франческоның аузынан шығатын қазақша сөздердің итальян тілімен

сәтті үндестірілуі. Мысалы, «қалай дәтің барадо?», «байқап көрсеңши» деп итальян тіліндегі о, е, и әріптерінің сөз соңында келетін ерекшелігі дұрыс пайдаланылған. Естіген құлаққа таңсық болса да, жағымды. Ең бастысы, қазақ тілінің зор мүмкіндігін паш ете алады.

Аударманың сәтсіз тұстары:

1. «Сцепление» сияқты кейбір орысша сөздердің баламасы дәл табылмай, сол күйінде айтылған.

2. «Қойыңызшы», «қоя салыңызшы» дегенге келетін сөз бір тұстарында «тастаңызшы» деп алынған. Бұл орыс тіліндегі «бросьте» деген сөздің тікелей аудармасы екені белгілі.

3. Кей тұстарында қазақ тілінің әдеби нормасы бұзылған. «Кетесіндер ма не?» (дұрысы – «кетесіндер ме, немене?»), «дейсің ба?» («дейсің бе?» болуы тиіс) деген сөздер ауызекі әңгімеде айтыла беруі мүмкін, бірақ жалпы халыққа ұсынылып отырған туындыда болмауы керек. «Жон терін сыпырып аламын» дейді бір эпизодта Франческо Найзағайға. Дұрысы – «жон терісін» болса керек еді. Осындай аздаған олқылықтарын есепке алмақ, аударма деңгейі өте жоғары.

Қорыта келгенде, «Көліктер -2» аудармасының сапасы қандай? Бірден айтып өту керек, аударма сапасы да, дыбысталуы да өте сәтті. Бас кейіпкерлерді дыбыстаған 5 азамат та барын салған. Олардың дубляж ерекшелігін жақсы меңгеру үшін лос-анжелестік кәсіпқойлардан алған сабағы текке кетпегені байқалады. Мэтр-тасығышты дыбы-

стаған Азамат Қанапияевтің өз кейіпкерімен тіпті етене болып кеткені күмәнсіз. Мэтрдің даусымен оның «с» әрпін ысылдап айтатыны өте қызық. Ең бастысы, орашалақ, құлаққа тосын естілетін ештеңе жоқ. «Пиксар» компаниясы фильмді бірден қазақ тілінде жасағандай әсер береді. Жалпы аудармадағы кемшіліктерге қарамастан, аударма өте талапқа сай, лексикалық трансформациялардың берілу жолдары талапқа сай деп қорытындылай аламыз.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Бархударов Л.С. *Язык и перевод*. – М., 1975. – 240 с.

2. Қазыбек Г.Қ. *Көркем аударма тәжірибесі*. – Алматы, «Қазақ университеті», 2005. – 311 б.

3. Абдрахманов Сауытбек *Тәржіме туралы толғансақ*. – Ақиқат журналы, 2007 №10. – 76 б

4. «Cars 2» *ағылшын тіліндегі түпнұсқасы*

5. "Көліктер 2" *мультфильмі* - Massaget.kz\
<https://massaget.kz/layfstayl/madeniet/kino/39552/>
(қарастырылған күні 02.02.2017)

6. Тарақ Ә. *Аударма әлемі. Оқу құралы*. – А., 2007 ж. 15 б. т.

7. Жұмабекова А.Қ., Жұмашева Г.А. *Аударма терминдерінің түсіндірме сөздігі*. – Алматы: ИП «Уатханов», 2012. – 48 б.

8. Смағұлова Г.Н. "Ұлттық тәрбиенің өзегі ана тілде" // *ҚазҰПУ Хабаршысы "Филология ғылымдары" сериясы* - 2015. №1 (51). 61-65 б.

Сердалы Толқынай Оңталапқызы

әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің

6M021400 – әдебиеттану мамандығының 2 курс магистранты, tolkinay_94@mail.ru

Ғылыми жетекшісі: Ф.ғ.д., профессор Әбдиманұлы Өмірхан

ДУЛАТ ИСАБЕКОВ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ КӨРКЕМДІК ӘЛЕМІ

Түйін. Бұл мақалада белгілі қаламгер Дулат Исабековтың шығармаларының сюжеттік-композициялық құрылымы, қаламгердің қайталанбас кейіпкерлер жасаудағы ерекшелігі туралы сөз болмақ. Сонымен бірге жазушының шығармаларының бүгінгі таңдағы қазақ әдебиетінде алар орны туралы талдау жасаймыз.

Резюме. В этой статье рассказывается об особенностях сюжетно-композиционных структур уникальных героев в произведениях известного писателя Дулата Исабекова. А также ведется анализ к произведениям писателя и рассказывается о роли писателя в современной казахской литературе.

Summary. This article tells about the peculiarities of the plot-compositional structures of unique heroes in the works of the famous writer Dulat Isabekov. And also an analysis is conducted for the writers works and tells about the role of the writer in modern Kazah literature.

Д.Исабеков әдебиетке өзіндік соқпағымен, өрнек айшығымен келіп қалың оқырманды өзінің көркем дүниелерімен бірден баурап алған суреткер. Қаламгер шығармалары өмірдің өзінен алынып, айналадағы күнде көріп жүрген құбылысты өзіндік құнарлы да қарапайым тілмен әлеуметтік деңгейге дейін көтерілген шыншылдығымен құнды. Суреткердің арнасынан асқақтамай, қысқа да жинақы жазылған әңгіме, повестерінде адам өмірі, табиғи тазалық, адамгершілік, қазақы мінез, қоғамдық өзгерістер шынайы беріледі.

Д.Исабеков прозасы қазақ әдебиетіне соны кейіпкерлер, қайталанбас типтер мен характерлерді, әсіресе қарапайым ауыл адамдарының бейнесін әкелді. Сондықтан болар, жазушы шығармашылығы жөнінде құнды пікірлер айтылып, сыни мақалалар көптеп жазылды. Жазушы шығармаларының жанрлық ерекшелігі, сюжеттік – композициялық құрылымы, авторлық позиция, кейіпкерлердің шындық өмірмен ұштастырыла берілуі және тағы басқа мәселелер С.Асылбекұлы, Г.Балтабаева, А.Таңжарықова сынды ғалымдардың еңбектерінде қаралып сөз болды.

Жазушының композиция құрудағы бір ерекшелігі – ол пролог, эпилог тәрізді шығарма сюжетінен тыс элементтерді пайдаланбайды. Кейіпкерлерінің сөйлеу мәнері мен сөйлем құрау ерекшелігін сақтай отырып, олардың сөздерін диалог пен монолог арқылы кетіреді де төлеу

сөзді мүлдем дерлік қолданбайды. Өзінің авторлық позициясын барынша білдірмеуге тырысып, оқырманға өз көзқарасын танудан бойын аулақ ұстайды. Шығармада бейнеленетін оқиғаларды да түсіндіріп жатпайды, оқырман оны кейіпкерлердің іс-әрекеті арқылы өзі танып біледі. Автор шығарма композициясындағы әрбір детальді өз орнына жігін білдірмей жымдастыра қалай отырып, әңгіме мазмұнын пішінге сәтімен көшіре біледі.

Жазушы шығармалары композиция тұрғысынан алғанда, мазмұн мен пішін бірлігінің жарқын көрінісі болып табылады.

Өз кезінің өзекті шындығын қандай қаламгер болсын кесек-кесек толыққанды образдармен елестетіп көрсетеді. Өз шығармаларында уақытқа үн қосумен бірге жаңа уақыттың аяқ алыстан тұңғыш аңғарған жазушылардың бірі – Дулат Исабеков. Ол іс-әрекетті, міне-құлқы өзгеше кейіпкерлердің бейнесін сомдауға талпынады. Жазушы өмір шындығының нағыз қайшылықтарын бар толық мәнінде бейнелеуге тырысады. Ащы шындықты айта білу, әлеуметтік өмірдің көлеңкелі жақтарын әшке-релеу Дулат шығармаларының сюжеттік ерекшелігі болып табылады.

«Талахан - 186» әңгімесінде автор бүгінгі күн, өмір шындығынан ауытқымайды. Осы әңгімеден біздің қоғамымыздың барлық кемшілігі, қасіреті, мерезі айқын көрінеді. Қаламгер шығармасында «мына әдеттен безіп, мынаған ұмтыл» дейтін ғақлия, жалаң дидактика жоқ, тіпті ешқандай тұжырым да айтпайды. Өйткені, айтарлықтай оқиға жоқ әңгімеде тек шындық, бүгінгі өміріміздің ащы шындығы сабақтасып жатады.

Мәселен, осы әңгімеден: «Мына тұрған Самарқан помидор екенде, Кандала екпейді дейсің бе?» - деп Канаданы кандаламен шатастыратын звенавод Ипатша іштей: «Бұларды бір жерге жиналғандықтан көпшілік деп атай беруге бола ма екен? Бәрі әумесер сатқындар ғой, сатқындар. Нандандардың көзі ашылды дегенше, жарық дүниені түнек басты дей бер» - табиғи заңдылық [1,4476].

«- Ертеңгі күнге рельно қарау керек деймін. Енді жүз жылдан соң жер бетінде мұсылман да, кәпір де болмайды, ұлт деген атымен жойылады. Қазағың да құриды» [1,4516].

Ауыл жанындағы апан түбінде үш түп помидор өсіп шығады. Осы помидордың сорын анықтау үшін ауыл адамдары апан аузына күнде жиылады, әңгіме қылады, таласады, ерегеседі.

«Невадада ядролық қару сыналды, - деді Виктор. – Қуаттылығы 150 килотонна.

Жұрт үндемеді.

- Мәссаған, - деді ол сәлден соң. – Дәл осындай қару біздің Семейде жарылыпты.

Жұрт оған көзінің астымен қарап қойды.

Пікән шыдай алмай шарт етті.

- Әй, оттамай аузыңды жапшы-ей, - деді ол Викторға қанталаған көзімен бір қарап. – Не істерге білмей жұрттың басы қатып тұрса, қайдағыны айтып қақсай бергені несі?

Оның пікіріне жұрттың бәрі қосылды» [1,4566].

Сырттай қарағанда, бұл диалогтарда тұрған ештеңе жоқ. Кәдімгі қарапайым тілдесу. Бірақ, сәл ойланып көрсек ше?

Осы диалогтың өзінде үлкен мән жатқанын байқаймыз. Автор осындай ұлттық характерді әдемі сынап, мақтамен бауыздап отыр.

Автор осы шығармасы арқылы: «Өмір шындығы дегеніміз осы. Қайдағы, помидордың сорты қандай, қанша өнім бере алатындығына басы ауыратын «Қазекем», мынадай халықтың үлкен мәселеге келгенде бойкүйез, салғырт» - деген әлеуметтік астары терең ой түйіндіреді.

Бұл аталған әңгімедегі «помидор» - көркемдік деталь болғандықтан авторлық идеяға қызмет етіп тұр. Авторлық шешім, шындық логикасы оқиға дамуының нанымдылығы детальдар дәлдігіне тікелей байланысты.

Қаламгер шығармалары туралы белгілі ғалым А.Танжарықова: «Жақсы сомдалған кейіпкер бейнесі, қапысыз тартылған оқиғалар желісі, ең бастысы, қоғамның әлеуметтік тіршілік тынысын дөп басып айта алу сияқты сипаттар Дулат Исабеков шығармаларына тән. Қаламгер өз оқырманының жан-дүниесіне кіре отырып, адам тағдыры, қоғам келбеті, кейіпкердің психологиялық жиынтық болмысы сияқты қасиеттерді аса бір сыршылдықпен ашып көрсетеді. Домбыраның қос ішегіндей «Адам. Қоғам» дейтін қос мүддені назардан тыс қалдырмайды» - дейді [2,1846].

Жазушының авторлық баяндауы қарапайым тұрмыстық детальды сәтті пайдалана біледі. Оқырманды оқтын-оқтын езу тартқызып отыратын әдемі юмор ойлана, толғана білген оқырманға авторлық ұтымды әжуасын аңғартады. Яғни, қоғамдағы келеңсіздіктерді адам бойындағы бойкүйездікі сипай қамшылап, мақтамен бауыздай отырып, сөйте отыра кейіпкерлерін іштей, езіле жақсы көре отырса да әжуа етуі, сөйтіп өмірден ойып алынған шыншыл суреттерді бейнелеу – Дулат Исабеков шығармаларына тән қасиет.

Асылы, бір автордың қаламынан туған әр алуан шығармада ортақ көркемдік сипаттардың болуы заңды. Бір сөзбен жинақтап айтсақ, олар ең алдымен, авторлық позиция, жазу машығы, стиль көркемдік құралдарды қолдану тәсілдері тәрізді жеке жазушының шығармашылық табиғатын та-

пжылтпай танытатын өзіндік белгілер. Әңгімедегі кейіпкерлер басынан өткен өмір көріністерін көркемдік қабылдау шеңберінде суреттеу, адамның қоғамда алатын орнын әлеуметтік-құқықтық рөлін табиғи түрде дамыту белгілі бір жинақтаушылық ойға, эстетикалық тұжырым жасауға алып келмек. Міне, Дулат Исабековтың ерекшелігі дегенде үнемі назарда болатын жайлар осылар.

Өмір құбылыстарына терең бойлап, оның иірімдерін дәл суреттеп көрсете білу, сол арқылы оқырманды тамсандырарлықтай әлеуметтік – философиялық ой тую Дулат Исабеков творчествосына тән. Оның қай шығармасын алсаңыз да, асып-төгіліп жатқан тіл, бояуы қанық сурет арқылы бүгінгі заманымыздың немесе өткен уақыт уақиғаларының көркемдік шындығы өз қалпында көз алдымызға келеді. Жазушы өмірдің өзекті мәселелерін арқау ете отырып, шығармаларында кейіпкерлерін сомдап өрнектей білді, сөйлете білді. Тіршіліктен туындайтын кейбір қайшылықтар сол қалпында жеткізілген. Бұл туралы нақты талдау жұмыстарын ғалым Қ.Хамзина еңбектерінде талданып, зерттелген [3,966].

Өмірге, қарапайым адамдарға ерекше құрмет, адалдықты жырлау, жан тазалығын мадақтау жазушы шығармаларының негізгі тіні. Қаламгер сезімнің шынайылығын, адам жанының нәзік те, тылсым қырларын лирикалық планда суреттеп, осы арқылы оқырман ынтасын жаулайды.

Әдебиетте өзіндік өрнек айшығымен, дара тәсілімен келген Д.Исабеков оны жаңа образдармен көркемдік ізденістермен байытты. Ол адамдардың сан қырлы, әр алуан бейнелерін жасады. Жазушы сомдаған образдар жүйесіндегі бір ерекшелік – оның шығармаларының орталық қаһарман бейнесі шартты түрде сақталғанымен іс жүзінде оқиғаға қатысушы барлық адамдардың сол дәрежеге көтерілгенін байқаймыз.

Д.Исабеков туындыларында әлеуметтік қызметі бұлдыр, көркемдік салмақ артылмаған, бет бедері көмескі, таптаурын бейнелер кездеспейді. Жазушы кейіпкерлерінің оқырман жадында ұзақ сақталатыны да сондықтан. Олардың мінез құлықтары, таным түсініктері, түр келбеттері, әйтеуір, өмірде кездестірген танысыңа ұқсайды да тұрады. Бұл суреткердің кейіпкерлерін типтендіруге деген талғампаздығының жемісі. Автор адам бойындағы қарапайым да өміршен қасиеттерді талғап, таңдап ала біледі. Соларға қатысты штрих, детальдарды орынды қолданады. Бұл болса да жазушы профессионализмінің айғағы.

Жалпы, әрбір суреткердің шығармашылық жаңалығы ол бейнелеген көркем шындықтың сонылығынан, сол арқылы әдебиетке «таным-бейтаныс» характерлер әкелуінен, қысқасы, адам жанының диалектикасын өз көзқарасы тұрғысынан ашуынан көрінсе керек. Міне, осы бір эстетикалық өлшем биігінен қарағанда, Д.Исабековке тән

суреткерлік жаңалықтың кейбір қырлары ашыла түседі. Жазушы туындыларының оның өмірдің көлеңке тұстарының бәріне көз жұма қарап, алдын ала белгіленген жоспармен тарта бермейтіндігін байқауға болады. Ол өмірді әртүрлі әуенде бақылап, түрлі-түсті бояумен бейнелейді.

Жазушы шығармаларында сюжет дамыту үшін де керекті жағдайдың бірі ретінде, кейіпкердің көңіл –күйін сипаттап, характерін аша түсу мақсатында, кейде туындының ішкі мазмұнын, идеялық сапасын байытып, композиция тұтастығын қамтамасыз ету үшін пайдаланады.

Көркем шығармадағы бейнеленетін конфликтінің негізінде, өмірде болатын қарама-қайшылықтар жататыны белгілі. Д.Исабеков өмірдің әлеуметтік, моральдық этикалық, тұрмыстық, өндірістік сфераларында кездесетін қақтығыстарды шығармасына арқау етіп ала біледі. Осы арқылы қоғам дамуының негізгі тенденцияларын бойына жинақтаған типтік характерлерді жасаған. Жазушы бұл қақтығыстарды жалаң, ашық күйінде алмай, психологиялық толғаныспен, драматизммен өрнектей білген.

Д.Исабеков кейіпкерлерінің ішкі жан дүниесіне үңіліп, мінез қылықтарын меңгеріп, психологиясын ашуда шебер машықтанған суреткер екенін оның шығармаларынан аңғаруға болады. Ол қаһармандарының сезім шынайылығын, тұрақтылығы мен қайсарлығын, кейбір келеңсіз қылықтарын олардың жан сарайындағы әр алуан құбылыстармен, ішкі тебіреністермен үндестіре отырып суреттейтін үздік қаламгер[2,95б].

Сондай-ақ, туындыларына философиялық астар беріп, сыршылдығын арттырып, тартымды тұспалмен түсіндіру мақсатында жазушы әдеби тәсіл ретінде символды да ұтымды пайдалана біледі. Бұл сипат жазушының «Талахан-186», «Ай-Петри ақиқаты», «Социализм зәулімі» сынды әңгімелерінің кейбір эпизодтарынан көрініс беріп, шығарманың құнарлылығын арттыра түскен.

Сюжет дамытып, композиция құруда да қаламгердің қолтаңбасы мен мұндалап тұратынына көз жеткіздік. Д.Исабеков шығармаларында басты артық образ, орынсыз кірістірілген оқиға болмайды. Шығарма тұтастығына нұқсан келтіріп, шашау шығарып тұрған бөтен сөз де ұшыраспайды. Бұл, әрине, үлкен суреткерліктің, үлкен шеберліктің басты нышаны.

Д.Исабеков сөз өнерінің, қаламгерліктің, оқырман қауымға сыр шертудің орасан зор жауапкершілігін ерек зерделеген жазушы. Көркем шығарма сырына қанық ол әрбір туындысына мол дайындықпен, көркемдік ізденіспен, биік талаппен келетін талғампаз суреткер. Сондықтан да оның шығармалары өмір болмысының аса мәнді мәселелеріне бағыттталып, шындыққа терең бойлап, дәуір тынысын дәл басып оқырман санасында айқын із қалдырды.

Талдауды қорыта келе айтарымыз: Дулат Исабеков әдебиеттегі ұлттық дәстүр мен жаңашылдықты қатар игеріп, қазіргі қазақ прозасының биік белеске көтерілуіне ат салысқан, әдебиетте өзіндік орны бар дарабоз жазушы.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. *Исабеков Д. 2 – томдық шығармалар жинағы. – Алматы, 1993. - 594 б.*
2. *Таңжарықова А. Д.Исабеков прозасының көркемдік әлемі: фил.ғыл.канд. дис.: - 10.01.02. – Алматы, 2008. - 129б.*
3. *Хамзина Қ. Қазақ повестеріндегі көркем уақыт пен кеңістік. (XXF. 70- 80ж.ж.) филол.ғыл. кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация.:10.01.02. – Алматы: 2004.- 127б.*
4. *Бөпежанова Ә. Болмыспен бетпе-бет // Парасат. - Алматы, 1990.№12. -15б.*
5. *Исабеков Д. 7-т.шығармалар жинағы. 4-том. Әңгімелер. - Алматы: Атамұра, 2012. - 368б.*

Төкеева Ғалия

Әл-Фараби ҚазҰУ 2-курс магистранты, galiyusha93@mail.ru

Ғылыми кеңесші: Л.Мұсалы

А.БЛОК ПОЭЗИЯСЫНЫҢ ҚАЗАҚ ТІЛІНЕ АУДАРЫЛУЫ

Түйін. Бұл мақалада А.Блоктың поэмасының қазақ тіліне аударылу тәсілдері қарастырылады. Біз аудару тәсілдерінің сөзбе - сөз, мағынасына сай және еркін аударма секілді түрлерін зерттедік. Одан басқа, автордың негізгі ойы мен тәсілдері талқыланған.

Түйін сөздер: аударма, поэзия, сөзбе - сөз аударма, мағынасына сай аударма, еркін аударма, аудармашылардың тәсілдері.

Резюме. В данной статье рассматриваются способы перевода поэмы А.Блока на казахский язык. Мы исследовали несколько способов перевода таких как слово за слово, смысловой перевод и свободный перевод. Кроме того, в работе рассматривается намерение автора и подходы.

Ключевые слова: перевод, поэзия, перевод слово за слово, смысловой перевод, свободный перевод, подходы переводчиков

Summary. This article states the ways of poems of A.Blok into Kazakh language. We studied few methods of translation as word by word translation, semantic translation and free translation. Besides, this work shows author's views and approaches.

Key words: translation, poetry, word by word translation, semantic translation and free translation, methods of translators

Александр Блок - орыс әдебиетінің ірі лиригі, қилы заманның шырғалаңдарын бойына сіңіре білген, 20 ғасырдың поэзиясына айтулы ықпалын тигізген жаңашыл ақын.

Бала кезден өлең жаза бастаған. Блокқа өнерге жақын Бекетовтар ортасының ықпалы ерекше болған. Жас Блокқа В.А. Жуковскийдің романтикалық поэзиясы, А.А.Феттің, Я.П. Полонскийдің лирикасы, А.Н. Апухтиннің романстары әсер етеді. Блоктың алғашқы өлеңдері 1903 жылы Санкт-Петербург символистері Д.С.Мережковский мен З.Н.Гиппиустің “Новый путь” журналында жарияланады. Шығармашылық жолын символист ақын ретінде бастаған ол 1904 жылы “Асыл ару” кітабын шығарады. 1903 — 04 жылдары өлеңдерінде қалалық пейзаждар пайда бола бастады. Бұл салада ол В.Брюсовке еліктегенмен, әлеуметтік әуендері мен ырғақтарында өзіндік өрнек бар екендігі байқалады. “Қара перде” (1907), “Қала кітабы”(1908), “Отан” (1916), “Сұм дүние” (1916), “Бұлбұлдар бағы” (1915), “Он екі” (1918) жыр жинақтары, “Жаза”(1910 — 21), “Үйшік” және “Бейтаныс әйел” (1906) пьесалары, “Шыншылдар туралы” (1907), “Ресей және интеллигенция” (1909),

“Қазіргі орыс символизмінің жағдайлары” (1910) атты әдеби сын және публицистикалық шығармаларында осы ерекшеліктері айқын көрініс береді. Оны орыс интеллигенциясының тағдыры толғандырды. Оның өлеңдері көптеген шет ел тілдеріне аударылған. “Он екі” поэмасы, бірқатар өлеңдері қазақ тіліне аударылған [1].

Ақын ең алдымен өз елінің, өз заманының ақыны. Белгілі бір халықтың, белгілі бір дәуірдің айнасы. Әрине нағыз Блокты тану үшін оны тек қана түпнұсқа арқылы оқып танысуға болады. Блоктың творчествасын қазақ тілінде емес, орыс тілінде болса да ұғыну қиын. Себебітолықтай меңгеру үшін сол заманды алдымен ұғыну керек. Сол кездің тарихын, сол кездің экономикасын, әдебиеті мен ғылымын, адамдарының мінез құлқын, қоғамның бүкіл әлеуметтік астарын жақсы білмей, ұлы ақынның өлең жырларын армансыз сусындау мүмкін емес. Блоктың шығармаларын өзге тілдерге аударудың қиындықтары да, міне, осыжайттермен тығыз байланысты. Дей тұрсақта, бұл салада қазақ ақындары, аудармашылар жұмыс істеуде. Соның бірі Қазақ әдебиетінің қабырғалы қалам-гері, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Жүмекен Нәжімеденов.

Ол Блоктың «Возмездие» поэмасын 1980 жылдары «Зауал» деген атпен аударған Ж.Нәжімеденов болатын. Блоктың белгілі «Возмездие» поэмасының тәржімасынан Ж.Нәжімеденовқа ғана тән аудармашылық мәнер мен сипатты тануға болады. Осы дастанда аудару үдерісі кезіндегі өзінің психологиялық ахуалын Жүмекен ақын былайша сипаттаған: «Мен осы күні Блоктың ішіне тереңдеп еніп кеткенім сондай, енді қайтадан өзімнің Жүмекен Нәжімеденов қалпыма келе алмай қиналып жүрген жайым бар.» Яғни Ж.Нәжімеденовтың бұл сөзінен поэманы тереңімен ұғынып, ақынның ішкі жан дүниесін түсіне отырып аударғанын байқауға болады.

Түпнұсқа:

Познай, где свет, — поймёшь, где тьма.

Пускай же всё пройдет неспешно,

Что в мире свято, что в нем грешно,

Сквозь жар души, сквозь хлад ума.

Аударма:

Жарық қайда, қара түнек қайда, – ойлан.

Өтсін түгел, асықпасын аптығып,

дүниенің арамдығы, пәктігі –

Елегінен өтсін сезім, ақылдың.

Аудармада тәржімашы өлеңнің идеялық мазмұнын, ішкі ритмикасын, интонациясын мүмкіндігінше жақсы берген. Аудармада мазмұн көркі

сақталумен қатар, түпнұсқаның ішкі және сыртқы құрылысы ұтымды сақталған.

Аудармашы өмір шындығын көргенде оған түпнұсқа арқылы қарайды және автордың көзімен қарайды. Аудармашының алдына қойылатын үш түрлі талап бар. Біріншіден, ол шығармада бейнеленіп отырған өмір шындығын дәл беруі керек. Екіншіден, түпнұсқаның өзін айнытпай жеткізуі тиіс. Үшіншіден, ана тілінің заңды жүйесіне ешқандай нұқсан келтірмеуі тиіс.

Түпнұсқа:

Так Зигфрид правит меч над горном:

То в красный уголь обратит,

То быстро в воду погрузит —

И зашипит, и станет чёрным

Любимцу вверенный клинок...

Удар — он блещет, Нотунг верный,

И Миме, карлик лицемерный,

В смятеньи падает у ног!

Аударма:

Зигфрид те нақ осылай семсерін

Шоққа салып қызартыпты біресе,

суға малып сазартыпты біресе –

баж-бұж етіп суарылған сұр болат

дұшпандарға әлі тұнып тұр қарап...

Бір жалт етті Нотунг – семсер сенімді,

Миме – қортық шығара алмай түк үнді

Зигфридтің аяғына жығылды. Бұл аудармада тәржімашы берілген қағиданы сақтай отырып аударған деп айтуға болады. Ең бастысы аудармашы үзіндегі жағдайды түсінген. Дегенмен «лицемерный» деген сын есімді аудармаған. Менің ойымша «екіжүзді қортық Миме» деп аударса да болатын сияқты. Дегенмен бұдан аударма мағынасы өзгермеген. Аудармашы ұйқастырып, бір бірімен байланыстырып аударған.

Қадір Мырзалиев: «Сақалдарына ақ кіргенше поэзияны сәбидің санамағы көретін жай сөзқұмарларға Жүмекен Нәжімеденовтің өлеңдерін оқы-маса да болады. Оның жыры, әдеби мәдениеті өте жоғары, түсініктері терең, ұғымпаз оқырмандарға арналған» деген болатын [2].

Қорытынды:

Қорытындылай келгенде, поэзия-азабы мол ауыр жол. Аудармада, оның ішінде, поэзиялық шығармалардың аудармасында түпнұсқадағы ұлттық элементті аудару өте қиын нәрсе. Бұл жайды осы күнгі аударма шеберлерінің бәрі мойындаған. Бірақ олардың бәрі бір елдің ақынына тән ұлттық ерекшеліктерді басқа халық тілінің рухына жеткізуге болатындығын бір ауыздан қостайды. Бұл біздің аудармада орын тепкен бірден-бір принцип. Көп ізденіп, көп еңбектенсе, аудармашының ұлт

ақынына тән ұлттық ерекшеліктерді басқа тілде оқушыларға жеткізуге белгілі дәрежеде мүмкіндігі бар екендігіне Ж.Нәжімеденовтың аудармалары куә бола алады.

Жұмысымызды қорытындылап түйіндесек, майталман тәржімашы Жүмекен Нәжімеденов творчестволық бағытта істеген еңбектерінің зор көлемді, алуан түрлі екендігін толық күмәнсіз айта аламыз.

Тәржіма ел мен елді, құрлық пен құрлықты өзара байланыстырып жатқан қазына байлық. Жүмекен Нәжімеденов өзінің тұла бойындағы заңғар білімімен, рухани игілігімен 5 томдық өлеңдер мен дастандар жинағын, 3 романын, көптеген повестер мен әңгімелерін, аудармаларын қалдырды. Ұлы Сағдидің «Бустан» дастанын, түрік ақындарының өлеңдерін, М.Лермонтов пен В.Маяковскийдің өлеңдерін, А.Вознесенскийдің өлеңдерін және Хафиз, Незваль, Хикмет шығармалар жинағын қазақ тіліне аударған.

Жалпы, Жүмекен Нәжімеденов поэзия жанрында көркем аударма жасағанда әдеби байланыстармен қоса, жарқыраған шоқ жұлдыздардың озық үлгілерін қазақ оқырмандарына өз тілінде сыйға тартып қана қоймай, қазақ тілінің шұрайлы да бай тілін қолданысқа жалтақсыз жіберді және бұл істері – аудармашының мәртебесін биік шыңға көтермеледі деген ой түйеміз.

Ақынның шығармашылық жолындағы көп маңдай терін төккен қырларының бірі (біз жүйелеп өткен) - аудармашылық шеберлігі. Айтулы аудармашының көркем аударма саласына қосқан үлесінің зор екендігін, біз қарастырып өткен поэзиялық шығармаларды тәржімалауы. Бұл зерттеу еңбегімізде Ж.Нәжімеденов аударма өнеріндегі жетістігі, табысы, оның аудармашылық шығармашылығы, ерекшелігі жалпы аударма өнері принциптерімен, аударма шеберлігі мәселесімен байланыстырыла, шығармашылық даралық аясында қарастырылды.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. “Қазақстан”: Ұлттық энциклопедия/Бас редактор Ә. Нысанбаев – Алматы “Қазақ энциклопедиясы” Бас редакциясы, 1998

2. Кеңілікұлы А. «Қазақ жырының тұңғызы»// Таң Шолпан, 2001

3. Александр Блок. Стихотворения. Поэмы. Воспоминания современников. — Москва: Правда, 1989. — 327-365 б.

4. А. Блок. Таңдамалы, Алматы, Жазушы, 1980, 2-том, 79-123 беттер.

Абишева К.М

доктор фил наук., профессор, «Туран-Астана университеті», abishevakm@mail.ru

Юсбекова Н.Н

магистр пед наук, ст. препод., «Туран-Астана университеті», nyusbekova@mail.ru

Курманова Ә.Ж.

магистр фил наук., препод., «Туран-Астана университеті», ademi_kurmanova@mail.ru

Қапанова А.Қ

магистр образования (иностр-х яз-ов), препод., «Туран-Астана университеті»,
ay.kapanova@gmail.com.

ТЕХНОЛОГИЯ ПЕРЕВОДА: ОШИБКИ ПРИ СМЕШЕНИИ ЛАКУН И СТРАТЕГИИ ИХ ЗАПОЛНЕНИЯ

***Резюме.** Мақалада аудармадағы ойықтарды білмегендіктен пайда болатын мәдени қателер қарастырылады, олардың түрлері сипатталады және сараптамасы жасалады.*

***Summary.** This article considers the cultural errors that arose in ignorance of lacunae in translation, and their types are characterized and their analysis is examined.*

Классификации переводческих ошибок и учет случаев коммуникативных неудач в переводе как межкультурной коммуникации обусловлены требованиями к подготовке переводчиков: 1) необходимостью преодоления разрыва между теоретической и практической подготовкой переводчиков; 2) необходимостью снабжения транслятора научно - практическим багажом, дающим возможность переводчику как овладеть теоретическими знаниями, так и процедурными, способствующими использованию предметных знаний в практике перевода. В переводоведении основное внимание обычно уделяется проблемам теории перевода, переводческим моделям, единицам перевода, рассматриваются определенные аспекты перевода. В исследованиях многих ученых (В.Н Комиссаров, И.Я. Рецкер, Л.С. Бархударов, Ю. Найда, Тюленев, А.Д. Швейцер, В.В. Сдобников и др.) обсуждаются вопросы, связанные с переводческой эквивалентностью, переводом тех или иных языковых единиц, стилистических, образных средств и др. Однако в них почти не затрагиваются переводческие вопросы прикладного характера. Технология перевода как прикладная дисциплина начала разрабатываться только недавно. Эта дисциплина, по словам Л.К. Латышева, представляет собой “прикладной вариант теории перевода, в котором перевод интерпретировался бы как в целом, так и в отдельных его составляющих” [1,6]. Поэтому для развития практических умений и навыков, в частности умений распознавания переводческих ошибок: семантических [2],[3], а также культурологических следует разработать основы приклад-

ной лингводидактической дисциплины “Методика преподавания перевода”. Но в лингводидактике перевода до сих пор еще не разработана достаточно полно методологическая база дисциплины, описаны принципы и методы, разработаны ее технологии. В связи с этим в настоящей статье акцентируется внимание на описании и систематизации переводческих ошибок, допускаемых как в самом переводном тексте, так и в процессе перевода как межкультурной коммуникации. Анализ ошибок показывает, что большинство из них возникает вследствие ущербности компетентности знаний о лакунах. Лакуны понимаются исследователями как “некий фрагмент текста, в котором имеется нечто непонятное, странное, ошибочное (нечто, что можно оценить по шкалам “понятно / непонятно”, “привычно / непривычно”, “знакомо / незнакомо”, “ошибочно / верно”) [2, 773].

Выделяются такие типы лакун, как денотативные, языковые, понятийные, коннотативные, культурные, характерологические. В соответствии с этими типами лакун систематизируются и ошибки, допускаемые переводчиками. Нами рассматриваются денотативно – смысловые, коннотативные, культурно – символические, ассоциативные, а также характерологические ошибки, встречающиеся в переводе. Денотативные лакуны Ю.А. Сорокин и И.Ю. Марковина относят к смысловым скважинам, когда “некоторый фрагмент текста - совокупность (поле) денотатов является расплывчатой за счет: 1) непредставленности тех или иных элементов денотативной структуры, некоторого феномена в анализируемом тексте; 2) неадекватности образов денотатов у воспринимающего коммуникатора (формирования образцов - проекций на основе имеющихся в тексте элементов денотативной структуры некоторого феномена); 3) квазитожественности десигнатов, мешающей опознанию денотатов как принадлежащих разным понятийно – смысловым полям” [2, 76]. На наш взгляд, денотативные реалии следует относить к смысловым или понятийным лакунам, так как у них не совпа-

дают понятнейшие или смысловые оттенки слов, имеющихся в разных языках, что связано с обозначением понятия в общем (родовые наименования) или в дробном видах. В одних языках распространены родовые понятия-наименования предметов окружающего мира, а других – дробные. Дробные наименования – результат дробной фрагментации мира, и это связано, по мысли Г. Хойера, с тем, что дробная фрагментация мира имеет избирательный характер и зависит от того, каким видом хозяйственной деятельности занимаются те или иные народы, например, народы, занимающиеся охотой и собирательством, такие, как племена апачей на юго – западе Америки, обладают обширным словарем названий животных и растений, а также явлений окружающего мира. Народы же, основным источником существования которых является рыбная ловля (в частности индейцы северного побережья Тихого океана), имеют в своем словаре детальный набор названий рыб, а также орудий и приемов рыбной ловли [4, 157]. Казахи, издавна занимавшиеся кочевым животноводством, имеют обширный словарь наименований животных по годам, по масти, по характеру поведения и др. Такие наименования животных в казахской культуре, как верблюд, лошадь отражают дробную фрагментацию мира (более 500 наименований), однако в переводе транслятор не отражает родо-видовую дифференцию групп лексики, связанных с наименованиями животных, ср: дөнен (3 года), құнан (4 года), тұлған, бесті (5 лет), азбан айғыр (6 лет), сақа ат (12 лет), тоқтасқан ат (13 лет) и др. В Англии, развиты термины мореходства, что связано с их основной хозяйственной деятельностью-мореходством, например, встречаются различные наименования частей корабля, например: aft (наименование кормовой части судна), amidships (посередине судна), бау (корабельный лазарет), beam (направление перпендикулярного курса судна), bildge (днище судна), bow (нос корабля), stern (задняя часть корабля), deck (горизонтальное перекрытие в корпус у судна), side (борт), starboard (правый борт), port (левый борт). Кроме этого в этой стране издавна занимаются финансовой и юридической деятельностью. И это сказилось, например, в дробной фрагментации наименований адвокатов, ср.:

Пуаро: Мистер Уэлмен, говорили ли вы с адвокатом по поводу этого дела?

Мистер Уэлмен (Родди): Об этом должен позаботиться мистер Седдон. Нам удалось заполучить Балмера. Он занимает ведущее положение среди юристов. Это lawyer.

Пуаро: Я не понимаю, о чем вы говорите. Разве он не юрист, не адвокат?

Мистер Уэлмен (Родди): Это, конечно, юрист. Но юристы бывают разные. В Англии существует до 10 оттенков понятия «юрист». Lawyer – это судебный работник, дополнительно занимающий-

ся обязанностями нотариуса, представителя правохранения (А Кристи, Печальный кипарис, с.11).

В данном контексте коммуникация осуществляется между бельгийцем (Пуаро) и англичанином (мистер Уэлмен). Пуаро имеет лишь общее представление о юристах, адвокатах, а мистер Уэлмен знает о дифференцированном наименовании адвокатов в английском судопроизводстве в зависимости от характера их деятельности.

В нижеследующих исходном и переводном текстах не совсем адекватно передаются дробные наименования лошадей, ср.: “Абай билігі бойынша жатақ былтырғы мен биылғы егіні үшін бір жер егінге екі қарадан, жиырма қара алатын болды. Биылғы жеті жылқы үшін басына қосақ, соңына тіркеумен он тоқ алатын болды. Тоқ бұл елдің кесіктерінде не жақсы ат, не құлынды бие, не бұзаулы сиыр болады. Егіннің жиырма қарасына да әуелде жиырма қара деп бір атаса, кейін Абай анықтап жиырма бесті деп, қақ деп кесті” (М. Ауезов. Абай жолы, с.557). “Аудармада: За две потравы жатаки должны были получить по два коня – пятилетка с земли – всего двадцать голов. За семь украденных коней, учитывая приплод, им следовало получить десять “полноценных голов” (М. Ауезов. Путь Абая, с.557).

В переводе с казахского на русский произведений Д. Досжанова не отражается дробная фрагментация мира животных. В исходном тексте дается представление о дифференцированном наименовании лошадей по годам: құнан, бесті, шабыз, құлан, айғыр. В переводе наименование куна (4 года) пропускается, вместо бесті (5 лет) используется заменяющее словосочетание ему пять лет, вместо наименования лошади құлан дается имя собственное Қулан, вместо құлан айғырдың тұқымы в переводе используется неправильно переведенная фраза жеребца кулана; ср. в исходном тексте и в переводе: -“Бұрын бәйгеге қосып па едіңіз? – Құнанында қосқаным бар. Озып келді. Биыл бесті. Нағыз шабатын шақ. Қыстай арпа бердім. Бірақ көктем шыққалы қара отқа жайыла алмай келеді. Жусан да күйіп кетті. Қара отпен қарнын тартып алсам деп едім. Шабаз. Тұқымы жақсы ғой мұның, өзіміздің Ахалтеке мен құлан айғырдың тұқымы. Марқұм әкеміз айтатын “Құланды ұстаған жігіттің арманы жоқ” деп. (Д. Досжанов. Терезенің жарығы, 104 б.). В переводе: -“А раньше он в скачках участвовал? Было дело. Но теперь ему пять лет, самый возраст скачек. Всю зиму, ячменем кормил. Порода у рыжего отменная, помесь кобылы Ахалтеке и жеребца кулана. А мой отец знаешь, что говорил, - Что?- улыбнулся племянник –Он говорил, что с таким конем, как Кулан, джигиту мечтать больше не о чем. Дальний предок кулана спас в бою батыра Мунке” (Д. Досжанов. Когда я умирал, с.163).

Слово “бишара” в казахском языке обозначает: “бедный”, “несчастный”, “вызывающий сочув-

ствие”. В нижеследующем контексте коммуникант Байжан понимает это слово в значении “несчастный”, а второй коммуникант Быков понимает это слово в социальном значении как “малоимущий”: «Ой-бой бишара! - невольно воскликнул Байжан, указав на табунщика,-Кого везут! Бишара! Кто такой бишара? – спросил Быков. – Бедный, бедный шелабек, - не думая ответил Байжан. – Бедный человек, да? Пастух что ли?» (Г.Мусрепов. Пробужденный край, с.161). В языковой лакуне не совпадают оттенки значения, коммуникант не знает их, используя лишь основное значения.

Коннотативный компонент значения или коннотация – это узаконенная в данном языке оценка объекта действительности, именем которой является данное слово. “Коннотациями лексемы мы будем называть несущественные, но устойчивые признаки выражаемого ими понятия, которые воплощают принятую в данном языковом коллективе оценку соответствующего предмета или факта действительности. Они не входят непосредственно в лексическое значение слова и не являются следствиями или выводами из него”, - пишет Ю.Д. Апресян [5, 159].

Опираясь на это определение коннотации, выделим следующие типы коннотативных лакун, а именно 1) лакуны – характеристики людей. Лакуны возникают вследствие расхождений ономастического характера, связанных с особенностями мотивации названий. Коннотативные лакуны - это слова, которые в общепонятном плане совпадают в разных языках, но эмоциональные характеристики их неадекватны в разных культурах, например: гусь (қаз) в казахском языке вызывает позитивную ценностную ориентацию и дает представление о тихом, скромном человеке (қоңыр қаз), в русском же языке гусь ассоциируется со чванным человеком (важный гусь, надулся как гусь, хорош гусь, экий гусь, гусь лапчатый), с хитрецом (как с гуся вода). В английском языке с гусем связано представление о богатстве (the goose that lays the golden), с источником обогащения (the older goose the hander). Однако гусь вызывает в английском языке и негативную ориентацию, ср.: представления о глупости: as silly as goose, ср.: “Каков гусь, а? Важный гусь! Экий гусь! Или сравните проявление данной лакуны в нижеследующей ситуации:

- Вы говорите о богатом человеке, the goose that lays the golden?

- Нет, я имею в виду глупого, чванного человека, as silly as goose.

Сигнификативные лакуны возникают в случае недостаточного понимания культурного смысла слова другого языка. Переводчик не в достаточной степени владеет лингвокультурологической компетенцией в другом языке и в другой культуре. Под такой компетенцией З.К. Сабитова понимает “совокупность приобретенных личностью

знаний, системы культурных ценностей, выраженных в языке, позволяющих регулировать коммуникативное поведение носителей этого языка и ориентироваться в мир лингвокультуры” [6,46]. Недостаточный уровень лингвокультурологической компетентности переводчика сказывается в переводе казахского символа “қара шаңырақ”, использующегося в значении “символ власти” передающейся от поколений чингизидов к поколениям. Это слово используется и в значениях «богатый дом», «отеческий дом». Так Кунанбай, отец Абая, хотя и не был знатным, но занимал должность ага-султана, поэтому его “қара шаңырақ” почитали как дом богатого, наделенного властью правителя. В исходном тексте подчеркивается это значение слова – символа: “Әйгерім аспасын, сені паналаса кайтейін! Қайда отырғанын, кім ауылына Байшора қызы басымен келін боп отырғанын біле ме? Шаңыраққа қарасын” (М.Ауэзов. Абай жолы, 76 б.). В переводе: “Какое мне дело ,что ты любишь Айгерим? Пусть она не зазнается! Пусть помнит, куда из рода Байшоры попала, под чьим шанраком сидит!” (М.Ауэзов. Путь Абая,с.358)

В переводе не вполне понятно символическое значение слова шаңырақ. Поэтому переводчик должен был давать подстрочные пояснения или комментировать значение данного слова, приведя культурологические сведения. А в процессе перевода произведений Д. Досжанова переводчики и вовсе пропускают эту культурологическую лакуну, ср. в исконном тексте и в переводе: “Шетімізден үйге шақыруға, шаңырақ көрсетуге келдік, - дейді” (Д. Досжанов.Терезенің жарығы,267 б). Аудармада: “Он спит, а родичи ищи его, сказал один из них. Приехали звать тебя в гости, показать, как мы живем” (Д. Досжанов. Когда я умирал, с.181).

Поведенческие лакуны возникают вследствие незнания коммуникантами в процессе постулатов общения. Такие ошибки возникают также вследствие неадекватности невербальных средств разных народов. Так, мимические средства русского, казахского и английского народа не совпадают, так как имеют специфические национальные особенности. Русская улыбка, по словам Ю. Е. Прохорова, И. А. Стернина, обладает большим национальным своеобразием, она практически выполняет иные, если не сказать противоположные функции, чем улыбка в европейских странах. Русские, с точки зрения европейцев, мрачные, угрюмые, неулыбчивые. Это связано с феноменом бытовой неулыбчивости русского человека, что выступает как одна из ярких и национально – специфических черт русского невербального поведения [7,145]. В русской культуре улыбаться также принято, имеется даже поговорка «смех без причины – признак дурачины» Поэтому иностранцы удивляются тому, что русские не улыбаются. А один американец на заре перестройки писал в “Известиях”:

“Почему-то когда мы смотрим на таможенников, проверяющих наши паспорта, и улыбаемся им, мы никогда не получаем улыбки в ответ. Когда мы встречаемся глазами на улице с русскими людьми и улыбаемся им, мы никогда не получаем улыбки в ответ” [7,147]. Но в последнее время во всех культурах распространена «коммерческая улыбка». Торговых работников учат «улыбаться». Когда в России открыли первые «Макдональдсы» русских сотрудников учили улыбаться, что вызывало недоумение сотрудников. Один из сотрудников даже обиделся, сказав “зачем нам все время улыбаться, люди подумают что мы полные дураки”[8]. В Америке улыбка воплощает девиз американского образа жизни “не сдавайся, не поддавайся ударам судьбы, не показывай людям, что у тебя что-то не в полном порядке, не подавай виду, улыбайся!” Этикет США запрещает сетовать на жизненные неурядицы, делиться своими проблемами с окружающими. В Америке все «о’кей», улыбка всегда дружелюбна. Казахи – это сдержанный народ, имеют «ауыр мінез», поэтому в казахской культуре улыбка проявляется в следующем виде: жымию, күлу, езу тарту, мысқылдау, ср.: “Қасымбек маған дәл солай жымиа қарайды, көзімді ашып алсам, езуіндегі нәзік сызықтарды көрем” (Т. Ахтанов. Шырағың сөнбесін с 10). Ошибки возникают и в случае смешения синонимичных жестов удивления. Понятие «удивление» выражается в разных культурах различными жестами, например, «казахи для выражения удивления «жағасын ұстайды» (еркектер), ернін сылп етеді, бетін «шымшиды» (әйелдер), қараңыз: “қалғандары ауыл әйелдеріне

тән ашықтықпен беттерін шымшып не дейді» дегендей көздерін бақырайтып, бір-біріне қарасты” (Сәрсенбаев. Жиде гүлдегенде, 114 б). В русской культуре при выражении удивления разевают рты, поднимают высоко брови.

Таким образом, появление интерференционных ошибок, возникающих при смешении различных видов лакун вызвано неадекватностью понятийных, смысловых и культурных оттенков лакун в разных культурах и в разных языках.

Литература

1. Латышев Л.К. Перевод: проблемы теории, практики и методики преподавания.- М: Просвещение, 1988.
2. Сорокин Ю.А., Марковина И.Ю. Текст и его национально- культурная специфика // Текст и перевод. -М.: Наука, 1988.
3. Латышев Л.К. Технология перевода.-М., 2006.
4. Хойер Г. Антропологическая лингвистика // Зарубежная лингвистика. – М.: Прогресс, 1999.
5. Апресян Ю.Д. Избранные труды. Т.1-2.-М., 1995.
6. Сабитова З.К. Лингвокультурология.- М.: Флинта: Наука, 2013.
7. Прохоров Ю.Е, Стернин И.А. Русские: коммуникативное поведение. – М: Флинта; Наука, 2011.
8. Тер-Минасова С.Г. Язык и межкультурная коммуникация. – М.: Слово, 2008.

ӘДЕБИ ДИСКУРСҚА ШОЛУ

Түйін. Бүгінгі күннің негізгі талқылауында жүрген дискурс терминіне әлі күнге дейін біржақты нақты анықтама берілген жоқ. Әлем ғалымдары арасында пікір қайшылықтары әрдайым орын алып отырады. Мақаламызда солардың негізгілеріне мысадар келтіре отырып, дискурс терминіне қысқаша анықтама береміз және әдеби дискурстың негізгі қызметтеріне тоқталамыз.

Summary. The term assumes slightly different meanings in different contexts but in literature discourse means speech or writing normally longer than sentences which deals with a certain subject formally in the form of writing or speech. In other words, discourse is the presentation of language in its entirety while performing an intellectual inquiry in a particular area or field i.e. theological discourse or cultural discourse.

Жарты ғасырдан астам уақыт ғылыми-зерттеулер жүргізіп, сан-саққа тараған ойлардан ортақ шешім табуға үлес қосушылардың қатары күннен-күнге толығырақ түсуіне қарамастан, дискурс төрт құбыласы толық қамтылған, түп тамыры аршылған анықтамаға ие бола қойған жоқ. Бұған себеп дискурс – белгілі бір шеңбердің көлемінде айта салуға келмейтін коммуникативті күрделі құбылыс болуында.

Т.О.Есембеков «Дискурстық талдау коммуникация мүшелерінің ойлау мен сөйлеуге ғана емес, оларға қатысты әлеуметтік, мәдени нормаларды, қоғамдық ортадағы мәтіннің түсінілу деңгейін зерттейді. Демек, мәтін дискурстық фрагменттің, материалдық бірліктің зерттеу нысаны болса, ал дискурс үдерістік бірлікті талдайды» [1.14] – деп қысқаша және нақты анықтама беріп өтеді. Яғни дискурсты ойлау мен сөйлеу мүшелерімен ғана шектеп қоймай, жалпылама әлеуметтік байланыстардың қаншалықты тығыздығын, әрбір айтылған мәтіннің объективтік ортаға жету деңгейін анықтайды.

Жалпы алғанда, дискурс ағылшын тілінде «discourse» – сөйлеу, талқылау, лебіз деген мағына берсе, француз тілінде «discurs» сөйлеу дегенді білдіреді. Дискурс ойды сөйлеу арқылы жеткізіп, оның әлеуметтік астарына үңіліп, әр ұлтқа тән таным-түсінікке сай талдау жасайды. Бұлай деуімізге негізгі себеп – дискурсты кең ауқымда айтқанда – уақыт пен кеңістіктің мәдени тілдік мәнмәтіні. Оған әр халыққа тән рухани идеологиялық мұра, ұлттық көзқарас және дүниетанымы кіреді.

XX ғасырдың 50-жылдары Э.Бенвенист француз лингвистикасында «сөйлеуші тарапынан айтылған сөз» [2] атты еңбегінде дискурс терминіне характерлік тұрғыдан алғаш рет анықтама береді. Сонымен қатар американдық ғалым Зелги Харрис 1952 жылы «Дискурске анализ» атты мақаласында дискурстың шеңберін кеңейте түседі. Бенвенист дискурсты қарым-қатынастық байланыспен түсіндірсе, Харри-

стің анықтамасында сөйлеумен қатар, мәтін үзінділерін де дискурсқа анализ ретінде пайдаланады.

60-жылдары Бенвенист пікірін ұстана отырып, Мишель Фуко дискурсты семантикалық тұрғыдан қарастырып, қарым-қатынас, іс-әрекетке бағыт-бағдар тұрғысынан ой қозғап, ауқымын кеңейте түседі. Дегенмен дискурс дифференциалды ерекшеліктерді қамтуына байланысты ғалымдар арасында екіжақты пікір қалыптасты. Дискурсты тек коммуникативтік тұрғыдан зерттеушілер (А.Ван Дейк, А.Е.Кибрик, И.М.Кобозева, W.Chafe, W.Labov, В.Кинч т.б.) сөйлеудің негізгі құралы ретінде қарастырып, белгілі бір мәнмәтіндік, жанрлық дүниелерге ғана тән термин ретінде қарастырса, енді бір топ (В.В.Красных, Е.СКубрякова т.б.) дискурсты вербалды түрде мәдениетпен, белгілі бір тарихи кезеңдермен байланыстыра түсіндіреді [3].

Дискурс термині заманауи лингвистикада көп мағыналылыққа ие және оған анықтама берудің өзі бірқатар қиындықтар тудырады. Осыған қарамастан зерттеу жұмыстарын – дискурстың характерлерге байланысты зерттеуді – бірнеше тәсілмен қарастыруға болады. Біріншісі, когнитивтік-әлеуметтік тәсілі, бұл арада сөз сөйлеуден, пікір айтудан туындайтын ерекше ментальдық дүниені белгілі бір дәрежедегі әлеуметтік және идеологиялық тұрғыдан дискурс ерекше тілдік қолданыс ретінде түсіндіріледі (бұндай түсінік француздық дискурстық анализ мектебінде бастау алды (М.Фуко, П.Серио, М.Пешё т.б.) және орыс лингвистикасынан қарыштап дамуда). Екіншісі, коммуникативтік-әлеуметтік тәсіл, бұл арада дискурс әлеуметтік мәнмәтінді (контекст) бойына сіңірген, ақпаратты қабылдауда коммуникацияның қатынасымен және оның сипаттамасы көрсетілген коммуникативті күрделі қолданыс болып есептеледі (бұл түсінік Ван Дейк пен Н.Д.Артуно-втың еңбектерінде кездеседі).

Бірінші жағдайда зерттеудің негізгі міндеттері ретінде вербалды түрде болған әлеуметтік анықталған құндылықтар мен түсініктердің дискурстық субъективті сананың модельдік құрылымының қызметін, сондай-ақ ментальдік стереотиптік нұсқасында пайда болуын айқындайды. Екінші жағдайда, тілдік өзара қарым-қатынас жасаушылардан туындаған коммуникативтік байланыс эвристикалық екпінге көшеді.

Ойымызды кеңейтіңкіреп айтатын болсақ, бірінші бағыт өкілдері «дискурс» таза лингвистикалық аспектіде қолданылуын дұрыс деп санап, сөйлеу, мәтін, диалог сияқты ұғымдарда дамытуды жөн көреді. Екінші бағытта структуралистер пікірі орын алады. Олар дискурсты стильмен байланыстыра

отырып, әлеуметтік қарым-қатынастың субъектісін анықтауға атсалысатын құрал ретінде қарастырады.

Кең шеңберде дискурсқа рухани-идеологиялық мұра, көзқарас, дүниетаным кіреді. Ал тұспалды (тар мағынасында) ғана анықтама беретін болсақ, дискурс қандайда бір іс-әрекеттің (актінің) қандайда бір тілдік шындығын айтады.

Бұл арада назар аударатын бір мәселе жоғарыда келтірілген екі бағыттан бөлек үшінші және төртінші бағытты байқауға болады. Үшінші бағыт ретінде «дискурс – шындық өмірден алшақтау да жүзеге асатын коммуникацияның ерекше түрі» – деген Ю.Хабермастың пікірін алсақ болатын секілді. Ол «дискурс – сөйлеу әрекетінің көрінісі», – дейді. Ал төртінші бағыт ретінде әр ұлтқа тән рухани құндылықтарды анықтауда қолданылатын дискурсты атауға болады.

М.Л.Макаров дискурстың негізгі ерекшеліктерін алты түрге бөліп көрсетеді:

1. Тақырыптық байланыс, яғни бір тақырып – дискурс төңірегіндегі мазмұнның жиналуы;
2. Жағдаяттылық, коммуникативтік қарым-қатынас саласына сай, дискурс нақты мәселе төңірегінде құрастырылады;
3. Жылдамдылық, кейбір жағдайда тақырып өзгеріске ұшырай алады;
4. Әлеуметтік бағыттылық;
5. Әртектес құрылымдылық;
6. Мәтін шекарасының белгісіздігі [4.10-11].

Бұл дегеніміз – дискурстың қолданыс аясының кендігінің кепілі. Жоғарыда келтірілген төрт бағыттың пікірлерін бір арнаға тоғыстырған күнде, аталмыш қасиеттер дискурс терминінің бойынан табылатындығы, яғни дискурс терминінің тар шеңберде ғана пайдаланып, ескі атауларға синоним ретінде қолданудың еш қажетсіз екендігін көрсетеді.

Дискурс тек бір ғана саланың меншігі болып қалмай, күн өткен сайын ауқымын кеңейте түсіп лингвистика, әлеуметтік семантикада, психологияда т.б. ғылымдармен қатар әдебиеттану саласында да дискурсқа қатысты бірқатар еңбектер жарық көрді. Солардың ішінде әдебиеттану төңірегінде көптеген анықтамаларды ұсынатын Әдебиет құралдары, терминдер және элементтер (Literary Devices, Terms and Elements) парақшасының анықтамасына сүйеніп айтсақ, көптеген ғалымдардың пікірінше, коммуникациядағы кез келген актыны дискурстың мысалы етіп алып, дискурсты үлкен төрт түрге бөліп қарастыруға болады. Олар – аргументті, баяндау, сипаттау және экспозициялық. Көптеген коммуникациялық актілерде аталған осы төрт түр жиі көзге түседі.

Аргумент: аргументті дискурс – жазушы немесе баяндаушы белгілі бір дәлелдерді пайдалану арқылы өз аудиториясын сендіре білетін байланыс нысаны.

Аргументтік дискурстың мысалы ретінде дәрістер (лекция), эсселер, прозаларды аламыз.

Баяндау: Бұл эмоцияны көрсете отырып, бар болмысымен ақтарыла баяндайтын, оқиғаға сүйене отырып жеткізетін, фольклормен, драмалық құрал ретіндегі коммуникацияның бір түрі.

Баяндамалар, әңгімелер, фольклорлық шығармалар нарративтік дискурстың мысалдары болып саналады.

Сипаттау: Бұл бес сезім жүйесіне сүйене отырып, аудиторияға бір нәрсені көз алдына келтіру арқылы жеткізетін коммуникацияның түрі.

Экспозиция: Дискурстың бұл түрі – сендіру немесе эмоциясын көрсету емес, информацияны бейтарап түрде аудиторияға жеткізу. Өртүрлі идея мен түсініктегі анықтамалар мен сипаттамалар экспозициялық дискурстың мысалы ретінде қарастырылады.

Әдебиеттанушы ғалымдардың енді бір тобы басқа қырынан зерттеуге тырысып, дискурсты үлкен үш түрге бөледі: Поэтикалық, экспрессивті, транзакциялық.

Экспрессив: Экспрессивті дискурс деп творчестволық еңбек болып саналатын, бірақ толыққанды көркем туынды емес әдеби жазбаларды айтамыз. Экспрессивтік дискурсқа мысал ретінде естеліктер, хаттар, онлайн жазбаларды айтуға болады.

Поэтикалық: поэтикалық дискурс қиял мен ойдың шексіздігіне иек артқан, барлық ішкі көңіл күйін көркем тілмен жеткізе білген туынды. Тұшымды сөздерді бойына сіңірген көркем туындылардың дені осы поэтикалық дискурсқа мысал бола алады. Романдар, поэзиялық шығармалар т.б. жатады.

Транзакциялы: транзакциялық дискурстың негізгі мақсаты – айтылған ойды аудиторияға тура жеткізу. Ешқандай жанама мағына үстеуші қосымшаларды араластырмай айту. Бұл жерде айтылған әрбір сөз оқырманға түсінікті болуы шарт. Оған мысал ретінде түсініктемелер мен анықтамалар т.б. жатқызуға болады [5].

Осыған дейінгі жазғандарымыз әлем ғалымдарының жазған мақалаларындағы дискурсқа берген анықтамаларын топшылап, ішіндегі негізгілерін алдыға тарта отырып, дискурсқа шама-шарқымыз келгенше анықтама беру болатын. Алдағы уақытта дискурсқа берілген өзге де анықтамалар мен түрлі мысалдар келтіре отырып талдау, кең көлемде баяндау мақсатымыз болып саналады.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Есембеков Т.О. *Көркем мәтін теориясы: оқу құралы* /– Алматы, 2015. – 186 б.
2. Бенвенист Э. *Общая лингвистика / Пер. С фр. М.: Прогресс, 1974. – 447 с.*
3. Фуко, М. *Дискурс и истина // Логос. 2008. – № 2 (65). – С. 159-262.*
4. Макаров М.Л. *Основы теории дискурса. – М.: Гнозис, 2003. – С 280 .*
5. <https://literarydevices.net/discourse/>

ҚАЗАҚ, АҒЫЛШЫН ЕРТЕГІЛЕРІНДЕГІ ҒАЛАМДЫҚ ӘЛЕМ БЕЙНЕСІНДЕГІ МИФОГЕМАЛАР

Түйін. Мифологиялық образдар біздің өмірімізде ана тіліміздің көмегімен әдет-ғұрыптар мен салт-дәстүрлер түрінде ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып, мақал-мәтелдер арқылы қолданылып келуде. Көптеген сөздер мен әсерлі түсініктер бізге көне заманғы тарихымыз мен мифологиялық өткенімізден жетіп, тілімізде көрініс тапқан, біз олардың ертеректегі мазмұнын ескермей күнделікті өмірде қолданып жүрміз. Ғасырлар тоғысынан жеткен аңыз персонаждары арқылы табиғат, жер бетіндегі тірлік, адам өмірі үйлесімді өрнектеліп, дүниетанымның ерекшеліктері жеткізіледі.

Түйін сөздер. қазақ, ағылшын ертегілері, салыстырмалы талдау, ғаламдық әлем бейнесі, мифогемалар

Резюме. В данной статье рассматриваются концептуальная картина мира мифогем в сказках казахского и английского языков. Автор использует сравнительно-исторические и сопоставительные методы исследования и дается сопоставительный анализ.

Summary. This article is considered with the conceptual mapping of myths in fairy tales of Kazakh and English languages. The author uses the comparative- historical and contrastive research methods and gives comparative analysis.

Ғалам бейнесі (картина мира) когнитивтік модельде айқындалады, сондай-ақ ол ұжымдық санамен, көзқараспен, ұжымдық философиямен байланысты болады. Ғаламның тілдік бейнесі негізінен адамдар санасындағы әлемнің логикалық бейнесімен сәйкес келеді. Ал ғаламның кез келген ұлттық тілдік бейнесінің әмбебаптығы өзіндік ерекшелігін айқындайтын метафора, теңеу және концепт болып табылады. Осы механизмдер негізінде ғалам бейнесі танылады, тілді игеру, табиғи тіл механизмін түсіндіру үшін білім жинау, қолдану, оны түсіну моделін құрау тұрғысынан кештеледі. Бір жағынан когнитивтік лингвистика бұл моделді тек бүкіл когнитивтік ғылымдар шеңберінде ғана жасай алады. Ол ғылым білімнің әр түрлі типтерін, олардың ұйымдастырылу және өзара әрекеттесу тәсілдерін зерттейді.

Мифология – біздің санамыз бен түйсігіміздегі кеңістікті қайтадан танып білуге жол ашып беретін кілттердің ішіндегі негізгісі. Қазіргімізді, өткен заманның ұмыт болған қабақтарының бетін аршып алуға, естен шыққан Рухты, Киені, Ділді, Танымды еске түсіруге мүмкіндік беретін әдіс те – осы

мифология» деп жазады өзінің зерттеулерінде көрнекті мифолог С.Қондыбай [1].

Табиғаттағы заттар мен құбылыстардың адамға тән көңіл-күй, іс-әрекетпен көрінуі, көне мифтік тұрғыдағы бүкіл құбылыс пен заттардың рухы, жаны бар деген сенімнен туған нанымның жемісі. Мифология жеке халықтардың тарихын зерделеуге мүмкіндік туғызатын бірден-бір қайнар болып табылады, себебі мифтерде ғасырлар қойнауына сіңген оқиғалар көрініс тапқан [2].

Ғалам бейнесі (картина мира) когнитивтік модельде айқындалады, сондай-ақ ол ұжымдық санамен, көзқараспен, ұжымдық философиямен байланысты болады. Ғаламның тілдік бейнесі негізінен адамдар санасындағы әлемнің логикалық бейнесімен сәйкес келеді. Ал ғаламның кез келген ұлттық тілдік бейнесінің әмбебаптығы өзіндік ерекшелігін айқындайтын метафора, теңеу және концепт болып табылады. Осы механизмдер негізінде ғалам бейнесі танылады, тілді игеру, табиғи тіл механизмін түсіндіру үшін білім жинау, қолдану, оны түсіну моделін құрау тұрғысынан кештеледі. Бір жағынан когнитивтік лингвистика бұл моделді тек бүкіл когнитивтік ғылымдар шеңберінде ғана жасай алады. Ол ғылым білімнің әр түрлі типтерін, олардың ұйымдастырылу және өзара әрекеттесу тәсілдерін зерттейді.

В.А.Маслова когнитивтік лингвистика нәтижеге жету үшін төмендегідей міндеттерді жатқызады:

1. Ғаламды тану мен пайымдау, іс-әрекеттің даму барысы, қимылдың өрістеу қалпындағы тілдің рөлі.

2. Ғалам туралы ақпарат алу, қайта өңдеу және беру процесіндегі тілдік білімдер.

3. Білімді концептілеу мен категориялау процестері, мәдениет тұрақтылығын тілдік тұрғыдан категориялау мен концептілеудің құралдары мен тәсілдерін суреттеу.

4. Концептілік аймақты ұйымдастыратын және оның мүшеленуінің негізгі бөлігі болып табылатын әмбебап концептілер жүйесін суреттеу.

5. Ғаламның тілдік бейнесі мәселелері" [3,25].

Ғалам бейнесі (картина мира) когнитивтік лингвистикадағы басты термин болып табылады" [3,14]. Ғалам бейнесі ("ғалам образы" немесе "ғалам моделі") терминдері мен ұғымдары Е.Ә.Керімбаевтың жұмысында ономастикалық номинацияны суреттеуде, ұлттық ономастикалық сөздіктің экстралингвистикалық берілімін түсіндіруде қолданылады. "Ғалам образы", "ғалам туралы білімдер жүйесі" ұғымдары адамға, ұлттық тіл мен ұлттық,

жалпы халықтық ономастикон жүйесіндегі адамға, сонымен қатар тілде, тілдік қызметте, абстрактылы және нақты ұлттық тілдік тұлға мен қазақ тілдік тұлғаның жеке ономастиконына қатысты түрде түсіндіріледі [4,178]. Тілдік тұлғаның сөйлеу, ойлау қызметінің базасы ретінде ғаламның жеке және субъектілік бейнесін қарастыру кезінде "ғалам бейнесі дегеніміз - адамның дүние танымындағы субъектілік және объектілік бастауларының синтетикалық бірлігі, рухани жеке әрі мәдени тарихи субстанцияның синтезі екендігін еске алу қажет" [5, 49], - деп атап көрсетеді.

Концепт - ұлттық болмысқа негізделген ұжымдық және тұлғалық санадағы ақпараттар бірлігі ретінде танымдық лингвистиканың басты ұғымы болып табылады. Ол зерттеудің түрлі қырларына қарай лингвомәдениеттану, психоллингвистика және когнитивті лингвистикада жан-жақты қарастырылуда.

Ал, А.В.Маслова концептінің бірнеше анықтамасын төмендегіше келтіреді: "... концепт - біздің санамызды ментальдік немесе психикалық ресурстарының бірліктерін және адамның білімі мен тәжірибесін бейнелейтін ақпаратты құрылымды түсіндіру қызметін атқаратын термин; концепт - сақтаудың, ментальдік лексиконның, концептуальдық жүйе мен тілдің, ақыл-ойдың, адам жүйкесінде бейнеленген дүниенің бүкіл бейнесінің мазмұндық бірлігі; концепт - өзінің іске асырылатын бүтін бір тілдік тобымен берілетін, тиісті лексика-семантикалық парадигма жасайтын, мәдениеттің таңбаланған вербалді мағынасы, сондай-ақ тіл арқылы айтылатын этномәдени ерекшелікте таңбаланған ұжымдық білім бірлігі" [3, 35].

Біз бұл мақалада қазақ, ағылшын тілдеріндегі мифологиялық түсінікті көрсететін ерекшеліктерге тоқталып өтуді жөн санадық. Олар, ағылшын тіліндегі «эльфтер» мен қазақ тіліндегі «самұрық» мифогемалары.

Ағылшын жазушысы Джон Толкиннің «The Hobbit, or There and Back Again» повесінен ағылшын дүние бейнесінің айқын көрсеткішін төменгі перілікті білдіретін мифологемаларды байқауға болады. Төменгі мифологияға тәңірлік мәртебесі жоқ мифтік тіршілік иелері жатады. Эльфтер Ұлыбританияға ағылшындық сакстармен бірге келген және перілерді біртіндеп алмастырған табиғаттан тыс тіршілік иелерінің жалпы атауы болып табылады.

Үлкен Эддалар Liosalfar халқы – жағымды және қайырымды жарқын эльфтар туралы және Docksalfar халқы – жер асты озбыр, қара пиғылды эльфтарды тілге тиек етеді. «Alfr» скандинавтық кірме сөзі көне ағылшын тіліне (древнеанглийский) «aelf» түрінде кіріп, кейіннен «elf» болды. «Elf» зат есімі скандинавтық тұптамасынан эльф табиғатының екі жақты –жағымды және жағымсыз мағыналары иемденді. Германдық пұтқа табынушылықты

алмастырған христиан діні де эльфтерді жоя алмады, олар тек бұрынғысынан қатерлірек, табиғаты шайтани болып өзгерді. 1000 жылдары эльфтердің сиқыршылығынан емдейтін дәрілер және «A salve against the race of elves» – «эльфтерден құтқару» ескі емдік кітаптағы олардан қалған ауруларға байланысты оларға байланысты алғашқы жазба деректері қалған. Онда Elf disease (aelfsagatha) – адамның көздерінің сарғаюы немесе water-elf disease (waeteraelf-add) – тырнақтардың жұмсаруына және көздің жасаурауына әкелетін эльфтерден келетін ауруларға сипаттама беріледі [3].

Ағылшын тілінде бүгінгі күнге дейін Alfred, Alfric сияқты ескі скандинав тілінен шыққан есімдер өте танымал. Эльф зат есімінің «elf», «elv» – көне сібірлік «су», валлий тіліндегі «el» сөзі рухты білдіруімен байланысты болуы мүмкін. Британия аумағына сырттан келу көзі болып табыла отырып, «эльф» сөзі барлық скандинав тілдеріне тарады. Сонымен бірге, эльф сөзінің «alp» – «сұмдық» және латынның «albus» – «ақ» сөздерімен байланысты болуы да мүмкін. Оған қоса «alp» пен «alf» тауды және тау рухын білдіреді, ал көне ағылшын тілінде «ielfetu» – «аққу» зат есімі, грек тілінде «alphas» – ақ дақтар шығатын тері ауруы, санскритте «ribhu» – «жарқыраған» дегенді білдіріп, мейірімді рухтарды көрсетсе, үнді-европалық «lobh» түбірі – зұлым рухтармен байланысты – «алдау» мәнімен беріледі. Сөйтіп, рух, тіпті жарқыраған рух та «эльф» сөзі мағынасының негізін құрайды.

Ағылшын тілінде elf – locks – «эльф бұрымы» – шатасқан шаштар, elf – arrows – «эльф жебесі» – тас үйінділер, elf – shot – «сиқырланған» мәніндегі эльф атысы сөздері elf-тен шыққан туынды сөздер.

Ертегі мәнмәтінінде «elf» мифологемасы адамдардан алыс тұратын керемет ғажайып тіршілік иелерін суреттеу үшін пайдаланылады. Мәтінге жүгінсек:

«So they laughed and sang in the trees; and pretty fair nonsense I daresay you think it. Not that they would care they would only laugh all the more if you told them so. They were elves of course. Elvish singing is not a thing to miss, in June under the stars, not if you care for such things» [4].

«Elves know a lot and are wondrous folk for news, and know what is going on among the peoples of the land, as quick as water flows...» (Tolkien).

Эльфтер уайым-қайғысыз өмір сүреді: олар өлең айтады және ағаштар арасында билейді. Солай бола тұра эльфтер ақылда халық және олар адамдар дүниесінде болып жатқанның бәрін бақылап отырады. «His house was perfect, whether you liked food, or sleep, or work, or story-telling, or singing, or just sitting and thinking best, or a pleasant mixture of them all. Evil things did not come into that valley» (Tolkien).

Сонымен, эльфтің үйі жолдан келгенде тамақ жейтін, демалатын, ескі әндер мен аңыздар

тындайтын тамаша орын. Эльф үйін бейбіт өмір мен тыныштық жайлаған. Зұлымдық оның үйін айналып өтеді. Сонымен, ертегі мәтінде elf мифологемасы уайымсыздық, мейірімділік, қайырымдылық сияқты қасиеттердің бейнесі болып табылады. Кез келген көне мифологияда адамды қоршаған әлем белгілі бір атрибуттар, қызметтер және қасиеттер аямай берілген, ғажайып күш түрінде беріледі. Dwarfтар – «ергежейлілер» – германдық пұтқа табынушылық мифологиясының маңызды құрамдасы. Кішкентай перілер адамдар мен рухтар арасында аралық орынға ие. Герман ергежейлісінің этимологиясы бүгінгі күнге дейін даулы мәселе. Көне сібірлік «dverg» пен көне ағылшындық «dweorg» және немістің «zwerg»-тің сәйкестігі, әрине күмән келтірмейді. Дегенмен, бұдан да көне параллельдер бар: «зұлым рух», «алдамшы» деген сөздер «dhwaras» ретінде санскритте, ал грекше «маса», «шіркей», қандай да бір кішкентай зат – «serphos». Ағылшын тіліне ергежейлі сөзі «dwarf» – 1823 жылы ағайынды Гриммдер ертегілері шыққаннан кейін енді.

Ергежейлілер елсіз шахталар мен кен орындарында өмір сүреді, олар алтын өндіріп сақтады деп есептеген еді. Ертегі мәнмәтінінде «dwarf» мифологемасы жер астында өмір сүріп, бағалы металдарды өндіретін тіршілік иелерін көрсету үшін пайдаланылады. Мәтінді қарастырайық:

«It was two more dwarves, both with blue hoods, silver belts, and yellow beards; and each of them carried a bag of tools and a spade» (Tolkien).

«They mined and they tunnelled and they made huger halls and greater workshops -and in addition I believe they found a good deal of gold and a great many jewels too. Anyway they grew immensely rich and famous, and my grandfather was King under the Mountain again and treated with great reverence by the mortal men» (Tolkien).

Ергежейлілердің нышандары түрлі түсті капюшондар (both with blue hoods), күміс белбеулер (silver belts), сарғылт сақалдар (yellow beards), құрал-саймандары бар қап пен күрек (a bag of tools and a spade). Ергежейлілер тау бөктеріне үлкен залдар мен шеберханалар салған. Олар онда алтын және бағалы металдар өндірген. Ергежейлілер тек байлығымен емес, сонымен бірге ұсталық шеберліктерімен де сыйлы болған. «Dwarf» мифологемасы еңбекқорлық, табандылық, өз ісіне берілгендік сияқты қасиеттерді білдіреді.

«Goblin» мифологемасының тарихы бірнеше дәуірден өтті. XII ғасырда латын сөзі «gobelinus» (гоблин) француз қаласының ізін аңдып жүрген рухтың есімі ретінде қолданылды. Мүмкін, ол шағым ретіндегі «Gobel» (қазір Gobeau) жалқы есімінің кішірейте айту нұсқасы болар, өз кезегінде гректің kobalos сөзімен, латын тіліндегі «sobalus» – «рух» – тоқтату, қиын, есер (проказник) сөзімен тәркіндес болар. Ағылшын-норман-

дық «gobelin» сөзі норман диалектісінде әлі күнге дейін сақталған. Гоблин – жауыз тіршілік иесі. Аңыздарға сәйкес гоблиндер атқоралардан аттарды ұрлаған, солармен түні бойы жүйіткіп отырған. Гоблиндер нәрестелерді де ұрлаған және орнына ұсқынсыз ауыстырылғандарын (подменыш) тастап отырған. Ертегі мәнмәтінінде гоблиндер терең үңгірлерде өмір сүретін қатыгез жауынгерлер болып табылады. Мәтінді қарастырайық:

«Out jumped the goblins, big goblins, great ugly-looking goblins, lots of goblins, the goblins were very rough, and pinched unmercifully, and chuckled and laughed in their horrible stony voices; now goblins are cruel, wicked and bad-hearted. For goblins eat horses and ponies and donkeys (and other much more dreadful things), and they are always hungry» (Tolkien).

Сонымен, автор гоблиндерді дөрекі (very rough), көріксіз (ugly-looking), қатыгез, мейірімсіз қорқынышты дауысты (laughed in their horrible stony voices) және үнемі аш жүретін (always hungry) етіп суреттейді. Troll мифологемасы скандинавтық фольклордан алынған және адам тектес нәсілдің тіршілік иесін білдіреді. Троль ағылшын ертегісіндегі ogр немесе тауларда, үңгірлерде өмір сүретін тіршілік иелері секілді қатыгез дәу бейнесінде де кездеседі. Оларды hill – folk немесе mound – folk (төбе халқы) деп жиі атаған. Оркни және Шетланд графтігінде трольдерді «trowe» деп атаған.

Ал, енді қазақ ертегілерінде кездесетін самұрық құс мифологемасы түркі тілдерінде кездеседі. Самұрық құс бейнесі көптеген халықтардың қиял-ғажайып ертегілерінде кездеседі дедік. Ол түркі халықтарының ертегілерінде Самұрық құс деп немесе Алып Қарақұс болып айтылса, басқа иран тектес халықтардың ертегілерінде «Симорғ» деп суреттеледі. Ол жайында деректерді ескі жазбалардан да кездестіруге болады. Мысалы, Самұрық туралы пехлеви тілінде «синморғ» деп жазылса, ол «Авеста» кітабында «морғу сайну» (14 не 41 яшттар) болып айтылады. Сондай-ақ Иранның ескі жазуы мен тілін көп зерттеген неміс ғалымы Бертоломиенің кітабында «нибар 203» деп келтірілгендігін Әли Акбар Дехода өз кітабында атап өтеді. Тағы да пехлевише «син мурук» (Зариранның естелігінен) деген сөз кездеседі... Ескі үнді тілінде «чина», Армянша «чин».

Сонымен бірге жоғарыда келтірген фарвардин яшттың тоқсан жетінші бабында «Сәнә» деп аталады. Байқап отырғанымыздай, Самұрық құс Азия халықтарының көпшілігінде ежелгі дәуірдің өзінде-ақ кең тараған мотивтер болған.

Самұрық бейнесі сол алғашқы қоғам дәуірінде, тотемизм кезеңінде дүниеге келген болу керек. Қазақ халқының қиял-ғажайып ертегілерінде Самұрық құстың образы Авестадағы Симорғқа қарағанда анағұрлым күрделірек. Алып Қарақұстың бастапқы кейпін жақсы сақтай алған сияқты. Мы-

салы, «Ер Төстік» ертегісін алайық. Ертегіде ағаш түбіне келіп ұйықтап қалған Ер Төстік бір кезде шырылдаған ащы дауыстан оянып кетеді. Сөйтсе, ұяда жатқан балапандарды жейін деп бара жатқан айдаһарды көреді. Оны өлтіріп балапандарын ажалдан құтқарады. Соның артынша далада дауыл тұрады, дауыл артынан жаңбыр жауады. Әрине, ертегі көркем әдебиет емес, онда баяндалған кезінде табиғатты суреттеу деген болмайды. Мұнда ежелгі дәуірдің сенім-нанымдарынан сақталып қалған ырымдар мен сарқыншақтар болады.

Тотемизм дәуіріндегі сенім бойынша Самұрық құс өзінің жақсы көрген кейіпкерін кез келген қиыншылықтан, тығырықтан алып шығуы тиіс. Қуаңшылық жылдары оған бағыштап құрбандық шалса, ел молшылыққа кенеледі.

Аспаннан нұр жауады деген түсінік қалыптасқан болуы мүмкін. Одан кейінгі дәуірлерде барып дүниеге келген Зәрдушт діні сол ежелгі әдет-ғұрыптарды өз мақсаты жолында тірек етеді. Заратуштра өлгеннен кейінгі арада жүз жыл өткен соң оның ілімін Сәнә атты бір кісі дамытып, халық арасында оның жолдарын айқындап, қалыптастырып кеткен. Әрі халық ішінде өзі де емшілікпен айналысқан. Ол өлген соң оның атын Самұрық құсқа айналдырғанымен оның «Авеста» кітабындағы кездесетін бейнесімен қазақтың қиял-ғажайып ертегілеріндегі Самұрықтың толық сәйкес келмейтін де жерлері бар.

Сонымен, мифологемалар әлемнің мифологиялық бейнесін немесе мифологиялық ойларды зерттеуде маңызды рөл атқарады. Қарастырылған мифологемалар адаммен қатар өмір сүретін жақын кеңістіктегі рухтар болып табылады. Олардың қатыстырылуымен адамдар күнделікті өмірде өздерімен болған түсініксіз жағдайларды түсіндірген. Мифологемалар, ертегі кейіпкерлері мифологиялық ойлаудың, ата-бабаларға шындық болып табылған дүниенің қияли үлгісінің элементтері ғана емес, мифологемалар адамға тән жағымды немесе жағымсыз қасиеттердің символдары іспеттес.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қондыбаев С. *Қазақ мифологиясына кіріспе: – Алматы; “Зерде”, 1999. – 304 бет.*
2. Tolkien. J.R.R. *The Hobbit.* – М.: Юнивер-Интер, 2003. – 287 с.
3. Маслова В.А. *Когнитивная лингвистика.* Минск, 2004.
4. *Қазақ мифологиясындағы этнографиялық құндылықтар* <http://el.kz>
5. *Стереотипы в контексте межкультурной коммуникации* <http://referat-culture.info>
6. Нурекешова Г. Р. *Ағылшын тіліндегі мифтік кейіпкерлердің танымдық сипаты [Текст] / Г. Р. Нурекешова // Молодой ученый. — 2015. — №8.2. — С. 59-60.*

Есембеков Темірғали Уразбекович
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ профессоры

Альманова Бийбиназ Калдыбаевна
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ 2-курс магистранты, ideal_2493@mail.ru

ТРАНСФОРМАЦИЯЛЫҚ ТҮРҒЫДАН АУДАРМАНЫҢ САПАСЫН БАҒАЛАУ МОДЕЛІ

Резюме. Бұл мақала көркем аударманың сапасын бағалауда трансформациялық модель мен мәтіндік стильге арналады. Сонымен қатар, мақала лексико-семантических трансформациялар мен аударма жолдарын, тәсілдерін қарастырады.

Түйін сөздер: трансформация, түпнұсқа, аударма мәтіні, аударма тәсілдері, көркем аударма.

Summary. The article is devoted to the transformational model of translation quality in literary translation and its register. Besides, the lexical-semantic transformations and ways of translation are investigated in the article.

Key words: transformation, source text, target text, methods of translation, literary translation.

Резюме. Данная статья посвящена трансформационной модели перевода для оценки качества по литературный переводу и его стиль речи. Кроме того, в статье рассматриваются виды лексико-семантических трансформаций, приемы и методы перевода.

Ключевые слова: трансформация, исходный текст, текст перевода, методы перевода, литературный перевод.

Көркем аударма – бұл аудармашының жеке өнерлі процесі. Оның көп аспектітері сырттан бақылайтын бақылаушының көз-қарасынан жасырын болып келеді. Көркем аударма аударма тілінің әдеби қырлары аудармашы тарапынан жетік игерілсе, әдеби аудармадағы тәжірибесі мол болса ғана көркем аударма мәтініне қол жеткізуі мүмкін. Сондай-ақ, аудармашының мәтіндік сауаттылығы мен адресатқа ақпаратты жекізіп беруде ұқыптылық пен шеберлігін бағалау зерртеу шарттарымыздың бірі.

Түпнұсқа мен аударманың сапасын бағалауда Хаустың моделі бойынша мәтінді саралап оны үш деңгейде талдауға болады: тілдік, мәтіндік (поле, тенор и режим) және жанр. Сала (поле) - мәтіннің предметі мен әлеуметтік іс-әрекетіне байланысы болып келсе, тенор мәтіндегі өзара қатынас болады. Ол автордың әлеуметтік рольдерге қатынасын да қамтиды. Ең соңғысы болса режим деп аталып ол әдеби шығарманың жолдаушысы мен тыңдаушысы арасындағы қарым-қатынастың дәрежесімен байланысна тән. Аударма әлеміндегі бірегей білгір ғалым Хаустың пікірінше, аударманың сапасын анықтаудың негізгі критерияларының бірі эквивалент болып табылады. Ал бұл эквиваленттік

сынның бірінші шарты оның функциясында. Бұл функция екі компоненттен тұрады, автор оларды «идеялық» және «тұлғааралық» (идейный и межличностный) деп атайды [2; 245]. Біздің аударма сапасын бағалау жөніндегі пікірлерімізді Сюзан Еггинс тереңірек сипаттаған және мәтіннің құрамы бойынша төмендегі жайттарды негіздеп өткен. Оның айтуынша, сөз стилінің (стиль речи «register») үш маңызды элементі бар [3; 78]:

- Сала немесе сфера (field) – бұл не туралы жазылғаны жайлы болып, мысалы үшін оған балалар, жануарлар тіпті адам жайлы жазылған шығармалар кіреді.

- Тенор немесе кім және кімге қатысты екені жайлы. Оғын мысал ретінде оқырманды алсақ болады.

- Режим немесе формасы (mode) тікелей байланыстың формасына қатысты болып, мысалы үшін: жазба.

Жалпы алғанда, мәтіннің саласы немесе сферасы идеаторлық немесе бейнелеу тұжырымына сәйкес келетін, яғни жеткізіп беруші құралдар арқылы – етістіктің түрі, актив және пассив етістіктер, процесстің қатысушылары. Атап өтілген тенор модальдық етістіктер арқылы берілетін адамның ішкі дүниесіне байланысты қатынастары суреттеледі. Оған модальдық етістіктер және үстеулер, яғни үміттеніп, керек, мүмкін, және басқа іс-әрекетті бағалаушы мағынаға ие сипаттаушы лексикалар – әдемі, жаман сияқтылар кіреді. Ал, мәтін формасына немесе режиміне мәтіндік мағынамен байланысқан тематикалық және информациялық структура арқылы жүзеге асырылатын жайтқа айтамыз. Негізінен, сөйлемдегі элементтердің және сөз тәртібінің формасына қатысты келеді, сондай-ақ, сөйлемдегі сөздердің өзара байланысқа түсуі (согласованность речи внутри предложения и между ними), лексикалық тұрғыдан мәтіндердің үйлесуіне және есімдік, эллипсис, фразеологиялық тіркес, қайталану мағынасындағы сөздердің қолданылуы да жатады.

Дегенмен, тек ғана аударманың сапасын бағалауда біз трансформациялық модельге негізделеміз. Өйткені, мағыналық тұрғыдан трансформациялық тәсілдер аударма процесінде аудармашыны қобалжытып қоятын кейбір сұрақтар мен қиыншылық тудыратын мәселелерді түсінумен қатар, аудармадағы сұрақтарға жауабын табуда да өте қол келетіні даусыз.

Біздің бұл салыстырмалы талдауымыз Хаустың ұсынған аударма түрлеріне негізделген болып, онда коммуникативті және филологик аударма жайлы сөз етілді. Өйткені, Батыстық аударматану ғылымында аударманың бұл түрлері қысқа әңгіме және повесттерді аудару кең қолданылады. Сонымен қатар, Питер Ньюмарктың бөліп көрсеткен яғни жалпы аударматану ғылымда аударма әдістері және орыс аударматанушы ғылымы Я. И. Рецкердің аударма теориясында атап көрсеткен трансформациялық тәсілдер бойынша жасалады. Төмендегі аударманың үзінділерінде біз қай әдістің қолданылғанын, аударманың қай түрі екенін және аудармашының лексикалық трансформацияның қай түрін қолданғанына шолу жасап кетеміз.

Аударма сапасын талдау моделінің гипотезасы лексикалық-семантикалық трансформациялық тәсілдердің түрін үйрену және қысқа әңгімелерді аударуда қолданылған негізге түрін зерттеп айқындау. Түпнұсқа мәтінінің тілі – ағылшын, аударма мәтіні – қазақша. Бұл талдау екі тілдің семантикалық, прагматикалық және мәтіндік аспектерін де өз ішіне алады.

Бұл талдау моделіміздің мақсаты аудармашының ағылшын тілінен қазақ тіліне шығарманы аударуда қолданған трансформациялық тәсілін анықтау. Зерттеуіміздің сұрақтары төмендегіше:

- Аудармада трансформациялық тәсілдің қай түрі орын алған?
- Аударма әдістерінің қай бірі қолданылған?
- Аударманың қай түрі (филолог немесе коммуникативті «overt and covert translation») повестті аударуда қолайлы келеді?

И.Я. Рецкер «Тетради переводчика» атты еңбегінде аудармашының атқаратын қызметтері мен аударма түрлеріне ерекше мән берген [1; 82]. Сонымен қатар, аударма жасауда қолданылатын әдіс, тәсіл, стратегия және аударма жолдары айтылады.

Бұл модель сапалы аспектке бағытталған, түпнұсқа мен аударма мәтінін талдауда Джулиан Хаустың «аударма сапасын бағалау» моделіне негізделді. Бұл салыстырмалы талдау лексикалық, семантикалық, және мәтіндік құралдарды өз ішіне алады, ақпарат жіберуші мен алушының арасындағы қатынастар беріледі. Бұл модель аудармада лексикалық тұрғыдан қолданылған тәсілдер жайлы ғылыми практикалық зерттеуден тұрады.

Бұл зерттеу Хаустың моделі негізінде Эрнест Хемингуэйдің «Шал мен теңіз» атты повесті және аудармашы Нығмет Ғабдуллиннің аудармасы.

Бұл модель повестінің үзінділерін салыстырмалы талдауын өз ішіне алады. Бұнда мәтіннің лексикалық және семантикалық қызметі мен факторлары қаралады. Өйткені, аудармада трансформациялық тәсілдер тікелей мәтіннің лексика-семантикалық қасиеттері орын алған.

Барлық мәліметтерді жинаған соң, бұл зерттеу әңгіменің аудармасы мен ондағы аудармашы

қолданған трансформациялық тәсілдерді анықтау немесе олар бойынша ғылыми практикалық болжау жасау талдаудың басты мәселесі етіп бекітілді.

Үзінді №1:

Түпнұсқа:

«On the brown walls of the flattened, overlapping leaves of the sturdy fibered guano there was a picture in color of the Sacred Heart of Jesus and another of the Virgin of Cobre. These were relics of his wife.»

Аударма:

«Престелген жапырақ тактайлардан қаланған қоңыр қабырғаға тәңірінің бейнесі мен санта Мария дель Кобрениң суреті ілінген; түрлі-түсті бояумен әшекейлеп салынған бұл суреттер – шалдың әйелінен қалған мұра болатын.»

Бұл аударма коммуникативтік аудармаға жатады. Ол сөзбе-сөз балама емес. Аудармашы аудармада суреттеп жолын қолданған. Сондықтан, аударма түспнұсқаның құрылысына тура келмейді. Ал, трансформациялық тәсілге келетін болсақ, аудармашы бұнда мағыналық дамыту тәсілін қолданған деп айтуға болады. Өйткені, «түрлі-түсті бояумен әшекейлеп салынған бұл суреттер» тіркесі қосымша мағынаны беріп түпнұсқадағы «these were relics of his wife» сөйлеміне мәтіндік эквивалент болып тұр, сөйлем прагматикалық тұрғыдан тәржімаланған. Аудармашы оқырмандардың көз-қарасынан, таным-тұжырымынан келіп шығып аударған.

Үзінді №2:

Түпнұсқа:

«Once there had been a tinted photograph of his wife on the wall but he had taken it down because it made him too lonely to see it and it was on the shelf in the corner under his clean shirt.»

Аударма:

«Қабырғада бір кезде оның әйелінің де сәнді жасалған фотосуреті ілулі тұратын-ды, қараған сайын көңілі босай беретін болған соң, шал ол суретті тығып тастаған еді. Қазір бұл фотосурет бұрыштағы сөреде, жуылған таза көйлектің астында жатыр.»

Аудармашы мәтінді адекватты аударған. Бұнда адекватты орын ауыстыру яғни лексикалық трансформацияның орын алғаны көрініп тұр. Біздің пікірімізше, аудармашы нақтылау немесе конкретизация тәсілін қолданған. Өйткені, бірінші сөйлемдегі «a tinted photograph of his wife» сөз тіркесі қазақшада «сәнді жасалған фотосуреті» сөз тіркесімен берілген. Алайда, бұл тіркес «боялған, бояп сызылған сурет» деген мағынаны білдіреді. Аудармашы повесттегі шал образының күй-жағдайын аңғарып және контексттегі «it made him too lonely to see» яғни «қараған сайын көңілі босай беретін болған соң» деген сөйлемді ескерген күйде аударманы осылай беруді шешкен. Нақтылау тәсілінің және бір дәлелі «he had taken it down» яғни «шал ол суретті тығып тастаған

еді» бөлімі болып, аудармашы алып тастады емес, ал тығып тастады тіркесін алған. Оның да себебі соңында келген контексттің мағынасы әсер еткендіктен, оқырманға нақтылап беруді шешкен деген болжамымыз бар.

Үзінді №3:

Түпнұсқа:

«Everything about him was old except his eyes and they were the same color as the sea and were cheerful and undefeated.»

Аударма:

«Шалдың өңі де, киімі де – бәріде тозған, көнерген тек көзінде ғана ерекше бір нұр бар теңіз суы түстес жанары қайсар адамның қалпын танытады.»

Бұл аударма коммуникативтік аударма түріне жатады. Біз атап өткеніміздей, коммуникативтік аударма – аударма тіліне, оқырман тіліне жақындатып оқырманның тұжырымына сәйкес аудару болып табылады. Бұл үзіндідегі «жанар» сөзі түпнұсқада жоқ, онда тек «eyes» сөзі бар, бұл сөздің аудармасы «көзінде ғана» сөзі арқылы берілген. Солай екен, аудармашының оқырманның мәдени - прагматикалық жағдайынан келіп шығып аударған. Ендеше, «were cheerful and undefeated» сөз тіркесі аудармада былайша берілген: ерекше бір нұр бар және қайсар адамның қалпын танытады. Жалпы, трансформациялық тәсілге келетін болсақ, аудармашы нақтылау немесе конкретизацияны қолданған деген тұжырымға келдік. Өйткені, жалпы, кең мағынадағы «Everything about him» тіркесі «Шалдың өңі де, киімі де» деп, ал «they were cheerful and undefeated» деген соңғы тіркестер

«көзінде ғана ерекше бір нұр бар, жанары қайсар адамның қалпын танытады» деп кеңейтіп нақтылап берген. Мысалы үшін, жай ғана «eyes» «жанар» сөзімен өзгертіліп берілгені де нақтылаудың нышаны.

Таңдап алынған үзінділер арқылы жасалған талдауымыздың нәтижесінде біз аудармашының түпнұсқа мәтінінің тіліне, мәдениетіне жانتасын келгенін көруге болады. Аудармашы оқырман тіліне көбірек назар аударған, түпнұсқаның және мәдени қиыншылықтар мен ерекшеліктердің оқырман тіліне сай адекватты және түсінікті болуына көңіл бөлген. Сонымен қатар, түпнұсқа мен аударма мәтінін салғастыра отырып, олардағы эквиваленттердің сақталынғанын да байқадық., олардың тематикалық мақсаты бірдей. Сондықтан, бұл аудармаларда көбірек нақтылау тәсілінің қолданылуы да аударманың сәтті шығыуына, оқырманның түсінуі мен пайындауына да үлкен әсер тигізген.

Әдебиеттер:

1. Я. Рецкер. *Тетради переводчика, Международные отношения. М., 2004 – 127с. 82-86 стр.*
2. House, J. (2001). *Translation Quality Assessment: Linguistic Description versus Social Evaluation. P.462 pp. 243–257.*
3. Susanne Eggins. (1994). *An introduction to systematic functional linguistics. London. Pinter Publishers: 360 pages. p.78.*

ПРАГМАТИКАЛЫҚ ПРЕСУППОЗИЦИЯ – МӘТІНДІ ИНТЕРПРЕТАЦИЯЛАУДАҒЫ ОРТАҚ БІЛІМ ҚОРЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ КӨРСЕТКІШІ

Түйін. Мақалада публицистикалық стильге тән сөз мағыналарының құбылуы айрықша сипат алатыны сөз болады. Сондай-ақ, публицистикалық дискурста тән элеуметтік болмыс модельдерін тарату, ақпараттық және жарнамалық қызметтері бұқаралық сананы белгілі бір бағытқа бейімдеуге байланысты туындайтыны жан-жақты қарастырылады.

Кілт сөздер: саяси дискурс, прагматикалық пресуппозиция, интерпретация, медиамәтін, медиа коммуникация, когнитивтік ақпарат

Резюме. В статье рассматриваются изменения значения слов, которые приобретают особый характер в публицистическом стиле, а также распространение модели социальной реальности, характерные публицистическому дискурсу, их информативный и рекламный характер, способные направить общественное сознание в определенное русло.

Ключевые слова: политический дискурс, прагматическая пресуппозиция, интерпретация, медиатекст, медиа коммуникация, когнитивная информация

Summary. The article deals with the special phenomenon that is specific feature to the publicistic (journalistic) style. Moreover the article discusses spreading the social being models that are inherent to publicistic style, and also it considers the impact of the information and advertisements of the media on the consciousness.

Key words: political discourse, pragmatic presupposition, interpretation, media text, media communication, cognitive

Саяси дискурстың өзегіндегі мәселе ретінде публицистикалық мәтінді, атап айтқанда саяси тақырыпқа арналған материалды адресаттың дұрыс түсініп қабылдауын және зерделеуін танимыз. Ал саясат бір күнде пайда болып, газеттің бір санында ғана өзекті болатын тақырып емес. Әсіресе сыртқы геосаяси ахуалдан бөлек ішкі тұрақтылық мәселесіне қатысты материалдар міндетті түрде жалғаспалы, ұласпалы болып келеді. Сондықтан кез келген саяси мәтінді толық түсініп, дұрыс интерпретациялау үшін оқырман міндетті түрде ол проблеманың бастау алған көзінен, сол оқиғаға дейінгі саяси ахуалдан хабардар болуы тиіс. Осы хабардарлық лингвистикадағы пресуппозиция ұғымының аясында қарастырылады. Бір мәтіндегі ой міндетті түрде өзінен бұрын жарияланған материалдағы тірек немесе таяныш пікірмен қандай да бір байланыста

болады. Осы байланысты дөп басып, тани білген адам мәтінді зерделей алады және соған сәйкес саяси дискурстың шешімін де таба біледі. Қандай да бір саяси оқиғаға талдау жасай отырып журналшы өз тұжырымдарының дұрыстығына оқырман көзін жеткізу үшін, яғни бұқараны сендіру үшін оған негіз болған бастапқы пайымдауларды келтіреді. Автордың атаған бірнеше ой-тұжырымдар оқырман санасындағы аялық білім қорымен сәйкес келген жағдайда саяси мәтін толықтай зерделенеді деуге болады. Алайда саясат мәселесімен үнемі тұрақты айналысатын мамандардың өзі кейбір түйткілі көп жағдаяттардың бағасын кесімді түрде беруге қиналатын шақтар да болады. Себебі қаншалықты білімді болғанымен саясаттанушылар нақты саясаткердің көпшілікке жариялаған мәліметімен ғана хабардар болады. Ал шындығында, билік өкілдерінің, саясаткерлердің өздеріне белгілі ақпараттардың қанша бөлігін көпшілік назарына ұсынып отырғанын біз біле алмаймыз.

Төмендегі мысалдан Бәлиеваға қатысты мәлімет оқырманның санасында елде қалыптасқан саяси ахуалдың шынайы суретін байқауға болады: «Үшіншісінде тұтылдым» деп жүрмес үшін, демократиялық күштердің жағымсыз кейіпкеріне айналған Бәлиеваны қызметтен босатудан басқа жол да жоқ еді. (Жас Алаш. 14.0.05. 1 б.) Мұндағы «үшіншісінде тұтылдым» деген тіркестің түп төркініне арнайы тоқталғанымыз жөн. Жалпы, еліміздегі сайлау науқандарын жіті қадағалайтын оқырман ОСК-ға З.Бәлиева төрағалық еткен кезде өткізілген Президент сайлауы мен Парламент Сайлауында заң бұзушылықтардың орын алғанын біледі. Мәтін авторы алдағы уақытта болатын өзгерістерге жасаған болжауын қазақ фольклорынан алынған үзінді арқылы түйіндеген. Жиренше шешеннің Жәнібек хан алдына үшінше рет барғанда ол жасырған жұмбақтың жауабын білмей дағдарған тұста айтқан осы сөзі, сол сәттегі жағдаяты оның үлкен қауіптен құтылуына мүмкіндік берген еді. («Бір ыршыдым – құтылдым, екі ыршыдым – құтылдым, үшіншісінде – тұтылдым»). Мәтін авторы өзі талқылап отырған мәселенің оң шешімін табуы көптеген келеңсіздіктің алдын алуға септігін тигізеді дегенді осы үзінді арқылы меңзейді. Демек, өзекті мәселеге арналған мақаланың түйінін қанатты сөздер, нақыл сөздер т.б. сияқты прецедентті мәтіндермен көрсету арқылы автор өз прагматикалық ұстанымын білдірсе, сол нақыл сөздердің немесе афоризмдердің

қолданылу шарттарын, жағдаяттарын білетін оқырман үшін ол прагматикалық пресуппозиция қызметін атқарады да медиа-мәтіннің дұрыс түйсініліп зерделеуіне жол ашады. Сонымен, жоғарыда жүргізілген шағын талдау нәтижесінде мынадай тұжырым жасауға болады: мәтіннің түсінілуі және зерделенуі үшін қатысымшылардың когнитивтік санасында ортақ пікірлер мен білімдер қоры болуы тиіс. Ондағы ой түйіндердің өзара сәйкес келуі мәтінді қабылдау кезінде когнитивтік өңдеуден өткізу үшін аса қажет. Сондай-ақ мәтін авторы өз түпкі ойын барынша айқын, ашық немесе әдейі астырт жасырын формада беруі ықтимал. Қалай болғанда да өзіне белгілі мәліметті тыңдаушыға немесе оқырманға жеткізу үлгісін таңдағанда адресант адресатқа да таныс, тіпті етене жақын сөздерді, сөз қолданыстарды іріктеп алуға тырысады. Яғни, прагматикалық пресуппозициялар осы автор мен оқырманның білім қорлары арасындағы сәйкестікке, ортақтыққа негізделетін когнитивтік ақпарат деуге де болады.

Қазақ басылымдарына жасалған шолу нәтижесінде олардағы мәтіндердің барынша ұғынықты болуы мынадай ұғымдарға тікелей байланысты екеніне көз жеткізілді;

- Оқырманда мәтінде баяндалған жағдаят және оған қатысушылар жөнінде білімнің немесе мәліметтердің болуы;
- қоғамда қабылданған мінез-құлық ережелері мен нормалары жайындағы білім;
- елде қалыптасқан саяси ахуал және қолданыстағы заңдар жөніндегі білім;
- ғалами білімдер (жаратылыстану т.б.);
- мәтін тақырыбына қатысты бұрын жарияланған мақалалармен танысу нәтижесінде алынатын контекстік білім;
- мәтін авторының адресатқа тән білімдер қорынан хабардарлық дәрежесі жөніндегі түсінігі.

Аталмыш білім түрлері адресанттың да, адресаттың да когнитивтік саласында қандай да бір менталдық репрезентация түрінде өзектелсе, прагматикалық пресуппозицияға айналады. Бұл үшін яғни мәтін авторының білім қорының актуалдануына оның түпкі прагматикалық діндемі себеп болса, оқырман үшін ол қабылдайтын ақпарат пен тілдік элементтердің жиынтығы түрткі болады. Қалай десек те саяси дискурстағы пресуппозиция жаңа, тың ақпарат емес, оқырманға да, авторға да бұрыннан белгілі мәліметтердің бүркемеленіп, белгілі бір өзгерістерге ұшыратылып, өңделіп, айқын немесе жасырын түрде берілуі. Оны ақпараттың бастапқы когнитивтік бірлік ретінде сақталуына негіз болатын пропозициямен тікелей байланыста деп түсінген жөн. Яғни прагматикалық пресуппозицияларды құрайтын білімдер пропозиционалдық сипатта болады. Соңғы он жылдықта өзіндік бет бейнесі қалыптасып, қоғамда белгілі бір қырынан танылған қазақ басылымдарын, оларда жиі жария-

яланатын саяси тақырыптағы мәтіндердің прагматикалық сипатына орай былайша бөліп көрсетуге болады деп ойлаймыз. Саяси мәтіндердің авторы міндетті түрде лингвопрагматикалық пресуппозицияларды пайдаланады. Алайда олардың өзектелу, актуалдану тетіктері әр басылымдарда әртүрлі болады. Мәселен, мақала авторы мәтінді жазу барысында алдына қойған мақсатына орай бірнеше факторларды басшылыққа алады. Солардың ішінен коммерциялық, идеологиялық факторларды айрықша атау керек.

Қазіргі қазақ баспасөз басылымдарында мәтін тақырыпаты онда баяндалатын оқиғадан хабардар етіп қана қоймайды, сонымен қатар автордың немесе газет ұжымының сол жағдаятқа қатысты ұстанымдары мен көзқарасын да білдіреді деуге негіз бар. Мысалы, «Жас Алаш» газетінің 2011 жылғы 27 желтоқсанындағы санының бірінші бетіндегі «Алдану мен Алдарқату», «Тимурды тақтан тайдырған мұнайшылардың тепкіні» атты мақаланың тақырыпатына толығырақ тоқталайық. Біріншіден, тақырыпаттың бас әріптермен, қою қаріппен ерекшеленіп берілген алғашқы бөлігі өзін/өзге семантикалық оппозициясына құрылған. Яғни, сөйлеуші «алданған, оны басқалар алдарқатқан», ал тақырыпаттың тырнақшаға алынған екінші бөлігін ұлы Махамбеттің «Ау, қызғыш құс, қызғыш құс» атты өлеңінің ізімен жасалған прецедентті мәтіннің трансформациялануы деуге болады. Көзі қарақты, санасы сергек оқырман тақырыпаттың 2-ші бөлігін оқыған сәтте оқырманның есіне

«Ау, қызғыш құс, қызғыш құс,

Қанатың қатты, мойның бос.

Исатайдан айырылып, жалғыздықпен болдым дос...

Көл қорыған сен едің, ел қорыған мен едім,..

Сені көлден айырған – лашын құстың тепкіні,

Мені елден айырған – хан Жәңгірдің екпіні» деген өлең жолдары түсетіні сөзсіз. Біздің айтамыз, мәтін авторының өз түпкі ойын осы бір жол арқылы дөп басып, ұтымды жеткізуі. Мұндағы назар аударатын нәрсе - «Самұрық» қазына әл-ауқат қорының басшысының есімін «көпке таны- мал кайраткер» ретінде фамилиясыз ұсынуы, оны прецедентті есім дәрежесіне жеткізген деуге негіз бар. Ал ғаламтордағы түсініктемелер арасынан іріктеліп алынған бұл пафосты өлең жолын елдегі саяси ахуалды көрсететін лингвопрагматикалық қолданыс деуге болады. Ғылыми әдебиетте бұл құбылыс аталым прагматикасы терминімен таңбала- нады. Ал тақырыпаттың бірінші бөлігіндегі («Алдану мен алдарқату» өздік етіс пен өзгелік етіс формалары арқылы көрініс тапқан лингвопрагматикалық дерек грамматикалық прагматика ұғымының аясына кіреді. Тарқатып айтар болсақ, екі сөздің де түбірі – алда етістігі. Бірінші сөздегі – ны субъектінің өз еркімен жасалған әрекетін емес, өзгенің ықпалымен болған ықтиярсыздықты біл-

дiредi. Ал екiншi сздегi алдарқату – бiрiншiден, шын мәнiндегi алдауды емес, жартылай жасалған әрекетгi бiлдiрсе, 2-ден, сол жарым-жартылай орындалатын қимылдың себепшiсi де, бастамашысы да сөйлеушi субъектiнiң өзi екендiгiн меңзейдi.

Сонымен, газет мәтiнiнде (қоғамда орын алған қандай да бiр оқиға бүге-шүгесiне дейiн талданып таратылмайды. Оның өзiндiк объективтi және субъективтi себептерi болады (1-ден, газет бетiндегi орынның шектеулiлiгi; 2-ден, мәлiмет алынған ақпарат көзiнiң нақты аталмауы; 3-ден мәтiн авторының және редакцияның жауапкершiлiгi т.б. факторлар). Басылымның мақсаты болған және болатын оқиғалар жайында көпшiлiкке хабарлау, басы ашық мәселелердi бұқара назарына ұсыну, ал түрлi себептермен көпшiлiкке жарияланбауы тиiс мәлiметтерге қатысты болжам, қорытынды жасауды және ой түюдi оқырман еншiсiне қалдыру. Сондықтан саяси прагматикалық пресуппозиция саяси дискурста аса ұтымды тәсiл ретiнде жиi қолданылады.

Дискурс терминi алғаш ХХ ғасырдың 50 жылдары қолданылған. Э.Бенвенист бұл атауды қарым-қатынас кезiндегi сөзжұмсауды таңбалау үшiн пайдаланған. Онда сол процесс өзге ұқсас жағдайлардан ерекшелендiретiн факторлармен тығыз байланысты қарастырылған [1, 45]. Кейiнiрек дискурстық зерттеулерде тiл, идеология және Адам арақатынасына баса назар аударылатын болды (Серио) Зерттеушi П.Серио аталмыш терминнiң 8 түрлi мағынасын бөлiп көрсетедi:

- 1) сөзжұмсау ұғымының баламасы, яғни кез келген нақты сөйленiм;
- 2) фразадан көлемi үлкен болатын бiрлiк;
- 3) сөйленiмнiң тыңдаушыға тигiзетiн әсерi және оның жағдаятқа қатысты ерекшелiктерi;
- 4) сөйленiмнiң негiзгi түрi ретiндегi сұхбат;
- 5) сөйлеушiнiң баяндалушы оқиғаға қатысты көзқарасын бiлдiретiн сөзжұмсау;
- 6) тiлдiк бiрлiктердiң қолданысы, яғни олардың сөзжұмсау барысында өзектелуi;
- 7) белгiлi бiр социумға тән, әлеуметтiк немесе идеологиялық жағынан шектеулi сөйленiм түрлерi;
- 8) мәтiн түзуге қатысты зерттеулерге арналған теориялық конструкт [2, 26-27].

Т.ван Дейк дискурста тiлдiк форма, мағына және әрекеттен тұратын күрделi тұтастық ретiнде танылатын қатысымдық оқиға деген анықтама берген [3, 46]. Мұндағы әрекеттер ұғымына белгiлi бiр мақсатта тiл арқылы жүзеге асырылатын когнитивтiк және әлеуметтiк әрекеттер жатады. Бұл жерде сөзтудырымның нақ лингвистикалық шамалармен қатар (тiлдiк формалар және олардың мағыналары) сол шамаларды анықтайтын маңызды когнитивтiк және әлеуметтiк факторларға да үлкен мән берiледi. Бұл өз кезегiнде лингвистикалық зерттеудiң эвристикалық маңыздылығын арттыра түседi.

Саяси дискурсты арнайы зерттеген В.З.Демьянковтың пiкiрiнше, дискурс деп интерпретатордың ойша жолуына дейiнгi, яғни қалыптасу барысындағы мәтiн түсiндiрiледi... Мұнда қабылдаушы қарапайым пропозицияларды жалпы мағынаға лайықтап, шоғырландырады. Бұл тұста зерделенетiн сөйлемдегi жаңа ақпарат сөйлем мағынасына кiрiктiрiледi [4, 32]. Демек мұндағы дискурс қатысымшылардың әрқайсысында болатын когнитивтiк репрезентациядағы символдық жасалым болып шығады:

Ақпараттың кеңiстiктегi бүкiл жаңалықтарды қамтитындықтан публицистикалық дискурс қоғамдық сананы реттейтiн, тiптi қажетгi арнаға бағыттайтын маңызды тетiк болып табылады. Осы қырынан қарастырғанда публицистикада дискурстың қоғамдағы тiлдiк және бейтiлдiк қызметтерiне толығырақ тоқталғанымыз жөн. Публицистикалық дискурс ең алдымен елдегi саяси ахуалды айшықтайды. Келесi кезекте әлеуметтiк-экономикалық мәселелр шеңберi маңызды болып табылады. Белгiлi бiр мөлшерде мәдениет, спорт т.б. мәселелерге де орын бөлiнедi. Осымен байланысты публицистикалық дискурстың қызметтерiн былайша бөлiп көрсетуге болады:

Ақпараттық, әсер ету, жарнамалық, реттеушiтiк және қоғамдағы әлеуметтiк болмысты қалыптастыру қызметтерi. Осы қызметтерiнiң басым бөлiгi қоғамдағы идеологиялық ахуалға байланысты жүзеге асырылады. Яғни публицистикалық дискурстың өзi ең алдымен идеология бiрлiктерiне сүйенедi. Бұлардың iшiнде бiз әлеуметтiк болмысты қалыптастыру қызметiн айрықша атаймыз. Себебi ол жалпы публицистиканың негiзгi функциясымен тығыз байланысты: қандай да бiр социумда орныққан нормалар мен құндылықтарды бұқаралық санаға бiртiндеп сiңiру – осы БАҚ-тың еншiсi. Басқаша айтқанда, ақпараттық кеңiстiктегi әрбiр сөйленiмнiң авторы сол нормалар мен құндылықтарды бүкiл қоғамға ортақ қағидаларға айналдыруды көздейдi. Осылайша БАҚ арқылы таралатын кез келген мәлiметтiң дұрыс зерделенуi олардың прагматикалық пресуппозициясына тiкелей қатысты болып шығады. Демек, әрбiр тiлдiк ұжымның өзiндiк нормалары мен құндылықтар жүйесi шын мәнiнде прагматикалық пресуппозиция рөлiн атқарады. Линвосаясаттану шеңберiнде алғанда публицистикалық дискурстың аса маңызды қызметтерiн былайша топтастыруға болады:

- 1) қоғамдық санада орныққан нормалар, наным-сенiмдер мен құндылықтар арқылы жеткiзiлетiн, баяндалатын әлеуметтiк болмыс модельдерiн тарату қызметi;
- 2) тiлдiк ұжым мүшелерiнiң нақты бiлiм арқылы жүзеге асырылатын ақпараттық қызметi;
- 3) бұқаралық ақпарат құралдарын қаржыландыратын негiзгi көздерiнiң бiрi болып табылатын жарнамалық қызметi.

Осы қызметтердің қай-қайсысы да бұқаралық сананы белгілі бір бағытқа бейімдеуге орайластырады. Бұл – әсіресе қоғамдық саяси ахуалға қатысты жан-жақты талдауды қажет ететін мәселе.

Қорыта айтқанда, публицистикалық дискурс 1-ден, қоғамда қалыптасқан социум мүдделерін түрліше жеткізеді; 2-ден, ол барынша өзгермелі болып келеді; 3-ден публицистикалық дискурстың маңызды бөлігі болып табылатын идеологиялық компоненті бұқаралық сананы рнеттеуші құрал болып табылады; 4-ден, публицистикалық дискурсты салыстырмалы түрде семантикалық жүйе деп санауға болады. Себебі оның түрлі прагматикалық мақсатқа орай пайдаланылатын өзіндік семантикалық және синтагматикалық қасиеттері болады. Дәлірек айтқанда, басқа ғылыми, ресми іскери т.б. дискурсқа салыстырғанда публицистикалық мәтінде сөз мағыналарының құбылыуы айрықша болады. Мәселен, ғылыми мәтінде сөздің терминдік мағынасы қатаң сақталса, публицистикалық мәтінде керісінше нақты әдеби т.б. нормаларға бағынбау, нормасыздық көбірек орын алады. Жалпы тіл қолданысындағы метафора, метонимия, синекдоха сияқты семантикалық айшықтаушы құралдардың әлеуеті сарқа пайдаланылады. Осылайша алуан түрлі мағыналық құбылу сөздердің тіркесімділік заңдығына өзгерту арқылы, яғни тілдік бірліктердің синтагматикалық қасиеттерін түрлендіру

арқылы жүзеге асырылады. Бір қызығы, әдеби нормалардың саналы түрде бұзылуы немесе бұрмалануы социум қабылдауында қалыпты жағдай болып табылады. Сондықтан осындай ерекше қолданыстардың бұқара санасына тигізетін ықпалы да салмақтырақ болады. Сонымен қоса бір газеттің бір ғана санында жұмсалатын нормадан тыс қолданыстарды екінші өзге басылымдардан кездестіру қиын екендігін де атап айту керек. Осы тұрғыдан алғанда, кез келген тілдік ұжымның саяси әлеуметтік өміріне қажетті өзгерістерді енгізудің жедел және төте жолы ретінде публицистикалық дискурста тануға толық негіз бар.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Бенвенист Э. *Общая лингвистика*. – М.: УРСС, 2002. – 447с.
2. Серю П. *Как читают текст во Франции// квадратура смысла. Французская школа анализа дискурса/Пер.с француз. И португ. – М., Прогресс, 1999. – С.14-53*
3. Дейк Т.А. ван. *Язык.Познание. Коммуникация*. – М., Прогресс, 1989. 307с.
4. Демьянков В.В. *Политический дискурс как предмет политической филологии// Политическая наука. Политический дискурс: История и современные исследование. №3. – С. 32-43*

Сағдатхан Ж.

әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, филология мамандығының 2 курс магистранты

Бисенғали З.

Ғылыми жетекшісі ф.ғ.д., профессор

Қ. ЖҰМАДИЛОВ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ ҰЛТ ТАҒДЫРЫ

Түйін: Қ. Жұмаділов 1960 жылдардан басталатын ең алғашқы шығармаларынан бастап-ақ, қазіргі күнге дейін ол өзінің ұлшылық ұстанымынан бір елі айнымай жазып келеді. Тоталитарлық кезең тұсында ұлттық болмысымыздың өзіне тән ерекшеліктерін ажыратуға болмайды.

Резюме: К. Жұмадилов с начала 1960-х годов до наших дней, он писал о своей стране с позиции националистического взгляда, доказывая то, что без таких взглядов на литературу невозможно принести небывалые чувства. В период тоталитарных дней, националисту нельзя отделять от своих национальных особенностей.

Summary. K. Zhumadilov from 1960's to the present day, he wrote of his country from the perspective of the nationalist sight, arguing that without such views on literature is impossible to bring an unprecedented feeling. During the totalitarian days, nationalists can not be separated from their national characteristics.

Қ. Жұмаділов шығармашылығы арқылы қазақ романдарындағы ұлт тағдыры мәселесін сөз еткенде тақырыптың жан-жақтылығы байқалады. Ең алдымен жазушы үш ғасырға созылған бодандықтың тамырына балта шабатын циклды шыншыл романдар мен повесть-хикаяттар туғызды. Осы арқылы әлемдік дамудағы қазақ прозасының тағылымдық сипатын байытты. Оның шығармаларындағы өмір шындығы тарихи деректерге негізделіп қана қоймайды, мұнда рухани ортақ қазынамыздың әрбір маңызды сөзі талқыға түседі. Мысалы, ХХ ғасырдың бас кезінде ғана қолданылып, одан кейін жетпіс жыл бойы архаизмге айналып, қазір қайта тірілген «милләт» сөзіне Қ. Жұ -маділов кеңес өкіметі тұсының өзінде-ақ «Соңғы көш» романы арқылы қайтадан жан бітіреді. Үрімжіде «оңшылдарды» айыптауға қарсы қолданылған «милләт – ұлт», «милләтшіл – ұлтшыл» деген сөздер Шыңжандағы ұйғыр-қазаққа ортақ.

ХХ ғасырдың бас кезінде «Ұлтшылдық – дегеніміз ұлтын сүйу» деген қағиданы орнықтырған А. Байтұрсынов бастаған ұлт қамын ойлаушы Алаш зиялыларының ой-пікірімен жастайынан таныс, Байтұрсынов «Әліп-биімен» алғашқы сауатын ашқан Қ. Жұмаділов қолынан келгенше Алаш идеологтары - ның тоталитарлық жүйе тұншықтырып тастаған арман-мүддесін ашық айтуға тырысты. Сондықтан да ол сол кездері қоғам аумалы - кезеңде Шыңжанда жүріп «ұлтшыл» атанса, оған себеп болған факторларды көрсетіп беруге ұмтыл-

ды. Осы арқылы адам өмірінің мән-мағынасын ұғындырды, ұлтын мейлінше сүйген адамның «ұлтшылға» айналу себебін дәлелдей отырып, өзінің ұлтына деген ыстық махаббатын дәлелдеді. Бұл жерде жазушы Қытай, Жапония, Африка, Латын Америкасы сияқты елдердегі тәуелсіздік жолында күрескен ұлттық тұлғаларды әсіресе Қазақстанға жақсы таныс Үндістан азаттығының лидері Махатма (ұлы жан) Гандиді айтып отыр. Дат ғалымы Кьеркегордың (1813-1855) афоризмге айналып кеткен мынандай сөзі бар екен: «Определитесь с понятиями, и вы избавите человечество от половины заблуждений» [1,243 б.]. Философ-жазушының бұл пікірінің өміршендігінде дау жоқ. Сондықтан да тақырыпқа тікелей түспес бұрын көздейтін нысанамызды анықтап алғанды жөн көрдік.

«Ұлт дегеніміз – адамдардың тарихи қалыптасқан әлеуметтік-этникалық қауымының жоғары түрі» болғандықтан, қазақ халқы ғасырлар бойы түркі тілдес және монғол араласқан тайпалардың өзара бірлесіп, тұтасу негізінде қалыптасты.

«Қазақстанда негізгі автохтонды бір ұлт, бір этнос бар. Ол – қазақ халқы» [2,23 б.]. Демек, Қ. Жұмаділовтің ғана емес, жалпы шетелдегі қазақтардың тілі мен діні, тарихы мен этнографиясы, әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрі туралы әдеби мұралары – бүтін қазақ мәдениеті мозаикасының сырттан құяр қайнар көздерінің бірі.

Қазақ халқы ұлт ретінде танылуын жеке қазақ деген атпен бөлінуіне байланыстырудың өзі шартты түсінік. Бірақ «Ақтабан шұбырындыдан» кейінгі қырық жылға созылған қиян-кескі шайқас – қазақ халқының ұлттық санасының қалыптасуына аса үлкен ықпал жасағаны тарихи шындық. ХҮІІІ ғасырда үш жүздің басы қосылып, мемлекет болып қайта құрылғанмен де, бұл кез Россия империясының қазақ халқын бодандыққа (подданство) айналдыру саясатымен тұспа-тұс келді. Ал отты қаруға қолы бұрын жеткен ірі империялар қазақ арасындағы рулық қақтығыстарды отарлау саясатын жүргізудің негізгі алғы шарттарының біріне айналдырды.

Орыс патшасы екінші Екатерина бодан елге бағытталған бір нұсқауында: «1.Қырғыз-қазақ халқының бір ру басшыларын екінші ру басшыларымен араз етіп, бірімен-бірін қас етіп, бірінің етін бірі жеуге себеп болыңыз. Сұлтандарды бірімен-бірін араз қылып, бірімен-бірін иттей таластырып, бірін-бірі жеуге себеп болардай іс қылыңыз», – деген нақты нұсқаудан кейін отарлаушы елдің ежел-

гі әдісі «бөлшекте де билей бер» тәсілі барынша қарқынды дамыды [3,573 б.].

Қ.Жұмаділов шығармашылығын шекараның арғы бет, бергі беті деп бөлуге келмейді. Міне екі өлкедегі қазақ ұлтының басындағы ұқсас трагедиялық жағдай, халықтың ежелден қалыптасқан мәдени-этникалық салт-дәстүрлері мен тіліне, дініне, діліне, өмір сүріп отырған атамекеніне төнген зұлматтың зардаптары тұңғыш рет Қ. Жұмаділов шығармалары арқылы қалың оқырманға жетті. Бұдан Қ. Жұмаділовтен басқа шекара тақырыбына қалам тербеген адам болмаған екен деген ой тумаса керек. Бұл тақырыпқа 1960-1980 жылдарда бірен-саран прозалық шығарма жазғандар социалистік реализм шиырынан шыға алмады, ал Қ. Жұмаділовтің ерекшелігі сонда, ол кейіпкерлерін бай мен кедей деген жікке бөліп әуре болған жоқ. Жазушы ұстанымы – тарихи шындық, өмірде болған нақты оқиға мен өзінің жеке интуициясынан туған көркемдік қиял. Мұның бәрі суреткерлік шеберлікпен ұштаса келе, әдебиетіміздің ақтаңдақ беттерінің толығына себеп болды. Филол.ғ.д., проф. С. Негимов тұжырымдамасына сүйенсек, «көркемдік қиял шындық пен шарттылықтың бірлестігі мен тұтастығына негізделеді» [4,5 б.].

Қ. Жұмаділов шығармаларындағы көтерілген мәселе қазақ әдебиеті та -рихының ақтаңдақ беттерін ғана емес, тарих ғылымының да ақтаңдақ беттерін жүйелі түрде сараптауға ой салары хақ. Орыстың көрнекті тарихшы-ғалымы П. Румянцев: «Халықтың 95 пайызы өзінің төл тарихы туралы мағлұматтарды тарихи-зерттеу еңбектерден емес, тарихи романдардан алады» деген екен [5,5 б.].

Қ. Жұмаділов 1960 жылдардан басталатын ең алғашқы шығармаларынан бастап-ақ, қазіргі күнге дейін ол өзінің ұлтшылдық ұстанымынан бір елі айнамай жазып келеді. Тоталитарлық кезең тұсында ұлттық болмысымыздың өзіне тән ерекшеліктерін ажыратуға болмады, сондықтан да Қ. Жұмаділовтің екі өлкедегі ұлт тағдырын, ірі империялардың отарлау саясатын тұңғыш қозғаған романдары туралы тіс жарып айта алмадық.

Десе де, біз сөз еткелі отырған тақырыптың ұлттық сипаты мүлде бөлек, әрі оны отарлаудың зардабын тартпаған ұлы державалардың ұлттық мәдениетінің сипатталуымен салыстыруға келмейді. Қазақ ұлтының тағдыры бір ғана этносқа тән белгілерді анықтап, ұлттық ерекшеліктерді санамалап көрсетуде емес, мәселе келмеске кеткен көшпенділердің мәдени-этникалық ерекшеліктерінің жойылу себептерін анықтаудан келіп шығады. Бірақ қалай болғанда да В.Кожиновтың айтқанындай, жазушылық шеберліктің өзі туған халқының ұлттық болмысын әлемге таныта алумен ерекшеленуі керек.

Міне Қ. Жұмаділовті өз замандастарынан даралайтын ерекшелік осы арадан келіп шығады. Сондықтан да кеңестік дәуірде жазылған «Соңғы көш» дилогиясы мен «Тағдыр» романдарының көтерген тақырыбы мен идеялық мазмұнын тереңдеп талдаудың мүмкіндігіне енді ғана қолымыз жеткендігін атап айтуға тура келеді.

Қорытындылай келгенде, Қ. Жұмаділов қаламынан туған көркем туындылардағы көтерілген мәселелердің кезінде там-тұмдап қана айтылғанымен, ұзақ уақыт бойы тереңдеп ашылмай, сіресіп жатқан сеңін ғана бұздық деп ойлаймыз. Суреткер қазынасы әлі де әр қырынан зерттеуге сұранып тұр. Содан ойлағанда жазушының қат-қабат қатталған рухани жиһазы әлденеше аспектіде өз зерттеушілерін табатынына кәміл сенеміз. Сайып келгенде, қаламгер ата-баба даналығынан, сол сілемде қалыптасқан ұлтының ғұмыр сүру дағдысынан, жөн-жосығынан көз жазбай, адамға да, қоғамға да, заманға да сабырлы әрі сергек қарап, өзінің оған деген ішкі пайымын ақ қағазға түсіруден жалыққан емес. Бұл мақалада Қабдеш Жұмаділовтің тарихи тақырыпқа жазылған романдары, ондағы жазушы шеберлігі ғылыми тұрғыдан кең ауқымда сөз етіліп отыр. Жалпы жазушының ұлттық сипатты сақтаған өзекті желіге бай тарихи шығармаларына бүгінгі күн тұрғысынан жаңаша баға беріледі деп ойлаймын. Қаламгердің тарихи шығармаларындағы тарихи дереккөздерді айқындап қана қоймай, оның көркемдік шешімін табудағы жазушы ұстанымына жан-жақты тоқталдым. Азаматтық сарындағы шығармаларында тарихилық, ұлтшылдық пен көркемдік мәселелерін байыптау арқылы тың сарапталуға қол жеткізу барша келер саналы ұрпақтың міндеті болып саналады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Юдин В. Вадим Кожинов и национальный вопрос // Молодая Гвардия. –2008. – С.243-250.
2. Абдуллин Б. Абай энциклопедиясы. – Алматы: Атамұра, 1995. – 719 б.
3. Негимов С. Әдебиет әлемі. – Алматы: Ана тілі, 2008. – 256 б.
4. Сулейменов Р.Б., Мойсеев В.А. Аблай хан: внешняя и внутренняя политика. Изд.2-е. – Алматы: Жазушы, 2001. – 168 с.; Болатханұлы Д. Қ.Жұмаділовтің «Дарабоз» дилогиясы (жанр және поэтика): филол.ғыл. канд...дис. – Алматы, 2007. – 120 б.
5. Юдин В. Вадим Кожинов и национальный вопрос // Молодая Гвардия. –2008. – С.243-250.

Тапанова С.Е.,

доктор фил наук, профессор, sauletapanova@list.ru.

Кунтубаева Г.О

магистр пед наук, ст. препод., gulnara44583@mail.ru

Мурзагалиева А.А.

магистр фил. наук, препод., ainara555@mail.ru

«Туран-Астана университети»

ПРОБЛЕМА ЛИНГВОКУЛЬТУРОЛОГИЧЕСКОЙ ИНТЕРФЕРЕНЦИИ В ПЕРЕВОДЕ

***Резюме:** В статье анализируются лингвокультурологические ошибки, дается их классификация и выявляются причины их возникновения в переводе.*

***Summary.** The article analyzes linguocultural errors, gives their classification and identifies the reasons for their occurrence of translation.*

Актуальность проблемы обусловлена несколькими факторами, во-первых, необходимостью устранения культурных конфликтов, возникающих в эпоху глобализации в процессе межкультурных контактов, число которых возрастает с каждым годом; во-вторых, тем, что лингвокультурологическая подготовка переводчиков, удовлетворяющих потребность общества в двуязычной коммуникации, является явно недостаточной вследствие ущербной компетентности в культуре другого народа. А это способствует проявлению в ходе межкультурного общения коммуникативных неудач и столкновений. Для устранения пробелов в знании культуры другого народа требуется проведение работы над анализом культурологических ошибок переводчиков, что предполагает знание технологии перевода, т.е. владение умением выявлять языковые и культурные ошибки, классифицировать их, разрабатывать и применять приемы и методы устранения переводческих ошибок, проявляющихся в случае смешения наименований артефактов культур в сознании переводчика вследствие релятивности локальных культур. По мнению А.Ш.Жумашевой, «Лингвокультурная интерференция возникает в речевой деятельности билингва на вторичном языке под влиянием ошибок первичного родного языка, а также в связи с их принадлежностью к двум разным лингвокультурным общностям и в связи со слабым знанием языковой картины мира неродного языка» [1,103]. Лингвокультурная интерференция вследствие столкновения культур возникает тогда, когда каждый участник коммуникации ведет ее на базе собственной культуры с использованием общего языка общения. В условиях межкультурной коммуникации коммуниканты отчетливо ощущают противопоставление своей и чужой культур. В этом случае участники культурного диалога понимают друг друга с позиций собственных культур, существенно отличающихся друг от друга. Основные причины

лингвокультурологических неудач лежат в культурных различиях, в несоответствиях мироощущения, т.е. в ином отношении к миру и к другим людям. Поэтому «восприятие другой культуры под углом своей культуры зачастую становится причиной интерференции» [1,105].

И.Ю.Марковина и Ю.А.Сорокин указывают, что в ситуации контакта представителей различных культур (лингвокультурных общностей) языковой барьер – не единственное препятствие на пути к взаимопониманию. Национально-специфические особенности самых разных компонентов культур (особенностей, которые делают возможной реализацию этими компонентами этнодифференцирующей функции), могут затруднять процесс общения [2,77].

Какие же компоненты культур способствуют появлению лингвокультурологической интерференции? Какие типы лингвокультурологических ошибок приводят к коммуникативным неудачам в процессе межкультурного общения и искаженного перевода? Для того, чтобы предотвратить такие лингвокультурологические ошибки, следует дать классификацию их, указывая одновременно на причины их появления. Поэтому в данной статье нами предлагается следующая классификация лингвокультурологических ошибок: 1) лингвокультурологическая ошибка, возникающая в переводе как межкультурной коммуникации вследствие смешения культурных реалий разных народов. Так, в советское время в СССР была распространена реалия “общая квартира”. Она обозначала проживание в одной коммунальной квартире нескольких семей. Однако иностранцы, которые считают свой дом крепостью (my house my castle), частным пространством, недоумевают, как так можно жить в одной общей квартире, ведь у каждого хозяина должен быть свой дом, ср.: «Да, наши семьи жили в общей квартире в Москве. Я вырос вместе с его сыном, мы ровесники. Они переехали в Израиль, когда нам было по 15 лет. С тех пор я про Бреннеров ничего не слышала и вот, оказывается, Натан стал здесь профессором и его похитили террористы.

- Как это в одной общей квартире? В Москве существовали коммунистические квартиры вроде общежитий» (Т.Дашкова Образ врага, с 88).

Смешение реалий наблюдается и в тексте перевода, сравните в исходном тексте:

«Ұлжан Алшынбайдікіне көп қазына әкелді. Кемел жылқы, түйеден басқа, жыртыстың бұл-матасының өзі екі үлкен атанға артылып, келіп еді. Солардың ішінде келінге жасау тігілетін батсайы, мақпал, манат, дүрия, шағи, бөлек салынған! Бірер сандық осы қымбаттарға толы болса, өзге тендерде куда-қудағилар сыбағасы: шапан, кемзал, көйлек, шаршы және толып жатқан ырымдар бойынша төленетін сый-сияпат» (М.Әуезов, Абай жолы, Т.О., 258б);

Аудармада: «Улжан доставила в аул свата ценные дары: табуны лошадей и верблюдов, ткани для подарков женщинам, драгоценности. Два верблюда были навьючены тюками с приданым невесты, здесь были пестрые шелка: бархат, сукна, шали. Другие два верблюда несли на себе в тюках чапаны, кафтаны, материю и обувь для подарков новым родным по обычаю старины». (М.Әуезов, Абай жолы, Т.3., с.202-203);

В переводе неправильно представляются фразы «Оның ішінде келінге жасау тігілетін батсайы, мақпал, манат, дүрия, шағи бөлек салынған». В переводном тексте это фраза передается следующим образом: «Два верблюда были навьючены тюками с приданым невесты». Здесь налицо смешение культурных понятий разных народов. Ведь по казахскому обычаю сторона жениха везла в подарок при встрече «ұрын бару», первом приезде жениха и сватов в аул невесты, калым и материалы для шитья приданного. Сторона невесты давала за невестой приданое. Но по русскому обычаю сторона невесты дарила приданое девушкой, так называемую «кладку». В данном переводе также упоминается кафтан как наименование казахской одежды. Такой реалии у казахов не было. В переводном тексте вместо видового понятия «атан» указывается общее родовое понятие «верблюд».

Фразеологизм алая роза используется как обычное сочетание в разных культурах, но как историческая реалья, дающая сведение о столетней войне между Йорками и Ланкастерами, соотносится только с культурой Англии. Смешение этой реалии связано с недостаточностью социокультурной компетенции второго коммуниканта:

- Вы знаете, как называется эта роза, это *Lerhygine Drouhin*, мой друг!

- И что из этого следует? – раздраженно спросил Питер Лорд.

- Когда я виделся с Элинор Карлайл, она заговорила со мной о розах. Именно тогда передо мной забрезжил свет – даже не свет, а лишь намек на свет.

Питер Лорд спросил:

- Что она вам рассказывала?

- Она рассказала мне о детстве, о том, что они играли в этом саду, и как она и Родейрик Уэлмен были враждующими сторонами, потому что он

предпочитал белые розы Йорка, холодные и строгие, тогда как она, по ее словам, любила алые розы Ланкастера [А.Кристи Домик с кипарисом, с.147].

Вторая лингвокультурологическая ошибка – это смешение культурных стандартов и их культурных сценариев. В каждой культуре имеются такие основные стандарты культуры, как: 1) традиции (или устойчивые элементы культуры), а также обычаи (определяемые как традиции в соционормативной сфере культуры) и обряды (выполняющие функцию неосознанного приобщения к господствующей в данном обществе системе нормативных требований); 2) бытовая культура, тесно связанная с традициями, вследствие чего ее называют традиционно-бытовой культурой; 3) повседневное поведение (привычки представителей некоторой культуры, принятые в некотором социуме нормы общения), а также связанные с ними мимический и пантомимический (кинестический) коды, используемые носителями лингвокультурной общности; 4) «национально-языковая картина мира» выражающая специфику восприятия окружающего мира, национальной особенности мышления представителей той или иной культуры; 5) «художественная литература, отражающая культурные традиции того или иного этноса» [3,76-77]. Так, смешение культурных сценариев обряда, традиции в разных культурах наблюдается в нижеследующем примере: Чудесная стоит погода на дворе, -приветливо улыбнулся Генри, -вроде еще зима, но все уже свидетельствует о приближении карнавала. Какого еще карнавала?,-испугалась я.

Нам сейчас только не хватает толпы людей, одетых в костюмов пиратов, гномов и разбойников. Надеюсь, Генри не думает, что в его честь следует дать костюмированный бал. Мы собираемся... Извините- мягко усмехнулся Малкович, - иногда я могу употребить не то слово. Мы, этнические русские, дома всегда говорили на русском языке, но поскольку последним человеком, который посетил Москву, была моя бабушка, то, естественно, я иногда ошибаюсь. Карнавал- это такое мероприятие, которое устраивают в России, провожая зиму. Одеваются в чудные наряды, жгут костры, поедают блины с икрой.-Вы имеете в виду масленицу,- сообразила я (Д.Донцова.Гарпия с пропеллером, с. 55). К следующему виду культурных ошибок относятся те, которые связаны с недопониманием различий между поведенческими установками разных народов, с особенностями их менталитета. Так, немцы, которые мигрировали из СССР на свою историческую родину в 90-е годы XX века, остро ощущают различия между менталитетом немцев, живущих в СССР и западных немцев из ФГР. За годы проживания в СССР этнические немцы усвоили менталитет и привычки, навыки поведения русского народа, поэтому они негативно воспринимают манеру поведения западных немцев, ср:« Жадный до смерти,- говорит она. В магазине покупает только дешевые продукты, экономит на

всем. Печенье в красивых коробках никогда не купит. Смотрит на него, облизывается, но не покупает. Составит список, что в дом нужно, сколько сахара, сколько муки, овощей, соли, и ни шагу в сторону. Я еду с ним в магазин, что увижу, то и покупаю. То новые баночки йогурта появятся, то сыра захочется. А он как автомат. Все время по списку. А ведь деньги у него есть. Всю жизнь хорошо зарабатывал. Начинаю разговаривать с женщиной и выясняю, что у ее мужа хороший, новый дом. Только что отстроенный. Во дворе солидные постройки. Гараж на две машины. Домик для садового инвентаря. Так это же столько денег стоит! – восклицаю я. Да уж, – соглашается женщина. Без конца что-то покупает, землю в мешках завозит чтобы цветы сажать. Видали такого идиота! Земли полно и так. Он говорит, что это хорошая, удобренная. А какая разница? Земля и есть земля. Или, например, стал в домике стены красить, так пошел и купил костюм для работы. Неужели нельзя было в старых брюках покрасить? А тряпочки, – расходится женщина, – тряпочки, которыми стол вытирать – но зачем их покупать? Русская женщина привыкла «крутиться», делать тряпочки из старых платьев, использовать для огорода ту землю, которую ей дали в профкоме под дачу, даже пальто научилась перелицовывать. И по-новому шить. Расскажешь немцам про такое, у них волосы дыбом станут, вот где настоящая жадность» (Deutsche allgemeine Zeitung, 3-9 Desember, 2004). Поведенческие стереотипы, связанные с гостеприимством, также неадекватны у разных народов. Если русские и казахи отличаются широким гостеприимством, что нашло отражение в пословицах и поговорках этих народов, ср: «все, что есть в печи, на стол мечи». «Демьянова уха», «Қонақ келсе құт», «Қонақ келсе ет пісір, ет піснесе бет пісер», то англичане отличаются относительным гостеприимством. Они приглашают в гости для того, чтобы соблюсти приличия: «Мне невольно подумалась, что цивилизованные люди невероятно изобретательны в способах расходовать свою краткую жизнь на докучные церемонии. Это был один из обедов, когда невольно дивишься: зачем хозяйка утверждает себя приёмом гостей, и зачем гости взяли на себя труд прийти к ней. За столом было десять человек. Они встретились равнодушно, и разойтись им предстояло не со вздохом. Данный обед был отбыванием светской повинности. Стрикленды «должны были» пригласить отобедать этих людей, ничуть им не интересных. Они выполняли свой долг, а гости – свой». (С. Моэм. Луна и грош, с.246). Но гостеприимство западных народов имеет относительный характер, так как, в отличие от казахов, англичане не характеризуются излишним гостеприимством ср.: as welcome as water in ones shoes(желанный, как вода в туфлях); the best fish smell when they are three day sold (даже самая лучшая рыба через три дня начинает пахнуть). Англичане приглашают в гости для того, чтобы проя-

вить джентльменскую манеру поведения, например: «Даже если они ему не понравились, он обязан был соблюдать вежливость. Зачем он оскорбил тебя?» (С. Моэм. Луна и грош, с. 246).

Следующая ошибка лингвокультурологического плана – это ошибка, связанная с недостаточным учетом ценностных ориентаций различных народов. Так, по отношению к одному и тому же предмету мысли, образу у разных народов могут реализовываться различные оценки, разное субъективное отношение (позитивное или отрицательное, негативное). Большинство зоонимов в разных языках вызывают различные положительные или отрицательные ассоциации, например, по отношению к черной кошке у различных народов проявляется отрицательное отношение (у русских, казахов и др.), тогда как англичане считают встречу с черной кошкой одной из счастливых примет. Это признак удачи [4]. Если понятие «баран», «корова», «лошадь», «кобыла», «осёл» интерпретируются у русского народа в отрицательном смысле, ср.: смотреть как баран на новые ворота, как кот вокруг сала, сраная кошка, ходить как кошка, жить как кошка с собакой, как угорелая кошка, здоровая как кобыла, как разъяренная кошка, тонуть как лошадь, глупа как корова, упрямый как осёл, валаамова ослица, то у казахского и английского народов слова зоонимы используются, в большинстве случаев, в позитивном или негативном смысле, ср.: койдан қоныр; кой сияқты қоныр; кой басты; (black sheep); қотыр койдан. Слово ат у казахов вызывает лишь положительные ассоциации ср.: атқа мінер (мужчина); ат байлар (құда тұсу ырымы, обряд сватовства); ат байлар (мужчина, юноша); жылқыдай торы, ат құлағында ойнау (ловкий человек); ат төбеліндей (высокий); ат жалын тартып міну(становится мужчиной, быть зрелым), сиыр сәске, сиыр мінез; to take (ехать верхом), horse breeding (разводить коней); horse power (лошадиная сила); horse dose (лошадиная доза); dark horse (темная лошадка). В казахском языке по отношению к коню проявляется большая степень положительной ценностной ориентации, чем в английском. В английском языке вместе с позитивной ориентацией проявляется и отрицательная, ср.: horse huge, dark horse.

К лингвокультурологическим ошибкам можно отнести и ошибки, связанные со смешением культурных кодов и их значений. Символ – это способ замены какого-либо понятия его условным знаком. Оксфордский словарь даёт следующее определение символу «symbol is something that stands for represents or denotes something else (not be exact representing or taking to represent something immaterial or abstract, as a being idea, quality or condition)» [4]. Так, если в английском языке «белый» цвет имеет значение цвет, то в казахском языке противопоставление белого и черного цветообозначений рассматривается как противопоставление добра, белого дня, белого мира

(ақ дүние), злу-қараңғы дүние [5]. По мнению А.М. Кононова, кочевники обозначали символом ақ Восток, а символом черный «северные народы»[6]. В казахском языке имеются символические сочетания, ақ теңіз (Каспийское море), ақ патша (Восточное царство), сравните символические использованные сочетаний в отрывке из произведения «Қыз Жібек»: «Жағалбайлы мекені. Ақ теңіз деген көлі бар». Как видим, лингвокультурологические ошибки возникают в основном, вследствие недостаточного знания реалий различных народов, связанных с незнанием и смешением культурных стандартов, образа жизни другого народа, особенностей менталитета носителей других культур. Классификация их позволяет выделить следующие их основные типы:

- 1) лингвокультурологические ошибки, возникающие вследствие смешения реалий;
- 2) лингвокультурологические ошибки, появляющиеся вследствие смешения культурных традиций, обычаев, обрядов и их культурных сценариев;
- 3) лингвокультурологические ошибки, проявляющиеся в ситуациях незнания переводчиком менталитета другого народа, особенностей его характера;
- 4) лингвокультурологические ошибки, связанные с недостаточным знанием особенностей проявления поведения, образа жизни разных народов;
- 5) лингвокультурологические ошибки возникающие вследствие незнания символов других народов.

Таким образом, для устранения лингвокультурологических интерференционных ошибок следует знать основные компоненты культуры, иметь представление о реалиях, называющих культурные артефакты, а также явления, о дающих сведения о понятиях другой культуры, знать особенности менталитета, ценностных ориентаций других народов, распознавать их символы и символические обозначения

Литература

1. Жумашева А. Ш. *Лингвокультурология в условиях диалога культур.* - Павлодар, 2010.
2. *Текст как явление культуры.* – Новосибирск, 1989.
3. Тер-Минасова С. Г. *Язык как межкультурная коммуникация.* – М.: Slovo, 2008.
4. *Oxford dictionary of English, Oxford University Press, 2003. ISBN 0-19-861347-4, isbn- 978-0-19-861347-3.*
5. Ислам А. *Концепт «белое и черное» в разнокультурных языках // Актуальные проблемы лингвистики и методики преподавания языков.* – Алматы, 2001, №3.
6. Кононов А.М. *Семантика цветообозначения в тюркских языках//, Тюркологический сборник.* – М., 1975.

Өтегенова А.А.

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті
гуманитарлық ғылымдар магистрі, қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының
3-курс докторанты, aya1391@mail.ru

КҮНДЕЛІКТІҢ ТАРИХИ МАҢЫЗЫ

Резюме: В статье открыто говорится об историческом значении дневника. В дневнике находят свое отражение важные события в истории Казахстана. А также, приводятся в пример мнения исследователей, исследовавшие дневник.

Summary: In the article is openly told about the historical significance of the diary. The diary is reflected important events in the history of Kazakhstan. Also, there are accepted the ideas of researchers who have studied the diary as a example.

Түйін: Мақалада күнделіктің тарихи маңызы ашық айтылады. Қазақстан тарихындағы елеулі оқиғалар күнделік арқылы көрініс табады. Сондай-ақ, күнделік жайында зерттеген зерттеушілердің пікірлері мысалға алынады.

Кілт сөздер: күнделік, естелік, хат, тарих, әдебиет, мемуар

Қоғаммен, оның қажеттілік-сұранысымен ғылымның қатар дамып, жаңарып, жаңа бағыттардың пайда болып отыруы заңдылық. Өйткені ғылым қашанда қоғамнан, әлеуметтік өмірден тыс өмір сүрген емес. Гуманитарлық, соның ішінде тарих ғылымындағы жаңа бағыттардың бірі – тарихты жасаудағы жеке адамдардың рөлі. Е.Бекмаханов өзінің «Қазақстан ХІХ ғасырдың 20-40 жылдарында» атты зерттеу еңбегін жазу барысында пайдаланған әдебиеттеріне шолу жасай келіп: «Жоғарыда аталған құжатты материалдардан басқа біз әр түрлі адамдар айтқан «әңгімелеулерді» де пайдаландық. Бұл әңгімелеулерді өздерінің сипатына бойынша үш топқа бөлуге болады:

Біріншіден, Кенесары ордасында болған ортаазиялық және орыс саудагерлері айтқан әңгімелеулер.

Екіншіден, көтеріліске тікелей қатысушылар айтқан әңгімелеулер.

Үшіншіден, қажетті мәліметтер жинау үшін көтерілісшілердің қосынына арнайы түрде жіберілген жансыздардың айтқан әңгімелеулері», - дейді [1,386.]. Ғалым өз еңбегін жазуда зерттеуші ғалымдардың еңбектері, мұрағат деректері, фольклорлық мұралармен қатар оқиғаға куә болған тұлғалардың естеліктері мен әңгімелерінің де маңызды екендігін жоққа шығармайды. Ең бастысы, тарихты жазуда мемуарды пайдаланудың да маңыздылығын көрсетеді.

Кез келген жек тұлға – қоғамның бөлшегі. Ол белгілі бір қоғамда өмір сүру арқылы сол қоғамның өзгерісі мен жаңалығына, басқа да жағдай-

ларына куә болады. Тек куә болып қана қоймай оны жасауға атсалысады, араласады, белсенділік танытады. Сондықтан да ұлт, мемлекет тарихын жасауда сол кезеңде өмір сүрген жеке тұлғалардың көзқарасы, ойы, пікірі, тіптен оның ішкі әлемі тарих ғылымы үшін дерек көзі ретінде қарастырылуы да заңдылық. Ал жекелеген адамдардың көзқарас-пікірлері мен ой-толғамдарының анық, ашық, шынайы көрінетін тұсы олардан қалған күнделіктер, естеліктер және жазған хаттары, яғни мемуарлық жазбалар. Осы әдеби жанрлардың ішінде күнделіктің орны ерекше.

Әрине, күнделік жазу үшін жазушы не тарихшы болу шарт емес. Кез келген адам өзінің күнделікті көрген-білгенін, сезіп-түйгенін ақ қағазға түсіріп отыруы мүмкін. «Елдің, халықтың тарихы болатыны секілді әрбір кісінің де тарихы болады. Ол әрбір сәттен, сағаттан, күннен, тәуліктен, аптадан, айдан, жылдан тұрады. Сөйтіп бүкіл өміртіршілігің сенің өміршежіреңді құрайды. Басыңнан өткен әрбір күнді, әрбір оқиғаны түгел есте сақтау мүмкін емес. Есте сақтаудың жалғыз жолы – күнделік жазу» [2,36.] деген пікір күнделіктің адам өміріндегі маңызын айқын көрсетеді.

Біздің ойымызша күнделікті жазудың да өзіндік мақсаты болады. Кейбір күнделіктерде жеке адамның сезім-сыры, бастан өткізген оқиғасы, өмір-тіршілігі жазылады. Ал жазушы үшін күнделік – көркем шығарманың шикізаты. Тарихшы-ғалымның күнделік жүргізудегі мақсаты тіптен бөлек болуы мүмкін. Бұндай күнделіктер ғылыми мақсатқа құрылады. Қоғамдағы болып жатқан өзгеріс-жаңалықтар, саяси оқиғалар мен тарихи жағдайлар т.б. алдағы ғылыми еңбек үшін жазылады. Орыс ғалымы М.О.Чудакова күнделік жанрына байланысты: «Күнделік – күнделікті жазба түрінде бірінші жақта берілетін баяндаудың түрі. Әдетте бұндай жазбалар өткенді еске түсіруші емес, күнделікті жаңа оқиғаларды жазып отырады», - деген пікір білдіреді [3, 7076.]. Осы пікірге сүйенер болсақ, күнделік бірінші жақтан жазылатындықтан күнделік жазушы өзі көріп-білген, сезінген, куә болған оқиғаға байланысты өзіндік пікірі мен көзқарастарын, ой-ұстанымдарын да жазуы заңды. Тарихи дерек көзі ретінде құнды күнделіктер де осылар.

Қазақ тарихын алғаш зерттеу ісі ХІХ ғасырдың басында қолға алына бастады. Бұған ең бірінші көңіл бөлген шетелдік зерттеушілер мен әскери шенеуніктер, ориенталистер, орыс геогра-

фиялық қоғамының мүшелері болатын. Олардың көпшілігі қазақ даласын зерттеу ісінде күнделік жазуды әдетке айналдырды. Оның басты себебі, олар қазақ тарихын жазуда, қазақ мәдениеті мен руханиятын зерттеуде ұшы-қиыры жоқ қазақ даласын аралай жүріп, ел аузындағы аңыз-әңгімелерді, ауыз әдебиетінің үлгілілері мен өлең-жырларды жинады. Осындай кездері кіммен кездескендігін, кімнен жазып алғандығын т.б күнделік ретінде жазып отырды.

Қазақ тарихындағы елеулі оқиғалардың бірі – қазақтардың Ресейдің қол астына кіруі. Осы тарихи оқиғаға байланысты М.Тевкелевтің күнделіктері мен жазған хаттары тарих үшін құнды дерек көздерінің бірі. М.Тевкелев өзінің Әбілқайыр ханға барып қайтқан сапарын күнделік ретінде қағаз түсіріп, Ресей билігіне есеп берген. «1731 жылы 30 сәуір күні мен Сыртқы істер алқасының тапсырмасымен қазақ даласына, Әбілқайыр ханға патша ағзамның хатын алып жүріп кеттім. Қасымдағы елшілермен бірге 4 шілде күні Уфа қаласына жеттім.

Сол күні Уфа воеводасы Бутурлинге өз сапарым туралы патша жарлығын тапсырдым. Сол жарлық бойынша Бутурлин Уфа кеңсесінен 14 тамыз күні маған күзетке 10 солдат жіберді, конвой ретінде дворяндардан 10 адам, 10 казак, 30 башқұрт, көлік қажетіне екі жүз ат пен 10 түйе берді...» (АВПР. ф. 122, 1731. д. б/н., лл. 116-119 об.)

Ал 22 тамыз күнгі жазған күнделігінде: «Қазақ даласына мен жіберген Қыдырас Моллакаев кайтып келді. Қасында Әбілқайыр хан мен Батыр сұлтан жіберген төрт адам бар. Оларды бастап келген қазақтың аты – Сүйіндік.

Қыдырастың айтуынша, қазақ елшілерінің менімен бірге Уфаға келіп жеткеніне Әбілқайыр хан қатты қуаныпты. Өйткені ол Ресей патшасы Әбілқайырды бодандыққа қабылдамай, жіберген елшілерін ұстап қалады деп ойлаған екен. Оның үстіне башқұрттар қайта-қайта шабуылдап, елді талап кетіп отырған. Әбілқайыр тіпті, башқұрттардың бұл қылығын Ресей патшасының қазақтарға қысым жасау үшін жасап отырған айласы ма деп те күдіктенген көрінеді» [4, 116б.].

Көріп отырғанымыздай М.Тевкелевтің біз мысалға келтіріп отырған небары екі күнгі күнделігінен көптеген тарихи деректер алуға болады. Біріншіден, Ресей Сыртқы істер алқасының тапсырмасымен М.Тевкелевтің қазақ даласына жасаған сапарының айы, күні, жылы белгілі, екіншіден осы сапарда оған серік болған кісілер, үшіншіден сол кездегі қазақ даласындағы жағдайлар: башқұрттардың дүркін-дүркін шабуылы, оның Ресей «қолымен» жасалуы т.б.

Ал кейбір тарихшы ғалымдар күнделікті әдеби жанр ретінде емес, тарихи дерек көзі ретінде қарастырады. «Жеке күнделікке тән қасиеттердің бірі күн аяғында немесе кешкісін жазылатын күнделік-

ті жазба. Сондай-ақ, бір-екі күн өткеннен кейін жазылатын да кездері болады. Бірақ ол көп емес». [5,355б.]. «Күнделік жазбалары үзік-үзік болып жазылады, мемуарға қарағанда нақтылық басым, сенімді, жалпыдан гөрі жеке көзқарас көбірек болады» (Источниковедение истории СССР XIX – начала XXв. – М.: МГУ, 1970. -469 бет. 355-бетте) деген пікірлерден күнделіктің тарихи маңызы анық көрінеді. Яғни, күнделікті жазып отыратын жазба болғандықтан ол соншалықты өмірге жақын, шынайылығы басым. Еске түсіруді қажет етпейді.

Қазақ тарихын жазуда поляк ғалымы Адольф Янушкевичтің орны ерекше. Ол 1830 жылы поляктардың ұлт-азаттық көтерілісіне қатысқаны үшін 1832 жылы 4 наурызда әскери сот үкімімен ақсүйек атағынан айырылып, 25 жылға Сібірге жер аударылған. Янушкевич айдаудың алғашқы 12 жылын Сібірде өткізді. Кейіннен Тобылда, Есілде тұрады.

1841 жылы Омбыдағы шекаралық басқармаға ауысуға рұқсат алып, іс қағаздарын тіркеуші қызметін атқарады. 1843 жылдан бастап қазақ даласына сапарға шығатын экспедициялар құрамына енеді. Осы сапарларда көргендері мен білгендерін күнделігіне түсіріп, Польшадағы туыстарына хат арқылы жолдап отырды. Оны, әсіресе, қазақ елінің меймандостығы, әдет-ғұрпы, тілі, салт - санасы, ақындық, шешендік өнерлері қатты қызықтырған. Қазақтың сол кездегі толағай тұлғалары үйсін Мәуке би, аға сұлтан Құнанбай Өскенбайұлы, сұлтан Барақ, ақындар Жанақ пен Орынбай жөнінде естелік, пікірлері аса құнды. Ол өзі секілді айдауда жүрген отандасы, белгілі ақын Г. Зелинский-мен кездесіп, етене араласты. Ақынның қазақ елі туралы «Қазақ», «Дала» атты дастандарының тууына да А.Янушкевич ықпал еткен.

Янушкевич қайтыс болғаннан кейін, Францияға қоныс аударған туыстары оны мәңгі есте қалдыру мақсатымен күнделіктері мен хаттарын «Адольф Янушкевичтің өмірі» деген атпен кітап етіп 1861 жылы Париж қаласында, кейіннен 1875 жылы Берлин қаласында бастырып шығарды. Қазақстанда Янушкевичтің кітабы «Дневники и письма из поездки по казахским степям» деген атпен 1966 жылы орыс тілінде, 1979 жылы қазақ тілінде басылып шықты. 2003 жылы Янушкевичтің туғанына 200 жыл толуына орай оның кітабы Астанада «Қазақ даласындағы сапардың жазбалары» деген атпен екінші рет қазақша аударылып басылды. А.Янушкевичтің осы жолсапар күнделігінен де қазақ даласы туралы көптеген мәліметтерді алуға болады. Мысалы, 1846 жылы 3 қыркүйек күнгі жазған күнделігінде: «... Сәлден соң қоршаған ағайын-туыстарының ортасында әрең-әрең келе жатқан Құсбектің өзі де көрінді. Үстінде қара биқасап шапан, қасында бірнеше жас сұлтан бар, бәрі де басына қырғауылдан бөрік киіпті. Ол аты-

ның басын Виктор үйіне тіреп, сәлемдескен соң, қатты шаршадым деп керуетке жантайды. Бұдан кейін ол үй айналасында сапырылған жұртты кетуге бұйырды да, Кенесары туралы сөз қозғады. Кенесары дәл қазір Іле сағасында жүр дейді. Нәзік тобықтылардан бізбен бірге ере шыққан екі қазақ таяуда үйсіндермен кездесіп, Кенесарыға жақындап кері қайтыпты...» [6, 239-240б.]. «1846 жылы 5 қыркүйек. 40 шақырым жүріп, Нұра өзені бойындағы Қаражал жайлауына тоқтадық. Ел болысы Есберген тіккізген киіз үй басқалардан ерекше: таза, он екі қанат, іші барынша жасаулы. Бізді Сухоналимов түстікке шақырып, бүлдірген шырынын, жаңадан пісірілген тоқашты дастарханға қойды. Әсіресе, осы үйден биыл бірінші рет картоп жедік. Михайл бізге Тобылдан бірнеше бөлкенан мен бір қалбыр тосап жіберіпті...

Біраздан соң Кенесарыға қарсы жіберілген жасақ бастығы қазақ офицері Карбышев келді. Кешкілік біз хан мен Керей ақсүйектеріне шай бердік». (Янушкевич Адольф. Қазақ даласына сапар туралы жазбалар. Аударған Ғабит Зұлхаров. Астана. Аударма. 2003. 264 бет. 242-243-беттер)

16 қыркүйек, 1846 жыл. Мен шамасы аз-аздап қазақ болып бара жатқандаймын. Киіз үй менің үйреншікті баспанамна айналды. Қарқаралыда ұйқым қашса, мына таза ауада керемет ұйықтаймын. Айнала елсіз, белуардан келетін шөп... (Янушкевич Адольф. Қазақ даласына сапар туралы жазбалар. Аударған Ғабит Зұлхаров. Астана. Аударма. 2003. 264 бет. 249-бет). Осы аз ғана үзіндінің өзінен сол кездегі тарихи жағдайлармен бірге елдің әлеуметтік өмірінен де хабардар боламыз.

А. Затаевич алғаш рет қазақтың халықтық музыкасы шығармаларымен 1920 жж. басында, Орынборда жүрген кезінен-ақ таныса бастайды. Сол кезеңнен бастап ол өзінің болашақ қызметін аспаптық мұраларын тамаша үлгілерін жинау, оны насихаттаумен тығыз байланыстырады. Ол жатақханаларды, мектептерді, құрылыстарды, орта дәрежелі оқу орындарын, казармаларды аралайды, съезге, конференцияға, кеңестерге келген қазақтардан ән жазады. Базар, театр, концерт орындарының фойелерінде кездескендердің бәрінен де жазып алады. Бала жасынан кіршіксіз еститін құлағы жасы елуден асқанша көрмеген елдің музыкасын жаза баспай нотаға түсіруге мүмкіндік береді.

А.В. Затаевич қазақ әндерін жинау мақсатында елге шығады, Жайықтың бойын, Сыр, Ертіс өзендерін, Бөкей, Қарқаралы далаларын аралайды.

Замандар бойы жабылып жатқан қазақтың ән қазынасын көтереді. Ұлты басқа болса да, жер орта жасқа келгеніне қарамастан, 1920 жылы қиын-қысталаң кездерінде кездескен көлік атаулымен, болмаса, жаяу-жалпы аралап, халқымыздың ән-күйлерін нотаға түсірген.

Халықтық кәсіби әнші-күйшілерінің шығармашылық қызметін, олардың орындаушылық шеберліктерінің сырын ашып, өте құнды мағлұматтар жинады. Ақан Сері, Біржан Сал, Абай, Жаяу Мұса, Үкілі Ыбырай, Құрманғазы, Мұхит, Дәулеткерей, Тәттімбет т.б. шығармаларын алғаш рет Затаевич жарыққа шығарды.

Сөйтіп, ұлттық дәстүрлерді сақтаушылар мен дамытушылар жайында қайталанбас деректер жазып қалдырды. Этнографтың “Қазақ халқының 1000 әні” (1-бас., 1925 ж., 2-бас., 1963 ж.), “Қазақтың 500 ән-күйі” (1931), “Песни разных народов” (1971), жарияланбаған “Қазақ музыкасының 3-томы” деп аталатын жинақтарында қазақ халқының классик. ән, күйлерінің үлгілері мол орын алған.

Затаевичтің еңбектері арқылы қазақ музыкасы дүние жүзіне тарады, бүкіл Еуропа елдеріне жетті, алдыңғы қатарлы өнер иелерінен жоғары баға алды. Мұнда қазақ музыкасының көптеген теориялық және тарихи мәселелерінің беті ашылды.

Қазақ халқының музыка мұрасын сақтап келген 500-ге жуық өнерпаздар – Майра Шамсудина, Әміре Қашаубаев, Ғ.Айтбаев, Қ.Байжанов, М.Бөкейханов пен Н.Бөкейханов, Ғ.Мұхитов пен Ш.Мұхитов, ғылым қайраткерлері Ә.Марғұлан, Қ.Сәтбаев, М.Бөжеев, әдебиет және өнер қайраткерлері А.Байтұрсынов, Ж.Аймауытов, Ә.Бөкейханов, Ж.Шанин, т.б. өздері білетін ән, күйлерді Затаевичке айтып, жаздырды. Қазақтың фольклорының жиналу дәстүрін қалыптастырып, одан әрі жалғастыруда А.Жұбанов, Е.Брусилковский, Б.Ерзакович, М.Төлебаев, Л.Хамиди және басқалардың еңбектері орасан зор.

Сөйтіп, 1920 көктемінен бастап 1923 ж. аяғына дейін, нағыз аш-жалаңаш жол қиындықтарына да қарамай, А. Затаевич қазақтың 1000 әнін жинап нотаға түсіреді. Ол да өзінің кімнен қандай уақытта, қалай ән жазып алғандығын күнделікке түсіріп отырған. Ал ол күнделіктердің бүгінгі күні мәні ерекше.

«Күнделік – әдебиет үлгісі. Әдебиет үлгісі болғанда, айта беретін мемуардың ішкі бір жанрлық бұтағы» Ергөбеков Қ. Баянғұмыр [7, 74б.].

Тарих ғылымы мен әдебиеттану ғылымын байланыстырып, бір зерттеу нысанына түйістіретін де осы қажеттілік.

Мемуарды тарихи дерек көзі ретінде қарастыруда бірнеше бағыттар бар.

Күнделіктің әдебиеттану ғылымының зерттеу нысанына айналғанына да көп бола қойған жоқ. Орыс әдебиеттануында күнделіктің жанр ретінде зерттеле бастағаны соңғы 25-30 жылдың көлемі. Ғалымдар Л.Гинзбург, Г.Белой, Ю.Манна, В.Кардина т.б. күнделікті көркем шығарманың шикізаты ретінде қарастырып зерттеп келеді. Ал қазақ әдебиеттану ғылымында профессор Қ.Ер-

гөбек күнделікті мемуарлық жанрдың аясында қарастыра отырып, оның қазақ әдебиетіне келуі, жанрлық ерекшеліктері туралы ой-пікір білдірді. Д.М.Поляк «Жанр дневника и проблемы его типологии» деген тақырыпта қорғаған кандидаттық диссертациясы қазақ әдебиеттану ғылымындағы осы тақырыпты сөз еткен іргелі жұмыс деп айта аламыз («Жанр дневника и проблемы его типологии»). Диссертация на соискание ученой степени кандидата филологических наук. Алматы. 2004. 148 бет).

Әдебиет теориясын зерттеушілер күнделікті авторлық баяндаудың бір үлгісі, сондай-ақ деректі әдеби жанр ретінде қарастырады. Сондай-ақ, ғалым күнделіктің жанр ретіндегі ерекшеліктеріне оның жаңа оқиғаларды жазатындығын, күнделікті жазылатындығын және уақты көрсететіндігімен ерекшелейді. Д.В.Затонский «Күнделік ғұмырна-малық, мемуарлық жанрдың арнайы түрі» Затонский Д.В. Сцепление жанров [8, 426.].

Күнделіктің естелікке қарағанда неғұрлым шындыққа жақын. Өйткені күнделікке өмірде болған оқиға ізін суытпай жазылады. Сондықтан

ондағы уақыт өлшемі, басқа да деректердің шынайлығы басым болады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Бекмаханов Е. *Қазақстан ХІХ ғасырдың 20-40 жылдарында.* – Алматы, Санат, 1994. – 416 б.
2. Жолдасбеков М. *Күндерімнің куәсі. Күнделіктер.* Астана. Күлтегін. 2007. – 352 б.
3. Чудакова М.О. *Дневник. Краткая литературная энциклопедия в 9 томах.* – М.: Сов. энциклопедия, 1964. – Т.2. – С
4. АВІР. ф. 122, 1731. д. б/н., лл. 116-119 об.
5. *Источниковедение истории СССР ХІХ – начала ХХв.* – М.: МГУ, 1970. -469 б.
6. Янушкевич А. *Қазақ даласына сапар туралы жазбалар. Аударған Ғабит Зұлхаров.* Астана. Аударма. 2003. 264 б.
7. Ерғөбеков Қ. *Баянғұмыр. (Сын-мақалалар).* – Алматы: Жазушы. 1991. 232 б.
3. Затонский Д.В. *Сцепление жанров // Жанровое разнообразие современной прозы Запада.* – Киев, 1989. – 298 б.

ФУНКЦИОНАЛЬНО–СЕМАНТИЧЕСКОЕ ПОЛЕ КАК ОБЪЕКТ ИЗУЧЕНИЯ В СОВРЕМЕННОЙ ГРАММАТИКЕ

Summary: This article is dedicated to functional-semantic field. The functional semantic field is an important phenomenon which is used in defining of semantical invariant or its dominant nuclear and peripheries, which unites different language means and make them function around the dominant semantic theme. Functional-semantic field is also suitable in making comparative analyses.

Түйін. Бұл мақала функционалды семантикалық өріске арналған. Функционалды семантикалық өріс белгілі бір ой тәңірегінде өрбін, ондағы негізгі ойды беретін форманың тәңірегінде топталады. Функционалды семантикалық өріс салыстырмалы зерттеулер жасағанда өте қажет құбылыс.

В современной грамматике отмечается постоянный интерес к изучению разных явлений языка с функциональных позиций, где осуществляется лингвистический анализ в рамках полевого подхода. В данной статье предлагается обзор современных исследований языковых единиц уровня, когда они рассматриваются в качестве функционально-семантического поля.

Согласно И.В.Архиповой и А.В.Бондарко, функционально-семантическое поле - это базирующаяся на определенной семантической категории группировка грамматических и «строевых» лексических единиц, а также различных комбинированных (лексикосинтаксических и т. п.) средств данного языка, взаимодействующих на основе общности их семантических функций. Каждое поле включает систему типов, разновидностей и вариантов определенной семантической категории, соотношенную с разнообразными формальными средствами их выражения. Функционально-семантические поля имеют не только план содержания, но и план выражения.

Понятие функционально - семантического поля связано с представлением о некотором пространстве. В условном пространстве функций и средств устанавливается конфигурация центральных и периферийных компонентов поля, выделяются зоны пересечения с другими полями. В грамматике, базирующейся на понятии функционально-семантического поля, принцип системности распространяется на следующие аспекты анализа:

а) рассмотрение поля как системы особого типа (гетерогенной с точки зрения структурно-уровневых признаков ее компонентов);

б) анализ структуры изучаемых единств (моноцентрический и полицентрический);

в) истолкование плана содержания функционально - семантического поля, (на основе комплекса различительных признаков) как многоступенчатой иерархической системы семантической вариативности (субкатегоризации), соотношенной с вариативностью средств формального выражения;

г) изучение взаимных связей (пересечений) функционально - семантического полей, рассмотрение их комплексов и группировок, в конечном счете представление определенной совокупности функционально-семантического поля как системы;

д) исследование системной организации семантических функций.

Языковеды выделяют два основных структурных типа функционально-семантического поля: моноцентрические и полицентрические.

«Первый тип выступает в двух разновидностях:

а) моноцентрические поля с целостным грамматическим ядром, т. е. опирающиеся на грамматическую категорию;

б) моноцентрические поля с комплексным (гетерогенным) ядром, т. е. опирающиеся на комплекс взаимодействующих языковых средств, которые могут относиться к разным уровням системы языка (средств морфологических, синтаксических, лексикограмматических)» [1, с. 34].

Специфика функционально-семантического поля моноцентрического типа наиболее четко выражена в структуре с целостным грамматическим ядром. Что же касается функционально-семантического поля с комплексным (гетерогенным) ядром, то по некоторым признакам они сближаются с полицентрическими функционально-семантическим полем. Имеется в виду отсутствие единой целостной системы грамматических форм, множественность неоднородных языковых средств, образующих центр поля. Полицентрические поля характеризуются разбиением на несколько сфер, каждая из которых имеет свой центр и периферийные компоненты. Любой системе присущ признак целостности. Его проявления в разных системах могут отличаться существенными особенностями. В функционально-семантическом поле данный признак характеризует содержание поля, базирующееся на определенной семантической категории.

«Что же касается средств формального выражения, то их совокупность лишена целостности, поскольку они относятся к разным языковым уровням и по своей структуре разнородны» [1, с. 35].

«Определение функционально-семантических полей как семантических категорий, рассматриваемых «вместе с комплексом разноуровневых средств их выражения в данном языке принципиально важно, поскольку представляет органическое для языка единство двух, казалось бы, взаимоисключающих структур - поля и категории» [2, с. 15]. М. Всеволодова считает важным выделение содержательного аспекта функционально-семантического поля как категории, то есть, системы оппозиций разного уровня.

Для объективации наблюдаемых явлений в языке целесообразно их определённым образом организовать, категоризовать. Языковед разграничивает такие понятия, как функционально-семантическое поле и функционально-семантическая категория.

Принципиальные различия в структуре функционально-семантического поля и функционально-семантической категории не означают их несовместимости. С одной стороны, как показал В.А. Плунгян, «сами категории в рамках языка имеют полевою структуру с ярко выраженным центром, имеющим доминантные грамемы, например, артикли для выражения категории определённости/неопределённости субстантивов в артиклевых языках, и периферию, например, набор очень разных средств для выполнения той же функции в славянских языках» [3, с. 56].

Вместе с тем, «русская категория определённости/неопределённости, во-первых, имеет свою доминанту - неопределённые местоимения с маркерами степени неопределённости, чего нет в артиклевых языках, и, во-вторых, обслуживает гораздо более мощную зону языка, маркируя не только категорию субстантивности: кто-нибудь, что-нибудь, кто-либо, что-либо, кто-то, что-то, кое-кто, кое-что, некоторые, многие, но и адъективности: какой-нибудь, какой-либо, какой-то, кое-какой, и адвербиальности: как-нибудь, как-либо, как-то, кое-как, и специально пространства и времени: где-нибудь, когда-нибудь, где-либо, когда-либо, где-то, когда-то, кое-где, кое-когда, некогда (= давно/очень нескоро); и даже количественности (нумеральности): сколько-нибудь, сколько-то, несколько, много» [4, с. 32].

М.Всеволодова подчеркивает, что «это гораздо более мощная категория, до сих пор не получившая в грамматиках должного осмысления и описания. Возможно, категория определённости / неопределённости, которая до сих пор осмыслялась в первую очередь через артиклевые языки, имеет более сложную и более интересную структуру как в артиклевых, так и в неартиклевых языках» [2, с. 23].

К.Н.Симонова свое диссертационное исследование посвящает сопоставительному анализу языковых средств реализации функционально-семан-

тического поля количественности в английском и русском языках.

Она отмечает, что «системный подход к исследованию явлений языка находит свое отражение в сопоставительном анализе языков» [5, с. 46]. Грамматические явления, на первый взгляд совпадающие в двух языках по своим основным признакам, не накладываются полностью одно на другое. При проведении контрастивных исследований обычно либо рассматривается набор сходных форм в сопоставляемых языках и затем определяется круг выражаемых ими значений (анализ «от формы к содержанию»), либо выявляются типы передачи исследуемой категории в двух языках (анализ «от содержания к форме»). Однако первый подход не всегда гарантирует полную характеристику сравниваемых языков: помимо отсутствия формальных коррелятов, всегда могут быть значения, передаваемые средствами других уровней. В настоящее время в контрастивной лингвистике преобладает второй подход «от содержания к форме», который проявляется в избрании какого-либо понятия, граничащего с универсальными понятиями категориями, и рассмотрении форм его передачи в двух языках. Системно-структурный подход, воссоздавая структуры отдельных грамматических категорий, раскрывает взаимосвязи между ними для выявления грамматической системы данного языка.

Функционально-семантический подход, опирающийся на системно-структурный, показывает механизм функционирования языковых единиц. В рамках сопоставительного анализа функционально - семантического поля в исследуемых языках системный анализ переносится в функциональный план. «Функционально-семантическое поле количественности - становится конкретным предметом анализа, в котором выделяются черты сходства и различия» [5, с. 49]. В кандидатской диссертации А.В.Николаевой, в которой рассматривается функционально-семантическое поле компаративности в современном английском языке, детально изучается инвентарь языковых средств, образующих периферийные зоны данного поля.

Кроме того анализируется взаимодействие функционально-семантического поля компаративности с системами других функционально-семантических полей. В работе определяются типы компаративных категориальных ситуаций, особенности функционирования конститuentов этого поля в национальных вариантах английского языка. «Проведённый комплексный анализ ФСПК позволяет определить статус данного поля в системе ФСП современного английского языка и причислить его к группировке полей с качественно-количественным ядром на основании того, что конститuentы ФСПК выражают значения равенства / неравенства объектов или явлений, степени

проявления качества, характеризующего данный объект или действие. Представляя собой системное языковое явление, ФСПК обладает инвентарем разноуровневых средств языка, используемых для выражения значения компаративности во всех его аспектах» [6, с. 63].

Таким образом, функционально-семантическое поле - это базирующаяся на определенной семантической категории группировка лексических и грамматических единиц, а также различных комбинированных средств языка, взаимодействующих на основе общности их семантических функций. В грамматике при исследовании функционально-семантических полей за основу берется принцип системности лингвистического анализа. Поле рассматривается как система особого типа, устанавливается его структура, интерпретируется план его содержания, изучению подвергается взаимные связи (пересечений) функционально-семантических полей, устанавливается системная организация семантических функций. Современная грамматика достаточно внимание уделяет сравнению структуры функционально-семантического поля и функционально-семантической категории.

Среди имеющихся грамматических работ отмечается тематика функционально-семантических полей, которая сосредоточена на решении проблем разработки вопросов репрезентации как на материале одного языка, так и при сопоставле-

нии языков категорий определенности / неопределенности, количественности, компаративности в других языках.

Данное обстоятельство подчеркивает актуальность изучения грамматических явлений в системе функционально-семантических полей.

Литература

1. Бондарко А. В. *Теория функциональной грамматики*. М., 2001. – 348 с.
2. Всеволодова М.В., Владимирский Е.Ю. *Способы выражения Пространственных отношений в современном русском языке*. – М.: Русский язык, 1982. – 212 с.
3. Плузган В.А. *Грамматические категории, их аналоги и заместители*: дис. д-ра филол. наук. М., 1998. – 256 с.
4. Плузган В.А. *Общая морфология. Введение в проблематику* М.: УРСС, 2003. – 342 с.
5. Симонова К.Н. *Функционально-семантическое поле количественности в современном английском языке в сопоставлении с русским языком*: автореф. дис. канд. филол. наук. Ростов н/Д, 2003.
6. Николаева А.В. *Функционально-семантическое поле компаративности в современном английском языке*: автореф. дис. ... канд. филол. наук. Ростов н/Д, 2002.

**НЫСАНБАЙ ЖЫРАУ ЖЫРЛАҒАН «КЕНЕСАРЫ-НАУРЫЗБАЙ» ДАСТАНЫ:
КӨРКЕМДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ МЕН ЗЕРТТЕЛУ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

Түйін. Бұл мақалада 1837-1847 жылдар аралығында Кенесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық көтерілісіне бастан-аяқ қатысып, барлық оқиғаларды көзі көрген, Кенесары мен Наурызбайдың батырлығын жырлаған Нысанбай Жаманқұлұлының «Кенесары-Наурызбай» дастаны жайлы айтылған. Осы тарихи дастанның ерекшелігін, құндылығы жайлы әдебиетшілердің, зерттеушілердің пікірлері мен зерттеулері сөз етіледі.

Резюме. В этой статье рассказывается об Кенесары Касымұлы, в годах в 1837-1847 который был национально-освободительном восстании все видели источник событий от начало до конца, воспедали героизм Кенесары. В том числе в этой статье рассказывается об героизме Кенесары и Наурызбая в очередной творчестве Жаманкуловича Нысанбая «Кенесары-Наурызбай». Так же в этой статье рассказывается мнение литературоведов, исследователей и исследовательных отзывов о том что какие есть исключения, ценности в этом историческом рассказе.

Summary. This article is about the zhyr “Kenesary-Nauryzbai” of Nysanbay Zhamankululy, who participated in national liberation movement by leadership of Kenesary Kasymuly in 1837-1847 and witnessed every moment of the event with his own eyes; who praised the heroism of Kenesary and Nauryzbay. This work also includes the opinions and studies of researchers and specialists in literature about the specifics and value of the zhyr.

Нысанбай Жаманқұлұлы Сыр бойын мекен еткен Жаманқұл деген ауқатты кісінің отбасында дүниеге келген. Әке-шешесі қайтыс болып, жетім қалған соң нағашысы, белгілі жырау Досқожа Арқа жақтағы Қасым төре ауылындағы өз үйінде тәрбиелейді. Аузын ашса жыр төгілетін зерек жиенін Досқожа жырау ақындыққа баулиды. Он төрт-он бес жасында Нысанбай бала ақын атанады. Он жеті жасында Қасым төренің ұлы Кенесарының ең жақсы көретін ақыны болады. Кенесары оны өкіл іні етіп жанына алады. Ол Кенесарының інісі Наурызбаймен бірге өскен, екеуі жас шағынан күрдас. Елдің айтуынша, Нысанбай да Кенесарының ержүрек сардары атанған.

Жырау Кенесары Қасымұлы бастаған көтеріліске бастан-аяқ қатысып, барлық оқиғаларды көзімен көрген. Сол себептен де халық Нысанбайды жырау деп атап кеткен. Кенесарының жасағы

қырғыз Алатауында жау қолынан жеңіліс тапқанда, Нысанбай қашып құтылып еліне келеді. Хан Кене ақынды қашырып жіберіп тұрып: «Көтерілістің бас аяғын кейінге сөз етіп қалдыр» деп аманат етсе керек. Бұл туралы ақын Төлеген Қажыбаевтың «Хан Кененің Нысанбаймен қоштасу зары» деп аталатын толғауында:

Қош, Нысанбай, қош енді,
Зарыңа бізді қос енді,-

деп көрсетілген. [1.197]

Содан кейін Нысанбай тарихқа белгілі «Кенесары-Наурызбай» атты тарихи жырды дүниеге әкеледі.

Көлемді, тарихи реалистік сипаттағы жырда Кенесары мен Наурызбайдың бейнесін батырлық эпос үлгісімен жырлап, ұлт-азаттық көтерілісін терең танып, үлкен ақындық шеберлікпен суреттеген. Жырда батырлар Кенесары мен Наурызбайдың ерекше айшықталған бейнесі жасалынған. Бұл дастанда отаршылдық кезеңдегі ел қайғысы, халықтың басына түскен ауыр хәл, Кененің қол бастап күреске шығуы, жорықтар мен ұрыстар суреттері, жүрген жолы, көтерілістің шырқау биікке жетіп, әлсіреген кезін, көтеріліс басшысы Хан Кененің мұздай қаруланған патша әскерінің екпініне тойтарыс беруге шамасы жетпей, атамекенінен еріксіз кетіп, торға түскен жаралы жолбарыс күйін кешкен күйзелісін бейнелейді. Нысанбай жырау қос батырын жоқтаған мұң-шерге толы зарлы жоқтау жырында көтерілістің, өзекті арнасын үлкен көлемде қамтып Кенесары мен Наурызбай ерліктерін бұрынғы батырлар жыры дәстүрінде бейнелейді, эпикалық оқиғаға лирикалық сипат беріп, заман шындығын тебірене жырлайды. Жыр көркемдік қуатымен ғана емес, тарихи деректі сипатымен де құнды.

Нысанбай тарихымызға жырау деген атпен енген. Жыраулық өнер қазақ әдебиетінің бір саласы. Елін, халқын бірлікке шақыру, туған жерін қорғау мәселелері жыраулық жырлардың басты тақырыбы болды. Ханнан бастап қараға дейінгі адамдардың бойындағы ел бағалайтын жақсы қасиеттер мен ел жиренетін жаман әдеттер жыраулық туындыларда молынан айтылады. Сонымен қатар жыраулық жырларда ел басына түскен ауыр сындар, қаһарлы күндер зарлы замандар да көрініс тапты. Сондай-ақ сынақты шақтарда елін тығырықтан алып шығу үшін күрескен, ерекше ерлік танытқан хандар, батырлар, билер және елге қорған өзге де қайсар жандарды жырлау, үлгі ету, дәріптеу – жырау-

лық жырлардың негізгі тақырыбы. Жыраулардың ең басты сипаты – олар халық мұңының жоқшысы. Бұл тұрғыдан келгенде, Нысанбай жырау – жыраулық өнердің ірі өкілі.

Кенесары көтерілісіне қатысқан Нысанбай, Досқожа, Күдеріқожа, Арыстанбай және тағы да басқа ақын-жыраулардың туындылары олардың өзі жырлап отырған оқиғаны, жалпы ел басына түскен қасіретті өз басынан кешіруімен ерекшеленеді.

Кенесары бейнесі жырда қозғалыс басшысы ретінде көрінеді. Нысанбай жырау Кенесары бейнесін қазақ елінің басын біріктіріп, орыс патшасына бағынбай, ерікті ел болуды армандап күрес бастаған, көпті соғына ерткен ақылгөй, көсем етіп сомдайды. Дастанда Кенесары бейнесі, қасындағы батырлар ерлігімен байланыстырыла отырып, Наурызбайдың батырлығын, қайратын айрықша сипаттайды. 23-25 жастағы Наурызбайдың қырғыз батырларымен жекпе-жек кезінде оның қарсы жақтың Бидер, Ораз, Жанғараш дейтін батырларын жеңгенін автор айкастағы Наурызбайдың ептілігі, айлакерлігі, найзакерлігі арқылы көрсеткен. Наурызбайдың Нысанбай жырында жалғыз ғана ерлік, жауынгерлік қайраты ғана мақталып қоймайды, сонымен Наурызбайдың адамгершілік сипаты да дәріптеледі.

«Кенесары-Наурызбай» дастаны Кенесары-Наурызбай ерліктерін баяндап қоймай, жеңілістерін де өкінішпен жырлаған:

Кене ханның тұсында
Қарт бурадай жарадық,
Жауған қардай борадық.
Абылайлап ат қойып,
Дұшпанның алдын орадық.
Кене хан жазым болған соң,
Бет-бетімен тарадық.

Бұл эпикалық баяндауға құрылған тарихи жырда лиризм де мол кездеседі. Халық басындағы мұң, зар, өксік пен өкініш адамның сезімін қозғайды. Нысанбай жыраудың бұл дастанының тағы бір айрықша ерекшелігі – реалистік шыншылдығы, әділ сөзділігі.

«Қазақтың түбіне алауыздық жетеді», -деп, Нысанбай ашық айтып, алауыздық қасіретінің нәтижесін мысал етіп көрсетеді, алауыздық халықты үлкен қайғы-қасіретке ұрындырғанын жасырмайды.

Кене хан бастаған қозғалыс бүкіл қазақ елін ортақ мақсатқа біріктіре алатын ұлттық, идея бар екендігін көрсетіп берді. Нысанбай жырау Кене хан бастаған қозғалыстың ұлт-азаттық сипатын терең түсініп, ақын ретінде ханның қоғамдық-саяси ұстанымын қабылдап, бұл күрестің ыстығы мен суығын, ащысы мен тұщысын оның бастаушысымен бірге күрестің соңғы сәтіне дейін бөліскен тарихи тұлға. Жырау Кенесары мен Наурызбайға байланысты баянын бірден Абылай хан ұрпағы-

ның саяси ұстанымына байланысты өз көзқарасын білдіруден бастайды. Бұл әулетті ол қазақтың жері мен елінің тұтастығы және тәуелсіздігі жолында жан алып, жан беріскен әулет болғандығы үшін құрмет тұтатындығын анық білдіреді. Жыраудың түсінігінде Кенесары сияқты мемлекетшіл тұлға ел қорғаны, ал оның қызметі ұлттық мемлекеттілікке ұмтылыстың көрінісі. Кене хан халыққа ие билеушілер қатарында, сондықтан да қамқоршы болар ханы жоқ елді жырау «шегірткеге таланған қырғауылға» немесе «жапалақтап сескенген жалғыз қазға» теңейді.

Жыраудың «Кенесары-Наурызбай» дастанының құндылығы оны шығарған автордың, М.Әуезов дәл айтып көрсеткеніндей, «қайғылы оқиғаның қызығы мен қайғысының қалың ортасында жүріп, қан майданның ішінен шыққан жортуылшы ақын, қалың қолдың жыршысы» болғандығында еді. [2.153] Нысанбай Кене хан бастаған қозғалысқа байланысты міндетін терең түсініп жырына қосқан оқиғалар мен жеке тұлғалардың қызметін мүмкін болғанша әділ баяндаған, «қырғыз бен қазаққа тең ақын» болып сөйлеген. Сонымен қатар М.Әуезовтің Нысанбайға берген бағасы өте жоғары, өйткені «Кенесары-Наурызбай жорығы туралы кейінгі талай ақын талай түрлі өлең шығарса да, дәл Нысанбай жеткен өріске жеткен емес». [2.153] Сондай-ақ Нысанбайдың да негізінде, туыстас екі халық арасында болған бір қақтығыстың себептері мен барысына шындық тұрғысынан келгенін айтқан. Нысанбай ақынның есімін де, туындыларын да Кеңестік дәуірде айтуға тиым салынған еді. Тоталитарлық саясаттың ықпалымен Кенесары-Наурызбай көтерілісі де оның жыршысы Нысанбай да тарихтан алынып тасталды. Бұл патшалық Ресей ұстанған, одан кейінгі кеңес өкіметінің саясаты еді. Кешегі Кеңес дәуірінде Кенесары «жауыз», «бүлікші», «қарақшы» оны дәріптегендер «ұлтшыл» атанды. Солардың бірі Н.Ахметбеков. Ақын «Кенесары-Наурызбай» көтерілісін алғаш объективті түрде көрсетіп, хан Кене мен Наурызбай ерлігін асқақтата жырлайды. Бұл ел арасында сөз болып, жоғарыға жетеді. Амал жоқ, қуғын-сүргінге ұшырамау үшін Н.Ахметбеков бұл дастанын Кенесарыны қанды балақ қарақшы етіп суреттеп, қайта жазады. Жиырмасыншы ғасырдың соңына қарай заман өзгерді. Қазақстан тәуелсіздікке қол жеткізді. Заманға қарай тарихымызға көзқараста өзгерді. Бүгіндері халқының тәуелсіздігі үшін жерін, ел мүддесін қорғап, қолына қару алып күреске шыққан Кенесары мен оның төңірегіндегі батырлар, ақындар есімдері тарихқа қайта оралып, өздерінің лайықты бағасын алды.

«Кенесары-Наурызбай» кітабы Ә.Диваев жинаған Ж.Басығарин нұсқасы Х.Досмұхамедұлының алғы сөзімен 1923 жылы Ташкентте, Н.Төрөқұловтың алғы сөзімен 1924 жылы Мәскеуде жарияланды. Дастанның тарихи шындыққа жақын екені

туралы сол кітаптың алғы сөзіне Халел Досмұхамедов былай деп жазады: «Нысамбайдың сөзінің артықшылығы ең әуелі тіл жағынан. Нысамбайдың тілі – нағыз үлгі боларлық қазақ тілі. Екінші, Нысамбай орынсыз қазақты мақтап, қырғызды боқтап сөйлемейді, қазақтардың кемдігін, қырғыздардың ерлігін айқын көрсетеді. 7-бөлімдегі сөздер ылғи қырғызды мақтайды, осындай орындар өлеңнің әр жерінде де бар. «Кенесары - Наурызбайды» баспаға берместен бұрын бірқатар қырғыз туғандарымыздың оқығандарына көрсетіп, олардың сынына салдық, олар жағынан ешбір бөтен сөз болған жоқ. «Кенесары-Наурызбайдың» ішінде ұшырайтын адамның, жердің аттарына, түсініксіз сөздерге шолу берілді. Абылай хан, Қасым, Кенесары туралы қысқаша тарихи баяндама берілді. [3.100]

С.Мұқанов «Қазақтың XVIII-XIX ғасырлардағы әдебиет тарихынан очерктер» кітабында, жырдың осы нұсқасына қатысты пікірінде Басығарин алашордашыл, байшыл ұлтшыл болғандығын, Нысанбай жырын байшыл-ұлтшылдардың идеологиясына сәйкес өзгерткенін, Басығарин Кенесарының қазақтың байларының ғана туын көтерген, еңбекші халыққа қарсы болған адам етіп, Кенесарының алашорданың рухани әкесі ғып көрсетуге тырысқанын айта келе, «1925 жылы Басығариннің редакциясымен басылған жырда қырғыз халқын сөгетін, балағаттайтын сөздер көп. 1875 жылғы вариантында ондай сөздер жоқ. Байшыл-ұлтшыл Басығарин ұлт араздығын қоздыратын бұл сөздерді кіргізуі де тегін емес, бұл жөнінде де ол кезегі келумен пайдаланып, өзінің байшыл-ұлтшылдық идеологиясын өткізіп отыр» дейді. [4.98] Ақын зерттеуші Қалижан Бекхожиннің «Нысанбай жырында Кенесары-Наурызбайды қаралайтын сөздердің бірі де жоқ. Мұндай сөздерді Басығарин өзінің ататегі үшін қасақана қосып жіберген» деген пікір айтқан. [4.89] Ол нұсқада Кенесарының ақылсыздығынан қырғыздардан жеңіліп, сүйегі көмусіз қалып, ит пен құсқа жем болғаны айтылады.

«Кенесары-Наурызбай» туралы көптеген жинақтар басылып шығады. Бұл басылымдарда Нысанбай жырауға үлкен қиянат жасалды: көтеріліске тіл тигізіліп, мазмұн жағы мүлдем басқа арнаға түсті. Е. Ысмайылов пен Қ. Бекхожин Кенесарыға тіл тигізетін бұрмаланған жерлерді алып тастап, Нысанбайға тән үлгімен жырланатын нұсқаны 1940 жылы өздері құрастырған «Батырлар жыры» деген көлемді жинаққа енгізді. Жырдың түпнұсқаға жақыны 1875 жылы нұсқа мен толық та көркем үлгісі - 1938 жылы ҚР ҰҒА фольклор экспедициясының торғайлық Қашкынбай Қараевтан жазып алған нұсқа. Нысанбай жырау шығармалары әр кезде зерттеушілер назарын аударып отырған. Қазақтың көрнекті ақыны Әбділда Тәжібаев бұл дастан жөнінде Мұхтар Әуезов зерттеуіне сүйеніп оң пікір айтқан: «Мұхтар Әуезов өте ірі тұлға және көреген ақын деп санаған Нысанбай XIX ға-

сырда өмір сүрген, Кенесары ханның ең жақын достарының бірі, оның сүйікті жырауы. [5.16]

Тарихшы-ғалым Е. Бекмаханов атап көрсеткендей, жыр көтеріліске байланысты туған басқа шығармалардан озық, «жырда тарихи мәні бар жекелеген оқиғалар шындықпен баяндалады», шығармада суреттелген жайттар көтеріліс кезінде болған оқиғалардан алшақтап кетпейді. Сталиндік әкімшіл-әміршіл жүйенің ескі мұра атаулыға қарсы саясаты бұл бағалы тарихи жырды жарты ғасыр уақытқа дейін жылы жауып қоюға мәжбүр етті де, еліміздің тәуелсіз мемлекет болуына байланысты «Кенесары-Наурызбай» жыры да халқымен қайта қауышты. Нысанбай ақынның бұл жыры «Хан кене» жинағы (1993) мен «Қазақ халық әдебиеті» көп томдығының Кенесары-Наурызбай көтерілісіне арналған тарихи жырлар топтастырылған 17-томына (1996) енгізілді.

М.Әуезовтің, Кенесары Қасымов бастаған ұлт-азаттық көтерілісінің тарихымен терең таныс болғандығын 1924-1925 жылдары жазылып, 1927 жылы баспадан шыққан «Әдебиет тарихы» оқулығында «Кенесары-Наурызбайдың» қысқаша әңгімесі және «Кенесары жырының мәнісі» атты тараушалар жазып, алғашында жырдың оқиғалық ағымын, сюжеттік құрылымын зерттеп, екіншісінде жырды көркемдік тұрғыдан терең талдағанынан көреміз. Жалпы бұл шығарманың көркемдік болмысы мен һәм К.Қасымов көтерілісінің жайы талай уақыттар бойы ұлы қаламгерді толғандырып келгені сөзсіз. Соның нақты көрінісі – автордың «Хан Кене» туындысы. М.Әуезов шығармасы «Кенесары-Наурызбай» жырындағыдай ұлт-азаттық қозғалысын соңына, қырғызбен болған соғысқа арналған. М.Әуезов мұнда суреттелген оқиғаларға қатысты өзінің көзқарасын айта отырып, Нысанбай жыраудың ұлт-азаттық көтерілістің жыршысы ретіндегі ақындық бейнесіне баға береді. Жырдың көркемдік ерекшеліктеріне қатысты терең ойлар айтқан. Аталмыш автордың жалпы тарихи жырлар туралы, оның ішінде Нысанбай жыраудың шығармашылығы туралы пікірі мен кейінгі жылдардағы «Кенесары-Наурызбай» жырына қатысты зерттеулер жүргізгендердің тұжырымдары да толықтай үндеседі. Ал, М.Әуезовтің «Әдебиет тарихында» айтқан «Кенесарының қайғы, өкінішімен біткен жорығы қазақ баласының барлығына да қадірлі, қасиетті әңгімедей болып көп жайылған. Бұл жырдың көп жайылуына екінші бір себеп болған нәрсе – Кенесары ісінің өзге батырлардың ісінен әлдеқайда ірі, әлдеқайда көлемді оқиға болғандықтан туады» деген ойлары Кенесары тұлғасына да, Нысанбай жырына да берілген әділ баға. [2.152] М.Әуезов еңбегінде Нысанбайдың шығармашылық бейнесі терең талданып, Абылай хан заманындағы Бұқар жыраудың шығармашылық қызметінің өзіндік ерекшеліктерімен салыстырыла көрсетілген. Бұқар жырауға қарағанда, әрине, қан-

ды жорықтың ішінде жүрген, Кенесары қолының барлық қиын-қыстау соғыстарының басы-қасында болған Нысанбайдың шығармашылық қызметінің қалыптасу себептерін М.Әуезовтің ерекше байқағыштықпен ашқандығы даусыз.

Классик жазушы І.Есенберлиннің халқымыздың тарихынан ерекше орын алатын көрнекті туындысы «Қаһар» романындағы осы мәселеге қатысты жайлардың замана талабына бірсыпыра өзгешеліктермен сәйкес өрнектелгені белгілі. Ал, «Кенесары-Наурызбай» жырына қатысты Әуезовтің ой-пікірлері ең алғашқы, ең дәл айтылған әділ баға болғандығымен қымбат. Нысанбай жырындағы қырғыз елінің үнемі жазықты болмайтынын, бұл жердегі тіптен қырғыз елінің кінәсі аз екендігінің бәрін бадырайтып айтпаса да, Нысанбайдың бүркемей, шындықты бүкпесіз жеткізгенін мақұлдайды.

Қысқасы, Нысанбай жырлаған «Кенесары-Наурызбай» туындысы біздің дәуіріміздегі ең бір елеулі ірі тарихи дастандардың бірі. Ол Кене мен Наурызбайдың опат болған күндеріне дейін барлық трагедиялық қайшылықтарын түгел жеткізе суреттеген қазақ елінің сүйікті дастаны. «Нысанбай Кенесары-Наурызбай көтерілісінің басы-қасында болған, Кенесары-Наурызбайдың мінез-құлқын, жауынгерлік істерін көзімен көрген кісі. Нысан-

байды өзі сол көтеріліске қатысқан қалың бұқараның бірі, сондықтан оның сөзінде ақиқат көп. Нысанбай жырында Кенесары, Наурызбайға арналған махаббаттың шегі жоқ. Және бұл жыр біздің халқымыздың ерлік, жауынгерлік салтын мақтан ететін таң-тамаша патриоттық жыр». [4.90]

Қорыта айтқанда, осы туындысы арқылы Нысанбай жыраудың ел басынан өткен елеулі тарихи оқиғаны жырлай отырып, қазақ әдебиетін тарихи таным тұрғысынан көркем өрнектелген әдеби жәдігерлікті өмірге келтірген халық жыршысы ретінде қабылданғандығы сөзсіз. Бұл – ел мойындаған ақиқат.

Әдебиеттер:

1. *Қазақ әдебиеті //9 сыныбына арналған оқулық. – Алматы: «Мектеп», 2013.*
2. *Әуезов М. Әдебиет тарихы // Кенесары-Наурызбайдың қысқаша әңгімесі. – Алматы: «Ана тілі», 1991.*
3. *Досмұхамедұлы Х. «Аламан». – Алматы: «Ана тілі», 1991.*
4. *Нысанбай жырау зерттеулер мен ғылыми мақалалар. Алматы, 2013.*
5. *Тәжібаев Ә. Кенесары-Наурызбай // Хан Кене. – Алматы, 1993.*

Ислам Досбол Амангелдіұлы

Қожа Ахмет Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университеті
қауымдастырылған профессор, Түркістан қ., e-mail: dosbol-75@mail.ru

Абдулхаков Батирбай Балтабаевич

Қожа Ахмет Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университеті, филология магистрі

ПОЭЗИЯДАҒЫ АЛАШТАНУ ИДЕЯСЫНЫҢ БЕЙНЕЛЕНУІ

Түйін: Мақалада қазіргі қазақ поэзиясындағы Алаштану идеясының бейнеленуіндегі ақындық шеберлік қырлары ашылады. Алаштану мақсатында жазылған поэзиялық үлгілердегі әдеби дәстүрдің жаңғыртыла берілуіндегі көркемдік әдістерге талдау жасалады. Поэма тарауларындағы өлең өлшем-өрнектерінің ойды беру амалына орай түрленіп келу пішіндері түсіндіріледі. Дастандағы Алаштану мұратындағы метафоралық дүниетаным аспектілерінің «бейнелеудегі» маңыздылығы көркемдік құрылымды ашу барысында дәйектелген.

Кілт сөздер: Алаштану идеясы, қаздар даусы, өмір материалы, дала бейнесі, Алашорда баяны, аманат

Алаш зиялыларының көркем бейнесін сомдау әдебиетте бар дәстүр. Алаш ұранын жазған суреткер ақын Сұтанмахмұт Торайғыровтың «Таныстыру» поэмасын оқығанда тарихи тұлғалардың адами болмысына жақындай түсетініміз бар. Ақын Қ.Бегмановтың «Алашорда аманаты» поэмасы сол дәстүрді жаңғырта келген туынды. Жаңғыртылған дәстүрде жаңалық та қоса жүретіні аян. Поэма-ның 1-тарауында дала бейнесін берген лирикалық «мен» сол даланың қайғы-қасіретін ұғынып, басқаның да бір уақ дала үніне құлақ салуын қалайды. Баяндау түрінде жазылған дастан кіріспесінің алғашқы шумағында-ақ, айтылар ой-идеялардың трагикалық мазмұнынан хабар берілген. Бұл, оқырман жадында бар тарихи кодты қозғау арқылы жырланар тақырыптың өзекті, күрделі, елдік мәселе екендігін аңдату әрі психологиялық қабылдауға даярлау тәсілі.

Оқып көрелік:

Дала бұл қара жолы ширатылған,

Қаласы, моласы да қиратылған.

Зорығып жел өксиді, опырылған,

Қорқылдап топ қарға ұшты зиратыңнан[1]

1-2 тармақтан қазақ даласының әр түкпірінде бар қиранды қалалардың кескіні көз алдыңызға көлбеңдей қояды. Қара жол да, мола да ауыл баласына таныс сурет. Жалғыз-жарым зират та, ескірген қала үйіндісі де далада өскен қазақ баласы үшін тарих. Тарихтың деректі дәйегі. Бала күнімізде ескі Сауранның қабырғалы төбелеріне шығып, қылыштасып қанша ойнадық. Сонда соққан желдің өксік үнін бала бейіл аңғармаған да шығар. Мына өлең жолдарынан кейін шынында да ескі қорым-

ды қаланың желі жылап тұратынын, даусының өксіп шығатынын қайта естігендей боласың. Опырылған зираттан топ қарға да, торғай да, кептер де үрке ұшатынын талай көргенбіз. Бірақ, ылғи да топ қарғаның ұша беруі нанымсыз көрінер еді. Мұндағы қарқылдаған топ қарғаның ұшуын айту, фабулалық желіге сай жасалған жамандықтың орнын алмастырып беру үшін қажет болған. Желдің зарыға өксуі, қарғаның қарқылдауы бір қиянат атаулының болғанын хабарлап тұрған символикалық қолданыстағы ұғымдар. Дастанның 1,2 тараулары Алашорда жайлы баяндау лирикасымен берілген ақын «менінің» толғаныстарынан бас құрайды. Толғаныс басы дала бейнесіндегі тарихтың тіл қатуынан өрбиді. Алашорданы таныстыру сипатындағы 2-тарауда да метафоралық ойды идеяға орай құбылту шеберлігімен өрнектеу бар.

«Ауық-ауық бұлттары жылап алған//Жылап алған... дұшпанға сыр бермеген// Тау суын алып қашты төмен жыра//Етпеттеп теріс қарап жата қапты-ау//Ортасын жолдар бөлген белең мына//Жырыпты жиектерін қара жолдың// Тау суы ауылды орап тасып аққан//Арланның азуында ғасыр ұлып// Жоғалды топ-топ иттер асыға үріп//Топырақ сұп-сұр бопты сазбеттеніп// Сұмдықтар жата қалған жасырынып//Бораны сары шәйнектей сақылдаған// Бейітті беткейдегі бүркеп алып//Қашқан су бұрқылдайды лайланып//Жұлдыздан шашу шашты қараңғылық//Қасқыр ит, қара жорға, қараша үй//Сағынып табынғандай табалдырық//Өксігін ішке тартып өзендерім»[1]. Осы тармақтардың қай-қайсысы да Алаштану идеясын бейнелеуде метафоралық ойлаумен поэмаға көркемдік мазмұн дарытқан. Поэманың жаңашылдығы да осы көркемдік мазмұнда. Алғашқы екі тарау баяндау лирикасымен 11-12 буынды түр өлшемінде қалыпты баяу ырғақпен жазылған. Себебі, мұнда баяндаушы автор болғанмен Алашорда баянын жеткізуші дала бейнесі. Дала бейнесі мәтін ішінде сұлбаланған. Мәтін ішіндегі дала бейнесі бабалар, балбал болып, аталар, арыстар болып сөйлейді. Лирикалық "меннің" кейде дала бейнесіне сіңіп кетуі де содан. Ендеше, алғашқы екі тараудың қалыпты баяу ырғақта, 11-12 буынды өлшеммен жазылуы поэтика заңынан туындап отыр. Дала бейнесін абыз бейнесі деп қарасак, абыз ақсақалдың сөзі баяу ырғаққа бағынатыны мәлім. Поэманың 3- тарауы қалыпты ырғақты кілт үзіп, арнау лирикасына ойысады.

О туған жер!
Аспанда анау қаңқылдай ұшқан қаздарың,
Даусында оның азба мұң.
Арқырай соққан, дүркірей шапқан құлақта
қалған саздарың,
Жерошақтарда қып-қызыл шоқ боп маздадым.
Шарт етіп түскен сол шоқтан өртеніп кете жаз-
дадым,
Жазған жоқ мұны сәл көңіл бөлсең аз дарын.
Бәрі де дұрыс болғанмен, уақытты қайтем зы-
рлаған,
Алашорданы алдымда менің жырлаған,
Сұлтанмахмұт пен Мағжаның![1].
Әуелгі екі тараудағы дала абызбен мұндасып,
Алашордасын жоқтап, рухынан кешірім сұрап
отырған лирикалық «мен» үшінші тарауда лирика-
лық қаһарманға айналады. Өлеңнің өлшем-өрнегі
де ойдың бейнеленуіне орай өзгеріп 16-18 буыннан
да асып жатады. Жыраулық поэзияға тән қаһар-
ман рухының зорайып, ойдың төкпелеп, құйылып
келуі шұбыртпалы ұйқас құраған. Арқырай кел-
ген ой екпінінің күші арагидік сегіз буынды жыр
тармақтарына түсуі де өлеңдегі жыраулық рух
пафосының көрінісін айқындайды. «Аспандағы
қаңқылдап ұшқан қаздарың// Даусында оның азба
мұң»[1]-бұл туған жерге сұрау сала айтылған ха-
лықтың өзімен сұхбаттасушы ақын сөзі. Мұндағы
риторика қаншама ғасырлық оқиғаларды «қаздар
даусындағы мұң»-поэтикалық тіркесіне жинақтап
жіберген. «Қаздардың қаңқылы» – өнер не тарихи
тұлғалы адамдар бейнесін типтендіріп беріп тұр.
Автор өзіне дейінгі рухани мұра алдындағы жау-
апкершілігін байқатып, лирикалық «мен» арқылы
«біздің» өнер алдындағы міндетімізді аңғартады.
Рухани, әдеби мұра – қаздардың қаңқылы арқылы
түспалданып беріліп тұр. «Қаймақ жалау» етісті-
гіндегі сөз тіркесі тура мағынасынан жаңа мән-
мазмұнға ойысқан. «Қаздардың қаңқылынан қай-
мақ жалау» – ақын сөзді ойната, құлпырта отырып
өз бейнесіне жақындата түскен[2,141]. Қаздар да-
усы халық даусының баламасы. Осы тарауда бөліп
айтарлық «Ұрпақты қайтем Әлихан менен Мұста-
фа болып тумаған»-тармағы бар. Бұл қазіргі ұр-
пақтың бәрі Әлихан, Мұстафа секілді тарихи тұлға-
лардың деңгейіне жете алмайды деген сөз емес.
Әлихан, Мұстафаның заманы бөлек. Олар тәуелді
елдің тәуелсіз азаматтары болды. Ақын тәуелсіз ел
ұрпағына Әлихан Бөкейхан мен Мұстафа Шоқай-
дың қаншалықты қадірлі екендігін «биіктік» өл-
шемі арқылы бейнелеген. Сондай-ақ, қазіргі қоғам-
ның әлеуметтік психологиясынан рухани таяздық
шындығының себеп-салдарына да үңілдіреді...
«Жастық шақ біздің көшеде қалған,
пәтерге көшкен пәтерден.
Алашорда гой еңсені түскен, рухты тартып
әперген...
...Ауыл шетінде аспанға қарап арлан қасқырдай
ұлыдық,

Қасиетің мен қасіретің де қатар жатыр ма
ұлылық,

Базарға шығып ұлы мұраттардан айрылып қал-
лып құрыдық.

Дастанның «Алашорда аманаты»- тақырыбын-
да көрінетін концепциялық ойдың нақты, өмір ма-
териалымен көркемделіп берілуінің дәйектері осы
тармақтарда жатыр. Аманат лирикалық қаһарман
ғұмыр кешкен уақытқа арналатыны белгілі. Лири-
калық қаһарманға айналған ақынның өмірдеректік
белгілері тәуелсіздікке дейінгі уақыт шындығын
ашқан. «Көшеде қалған жастық шақ»- ой бай-
ламы лирикалық қаһарманның кейіннен «Көше
ақындары»-секілді поэтикалық құбылыс туды-
руының бастауы болып шығады. Жастық шағын
сүйретіп, көшеден көшеге өтіп, пәтерден пәтерге
көшіп жүріп жетілу, бүгінгі қазақ зиялыларының
қай-қайсысы да бастан өткерген жайт. Кеңестік қа-
зақ қауымының тұрмыстық ахуалының көрсеткіші.
Байқасақ, қазақ жастарының тәзімін тұрмыс ауы-
ртпалығы да жеңе алмаған, санада бар ұлттық код
«желтоқсанда» алаулап рухты оятқан. Алаш аманат-
тына адалдық танытқан. Кеңестік кезеңмен бірге
тәуелсіздіктің алғашқы ширегінде «базарға шығып
ұлы мұраттардан айрылып» қалған сәттерді де
бастан кешірдік.

Көше ақындары. Өлең тақырыбының өзінде
зілді ойлар салмағы тұр. Бірін-бірі тудырған ойлар,
келесі бір ойды қозғап сананы сан-саққа жүгіртеді.
Халықтық жадыны тірілтеді. Ұлттық танымның
философиялық зерлі діңгегіне жетелейді. Арғы
жыраулық кезеңді айтапағанда, қайран Сұлтан-
махмұттың қала мен дала ақынының айтысын еске
алайық. Қала ақыны мен дала ақыны. Екі түрлі
ұғым, бірі жеңіліп, бірі жеңіп келе жатқан уақыт.
Ұлттық санаға түсер сызаттың алғашқы жарқын-
шағы. Қыршын ақын ертеңгі қасірет басын аршып
көрсетіп тұр. Дала ақыны – халықтық болмыс
баламасы. Қала ақыны әлеуметтік трагедияның
жағымсыз толқыны сынды. Қасымхан қойған
тақырып атауында да Сұлтанмахмұт поэтикасы-
ның жаңа символикалық мәнге ие болып тұрғанын
байқауымызға болады. Мұндағы «көше» сөзінің
түпкі мағынасы да айналып барып «халық» дей-
тін мән мазмұнға тіреледі. Егер оны тура мағына-
сында «халық ақындары» деп атаса қандай болар
еді. Онда ақын айтқалы отырған ойларды түсінбек
түгілі, рухани сағынышымызды оята алар ма едік.
Себебі, «халық ақындары» деген атау тура мағы-
насында қабылданып, XX ғасыр кезеңінің құбылы-
сын, стихиялы тағдырлар желісі мен ұлттық рух
арасындағы нәзік те өр байланысты таныта алмас
еді. Демек, «көше» сөзінің өзі «көше ақындары»
дейтін сөз тіркесімен жаңа мазмұн мен түсінік ту-
дырып отыр. Жаңа мазмұнды толықтыра түсетін
жәйттер де мыналар. Біріншіден, қалалық оты-
рықшы мәдениетке көшкен ғасырда да халық пен
ақын арасындағы байланыстың бірлігі. Екіншіден,

көше ақындары яғни халық арасын кезген ақындар мен қоғамдық құрылым арасындағы ұғымның кереғарлығы. Ең бастысы, рухты тұсаған қоғам қақпанына аяқ шалдырмай еркіндікті аңсаған тектіліктің белгісі. Сондай-ақ «көше ақындарының» сүрген тағдыры. Ондай тағдырлар иесі де тарихта қалған хас таланттар. Жырды ардақтаған қарапайым халықтың ішіне қарай көшкен көше ақындары. Әсіресе, 1970-80-жылдары жасаған жыр жампоз-дарының өмірінен сыр шертер, аңызға айналған әңгімелердің арқауы осы «көше ақындарының» тұлғасын көз алдыңызға әкеледі. Сол кезде жоғалу мен тоналуға айналған ұлттық рухты да сақтап тұрған осы көше ақындары еді. Бүгінгі оқырман, ақын Қасымхан өлеңі арқылы кешегі тарихи шындықты көзге елестетіп, өздері де ұлттық рухқа айналған көше ақындары арқылы ұлттық санасын қозғай алады.

Ақын Қасымхан бұл өлеңінде сөзді ойнатудың да шебері екендігін көрсетеді.

Көше ақындары, көше ақындары арғымақтары даланың,

Алшандай басып келе жататын тротуарында қаланың.

Білмейді оны бүгінгі мынау тәртібі жақсы жас ақын, –

деген жолдарда қаншама сыр мен ақиқат жатыр. Автор, өлеңтанушылар тарапынан айтылып, түсіндіріліп жататын «ақындық тұлға» мәселесін де өлең жолымен дәл айшықтаған. «Алшандай басып келе жататын тротуарында қаланың» дегеннен бізге ақын Қасым, Мұқағали, Тоқаш, Жүмекен, Жарасқан, Жүсіп, Жұматайлардың ақындық болмысы елестей кетеді. Әр қайсысының жыр жолдары санада оқылып, ақындық тұлғасына жақындай түсіреді. Кешегі ғасырдың романтикалық асқақ арманға толы буынымен қауыштырады. Адалдық, тазалық, бекзаттықты ұлықтаған жайсаңдар жаны сүйіндіреді. Осы бір «көше ақындарын» құрайтын арманшыл адамдар ғұмыры сағындырады. Қазақ дертімен ауырған халықтық идеалдарды бүгінгі тәртібі жақсы қоғамнан іздеудің қиындау екендігі де шындық. Ақынның қолданып отырған «тәртібі жақсы» сөз тіркесінен бүгінгі дәуірде жоғалтып отырған асылдарымыз бен кейбір ұлттық қасиеттеріміздің де шеңбері тарылып бара жатқандығын аңғаруға болады. Тура мағынасында алсақ бүгінгі өркениетті тұста «тәртібі жақсы» болу заңдылық. Бірақ, қайран қазекемнің жайлау көңілді ұлдары сол заңдылықтан да шаршамасына кім кепіл. Олай етпейін десе, жыр түсінбейтін қоғамдағы тоғышарлық сана оған ерік бере қояр ма екен? Бүгінгі жұрт өлеңнен алшақтап бара жатыр емес пе? Сен өлеңді емес, өлең сені іздеп келіп мазанды алатын қазақы болмыс жағалауынан ұзап барамыз ба қалай? Меніңше, авторды ойландыратын мұндай кереғар тіршілік «тәртібі жақсы» дейтін сөз тіркесін ойнату, құлпырту арқылы ұлттық са-

наның тоқмейіл тұстарын мінеуге ұласып тұрған сыңайлы. Өлең тақырыбынан туындайтын идеялардың өзі мәтіндік мазмұн желіні шебер тұтастырып тұр. Көше ақындарын ұлттық санаға ой елес арқылы көшіріп, автор ұлттық идеялардың рухын жоғары пафосқа көтеріп азаматтық позициясын танытқан. Ұрпақ бойында тарихи жадыны жаңғыртумен қатар, өткен трагедиялы ахуалдың бүгін зор махаббатқа ауысқанын тақырып атауының поэтикасына сыйдырып жіберген. «Көше ақындары» образдылыққа айналған атау. Өткен ғасырлар қойнауынан естілетін өкініш, армандар тынысы. Кешегі күн ғұмыр кешкен ақындар тіршілігінің аянышты жайы. XX ғасырдағы қазақ қоғамының дертті психологиялық күйі. Арманы тұншыққан қазақы болмыстың бейнелі ғұмыры. Осы өлеңнің рухани әсерінің күштілігіне жол салып тұрған поэтикалық құрылымның өзегі – «мұң». Бірақ ол «мұң» әділетсіздік теперішінен жасыған, шаруасы біткен «мұң» емес. Көше ақындарының қайсар рухымен тұтанған, отты, жалыны жаныңды шарпыр шокты «мұң». Өлең атауының өзі ойлы оқырманды ойлантап қоймайтыны да сондықтан. Меніңше, автор санасына өлең жазылмас бұрын тақырыбын тудырған сағыныш, арман, мұң ұялаған секілді. Бұған оқырманды терең психологиялық күйге жетелейтін өлең әсерлілігін қосыңыз. Демек, Қасымхан ойлы өлеңдер жазары ғана емес, жанның психологиялық барлаушы ақыны да.

...Мен көрген сол бір көше ақындары шараппен шөлін басатын. Зар кезеңдер мен тар кезеңдерде қазақты олар сатқан жоқ.

Көше ақындары жер астында да тып-тыныш ұйықтап жатқан жоқ.

Бұл жолдардағы тарихи шындықты дұрыс қабылдау үшін, оқырман өткен ғасырдағы ақындар трагедиясының бастау негіздерімен хабардар болуы керек. Ақынның «зар кезеңдері мен тар кезеңдері» деп бейнелі жеткізуінде де «зар заманнан» басталған қазақ қасіретінің таңбасы мен сарыны жатыр. Тірісінде рухын қорлатпаған әруақты елдің өр ұлдары «жер астында да ұйықтап жатпауы» ұлттық дүниетаным түйсігінен қарағанда нанымды. Лирикалық субъектінің «көше ақындары» туралы толғанысының өзегіне өз өмірінің де бедері енгендігін байқауға болады. Мұндағы «мен» яғни «ақындық меннің» өлең материалы предметінің әрбір бөлшегін терең сезімге орап, өз жүрегінің, көңіл күйінің елегіне салғанын түйсіну қиын емес. Мұны, ақынның автобиографиялық деректері негізінде топшылауға болады. Демек өлеңдегі нақты ақындық «Меннің» дауысы «көше ақындары» дейтін поэтикалық құбылысты тудыруда басты рол атқарып тұр. Ақындық «Меннің» ішкі жан бұлқыныстарынан өршіп, элегиялық күй тербеткен ойлар жемісінің шегі лирикадағы ұлттық концепцияға ұласқанын көреміз.

Автордың өмірбаяндық деректерімен қабы-

сып жататын өлең материалы типтендіріліп «көше ақындары» дейтін халықтық ұғым бүтіндігін құраған. Ақын Қасымханның лирикалық тұлғасының әдеби бейнеге ойысқан оқырман санасындағы «портреті» іспетті. Бұл ақын ізденісінің жеңісі. Өлеңнің өне бойынан ғылыми міндет пен образдылық іздеп жату бұл шығармаға сай келе бермейді. Және оны жоқ деп те айтуға болмайды. Өлең желісі ұлттық ойлау концепциясынан тұрады. Ақынның ішкі дауысы ұлттық бояу мен нақыштардан гармониялы үйлесім тапқан. Тармақтар арасынан түйіскен мәтіннің саздық үні де қоңыр күйдің сарыны күшті желісіндей келісім тапқан. Ақын Қ.Бегман ұлттық идеялардың озық жыршысы да.

...Көше ақындары сырласы түгіл
көз таныстарын саппаған.
Далалық заң бұл ауызша қалған
бұрынғы өткен шалдардан.

Бұл қазақтың иманды шалдарының қайсысы айтпаған ақыл дейсіз. Сонау Шыңғысхан дәуірінен бері ар алдындағы адалдық туралы пайымдар, бертін келе далалық заңға айналып қазақ дәстүріне де бой үйреткен жоқ па еді? Халықтың дүниетанымдық философиясынан орағытып, «көше ақындарының» адами болмысын дәл берудегі автордың мұндай көркемдік шешімі ұтымды шыққан. Бұл өлеңдегі ұлттық реңктің бедерлі айшығы. Автор одан ары «...сұлулықтар мен зұлымдықтарға сәбидей бейне таң қалған» деп «көше ақындарының» рухани болмысы мен кісілік келбетін өмірдегі түсін әдеби көшірмеге етене киюластырған. Қарап отырсақ, «көше ақындары» дейтін концепциялы ұғымның табиғи қалыптасу процесіне негіз болған. О бастағы ақындар өміріне кері әсер етуші қоғамдық бірнеше факторларды айтуға болады. Қазақтың тілі, діні, дәстүрі, салт-санасының ұлануы, т.б. Автор бұл факторларды өлеңге киліктіруді мақсат тұтпаған. Бұл мәселелерді «Салқын өзендер сахарамызға асыққан асып арнадан» деген бір жолға терең бейнелеп, құндақтаған. Ұлттық концепцияны таразылап көрсетудегі ақын шеберлігі көпқырлылығының бір тұсы осы.

Туындының поэтикалық құрылымының тамыры да тым тереңде жатыр. Ақындық «меннің» жырлаған концептуальды нысаны – «көше ақындары». Өлеңдегі сомдалған, жинақталған лирикалық тұлғалардың нақты есімдері бар. Мағжан, Қасым... содан бергі «көше ақындары» керуеніне жалғасып кете береді. «Тағы бір кеше көше ақыны өтті опасыз мынау жалғаннан немесе солардың мен де көзіндей болып бетінде жердің қалыппын» дейтін жолдар соның айғағы. Қазақ өлеңінің генезисіне

типологиялық әдіспен қарасақ ақынның арнау лирика үлгісінде жазылған шығармасының өзегінде «жоқтау» сарыны анық байқалады. «Жоқтаудың» лирикалық поэзиядағы жаңа кейіпіндей әсер береді. Жоқталушы – көше ақындары. Өлеңнің түйіні алдындағы соңғы тармақтарға назар аударсақ.

Даласын сүйген тектілерім-ай, кектілерім-ай, қайтейін.

Сендермен бірге сан армандарым кетті менің-ай, қайтейін.

Елеусіз өтті сұрама жаным, жылама жаным қайтейін,-

деп келетін жолдарды лирикалық арнау өлеңдегі жоқтаудың жаңарған, жасампаз түрі сияқты қабылдауға болар. Өлеңнің концептуальды міндеті осы жолдардың соңындағы бірнеше тармақта қайталанатын «қайтейін» сөзіне мақсатты бағындырылған сыңайлы. Мұндай қайталаулар өлеңтанушыларға белгілі. «Өлең финалын өмірден қорғаусыз өткен «көше ақындары» секілді, оларға тағзым етіп, жыр арнаудан басқа, ақын да шарасыз екендігін танытып қоймай ұмытпаңдаршы деген аялы үнмен аяқтауымен тақырып пен мазмұн поэтикасын тұтастандырып жіберген»[2,152]. Дастанның эпикалық кеңістігінде тарихтың өткен шағы мен қазіргі қозғалысы тұтастанып берілсе де, әр уақыт психологиясындағы өмір шындығы дара көрінеді. Мәселен, мына шумақты қараңыз:

Санама менің себездеп түскен алыс жылдардан жарығың,

Топырлап жүрген түңіліп кейде төңірегіме налыдым.

Айналдым сенің саңқылдып жеткен даусыңнан, Мәскеу мен Берлин мәңгілік қалай қаусырған.

Жат топырақта қалай жатсыңдар осындай кезде алаңсыз,

Ғасырлап күткен Тоныкөктейін алыбым[1].

Әуелгі тармақта Алаш идеясының өлмегендігін, кейінгі ұрпақтың өткен ғасырдан жеткен ұлттық рухқа қайта бас дендегені байқалады. 2-тармақта лирикалық қаһарманның ғұмыр кешіп отырған бүгінгі қоғамдық-әлеуметтік ортасына көзқарасы берілген. Алаш мұраты тұрғысынан қараған лирикалық қаһарманның бүгінгі «тобырлық санаға» көңілі толмауы да өмір шындығына жанасады.

Әдебиеттер

1. Бегманов Қ.Алашорда аманаты Қазақ әдебиеті №16,15.04.2016.8-б;

2. Ислам.Д. Қазақ лирикасы. - Алматы: Арыс, 2010.-200б.

ГОВОРЛАРДАҒЫ СЫҢАРЛАРЫ АТРИБУТИВТІ ҚАТЫНАСТАҒЫ КҮРДЕЛІ СӨЗДЕРДІҢ ЖАСАЛУ ҮЛГІЛЕРІ

Түйін. Мақалада говорлардағы сыңарлары атрибутивтік қатынастағы күрделі сөздердің грамматикалық құрылымы, оның ішінде атрибутивтік қатынастағы күрделі сөздердің жасалу үлгілері (типтері) және олардың әртүрлі мағыналық белгілері мен қасиеттері талданды.

Резюме. В статье анализируется грамматическое строение, в том числе виды (типы) образования сложных слов в атрибутивном отношении, а также их различные значимые формы и свойства, употребляемые в говорах.

Summary. The article analyzes the lexical means of complex words in attributive relation, grammatical structures, including the types of formation of complex words in attributive relation, as well as their various significant forms and properties used in dialects.

Қазақ тіліндегі күрделі сөздер жайындағы еңбектерде сабақтастық қатынастағы күрделі сөздерді атрибутивтік, комплетивтік түрде жіктеуді кездестіре алмадық. Бұл терминдер жалпы тіл білімінде синтаксистік байланыс түрлеріне байланысты қалыптасқан қолданыстағы терминдер. Атрибутивтік байланыс – зат, процесс мағынасындағы сөз бен оның әртүрлі белгілерін (сапасын) көрсететін сөздің тікелей бірігуін, тіркесуін білдіретін неғұрлым тығыз синтаксистік байланыс түрі. Комплетивтік байланыс – сөйлемде толықтауыш пен пысықтауыштың дербес синтаксистік бірліктер ретінде қызмет етуін білдіретін синтаксистік байланыстың неғұрлым еркін түрі [7: 398].

Говорлардағы сыңарлары сабақтастық қатынастағы күрделі сөздер қазақ тіліндегі сөз таптарының бәріне де қатысты.

Говорлардағы атрибутивтік қатынастағы күрделі сөздердің алғашқы сыңарлары екінші сыңарларының анықтауышы (атрибуты) түрінде қызмет етеді. Бірақ мұндай күрделі сөздердің сыңарларының арасында нақты атрибутивтік қатынас байқалмайды. Ол жайында композит сөзжасамның шартты түрде атрибутивтік сөз тіркесіне қатыстылығы тұрғысында ғана айтуға болады [10: 65]. Әрбір сөз табының жасалуында өзіне тән типтері бар.

Күрделі зат есімдердің жасалу үлгілері.

«Зат есім+зат есім» үлгісімен изафеттің 1 түрі арқылы жасалған күрделі зат есімдер мол кездеседі. Мысалы: тайжақы (Ақс.) «тай, құлын терісінен тігілген жарғақ, тыс киім», тасаяқ (Орда) «кішкентай тәрелкесі бар фарфор шыныаяқ», тасқорық (Жезк., Қост.) «қойшылардың тас салып пісіретін

сүті, қорықтық», тасқұман (Орал; Сарат.) «аққұман», жертөбе (Маң.) «жер үй», мәдембоз (Ойыл) «бөз, жұқа мата», шаңырақ салма (Ад.,Бөр) «кішкене киіз үй», қой теңге (Қош.) «бір теңге» (қойдың бағасы), қанжыға сауда (Моңғ.) «қолма-қол сауда», тайәке (Мер.) «нағашы ата», тайәже (Шу) «нағашы әже, апа», өрекөстек (Түрікм.) «алдыңғы бір аяғы мен артқы бір аяғын өрелеп байлайтын шідер», құлақбас (Больш.) «шыныаяқ» т.б.

«Зат есім+тәуелдеу тұлғалы зат есім» үлгісінде изафеттің 2-түрі арқылы жасалған күрделі зат есімдер аз емес. Мысалы, шай сөзінің мал шайы (Орда) «тас шай», түрген шайы (Чап.) «қағазшай», потынас шайы (Чап.) «бүршікті грузин шайы», пәмил шайы (шай) (Түрікм.) «қағазға оралған 250 г. тақта шайы»; бас сөзінен: қой басы (Орда) «тақыр жер», құт қара басы (Маң.,Түрікм.) «қу қара басы, жеке басы», ошақ басы (Маң.) «той жабығын басқарушы», су басы (Жанг.) «шығырдың үлкен дөңгелегі», үшбасы (Больш.,Қош.) «тамтығы, қалдығы». Сойылған малдың үшбасы ғана қолға тиді (Қош.).

«Ілік жалғаулы зат есім+тәуелдік тұлғалы зат есім» үлгісі. Изафеттің осындай 3-түрі арқылы жасалған күрделі зат есімдер говорларда аз емес: қиырдың қылаңы (Маң.) «ойламаған жерден тап болу», жиынның рухы (Қыт.) «жиында көтерілген саяси шешімдердің мазмұны», жүзінің жұдырығымен (қарау) (Қыт.) «ызғар шаша, сұстана қарау», қолының үстімен (Түрікм.) «тілмен, сөзбен», қолының ұшында (жасау) (Қыт.) «оп-оңай істей салу», ақымақтың шай қалтасы (Қыт.) «алдауға түсетін нағыз ақымақ адам»; қатыстылық мәнінде: көлдің бұлағы (Об.) «көлдің саласы», жердің бас-аяғы (Маң.) «алыс жер», құралдың малы (Моңғ.) «тәркіленген, кампескеленген», мамидың даласы (Қарақ.) «мидай дала», Өндірейдің қазынасы (Қыт.) «көп дүние, ырғын байлық».

«Зат есім+есімше» үлгісімен жасалып, заттанған күрделі зат есімдер де баршылық. Су серпер (Қарақ.) «киіз үйдің есігіндегі су ағар жері», оқжатар (Қарақ.) «мылтықтың оқ жататын қорабы», қасық ұстатар (Сар.,Тал.) «май құятын құрал», жеркөтермес (Маң.) «қой ауруының бір түрі», жасы тоқтасқан (Байғ.) «жасы тоқтаған (адам)», жанды жұтқан (Түрікм.) «жүрек жұтқан (адам)», ұйқыашар (Түрікм.) «ойын-сауық, сауық кеш», тісбасқан (Түрікм.) «жасы келген, көпті көрген (адам)», қолкесер (Моңғ.) «мал сойған адамға беретін ет», түйетартар (Қарм.) «су жиегінде, өзен-көлдерде жер астына қарай су соратын оқпан», құсқонбас

(Түрікм.) «тікенекті өсімдік», құсқонар (Жуа.) «дақылды егістің басы», алақан соқпақ (Об.) «жастар ойыны», атсоғар (Іле) «қамшы», құлы-нембес (Моңғ.) «басы жұмыр қырлы биік өсімдік», күлге шөгер (Арал) «будан нар буралардың бірінен туған азғын түйе», күнтимес (Маң.) «қойдың құйыршығы».

«Сын есім+зат есім» үлгісімен жасалған күрделі сөздер говорларда көптеп кездеседі. Олардың әртүрлі тұлғадағы алғашқы сын есім анықтауыш сыңарлары кейінгі сыңарларының түр-түс, қатыстық, сапалық белгілерін білдіреді: көземелі ине (Жанг.) «жуан ине, тебен», көзді кісі (Қарақ.) «екі көзі су қараңғы соқыр адам», көзгелдек шыны (Моңғ.) «кішкене кесе», ұзын мұрын (Ауғ.,Ир.) «бекіре балық», тірі қызық (Арал) «өте қызық», қалғыншы күн (Қош.,Больш.) «соңғы күн, ақырғы күн». Енді қалғыншы күндерде мына жұмыспен шұғылдан (Қош.), қалеті сөз (Мер.) «жалған сөз», қалмақы әрем (Қарақ.) «қамыстан жасалған мал қора», қалшеке ер (Жам.) «алды-арты жалпақ ер», қарабүрге (Орал.,Чап.) «кішкене сазан», қарашылы төбе (Түрікм.) «ертеде билік жүргізетін адамдар отыратын төбе». Бұл ауылдың қарашылы төбесі – Көшкін ақсақал (Красн.), қараңғы үй (Түрікм.) «абақты, түрме». Ол елді қанқасатып жүріп, ақыры қараңғы үйге түсті (Красн.), қоңыраулы шашбау (Түрікм.) «екі қоңырауы бар шашбау». Қоңыраулы шашбауды жас қыздарға тағады (Красн.), қою сүт (Қоғ.) «сиырдың екінші сауған иінді сүті», сарбалақ (Қ.ту.) «шала піскен бидай», қуысқұлақ (Арал) «күрек», тікайяқ (Түрікм.) «шыны аяқ», тік мата (Шу) «жол-жол мата», тік оқ (Ырг.) «шығырды айналдыратын ағаш», уақай сөз (Аман.) «құсақ-түйек сөз», ұзын қоржын (Қош., Больш.) «сыйлық, тарту», «күйеу баланың қайын жұртына әкелетін тарту-таралғысы», ұлы шілде (Маң.) «шілде айы», ұлтілік (Қ.орда) «қалыңдау етіп тілінген қауын», қызтілік (Қ.орда) «жұқалау етіп тілінген қауын», қызыл жұдырық (Арал) «шөп машинаның тетігі», қызыл қазан (Жән., Орда) «мосыға ілетін кішкене қазан», қима жаулық (Сарат.) «шағын үш бұрышты жаулық», қиық сәске (Жуа.) «түске жақын мерзім», дүлегей теңіз (Сайр.) «телегей теңіз», атайман суық (Орын.) «қатты суық», сабық құлақ (Арал) «салпаң құлақ», алаңқы жер (Жанг.,Ұлы.) «шөбі сирек, алақұла жер», алашапқын (Мер.) «әуре-сарсаң», алашолоң (Қарақ.) «дақпырт, алыпқашпа сөз», алаштыраш (Маң.) «ала, алалау», ұлтанды сөз (Красн.) «ақылға қонымды сөз», жалғыз қазық (Жанг.) «тік ін».

«Сын есім+сын есім» үлгісімен жасалып, заттанған күрделі зат есімдер көп емес: ақдаңғыл (Жанг.) «шешен, ақын», ақжирен (Моңғ.) «шөлейт жерде өсетін ақ тікенді өсімдік», ақирек (Жезк.) «омбы қар». Қия-қиғаш, кесе-кесе жатқан ақ иректердің үстінен ырғып түсіпті (Ғ.Мүсірепов), қарашұнақ (Түрікм.) «бидай сорты», ақұсақ (Макт.)

«құсақ күріш», қызыл жалаңаш (Ауғ., Ир.) «тыр жалаңаш адам», қызыл жирен (Моңғ.) «тауда, шөлейт жерде өсетін қызыл тікенді өсімдік», қызыл жүйрік (Арал) «ау торын майлайтын май», көкқасқа (Ұрж.) «бетеге тұқымдас шөп», сарымелле (Қарақ.) «сап-сары, шикіл сары». Қарақалпақша мелле/мелли «сары».

«Сан есім+зат есім» үлгісімен жасалған күрделі зат есімдер көп кездеседі: ұшақа: а) (Күрш.) «үш тармақты ағаш айыр»; ә) (Арыс) «айылбас, белбеудің айырбасы». Белбеудің ұшақасы тиіп кетті (Арыс); үш ана (Түрікм.) «үш жүз». Қаратаудың басына үш ананың баласы қосылыпты (Тахта), үш аяқ (Қазт.) «шайдың шоғын салатын ыдыс», үшкәпір «амал, 12-13 және 18 желтоқсан аралығындағы қатты суық». Үшкәпір дейтін себебі тоқсанның кірісі, текенің бұрқағы, айдың үркермен тоғысы сияқты үш амал қабатынан келеді (Қарм.), үш көсе (Фед.) «арбаға үш пар аттың жегілуі». Бескөз (Жам.) «матаның түрі», бесқасқа (Шу) «бес таспалы қамшы», бестақа (Түрікм.) «өкшесі аласа ер адам киетін етік». Бесаппазы (Моңғ.) «ағаш шелек», бесбақан (Моңғ.) «айыр», бірбазар (Қарақ.) «бір апта, бір жұма», бірбеткей: а) (Қ.ту.) «лапас, бастырма», ә) (Омбы) «жан-жағы ашық атқора», бірдүзме (Қараб.,Чап.) «ажарлы шыт мата», біркөнек (Қарм.) «бір адамнан басқаға саудырмайтын сүтті бие», біркөсек (Жанг.) «бір қаптал тас шай», біртөбе (Қарақ.) «бір сыбаға, бір тілік ет», онсері (Түрікм.) «5 кг салмақ өлшемі», төрт четті (Моңғ.) «жылқы тісінің ортасындағы қара мөрінің алдыңғы тқрт тісте тұруы», төрт асық (Қараб.) «асық ойыны», алтаяқ (Шу) «керегесіз, уық пен шаңырақтан тұрғызылған шағын киіз үй». Қыста, жайлауда алтаяқ тігіп отыратынбыз (Шу), жеті мүше (Түрікм.) «он екі мүше». Жеті мүшем сау болса, 2-3 айлықта барып қайтам (Таш.), алты ақлым (Қаз.) «алты құрлық жер».

«Сан есім+есімше» үлгісімен жасалып, заттанған күрделі зат есімдер кездеседі: бірбайлар (Омбы) «үш бұрышты кішкентай бас орамал», бірқырқар (Жымп.) «күзге таман кеш туған кенже қозы», бірсалар: а) (Еңб.) «желқом ер»; ә) «қонақтың астына төсейтін кішкентай қалың көрпеше»; б) (Ұрж.) «дәрілік өсімдік». Бірсалар тауға шығады (Ұрж.); үштосар (Арал) «ескі мылтық атауы», біртуған (Қарат.) «асыл тұқымды түйе», орқазар (Сар.) «үйленуге байланысты ырым», желі қағар (Қыт.) «бие байлаған күні берілетін ас-су ырымы».

«Етістік+зат есім» не «зат есім+етістік» үлгілері бойынша жасалған аздаған күрделі зат есімдер кездеседі: бүктізе (Шу) «ат тағалайтын құрылғы», ұршоқпар (Аяг.) «қолшоқпар», туажат (Мер.,Түрікм.) «немелтайдан туған бала», жүрежат (Мер.) «туажаттан туған бала».

Күрделі сын есімдердің жасалу үлгілері
Говорларда сын есімдер атрибутивтік қатына-

стағы басқа сөз таптарының, әсіресе зат есімдердің сыңарлары ретінде қызмет атқарғанымен бірге, атрибутивтік қатынаста бірқатар диалектілік күрделі сын есімдер тудырған. Мысалы, «Сын есім+сын есім» үлгісімен жасалған кемжақсы (Қош.) «тәп-тәуір, жап-жақсы» деген тіл бірлігінің құрамындағы кем және жақсы сөздерінің екеуі де сын есімдер, солардың тіркесуімен аталған күрделі сөз қалыптасқан. Заттың сын-сипатын т.б. қасиеттерін білдіретін төмендегідей күрделі сын есімдер де осылай жасалған.

«Сын есім+сын есім» үлгісі бойынша жасалған күрделі сын есімдердің мөлшері едәуір: кертақыс (Кег.) «қырсықты, қыңыр», кембағал (Жал.), кембаға (Моңғ.) «мүгедек», ойранқызыл (Больш.) «сұйқылтым қызыл», кемтама (Моңғ.) «аз, жеткіліксіз», нашарпес//нашарпас (Сар.) «өте нашар, нашар», парсыша начар, пәст «жексұрын, арам, жаман ниетті» (ПҚТС: 261, 70), қиын жаман (Қош.) «өте жаман», қиын жақсы (Қош.) «өте жақсы», сарымелле (Қарақ.) «сап-сары, шикіл сары», мелде//мелдім (Түрікм.) «сұр мен ақ аралығындағы түс, әсіресе жылқыға қолданылады. Қарақалпақта мелле (Қар.рсл., 1958), өзбекте малла (Узб.рсл., 1959) «сары»; керқайсақ/керқайсақ (Ақс., Ж.арқа) «қырсық, қыңыр», С.Аманжолов қайсақ сөзінің мағынасын «қатал» деп түсіндіреді [36: 441], керсалақ (Макт.) «керенау, еріншек», кемсалиқа (Жанг.,-Маң.) «селқос, енжар», кемсалқау (Там.) «енжар, селсоқ», көк кебісті (Моңғ.) «оқыған, білімді (қыз)», қарақасқа (Чап., Жымп.) «жексұрын, оңбаған», қарамекер (Жаңг.) «арам».

«Зат есім+зат есім» үлгісімен жасалған күрделі сын есімдер көп емес: желқабыз (Есб.) «көтеріңкі көңілді», жертас (Арал) «пысық, еті тірі». Ол деген жертас пәле жігіт (Арал), күйебас (Есб.) «күйі жоқ, бапсыз», күркесі жаман (Маң.) «ниеті бұзық, арам пиғылды», қазақнамай (Семиоз.) «қазақы». Нағыз қазақнамай тау елдерін өз елімен салыстыра қарап, бірсыпыра өзгешелік тауып келді (Ғ.Мұстафин), кетпен құйрық (Маң.) «еңбексіз, тегін (табыс)», ақылы там (Арал, Қарм.) «ақылды, ақылы мол», там (Арал) «мол, көп» мәнінде.

«Сын есім+зат есім» үлгісімен жасалған күрделі сын есімдер: кертабан (Шет.) «жалқау, еріншек», күдерібел (Маң.) «мықты, қарымды». Әбеннің аққұйрығы күдерібел жылқы. Қарадомбай «қарапайым». Біз оқымаған қарадомбай адамбыз ғой (Тал.). Қарамаңдай (Түрікм.) «сорлы, бақытсыз», ақкөйлек (Жанг., Шұб.) «ақкөңіл, аңқылдақ», ақкөкірек (Қарақ.) «ақкөңіл», ақмай (Моңғ.) «семіз», ақкөз «Қыт.) «надан, есер», ақкөбелек (Больш.) «ақкөңіл», ақмылтық (Қыт.) «өткір, ызғарлы», Ақмылтық боран «ызғарлы боран», алағайым (Қарақ.) «ұшқалақ, жеңілтек», алақызба (Маң.) «қызба, жеңілтек», адалзада/алазада (Аяг.) «әділ, таза», парсыша зәде «тегі, негізі, тұқымы» мәнінде [ПҚТС: 152], ақбайтал (Қарақ.) «өсек-

шіл», күрбелдеу (Шалқ.,Арал) «кішілеу, жастау», күр (Арал) «шыныланбаған жұқа мұз».

«Зат есім+сын есім» үлгісімен жасалған күрделі сын есімдер аз кездеседі: жүрегі жұқа (Түрікм.) «көңілшек, ақкөңіл», лоқы жауыр (Орда) «жылқының шоқтығындағы ісікті жауыр», лоқы «ыстықтай отқа қойғандықтан, шоқтығы ісіп, іріңдеп кететін ауру» [ҚТТС, 7 т; 72-73], майданы берік (Қыт.) «табанды, уәдесінде тұратын», мансаппарас (Өзб.) «мансапқор», маңлайқара (Қарақ.) «сорлы, байғұс», қоймүрет (Семиоз.) «момын, қой аузынан шөп алмас», әлжуаз (Ақс.) «әлсіз, нәзік».

Бұдан басқа әртүрлі сөз таптарына кіретін сөздердің тіркесуі арқылы бірен-сарандаған күрделі сын есімдер кездеседі: Мысалы, ақтан ішкен «туа болған». Ақтан Керейұлы ақтан ішкен адам, ол өленді ешкімнен үйренбеген (Маң.), тентексоқ (Маң.) «тентек», еркесоқ (Маң.) «ерке шолжың» мағынасындағы күрделі сын есімдердің құрамы сын есімдер–тентек, ерке сөздері мен шыққан тегі етістік негіздес соқ сөзінен тұратын сияқты, ср. әдеби тілдегі қақ-соқ. Ә.Нұрмағамбетов хақас тілінде сох «тентек, сотқар» мағынасын білдіретінін айтады, бірақ оның қай сөз табынан екенін ашпаған [35: 120]. «Жырынды» мағынасындағы жырынтұқай (Арал) күрделі сын есімі әдеби жырынды сөзімен түбірлес, «өз алдына бөлек, жеке» мәніндегі жырын үстеу сөз (ҚТТС, 4 т:330) бен жергілікті тұқай (Түрікм., Арал, Ойыл) «тұяқ» сөзінің тіркесуінен шыққан. Неше сықылды (Моңғ.), неше сияқты (Больш.) «неше түрлі» мағынасында есімдік неше сөзі мен сықылды, сияқты шылау сөздердің тіркесуінен жасалып тұр.

Күрделі есімдіктердің жасалу үлгілері

«Есімдік+есімдік» үлгісімен жасалған күрделі есімдіктер көбінесе белгісіздік бір есімдігінің басқа есімдіктермен тіркесуінен шыққан: бірқанша (Аяг.) «бірнеше», бірқайда (Қош.) «ешқайда», бірбіреуі (Жән.) «әрқайсы», біржара (Қарақ.) «кейбір», қайбір (Тең.) «кейбір», бұдан басқа әлдеқанша (Аяг.) «әлденеше».

Күрделі үстеулердің жасалу үлгілері.

Говорларда атрибутивтік қатынаста бірқатар күрделі үстеулер жасалған. Олар әртүрлі тұлғадағы сөз таптарынан жасала отырып, мезгілдік, мекендік, бейнелік т.б. мағыналық үстеулерді білдіреді.

«Сын есім+зат есім» үлгісімен: алакөбеңмен (Түрікм.) «алакеуімде». Мына балаң алакөбеңмен бизар етті ғой жұртты (Түрікм.), алакөленде (Шел.) «таң алдында, таңсәріде», алакөлеуім (Шу) «таң сәріде».

«Үстеу+үстеу» үлгісімен: ыратөмен (Абай, Ақс.) «ылди, төмен», дәсәуелі (Жам.) «ең әуелі», дәсәуелінде (Ауғ.,Ир.) «алғашқыда», ср. дәс (Моңғ.) «таяу, сәл қалу», (Ақс., Көкш.) «мүлде, біржолата» мәнінде жеке қолданылады: ілупаранда (Абай, Ұрж.) «ілуде бір, сирек», әдеби тілде ілуде «өте сирек, анда-санда» мәнінде жеке қол-

данылады (ҚТТС, 10 т.:435), еңкәулі (Шалқ.) «ең әуелі, басында, алғашында», тескері (Түрікм.) «керісінше,теріс», базбаяғы (Арал) «бұрынғы, бастапқы», ірәбасқа (Чап.) «лайық, өте жақсы», ср. ірә (Маң.,Орал) «өте, аса, тым» мағынасында жеке де қолданылады; әдден тысқары (Тал.,Сар.) «шамадан тыс».

«Зат есім+зат есім» үлгісімен: таңамалда (Сайр., Жам.) «таң сәріде, таң алдында», жылдың жылы (Больш.) «жылда, жыл сайын», күн мезгілі (Жанг.) «уақытында, дер кезінде», күн алды (Орда.,Жән.) «алдын-ала, күн ілгері», күншік бойы (Семиоз.) «күн бойы», жылдасын жылға (Жанг.) «жылма-жыл, жылдан-жылға», аяқ үсті (Жам.) «қапылыста, кенеттен».

«Үстеу+етістік» үлгісімен: ірә болмаса/ ыра болмаса (Арал) «тіпті болмаса», ең құрмаса (Сар.) «ең болмаса».

«Есімдік+зат есім» үлгісімен: қайсы кезде (Больш.) «кейде», бірмайдан (Қоң.) «бір мезгіл». Бірмайдан біздің ауылға келіп кетсе болады; бірпәсте (Шу) «лезде, жылдам».

«Зат есім+етістік» үлгісімен: түския (Кег.,Қыт.) «түс ауғанда», зауал ауғанда (Чап.) «түстен кейін», ср. зауал (Арал, Орда, Шалқ.) «тал түс» мәнінде жеке қолданылады, жұлдыз толғанда (Кег.) «қас қарайғанда», жұлдыз тола (Кег.) «ел орынға отыра».

«Сын есім+ етістік» үлгісімен: күйліжасау (Түрікм.) «ауқатты тұру», аз емес (Моңғ.) «талай рет, сан рет», кем салса (Больш.) «аз болса, аз дегенде», көп кетсе (Больш.) «көп болса, ары кеткенде», аспа- жалап (Түрікм.) «тез, шапшаң,асығыс».

«Сын есім+сын есім» үлгісімен: мұздай аман (Орал) «тегіс аман», мұздай қара көк (Түрікм.) «түгел, тегіс аман». Біз де мұздай қара көк дегендей күнелтіп жатырмыз (Чап.).

«Сан есім+үстеу» үлгісімен: бірзаматта (Шет.) «бір уақытта», бірзамат (Шу) «тез, жылдам», бірсәметте (Ырғ.) «біркезде», бірпәсте (Шу) «тез, жылдам», екіпай (Жанг.) «екі ұдай», екібастан (Шевч.) «сөзсіз, даусыз», екісептен (Жанг.) «сөзсіз, міндетті түрде».

«Үстеу+ сан есім» үлгісімен: тоғайда бір (Түрікм.), рабайда бір (Арал, Ырғ.), чанда біреу (Шу) «кейде, анда-санда, сирек».

Бұлардан басқа бірен-саран әртүрлі құрамда күрделі үстеулер кездеседі: «сан есім+сын есім» үлгісімен екі жаңғыз (Больш.) «бірлі-жарым, бірен-саран», «етістік+үстеу» үлгісімен білген қадарынша (Орал) «шамасынша», қылаяғы (Больш.) «ең ақыры», «есімдік+үстеу» үлгісімен өзбастан (Түрікм.) «о бастан, әуелден» т.б.

Күрделі шылаулар говорларда аз кездеседі, олардың сыңарлары зат есім, есімдік, етістік, шылау сөздерден жасалады: соң жерде (Ұзын.) «сон». Айтқан соң жерде орындау керек (Ұзын.), дейтұрғанмен (Жән.) «дегенмен», дейтұрса да

(Жымп.) «дегенмен, әйтсе де, алайда», онан басқа (Қош.) «әйтпесе, болмаса». Баланы киіндіріп қой, онан басқа тоңып қалады (Қош.), сондықпенен (Больш.) «сондықтан», тұрғай/тұрғой (Абай, Шұб.) «тұрмақ, түгіл».

Қорыта келгенде, мақалада говорлардағы сыңарлары атрибутивтік қатынастағы күрделі сөздердің грамматикалық құрылымы, оның ішінде атрибутивтік қатынастағы күрделі сөздердің жасалу үлгілері (типтері) және олардың әртүрлі мағыналық белгілері мен қасиеттері талданды. Мұндай күрделі сөздердің анықтаушы–анықталушы сыңарларының арасында нақты атрибутивтік қатынас қазіргі кезде байқалмайды, себебі олар күрделі сөздердің қалыптасу заңдылығына сәйкес біртұтас ұғымды білдіретін тіл бірліктеріне айналып кеткен. Күрделі сөз сыңарларының атрибутивтік қатынасы туралы болжалмен шартты түрде айтуға болады.

Говорлардағы сыңарлары атрибутивті қатынастағы күрделі сөздердің көп кездесетін түрлері зат есім, сын есім екені, ал оларға қарағанда күрделі үстеулер аз мөлшерде екені, ал басқалары тіпті аз екені анықталды. Аtribuтивтік қатынастағы күрделі сөздер тобының әрқайсысының өзіне тән жасалу үлгілері (типтері) бар, бірақ олардың өнімділігі әртүрлі. Күрделі зат есімдердің жасалуында: «зат есім+зат есім», зат есім+тәуелдеу тұлғасындағы зат есім», «ілік септіктегі зат есім+тәуелдік тұлғадағы зат есім», «зат есім+сын есім», «сын есім+зат есім», «сан есім +зат есім» үлгілері, күрделі сын есімдердің жасалуында: «сын есім+ сын есім», «сын есім+зат есім» т.б. үлгілері арқылы жасалған сөздер көп кездеседі. Күрделі зат есімдер мен сын есімдер жасайтын үлгілер де, солар арқылы туған күрделі сөздердің көлемі де көбірек. Ал күрделі үстеулер жасайтын үлгілер аз емес, бірақ олар арқылы жасалған күрделі сөздер аз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. *Ряшенцев К.Л. Сложные слова и их компоненты в современном русском языке: Учеб. пособие. – Орджоникидзе, 1976. – 285 с*
2. *Ганиев Ф.А. Образование сложных слов в татарском языке. Москва: Наука, 1982, -150 с.*
3. *ПҚТС - Н.Оңдасынов. Парсыша-қазақша түсіндірме сөздік. Алматы: Қазақстан, 1974. -384 б.*
4. *Узбрсл - Узбекско-русский словарь, 1959.*
5. *Аманжолов С. Қазақ тілі диалектологиясы мен мәселелері (орысшадан аударған Ф. Қалиев). Алматы, сөздік, 2004. 535 б.*
6. *ҚТТС - Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. 1-10 тт. Алматы: Ғылым, 1974 -1986.*
7. *Нұрмағамбетов Ә. Жергілікті тіл ерекшеліктерінің тәркіні. Алматы: Мектеп, 1985. -160 б.*

**«ҚҰТТЫ БІЛІК» ДАСТАНЫНЫҢ КЕЙІПКЕРЛЕР
ЖҮЙЕСІНДЕГІ ОБРАЗДЫҚ ЖӘНЕ СИМВОЛДЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕР**

Түйін: Мақалада Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» дастанының кейіпкерлер жүйесіне талдау жасалады. Дастандағы әрбір кейіпкерге жеке тоқтала отырып, олардың образдық, символдық ерекшеліктері анықталады. Шығарманың идеялық өзегі және автор насихаттаған адамгершілік құндылықтар да қарастырылып, оларға қатысты жаңаша ұсыныстар берілген. Мақалада қолданылған әдеби әдістерді орта ғасырлық әдеби шығармаларды интерпритациялаудың жаңа үлгілеріне жатқызуға болады.

Кілт сөздер: орта ғасырлар әдебиеті, түркі әдебиеті, образ, символ, характер, кейіпкер, образдар жүйесі, образдық анализ, әдеби интерпритация.

Резюме: В статье анализируется система персонажей поэмы Юсуфа Баласагунского «Кутадгу билиг». Отдельно изучая каждый персонаж поэмы, определяется образные и символические особенности героев. В том числе статья рассматривает основную идею произведения и человеческие ценности, пропагандируемое автором, а так же предложены новые рассуждения по изучению поэмы. Используемые литературные методы в исследовании можно считать новой формой интерпритации средневековых литературных произведений.

Ключевые слова: средневековая литература, тюркская литература, образ, символ, характер, персонаж, система образов, образный анализ, литературная интерпритация.

Summary: The article analyzes the character system of Yusuf Balasagunsky's poem "Kutadgubilig". Studying each character of the poem, the figurative and symbolic features of the characters are determined. In addition, the article considers the main idea of the work and the human values promoted by the author. Along with this, new arguments on the study of the poem were proposed. The literary methods used in the study can be regarded as a new form of interpretation of medieval literary works.

Key words: medieval literature, Turkic literature, image, symbol, character, character, image system, figurative analysis, literary interpretation.

Қарахан дәуірі әдебиетінен жеткен ұлы шығармалардың бірі – «Құтты білік» дастаны. Жүсіп Хас Хажып Баласағұнның бұл авторлық туындысы әлі күнге толық зерттеліп бітпеген, құпиясы мол шығарма болып табылады.

Г.Вамбери, Р.А.Арат, А.Ділашар сынды зерттеушілер арасында «Құтты білік» дастанының жазылып біткен уақыты мен Жүсіптің өмірге келген жылдарына қатысты ортақ пікір бар. Ол бойынша дастанның авторы 1010-1015 жылдары Талас даласындағы Баласағұн шаһарында дүниеге келген. Өзінің атақты дастанын 54 жасында, 1069 жылы Қашғар қаласында тәмамдаған. Бұл дәлелге қарсы пікір білдірген жалғыз ғалым Құрбанғали Халид болды. Ол өзінің «Тауарих-и хамса-и шарки» атты еңбегінде Жүсіп Хас Қажыптың еңбекті хижраның 462 жылы емес, 362 жылы жазғанын айтады. Яғни мәтінді өзгеше түсінген ғалым, ондағы «Йыл алтмыш екі ерді төрт йүз білә» деген жолды хижраның төртінші жүз жылдығының алпыс екінші жылы» деп ұғындырғысы келеді. Қ.Халид бұған қоса, қарахандықтарды исламға енгізген Садық Бұғраханнның заманында өмір сүрген Жүсіп Қыдырхан есімді уәзірді тілге тиек етіп, ханға «Құтты білікті» сыйға тартушы сол екенін айтады. Бірақ, бұл дәйектерге қарамастан, А.Н.Кононов, С.Г.Кляшторный, В.В.Бартольд сынды түркітанушы ғалымдар алғашқы пікірді қостайды. Осы салыстыруларды жасаған, дастан туралы жан-жақты мәлеметтерді жинастырған ғалым А.Егеубаев батыс түркітанушыларының тұжырымын құптайтынын мәлімдеп өткен [1, 9-10 б].

Бүгінгі ғылымда «Құтты білік» дастанының үш қолжазбасы белгілі: Ғират, Каир және Наманган нұсқалары. Г.Вамбери «Құтадғу біліктің» жекелеген үзінділерін алғаш неміс тіліне аударған болса, В.В.Радлов та Каир нұсқасының неміс тіліндегі аудармасын жасап, жариялады. Түрік ғалымы Р.Р.Арат үш нұсқаның басын қосып, салыстыра отырып, дастан мәтінінің транскрипциясын, индекстік сөздігін, түрік тіліндегі аудармасын жасады. 1972 жылы Ташкентте өзбек ғалымы К.Кәрімов «Құтадғу біліктің» сол кездегі өзбек әліпбиімен жасалған транскрипциясын және жолма-жол аудармасын жариялады. Бұдан кейін шығарманың ғылыми айналымға енуіне еуропаның, Ресейдің, түрік ғалымдарының ықпалы зор болды. А.П.Жауберт, В.Томсон, Н.И.Ильминский, В.Ф.Мюллер, А.Лекок, И.Н.Березин, Г.Вамбери, В.В.Радлов, С.Г.Кляшторный, Н.Гребнев, А.Н.Кононов, А.А.Валитова, С.Н.Иванов, И.В.Стеблева, Р.Р.Арат, М.С.Фомкин, С.Н.Ивановтың сынды білгір ғалымдар түркі тіліндегі дастанды жан-жақты қырынан зерттеп, жоғары баға берді [1, 13-14 б].

«Құтты білік» дастанын қазақ оқырмандарына таныстырған ақын, филология ғылымдары-

ның докторы Асқар Құрмашұлы Егеубаев болды. Ол дастанның қазақ тіліндегі аудармасын жасап (Егеубаев А., Алматы: «Жазушы» баспасы, 1986 ж.), сол аударманың негізінде кандидаттық және докторлық диссертация жұмыстарын жазды. Осы орайда, зерттеу жұмысымызда дастанға қатысты мысалдарды А.Егеубаевтың аудармасынан алатынымызды атап өткіміз келеді. Себебі, бұл аударма қазақ тіліндегі жалғыз нұсқа және де шығарманың поэтикалық тінін барынша жеткізе білген, әрі түпнұсқаның мағынасын мейлінше толық сақтаған еңбек ретінде қабылданады.

«Құтты білік» шығармасының негізгі төрт кейіпкері шығармаға арқау болған идеяны образдаушы символдық бейнелер. Бұл туралы автордың өзі кіріспе тарауларда нақты айтып өтеді. Төрт кейіпкердің қасиетін үш бәйітке сыйғызып, былай дейді:

Бұл Күнтуды – түп-түзу заңның өзі,
Ал Айтолды бақыт хәм құттың көзі.

Заты – Ақыл, бастайтын ұлылыққа,
Аты Өгдүлміш сөйледім мұны жұртқа.

Одғұрмышты сөз еттім тағыда мен,
Ақыбет (қанағат) деп ат қойдым мағынамен.
(355-357)

Ал енді кейіпкерлердің образдарын автор өзі таныстырған реті бойынша талдайтын болсақ, ең алдымен Күнтуды Еліктің тұлғасы ортаға шығады. Әділ патша бейнесіндегі Күнтудының қасиеті «Сөз басы – Күнтуды еліктің өзі» атты тарауда сөз болады. Оның ел басқарудағы ерен еңбегі, елге қорған, пана болуы, атақ-даңқының кең жайылуы ерекше көтеріңкі пафоспен, ел басшысына деген сүйіспеншілікпен жырланады.

Күнтудының символдық белгілері өзін-өзі таныстыратын 17,18-тарауларда нақ айқындалады. Бір күні Айтолды хан сарайына кіріп келгенде Күнтуды Еліктің үш тұғырлы таққа жайғасқанын көреді. Жанында пышақ, оң қолында шекер, сол қолында у ұстап отырады. Бұл қылығын түсінбеген уәзір патшадан әрекетінің мәнісін сұрайды. Сонда Күнтуды өзі жасырған жұмбағының сырын аша отырып, өзінің әділдіктің бейнесі екендігін толық танытады. Бұл үш тұғыр – әділ биліктің тірегі – әділ заңның үш қасиетіне меңзейді. Ол үш қасиет хан қолындағы пышақ, шекер және у арқылы ашықталады. Пышақ – кез келген істің турасын кесіп айтар әділдіктің, шекер – жәбір көргендерге көрсетілетін мейірім, у – заңнан қашқан, қара жүрек кісілерге берілетін қатал жазаның символы. Мұны естіген Айтолды Еліктің есімін не себепті Күнтуды деп қойғанын сұрайды. Бұған берген жауабында Күнтуды өзінің өте әділ, барлық жұртқа бірдей мейірімді, айналасына мейірім-шапағатын төгетін қасиеттерін жер-жаһанды нұрландырушы күнмен салыстырады:

Шыққан соң Күн, жаман-жақсы демейді,
Жарық төгіп, бәрін бірдей жебейді. (830,831)

Осы бәйіттердің жалғасында Күннің галактикадағы орны туралы сөз болады. Күн – күн жүйесіндегі траекториясынан қозғалмай бір орында айналатын жұлдыз болып табылады. Қалған тоғыз жұлдыз, соның ішінде Жер мен Ай күнді айналып жүретіні баршаға мәлім ақиқат. Күннің өзіне тән сол тұрақтылық сипатын ақын сәбит сөзімен (арабша – мызғымайтын, берік, тұрақты мағынасын береді) түсіндіреді. Күнтуды Еліктің қасиеттері күннің сол «сәбит» сипатына балаанады:

Және күннің бұржы сәбит келелі,
Сәбит десем, түбі берік дегенім. (833)

Күнтуды Еліктің образы кейінгі тарауларындағы әрекеттерінен, қабылдаған шешімдерінен де ашыла түседі.

«Құтты білік» дастанындағы келесі бір маңызды образ – құт-дәулеттің бейнесі Айтолды уәзір. Автор бар болғаны екі-үш бәйітте оның жомарт, зерек, ойлы, өнерлі ер азамат екенін жырлап өтеді. Еліктің атақ-даңқын естіп, «елден жырақта қол қусырып жата бергенше, түрлі өнеріммен оған қызмет атқарайын» деп аттанып кетуінен де оның аталған қасиеттері байқалады.

Айтолдының символдық ерекшеліктері 14,15,16-тарауларда толық айқындалады. Күнтуды Елікпен жолығудың сәті түсіп, екеуі бетпе-бет көріскенде Елік Айтолдыға: «Кімсің? Атың кім? Қайдан келдің? Ендігі тұрағың қайда?» деген төрт сұрақ қояды. Қойған сұрағына өте терең жауап естиді:

Қызметшімін, босаға – орным, атым – құл,
Ісім – қызмет, кісілікке жақынмын.

Келдім саған ұзақ қиын жол жүріп,
Жетті арыз-тілегіме қол бүгін!

Тілегім бұл: қайтарма сен бетімді,
Жақын тұт та, көргін қызыметімді! (589-594)

Айтолдының жауабынан оның уәзірлік қызметіне қажетті ұстанымдарды байқаймыз. Өзінің ерік-жігерін, кісілік ұжданын тұтастай Еліктің күзіретіне ұсынып, өзін құл ретінде таныстырып тұр. Елікке құлдай ұйып қызмет ету арқылы ол өз өмірінің мәнін таппақ.

Еліктің «Айтолды деп неге қойған атыңды?» деген сұрағына берген жауабынан да Айтолдының бейнесі ашыла түседі. Құт-дәулеттің тұрақсыздығын, өткіншілігін, баянсыздығын автор бірде толысып, бірде азайып, бірде жоқ болып кететін айдың табиғи сипаттарына теңейді. Сонымен қоса, автор уәзірдің атын Айтолды қою арқылы тағы да бір астарлы идеяны айтқысы келіп тұрған секілді. Айдың көптеген қызметтерінің бірі – жер бетіне қараңғылық түскенде күннің сәулесін шағылыстырып, адамдарға жарық сыйлау. Ендеше уәзір де ай секілді патшаның мейірім-ықыласын халқына жет-

кізуші. Патшаның барлық қасиеттері уәзірі арқылы көрінеді.

Жоғарыда аталған екі кейіпкердің атаулары түркілердің дәстүрлі мифологиялық танымынан хабар береді. Күн мен Ай есімді кейіпкерлер барша түркі халықтарына ортақ аңыздар мен мифтерде кездеседі. Бұл туралы батыстың ғалымдарынан бастап, Н.Келімбетов, Х.Сүйіншіәлиев, А.Қыраубаева, А.Егеубаев сынды ғалымдар өз еңбектерінде жан-жақты айтып өткен. Ғалым А.Егеубаев «Құтты біліктегі» аталған екі кейіпкердің түркілік негіздерін айта келе, олардың бұл дастанда басқа шығармалардай емес, өздеріне тән ерекшеліктерімен көрініс беретініне мән береді: «...аспан денелеріне келгенде, Жүсіп Баласағұн мифологиялық, аңыз сипатынан көрі астрономиялық ілім дәлдігіне іш тартады. Аспан денелерінің аталуы, қозғалысы жайлы ғылыми дәйектілікпен жырлайды» [2, 212 б].

Айтолдының шығармадағы қызметі, іс-әрекеті келесі бір маңызды кейіпкер Өгдүлмішке ұқсас. Екі кейіпкердің де мазмұндық дамуы Күнтудының айналасында өрбиді. Айтолды уәзір қайтыс болған соң баласы Өгдүлміш Күнтудыға қызметке келеді. Өгдүлміштің образдық бейнесі алдыңғы екі кейіпкер секілді анық та айқын белгілермен танылмайды. Автор оны ашу үшін арнайы тәсіл қолданбаған. Бірақ, шығарма желісінің дамуы барысында Өгдүлміштің ақыл-парасат иесі екені өз ретімен біртіндеп айқындала бастайды. Өгдүлміштің елікке берген ақыл-кеңестері, қойылған сұрақтарға берген жауабы оның типтік ерекшеліктерін айқын танытады. Ыстық ақыл (Абай) иесі болған Өгдүлміштің әрбір сөзі өмірдің бір-бір ақиқаты. Ата жолын қуып, кемел ақыл иесі болуға ұмтылған Өгдүлмішке Күнтуды Елік өмірлік маңызы бар сауалдар қояды. Өгдүлміш те оған еш кідірмей жауап береді. Мысалы, өмірде «Не пайдалы, не пайдасыз, игіліктің жөні неде?» – деген еліктің сауалына берген жауабы:

Екі әлемде кісілерге, керегің –
Ізгі қылық, түзу құлық, - дер едім.

Екінші – ұят, үшіншісі – әділдік,
Осы үшеуі бақ-дәулетің бәріңнің.

Ұят, шындық, ізгі құлық – үшеуі
Қосылғанда құбылаң тең түседі.
(1659,1660,1664)

Ал «Жамандық не? Жауыздық не?» - деген сұраққа: арсыздық, алдау-арбау, сараңдық – осы үш түрлі надандық жамандықтың нағыз өзі деп жауап береді (1666-1669). 1690-1785 бәйіттерде Өгдүлміштің Елікке қызметке тұрғаннан кейін атқарған игі істері, жан аямай тер төккен еңбегі жырланады. Соның арқасында Күнтуды Елік те халқымен бірге ырыс-берекеге кенеліп, көңілі жай табады. Заң түзеліп, ел іргесі бекігені де баяндалады. Ал осы

ырыс-құтқа себепкер болған нәрсе – Күнтуды мен Өгдүлміштің бірігіп атқарған ерен еңбектері.

«Құтты білік» дастанындағы Өгдүлміштің бейнесінде жасырынған идеяларды арши келе, автор білім-біліктің, зияткерліктің құтты-берекелі ел құрудағы маңызды фактор екенін айтқысы келгенін аңғаруға болады.

Осы тұста Айтолды мен Өгдүлміштің бейнелеріне қатысты маңызды бір пікірді тілге тиек еткеніміз жөн. Ғалым А.Н.Кононов өзінің «Поэма Юсуфа Баласағунского «Благодатное знание» атты көлемді мақаласында уәзірлік қызметіндегі екі кейіпкерге қатысты былай дейді: «Не исключено что Айтолды, олицетворяющий счастье и Огдюльмиш, олицетворяющий разум, представляют в поэме самого Юсуфа и выражают его идеалы. Мирощущение и мировоззрение» [3, 509 б]. Ғалымның бұл пікірімен толық келісуге болады. Шығарма кіріспесіндегі Жүсіп Баласағұнның Хас Хажып қызметіне сайланып, атақ-даңққа ие болғаны жайлы дерекке сүйенетін болсақ, автор сарай билігіндегі хан мен уәзір қатынастарын толық білетін, оның әлеуметтік әрі рухани мән-маңызын түсінген жан ретінде шығармадағы кейіпкерлердің образын шебер суреттеп, кемел деңгейге жеткізе жырлауы заңды құбылыс болмақ.

Дастанның сюжетіне, мазмұнына серпін берген келесі кейіпкер – дүниеден баз кешіп, елден жырақта өмір сүретін ақылман, әулие Одғұрмыш. Оның образдық ерекшелігі есімінен-ақ айқын аңғарылып тұр. Одғұрмыш – көне түркі тіліндегі одзұғ – ояу мағынасындағы сөзден шыққан есім. Бұған дәлелді мынадай салыстырмалы мысалдан келтіре аламыз:

А.Егеубаев аудармасы:

Жаны ояудың сөзін есті, мән бере:

«Безе ішінді, сырт бойыңды сәндеме! (5112-бәйіт)

Көне түркі тілінде:

negü tir eşit emdi köngli oduğ

içingni beze tutma tış sır boduğ [4, 510 б]

Осы бәйіттегі асты сызылған тіркесте жаны ояу – көңілі ояу мағынасы одзұғ сөзімен берілген. Түркі филологиясында д – дз – з – й дыбыстары өзара алмасып, диалектілік ерекшеліктеріне қарай өзгеріске ұшырау заңдылығы анықталған. Демек, Одғұрмыштың есімі қазақ тілінде Ойатушы мағынасын береді. Ал шығармада бұл есім – рухани оятушы, дүние ғапылдығынан оятып, рухани сергектікке шақырушы образдық бейнені жинақтаушы концепті болып табылады. Одғұрмыштың бейнесі дастанның сюжетінен, айтқан даналықтарынан, патша мен уәзірге берген кеңестерінен, оның сыртқы жүріс-тұрысына қатысты суреттеулерден, тақуалы өмір салтын баяндаған бәйіттерден айқын таныла түседі. Одғұрмыштың елден жырақтап, құлшылық-ғибадатқа бет бұруының себебін автор кейіпкердің өз аузымен жеткізеді:

Дінім – әлсіз, біліп қайғы жеп едім,
Игілікті осы жер ме деп едім.

Содан келіп мекен тептім бұл жаққа –
Жалғыз қалып, тәу етсем деп бір хаққа.

Шырмалса адам бұл дүние ісіне,
О дүние қамы кірмес түсіне... (3338-3340)

Бұл ойының артынша кейіпкер рух-нәпсі мәселесін қозғайды. Күллі дүниелік істерге қақпанды жауып, оңашаланбайынша құдайға толық сыйыну мүмкін емес. Тәннен нәпсілік қалаулардың барлығын сығып шығарып тастамайынша, пенде құлшылықтың шынайы дәмін тата алмайды деген түйін жасайды. Ал Өгдүлміштің «жалғыздық мехнатын тартып жатырсың ғой» деген жанашырлығына рухы ояу Одғұрмыш: «Алла тағаланы дос еткен адамға ешбір жалғыздық жуымайды» деген оймен жауап береді (3349). Автор бұл кейіпкердің бейнесі арқылы қарапайым халық үшін, әсіресе билік басындағылар үшін ой-санасын қылдай кір шалмаған рухани ұстаздан дәріс алудың, сол ұстаздың нұсқауымен құлық-қылығын түзетіп отырудың маңыздылығын айтқысы келген секілді. Бұл ойды мынадай маңызды пікірмен қуаттағымыз келеді: «... тақуа Одғұрмыш бейнесіне ерекше мән берілуі, ел билеушілері тарапынан оған ыстық ықылас, зор құрмет көрсетілуі, оның әрбір сөзінің, іс-әрекетінің өнеге ретінде қабылдануы – сол тұста біздің халқымыздың сопылықпен жақсы таныс болғанын, сопылықтың мемлекет өміріндегі жетекші институтқа айналып үлгергенін көрсетеді» [5, 101 б].

Жоғарыда жасалған талдаулардан «Құтты білік» дастанының кейіпкерлер жүйесіндегі маңызды атрибуттар анықталды. Төрт кейіпкерге жасырынған идеялар құт-бақытқа кенелудің жолын нұсқайды. Олар бейнелеген образдардан: ізгі ниет, көркем ақлақ, терең білім, әділ үкім, берік иман сынды құндылықтармен бірге – халыққа қызмет ету, халықтың қамын жеу, билік-тәртіпке бойсұну, халық алдындағы жауапкершілік сынды елдік мұраттар да көрініс тапқан.

Әдебиеттер:


1. *Әдеби жәдігерлер. Жиырма томдық. 5-т.: Жүсіп Баласағұн. Құтты білік/ Көне түркі тілінен аударып, алғы сөзі мен түсініктерін жазған А.Қ.Егеубаев. – Алматы: «Таймас» баспа үйі, 2007. – 536 бет.*

2. *Егеубаев А.: «Ежелгі дәуірдегі қазақ әдебиетінің көркемдік жүйесі (X-XII ғасырлар: көркемдік-эстетикалық ізденістер мен түрленулер)» - докт-қ дисс. Жинақтан алынды – Классикалық зерттеулер: көп томдық. – Алматы: «Әдебиет әлемі», 2013. Т.17: Көне түркі әдебиеті туралы зерттеулер. – 380 б.*

3. *Баласагунский Ю. Благодатное знание. М. Наука: 1983 – 558стр.*

4. *Reşit Rahmeti Arat – Kutadgu bilig – metin. İstanbul: Milli eğitim basımevi. 1947.*

5. *Әбдірасыл А.: «X-XII ғасырлар әдебиетіндегі азат ой ағымдары» – Жыраулар поэзиясындағы тәуелсіздік сарындары. Алматы: «Тіл» оқу-әдістемелік орталығының баспасы, 2012. - 408 бет.*



**ПЕДАГОГИКА ҒЫЛЫМЫ
ПЕДАГОГИЧЕСКАЯ НАУКА
PEDAGOGY**



Нусипжанова Бибигуль Нурғалиевна

кандидат педагогических наук, профессор (КазНАИ им.Т.Жургенова)1
bibigul-08.08@mail.ru--

Казыбекова Жайдаргуль Алмасовна

кандидат искусствоведения, преподаватель (КазНАИ им.Т.Жургенова)
jaidafer-80@mail.ru

У ИСТОКОВ ПРЕПОДАВАНИЯ «ИСТОРИИ КАЗАХСКОЙ МУЗЫКИ»

Түйін. Қазақ музыкатану ғылымының бастауында керемет адамдар, өз ісінің патриоттары, экспедициялық сапарлардың ауқымды материалдарынан «қазылып алынған» қазақ халқының музыкалық мұрасын іс жүзінде игеруге, үнемі ғылыми ізденіске ұмтылатын қазақ зиялылары – А.Қ.Жұбанов, В.М.Беляев, А.В.Затаевич және т.б. тұрды. Осы аса көрнекті адамдардың қатарында музыкатанушы-этнограф, заманауи фольклористикаға үлкен үлес қосқан педагог Алма Зарабқызы Темірбекова бар. Оның 1976 жылы әдебиет пен өнерді ғылыми әдістемелік кеңесте қарастырылған «Қазақ кеңес музыкасы бойынша дәрістердің болжалды мазмұндама тақырыптары» («Примерная аннотированная тематика лекций по казахской советской музыке») атты еңбегі сол саладағы жалғыз еңбек болды.

Кілт сөздер: қазақ музыкасының тарихы, кәсіби музыка, дәстүрлі музыка.

Резюме: бұл мақала ұлттық музыка тарихы бойынша терең ойларға, ұлы адамдарға, ескерткіш-құжатқа арналған, олардың ойлары бүкіл Қазақстан аумағында әлі де талқыланады және толықтырылады.

Summary: the article focuses on document-monuments that has rich material for deep reflection on the history of national music and tells about the inspirers, majestic figures whose ideas are discussed and complemented throughout Kazakhstan.

Резюме. У истоков казахстанского музыковедения стояли замечательные люди, патриоты своего дела, казахстанская интеллигенция, стремящаяся к постоянным научным поискам, к практическому освоению музыкального наследия казахского народа, «выкопанных» на обширных материалах экспедиционных поездок – А.К.Жұбанов, В.М.Беляев, А.В.Затаевич и т.д. В этом выдающемся ряду находится имя музыковеда-этнографа, много сделавшего для современной фольклористики, педагога Алмы Зарабқызы Темірбековой. Ее труд «Примерная аннотированная тематика лекций по казахской советской музыке», рассмотренный на научном методическом совете литературы и искусства в 1976 году, оказался единственной работой своего рода.

Ключевые слова: история казахской музыки, профессиональная музыка, традиционная музыка.

Summary. At the origins of Kazakhstan musicology there were remarkable people, patriots of their craft, Kazakh intelligentsia, striving for constant scientific searches and for practical mastering of the musical heritage of the Kazakh people, «excavated» on extensive materials of expedition trips - AK Zhubanov, VM Beliaev, A.V. Zataevich and others. In this outstanding series there is the name of the musicologist-ethnographer Alma ZarabovnaTemirbekova, who has done much for modern folklore studies.

Key words: history of Kazakh music, professional music, traditional music.

Введение. Тестовые задания, на сегодняшний день, являются одной из обязательных форм контроля знаний студентов ВУЗов и учащихся средних специальных учреждений. Через данный показатель обобщается определенный объем пройденного учебного материала. Общеизвестно, что для процедуры аттестации в колледжах и аккредитации высших учебных заведений такая форма проверки результатов стала важной и чуть ли не единственной. Активная разработка тестовых сборников как учебно-методических пособий (для преподавателей и учащихся) на современном этапе подчеркивает ее востребованность и необходимость.

Как правило, вопросы в тестах обычно даются в строгой последовательности и соответствуют типовой учебной программе по тому или иному предмету. Каждый вопрос сопровождается вариантами ответов. Вопросы иногда делятся по уровню сложности, даются в виде таблицы, что является удобным для визуального охвата. Как и всякая работа, тестовик может быть не свободен от отдельных недостатков, к примеру, важно избрать правильную постановку вопросов, не всегда могут быть отражены результаты аналитического, логического плана, то есть тесты ограничивают учащихся в самостоятельном подходе к той или иной теме, проблеме. По этой причине невозможно окончательно и в музыкальной сфере сформировать представление о студенте, о его потенциале, о наличии творческого начала.

Таким образом, тесты и подобные им задания не всегда могут претендовать на всестороннее ос-

вещение предмета, однако, надо отдать должное им как первоначальной фазе, как своеобразному рубежу пройденного материала. Несомненно, тесты – нужный этап и так необходимый в плане изучения и последующей широкой популяризации, к примеру, музыкального искусства Казахстана.

Основная часть. Но 30 лет тому назад, когда не было еще (должной) информативной базы, не было учебных пособий и учебников, не было современных типовых учебных программ, многое «держалось» на энтузиазме, на найденных «кровью и потом» материалах (изустная фиксация первых музыкальных традиционных образцов и их расшифровка, изучение автобиографий и творчества музыкантов, выявление стилей и мн.др.) – обязаны мы этим нашим «героям», благодаря которым мы имеем на сегодня колоссальное количество трудов по казахской музыке.

У истоков казахстанского музыковедения стояли замечательные люди, патриоты своего дела, казахстанская интеллигенция, стремящаяся к постоянным научным поискам, к практическому освоению музыкального наследия казахского народа, «выкопанных» на обширных материалах экспедиционных поездок – А.К.Жубанов, В.М.Беляев, А.В.Затаевич и т.д. В этом выдающемся ряду находится имя музыковеда-этнографа, много сделавшего для современной фольклористики, педагога Алматы Зарабовны Темирбековой.

Ее труд «Примерная аннотированная тематика лекций по казахской советской музыке» [1], рассмотренный на научном методическом совете литературы и искусства в 1976 году, оказался единственной работой своего рода. До появления «лекций» трудно представить каким образом преподавался данный курс в учебном процессе. С этого времени можно считать, что в музыкальном образовании Казахстана начался качественно новый этап развития национальной культуры.

Работа состоит из Введения и пяти глав (у автора «тем»).

Масштабное Введение в содержательном плане включает рассмотрение и расшифровку понятий:

– «искусство» – «Картины, музыка, архитектура, прикладное искусство, кино, театр, песни, танцы – все эти совершенно различные явления и разные по характеру обозначаются одним словом искусство»;

– «музыка», отмечая, что она способствует «широкому человеческому общению..., отражая передовые идеи эпохи» и т.д.;

– Темирбекова А. упоминает о важном событии международного плана, когда ЮНЕСКО объявило Днем музыки 1 октября с 1975 г.;

– заостряет внимание на несомненной роли и влиянии советской музыки на братские республики и чуть ли не девизом звучат ее слова «Долг му-

зыкантов, композиторов большого отряда многонациональной культуры нашей страны творчески ярко, дерзновенно нести широким массам и более того знакомить ее с лучшими страницами советской музыки»;

– одной из главных задач для композиторов провозглашается «претворение в своем творчестве тем современности в сочинениях крупного, монументального плана – операх, ораториях, кантатах, в программной симфонической музыке».

Самым ценным же является описание сложного и интересного пути казахской музыки, от истоков, которые кроются в глубочайшей древности, до казахской советской музыки 1970-х годов.

Предлагаемый материал представляет действительно краткий, но очень компактный и полный аннотированный цикл лекций по истории музыкального искусства Казахстана.

Если рассмотреть подробно содержательную сторону каждой из глав, то сразу можно заметить родственность сегодняшней типовой программе по «Истории казахской музыки» для колледжей и ВУЗов, где в хронологическом порядке расположены все темы:

Тема 1. «Казахская народная музыка – песенная и инструментальная как форма художественного творчества» включает описание носителей национальной традиции казахской музыки – әнші, құйші, ақын, жырші; музыкально-поэтическое творчество – айтыс, толғау и основных жанров казахских народных песен; затем рассматривается творчество выдающихся представителей песенной культуры.

Тема 2. «Инструментальная музыка. Классик инструментальной музыки Курмангазы Сағирбаев. Композиторы-инструменталисты – Даулеткерей Шигаев, Таттимбет Казангапов, школа Курмангазы – Дина Нурпеисова, Мамен» – посвящена инструментальной музыке казахского народа, инструментальным произведениям для домбры, кобыза и сыбызгы.

Становлению казахской профессиональной музыки Казахстана с 1930-х годов, появлению музыкальных профессиональных учебных заведений и музыкальных коллективов (Казахская государственная филармония, хоровая капелла, ансамбль казахского народного танца), зарождению национальной казахской оперы, краткой характеристике творческого пути ведущих композиторов Казахстана от Е.Брусиловского до К.Кужамьярова посвящена Тема 3. «Казахская советская музыка».

Творчество на тот момент среднего и молодого поколения композиторов (от Г.Жубановой до С. Мухамеджанова) отражено в Теме 4. «Казахская музыка на современном этапе».

Тема 5. «Казахская советская музыка 1970-х годов» представлена как период расцвета концертно-исполнительского искусства Казахстана

– «Крупные музыкально-художественные коллективы республики. Государственная хоровая капелла Казахской ССР, Заслуженный коллектив казахского государственного оркестра народных инструментов им. Курмангазы, ведущие вокально-инструментальные ансамбли. Мастера казахского музыкального искусства: народные артисты СССР – Б.Тулегенова, Р.Джаманова, Р.Багланова, Е.Серкебаев; народные артисты Казахской ССР – Г.Курмангалиев, Б.Досымжанов, Р.Мусабекова, Э.Епанешникова, А.Умбетбаев; заслуженные артисты Казахской ССР Н.Каражигитов, С.Курмангалиева, Ж.Баймолдина – продолжатели замечательных традиций советской и казахской оперной и вокальной исполнительской школы» и развития казахского музыкального искусства в целом.

Мы неслучайно заострили внимание на текстологической части – на результатах практически полностью введенного в современную практику преподавания «Истории казахской музыки». Кроме того, при сравнении с учебной программой 2000-х годов, проступает тенденция к забвению отдельных имен, к примеру, из первой темы «Примерно аннотированных тематик лекций по казахской советской музыке» уже сегодня не изучается творчество Бахтыбая, продолжателя Суюнбая; Ногайбая. Из второй темы не всегда изучается творчество Мамена Копбалы (1868-1931). Из обширной третьей темы – творчество музыкальных деятелей – Р.Елебаева, И.Надилова, О.Орлова, Б.Лебедева; дирижеров, хормейстеров – Б.Врана, В.Пирогова, Э.Юнгвальд-Хилькевича, А.Преображенского; потерявшие актуальность оперы – «Золотое зерно», «Наследники», «Тулеген Тохтаров», «Золотые горы»; многие песни военных лет. Из четвертой темы – «Вечер на Джайлау» для хора а, саpella Е.Брусиловского, симфоническая поэма «В древнем Туркестане» С.Мухамеджанова.

«С методической тщательностью и научной обоснованностью А.З.Темирбекова освещает основные жанры и формы музыкального фольклора; охватывает значительные и этапные пути развития казахской советской музыки, выявляя вместе с тем ее жанровое и стилевое многообразие» – пишет в своем отзыве на научно-методическую работу А.Темирбековой «Примерная аннотированная тематика лекций по музыкальному искусству Казахстана» на тот момент старший научный сотрудник Института литературы и искусства АН КазССР, кандидат искусствоведения Сара Адильгереевна Кузембаева [4]. Также отмечает, что «По своему содержанию и характеру работа А.З.Темирбековой представляет, несомненно, нужный материал и так необходимый в плане ознакомления и широкой популяризации музыкального искусства Казахстана. Все это дает право на то, чтобы она была рекомендована в печать по линии республиканского общества “Знание”».

Заключение. Труд А.З.Темирбековой «Примерная аннотированная тематика лекций по казахской советской музыке» удивляет, поражает своей фундаментальностью. В первую очередь учитывались периодизация тем, соответствующая строгой последовательности; обобщающий момент разделов, исследовалось не только творчество отдельных композиторов, но и их взаимосвязь. Освещение материала реализуется в контексте общей истории и на самых разных уровнях.

Сегодня уже не возникают вопросы по данному курсу казахской музыки, и кажется вполне очевидным весь изучаемый материал. Тогда, однако, в те далеко недалекие годы авторы и его сподвижники совершили непревзойденный поступок. Это – документ-памятник, богатый материалом для глубоких осмыслений по истории национальной музыки, о тех идейных вдохновителях, величественных фигурах, чьи мысли обсуждаются, дополняются по всему Казахстану.

Список использованных источников:

1. Темирбекова А.З. Брошюра «Примерная аннотированная тематика лекций по казахской советской музыке» – 1976 г. (рукопись)
2. Тагдырлар: З.М.Темирбеков (1906-1938) және А.З.Темирбекова (1929-2009). Құраст. А.Қ.Омарова. Ж.А.Қазыбекова. – Алматы: ТОО «Издательство ЛЕМ», 2013. – 464 б.
3. Абугазин Т. Шығыс Қазақстан өңірінен шыққан әнші-ақындар (Уәйіс Шондыбайұлы, Ногайбай Сүлейменұлы және Әсет Найманбайұлы) //«ЖАҒАНДАНУ: ЖАЛПЫ АДАМЗАТТЫҚ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ МӘДЕНИЕТТІҢ БІРЛІГІ МЕН ҚАЙШЫЛЫҚТАРЫ» атты республикалық ғылыми-практикалық конференциясының материалдары – Алматы, 2017. – 193 б.
4. Кузембаева С.А. Отзыв на научно-методическую работу А.Темирбековой «Примерная аннотированная тематика лекций по музыкальному искусству Казахстана» – г.Алма-Ата, 14 июня 1976 г. (рукопись)

Сноски:

1. «Примерная аннотированная тематика лекций по казахской советской музыке» вошла в монографию «Тагдырлар» [2].
2. На сегодняшний день эти имена постепенно восстанавливаются, обсуждаются на круглых столах, посвященных той или иной юбилейной дате, затрагиваются в докладах конференций [3, 99-105]
3. С.А.Кузембаева – доктор искусствоведения, профессор, член-корр. АН РК

Джердималиева Ригта Рамазановна

доктор педагогических наук, профессор

Казахской национальной академии искусств им. Т.Жургенова, e-mail: yanis_87@mail.ru

ХУДОЖНИЧЕСКИЕ «МОТИВЫ» В ТВОРЧЕСКОМ СОЗНАНИИ ЛИЧНОСТИ

Резюме. В статье раскрывается значимость воздействия музыкального искусства на развитие личности, творческое сознание которой наполнено стремлением обрести собственное «Я» в гармоничном единении истины, добра и красоты.

Түйін. Мақалада шынайылық, мейірімділік пен сұлулықтың біртұтас үндестігінде өзіндік «Менді» табу жолындағы талпынысқа толы жеке тұлғаның, шығармашылық ойдың дамуына музыканың маңыздылығы қарастырылады.

Summary. The article reveals the significance of the influence of musical art on the development of the personality, whose creative consciousness is filled with the desire to find one's own «I» in the harmonious unity of truth, goodness and beauty.

Проблема личности всегда интересовала и продолжает вызывать повышенный интерес со стороны ученых – представителей различных областей научного знания о природе человека и о характере его взаимоотношений с окружающей действительностью. Современная исследовательская мысль все более тяготеет к раскрытию многообразных аспектов, связанных с изучением широкого спектра проявлений личностного фактора в определенном социуме, о чем свидетельствуют высказывания известного ученого – психолога Б.Г. Ананьева: «Человекознание – главный центр научного развития современной науки» [1, с.6]

Становление любой личности в конкретный исторический период одновременно является отражением ее социально – культурной активности в повседневной жизни, которая складывается из множества разнородных впечатлений, где музыкальным отводится значимая роль. Обусловленное внутренним мироощущением, личностное развитие становится своего рода индикатором происходящих в нем качественных преобразований.

Со времен, когда человек впервые стал задумываться о своих взаимоотношениях с окружающим миром в его материальной и духовной субстанциях, направленность на преобразование самого себя за счет развития собственного эстетического опыта определяла собой конкретные проявления личностного «Я» в разнообразных актах художественного и в том числе музыкального творчества. Соответственно, в значительной степени активизируются не только внутренние помыслы и устремления личности, постоянно корректируемые теми или иными жизненными установками в процессе взаимодействия с «просветляющими душу» возвышенными музыкальными мотивами, но и происходит усиленная мобилизация духовно – созидательной энергии, направленной в русло ее развития и дальнейшего

совершенствования.

Трудно оспорить тот факт, что любое искусство в большей или меньшей степени нуждается в определенной системе четких оценочных ориентиров, укрепляемых за счет устойчивых духовно – личностных контактов с избранным кругом музыкальных произведений. Причем, наличие отчетливых «векторов» в становлении индивидуально выраженных приоритетов создает благоприятные условия для «выхода» в то самое «истинное искусство» (И.А.Ильин), постижение которого ведет к сотворчеству, взаимопониманию, душевному равновесию, согласию с самим собой и другими социально – ценностными детерминантами, влияющими на ход саморазвития личности в плане непрерывного совершенствования ее нравственно – духовного облика. Не случайно именно симфоническая музыка, в силу своих несомненных художественных достоинств, и, прежде всего, присущих ей грандиозных масштабов, ослепляющей мощи оркестрового звучания и разнообразия тембровых красок, а также рельефности, «плакатности» подвергаемых интенсивному музыкальному развитию тем – образов, обладает наиболее ощутимым эмоциональным воздействием на массовую аудиторию. Приметы подобного эстетического воздействия могут проявляться как на общекультурном, так и на психофизиологическом уровнях, так как, например, «установлено, что девятая симфония Брукнера действует на сердечно-сосудистую систему здоровых людей, подобно шуму, уменьшая минутный объем кровообращения. А адажио и аллегро из Третьего Бранденбургского концерта Баха повышают минутный объем кровообращения и снижают частоту пульса. И Брукнер, и Бах достаточно типичны для своего времени, и поэтому даже на этих двух примерах можно уловить некоторые закономерности» [3,32].

Не подлежит сомнению, что с помощью «высокого» искусства, каким был и остается мир классических музыкальных идей и образов, можно не только вывести индивида из состояния духовного оцепенения, «чувственной дремоты», которое, к сожалению, нередко становится существенной преградой на пути его личного развития. И это том, что «родовое» чувство красоты, согласно данных эстетической науки, является «имманентным свойством человеческой природы, с заложенной в ней эмоциональной отзывчивостью на духовное совершенство, запечатленное в богатейшем арсенале художественно – выразительных средств классической музыки. Дарящие истинное эстетическое наслаждение, последние в своем воздействии на человека способствуют, с одной стороны, возрастанию у него

устойчивых интересов к еще более углубленному музыкальному восприятию, а с другой – неуклонному самосовершенствованию в плане личностного «видения» музыкальных ценностей.

В свое время Н.А. Бердяев отмечал, что «в художественном восприятии мир дан нам уже просветленным и освобожденным, в нем прорывается человек через тяготу мира. В творчески – художественном отношении к миру уже приоткрывается мир иной. Восприятие мира в красоте есть прорыв через уродство «мира сего» к миру иному... Восприятие красоты в мире есть всегда творчество – в свободе, а не в принуждении постигается красота в мире» [2, с. 437–438]. Нет необходимости доказывать, что увлечение «серьезной», «просветляющей» душу (Б.В. Асафьев) музыкой, под влиянием которой в значительной степени активизируются проявления художественно – эстетических чувств, вкуса и всего внутреннего потенциала личности, должно быть вполне естественным для каждого культурно развитого человека, и, более того, стать насущной необходимостью в его стремлении обрести собственное «Я» в духовной стороне своей жизни.

В любом случае важно свободно – непринужденное, добровольное вхождение любого индивида в культуру приобщения к высоким образцам музыкального искусства – «продукту» многих поколений человеческой цивилизации. А для этого, что совершенно очевидно, необходимо обеспечить обширное слуховое и зрительное пространство, в котором данный индивид может развиваться, переходя с одного уровня восприятия на другой и меняя свои музыкальные предпочтения, в соответствии с движениями своей души. В этих душевных движениях и отношениях с миром и состоит сама жизнь, которая представляет человеческому духу возможность реализовать бесконечное и никогда не удовлетворяемое в полной мере стремление к гармонии и красоте, фиксируемое в разнообразных сочетаниях музыкальных созвучий, тембров и других выразительных элементов музыкального искусства.

Восприятие окружающего мира неизбежно порождает целую массу впечатлений, которые, становясь своего рода «Информационным полем», подпитывают ассоциативно – образное мышление слушателя в процессе его индивидуальных контактов с достойными образцами музыкального искусства. Проявляемое в активной форме, оно постепенно перерастает в некое качество личности, обладающей определенной слушательской культурой и имеющей вполне выраженный духовно – практический опыт для выработки у себя устойчивых ориентиров в оценке явлений общественной и музыкальной жизни.

В целом, практика художественного взаимодействия с музыкой посредством ее восприятия выступает «общим знаменателем» многоступенчатого процесса целостного постижения музыкального искусства во всем его разнообразии и в триединстве

основных его участников – автора, исполнителя и слушателя, где в качестве основного компонента выступают художественные эмоции – живительный источник для полноценного «вхождения» в мир гармонии и красоты. По мнению видного ученого – психолога Б.М. Теплова [5], такого рода творческая деятельность не только успешно поддается воспитанию, но и всестороннему развитию на базе сформированной способности воспринимать и эстетически переживать запечатленные в музыкальных звуках образы.

Любое, сколько –нибудь осмысленное восприятие музыки требует хотя бы минимального опыта для адекватного понимания всего того, что включают в себя следующие моменты: объективные (самопроизведение как объект восприятия) и субъективные (индивидуальные характеристике слушателя – субъекта указанного процесса). При этом здесь не обойтись без упоминания такой весомой категории, как художественный вкус, объективное содержание которой заключено в правильном отражении предметных свойств того или иного вида музыкального искусства. Откликаясь на любые общественные преобразования, личность в своем становлении проходит несколько закономерных этапов, ориентированных, в первую очередь, на развитие эмоциональной сферы, интеллекта, памяти и т.д., под влиянием которых вырабатывается тот или иной тип мировоззрения как органичный сплав знаний, ценностных приоритетов и оценочных категорий. Речь идет о лично – окрашенном переживании познавательных объектов материального мира, приводящем в действие иные «механизмы», направленные на чувственное восприятие и осмысление попадающих в орбиту жизненных устремлений, художественных явлений и фактов.

Будучи «кладезью» величайших творений мирового художественного гения, общечеловеческие ценности, нашедшие свое ярчайшее воплощение в одухотворенных образах музыкального классицизма, стали проявлением на практике гармоничного единения трех начал: истины, добра и красоты. Предстающие в нашем сознании как некие звучащие символы, они, по меткому определению В.В. Медушевского, «дают возможность живо ощутить эту творческую энергию как горящий в груди огонек, в трепетном язычке которого светятся и любовь, и стремление, и ощущение дыхания как неопровержимое свидетельство жизни и сокровенная радость от приобщения к бытию» [4, с.29].

Литература

1. Ананьев Б.Г. *О проблемах современного человекознания.* – М., 1977.
2. Бердяев Н.А. *Смысл творчества // Из истории отечественной мысли.* – М., 1989.
3. Лук А.Н. *Эмоции и личность.* – М., 1982.
4. Медушевский В.В. *Интонационная фабула музыки.* – М., 1993.
5. Теплов Б.М. *Психология и психофизиология индивидуальных различий.* – М., 2004.

Түрсүн Хазретәлі Маханұлы

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік-университетінің профессоры,
Түркістан қаласы, tursunhazret@mail.ru

Таракчы Вахдет

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік-университетінің докторанты (PhD),
vahdettarakci@hotmail.com

**МУСТАФА ШОҚАЙДЫҢ ТОЛЫҚ ШЫҒАРМАЛАРЫ
ТҮРКІСТАН ҰЛТ-АЗАТТЫҚ ҚОЗҒАЛЫСЫНЫҢ ДЕРЕККӨЗІ**

Түйін: Көрнекті қоғам қайраткері, Түркістан ұлт-азаттық қозғалыс көшбасшыларының бір Мұстафа Шоқайдың соңына қалдырған саяси және тарихи шығармаларыөте қомақты. Осы мұра К.Есмагамбетовтың іздеп, тауып жинақтауы және ғылыми талдауы арқылы көптомдық болып жарық көрді. Бұл шығармалар жинағының отандық деректанудағы маңызы үлкен. Сонымен бірге жинақтың қолданбалық маңызы да жоғары. Мақалада Мұстафа Шоқай шығармаларының деректік маңызы айқындалады.

Кілтті сөздер: Мұстафа Шоқай, деректану, Түркістан ұлт-азаттық қозғалысы, советология, субъективизм, Көшім Есмагамбетов

Резюме: Видный общественный деятель, один из лидеров Туркестанского национально-освободительного движения Мустафа Шокай оставил нам богатое литературное наследие в виде различных политических и исторических произведений. Это наследие было найдено, собрано, исследовано и опубликовано К.Есмагамбетовым в виде многотомника. Этот сборник произведений в нескольких томах имеет огромное практическое значение для отечественного источниковедения. Вместе с этим, в статья показывает источниковедческую значимость произведений Мустафы Шокая.

Ключевые слова: Мустафа Шокай, источниковедение, Туркестанское национально-освободительное движение, советология, субъективизм, Кошим Есмагамбетов

Summary: The prominent public figure, one of leaders of the Turkestan national liberation movement Moustapha Shokay left us the rich literary heritage in the form of various political and historical works. This heritage has been found, collected, investigated and published by K. Esmagambetov in the form of the multivolume edition. This collection of works in several volumes has huge practical value for a domestic source study. Together with it, in article shows the source study importance of Moustapha Shokay's works.

Key words: Mustafa Shokai, source study, Turkestan national liberation movement, Sovietology, subjectivism, Koshim Yesmagambetov

Түркістан өлкесінде ХХ ғ. бас кезінде жергілікті халықтардың түрлі саяси, ағартушылық

ұйымдары құрыла бастады. Ағартушылық мақсатта құрылған бұндай ұйымдар өлкедегі қоғамдық-саяси даму барысында өз қызметінің ауқымын кеңейтіп, отаршылыққа қарсы күрес дәлелдерін бағдар етіп, қуатты қозғалыстарға ұласа бастады. Шағын үйірмелердің қуатты қозғалысқа айналуында Түркиядағы жастүріктер, Ирандағы жаспарсылар, Бұқарадағы жасбұқарлықтар сияқты саяси қозғалыстардың ықпал әсері аз болған жоқ. Ұлт-азаттық қозғалыстағы бұл шығыстық фактордың басым болуы өлкедегі қозғалыстардың басты үш бағытын айқындады, олар: жәдитшілік, мұсылмандық және түркішілдік. Бұл бағыттардың әрқайсысының ұстанған позицияларына қарай сипаттық, мазмұндық ерекшеліктері болды. Айталық, Махмутқожа Бехбуди, Мұнавар Қары Абдрашитханов бастаған жәдитшілердің діни білім беруді реформалауға бағытталған іс-әрекеті қоғамдық өмірді демократиялық жолмен жаңарту бағытына ойысып, саяси сипат ала берді. Ал мұсылмандық қозғалыс қоғамдық өмірді жаңалауда конфессиялық құндылықтарға басымдық берді. Бұл қозғалыс өз ішінде мемлекеттік құрылыста құран мен шарифат заңдарын басшылыққа алуды талап еткен «Шуро-и Улема» сияқты консерваторлық күштерге және діни белгіні отаршылыққа қарсы күреске жұмылдыратын ортақ белгі деп бағалайтын біршама демократияға бейім күштерге бөлінді. Ал түркішілдік қозғалыс отарлық билікке қарсы полиэтникалық бірлікті басты бағдар етіп ұстанды. 1917 ж. қазан төңкерісіне дейін осындай негізгі үш ағымға бөлінген ұлт-азаттық қозғалыс өз қатарына әлеуметтік тегі әртүрлі, мәдени деңгейі ала-құла, ең бастысы саяси күрес тәжірбиесі әрқелкі топтарды біріктірді. Олай дейтін себебіміз, Түркістан ұлт-азаттық қозғалысын құрайтын бұл саяси күштер арасынан 1917-1924 жылдардағы қауырт қоғамдық-саяси даму практикасы барысында ұстанымдары мен әрекеттері бір-біріне мүлдем қарама-қарсы «Шуро-и Улема» мен «Иттифок-и-муслимун» (Мұсылмандар одағы) сияқты ағымдар саяси сахнаға шықты. Тіпті мұсылмандық, түркілік бірлік идеясын ту етіп көтерген саяси қозғалыс өкілдерінің кейбірі кеңестік билікке қарсы қарулы күрес жолына түсті. Кеңестік билік «басмашылар» деп атаған бұл күрескерлердің ұлттардың өзін-

өзі билеуіне, ұлттық тәуелсіздікке қол жеткізуге бағытталған әрекеттеріне қармастан олардың арасында да саяси-идеялық тұтастық бола қойған жоқ. Бұл әрине, күрес тәжірбиелерінің кемшіндігіненде бұрын олардың саяси-идеялық ұстанымдары мен бағдарламалық мақсат-міндеттерінің бір арнаға тоғысуына қолайлы жағдай туғызбаған әлеуметтік әртектілігі еді.

Түркістан ұлт-азаттық қозғалысы өлке халықтарының тәуелсіздік жолында XIX ғ. соңы – XX ғ. басында қазіргі заманғы жалпыадамзаттық және демократиялық құндылықтар мен ұстанымдар негізінде әрекет жасаған ұлт-азаттық қозғалысының жиынтық ағауы ретінде айқындалады. Қарулы және саяси күрес сипатындағы қозғалыс уақыт шегінде бірнеше кезеңдерді қамтиды. Бірінші кезең – XIX ғ. 60 жылдарының соңынан XX ғ. бас кезіне дейінгі аралық. Бұл кезең ең шырқау биігі 1889 ж. Андижан көтерілісі болған тәуелсіздік үшін қарулы күрес кезеңі болды. Екінші кезең – 1917 ж. дейінгі аралықты қамтып, өлкеде жәдитшілік сияқты мәдени-ағартушылық ағымдардың билікті конституциялық жолмен өзгертуді мақсат етіп қойған саяси күрес тетіктерінің қалыптасып, орнығуы. Бұл кезең 1916 ж. өлкенің көп аймақтарын қамтыған, әсіресе Сырдария облысында күрделі сипат алған ұлт-азаттық көтеріліспен қортындыланады. Үшінші кезең – 1917 ж. ақпан төңкерісінен 1918 ж. Түркістан мұхтариятының қуып, таратылуы және Түркістан кеңестік социалистік автономиясы құрылғанға дейінгі аралықты қамтиды. Бұл кезеңнің басты белгілері «Шурою Исламия», «Шурою Улема», «Иттифоки муслимун» сияқты ұлттық саяси партиялар мен қозғалыстардың қоғамдық-саяси қызметі және Түркістан Мұхтарияты (Қокан автономиясы) атты ұлттық мемлекеттік құрумен ерекшеленеді.

1917 ж. ақпан төңкерісіне дейін Түркістан ұлт-азаттық қозғалысының қалың ортасында жүрген М.Тынышбаев, М.Шоқай, С.Лапин, Ә.Оразаев, С.Ақаев, Қ.Қожықов сияқты этноэлита өкілдері европалық білім алған, Ресейдің демократиялық қозғалыстарының ықпалында саяси дайындықтан өткен тұлғалар еді. Олар 1917-1918 жж. Түркістандағы тарихи оқиғалардың алдыңғы сапында болды. Үшінші кезең 1918-1929 жж. аралығындағы кеңестік билікке тартылған ұлт коммунистері Т.Рысқұлов, С.Қожанов, С.Асфендияров және т.б. жергілікті ұлт қайраткерлерінің кеңестік билік құрылымына ұлттық мазмұн беру жолындағы күресімен ерекшеленеді.

Осы аймақтың оқиға болып қалыптасқан Түркістан ұлт-азаттық қозғалысының халықаралық сипат алып, әлемдік ұлт-азаттық қозғалысқа ұласуына және хронологиялық шегінің ұзаруына елеулі ықпал жасаған Мұстафа Шоқай еді. Мұғажырлық жағдайдағы күрескерлік қызметі аталған қозғалысты әлемдік деңгейге шығарған көрнекті

қоғам қайраткері, күрескер Мұстафа Шоқайдың 12 томдық шығармаларының толық жинағы оның өмірі мен қызметінің тарихын ғылыми тұрғыда қалпына келтірген іргелі еңбек болуымен қатар Түркістан ұлт-азаттық қозғалыс тарихының аса құнды дереккөздеріне айналып отыр.

Ғылыми қалпына келтіру деген ұғымның мәні – ғылыми дәлелденген деректер негізінде өткен тарихтың барынша шынайы бейнесін жасау дегенге саяды. Шоқайдың өз шығармалары оның жеке өмірі мен қоғамдық-саяси қызметінің ғана емес, сонымен бірге Түркістан ұлт-азаттық қозғалысы деп аталатын тұтастай тарихи құбылыстың да дәйегі һәм дерегі болғандықтан да бұл жинақтың ғылыми маңызы зор.

Көшім Есмағамбетов жинақтың алғашқы томына енген монографиялық еңбегінде Мұстафа Шоқайдың өмірі мен қызметіне құжаттық негізде тарихи талдау жасап, ғылыми баға берген. Бұл еңбекті осы кезге дейін шоқайтану бойынша жарық көрген ғылыми еңбектердің ең объективтісі әрі толымдысы деп бағалаймыз. Өйткені, қолында Шоқайдың барлық шығармаларының болуы авторға қайраткердің қызметіне барынша дәлелді және шынайы ғылыми талдаулар жасауға мүмкіндік берген. Деректанудың қағидаларына сай ғылыми этика нормаларын сақтай отырып, шым-шытырық саяси күрес барысында жолдары тоғысқан қайраткерлердің өзара қарым-қатынасы, олардың ұлт-азаттық қозғалысының стратегиясы мен тактикасына қатысты пікір алшақтығынан, көзқарас айырмашылығынан туындаған саяси пікірталастарды шынайылықпен қарастыра алған. Бұл да тарихилық қағидасынан ауытқымаған ғалымның үлкен жетістіктерінің бірі деп бағалаймыз.

Осы кезге дейін қоғамдық ғылымдарда қазақ саяси элитасы өкілдері Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, Т.Рысқұлов және т.б. шығармалары мен құжаттарының толық жинақтары жарық көргені белгілі. Осы еңбектерден М.Шоқай шығармаларының толық жинағының ерекшелігі қандай? деген сауалға жауап беріп көрейік.

Біріншіден, жинақтың М.Шоқай шығармашылығын барынша толық қамтығандығы. Жинақта ағылшын, француз, неміс, поляк тілдерінде және шағатайша жазылған 586, орыс тілінде 488 материал енгізілген, жалпы көлемі 430 баспа табақты құрайды. Мәселе жинақтың көлемінде ғана емес, ондағы мақалалардың басым бөлігінің түпнұсқа мәтінімен және түсіндірмесімен алғаш рет ғылыми айналымға ұсынылғандығында. Осыншама мол деректердің осы кезге дейін ғылыми қауымға қолжетімсіз болып келгендігі олардың жақын және алыс шетелдік архив қорлары мен кітапханаларында жинақталуында еді. Жинаққа енген материалдар отандық архивтер мен кітапханалардан өзге Ресей, Германия, Франция, Польша, Түркия, Өзбекстаннан алынған. Бас аяғы жиыр-

мадан астам архивтер мен кітапханаларды сүзіп шығудың өзі аз шаруа емес. Сонымен бірге алдағы уақытта АҚШ, Ұлыбритания, Швейцария, Румыния мемлекеттеріндегі архивтер мен кітапханалардан да қолға түспеген туындылары мен құжаттары табылуы мүмкін.

Екінші ерекшелігі осы толықтығынан туындайды. Мұстафа Шоқай көп тіл білген, полиглот қайраткер. Ол қазақ тілімен қатар өзбек, түрік, көне шағатай және орыс, француз, ағылшын тілдерінде мақалалар жазған. Содан да ол жазбаларында араб, кириллица және латынәліпбилерін қолданған. Оның мақалалары хинд, урду, араб, грузин және т.б. тілді басылымдарда жарияланған. Өртүрлі тілдерде жазылған, жарияланған еңбектердің түпнұсқасын, кейбірінің факсимилиесін енгізу де жинақтың деректік құндылығын арттыра түскен. М.Шоқай 1919 жылдан бастап Грузияға қоныс аударып, ондағы «Борьба», «На рубеже», «Шефак», «Вольный горец»-«Независимый горец», «Янги Дунья» газеттерінде халыққа Қазан төңкерісі әкелген қасірет жөніндегі мақалаларын жариялаған [1; 6 б.]. Өз басымыз Түркістан ұлт-азаттық қозғалысы тарихына қатысты ізденістерімізде Ресей мемлекеттік кітапханасының әлемнің көптеген елдерінен жинақталған баспасөз коллекциясымен аты шыққан орасан мол дүниенің арасында М.Шоқай редакторы болған «Бірлік туы» және жоғарыда аталған «На рубеже» газеттерін кездестіре алғанымыз жоқ. «Бірлік туының» алғашқы санынан өзгесі табылды. Ал «На рубеже» газетінен әзірге дерек жоқ. Мұстафаның бұл газетте бірнеше мақаласы жарияланған болатын. Осы екі деректің өзі М.Шоқай мұрасын іздестіруді алдағы уақытта одан әрі жалғастыру қажеттігіне көз жеткізеді.

Үшінші ерекшелік, жинақтың тарихилығында. Кеңестік кезеңде қазақ тарихының мұғажырлық тарихнамасына назар аударылмады. Партиялық-мемлекеттік идеология мұндай әдебиеттердің таралуына қатаң тиым салды. Дегенмен, отандық тарих ғылымының ХХ ғасыр басындағы кезеңі тың теориялық және методологиялық талдауларға негіз болатын оқиғаларға бай. Оған қатысты кезінде айтылып, жазылған ойлар мен көзқарастарға жасалған тарихнамалық зерттеулер кеңестік тарихи ойдың мәні мен мазмұны қандай болғандығын аңғартады. Мәселен, М.Шоқайдың «Тарих жазудың екі жолы бар. Бірінші жолы: зерттеуші өмірде болып өткен оқиғаларды көңіл қойып жинастырады. Оларды хронологиялық тәртібі бойынша заманның жағдайына, ақуалына қарай зерттейді. Мәліметтер мен ақпараттардың бұлақтарын іздейді. Жиналған мәліметтерді өзінің ғылыми зердесінен өткізеді, орнына салады және ол мәліметтерден өзін бейтарап ұстай отырып талдау жүргізеді. Шын мәніндегі ғылыми тарих, міне, осындай тәсілмен жазылады.

Екінші жол: зерттеуші көздеген мақсаттарын

күні бұрын белгілеп алады да, соған жету үшін оқиғалар құрастырады. Тіпті мақсаты қажет етіп жатса, оқиғаларды ойдан шығарады. Мақсатқа қайшы келетін бұлақ көздеріне жуымайды. Мұндай тарихшылар өзін бейтарап ұстаудың орнына оқиғаларға партиялық тұрғыдан талдау жасайды. Кеңес тепкісіндегі халықтардың ұлттық қозғалыстары туралы жазып жүрген большевик тарихшылар осы екінші түрге жатады» [2; 202-203] деген тарих әдіснамасына қатысты пікірін бүгінгі күні өткен тарихты ғылыми қалпына келтіруде басшылыққа алатын тұжырымдардың бірі деп есептеуге болады. Ресей отаршылығының идеологиясын әшкерелеген М.Шоқайдың осы тұжырымын ағылшын езгісінің идеологиясына қатысты үнді елінің ұлы қайраткері Д.Неру «История почти пишется победителями и завоевателями и отражает их точку зрения, и она берет верх» [3; С.3] деп өрбітеді. Демек, отарлық биліктің бодан халыққа жасаған идеологиялық озбырлығының жыртқыштық бейнесі ұлт таңдамайды екен.

Шоқайдың қайсы шығармасын алып қарасаңыз да оның тарихқа тікелей қатыстылығы аңғарылады. Ал, тарихи шығарма қашанда субъективтілігімен ерекшеленеді. Мұстафа Шоқай шығармашылығының субъективизмі – оның ұлтжанды дүниетанымы мен саяси көзқарасынан туған. Ол Орта Азия мен Қазақстанда орын алған кез келген тарихи оқиға мен құбылыстың мазмұны түркілік бірлік және азаттық жолындағы күреспен өлшейді. Саяси элита өкілдерінің қызметіне де олардың ұлттық мүддеге қаншалықты қызмет жасай алуына қарай баға береді.

Төртіншіден, Шоқай кабинеттік ғалым, редакция тапсырмасын ғана орындайтын қатардағы журналист емес, саяси күреске белсене араласқан қайраткер, жалынды публицист болғандықтан қай тақырыпта қалам тартса да біліп жазады, білікті жазады, өз көзқарасына сендіріп жазады. Жинаққа енген Шоқайдың еңбектері осы тұжырымды тағы да айғақтай түседі.

Мұстафа Шоқай ең алдымен күрескер, сосын барып шығармашыл тұлға болып қалыптасқандығын атап айтуға болады. Күрескерлігі шығармашылыққа ұласқан, ал шығармашылығы саяси күреспен астасқан бұндай тұлға ұлттық саяси элита арасында санаулы ғана. Ал әлемдік деңгейде танылғаны Мұстафа Шоқайдың жалғыз өзі. Демек, Шоқай шығармаларының толық жинағы ең алдымен оның түркілік бірлік пен тәуелсіздік идеясын бағдарға алған саясаткер ретіндегі күрескерлігін танытады, сонымен бірге күрес формасы ретінде өмірлік кредосына айналған саяси көсемсөзінің мәні мен мазмұнын толық паш етеді. Жинаққа енген шығармалары мен құжаттары оның шетелдегі тәуелсіз баспасөздің үлкен ұйымдастырушысы екендігін де айғақтайды. Оның энциклопедиялық білімі мен сұңғыла саясаткерлігі түркі

халықтарының тәуелсіздігіне қызмет жасауға үлкен мүмкіндік бергендігі жинаққа енген мақалаларымен бірге «Бірлік туы», «Яш Түркістан», «Йени Түркістан», «Түркістан» газет-журналдарын ұйымдастыруы, қаншама газет, журналдарға редколлегия мүшесі, автор болып қатысуынан анық көрінеді.

Мұстафа Шоқайдың өмірі мен қызметі туралы деректерді, шығармашылық мұрасын шетелдік архивтер мен кітапханалардан іздеп табу, оларды түсініп-оқып, аудару ғалымнан археографтың, деректанушы мен мәтінтанушының жоғары біліктілігін талап етері сөзсіз. Ғалымнан қанша уақыт пен ерік-жігерді қажет ететін бұндай ерлік екінің бірінің оңтайына келе бермейтін шаруа. Осындай ғылыми ерліктің үлгісіндей болып жарыққа шыққан жинақтың еліміздің мәдени өміріндегі маңызын да жіктеп айтқанымыз дұрыс сияқты.

Еңбекті қазақ тарихында осы кезге дейін жарық көрген жеке тұлғалардың шығармалар жинағының алды деп бағалауға болады. Академиялық талаптарға сай орындалуы, көлемі, қамтыған деректерінің ауқымы бойынша әзірге теңдесі жоқ еңбек болып шыққан.

Осы кезге дейін Айтан Несіпханның [4], Ә.Бәкірдің құрастыруымен [5] екі, үш томдық шығармалар жинағы, Б.С.Қошым-Ноғайдың [6], Б.Садықованың [7] және т.б. жекелеген еңбектері кітап болып жарық көрген болатын. Аталған жинақтарда М.Шоқайдың «Яш Түркістан» журналында жарияланған 224 мақаласы, басқа да шығармалары араб графикасынан кириллицаға транскрипцияланып берілген мақалаларды қайталамай олардың мәтінін түпнұсқа графикамен беруінің деректік маңыз зор. Бұл жағдай М.Шоқай мұраларына салыстырмалы мәтіндік талдаулар жасауға мүмкіндік береді.

Жинақтың жарыққа шығуы арқылы қазақтың эмиграциялық көсемсөзі жоғары деңгейде танылуға мүмкіндік алды. К.Есмағамбетов «Мұстафа Шоқай батыс советологиясының негізін қалаушылардың бірі» деген баға береді. Батыс советологиясының негізін қалағандардың көпшілігі «ақ эмиграцияның» өкілдері болатын. Солардың бірі философ Н.Бердяев шетелде жүріп панславизмді насихаттады, ал екіншісі А.Ф.Керенский уысынан шығып кеткен Ресейдегі билігін қайтаруды көксіп, ұлыорыс шовинизмінің отын маздатты. Ал М.Шоқай советологиясының мәні кеңестік биліктің Орта Азиядағы «түрі ұлттық, мазмұны социалистік» ұлт саясатының көзбояушылығын әшкерелеуге негізделді. Осы тұрғыдан алып қарағанда батыстық советологияның қалыптасуында М.Шоқайдың алар орны мен атқарған қызметі ерекше.

Шоқайдың кеңестік билікті әшкерелеген әрекеттері ізсіз кеткен жоқ, жазған материалдары стол тартпасында жатып қалмады. Бірнеше европалық

тілдердегі газет, журналдарда жарияланған өткір саяси мақалаларында көтерілген мәселелер Батыс елдері мемлекет басшылары мен саясаткерлерінің назарын аударды және Кеңес Одағының жүргізіп отырған озбырлық саясатына қарсы ақпараттық күрес науқанына жол салып берді. Солардың бірі жинаққа енген Қазақстандағы 1932-1933 жж ашаршылыққа байланысты Европа жұртшылығының назарын аударған Мұстафаның түрлі жиындарда оқыған лекциялары, жасаған баяндамалары мен мақалалары еді.

Жинақ М.Шоқайдың атына кеңестік тоталитарлық жүйе таңған айыптаулардың негізсіздігіне айғақ болды. Әнуар Әлімжановтың өткен ғасырдың 80-жылдарының соңында «Мұстафа Шоқайұлы ешкімнің ақтауына мұқтаж емес. Ол өзін-өзі шығармаларымен, ерлігімен ақтап отыр. Оны тарих пен уақыт ақтады» деген тұжырымы интуициямен жасалған десек, К.Есмағамбетовтың құрастырған 12 томдық жинағы М.Шоқайдың ақталуының ғылыми айғағы болды.

Шоқайдың эмиграциядағы кеңеске қарсы жүргізген күресінен үлкен идеологиялық қауіп ойлаған И.Сталин Қырғыз Өлкелік партия Комитетінің бюро мүшелеріне 1925 жылдың 29 мамырында «Ақ жол» газеті туралы жазған хатында былай деп мәлімдеген болатын: «Мен осыған байланысты белгісіз емес Шоқаевтың ақгвардияшыл баспасөздегі кейбір мақалаларын еске түсірдім және өзімді шошытқан осы мақалалар мен «Ақ жол» журналының рухани «бірлігі» деуге болатын кейбір жаңалықты аштым. Ақылға сыймаса да бұл факт. «Ақ жол» әрине, өзі де аңғармастан Шоқаевқа көлемді материал берді» [8; Л.1-2.] Бұл жерде әңгіме «Дни» газетіндегі М.Шоқайдың мақалалары жөнінде болып отыр. Осы жерде Сталиннің өз қарсыласына әділ баға бере алған саяси көрегендігіне тәнті болмасқа әддіміз жоқ.

Большевиктер көсемінің осы хатын партиялық-мемлекеттік номенклатура Шоқайды қаралау науқанына жол ашқан нұсқау ретінде қабылдады. Әрі қарай саясат пен биліктің шотын шапқан саясаткерлер, ғалымдар мен әдебиетшілер кешегі күні элемтаныған, бүгінгі күні элем мойындаған Мұстафа Шоқайды «пантүркіст», «ұлтшыл-фашист», «алашордашыл», «ұлтшыл», «отанын сатқан», «фашистермен ауыз жаласқан», «Түркістан легионын» құруға қатысқан» және т.б. деген саяси айдарлармен туған халқына құқай етіп көрсету науқаны басталып жүре берді және еліміз тәуелсіздік алғанға дейін жалғасып келді. Үлкен террор кезінде кеңестік құқық құрылымдары танымал саяси қайраткерлермен бірге қатардағы шаруаға дейін Мұстафа Шоқаймен байланысы бар деген айыптар тақты. Ол айыптаулар қаншама жазықсыз жандардың ату жазасына кесіліп, бас бостандығынан айырылып, жер аударылуына ұласты.

Жинақта осындай аңыздар бірінен соң бірі әшкереленеді. Мысалы ретінде айтар болсақ, 1948 жылы КСРО Мемлекеттік қауіпсіздік министрлігі өзінің Берлиндегі 4-оперативтік секторының 2-бөліміне «М.Шоқайды әшкерелеуші материалдар» табу жөнінде құпия түрде сұрау салады. Осы тапсырма бойынша жаңағы құрылым «Берлиннің СВ оперативтік-анықтамалық картотекасында ондай мағлұмат жоқ» деп жауап береді [9; 484 б]. К.Есмағамбетовтың өзі Ресей Мемлекеттік әскери мұрағатында кездейсоқ сақталған осы құжатты кеңес өкіметі ұзақ уақыт бойы жасырып келгендігін айтады.

Осындай айыптаулардың бірі М.Шоқайдың Жапон өкіметінің өкілдерімен келіссөздер жүргізуіне байланысты тағылады. 12-томға енген хаттар арасында Шоқайдың осындай әрекеттерге барғандығын айғақтайтын құжаттардың мазмұнына қарап, шын мәнінде С.Сейфулин, Т.Рысқұлов сияқты т.б. қайраткерлерге тағылған «жапон тыңшысы» деген айыптаулардың қаншалықты негізділігі жайлы арнайы зерттеулер жүргізу қажеттілігі туралы ой туындайды.

Осы жинақ арқылы оның тұлғасына қатысты кеңестік тоталитарлық жүйе қалыптастырған стереотип түсінік түпкілікті бұзылды. Ендігі жерде Серік Шәкібаевтар сияқты кеңестік идеологияның ықпалында Шоқайды қаралайтынсандырақ деректерге сүйенген көркем туындылар жазылмайды. Өйткені, толық шығармалар жинағы бүгінгі күні кешегі империялық билікті аңсайтын Сергей Михеев пен Денис Да-нилевский сияқты тарихшылардың бұра тартуына қарсы ғылыми дәлелді қолға ұстатты. Әрине, ендігі жерде осындай байыпты ғылыми бағаның соңы Мұстафа Шоқайға қатысты өкімет тарапынан берілер саяси бағамен, құқықтық құжаттармен бекемделсе құба-құп болар еді. Тәуелсіздік жолына өмірі мен шығармашылығын арнаған қайраткерді ұлықтау «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясын тұғырлаудың маңызды дәлелдерінің бірі болып отырғандықтан да бұл мәселеге мән берілуі керек.

Жинақтың тағы бір маңызы оның қолданбалық сипатынан туындайды. Жинақ шоқайтану ғылыми бағытының дамуында жаңа мүмкіндіктерге жол ашады. Ғылыми зерттеулермен айналысатын докторанттар мен магистранттар тарих, халықаралық қатынастар, әлеуметтану, деректану, мәтінтану, тұлғатану, саяси ғылымдар бойынша жекелеген тақырыптарды тереңдей зерттеулерінде аса құнды дереккөз ретінде пайдалана алады. Бұндай қолданбалық сипатының Мұстафа Шоқайды әдеби, көркемдік тұрғыда тұлғаландыруға да қатысы бар. Ол зерттеулер болжаммен топшылауларға емес, нақты

ғылыми деректерге негізделетін болады ендігі жерде.

Қазақ тарихында өмірі мен шығармашылығы ғылыми тұрғыда қалпына келтіру кезегін күтіп жатқан қайраткерлеріміз аз емес. Осы 12 томдық жинақтың деректанулық қағидаларға сай жоғары деңгейде жарық көруі тәуелсіздік жолында жанпида қызмет жасаған ұлттық саяси элита өкілдерін деректік негізде ғылыми тұлғаландыруға үлгі, өнеге болады деп білеміз. Әрине, бұл мәселеде профессор К.Есмағамбетовтың шоқайтану бағытын негіздеген ғылыми шеберханасының өзі арнайы зерттеуді қажет етеді.

Қорыта айтқанда, Мұстафа Шоқайдың 12 томдық толық шығармалар жинағының жарық көруі еліміздің ғылыми, мәдени өмірінде үлкен жаңалық болды. Осы еңбек арқылы еліміздің бүгінгі тәуелсіздікке қол жеткізген күресі тарихының жаңа желісі - халықаралық деңгейде жүргізілген күресінің мазмұнды да өнегелі тарихы ғылыми негізде қалпына келтірілді. Қоғамдық ғылымдарда осындай іргелі мәнге ие болған жинақты дайындап, жарыққа шығару арқылы отандық тарих ғылымының дамуына қызмет жасаған профессор Көшім Есмағамбетовтың өмірінің мәні және ғылыми еңбегінің қорытындысы да болғандығын атап айтсақ болады.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Шоқай М. Шығармаларының толық жинағы. 12 том. 2 том. – Алматы: Дайк-Прес, 2012. 640 б.
2. Шоқай М. Бір ғылыми өтірікке қарсы (Қоқан автономиясына 14 жыл толуына орай). Таңдамалы шығармалар: 3 томдық. 1 т. – Алматы: «Қайнар» баспасы. 2007. – 352 б.
3. Неру Д. Открытие Индии. Т.2. М., Политиздат, 1989. -507 с.
4. Мұстафа Шоқай. Таңдамалы. // (аударып, құрастырған А.Нүсіпхан). 1-2 том, Алматы, «Қайнар», 1998-1999
5. Мұстафа Шоқай. Таңдамалы. / (құрастырған Ә.Бәкір). 3 томдық. Астана, Сарыарқа. 2007-2008
6. Мұстафа Шоқай. Түркістанның қилы тағдыры. / (аударып, құрастырған Қошым-Ноғай Б.С.). Алматы, «Жалын», 1992
7. Чокай Мария. Я пишу вам из Ножана... (вспоминания, письма, документы) / Сост. И пер. Садыковой Б. – Алматы: Қайнар, 2001. -208 с.
8. АПРК. Ф.141. Оп.1 Д.479а.
9. Шоқай М. Шығармаларының толық жинағы. 12 том. 1 том. – Алматы: Дайк-Прес, 2012. -544 б.

Боранбаева А.Р., Беркімбаев К.М., Арымбаева К.М.
(Қ.А.Яссауи атындағы ХҚТУ, Түркістан қаласы, aktolkyn81@mail.ru)

ӨЗДІГІНЕН БІЛІМ АЛУ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУ НЫСАНЫ РЕТІНДЕ

Түйін. Мақалада өздігінен білім алудың түсінігі, ықпалдары, элементтері, компоненттері және қызметтері қарастырылады. Өздігінен білім алу әртүрлі ғылымдардың назарын өзіне аударады. Атап айтсақ: педагогика, психология, элеуметтану. Бұл ғылымдар оның түсінігін, негізін, элементін, қызметтері мен компоненттерін өзіндік көзқарастар тұрғысынан зерделейді: дербес, гностикалық, операциялық, басқарушылық. Болашақ мұғалімдердің өздігінен білімін көтеру шарттары анықталды: өзін-өзі бағалаудың дұрыстығы, өзін-өзі тану, ұғынылған нақты мақсаттар, идеалдар, жеке ойлар.

Кілт сөздер: өздігінен білім алу, өздігінен білім алуға мотивация, өздігінен білім алудың элементтері, өздігінен білім алудың атқаратын қызметтері, өздігінен білім алу әрекеті.

Резюме. В статье рассматривается понятие, элементы, мотивы, компоненты и функции самообразования. Самообразование привлекает внимание различных наук: так это педагогика, психология, социология, каждая из которых изучает его под собственным углом зрения, определяя его понятие, сущность, элементы, функции и компоненты: личностный; гностический; операционный; управленческий. Выявлены условия самообразования будущих учителей: наличие правильной самооценки, самопознания, четко осознанных целей, идеалов, личностных смыслов.

Ключевые слова: самообразования, мотивы самообразование, элементы самообразование, функции самообразование, самообразовательное деятельность.

Summary. The notion, elements, motives, components and functions of self-education are considered in this article. Self-education draws attention of various sciences: so it is pedagogics, psychology, sociology, each of them studies it under own point of view, defining its concept, essence, elements, functions and components: the personal; the Gnostic; the operational; the administrative. Conditions of self-education of future teachers are defined: existence of the correct self-assessment, self-knowledge, accurately conscious purposes, ideals, personal meanings.

Key words: self-education, motives self-education, elements self-education, functions self-education, self-educational activity.

Қазіргі күні педагогтың бәсекеге қабілеттілігі мәселесі өткір мәселеге айналып, жаңа техноло-

гияларды дамыту мен ендірудің қарқындылығы, жаппай компьютерлік технологияларды пайдалануға өту байқалып отырған социумның тұрақсыздығы жағдайында кәсіби әрекеттің қатаң жағдайына түскен жас мұғалім кәсіби салаға бейімделу және сол саладан өз орнын табу үшін қосымша күш (интеллектуалдық, психологиялық, физикалық) жұмсауға мәжбүр. Мұндай жағдайда өздігінен жаңа білімдерді алмайынша сұранысқа ие маман күйінде қалу мүмкін емес.

Заманауи педагогика жалпыадамзаттық құндылықтарды бағдарға ала отырып, оның әлемде өздігінен әрекет ету қажеттіліктеріне арналған.

«Өздігінен білім алу» ұғымының мәнін ашып көрейік, бұл «білім беру» сияқты - көп қырлы ұғым.

П.П.Блонский, П.Ф.Каптерев, К.Д.Ушинский сияқты атақты педагогтар өз еңбектерінде және практикалық педагогикалық қызметтерінде білім алушылардың өздігінен білім алуларына және мұғалімнің өзі өздігінен білім алуына көп назар аударды.

К.Д.Ушинский білім алудағы өз бетінше жеке тұлғаның дамуында жетекші ынталандыру болады деп есептеді, «...оқушыға қандай да бір білімді ғана емес, сондай-ақ, оның бойында өздігінен мұғалімнің көмегінсіз білім алу қабілетін дамыту керек». К.Д.Ушинский өздігінен білім алудың маңыздылығын негіздеді, сондай-ақ, осы міндетті жемісті шешудің жолдарын көрсетті, солардың бірі білім алушының тұлғасын жан-жақты білу болып табылады [1.б 500].

Өздігінен білім алу түрлі ғалымдардың назарында, олардың әрқайсысысы бұл мәселені өз көзқарасы тұрғысынан қарастырады.

Мысалы, Л.С.Колесниктің зерттеулерінде өздігінен білім алу дегенде «адамның мақсатты және жүйелі іс-әрекеті» түсіндіріледі, «...бұл іс-әрекет барысында адам өз білімі мен іскерлігін өз бетінше толықтырады және жетілдіреді, нәтижесінде оның тұлғасының дамуы жүзеге асады».

Л.С.Колесник адамның өздігінен білім алуға қажеттілігі іс-әрекет барысында және іс-әрекет нәтижесінде пайда болады және дамиды. Сондықтан әдетте бұл үрдіс өздігінен білімге қол жеткізу біліктерін жетілдірумен қатар жүреді [2].

А.Я.Айзенберг өздігінен білім алуда «жалпы және кәсіби білімнің үздіксіз жалғасуын» атап өтеді, соның арқасында білім өзектенеді және кеңиді және адамның рухани дамуындағы үзілістер толығыады [3].

В.Оконь мынадай анықтама береді: «Өздігінен білім алу – оқытудың бір түрі, оның мақсаты, мазмұны, шарттары мен құралдары субъектіге байланысты, бұл адамның әбден өздігінен білім алу үрдісі» [4].

Г.М.Коджаспирова өздігінен білім алу - бұл «өзін-өзі ақыл-ой және дүниетанымдық тұрғыдан тәрбиелеу жүйесі» деген пікір білдіреді.

Өздігінен білім алу бұл «білім беру мақсаттарына: танымдық қызығушылықтарды, жалпы мәдени және кәсіби сұраныстарды қанағаттандыруға, кәсіби біліктілікті жоғарылатуға қол жеткізуге бағытталған нақты тұлғалық және қоғамдық маңызды арнайы ұйымдастырылған, жүйелі танымдық іс-әрекет» [5].

Е.А.Шуклинаның пікірінше, адам үшін өздігінен білім алудың екі қыры үлкен маңызға ие: өздігінен білім алу қандай да бір мақсатты жүзеге асыру үшін мақсат және құрал болады (мысалы, еңбекке, мамандыққа, адам үшін жаңа әрекет түріне дайындық және т.б.)

Е.А.Шуклина бойынша, өздігінен білім алу білім беру қызметінің еркін, сонымен қатар анағұрлым күрделі түрі, өйткені ол рефлексиямен, өзін-өзі бағалаумен, өзекті білімге өздігінен қол жеткізумен және оларды практикалық әрекетте трансформациялаумен байланысты [6].

И.С.Якиманскаяның пікірінше, өздігінен білім алу – адамның рефлексивті әрекетінің негізінде жеке тұлғаның мәртебесінің белсенді, бірізді, тұтастай қайталанбас сапалық өзгерісі [7].

Н.Б.Крылова өздігінен білім алуды жеке тұлғаның өзін-өзі ұйымдастыру, өзін-өзі құру үрдісі ретінде қарастырады, ол жалпыадамзаттық мәдениетпен және өзінің өмірлік тәжірибесін кеңейту міндеттерімен тығыз байланысты [8].

Авторлардың ұстанымдарына талдау жасау нәтижесі бізге мына көзқарастарға ерекше назар аударуға мүмкіндік берді: өздігінен білім алу-бұл: 1) жеке тұлғаның әлеуметтенуге, өзін жүзеге асыруға, мәдени-білімдік, ғылыми, кәсіби деңгейін көтеруге қажеттілігін қанағаттандыруға бағытталған өзі басқаратын білім алу әрекеті; 2) өзін-өзі оқыту, өзін-өзі тәрбиелеу, өзін-өзі дамыту үрдістерінің бірлігі мен тұтастығын беретін білім беру үрдісі, ол субъектінің өз қажеттіліктерін басқару, жаңа нормаларды игеру, өз қабілеттерін байыту және оларды іс-әрекетте көрсетуге дайындықтарын қалыптастыруын қамтиды [9]; 3) өздігінен білім алу адамның шығармашылық әрекетінің идеалдарын жүзеге асыруға бағытталған рухани өзін-өзі жетілдіруі, оның нәтижесінде жеке тұлғаның жаңа сапалық күйі пайда болады, оның өзін-өзі тану және шығармашылық әлеуетін өзі жүзеге асыру жағынан құрылымының өзгеруі іске асады; 4) бұл бүкіл өмір бойына білімдер мен қарым-қатынастардың қалыптасқан жүйесін өзгерту, дамы-

ту, жетілдіру үрдісі; ғылыми-техникалық үрдістің қарқындылығымен өмірдің өзгеріп отырған жағдайымен байланысты жаңа білімдерді, біліктерді, дағдыларды шексіз меңгерудің абсолютті формасы; 5) адамның қоғамдағы ойлауының, әрекетінің қалыптасуы; адамды оның сапасына, шамасына, мәніне сәйкес қалыптастыру; 6) қоғамда адамның дамуы үшін қажетті арнайы ұйымдастырылған жағдайлар мен оқу-білім беру, әдістемелік және ғылыми органдар мен мекемелердің жүйесі; 7) өздігінен білім алу – оқу орнында жүйелі оқыту курсынан өтпей, өздігінен жұмыс барысында қол жеткізген білім. Өздігінен білім алу тұлғалық мәнге ие, ол тұлғалық мәндер жүйесін дамыту құралы қызметін атқарады, жеке тұлғаға өзінің қажеттілік-мотивациялық саласының мазмұнына сәйкес жеке әрекет стилін қалыптастыруға мүмкіндік береді [9]. Өздігінен білім алу адамның тұрақты қажеттілігіне, оның өмір бойына білім алуының, мінез-құлқы мен өмір салтының негізіне айналған кезде барынша оңтайлы деңгейге жетеді [6].

Өздігінен білім алудың элементтерін қарастырайық, мысалы, Г.Н.Сериков өздігінен білім алудың құрамында төрт элементті бөліп көрсетеді: мотивациялық-мақсаттық, мазмұндық-ақпараттық, процессуалдық-әрекеттік, бақылау-бағалау [10].

В.Оконь өздігінен білім алуда келесі элементтерді анықтады: 1) мақсатты, үлгіні немесе идеалды анықтау және оны өз мүмкіндіктерімен салыстыру; 2) мақсатқа қол жеткізу үшін қажетті шарттарды қарастыру; 3) іс-әрекет жолын таңдау туралы шешім қабылдау; 4) өздігінен білім алудың алға қойған мақсаттарына қол жеткізу; 5) мақсатқа қол жеткізудегі өз жетістіктері мен кемшіліктеріне талдау жасау және бағалау, сондай-ақ өз білімін жетілдіру бойынша одан арғы әрекет бағыттары жайлы қорытындысын тұжырымдау [4].

Өздігінен білім алу қажеттіліктері, қызығушылықтары, түрткілері оның құрылымының маңызды элементтері болып табылады және көптеген ғалымдар бұларды өздігінен білім алудың мотивациялық құраушысына қосады [11].

Өздігінен білім алу әрекетінің мотивациясы А.К.Громцева, Г.Е. Зборовский, И.Л.Наумченко, В.Оконь, Е.А.Шуклина, М.Г.Коджаспирова және т.б. ғалымдардың еңбектерінде қарастырылады.

М.Г.Коджаспирова өздігінен білім алудың құраушысы ретінде мотивациялық, процессуалдық, ұйымдастырушылық, адамгершілік-еріктік құраушыларды атайды [5].

А.К.Громцева өздігінен білім алуға (өзге де кез-келген іс-әрекет сияқты) мотивациялық, мақсатты тұжырымдаушы, процессуалдық, ұйымдастырушылық, энергетикалық, бағалау сияқты құраушылар тән деп есептейді [12].

В.Оконь өздігінен білім алудың түрткілерін қарастырады, олар кәсіби еңбектің практикалық қажеттіліктерімен байланысты. Ғалымның пікірінше, өздігінен білім алудың міндеттерін саналы түрде іске асыру тілегі еңбектің немесе шығармашылықтың құмарлығына айналады, ол көбіне қызығушылық пен қажеттілікке айналады [4].

И.А.Наумченко өздігінен білім алуды ынталандыратын келесідей түрткілерді бөліп көрсетеді: 1) білім алушылардың өздігінен білім алуға психологиялық бет бұруы мен белсенді қосылуын анықтайтын танымдық-қозғаушы түрткілер; 2) өздігінен білім алудың болашақта жоғары білікті маман болу мақсатын жүзеге асыруын болжайтын келелі қозғаушы түрткілер [13].

Енді өздігінен білім алудың белгілерін қарастырайық, Г.Зборовский, Е.Щуклин өз зерттеулерінде өздігінен білім алуға тән келесідей «доминантты белгілерді» бөліп көрсетеді:

1. Өздігінен білім алу терең келелі ішкі түрткілер негізінде ғана орын алуы мүмкін; адамды қызықтыратын сұрақтарға қандай да бір қозғаушылардың ықпалымен жауап іздеудің жекелеген жағдайларын өздігінен білім алу деп есептеуге болмайды; танымдық іс-әрекеттің негізгі сабақтарына қосымша ретінде білімге қол жеткізу;

2. Өздігінен білім алу жеке тұлғаның өз дербес ерекшеліктеріне сай әуесқой әрекеті негізінде жүреді, оның мақсаты – білімді ғылымның бір немесе бірнеше саласында кеңейту және өзін-өзі бақылауға негізделген өзін-өзі жетілдіру; білімді өз бастамасы бойынша меңгеру;

3. Өздігінен білім алу сырттан жасалатын кез-келген жетекшіліксіз жүзеге асырылады; білім алу бойынша жеке өзіндік танымдық іс-әрекет өзге де кез-келген әрекет сияқты өздігінен білім алуға да мотивациялық, мақсатты тұжырымдаушы (бағдарлаушы); процессуалдық, ұйымдастырушылық, энергетикалық, бағалау сияқты құраушылар тән.

Өздігінен білім алудың құрылымы келесідей төрт құраушыдан тұрады:

1) тұлғалық құраушы – өздігінен білім алуға деген қажеттілікті, онымен байланысты қызығушылықты, түрткілерді қамтиды; тұлғалық құндылықтар; ақыл-ой қабілеттері; эмоционалды-еріктік механизмдер; адамгершілік сапалар;

2) гностикалық құраушы – жеткілікті дәрежедегі ғылыми-практикалық (жалпы білім беру және кәсіби) білімдердің, өздігінен білім алу жайлы білімінің болуымен сипатталады;

3) операциялық құраушы – оған ақпарат көздерімен жұмыс істеу біліктері мен қабілеттері, ақыл-ой қызметінің қалыптасқан операциялары кіреді;

4) басқару құраушысы – өздігінен білім алу міндеттерін орындау және анықтау біліктері мен дағдыларын, өздігінен білім алу көздері мен фор-

маларын таңдауды, өз іс-әрекеті мен уақытын жоспарлауды, өзін-өзі бақылауды жүзеге асыруды, өз іс-әрекетіне талдау жасауды болжайды [6, 11].

Біздің пікірімізше, өздігінен білім алудың М.Л.Князева анықтаған кейбір қызметтері қызығушылық тудырады.

- экстенсивті – жаңа білімдерді жинақтау, алу;

- бағдарлану – мәдениетте және қоғамда өз орнын анықтау;

- компенсаторлық – оқу орындарындағы оқытудың кемшіліктерін жеңу, «ақтандақтарды», формальды білімді жою;

- өзін-өзі дамыту – әлемнің, өз санасының, жадының, ойлауының, шығармашылық сапаларының жеке картинасын жетілдіру;

- коммуникативтік – ғылымдар, мамандықтар, таптар, жас ерекшеліктері арасында байланыс орнату;

- бірлескен шығармашылық – шығармашылық жұмысқа ықпал ету, оны сөзсіз толықтыру;

- жасарту – өз ойлауының инерциясын жеңу, қоғамдық ұстанымдағы тоқыраудың алдын-алу;

- психологиялық (психотерапиялық) - болмыстың толықтығын, адамзаттың ауқымды интеллектуалдық қозғалысына қатыстылығы сезімін сақтау [14].

Біздің зерттеуіміз үшін Г.Е.Зборовский мен Е.А.Щуклинаның жеке тұлғаның өздігінен білім алуындағы қажеттіліктерін қазіргі уақыт жағдайында жүзеге асыру мүмкіндіктерін көрсететін тұжырымдары ерекше қызығушылық тудырады:

1) өздігінен білім алу саласындағы кәсіби-еңбек қызығушылығы (іс-әрекеттің осы түрінің нәтижелері еңбек пен жетілудің шынайы үрдісіне ендірілетініне сенімділік ретінде көрінеді); 2) материалдық қызығушылық (мәдени-білім беру деңгейінің деңгейінің өсуі мен қолда бар және қолданылған білімдер үшін сыйақының артуының арасындағы байланысты түсінуден тұрады); 3) әлеуметтік-мәртебелік қызығушылық (әлеуметтік мойындау мен әлеуметтік жағдайдың мәдени-білім беру құраушысы мен шығармашылық бастама деңгейіне тәуелділігін түйсіну); 4) моральдық қызығушылық (білімді жеке тұлғаны құрметтеу мен оның өзін-өзі құрметтеуімен және білімнің сұранысқа ие болуымен байланысты); 5) әлеуметтік-педагогикалық қызығушылық (адамды әсіресе, білім алушыларды үлгі ретінде бекітумен байланысты); 6) өздігінен білім алуға рухани қызығушылық (өздігінен білім алуды жеке тұлғаның өзін-өзі жүзеге асыру, білім беру, мәдени, ғылыми деңгейінің артуы құралы ретінде түсінуден тұрады) [6, 11].

Теориялық зерттеулер және нормативті құжаттарға талдау жасау нәтижесі студенттердің өздігінен білім алуының іргетасы ЖОО-нда білім алу барысында қаланатынын көрсетті. Осыған

байланысты тұлғалық мәндер жүйесінің құралы қызметін атқаратын, студенттерге кәсіби қызметке дайындалып жүрген жас адамның қажеттілік-мотивациялық саласының мазмұнына сәйкес жеке іс-әрекет стилін қалыптастыруға мүмкіндік беретін білім беру ортасын құру туралы сұрақ туады.

Студенттердің өздігінен білім алуының басты шарты психологиялық-педагогикалық, сондай-ақ, арнайы пәндерді оқып-үйрену барысында негізі қаланатын өзін-өзі дұрыс бағалаудың, өзін-өзі танудың, нақты айқындалған мақсаттар, идеалдар, тұлғалық мәндердің бар болуы болып табылады. Студенттердің өздігінен білім алуының тиімділігі олардың интеллектуалдық даму деңгейіне, сондай-ақ, оқу әрекетіне қойылатын талаптарға, білімге деген қатынасына, еріктік және өзге де сапаларына тәуелді. ЖОО-ның оқытушысы студентті жеке білім беру бағдарламасын құруға бағыттауы тиіс, бұл бағдарлама қоғамдық өмірдің кәсіби және әлеуметтік-мәдени саласын тұлғалық игеруді қамтамасыз етеді.

Студенттердің жаңа білімдерді алуға деген қызығушылығын үнемі қолдау жасап отыру және ынталандыру үшін оларды өздігінен білім алу жүйесіне үйретуге назар аудару қажет.

Студенттер оқытушы еңбегінің жекелеген нақты және негізгі құраушы элементтерін меңгеруі тиіс, олар: ғылыми, әдістемелік және оқу әдебиеттерімен жұмыс істеу: оқу материалын баяндау, дифференцияланған жаттығулар жүйесін құру және оны міндеттерді шешу үрдісінде басқару; сұрақ қою тәсілін пайдалану, ұйымдастырушы және басқарушы сұрақтарды тұжырымдау, сондай-ақ, бір сұрақтың бірнеше нұсқасын дайындау; пайда болған оқу жағдаятына адекватты жауап қайтару; білімді бақылай және бағалай білу және т.б. [15, с 27].

Осылайша, өздігінен білім алуды жүзеге асыра білу - кез-келген кәсіпқой маманның маңызды сапасы, әсіресе бұл ақпараттың өзі оның үнемі жаңарып отыруын болжайтын, ал адамдарды өзінің кәсіби әрекетінде осы ақпаратты түсінуден қалып кетпеуге мәжбүрлейтін ақпараттық қоғамның қалыптасу кезеңінде өмірдің барлық саласына жаппа-тармағай еніп жатқан жаңа технологиялар мен компьютерлік техниканың қарқынды дамуы алып отырған кезінде ерекше маңызды. Өздігінен білім алу адамнан жаңа білім мен дағыны өз бетінше меңгере білу білігін талап етеді. Өздігінен білім ала білу адамға жемісті кәсіби іс-әрекетке ену және осы білікті меңгеру үшін қажет.

Болашақ мұғалімдердің өздігінен білім алуының негізгі сипаттамасы ұйымдасқандық, өзінше әрекет ету, нақты тұлғалық және еңбек нарығында сұранысқа ие болу үшін қоғамдық маңызды білім беру мақсатына – білім беру қызығушылықтарын, жалпы-мәдени және кәсіби сұраныстарды қанағат-

тандыру, кәсіби біліктілікті жоғарылату мақсатына қол жеткізуге бағытталғандық болып табылады.

Әдебиеттер

1. Ушинский, К.Д. Собрание сочинений в одиннадцати томах. Т.8 / К.Д. Ушинский. - М.; Л.: АПН РСФСР, 1950. - 776 с.

2. Колесник, Л.С. Развитие потребности в самообразовании у старших школьников: Автореф. дис... канд. пед. наук / Л.С. Колесник. — Красноярск, 1968.-22 с.

3. Айзенберг, А.Я. Самообразование: история, теория и современные проблемы / А.Я. Айзенберг. - М.: Высшая школа, 1986. - 128 с.

4. Оконь, В. Введение в общую дидактику / В. Оконь; Пер. с польского Л.Г. Каишуревича, Н.Г. Горина. - М.: Высшая шк., 1990. - 382 с.

5. Коджаспирова, Г.М. Педагогический словарь: Для вузов и средних пед. учеб. заведений / Г.М. Коджаспирова, А.О. Коджаспиров. - М.: Академия, 2000.- 176 с.

6. Шуклина, Е.А. Вопросы методики социологического исследования самообразования / Е.А. Шуклина//СОЦИС.-2000.-№10. - С. 101-109.

7. Якиманская И.С. Развивающее обучение. — М.: Педагогика, 1979. — 144 с.

8. Крылова Н.Б. Социокультурный контекст образования // Новые ценности образования / Под ред. Р.М. Вейсс, Н.Б. Крыловой. М.: Инноватор, 1995. с.67-103.

9. Педагогическая энциклопедия. Актуальные понятия современной педагоги / Под ред. Н.Н. Тулькибаевой, Л.В. Трубайчуе.-М.: Изд.дом «Восток», 2003.

10. Сериков, Г.Н. Педагогические основы совершенствования управления самообразованием студентов: Дис. ... д-ра пед. наук: 13.00.01 / Г.Н. Сериков. - Челябинск, 1988. - 360 с.

11. Зборовский, Г.Е. Самообразование как социологическая проблема / Г.Е. Зборовский, Е.А. Шуклина // СОЦИС. - 1997. - №10. - с. 78-92.

12. Громцева, А.К. Формирование у школьников готовности к самообразованию: Учеб. пособие по спецкурсу для студентов пед. ин-тов / А.К. Громцева. - М.: Просвещение, 1983. -144 с.

13. Наумченко, И.Л. Самообразование будущего учителя / И.Л. Наумченко. - Саранск: Мордовское кн. изд-во, 1974. - 264 с.

14. Князева, М.Л. Ключ к самосозиданию / М.Л. Князева. - М.: Молодая гвардия, 1990.-255 с.

15. Самостоятельная работа студента.// Педагогика в системе многоуровневого образования. Часть I. Введение в педагогическую профессию: Программа и методические материалы. Сост.: Ф.К.Савина, Н.М.Борытко, О.Г.Нагибина и др. Волгоград: «Перемена», 1998.

Кульдеева Г.И.

доктор филологических наук, профессор, ЕНУ им. Л.Н. Гумилёва,
mironbek@mail.ru, Gulnara.Kuldeyeva88@gmail.com

МЕЖКУЛЬТУРНАЯ КОММУНИКАЦИЯ: МОДЕЛЬ КАЗАХСТАНСКОГО МУЛЬТИКУЛЬТУРАЛИЗМА

Резюме. Статья посвящена проблемам межкультурной коммуникации. В частности автор рассматривает модель казахстанского мультикультурализма, а также стратегии осуществления межкультурной коммуникации в Казахстане. Особо подчёркивается, что залогом успеха гармоничного межэтнического взаимодействия в Казахстане являются особенности тюркской ментальности казахов.

Түйін. Мақалада мәдениетаралық қарым-қатынас мәселесіне арналады. Автор Қазақстандағы мәдениеттер алуандығының моделі, сонымен қатар мәдениетаралық қарым-қатынастың іске асырылу стратегиясы жайын қарастырады. Әсіресе, Қазақстандағы этносаралық өзара әрекеттестіктің үйлесімділігі қазақ ұлтының түркілік менталды ерекшеліктеріне байланысты екендігіне ерекше көңіл бөлінеді.

Summary. The article is devoted to the problems of intercultural communication. In particular, the author looks at the model of Kazakhstani multiculturalism, as well as the strategy of implementing intercultural communication in Kazakhstan. It is emphasized, that the key to the success of harmonious interethnic interaction in Kazakhstan is the peculiarities of the Turkic mentality of the Kazakhs.

Ключевые слова: культура, коммуникация, Казахстан, мультикультурализм, тюркская ментальность

Начало XXI века кардинальным образом отличается от того времени, когда зародилась лингвистическая компаративистика. Размеренное течение времени конца XVIII - начала XIX века позволяло филологам прошлого в тиши кабинетов искать начало начал, рассматривать языки и сравнивать их. Исследовательский взгляд, фрагментарно воспринимая синхронное состояние языков, давал импульс размышлениям о том, чем продиктовано это существующее на тот момент состояние языка. Это был «взгляд в прошлое». Направление стержня лингвистической диахронии того периода языкознания можно назвать ретроспективным.

Общество начала 21 века – постиндустриальное общество. 21 век – век информации и информационных технологий, век глобализации. Сегодня возникает необходимость в корректировке исследовательской парадигмы лингвистической компаративистики. Сегодня мы все являемся свидетелями того, как в мире решаются проблемы самоидентификации этносов и культур, усиливается

борьба за свободное мировосприятие. Этот процесс носит глубинный и напряженный характер. Он проявляется в виде различных межэтнических конфликтов, военных столкновений на религиозной и политической почве, неприятия элементов чуждой культуры или утери цельности социальной и этнокультурной самооценки. Это в худшем случае. В лучшем случае этот процесс характеризуется установлением межкультурной коммуникации и определением консенсуса в самых разных сферах деятельности Человека. На фоне межкультурной коммуникации идёт активное взаимодействие языков, продиктованное глобальными социально-экономическими и политическими факторами. Именно межкультурная коммуникация является своеобразной социальной платформой для реализации межъязыковых процессов, которые в свою очередь являются объектом исследований лингвистической компаративистики.

Межкультурная коммуникация, безусловно, является самобытной, самостоятельной отраслью коммуникации, которая включает методы и научные традиции различных дисциплин, но в то же время является частью и общей теории, и практики коммуникаций. Особенностью межкультурной коммуникации является то, что в рамках данного направления исследуется феномен общения представителей различных культур и связанные с этим возникающие проблемы. Можно отметить, что впервые термин коммуникация утвердился в исследованиях, примыкающих к таким наукам, как кибернетика, информатика, психология, социология и др. Сегодня различные лингвистические и нелингвистические научные отрасли демонстрируют устойчивый интерес к вопросам коммуникации, что подтверждается значительным числом исследований, посвященных данной проблеме.

В англоязычной лингвистической литературе термин «коммуникация» понимается как обмен мыслями и информацией в форме речевых или письменных сигналов, в русском языке имеет эквивалент «общение» и является синонимом термина «общение». В свою очередь, слово «общение» обозначает процесс обмена мыслями, информацией и эмоциональными переживаниями между людьми. Для лингвистов общение – это актуализация коммуникативной функции языка в различных речевых ситуациях, и разницы между общением и коммуникацией нет. Общение же рассматривается как межличностное взаимодействие людей при обмене информацией познавательного (когнитивно-

го) или аффективно оценочного характера [5, 61]. Несмотря на то, что зачастую общение и коммуникация рассматриваются как синонимы, данные понятия имеют и определенные различия. За общением в основном закрепляются характеристики межличностного взаимодействия, а за коммуникацией – дополнительное и более широкое значение – информационный обмен в обществе. На этом основании общение представляет собой социально обусловленный процесс обмена мыслями и чувствами между людьми в различных сферах их познавательной и творческой деятельности, реализуемый при помощи преимущественно вербальных средств коммуникации. В отличие от него коммуникация – это социально обусловленный процесс передачи и восприятия информации, как в межличностном, так и в массовом общении по разным каналам при помощи различных вербальных и невербальных коммуникативных средств. Поскольку без коммуникации невозможно существование человека, то она представляет собой непрерывный процесс, ибо отношения между людьми, так же как и события, происходящие вокруг нас, не имеют ни начала, ни конца, ни строгой последовательности событий. Они динамичны, все время меняются и продолжаются в пространстве и во времени, протекают в разных направлениях и формах. Тем не менее, понятие общения и коммуникация можно рассматривать как взаимосвязанные и взаимообусловленные. Без общения на разном уровне невозможна коммуникация, равно как и коммуникацию можно воспринимать как продолжение диалога, протекающего в разных сферах.

Г. Трейдер и Э. Холл в своём научном исследовании «Культура и коммуникация. Модель анализа» в 1954 году рассматривают коммуникацию, как идеальную цель, к которой должен стремиться каждый человек, для того чтобы успешнее адаптироваться к окружающему миру. [3, 44]. На сегодняшний день всем известно, что оригинальный термин межкультурная коммуникация был введен в научный оборот в 70-е годы XX века в известном учебнике Л. Самовара и Р. Портера «Коммуникация между культурами» (Communication between Cultures) (1972 г.). В издании авторами был дан анализ особенностям межкультурного общения и тем особенностям, которые возникали в его процессе между представителями различных культур. Собственное определение межкультурной коммуникации было представлено и в книге Е.М. Верещагина и В.Г. Костомарова «Язык и культура». Здесь межкультурная коммуникация изложена как «адекватное взаимопонимание двух участников коммуникативного акта, принадлежащих к различным национальным культурам». [2, 26]. В данной работе авторы особое внимание уделили проблеме языка, которая является, бесспорно, важной в коммуникативном общении, хотя не единственной

определяющей сущность настоящего феномена. В дальнейшем межкультурная коммуникация рассматривалась более широко, и в данном направлении научных исследований были выделены такие области, как теория перевода, обучение иностранным языкам, сравнительная культурология, социология, психология и т.п.

Обобщая различные подходы к исследованию межкультурной коммуникации, а также, учитывая междисциплинарный характер данного явления, мы можем предложить следующее, достаточно общее определение. Межкультурная коммуникация – это сложное, комплексное явление, которое включает разнообразные направления и формы общения между отдельными индивидами, группами, государствами, относящимися к различным культурам.

Предметом межкультурной коммуникации можно назвать контакты, протекающие на различных уровнях в разной аудитории в двустороннем, многостороннем, глобальном аспекте. Коммуникация между культурами должна быть направлена на развитие конструктивного, взвешенного диалога, равноценного по отношению к представителям других культур. Несмотря на то, что проблема межкультурных коммуникаций сегодня вызывает вполне оправданный интерес, многие вопросы, примыкающие к данному явлению, относятся к достаточно дискуссионным, и вызывают полемику в научном сообществе. Они вытекают из самой сущности феномена, а также вызваны различными методами и подходами, связанными с изучением и анализом общения в сфере культуры.

Создавая свою теорию зарождения, формирования и развития культуры, нидерландский ученый Йохан Хейзинга пришел к гениально простому выводу о том, что если проанализировать любую человеческую деятельность, и в частности языковую, до самых истоков познания, она окажется не более чем игрой. Сам он классифицировал этот метод как метафизический [6, 5]. Все мы вовлечены в какую-либо деятельность-игру. Мир, в котором мы живем, имманентно системен, и любая деятельность-игра – маленькая подсистема, без которой не может существовать вся гиперсистема мира. Эта гиперсистема не могла бы существовать и без связей между наполняющими ее подсистемами: необходима система коммуникаций между отдельными элементами. И такой системой является язык с его коммуникативной функцией, играющей координирующую роль во всеобщей игре человечества. Многие сложнейшие проблемы перестали бы существовать, если бы люди могли свободно общаться между собой, как они делают это в своей семье. Диалог – вот к чему мы стремимся в самых разных ситуациях. Но создавая человечеству проблемы коммуникации и одновременно порождая, территориально распространяя и развивая уникальные

культурные достижения, на нашу землю вместе с сетью параллелей и меридианов проецируется сеть национальных языков, диалектов и наречий.

В результате этого диалога появляется обширный, практически неисчерпаемый материал для исследований лингвистической компаративистики.

Современная лингвистическая компаративистика «не забывает» о том, что самой главной проблемой данной научной отрасли является выявление того, какого рода сходства говорят о родстве языков, а какие о случайных совпадениях. В связи с этим методология исследований лингвистической компаративистики на сегодняшний день носит традиционно ретроспективный характер. Возвращение к так называемой точке отсчета возникновения и взаимодействия языков было характерно для европейского сравнительно-исторического языкознания XIX века. Безусловно, данный подход не потерял своей актуальности и по сей день. Казахстанские лингвисты, рефлексивно опираясь на традиции западноевропейских лингвистических исследований, не пришли к осознанию того факта, что современная действительность диктует новые правила для лингвистических исследований. Лингвистическая компаративистика должна носить не только ретроспективный, но и перспективный, прогнозно-аналитический характер.

Сегодня возникла необходимость, не отказываясь от достижений прошлого, в фиксации внимания на том, что именно в данное время зарождается та самая точка отсчета, по которой будут судить о родственности и взаимодействии языков уже в недалеком будущем. Методология перспективного, прогнозного исследования языковых фактов должна стать доминирующей, так как только такой подход позволит увидеть будущее существующих на начало XXI века языков и их носителей. Особо важна такая методология исследований для Казахстана, в котором политическая воля направлена на активную межкультурную, а, следовательно, и межъязыковую коммуникацию.

Говоря сегодня о казахстанской культуре, как важной составляющей евразийской и мировой культур, необходимо обратить внимание на характерную особенность ментальности казахского народа, заложенную в нем историческими, религиозными, социальными предпосылками. Особенность эта – готовность к Диалогу, стремление к существованию в гармонии с окружающим миром, способность организовать связь между людьми различных культур и плодотворно ее развивать. Можно утверждать, что гипотетический казах, как представитель своего этноса, обладает межкультурной компетенцией. Безусловно, многие успехи современного суверенного Казахстана на международной арене базируются именно на этом своеобразии ментальности казахского народа.

Сегодня даже можно говорить о казахстанской форме мультикультурализма, основополагающим принципом которой является принцип толерантности. Эта форма отличается от мультикультурализма Канады, которая также является разнородной в культурном, лингвистическом, религиозном и этническом плане страной. Население Канады составляют в большинстве своем англо-канадцы и франко-канадцы. Был момент, когда одна из самых крупных ее провинций - франкоговорящий Квебек - стала источником сепаратизма. Понимая всю опасность такого явления, канадские федеральные власти с середины 60-х гг. занялись решением данной проблемы, используя для этого не грубую силу, а современные цивилизованные формы и способы. Было провозглашено равенство английского и французского языков: Канада официально определяет себя как многокультурное общество, покоящееся на англо-французском двуязычии. На уровне Конституции за Квебеком был закреплен статус провинции с языковой и культурной спецификой. Принят специальный закон о многокультурности. Благодаря этим и другим мерам остроту проблемы сепаратизма, межкультурной напряженности удалось существенно ослабить. При этом не следует забывать, что как для англоязычных, так и франкоязычных канадцев земля североамериканского континента, на которой сегодня находится государство Канада, не является исторически родной. Можно предположить, что именно данный факт позволил договориться сторонам о государственном двуязычии и о закреплении за Квебеком статуса провинции с языковой и культурной спецификой. При этом политики умалчивают о положении коренного населения этой страны, состоянии его культуры и языка.

Казахстанская форма мультикультурализма, безусловно, отличается и от мультикультурализма США, по своей этнокультурной структуре представляющего собой одно из самых сложных обществ в мире. Население этой страны исторически сложилось, по меньшей мере, из пяти основных элементов, таких как коренное население - индейцев; потомков рабов, массы которых завозились из Африки; первой волны колонистов, очень неоднородной по своим религиозным и культурным истокам; политической и экономической элиты англосаксонского происхождения; последующих волн иммигрантов, представляющих собой выходцев не только из европейских, но и из латиноамериканских и азиатских стран. В США традиционно провозглашается концепция «плавильного котла», результатом которой видится некий единый американский народ.

Современному казахстанскому обществу удается проводить как интравекторную, то есть внутри государства, так и экстравекторную, то есть вне

государства, стратегию межкультурной коммуникации. Межкультурная коммуникация возведена в ранг политических стратегий государства, что приводит к реальным положительным результатам. В современном мире в эпоху интеграции, культурного обмена, в период формирования новой «планетарной» культуры наступившего тысячелетия для социума любого государства, в том числе и казахстанского, межкультурная коммуникация имеет очень важное значение. Она осуществляется на разных уровнях и вовлекает в процесс общения значительную аудиторию. Она решает масштабные и камерные языковые задачи. К примеру, одна из таких задач - это проблема перехода казахского языка с кириллицы на латиницу. Это проблема межкультурной коммуникации, которая даёт пищу для размышлений лингвистам-компаративистам. Это серьёзный материал для исследований современной казахстанской компаративистики в прогнозно-аналитической парадигме. После того как на основе рекомендаций учёных-лингвистов окончательное политическое решение будет принято, будет поздно думать о том, каким образом латиница повлияла на казахский язык и казахскую культуру. Уже сегодня нужно думать о том, как латиница повлияет на казахский язык и казахскую культуру.

Нужно признать, что у данной, казалось бы на первый взгляд лингвистической проблемы, две совершенно ясно просматривающиеся мотивации: первая, и можно сказать подсознательная психологическая, это стремление народа к отторжению всего «русского»; вторая, социально-экономическая, вхождение суверенного Казахстана в мировое экономическое пространство. Нельзя сказать, что этих мотиваций не существовало раньше. Они были, но обладали в разное время разной степенью энергией реализации и различными условиями воплощения. Сейчас, на 20-м году суверенности Казахстана, обе мотивации объединились по времени, условиям и энергетическому посылу, что даёт толчок политическому решению.

Вот здесь вступают в противоречие два фактора, характеризующие современные казахский этнос и казахскую государственность. Во-первых, стремление к де-факто суверенности, к этнической самоидентификации, осознанию самих себя как самобытного и цельного явления цивилизационного процесса мотивируют казахов к агрессивному отказу от «русского периода» в их истории, во-вторых, стремление войти в мировое экономическое пространство направляют казахов опять наступить на те же самые грабли, но в более масштабном глобальном плане. Ведь, что есть латинизация для казахского этноса и казахской культуры, как не подчинение очередной империи – виртуальной империи западноевропейской культуры, которой мы в тоже время сопротивляемся. За двадцать лет суверенности у казахской культуры и казахского языка ещё не выработался иммунитет, который позволил

С 70-х годов прошлого века в Японии было введено всеобщее обязательное четырехлетнее образование, а с 70-х годов нашего века бесплатным обязательным становится девятилетний цикл: 6 лет в начальной школе и 3 года – в младшей средней школе; им охватывается почти 100% детей. Следующая ступень среднего образования (трехлетняя старшая средняя школа) уже не является обязательной, поэтому 12-летним образованием охвачено около 97% детей соответствующей возрастной группы. Затем следует образование в университете (4 года) или в колледже (2 года); в начале 80-х годов такое образование имели 37,4% молодежи. В настоящее время более половины населения Японии имеет полное среднее и высшее образование. Японское правительство, в стремлении вывести страну в число первых держав мира, делающее ставку на высшее образование, принимает в 1918 г. положение о высшем образовании в стране. Среди целей и задач университетской подготовки формулируется в качестве основной задача «развивать личность студентов».

Особое место в программе стажировки было отведено посещению начальной и средней школы, когда удалось воочию увидеть практику преподавания, пообщаться с учителями, задать вопросы директорам школ, увидеть японских школьников в условиях реального учебного процесса. Девиз японской школы: «Радость-мечта-здоровый образ жизни» пора-

зил своей философской глубиной, направленностью в будущее, заботой о каждом ученике, искренней заинтересованностью и преданностью профессии японских педагогов. Действенность японской системы образования, ее необыкновенная результативность объясняются не только традиционным трудолюбием японцев и дисциплинированностью, но и историческими и культурными традициями, единством языка и культуры, обеспечивающим монолитность нации (в японском обществе практически не существует проблемы этнических различий как оформленной в общественном сознании).

Японская школа совершенно уникальна, хотя при ее построении использовались некоторые американские и французские образцы. В целом система образования и воспитания в Японии опирается на синтез исконно японских, классических восточных и соответствующих западных мировоззренческих и поведенческих установок. Японская школа культивирует национальный дух, формирует соответствующие моральные качества, развивает традиционные черты национального характера, используя в качестве опорных основ идеи влиятельных философских, религиозно-мировоззренческих, этических учений: синто, бусидо, буддизма, конфуцианства. Идеями национализма, воспитания в духе «традиционных моральных ценностей» проникнуто преподавание и таких дисциплин как рисование и пение, формирование представлений об эстетическом идеале. Что касается западных теорий воспитания, то среди них наибольшее распространение и влияние в Японии имеют идеи швейцарского педагога Генриха Песталоцци, идеи и система американского философа и педагога Джона Дьюи (в частности его книги «Школа и общество», «Демократия и образование»).

Попытки структурной перестройки системы школьного образования (ввести 4-4-6 вместо прежних 6-3-3) якобы с целью «учёта особенностей индивидуумов», а на самом деле сокращающей возможности равного образования, усиливающей утилитарную трудовую ориентацию, закрепляющей еще в школе довольно узкую специализацию образования, вызвали недовольство прогрессивной общественности, выступления против нее демократических сил общества. Действительно, в японском обществе, где всегда был чрезвычайно высок престиж образования, которое рассматривалось как необходимое условие всякого продвижения в жизни, особую ценность имело образование общее, ибо именно оно дает широкий кругозор для правильной ориентации человека. Оно, по мнению японских специалистов, не только главное средство передачи традиционных японских ценностей из поколения в поколение, но оно способствует и развращиванию творческих способностей, столь необходимых в современной, динамичной жизни.

Современная японская культура уходит корнями

в традиционную сельскую общину, в которой люди должны были очень тесно сотрудничать, чтобы обеспечивать свою жизнь. Поэтому детей воспитывали таким образом, чтобы они в первую очередь умели уживаться с другими людьми. Сотрудничество, а не индивидуализм, стояло на первом месте, поэтому члены группы защищались и поддерживались всей группой; самонадеянность, отстаивание своих притязаний рассматривались как неповиновение. Подобный подход разительно отличается от западного типа воспитания, особенно от американского, уделяющего больше времени воспитанию индивидуальности, креативности и уверенности в своих силах. Словом «икудзи» японцы обозначают воспитание детей и методы, которыми они пользуются для наставления отпрысков на путь истинный, в полной мере отражают то своеобразие культуры, под влиянием которой эти методы сложились.

На приеме в Министерстве образования, на лекциях профессоров университета Цукуба, во время встреч с директорами школ обсуждались не только успехи, но и проблемы, стоящие перед системой образования. Японские педагоги открыто говорили о том, что на данный момент основной проблемой является демографическая, затрагивающая не только образовательную среду. Проблема старения нации, нежелание молодежи создавать традиционные семьи, иметь много детей стала в последние годы общенациональной. Специалисты подсчитали, что если страна не сможет изменить демографическую ситуацию, обеспечить прирост населения, то к 3020 году в мире останется один японец. При этом японцы в качестве перспективных не рассматривают такие пути прироста населения, как миграция, усыновление иностранных детей и т.д. Общенациональная идеология, направленная на сохранение монолитности и моноязычия в обществе, бережное отношение к ментальным ценностям, преемственность в традициях и культуре, сохранение «японского» духа, уклада жизни должно осуществляться, по мнению педагогов, за счет этнических японцев, составляющих на данный момент 126 миллионов человек.

При этом японцы сознают, что в эпоху глобализации не могут быть абсолютно изолированы от окружающего мира, от влияния особенно на молодое поколение западных поведенческих стереотипов, в результате чего создается противоречие между национальными и инонациональными образцами. В Японии люди приучены считаться в первую очередь и больше с мнением и чувствами других, и это необходимая предпосылка для надлежащего поведения. Однако за счет этого получают нерешительные взрослые, перекладывающие решение проблем на других, часто избегающие личной ответственности. Поэтому в настоящее время Япония сильно меняется, подгоняясь под запросы интернационального общества, для японцев становится важным разви-

вать свои способности к индивидуальному мышлению, чтобы стать более независимыми. Однако просто копировать западную методiku толку мало, поскольку чрезмерная независимость и индивидуализм также могут быть деструктивными, к тому же эти черты плохо усваиваются японцами. В Японии в настоящее время создается такая система воспитания подрастающего поколения, которая позволит детям развивать подлинную самостоятельность, иметь собственное мнение и будет способствовать выработке корпоративного духа в большей степени, нежели слепого и бездумного послушания.

Педагогическая компаративистика убеждает в том, что зарубежный опыт, безусловно, полезен. Понятно, что не следует безоглядно подражать мировым образцам, но извлечь рациональное зерно необходимо. При опоре на мировой опыт важно удержаться как от соблазна бездумного копирования, так и слепого отрицания. Надо уяснить, что может обогатить лучшие традиции отечественного образования. К сожалению, подчас в ходе преобразований перенимается не лучший зарубежный опыт и разрушается то, чем славилась «советская» педагогика, продуктом которого являются многие уважаемые казахстанские профессора, опора и основа интеллигенции. Интересно, что во время посещения рабочих кабинетов японских профессоров (небольших и скромно оформленных) мы увидели на книжных полках труды классиков «советской» педагогики: Ушинского, Сухомлинского, Макаренко, Крупской. Японские специалисты положительно оценивают опыт «советской» педагогики, отмечая фундаментализм, научную состоятельность этих трудов. Что же касается идеологического содержания, то это, по их мнению, является лишь фоном, главное же в работах «классиков» - это дидактическая составляющая.

Реформирование системы образования в нашей стране продолжается, ученая общественность и учителя в поиске путей выхода из кризиса образования, преодоления тех ошибок, которые все же допускались в течение последних лет. На наш взгляд, нам следует присмотреться не только к западной, но и к восточной, «азиатской» модели образования и воспитания; при этом одним из оптимальных является путь, сочетающий опыт «советской» школы и этнопедагогические ментальные традиции нашего народа. Примером такого рода сочетания является система образования страны восходящего солнца. Высокий общественный статус Учителя, почитание старшего поколения, воспитание учтивости, скромности, дисциплинированности, целеустремленности, - эти и другие качества характерны не только японскому, но и казахскому характеру. Стремление сохранить родной язык, многовековые культурные традиции, преемственность поколений, передать

подрастающей молодежи национальные традиции и менталитет, безусловно, позволяет увидеть сходные, родственные черты в ментальности народов Азии, в том числе казахов и японцев.

Японцы, синтезировав все последние достижения педагогической науки с особенностями построения японского социума, смогли обеспечить своей стране не только впечатляющие темпы роста экономики, но и достаточно высокий уровень жизни. Они, как никто другой понимают, что эффективная система образования в стране с высоким уровнем автоматизации является не то, что обязательной, она является жизненно необходимой. Поэтому, можно с уверенностью сказать, что львиная доля экономического и социального развития этой страны является следствием грамотно построенной системы образования. Педагогическая компаративистика, опыт педагогического сотрудничества, стажировка в Японии убеждают в том, что казахстанской системе образования есть что позаимствовать у такой, во многих смыслах передовой, страны как Япония.

Литература

- 1 Драйден Гордон. *Революция в обучении. Научить мир учиться по-новому.* – М: Знание, 2013, 320 с.
 - 2 *Пять испытанных инновационных концепций// Под ред. Арно Й.Маарсхалкелерда.* – Нидерланды, 2005, 80 с.
 - 3 Н. Анарбек. *О понятийно-категориальном аппарате сравнительной педагогики//В мире образования, М., 2007, №5, с. 7-12.*
 - 4 Г.М. Касымова. *Коммуникативное образование в практике зарубежных вузов//Материалы междунар. научно-практ.конф., посвящ. 20-летию МАБ.* – Алматы, 2008, с.145.
 - 5 Джуринский, А. Н. *Сравнительная педагогика, 2-е изд., перераб. и доп.* — М: Юрайт, 2013, 440 с.
- Әдебиеттер
- 1 Гордон Драйден. *Оқытудағы революция. Әлемді жаңаша оқуға үйрету.* – М: Білім, 2013, 320 б.
 - 2 *Бес сыналған инновациялық тұжырымдамалар// Ред. Арно Й.Маарсхалкелерда.* – Нидерланды, 2005, 80 б.
 - 3 Н. Анарбек. *Салыстырмалы педагогикадағы ұғымдық-категориалар аппараты туралы //Білім әлемінде, М., 2007, №5, 7-12 б.*
 - 4 Г. М. Қасымова. *Шетелдік жоғары оқу орындарындағы коммуникативтік білім беру тәжірибесі // Халықарал. ғылыми-практ.конф., материалдары. МАБтың 20-жылдығына арналған.* – Алматы, 2008, 145 б.
 - 5 Джуринский А. Н. *Салыстырмалы педагогика, 2-е изд., толықт.*—М: Юрайт, 2013, 440 б.

Айтбаева Айман Ералықызы

филология ғылымдарының кандидаты, aiman_aitbaeva@mail.ru

Есембекова Шырынкул Туkenовна

педагогика ғылымдарының магистрі, аға оқытушы

І.ЖАНСҮГІРОВТІҢ «ЖЕТИСУДЫ ОРЫСТАРДЫҢ АЛУЫ» МАҚАЛАСЫНЫҢ ТАРИХИ МӘНІ

Резюме. Статья посвящена проблеме исследования И. Жансугурова по истории Жетысуского региона. Он анализирует природные богатства до советского правления в Жетысу, обычаи и традиции казахской нации, пение и акынское искусство. В этой статье описаны полный переход русских людей в Жетысуский район в период колониальной политики российского правительства, а также тяжелые условия жизни казахстанцев Жетысу, потерявших свою землю и трагедию народов, столкнувшихся с голодом.

Summary. The article deals with the problem of I. Zhansugurov's researches on the history of Zhetysu region. He makes analysis of natural wealth pre Soviet government period of Zhetysu, Kazakh nation's customs and traditions, singing and akyn art. Russian people's total move to the Zhetysu region during the Russian government colonial policy, also hard conditions of Zhetysu Kazakhs having lost their land and peoples tragedy having faced with hunger are described in this article.

Ұзақ уақыттар бойы Отандық тарихтың ақиқатын айту, айғақтау, ашу бағытындағы зерттеу еңбектерге тосқауыл қойылып отырғандығы аса мәнді тарихи фактілерді ұрпақ зердесінен тыс қалдырды.

Соңғы кезеңде айналымға түсіп отырған деректік тұрғыдан маңызды зерттеулердің бірі Ілияс Жансүгіровтің «Жетісу өлкесін орыстың алуы» атты мақаласы. Араб қарпімен жазылған мақала қолжазбасын ҚР Орталық мемлекеттік қорынан І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің «Ілиястану» ғылыми зерттеу орталығының мамандары қазіргі жазуға көшіріп, баспадан шығарды.

Әдеби шығармашылықта барлық жанрда көркемдік қуаты мығым туындылар жазған дүлдүл дарын Ілияс Жансүгіров өз уақытының өзекті мәселелеріне де қызу араласқан қайраткер тұлға. ХХ ғасырдың 20 жылдарындағы ұлт зиялысының қай қайсысының да бойындағы көпқырлылық, заман талабына орай шыңдала түскен әмбебаптық Ілиясқа да тән еді. Кенжелеу қосылғанымен аз ғана жылдар ішінде ол өзінің ұлттық сөз өнеріндегі эпикалық дәстүрдің озық үлгілерімен дамытқан әйгілі поэмаларын жазды. Көркем аударма жасады. Әдебиет тарихын зерттеуде, Абайтануда ғылыми негізді еңбектерімен қазақ әдебиеттану ғылымының

қалыптасып, дамуына қатысты. Сан қырлы таланттың атқарған, араласқан қыруар шаруасының бірі оның қазақ тарихына қатысты деректік, құжаттық негізде зерттеу жүргізгендігі екендігін енді енді біле бастадық. Бұл - заманалық тұлғаның елінің игілігі үшін жасаған және бір қайырлы еңбегі.

Кішкенедең құйма құлақ болып өскен, кейін сауат ашып, оқуы кешеуілдегеніне қарамастан таңқаларлықтай құштарлықпен білімге ден қойған І. Жансүгіровтің аталған мақаласы Жетісудың Ресей патша үкіметінің қарарына өтуін нақтылы тарихи жағдай, Жетісуды қоныстанған қазақ руларының ХІХ ғасырдың орта тұсындағы қал күйі туралы толымды, егжей тегжейлі сипаттаулармен басталады.

Жетісу жерінің сол бір уақыттарда бөлшек бөлшек болып қалған жайын еміс еміс болжағанымызбен Ілияс Жансүгіровтың аталған мақаласында жүрекке салмақ салар ауыр ақиқаттар қамтылғанын сезіндік. Бір қиыры Қытайға өткен, бір өңірін Қоқан билігі талаған, бір аумағы екпіндей жеткен Ресей әскерінің иелігіне өткен, «қырық ру» болып бөлінген, жері тілім тілім, тулақша талапайға түскен ел күйі соншалықты ауыр, шер, арпалыс заманымен бой көтерген осы көлемді мақалада мұрағат құжаттарымен салыстыра зерттеуді міндеттейтін, сол арқылы замананың кейінгі ұрпаққа бүркемеленіп, буалдыр күйде жеткен тарихи ахуалын ұғына түсуге септігін тигізетін мәнді, елеулі жинақтау, пайымдаулар бар. Бейтарап баяндалғандай тарихи фактілердің астарындағы қисапсыз қасірет, ұлт тарихының бұлт торлаған қаракөлеңке шақтарын Ілияс Жансүгіровтің жүрегінен өткізіп жазғанын, жаны қан жылап отырып баяндағанын сезінеміз.

«Қоқан қазаққа да киіп жарып өкімет бола алған жоқ. Елі алым төлесе де, ішкі жұмысында өзі қожа еді. Қоқанның қолынан келгені елдің арасында жік салып, ру барымтасын қоздырып, түбі тоздырып алам ба деген ойы еді. Сондықтан Қоқан хандығы Іленің сол жағын қоныстанған Ұлы жүзді Іленің оң жағындағы Орта жүзбен ұстастырды. Арасына от салды. Неше аттаныс, жортуылдар болды. Жетісу тарихында көрнекті орын алған «Үрістем қырғыны» осы Қоқан саясатының жемісі еді. Өйткені Іленің суағарынан солтүстікке қарай жатқан ел Қытайға қарайды деп есептелетін еді. Бұрын Жоңғарға қарап жүрген қазақтар Жоңғарды Қытай алғанда... Қытайдікі болып шықты» [1, 403 б.].

Мақалада сол тұста қырық бөлшек болып таланған Жетісу өлкесіндегі әркелкі билік жүйесі туралы толымды мағлұматтар қамтылған. Келешек түбегейлі зерттеулер үшін қажетті деректер мол. Дәуірлік дүбірлердің тарихи алғышарттарын егжей тегжейлі баяндаған Илияс Жансүгіров қазіргі отандық тарих ғылымы ескеріп отыратын деңгейдегі жинақтаулар мен саралауларға түпкілікті пайымдаулар жасайды. Көшпелі елдің құрылымдық, тұтастық қалпындағы рулық, ақсақалдық институттардың біртіндеп ыдырауындағы ықпалды билік жүйесі туралы ой толғамдарындағы тарихи ұстаным, пайымдау өресі назар аударады. Кеңестік кезең идеологиясындағы шетжағалап, қарайлап қойып айтқанның өзінде ішінен алып зерделеген сұңғыла пайымы бөлек көрінеді.

«Қазақ ол кезде руға бөлінген, ақсақалға жүнген, мал баққан көшпелі ел еді. Көшпелі қазақтар шаруа түрін Ресейден келген сауда айырбасына, тауар алыс берісіне табан тіресе алмай, әлсіреген кезі еді. Қазақ ішінде бектің бір түрі де бар еді. Хандар, төре, сұлтандар, ақсүйектік, қара бауырлық, төлеңгіт дейтін сойлар – сол бектік құрылыстың бұтақтары еді. Бірақ бұларды жалпы қазақтың күшті қоғам түрі деуге болмайды. Қалың ел, көпшілік көбінесе аламан, ақсақалшыл дәуірде еді. Ескі билер, ақсақалдар, батырлар, ру басылары болатын. Ру мен бектер ашық, жабық аянбай тартысты. Ру құрылысын жаныштап, жарыққа шығатын бектік дәуірі қазақта қанша танылғанымен дәуірлей алмады. Өйткені оған қазақтың көшпелі түрі, өрісті, мал шаруашылығы, ру құрылысының күштілігі мойынсұнбады. Сондықтан қазақ ішіндегі әлсіз бектік құрылысы өзін көтеру үшін орыс өкіметіне қол артты. Ханы, төресі, сұлтаны орыстан шен шекпен алып, қазаққа орыс күшімен үкім етпек болды. Қазақ даласына тамыр жаю үшін орыстың сауда капиталы саяны қазақ ішіндегі бектерден тапты. Аға сұлтан, төре сұлтандар ауылдарына орыс саудагері малын сақтап, қойға салған Ащының науасындай құйылды. Орыстың саудасын қазақ даласына кіргізуге мұрындық болды. Орысқа «бағынамын» деп уәде бергендер қалай да қара қазақты орыс үкіметіне қарауға, орыс саудасын таратуға үндеді. Елдің орысқа шабатын шабуылдарына іріткі болуға, орыстың түскен қалаларына көмекші күзетші болуға қайрат қылды. Сауда керуендеріне жәрдем беріп, оларды қазақ даласына аман есен өткізіп, Қытаймен, Орта Азиямен тұтастануына көмегін көп көрсетті» [1, 404 б.].

Илияс Жансүгіров қазақ мемлекеттілігінің тарихына қатысты терең саяси әлеуметтік, экономикалық зерттеулерге негіз боларлық бастамашыл ойларды сол уақыттың өзінде биік қоғамтанушылық өремен айтқан.

«Кешегі Абылайдан кейін қазаққа белгілі, көпті бауырлап билеген хан болған жоқ. Қазақтың тұтас өзін билеген дәуірінің аяғы Абылай деуге болады.

Одан кейінгі бектік талабы бытыраңқы болды. Әр төре, әр хан қазақтан өзіне бөлек үйір салып, жеке бек болмақ ниетінде болды. Әр жерде «алдияр» молайды» [1, 404 б.].

Илияс Жансүгіров Жетісудағы Ұлы жүз, Орта жүзді орысқа бағындырған, өздерін елге «сұлтандар» болды деп санаған төрелерді түгендеп, атап шығады.

Садыр төресі – Бөлек,

Матай төресі – Қарак, Жанбөбек, Жәңгір.

Ұлы жүзде: Жалайыр төресі – Сөк.

Албан-Суан төресі - Тезек, оның інісі Әбілейіс.

Үйсін, Шапырашты, Дулат төресі – Әділ.

Хандық биліктің жойылу себептері, жөндері тұрғысында нақтылы алғышарттар мен іс-әрекеттерге тұтас қазақ өлкесіндегі ахуал арқауында көз тоқтатып, мән-жайға баға беріп, төрелік айтып отырып автор біртіндеп өзі көтеріп отырған мәселеге Жетісудың орысқа қарауындағы шешуші факторлар мен фактілерге бұрылады.

«1818 жылы Қаратал мен Іленің ортасында көшіп жүретін Жалайыр төресі Сөк Абылайханов Қоқан хандығының қол астынан шығуға талпынып, Қытайдан көмек ала алмай, орысқа 55 мың жанмен қарадым деп ант ішеді, қағаз береді. Қоқаннан қорғануға Ресейден көмек сұрайды. Сөктің ұсынысын орыс патшасы қуаныш-құрметпен қарсы алады. Бір жағы Қытай, бір жағы Қоқанның қолтығында жатқан жалпақ елдің ортасының ойылып, орысқа қараймын дегені орасан олжа болады. Сөкке 8-класстың шенін сыйлайды. Сөктің қасындағы рудың бастықтарына да әртүрлі награда береді. Қаратал бойынан қазына ақшасына үй, мешіт салуға жарлық болды. Сөкке әскер жәрдемін беруге жарлық болды. Бірақ бұл жарлықтар қазақ даласына жаңа зақун шығумен қарбалас болып, іске аспай, біраз созылады. 7 жыл өткен соң, 1825 жылы Қаратал бойына орыс отряды жіберіліп, үй салынады» [1, 406 б.].

Сол тұста Қытай жағы жер біздікі деп, Жетісуда орыстың орнығуы сәл іркіліс тапқанымен, саудасы біртіндеп Жетісуға аяқ баса бастайды. Орта жүздің Жошыұлы Сарт атты төресі Батыс Сібір генерал-губернаторына Аягөз манайында окружной приказ ашуға тілек қылған.

1831 жылы Аягөз округі құрылып, Сарт аға сұлтан болып сайланады. Бұл округтік приказдың ашылуы - орыстың Жетісу табалдырығын алғаш аттағаны еді деп түйеді Илияс Жансүгіров.

Сыбанқұлдың орысқа қарсы шабуылдары, ақыры Қытай жағынан да қысым көріп, қолға түсіп жазалануы, 1841 жылы Томск губерниясында айдауда жүріп өлгендігі, содан соң елдің басылып қалғандығы туралы айтылған деректердің де Жетісу өлкесінің талапайға түсуіндегі себептерді нақтылы атап, саралап өтуімен мәнді.

Билікке ұмтылған Сыбанқұлдың әуелде Қытай жағын арқаланып, орысқа қараған рулармен

дау-жанжалда болуы ақыры өзі үшін де, ел үшін де зардапты болған.

«Сыбанқұлдың қолға түсуі елірген елдің жығасын түсіреді. Орыс үстемдігін көтереді. Қытайға қарай сырғып көшкен ел өз қоныстарына қайта қонады. Сыбанқұл бастап жүрген рулар орысқа қарауға ұсыныс қыла бастайды. Орыс «ауыл», «болыс» жасауға кіріседі. Қаракерей, Садыр тып-тыныш орысқа қарайды. Бұлардың ішінен болыстар жасалып, сұлтандар тұрады» [1, 408 б.].

Ілияс Жансүгіров Орта жүздің Матайдан басқа рулары бұл кезде орысқа әбден қол қойып, бағынып орныққан кезі еді дейді. Ел басынан өткен дүрбелең шақтарды нақтылы мәнде егжей-тегжейлі тарқата баяндайды.

«Орыс келіп Садырды қаратып жатқан кезде Лепсі мен Қаратал арасын мекендеп жүрген Матай деген ел орысқа қарамас үшін Ілеге қарай үркеді. Бұлардың ішінде Қоқан қолының жүздей адамы болады. Медведьев бастаған орыс әскері бұларды Қаратал мен Көксудың арасында қуып жетеді. Қазаққа орыс кісі салса да ел көнбей, орысқа қазақ соқтығады. Қоқанның туы қолында, қазақ-орысқа Ташкен адамдарының бастығы қазақты бастап қарсы шықты. Әскер мылтық пен зеңбірек атады» [1, 408 б.].

Мақалада сол кезде зеңбірек оғы бір қазақтың басын жұлып әкеткенінде ел ішіне тараған өлең жолдары келтірілген.

Әрияайдай, арбаның дөңгелегі,
Кейін қалды ауылымның бір бөлегі.
Кейін қалмай қайтеді бір бөлегі,
Шыдатпады кәпірдің зеңбірегі.

Сол күндерде орыс әскері қоқандықтармен алғаш түйіскен.

Әрі қарай да зерттеуде көп тарих баяндалған. Үріккен елдің жансауға іздеп бірде Қытайға, бірде Орысқа, бірде Қоқанға баруы, өз басын өзі байлап бергендей кіріштарлыққа түсуінде алапайдай бүлігіп, руаралық қырқысудың да кесірі аз болмағанын аңлаймыз. «Бас-басына би болған өңкей қикымның» Абай айтқан «ел сикын бұзуы» ойға келеді...

«Матай осы үріккен бетімен осы күнгі Матай тауы атанған жердің маңайында болыпты да, бірақ Матай өздері кезбас болып екіге бөлініп, бірін Күлшан Тастанбек бастап, бірін Қыдыралы Тәнеке бастап, екеуі екі жаққа тартады» [1, 409б.].

«Кенесары Қасымұлы бастаған азаттық күрес тарихын толықтыра жазуда ескерілуі тиіс деректер назар аударады. Кенесары барлық қазақ руларының басын қосып, жеке мемлекет жасауға талпынды... Ол қазақтың не орысқа, не сартқа, не қытайға қарауына разы емес еді. Ташкенмен де жау еді...

Кенесары осы жөнмен кейде Сібірде, кейде Орынбор даласының маңында он жылдай ашық көтеріліс, жорықтар жасап жүрді».

Бұл еңбектегі деректер қазіргі қазақстандық тарих ғылымында қаншалықты айналымға тартылып

отырғандығы бір мәселе. Мақаланың келесі бір өзектілік өрісі Жетісудағы осы бір тарихи кезең туралы әдеби шығармашылықтағы көрініс табуы.

Ілияс Жансүгіровтің осы зерттеуі, Жамбыл жырлаған Сұраншы батыр, Саурық батыр туралы дастандардың азаттық күрес тарихындағы мәні, әдеби мұрада сақталған. Әдеби мұрада сақталған Жетісу тарихына тиісті деректер тұрғысында арнайы зерттеулер жүргізілуі Отандық тарихтың елеулі кезеңдері туралы ғылыми танымды байытуда қайырлы бір іс болар еді.

Сыя сауыт, қаламсыз,
Дәптер, кітап, қағазсыз
Ой қозғаған домбыра,
Сөз қозғаған домбыра,
Болған кезде Жамбылдың
Домбырамен жазуы -
Жырланып еді осы жыр.
Жырламаймын десем де
Ел тілегі қоймады:
Таудан құлаған тарғыл тас,
Тарығып шығып көзден жас,
Қыспақ заман кездесіп,
Қайғы басып қарындас,
Тарыққанда сүйенер
Ел батырын ойлады,
Ойламасқа болмады.
Қабағы түсіп қамығып,
Батыр ұлын сағынып,
Ескіні еске түсіріп,
Жырым еді сондағы.

«Зар-заман» деп ат қойған,
Зарланған халық сонан ғой.
Зарлануы халықтың -
Шектен асып ушықты.
Айдаһар жұтып аюды
Шоңбас жеді шымшықты.
Лек-лек солдат айдатып,
Мойнына шекпен байлатып,
Оралдан өрлеп Алтайға
Алуға патша ынтықты.
Садақ тартқан қазаққа
Түтіндетті мылтықты,
Ертістен өтіп, жоғары
Жетісуға қол сұқты...

Бұрынғы жожа Құдияр
Қазанатын мінісіп,
Қомпаң-қомпаң желісіп,
Жағасыз көйлек киісіп... [2, 109 б.].

Ел тарихын түгендеуде, оның әдебиет тарихындағы ықпалды шығармашылық өріс түзгендігін бағалап саралауда зер салып зерттейтін елеулі міндеттердің бағытында Ілияс Жансүгіровтің «Жетісуды орыстың алуы» зерттеуі айрықша мәні бар еңбек.

Арзымбетова Шолпан Жақсылыққызы
п.ғ.к., доцент ОҚМПИ, sh.zh73@mail.ru

Киясова Калия Куралбаевна
п.ғ.к., доцент м.а. ОҚМПИ, kaliya.k.k@mail.ru

Естаева Алия Оңласбекқызы
магистр оқытушы ОҚМПИ, aliya_8726@mail.ru

ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ ПЕДАГОГИКАСЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ МЕН ДАМУЫ

Резюме. В современных условиях инклюзивное образование представляет собой перспективную форму обучения всех детей, так как инклюзивный образовательный процесс предполагает адекватную организацию учебной деятельности, удовлетворяющую образовательные потребности каждого ребенка. При этом мы должны знать, историческое становление и развитие инклюзивного образования, чтобы делать дальнейшие выводы и заключения.

На протяжении многих веков проблема аномального развития не рассматривалась с научных позиций. На ранних этапах истории человеческого общества отношение к людям с психофизическими недостатками было нетерпимым.

Summary. In modern conditions, inclusive education is a promising form of education for all children, since an inclusive educational process presupposes an adequate organization of educational activities that meets the educational needs of each child. At the same time, we must know the historical formation and development of inclusive education in order to draw further conclusions and conclusions. For many centuries the problem of abnormal development has not been considered from the scientific standpoint. In the early stages of the history of human society, attitudes toward people with psychophysical disabilities were intolerant.

Көптеген ғасырлар бойы аномалды даму мәселесі ғылыми тұрғыдан қарастырылмаған. Адамзат қоғамы тарихының әртүрлі кезеңдерінде психофизикалық кемшілігі бар адамдарға деген қарым-қатынасы тіптен төзерлік деңгейде болмады. Айталық, Спартада әрбір жаңа туылған нәрестені ақсақалдар мұқият қарап шығатын. Әлсіз әрі ұсқынсыз балаларды шұңыраудан лақтырып жіберетін. Көне Римде болса, ұсқынсыз балаларды өлтіріп тастаған, ал әлсіз әрі кейпі сүйкімсіз сәбилерді суға тұншықтыратын.

Орта ғасырларда Батыс Еуропада инквизиция есі ауысқан адамдарды жазалап, оларды «шайтанның балалары» деп атап, түрмеге лақтырып, қинап, тіпті отқа жаққан.

Қайта өрлеу дәуірі кезеңінде адами кемшіліктер мен кемістіктерге аяушылықпен қарау және жаны ашу гуманистік идеялары бастау алды (Т.

Морр, Э.Роттердамский, Я.А.Коменский, Д.Локк). Дәрігерлер шіркеулер мен түрмелерге барып, есі ауысқан адамдарды бақылап, олардың қоғамға қайта оралуына көмек берудің жолдарын іздейді. Есі дұрыс емес балалар оқыту мен тәрбиелеудің ерекше формаларына зәру екендігі туралы алғашқы ойды швейцарлық педагог Иоганн Генрих Песталоцци ұсынды.

Танымал чех педагогы Ян Амос Коменский бір-бірінен ой дамуы мен мінез-құлық ерекшелігінің деңгейіне қарай айырмашылығы бар балалардың алты типін анықтап көрсетті. Оның ойынша, мектеп барлық балаларды жаппай оқытудың орны болуы тиіс. Мұнда белгілі бір кәсіпке оқытуға ғылым негіздеріне зерттеуге қаншалықты назар аударылса, соншалықты көңіл қойылды. Я.А.Коменский негізін қалаған мектеп адамгершілік дүниетанымдарға негізделіп, инклюзивті білім беру жүйесін толыққанды бейнелей алды. Айталық, өзінің еңбегінде Б.Б.Ярмахов «1 оқушы: 1 компьютер» – мектепте ұтымды оқытудың білім беру үлгісін әртүрлі кезеңдердегі мектептердің реттігін сипаттап көрсетті. «Коменский– Руссо – Песталоцци – Толстой–Дьюи–Килпатрик– Штайнер – Корчак–Френель–Монтессори–Выготский– Пиаже –Занков–Эльконин–Иллич– Пейперта» (тізім толық емес). Бұл мектеп мынаған құрылған: оның басты міндеті – баланы дамыту идеясы – әртүрлі қабылданып, түсіндіріледі, бірақ шамадан тыс құндылық деңгейінен байқалады. Мұғалім жұмысының негізгі мәні – белгілі бір «мазмұнды» тілмен жеткізу, оны «меңгеруге» бақылау жасауда емес, баланы осы әрекеттер арқылы дамыту идеясын жүзеге асыруда. Бұл мектеп кез келген унификация мен стандартизациялауға қарама-қайшы. Мұндай мектеп үшін постулат – біркелкі қасиеттері мен ерекшеліктері болатын, екеуін бірдей оқыту керекті екі бала болмайды. Бір ғана сабақты екі түрлі сыныпта бірдей жүргізуге болмайды; мұндай мектептің оқу стандарты – пәндік сала аясындағы гипотетикалық шекара, оның аясында оқу әрекеті жүзеге асырылады; мұндай мектептегі әрбір мұғалім түбегейлі түрде алмастырылмайды және айрықша. Ия, ол ауырып немесе зейнеткерлікке кетуі мүмкін, сыныпқа басқа мұғалім келуі мүмкін. Алайда бұл – мүлдем басқа үдеріс немесе басқаша әрекет түрі; мұндай мектепте болып жатқан барлық іс-әрекет-

тер таңдауға құрылған; мұндай мектептегі іс-әрекеттің орташа түрі – оқушылар барысында тәжірибе жинақтайтын үдеріс, оның негізінде оқушының тұлғалық құрылымы қалыптасады; мұндай мектеп «баллдық баға» дегенді білмейді – балл ол үшін қарама-қайшы дүние. Оқушының мектептегі әрбір іс-әрекеттерін бағалаудың бірыңғай шкаласы жоқ. Оның іс-әрекеті ретіндегі құрылымды бөліктер – оның генетикалық деңгейдегі қабілеттері, оның интеллектуалды және эмоционалды дамуына жалпы бағыттылық; баланың өсіп-өнген әлеуметтік ортасы; оны мұғалім мен басқа балалардың қабылдау ерекшелігі; көңіл-күй – қазір және осында, отбасында және референтті топтағы оқиғалар [1].

Арнайы білім берудің ұлттық жүйесінің қалыптасуы мен дамуы тарихын қарастыра отырып, Н.Н. Малофеев эволюцияның бірнеше кезеңдерді атап көрсетеді:

I-кезең (VIII ғғ.–XII ғғ. арасы) – агрессия мен шыдамсыздықтан мүгедектерге қамқорлық жасау қажеттілігін сезінуге дейін;

II кезең (XII ғғ.–XVIII ғғ. арасы) – мүгедектерге қамқорлық жасау қажеттілігінен соқырлар мен кереметтерді оқыту мүмкіндігін түсінуге; жекелей оқыту баспаналарынан арнайы білім беру мекемелеріне дейін;

III кезең (XVIII ғғ.–XX ғғ. арасы) – сенсорлық ауытқушылығы бар балаларды оқыту мүмкіндігін

сезінуден білім беру жүйесіндегі аномалды балалардың құқығын мойындауға дейін;

IV кезең (XX ғғ. басынан 70-жылдарға дейін) – дамуында ауытқушылық бар балалардың жекелеген категориялары үшін арнайы білім беру қажеттілігін түсінуден барлық зәру адамдар үшін арнайы білім беру қажеттілігін түсінуге дейін. Арнайы білім беру жүйесінің дамуы мен дифференциациясы;

V кезең (XX ғасырдың 70-жылдарынан бастап) – тепе-тең мүмкіндіктерден тепе-тең құқықтарға, сегрегациядан интеграцияға дейін [2].

Н.Н. Малофеевтің ойынша, Ресей Еуропа елдерінен әжептеуір артта қалған және төртінші кезеңнен бесінші кезеңге өткелі тұр. Ресей қоғамының әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуының ерекшеліктерін ескере отырып, арнайы білім берудің өзіндік ұлттық үлгісін құрастыру қажеттілігі туындады. Әзірше, арнайы білім беру жүйесінің дағдарыстық жай-күйі туралы айтуға болады.

Білім беру жүйесі – мәдениеттің функционалану және дамытудың күрделі тарихи үдерістерінің шектеулі бөлігі болып табылады. Н.Н. Малофеевтің ойынша, қоғам мен мемлекеттің қарым-қатынасы эволюциясында ауытқушылық байқалған тұлғалардың дамуында бес кезең болады [2]. Олар №1-кестеде көрсетілген.

Кесте 1. Шетелдегі ерекше қажеттіліктері бар балаларға білім берудің қалыптастыру кезеңдері

Кезең	Кезеңнің атауы	Уақыттық кезең
1	Пайда болуы	Б.э.д VIII ғғ.– б.э. XII ғғ
2	Оқыту мүмкіндіктерін түсіну	XII-XVIII ғғ.
3	Үш түрлі категориядағы балаларды оқыту: есту, көз және ақыл-есі зақымданғандар.	XVIII ғғ. – XX ғғ. басы
4	Барлық аномальды балаларды оқыту қажеттілігін түсіну.	XX ғғ. басы. –XX ғғ. 70-ші жж.
5	Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды қоғамға кіріктіру.	XX ғғ. 70-ші жж.

Гуманитарлық білімдерді талдау мынадай қорытынды жасауға мүмкіндік берді: мүмкіндігі шектеулі балаларды оқыту және олардың қоғамға араласуы мәселесі феноменология, философиялық-этикалық ілімдерге, гуманистік психология

мен педагогикаға негізделген әлеуметтік конструкционизм теориясында, әлеуметтік педагогика бойынша зерттеулерде толыққанды көрініс тапты. Оны №2 кестеде көруге болады.

Кесте 2. Инклюзивті білім беру теориялық негіздерінің қалыптасуы

№	Білімдер аясы	Инклюзивті білім беру теориялық негіздерінің қалыптасуы
1.	Философия	Экзистенциализм тұжырымдамасы, мұнда адам еркін және біртума қай-таланбас ерекшелігі бар тұлға ретінде қабылданады. К. Ясперс, А. Камю, Ж.П. Сартр. Мәдени-әлеуметтік конструктивизм теориясы: П. Бергер, Т. Лукман, Т. Парсонс, В. Дильтей. Философиялық-этикалық ілім аясындағы жекелеп оқыту тұжырымдамасы: В.В. Зеньковский, Б.С. Братусь, Л.Н. Толстой, С.Л. Братченко.

2.	Физиология	Жүйке жүйесінің икемділігі мен оның дамуға деген қабілеттілігі теориясы: И.П. Павлов.
3.	Психология	Жоғары психикалық функциялардың өалыптасуы мен психиканың мәдени-тарихи теориясының пайда болуы: Л.С. Выготский. Психикалық дамудың қалыпты дамуы және патологиясы заңдылықтарының тұжырымдамасы: Л.С. Выготский, Л. Рубинштейн, В.В. Лебединский. Дамыта отырып оқытудың негізгі рөлі тұжырымдамасы: Л.С. Выготский, П.Я. Гальперин. Индивидтің дербестендіру тұжырымдамасы: А.В. Петровский. Гуманистік психологияның тұжырымдамасы: А. Маслоу, Ш. Бюллер, К. Роджерс.
4.	Педагогика	Гуманистік педагогиканың тұжырымдамалары: Ж.Ж. Руссо, И.Г. Песталоцци, А. Дистервег, А.С. Макаренко, М. Монтессори В.А. Сухомлинский, К.Д. Ушинский, П.Ф. Каптерев, Р. Штайнер, С.Т. Шацкий, Ш.А. Амонашвили. Культурологическая концепция личносно Білім берудің жекелік бағдарланған мәдениеттілік тұжырымдамасы: Е.В. Бондаревская. Бейімділік мектебінің тұжырымдамасы: Н.А. Заруба, Н.П. Купустин, Е.А. Ямбург.

Қазақ халқының тарихында дамуында мүмкіндігі шектелген тұлғаларға деген қарым-қатынас туралы ақпараттар сақталған. Тарихи деректер мен көптеген құжаттарды қарастыра отырып, біздің ұлтымыз жеті атаға дейінгі рудың бір балалары бір-бірімен үйленуге тиым салған екен. Көп ғасырлық мұндай дәстүр нық бекітілген және әлі күнге дейін халық арасында мойындалып келеді. Себебі рудың «таза қаны» көптеген ауыр дерттердің алдын алуға септігін тигізеді.

Қазіргі таңда біздің елімізде білім берудің интеграциялық үдерістерінің дамуы, ерекше қажеттіліктері бар балаларды психологиялық-педагогикалық көмек беру орталықтары мен қызметтерінің іс-әрекеттері; мектептерде мүмкіндігі шектеулі балаларға жағдай жасау бойынша эксперименталды және жобалық жұмыстар инклюзияны ресейлік білім беру жүйесі үшін шынайы мүмкіндіктерді қалыптастырды. Білім беруді инклюзия призмасы арқылы қарастыру басты мәселе – бала мен оның білім беру жүйесіндегі өзгерістерге ауысуы туралы түсініктің өзгеруі екендігін айқындап көрсетті.

Мүмкіндігі шектеулі балаларға жалпыға бірдей білім беретін мекемелерде инклюзивті білім берудің басты ұстанымдарын жүзеге асыру келесі мазмұндық және ұйымдастырушылық тәсілдер, әдістер мен формаларға негізделді:

- оқушының – мүмкіндігі шектеулі баланың білім беру бағдарламасы мен жеке оқу жоспары – академиялық білім мен өмірлік маңызды құзыреттіліктердің дамуы;

- мүмкіндігі шектеулі балаларды білім беру мекемелерінде және одан тыс мекемелерде әлеуметтік реабилитациялау;

- оқыту мен әлеуметтендіру үдерісінде мүмкіндігі шектеулі балаларға психологиялық-педагогикалық көмек беру;

- білім беру мекемелерінде психология-педагогикалық консилиум өткізу;

- мүмкіндігі шектеулі баланың – оқушының портфолиосы;

- мұғалімнің арнайы білім беру элементі бар жалпы білім беру саласындағы, әлеуметтік бейімделу мен реабилитациялау аясындағы біліктілігі;

- мұғалімнің инклюзивті білім беру аясындағы біліктілігін жалпыға бірдей білім беру мекемелерінде жоғарылату;

- мүмкіндігі шектеулі балаларды инклюзивті оқыту жағдайында білім беру бағдарламаларындағы пәндерді игерудің жұмыс бағдарламаларын білім беру стандарттарына сәйкестендіру;

- оқыту үдерісінде мүмкіндігі шектеулі балаларды тьюторлық қолдау;

- бейімді білім беру ортасы – сыныптар мен басқа да мекемелерге қолжетімді болу (кедергілерді болдырмау, мекемелер ортасында достастықты қамтамасыз ету);

- бейімді білім беру ортасы – білім беру үдерістерін арнайы құралдармен және технологиялармен (қолайлы және тиімді қолжетімділіктің техникалық құралдары) жабдыктандыру;

- бейімді білім беру ортасы – оқыту мен әлеуметтендірудің түзетуші-дамытушы пәндік ортасы;

- оқытушылық ұжымның бірігуі, ынтымақтастық, өзара әрекет ету және өзара көмек дағдыларын дамыту;

- мекеменің тәрбиелеу жүйесін білім беру үдерісінің қатысушыларының толерантты қабылдауын дамыту және қалыптастыру.

Бүгінде мектеп инклюзивті, кез келген білімдік қажеттіліктері бар балаға бейімделген болып, өз бетімен өзгеруі керек. Бұл күрделі үдеріс ұйымдастырушылық, мазмұндық, құндылықты өзгерістерді талап етеді. Оқытуды ұйымдастыру формаларын ғана емес, оқушыларды өзара байланыстыр утәсілдерін де өзгерту керек. Мектепте білім беру дәстүрі – білімнің трансляциясы ретінде оқытуға қатысушылардың коммуникациясы бойынша ар-

найы ұйымдастырылған әрекет және жаңа білімді бірлесіп іздеу түрі болуы керек. Мұғалімнің білім беру үдерісіне кәсіби бейімделуі оқушының жеке тұлғалық мүмкіндіктерін көру қабілетіне және оқыту бағдарламаларын оңтайландыру дағдысына қарай міндетті түрде өзгеруі тиіс. Мамандардың кәсіби көзқарастары оқу үдерісіне, мұғалімге сабақ барысында толық қолдау көрсетуге, оқушыларға бағдарламалық материалдарды және басқа балалар мен қарым-қатынас жасау тәсілдерін игеруге көмек беруге бағытталуы тиіс. Инклюзивті білім беру мектеп жүйесінде қатаң өзгерістер кешенін білдіреді.

Инклюзивті білім беру – білім беру саясаты мен тәжірибесінің перспективті стратегиялық жаңа бағыты, белгілі бір деңгейде жалпы білім беру негіздеріне қатысты. Сондықтан, инклюзивті үдерісті

жобалау кезеңдерінде білім беру мекемелерінде осы үдерістің ситуациялық қарағарлықтары мен мағына шектеулерін, қауіптері мен ресурстарын қарастырып қоймай, бағалау керек. Сөйтіп инклюзивті білім берудің негізін қалап, оны жүзеге асырудағы қателіктерді болдырмауға тырысу керек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Ярмахов Б.Б. «1 ученик : 1 компьютер» — образовательная модель мобильного обучения в школе Москва, 2012 год. 236 с.

2. Малофеев Н.Н. История становления развития национальных систем специального образования (социокультурный аспект) // Специальная педагогика / Под ред. Н.М. Назаровой. - М., 2000.

Ізтілеуова Айгерім Саматқызы

«Теориялық және қолданбалы психология» кафедрасы, «Психология» мамандығы,
2 курс магистранты, aigera_939393@mail.ru

Ғылыми жетекшісі: **Туребаева К.Ж.**, п.ғ.д., профессор

Едилова Гаухар Аскарқызы

«Теориялық және қолданбалы психология» кафедрасы, «Психология» мамандығы,
2 курс магистранты, Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті,

Ғылыми жетекшісі: **Карабалина А.А.**, пс.ғ.к., доцент

МЕКТЕП ТҮЛЕКТЕРІНІҢ МАМАНДЫҚ ТАҢДАУЫНА ЫҚПАЛ ЕТЕТІН ФАКТОРЛАР

***Түйін.** Бұл мақалада, мамандық таңдаудың адам өміріндегі маңызды қадамы екенін атап көрсетеді. Мектеп қабырғасында оқушыларға аталған шешімді қабылдауға мұғалімдері, ата-анасы, достары, түрлі қоғамдық мекемелер мен мектеп психологы қолдау білдіруі қажет екендігі атап өтіліп, қандай кедергілер туындайтынын жіктеген. Сонымен қатар, мамандық таңдауда қандай психологиялық фактордың әсер ететіні баяндалады. Қазіргі білім беру саласында мамандық таңдауға қандай іс-әрекет жасалғандығы айқындалып, аталған тақырыптағы мақала қорытындыланады.*

***Кілт сөздер:** темперамент, қабілет, кәсіби бағдар, құндылықтық бағдар, икемділік, тұлғалық қасиет.*

Бүгінгі қоғамда сапалы қызмет ететін, еңбексүйгіш, кәсіби сауатты, жауапкершілігі жоғары, қиындықтарды шеше алатын іскер мамандардың қажеттілігі туындауда. Мамандықты таңдау адам өміріндегі тағдырды таңдаумен тең. Адам кәсіби өмір жолын дұрыс таңдау, оның қоғамдық құндылығымен байланысты болып табылады. Өйткені, адамның таңдаған еңбек түрі қоғамдық қажеттілік пен адамның әлеуметтік қажеттілігін қанағаттандырады. Өзінің рухани құндылығын байытып дүниеге көзарасын позитивті өзгертеді. Салауатты, бақытты және игілікті өмір сүруге ұмтылдырады. Маманның осы құндылықтары мен өмірлік қоры үздіксіз саналы еңбектенуіне, ізденіс пен шығармашылықта қоғамға үлес қосуға негіз бола алады.

Мектеп қабырғасында кез-келген оқушы өзінің болашақ мамандығын сенімді және дұрыс таңдауын шешуге жетелейтін, қолдау жасайтын мектептің пән мұғалімдері мен сынып жетекшілері, мектеп психологтары, әлеуметтік педагогтар мен ата-аналар, әлеуметтік серіктестіктегі қоғамдық ұйымдар мен мекемелер болып табылады.

Оқушылардың кәсіби өзін-өзі анықтауға бағытталған педагогтардың кәсіби бағдар жұмысын ұйымдастыру іс-әрекеттерінде, әр қашан олардың кәсіби қызығуы, қабілеті, сұранысы, икемділігі сияқты жеке даралық ерекшеліктерін ескеру негізінде жүргізіледі.

Мектеп түлектері мамандықты таңдау кезеңінде көптеген мәселелер туындайды. Кейде олар қарама-қайшылық күйлердің пайда болуына алып келеді. Ата-аналар өзінің баласының болашағын ойлауында, оның сұранысы мен тілегін, пікірі мен қабілеттерін ескермей, мамандықтың әлеуметтік ортадағы мәртебесіне және жақсы табыс әкелуіне назар аударады. Оқушылардың өздері мектеп бітіру қарсаңында кәсіби өмір жолының бағытын сәйкестікте таңдамай, жиі достарының, құрбыларының ұсыныстарына және идеал тұтқан тұлғалардың тағдырына қызыға әуестенуі әсер етеді.

Мектеп түлектерінің кәсіби еңбек түрін таңдаудағы тағы бір проблема – ата-аналар мен оқушылардың мамандық туралы мәліметтерінің жеткіліксіз болуы болып табылады. Оқушылар мамандықты таңдау кезеңінде олар көп жағдайда кез-келген мамандықтың еңбек мазмұнына көңіл аудара бермейді.

Оқушылардың мамандықты таңдауы олардың қасиеттеріне тәуелді болып келеді. Сол қасиеттерінің бірі оқушының икемділігі. Икемділік түсінігін объектіге белсенділік, түрлендіруші негізінде қозғалыстығын айтады [4].

Қабілет – ол адамның психологиялық ерекшеліктері, одан білім, білік және дағдыны меңгерудің табыстылығы тәуелді болады, бірақ, осы білім, біліктің болуы жеткіліксіз. Қабілет іс-әрекетті орындау барысында тәсілдерді және приемдарды адамның тез, терең және берік меңгеруімен анықталады [1].

Оқушының қабілеті бойынша, оның осы қасиетіне қандай мамандық жақын, қандай түрі бойынша ерекше жетістіктерге жетеді, қандай еңбек түрі толық сәйкес келмейтінін анықтауға болады.

Мұндай тұрғыдағы қарастырылған мәселе зерттеушілерге, ғалым-педагогтарға материалдық алғышарттарды, физиологиялық процестерді қарастыруға мүмкіндік тудырады. Осы шарттармен қамтамасыз етілген адамның өзі таңдаған немесе басқа еңбек түрі бойынша кәсіби қабілеттері дамуы мүмкін. Адамның бойында осы материалдық белгінің болуын ғалымдар нышан деп атайды. Нышанның дамуына үлкен әсер ететін қоршаған орта болып табылады [1,4].

Олай болса, адамның нышаны мен қабілетін айқындау арқылы оның белгілі бір мамандық түрлеріне жақын екендігін көруге болады. Өкінішке орай, оқушылар өзіне жақсы мамандық түрлерін айқындау мақсатында әділ өзін-өзі талдау жүргізбейді. Оған қарама-қарсы ұсыныстар, пікірлер(ата-ана, достар, құрбылар, сынып жетекшісі, педагогтар) ықпал етеді. Соңғы категориядағы адамдар оқушының нышаны мен қабілеттерін анықтауға біліктіліктері жетеді. Оқушының кәсіби бағдар мәселесі бойынша проблемаларды шешуге көмектесетін психологтар арнайы тесттер, тапсырмалар, тренингтер орындаумен, оның нышаны мен қабілеттерін анықтауға мүмкіндіктері жеткілікті.

Бірақ, болашақ мамандықты таңдауға әсер ететін басқада факторлар бар. Оның мәнді бір түрі – тұлғалық қасиеттер. Оның түрлеріне темперамент кіреді.

Темперамент деп жетілген жастың әр түрлі іс-әрекеттің мазмұнына, мақсаты мен мотивтеріне тәуелді болмай, бірдей белгіленетін адам психологиялық іс-әрекеті динамикасын анықтайтын жеке дара тұлғаның қасиеті, психикасы [2,4].

Темперамент (лат. temperamentum-бөліктердің қажетті арасалмағы) адамның психикалық іс-әрекетінің динамикасын сипаттайтын тұрақы жеке ерекшеліктердің: психикалық процестер мен күйлер ағысы қарқындығының жылдамдығының ырғағының-жиынтығы. Темперамент дегеніміз психикалық процестердің өтуінің динамикалық ерекшеліктерін және адам мінез-құлқын, олардың күшін, жылдамдығын, пайда болуын, тоқталуы мен өзгерісін сипаттайтын қасиеттер жиынтығы.

Темпераменттердің физиологиялық негіздерін ғылыми тұрғыдан дәйекті етіп түсіндірген академик И.П. Павловтың ілімі темперамент туралы түсінікті ғылыми сара жолға түсірді. Нерв жүйесінің типтері ми қабығындағы қозу тежелу процестерінің үш негізгі белгісінің (күші, тепе-теңдігі, қозғалғыштығы) жиынтығынан құрастырылды. Нерв процестерінің күшіне ми қабығының жұмыс істеу қабілеттілігі, яғни сыртқы орталық түрлі тітіркендіргіштеріне мидың төзімділігі жатады. Нерв процестерінің тепе-теңдігі деп қозу мен тежелудің бір-біріне тең келуін айтады. Нерв процестерінің қозғыштығы деп олардың бірінің екіншісіне алмаса алу қабілеттілігін айтады.

Оқушының өзін-өзі анықтау, қабілеттер мен нышанды, темперамент пен мінез - құлықты анықтау қарапайым әрекет емес. Мамандықты таңдау про-

блемасын шешу кәсіби бағдар жұмысы болып табылады. Кәсіби бағдар жұмысын ұйымдастыру, жүргізу және оқушының кәсіби бағдарын анықтау мектептің педагогтарының, психологтарының құзыретінде.

Кәсіби бағдар – қоғамның мүддесіне еңбек ресурстарын толық бөлу қажеттілігі мен әр бір тұлғаның жеке дара ерекшеліктерін ескере, жастарды еркін және өзбетімен мамандықты таңдауға дайындаудың ғылыми негізделген жүйесі [5]. Адамның кәсіби дамуы мен өмір жолы тұлғаның өзін-өзі жобалау үдерісімен байланысты болып мына үш сатыдан өтеді: өзін –өзі анықтау; өзін-өзі бейнелеу(сынауы); өзін-өзі жүзеге асыруы.

Қазіргі Қазақстанның жалпы орта білім беру саласында оқушылардың кәсіби өмір жолын таңдауға ықпал ететін, олардың қызығуы мен қабілеті, икемі мен сұраныстарын қанағаттандыруға сәйкес саралап және даралап оқытудың идеясы негізінде білім берудің мазмұнын жаңарта отырып, оқушылардың қоғамдық еңбек түрлеріне сәйкес мамандық түрлерін таңдауға бағытталған бейіндік оқытуды жүзеге асырудың екінші кезеңінде жоғары саты оқушыларының кәсіби өзін-өзі анықтауы мен тәжірибеде сынау іс-әрекеттері мектептің оқу-тәрбие үдерісі жүргізіліп келеді [3].

Қорыта айтқанда, білім беру саласында оқушыларға кәсіби бағдар жұмысын ұйымдастыру, олардың жеке дара ерекшеліктеріне негізделе отырып, дербес кәсіби қызығуы мен қабілеттері өзін-өзі анықтауға педагогикалық шарттармен қамтамасыз ету, оқушылардың кәсіби таңдауын жергілікті еңбек ресурстарына бағыттай отырып, сол аймақтың еңбек нарығының қажеттіліктерін қанағаттандыруға қарқынды, үздіксіз педагогикалық жетелеулер мен қолдаулардың құралдарын, формаларын және жаңа әдіс-тәсілдерін мектептің оқу-тәрбие үдерісінде өнімді қолданумен оқушы тұлғасы мен қоғамдық қажеттіліктерді тепе-теңдікте сақтай орнықтыруды мақсат етуі абзал.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. Дружинин В.Н. Развитие и диагностика способностей. – М., 1991. – 181 с.
2. Климов Е.А. Психология профессионального самоопределения / Е.А.Климов. – М., 2007.
3. Қазақстан Республикасының бейіндік оқытуды дамыту тұжырымдамасы (жоба) [Мәтін]. – Астана, 2010. -13 б.
4. Сазонов А.Д. Профессиональная ориентация

Қалтаева Гүлнар Кенжебайқызы

педагогика ғылымдарының кандидаты

С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті, Астана қ., (gulnar_s@mail.ru)

ПЕДАГОГТИҢ ӨЗДІГІНЕН БІЛІМ АЛУЫНЫҢ ЖӘНЕ ӨЗІН-ӨЗІ ЖЕТІЛДІРУІНІҢ ЗАМАНАУИ ЖАҒДАЙҒА СӘЙКЕСТІГІ

Түйін. Мақалада қоғамның сұранысына сай білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында педагогикалық білім мәселесінің өзектілігі негізделді. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016 - 2019 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасында заманауи педагогке қойылатын талаптардың бірі ретінде педагогтің өздігінен білім алуы және өзін-өзі жетілдіруі екендігі ерекше атап өтілген.

Кілтті сөздер: заманауи педагог, педагогикалық қабілеттілік, педагогтің кәсіби өздігінен білім алуы және өзін-өзі жетілдіруі.

Резюме. В статье обоснована актуальность проблемы педагогического образования в условиях обновления содержания образования в соответствии с запросами общества. В Государственной программе развития образования и науки Республики Казахстан на 2016-2019 годы отмечена значимость постоянного самообразования и самосовершенствования педагога, в качестве одного из важнейших требований, которые предъявляются к педагогу на современном этапе.

Ключевые слова: современный педагог, педагогические способности, самообразование и самосовершенствование педагога.

Summary. The article proves the urgency of the problem of pedagogical education in the context of updating the content of education in accordance with the demands of the society. In the State Program for the Development of Education and Science of the Republic of Kazakhstan for 2016-2019 was indicated the importance of the constant self-education and self-improvement of the teacher as one of the most important requirements that are imposed on the teacher at the present stage.

Key words: contemporary teacher, teaching abilities, self-education and self improvement of the teacher.

1 Кіріспе

Қазіргі жағдай жаңа білім беру жүйелері мен технологиялардың және жалпы ұлттық білім беру жүйесінің қалыптасуы мен дамуымен, оның әлемдік білім беру кеңістігіне кіріктенуімен сипатталады. Сондықтан педагогикалық білім беруді түрлендіру негізінде жаңа формация педагогін даярлау педагогиканың маңызды мәселелерінің бірі болып табылады.

Педагогикалық білім беру барлық білім беру жүйесінің басым бөлігіне айналды, себебі оны

жалпы алғанда да, әр буынын бөлек алғанда да ол жүйе қызметінің тиімділігін анықтайды. Педагогикалық білім берудегі шиеленіскен мәселелердің орын алуы, педагогикалық кадрлар даярлау сапасын арттыру қажеттігі оны қоғамның тұрақты дамуы мәнмәтінінде әлемдік білім беру тенденцияларына сәйкес өзгертуді талап етеді.

Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016 - 2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында педагог кәсібінің беделін және олардың сапалық құрамын арттыру мақсатында мынадай міндеттер қойылған: «педагогтерге қойылатын талаптарды күшейту шаралары қарастырылуда... Өздігінен білім алу және өзін-өзі жетілдіру педагог портфолиосында көрінетін педагог қызметінің ажырамас бөлігіне айналады» [1].

Сонымен, педагогке жаңа жағдайда мемлекет тарапынан қойылатын талаптар қай бағытта жүзеге асырылу керек екен деген мәселе туындайды. Осы мәселені ашып беру мақала мақсаты болып табылады.

2 Педагогтің өздігінен білім алу және өзін-өзі жетілдірудің теориялық аспектілері

Педагогикалық кадрлардың кәсіптік құзыреттілігін дамытудың ғылыми-теориялық негізі болып психология мен педагогика ғылымдарының педагогикалық іс-әрекет мәнісі туралы, педагог тұлғасы мен оның кәсіби және тұлғалық қасиеттері мәні туралы іргелі қағидаттар, кәсіптік құзыреттілікті дамытуға деген тұлғаға бағытталған көзқарас табылады. Осы мәселелерді зерттеуге арналған ғылыми еңбектерде әртүрлі көзқарас орын алған, бірақ авторлардың көбісі кәсіптік педагогикалық білім беру мақсаты белгілі бір білім қорын меңгеру емес, кәсіптік іс-әрекетті толығымен меңгеру керек екенімен келіседі.


Педагогикалық іс-әрекет – ол оқушыларды оқыту, тәрбиелеу және дамыту бойынша педагогтің кәсіптік іс-әрекет саласы. Оның мақсаттары көпфункционалды, сондықтан педагогикалық міндеттер өз мәнісінде кешенді сипатқа ие болады. Олар тек педагогика, психология құралдары арқылы немесе нақты ғылымдарды оқыту әдістемесі көмегімен шешілмейді, әртүрлі саладан алынған білімнің ерекше жиынтығын болуын көздейді. Дәл осы жиынтықты педагог маман даярлаудың нақты бағдарламаларын түзу кезінде жасау керек. Бұл жиынтық кейінірек, педагог білім алушылардың білім игеруге дайындық деңгейіне талдау жасаған-

да, олардың оқу іс-әрекетін ынталандыру және белсендіру кезінде, игеру нәтижелерін анықтағанда және т.т. қолданылады [2].

Педагогикалық іс-әрекет табыстылығы ең алдымен оқытушыда, өндірістік оқыту шеберінде педагогикалық қабілеттіліктің болуымен анықталады. В.А. Петровский [3] С.Л.Рубинштейн мен Б.М.Тепловтың теориялық қағидалары негізінде педагогикалық қабілеттіліктің толық жиынтығын

бөліп шығарды. Осыған байланысты ең белгілі деген жіктеулердің салыстырмалы сипаттамасын келтіреміз (1-сурет).

Суретте үш автордың педагогикалық қабілеттіліктер мазмұнына сипаттамалар берілген. Өздігінен білім алу және өзін-өзі жетілдіру қабілеттіліктері бөлек кәріппен, атап айтқанда курсивпен, және төрбұрыш ішіне енгізіліп, көзге түсетіндей етіп ерекшеленген.



1-сурет – Негізгі педагогикалық қабілеттіліктер мазмұны

Бұл суретте келтірілген анықтамаларды біз тағы бір мақсатта пайдаланамыз. Ол мақсат мәнісі мынада: жоғарыда айтылғандай, өздігінен білім алу және өзін-өзі жетілдіру педагог қызметінің ажырамас бөлігіне айналады, сондықтан кестеден біз өздігінен білім алуға қабілеттіліктерді ерекше көрсетіп қоямыз.

Келтірілген педагогикалық қабілеттіліктер анықтамаларында олардың мазмұнына, біріншіден, көптеген тұлғалық қасиеттер кіретіні, екіншіден, олар белгілі бір әрекет, білік арқылы ашылатыны көрініп тұр. Сонымен қатар, кейбір біліктер бірнеше қабілеттілікті енгізеді, оның себебі пе-

дагогикалық іс-әрекеттің күрделілігінде, көпқырлылығында.

Енді қойылған мақсат орындау үшін, яғни өздігінен білім алу және өзін-өзі жетілдіру қабілеттілікті бөлек көрсету үшін оның құрама бөліктерін қарастырайық. Л.Н.Клименко жазғандай, «Профессионал болып қала беру үшін үздіксіз өздігінен білім алу үдерісі талап етіледі... Педагогтің кәсіби өзін-өзі жетілдіруі және өзін-өзі тәрбиелеуі негізінен мүмкін емес, егер ол өзі жалпы педагогикалық біліміндегі, оқытылатын ғылым негіздері бойынша біліміндегі ақтандақтарды, өзінің педагогикалық инструментарийінің жеткіліксіз екендігін көрмесе.

Өзін-өзі тәрбиелеу және кәсіби өзін-өзі жетілдіру жұмысына кірісу алдында педагог белгілі бір кезеңдегі өз жұмысын талдау бойынша мәліметтерге, олардың объективті бағаларына, өз іс-әрекетін жақсарту бойынша әріптестерінің ұсыныстарына ие болу керек... Өз іс-әрекеті нәтижелері мен үдерісін талдай отырып, оқытушы рефлексия жасайды, ал олсыз білім беру үдерісі заңдылықтарын түсіну болмайды, педагогикалық шеберлікке ілгері қозғалыс болмады» [4]

Рефлексия маңыздылығына профессор Ш.Таубаева да ерекше назар аударады: «Рефлексия жалпы алғанда адамның өзінің ішкі жан дүниесінде, өзінің тәжірибесіне, өмірлік іс-әрекеттеріне сүйенуі, білім беру іс-әрекетінде субъектінің мотивін ұйымдастыру формаларының бірі және білім берудің алдыңғы қатарлы жаңашыл тәжірибесінде пайдаланылатын мақсатқа жету құралы» [5, 335-б.].


3 Педагогтің өздігінен білім алу және өзін-өзі жетілдіру деңгейі

Педагогтердің тұлғалық құзыреттілігі қаншалықты дамығандығын анықтау үшін, біздің пікірімізше, құзыретті құраушы бөліктерінің қалыптасқандығы сапасын анықтау керек. Әлеуметтік құзырет өзіне жауакершілікті алуға, бірігіп шешім қабылдауға қатысуға, шиенелістерді демократиялық жолмен шешуге, әртүрлі мәдениет және дін өкілдерімен тиісті қарым-қатынас құруға, ұжымда бірін-бірі жақтырмау оқиғаларының орын алуына қарсы болуға қабілеттілікті енгізеді. Әле-

уметтік құзыреттіліктің қалыптасу деңгейін біз Л.П.Калининский әдістемесі көмегімен анықтадық [6].

Бұл әдістеменің артықшылығы сөзсіз. Ол тұлғаның 10 қасиетінің даму деңгейлерін анықтауға, сонымен қатар олардың мықты және әлсіз жақтарын салыстыруға мүмкіндік береді, атап айтқанда олар: тұлға бағытталуы, іскерлік, топта басым болу, өз-өзіне сенімділік, талапшылық, қасарысу, жұмсақтық, тәуелдік, психологиялық ізет, қайырымдылық. Аталған әдістеме бойынша Астана қаласының колледждері мен кәсіптік лицейлердің педагогикалық қызметкерлері зерттелді. Сынаққа түскендер саны - 110. Әдістеме даму диагностикасына арналған 10 тұлға қасиетінің әрқайсы үшін 15 сұрақтан және сынаққа түскендердің жауаптарының нақты екенін тексеруге бағытталған 10 сұрақтан (оны өтірік межелігі дейді), жалпы саны 160-қа тең сауалнамадан тұрады. Әдістемеге істәжірибе жүргізушіге арналған хаттама қағазы және психологиялық қасиеттер көрінуін бағалау қағазы кіреді.

Шынайылық бағаланған соң сенімді болып 76 жауап табылды. Жас педагогтер жүріп-тұрысында өзін-өзі жетілдіруге деген ұмтылыстың, яғни педагогтің тұлғалық қасиеттерінің біреуінің, білінуін куәландыратын тестілеу нәтижелері 2-суретте келтірілген. Көріп тұрғанымыздай, кейбір қасиеттер көрсеткіштерінің пайыздық мәні төмен болып тұр.



Белгілеулер: 1 - зияткерлік дамытуға ұмтылыс; 2 - жетілуге ұмтылыс; 3- кәсіпкерлік дамытуға ұмтылыс; 4- өзін танытуға ұмтылыс; 5- талапшылдық

2-сурет. Жас педагогтердің тұлғалық қасиеттерін куәландыратын тестілеу нәтижелері

Бұл тұжырым мақала өзектілігінің бар екенін және жас педагогтердің мемлекет тарапынан қойылатын талаптарды жүзеге асыруға, атап айтқанда өздігінен білім алудың және өзін-өзі жетілдіруге ұмтылуға міндетті екеніне назар аударады.

4 Қорытынды

Біздің қоғамда уақыт сынына төтеп бере алатын жаңартылған және әлдеқайда тиімді кәсіби білім беру мазмұнына деген сұраныс өсіп келеді. Әр адамның тағдыры білім беру жүйесінде маңызды болып есептеленетін болса, онда педагогке қойылатын талаптың зор екені сөзсіз. Бұл табиғи құбылыс, заңды нәрсе, өйткені білім беру жүйесі қоғам өмірінің барлық саласына қатысты әлеуметтік-экономикалық жағдайда жұмыс істейді. Сондықтан да педагогикалық мамандықтар бойынша мамандарды даярлау сапасы мен педагогтердің тәжірибелік іс-әрекетінің нәтижелерін бағалау қажеттілігі туындап отыр.

Қазіргі таңда педагог мемлекет тарапынан қойылған талаптарға сай болу үшін өздігінен және шығармашылық ойлау мәнеріне, өз жұмысын дұрыс ұйымдастыра алу қабілеттілігіне, рефлексиялық-гностикалық қабілеттіліктерге ие болу керек. Өйткені педагогикалық іс-әрекет табыстылығы педагогтің бойында педагогикалық қабілеттіліктің болуымен анықталады.

Әдебиеттер

1 Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016 - 2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 1 наурыздағы № 205 Жарлығымен бекітілген. Астана, 2016

2 Смирнов С.Д. Педагогика и психология высшего образования: от деятельности к личности. - М.: Аспект Пресс, 1995. - 271 с.

3 Петровский В.А. Личность в психологии: парадигма субъектности. – Ростов-на-Дону: Изд-во «Феникс», 1996. – 512 с.

4 Клименко Л. Н. Профессиональное самообразование педагога [Текст] // Психология: проблемы практического применения: материалы междунар. науч. конф. (г. Чита, июнь 2011 г.). — Чита: Издательство Молодой ученый, 2011. — С. 30-39.

5 Таубаева Ш. Педагогика әдіснамасы: оқу құралы.-Алматы. Қарасай баспасы, 2013.-432 б.

6 Калининский Л.П. Методика психодиагностики профессионально значимых и деловых качеств будущего специалиста // Содержание и методы профессионального воспитания студентов. - Тюмень, 1981. - С. 77-78

ТҰРМАҒАМБЕТ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ФИЛОСОФИЯЛЫҚ ДҮНИЕТАНЫМ ЖӘНЕ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕР

Түйін. Мақалада Тұрмағамбет Ізтілеуұлы шығармаларындағы философиялық ойшылдықпен, халықтық педагогикалық көзқарастармен жазылған дастандары талданады. Оның ішінде «Мәрдi дихан» дастанындағы халықтық педагогикалық оймен ұштасатын адал адамдардың тағдырына қиянат жасағандардың өз жазасын алатындығы, қазақтың ата-бабалық әдет-ғұрыптарының, салт-дәстүрлерінің мәңгілік ескірмейтіні баяндалады.

Резюме. В приведенной статье разбираются эпосы из сочинений Турмагамбета Изтылеулы, написанные философским мышлением и народно-педагогическим взглядом. В одном из эпосов «Мәрдi дихан» («Хлебоборб Марди»), излагается о привычном народно-педагогическом мышлении, что люди которые нанесли корыстный вред в судьбах честных людей, нанесут понесут наказание и что традиции и обычаи предков не устареют.

Summary. In the above article deals with epics from the writings of Turmaganbet Iztleuuly written by philosophical thinkings and people's pedagogical views. In one of the epics of Mardi Hleborob, describes the customary popular-pedagogical thinking that people who have caused self-serving harm in the lives of honest people will be punished and that the traditions and customs of the ancestors will not become obsolete.

Сыр бойы ақын-жырауларының Базар жырау қалыптастырған шығармашылық өнер мектебін жыр күмбезі биіктігіне көтере жалғастырған классик тұлға – Тұрмағамбет Ізтілеуұлы.

«Кеңес дәуіріне дейін де, кеңес дәуірі тұсындағы өмірінің соңғы уақытына дейін қолынан қаламын тастамаған Тұрмағамбет ақын өз талантын туған халқының рухани қазынасын байытуға арнады.

Оның қаламынан туған шағын өлеңдер мен кисса, дастандар, хикая, толғаулар мен айтыс өлеңдері, рубайлары мен ғибратнамалары, нақылдары мен шешендік үлгілері кеңес дәуіріне дейінгі кезеңде ел ішіндегі Жиенбай, Тұрымбет, Орынбай, Молдахмет, Үбісұлтан, Мұзарап, Рүстембек, Күндебай, Әбілда сияқты жыраулар арқылы Сыр өңіріне, Қазақстан жеріне кең тарады» [1].

Ақынның әдебиет тарихында қалдырған лирикалық-философиялық өлеңдері, діни ислам ағартушылығы негізіндегі термелері, арнаулары, нақыл сөздері, төрт тағандары (рубаилары), мысалдары, айтыстары, ақындар айтыстарына төрелік жасаған

аралық толғаулары, дастандары – бәрі де әлем өркениетінің философиялық-педагогикалық дәстүрін дамытқан шеберлігін айғақтайды. Классикалық жазбаша әдебиеттің Сыр бойы топырағындағы эпикалық шығармаларын дамытуда ақынның дастандары айрықша орын алады.

Бұл орайда, ақынның жарық көрген кітаптарында жарияланған дастандарындағы философиялық-педагогикалық ұлағат ықпалын көркемдік дәстүр жалғастығы тұрғысында бағалаймыз. Әсіресе, мына дастандарын әдебиет тарихындағы тағылымымен бағалаймыз: «Мәрдi дихан», «Данышпан қарт», «Рауа бану», «Лұхпан хакім», «Ата мен бала», «Тұтқын қыз», «Әшкәбус», т.б. дастандармен бірге, ақынның классикалық әдебиет дәстүрімен жазылған мысалдарын да даралап айтамыз: «Лұхпан хакім», «Ата мен бала», «Сүлеймен мен кірпікшешен», «Төрт дос», «Дарак пен сая», «Жолаушы мен дана», т.б. Ақынның кейінгі шыққан төрт томдық шығармалар жинағында аталған туындылардан басқа да көптеген мысалдары, дастандары жарық көрді. Әрине, ұлттық әдебиетіміздің тарихында парсы классикасының аса көрнекті үлгісі Фердоусидің «Шахнамасы» ізімен өзіндік көркемдік шешіммен жырлаған осы аттас эпикалық шығармасы да арнайы зерттеулер ауқымында бағаланып келеді.

«Ұлттық тәрбие, тәлім, өсиет, насихат, ғибрат, шарғи, парыз, уәжіп, сүннет сөздері Тұрмағамбет, Омар, Мәшһүр Жүсіп, Нұржан өлеңдерінен тұрақты орын тепкен. Әсіресе, Сыр сүлейлерінің саңлақ өкілі Тұрмағамбет поэзиясы түгелдей дерлік дидактикалық тақырыптарды қамтиды. Мұның өзі оның ақындық стилінің басты көрсеткішіне айналғандай» [2, 400-бет].

Ақынның «Мәрдi дихан» дастанының идеялық-композициялық желісінде мынадай халықтық-педагогикалық ойлар жүйеленген: біріншісі – адал еңбек пен адамгершілік қасиетін тұтастырған Мәрдi дихан секілді адамдардың уақытша әділетсіздік зардабын тартса да, ақырында адамдардың ортасында мәңгілік абырой биігін иеленетіндігі; екіншісі – адал адамдарды алдап, әуре-сарсаңға салатын, бірақ уақытша алдамшы «бақытты» иеленгенімен, ақырында әділ жазалаулармен бағаланатындығы. Дастанның идеялық желісін құрап тұрған философиялық-педагогикалық тұжырымдар желісін лирикалық қаһарман ақынның кіріспе және қорытынды толғаныстары оқырмандарды тәрбиелеу ықпалымен ерекшеленді.

«Адам өзінің бақыты үшін күресуі керек, адамның еңбек етуі қажет деген пікірді де Шығыстың гуманист деген ақындарынан көреміз. Бақыт үшін күресу керек, еңбек ету қажет деген пікірлерді айтады. Бұндай ойлар Тұрмағамбетте көп, яғни Шығыс әсерінен болса керек.

Ақынның шығармашылығында байқалатын тағы бір шығыстық әсер адамдардың моральдық таза, кіршіксіз, әдепті, арлы, өнегелі, ұстамды болуын, оны бұзғандардың әшкереленуі сияқты көріністер» [3, 90-91бб.].

Дастанның кіріспесіндегі лирикалық қаһарман толғанысы адамдардың тіршілік қозғалысындағы іс-әрекеттеріне философиялық түйіндеулер жасауымен байқалады:

Тілі – тілмаш, ақыл – уәзір, көңіл – сұлтан,
Нәпсі – тақ, кеуде – сарай, жығасы – тән.
Қол – жендет, көз – қарауыл, құлақ – тыңшы,
Аяқ-құл, мұрын-дәрігер, шамшырақ – жан.
Еге етіп осылардың барлығына,
Бізге көп ыһсан (жәрдем) етті Кәрим Мәннен.
Үміт көп қанша айтқанмен, өмір қысқа,
Баянсыз бір күн өтер фәни жаһан,
Сондықтан бір нышана тастау керек,
Себепші дұға етуге досты, жаран [4, 168-б.].

Дастанның басты кейіпкері Мәрдi диханның егін даласында жер жыртып жүріп, қымбат бағалы гауһар тас тауып алғаны, ол гауһарын елді билеп отырған патшаға апарып беру үшін жолға шыққаны, жолда кездескен үш жиһанкездің бұл ұйықтап жатқанда гауһарын ұрлап алғаны баяндалған. Оянған дихан гауһарын солардың ұрлағанын білсе де, оны олардан көре алмай, жолда түсіріп алғандығы туралы амалсыз өтірік айтқаны, бірақ сұлтанның сарайына жеткеннен кейін гауһарын ұрлаған сол үш жиһанкез екендігін баяндағанын оқимыз. Еңбек адамының адал сырына иланған патша үш жиһанкезді зынданға салады. Бірақ, біраз уақыт өткеннен кейін сол үш жиһанкездің жазықсыз, ия жазықты екенін анықтай алмағандығы жанына батқан патша ақырында не істерін білмей, не істеуі туралы жалғыз қызы Меһиршамен ақылдасады.

Дастанның сюжеттік шиеленіс кезеңінде ақылды қыз Меһирша зындандағы үш жиһанкезді бостандыққа шығарып, оларға жақсылық жасайды. Сол кезеңде оларға өткен тарихтағы адамдардың тағдырына байланысты мысалдама әңгіме айтып, сондағы оқиғалардағы адамдарға баға берулерін сұрайды. Эпикалық шығарманың философиялық сипатын айқындай түсетін осы Меһирша баяндаған мысалдама әңгімедегі адал кейіпкерлердің (бағбан, қасқыр, ұры) кейіпкерлердің іс-әрекеттеріне үш жиһанкездің баға беруін сұрағанда олардың үшеуі де адал адамдардың жақсылық жасаған істерін айыптап бағалайды. Бұлардың адал адамдар туралы керісінше жамандық ойлайтындығына анық көзі

жеткен патшаның қызы Меһирша олардың Мәрдi диханның гауһарын алған ұрылар екендігін айқын таниды:

Меһирша сөздерінен білді сырын,
Бәрі ұры жүрген текке түзеп түрін.
Артықша айбаттанып ашу етіп,
Суытып сол сағатта беттің нұрын.
Деді: -Ей, шарифатқа шар салғандар,
Табындар тез заматта дихан дүрін...
Тітіреп жаһанкездер жапырақтай,
Қорыққаннан қақ жарылды жүрек тоқтай.
...Атқарған бектер келді үкіметін,
Саясат майданында саяхтарды.
Тарттырды дарға біліп қиянатын.
Неше есе гауһарындай ынғам беріп,
Диханның бек ұнатты зияратын... [4, 186-б.].

Эпикалық дастанның түйіні – халықтық-педагогикалық ұлағат ойымен ұласқан тұжырым. Яғни, адал адамдардың тағдырына қиянат жасағандардың әділет, ар соты арқылы жазаланатындығы дәлелденеді:

Қайырылып қанша уақыт қарағанмен,
Біреудің біреу білмес көзбен затын.
«Ердің өзіне қарама, сөзіне қара»,
Өткеннің ойла осы нақылиятын.
Уәләкін (бірақ та), ой – тап-тайыз, тәкәппар – аз,
Ақымақтың тартып жүрміз машақатын [4, 187-б.].

Тұрмағамбет ақынның эпикалық шығармаларындағы халықтық педагогикаға негізделген ой-тұжырымдары осылайша шығыс елдеріне мол таралған сюжеттерді қазақ тұрмысына бейімдеп жырлауымен ерекшеленеді.

«Шайыр өз өлеңдерінде араб-парсы классикалық әдебиетінің жанрлық атауларын да пайдаланған. Бұл орайда бәйіт, назым, ғазал, мұхаммас, хикая, хадис, хамса т.б. шығыстық атауларды ақын шығармаларынан жиі ұшыратамыз» [2, 386-бет].

Ақынның дастандарын Сыр бойындағы термеші-жыршы, орындаушылардың үздіксіз жырлауы арқылы жылдар бойы ұлттық тәлім-тәрбие дәстүрі нығайтылды. Әлем әдебиетінің танымал сюжеттерін осылайша қазақ тұрмысындағы ұлттық көркемдік ойлаумен сабақтастыра жырлау арқылы Сыр бойы ақындары ұрпақтардың адамзатқа ортақ тағылымын меңгеруді қамтамасыз ете алды. Тұрмағамбет және басқа да осы мектеп жүйесіндегі ақын-жыраулардың Орта Азиядағы бұрынғы ғасырларда өткен ойшыл ғұламалардың ұлағатын эпикалық шығармалар арқылы игеруі негізінде ұрпақтардың оқуға, білімге, өнер түрлерін игеруге деген құштарлығы дами түсті. Әсіресе, адамдардың арасындағы тұрмыстық қарым-қатынастарды адамгершілік қасиеттер негізінде ұстануды игерген ұрпақтар қазақтың ата-бабалық әдет-ғұрыпта-

рының, салт-дәстүрлерінің мәңгілік көнермейтін қуатын сезініп қалыптасты. Бұл – қазақтың ұлттық жан ділі психологиясының ғасырлар бойы сақталып, біздің дәуірімізге ұласуындағы аса қуатты, өнегелі ұлағат жолы.

Тұрмағамбет Ізтілеуұлы Сыр бойы ақын-жырауларының терме-толғауларының, эпикалық дастандарының біртұтас философиялық ойшылдықымен, халықтық педагогикалық көзқарастармен халық арасында кеңінен жырлануы ауызша тәлім-тәрбиелік насихаттың эстетикалық ықпалдылығын қалыптастырды.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1. Досымова Т. Т. Ізтілеуовтің ақындық мұрасы. Сыр бойы / 7 маусым, 2007 жыл*
- 2. Көне түркі әдебиетінің типологиясы. Жауапты редактор: Қосанов С. – Алматы: «Ево Press», 2014. -416бет*
- 3. Жанбершиева Ұ. Тал жібектей таза сөздің тарланы. –Қызылорда: Тұмар, 2002. -128бет*
- 4. Ізтілеуұлі Т. Шығармалары. 3 том/Құраст. Байділдаев М., Алматов А. –Алматы: «Жазушы», 2007. -296бет*

Туралбаева Алмаш Тұрғанбайқызы
Философия(PhD) докторы, «Өрлеу» БАҰО» «Алматы облысы бойынша ПҚБАИ»

Алашбаев Ерлан Жорабекұлы
Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің аға оқытушысы

Таңатарова Жиде Әлімқызы
Абай атындағы ҚазҰПУ 1-курс PhD докторанты

ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ МАЗМҰНЫНЫҢ БІЛІМ БЕРУ ҮДЕРІСІНДЕГІ ҚОЛДАНБАЛЫ АСПЕКТІЛЕРІ

Түйін. Мақалада Қазақстанның ең маңызды сипаттамаларының бірі білім беру жүйесін ұйымдастыру бойынша әлемдік үрдістерді ескере отырып, ұлттық білім беруді реформалау білім берудің ұлттық моделінің қалыптасуымен және білім беру жүйесін әлемдік білім беру кеңістігіне кіріктірумен сипатталады. Еліміздің адами капиталы дамыған мемлекет ретінде қалыптасуы орта білім беру жүйесінің дамуымен тығыз байланысты баяндалады.

Кілт сөздер. жаңартылған білім мазмұны, ақпараттық және коммуникациялық технологиялар.

Резюме. Статья является одной из наиболее важных характеристик системы образования, с учетом глобальных тенденций в области образования и формированием национальной модели образования. Реформирование системы образования характеризуется интеграцией в мировое образовательное пространство. Формирование человеческого капитала страны тесно связано с развитием системы среднего образования.

Ключевые слова. Программа обновления содержания среднего образования, информационно-коммуникационные технологии.

Summary. The article is one of the most important characteristics of the education system, taking into account global trends in education and the formation of a national model of education. Reforming the education system is characterized by integration into the global educational space. The formation of the country's human capital is closely linked with the development of secondary education.

Keywords. The program for updating the content of secondary education, information and communication technologies.

Білім мен ақпарат дамыған қоғамда білім беру жүйесі үшін инновациялық экономиканың негізгі бөлігі болып табылады. Білім берудің негізгі мақсаты - білім мазмұнының жаңаруымен қатар, оқытудың әдіс-тәсілдері мен әртүрлі құралдарын қолданудың тиімділігін арттыру болып отыр.

Қазіргі кезде Қазақстанның ең маңызды сипаттамаларының бірі білім беру жүйесін ұйымдасты-

ру бойынша әлемдік үрдістерді ескере отырып, ұлттық білім беруді реформалау білім берудің ұлттық моделінің қалыптасуымен және білім беру жүйесін әлемдік білім беру кеңістігіне кіріктірумен сипатталады. Еліміздің адами капиталы дамыған мемлекет ретінде қалыптасуы орта білім беру жүйесінің дамуымен тығыз байланысты.

Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы аясында қазақстандық білім беру жүйесін жақсарту үшін, ең алдымен педагог кадрлардың мәртебесін арттыру, біліктілігін дамыту бағытына үлкен мән берілген. Осыған байланысты қазіргі таңда еліміздің білім беру жүйесіндегі реформалар, өзгерістер мен жаңалықтар мұғалімнің өткені мен бүгіні, келешегі жайлы ойланып, жаңа идеялармен жұмыс жасауға негіз болуда[1].

Ендеше, ғылым мен техниканың күн санап өсуіне байланысты педагогика ғылымының теориясы мен оқыту үрдісі де түбегейлі өзгерістерге ұшырауда. Соған орай, оқытудың парадигмасы өзгерді. Білім берудің мазмұны жаңарып, жаңаша көзқарас пайда болды. Осыған байланысты ұстаздар алдында оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жаңартып отыру және технологияларды меңгеру, оны тиімді қолдана білу міндеті тұр.

Білім беру бағдарламасының, оқыту тәсілдерінің және бағалаудың қалай құрылуы қажеттігіндегі дәлелдерді құрудың оңтайлы оқу ортасына арналған ғалымдардың тұжырымдарынан көруге болады.

1. Оқушылар оқу үдерісіне белсене қатысады. Олар білімдерін бағалап, өздері ұсынған қорытындыларының дәлелдерін ұсынуы және бір-біріне сын тұрғысынан қарауы тиіс.

2. Мұғалімдер оқушыларға бағытталған және дәлелдерді құру мен талдауға арналған рөлдік модельдер ретінде әрекет ететін оқыту тәсілдерін қолданады.

3. Білім беру бағдарламасы проблемаларды шешудің тәсілдерін қамтуы тиіс.

4. Оқушылар мен мұғалімдер пікірлерді бағалауда білікті болуы тиіс және оқушылар тек жазбаша тестілеу бойынша ғана бағаланбауы тиіс.

5. Оқушылар өздерінің алған білімдерін қолдана алуы және білімдердің қалай алынғанын талдай білуі тиіс.

6. Оқушыларға диалогке және бірлескен оқуға қатысуға мүмкіндік беру керек.

Бастауыш сынып пәндеріне арналған оқу бағдарламаларындағы оқу мақсаттары оқушылардан шынайы проблемаларды анықтап зерттей білуді талап етеді. Сонымен қатар педагогиканың түрлі аспектілері қарастырылады: қарым-қатынас жасау дағдылары (мұғалімнің жетекшілігімен жүретін тыңдалым, айтылым, оқылым және жазылым, дәлелдеу), белсенді оқу, зерттеуге негізделген оқу[2].

Педагогиканың барлық осы аспектілері сындарлы оқыту теориясымен үйлеседі. Сындарлы оқыту тәсілдері білім берудің «дәстүрлі» әдістерімен салыстырғанда, оқыту кезінде жоғары нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік береді. Сындарлы оқыту тәсілдері оқушылардың алдыңғы білімдерімен ұштастыра отырып, жаңа білім алуы туралы тұжырымдамаға негізделеді. Бұл жерде ең маңыздысы оқушылардың алдыңғы алған дағдылары жаңа дағдыларды меңгеруге үлкен ықпалын тигізеді, ал егер ол ескерілмесе, онда білім тереңге бармай, үстірт меңгерілген таяз білім болмақ. Мұндай үстірт білім оқушыға қазіргі әлемде жетістікке жету үшін қажетті жоғарыда аталған сын тұрғысынан ойлау, рефлексия және басқа да дағдыларын, алған білімін қолдануына кері әсерін тигізеді. Оқушылар білімді толықтай меңгеру үшін ақпаратты енжар қабылдамай, сабаққа белсенді қатысуы керек. Оқушылардың алған білімдерімен жұмыс істеуге, оны әрі қарай өңдеп, өз дағдыларын арттыруға мүмкіндік беретін жаттығуларды орындауға мүмкіндіктері болуы аса маңызды болып табылады.

Бастауыш сынып пәндерінің аясындағы педагогикалық тәсіл белсенді оқуды көздейтін сындарлы оқуға негізделеді.

Бұл тәсіл аясында оқушылар оқу үдерісіне белсенді атсалысады, сол арқылы өздері үшін оқудың маңызын өздері анықтайды. Бұл мұғалім селқос қана тыңдап отырған оқушыларға өтіліп жатқан тақырыпты хабарлағанға қарағанда, анағұрлым қуатты құрал болып табылады. Бастауыш сыныпта сабақ жүргізуде қолданылатын педагогикалық тәсілдердің басым бөлігі зерттеуге негізделген оқу әдіс-тәсілдерінен тұрады.

Мұғалімдер өз оқушыларының қызығушылықтары туралы білімдері мен бүкіл білім беру бағдарламасын ескере отырып, орындалатын жаттығуларды өзі таңдауға ерікті. Жаттығуларды оқушылардың мүдделері негізінде жоспарлау «оқушылар туралы хабардарлықтың негізінде оқытуға» түрткі болады, ал бұл өз алдында саралауды қолдануға жол ашады. Мұғалім оқушылар-

дың оқу үлгерімін бақылап, оларға мақсаттарына жетуге қолдау көрсетеді. Ынтымақтастық сапалы ұйымдастырылған біліктілікті арттыру шарасының маңызды құрамдас бөліктерінің бірі болып табылады.

Мұғалімдер үшін білім берудегі жаңа идеяларды талқылап, ол идеялар туралы ақпарат алмасуға мол мүмкіндік берудің маңызы зор. Жаңартылған бағдарлама мұғалімдерге белсенді оқу жаттығуларына қатысып, бастауыш сыныптарды оқытуды тиімді жүргізуге ненің көмегі бар деген мәселе тұрғысынан кәсіби әңгімеге қатысуға мүмкіндік береді. Осы тәсілді қолдана отырып, мұғалімдердің дағдылары мен білімін арттыруға қол жеткізуге болады. Оқытуда осы қарым-қатынас тәсілін қолдану арқылы мұғалімдер барлық оқушылардың оқу бағдарламалары мен оқу жоспарларында көрініс тапқан оқу мақсаттарына жетуге ынталандыратын жаттығуларды қалай жоспарлауға болатынын көре алады.

Оқушыларға оқу жоспарындағы жаттығулар аясында көзделген оқу мақсаттарына қол жеткізуге көмектесетін бірқатар педагогикалық тәсілдерді пайдалануда мұғалімдерге біліктілікті арттыру курстары арқылы қолдау көрсетіледі. Критериалды бағалау моделі оқушылардың оқу мақсаттарына жетудегі ілгерілеуін анықтау үшін қосымша тәсілдерді пайдаланады.

Жаңартылған білім мазмұны бойынша педагогикалық тәсілдемелердің бірі - белсенді оқу ерекшеліктеріне тоқтала кетейік.

Белсенді оқу оқушының мұғалімді енжар тыңдап қана қоймай, белсенді жұмысқа тартылуын көздейтін оқыту және оқу әдістерінің бірі болып табылады. Бұл тәсілдер оқу үдерісі жаттығудың алдында емес, оны орындау барысында жүзеге асырылатын құбылыс екендігін түсіндіреді. Сыныпта қолданылатын бұндай тәсілдерге топтық жұмыс, ойын «баламалары» және пән бойынша белгілі тақырыптағы ойындар кіреді.

Бастауыш сыныптарда ойын шынайы өмірдің белгілі бір аспектілерін модельдеу және зерттеу үшін ұсынылған мүмкіндік болып табылады. Шарада, тақтада сөздерді біріктіру немесе сөздерді жіктеу сияқты ойындар тіл үйренуді қамтамасыз етудің және оны көрсетудің бірден-бір қызықты әрі тартымды тәсілдерінің бірі.

Бастауыш сынып мұғалімдері білім беру аясында қолданылатын тағы да бірқатар тәсілдер:

-Мұғалімнің жетекшілігімен жүретін оқылым мен жазылым;

-Қарым-қатынас жаттығуларын пайдалану;

-Проблема шешу мақсатында жеке және топта жұмыс істеу;

-Орындау арқылы білім алу (әрекет ету арқылы);

-Ашық сұрақтарды пайдалану;

-Дәлел ұсынуға ынталандыру;
-Зерттеу барысында бірлесіп жұмыс істеу;
-Зерттеуге негізделген оқу, оның барысында оқушылар мәселені жеке өздері зерделейді.

Ал белсенді оқу, керісінше, оқушылардың белсенді қызметпен айналысу арқылы мұғалім берген ақпараттың мәнін ұғынып, алған білімдерін есте сақтап, оны қолдана алуын қамтамасыз етуді көздейді. Зерттеуші Хэттидің мидың қызметін талдай отырып жүргізген шолуы дағдыларды меңгерту шеберлігі тек іс жүзіндегі белсенді қызмет арқылы жүзеге асатынын, демек, оқушылар тек тыңдаумен айналыспай, білім алуда белсенді әрекет етуі керек екендігін көрсетеді.

Жаңартылған білім мазмұны бойынша келесі бір педагогикалық тәсілдемелер - тілдесу арқылы қарым-қатынас жасау дағдылары болмақ.

Тілді оқытудың тәсілдері көп екені белгілі, алайда әлеуметтік-лингвистикалық тәсіл тілдің әлеуметтік моделіне назар аударады. Оқушылар үшін қандай да әлеуметтік жағдайда қандай тіл орынды екенін түсіну маңызды (жазбаша және ауызша). Оқушылар тиісті әлеуметтік тілді, соның ішінде нақты жағдайға сәйкес келетін грамматиканы, құрылымды және лексиканы таңдай алу үшін мұғалімдер мәтіннің мақсатын және оның кімге, қандай аудиторияға арналғанын түсінуге көмектесу керек. Оқушылар қарым-қатынас жасауда өзінің тілді тиімді қолдана алатынын көрсету үшін мұғалімдердің оқушыларды түрлі мәнмәтіндермен таныстыруы маңызды болып табылады.

Оқылым, жазылым, айтылым және тыңдалым – бастауыш сыныптардағы барлық пәндер үшін маңызды болып табылатын қарым-қатынас жасау дағдылары. Сондықтан оқушыларға осы 4 дағдыны барынша жетілдіруге мүмкіндік берудің маңызы зор. Нақты белгілі бір дағдыны жақсарту тәсілдерінің бірі – осы дағдыға ерекше назар аудара отырып, содан кейін бірнеше тілдік дағдыны қамтитын жаттығуларды біртіндеп енгізу болып табылады. Дағдыларды осылайша біртіндеп кейін пікірталас жүргізуге немесе жазбаша тапсырма орындауға болады. Сонымен қатар, қарым-қатынас жасау тәсілі тілді жай ғана пайдаланып қоймай, тілдесуге арналған мақсатты қамтамасыз етеді. Қарым-қатынас жасаудың мақсаты, айталық, бірнәрсе туралы белгілі бір фактіні анықтау үшін сұхбаттасу немесе әңгімені тыңдап, содан кейін мазмұнын айту болуы мүмкін.

Бастапқы кезеңдерде оқушылардың осыған дейін меңгерген білімін қазіргі кезде оқып жатқан көптеген жаңа түсініктерімен байланыстыру маңызды болып табылады. Білім мен дағдыларды қарапайымнан бастап күрделіге қарай және нақтыдан абстрактіге қарай қалыптастырған маңызды. Алдымен мұғалім қажетті түсініктерді оқушылар бір-бірімен сөйлескен кезде пайдаланатын тілдің

көмегімен енгізу керек. Сонымен қатар, материалдардың табиғатымен байланысты тілді пайдаланған орынды болмақ. Оқушылар нақты тілді пайдаланып, нақты заттар арасында байланыс орнату үшін материалдарды пайдалануға немесе әрекеттерді іске асыруға қатыстырылуы керек. Оқушылар тақырыппен танысқаннан кейін ғана түсінікпен байланысты техникалық тіл немесе терминология оқытылуы тиіс. Жаратылыстану және математика сияқты пәндерде оқушылар ұғымдарды нақты түсінгеннен кейін ғана формулаларды ұсынуға болады.

Мұғалімдер пайдалана алатын аса бір тиімді әдістердің бірі «Дауыстап ойлану» деп аталады. Мұғалім мәтінді оқиды және «дауыстап ойлайды», сол арқылы оқушыларға мәтінді түсінуге көмектеседі.

Бастауыш сыныптарда кеңінен қолданылатын, өзара әрекеттесудің түрлі жағдайларында қалыптасатын және жүретін оқудың екі саласы бар; бұл монологтік және диалогтік. Монологтік көзқарас заттарды абсолюттік материя ретінде түсінеді және де бұған дейін алынған білімнің негізінде қалыптасады, ал диалогтік көзқарас болса білімді оқу барысында жүретін үдеріс ретінде, дәлелдеу барысында, яғни пікірталас пен келіссөз барысында қалыптасатын білім ретінде қарастырады.

Зерттеуге негізделген оқу барысында оқушылар, қажет болған жағдайда мұғалімнің көмегімен, идеяларды түсіндіру, талқылау, оларға қарсы шығу және өз ойларын қайта қарау арқылы пікірталасқа араласа отырып, белсенді рөл атқарады.

XXI ғасырдың қарқынды ілгерілеу ырғағына қатар ілесу үшін, өзара тығыз байланысты және көпмәдениетті әлемде қалыптасқан қазіргі жағдайда оқушылардың өз бетінше оқу дағдыларын дамыту аса маңызды болып табылады.

Бастауыш сыныпта оқыту оқушыларды төменде аталған мүмкіндіктер есебінен дамытуды көздейді:

-ғылыми-зерттеу дағдыларын қалыптастыруға мүмкіндік ұсыну;

-кез келген қабылданатын ақпаратқа сын тұрғысынан қарап, талдай білу дағдысын белсенді дамыту;

-өзіндік рефлексия және тәуелсіз, өз бетінше ойлануға ынталандыру;

-кез келген өмірлік жағдайда немесе жұмыста кездесетін негізгі жаһандық проблемаларды түсіну және оларға сәйкес әрекет ете білуге ынталандыру.

Бастауыш сыныптарда оқытылатын пәндерді оқу арқылы оқушылар өз түсінігін кеңейте отырып, өзінің ой-пікірі үшін жауапты болуға үйренеді.

Қорытындылай келгенде, мұғалім үшін мыналар маңызды болмақ:

-сабаққа тың ойлар мен ынталандырушы материалдарды енгізу;
-оқушылар өзінің ойлауы мен оқуы туралы ойлана алуына жағдай жасау үшін логикалық ойлау мен зерттеу дағдыларын енгізу;
-оқушыларға өздеріне қызықты салаларда сұрақ құрастыруға көмектесу;
-топтық жұмыс жүргізуді көздейтін жаттығуларды енгізу;
-оқушыларды бір-бірімен қарым-қатынас жасап, диалог құруға ынталандыру;
-оқушылардың қызығушылықтарын қанағаттандыру;
-оқушыларды өз бетінше ойлануға жетелеу;
-оқушылардың логикалық ойлау дағдыларын дамытуға көмектесетін сұрақ қою;
-оқушыларға өздерінің ойлау дағдылары мен ғылыми-зерттеу дағдыларын қолдануды ескертіп отыру;
-жекелеген оқушылармен «көзбе-көз» кездесу ұйымдастыру;
-оқушыларға өзіндік жұмыстарда жетістікке жетуге мүмкіндік беретін жобаларды жоспарлау және ұйымдастыру.

Әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016 – 2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 1 наурыздағы № 205 Жарлығы
2. «Жаңартылған білім мазмұнын пилоттық енгізу туралы» №159 бұйрық – 2015
3. Мұғалімге арналған нұсқаулық Үшінші (негізгі) деңгей. «Назарбаев зияткерлік мектебі» ДББҰ, 2012.
5. Фельдштейн Д.И. Мир Детства в современном мире (проблемы и задачи исследования).- М.: Воронеж: МПСУ; Модек, 2013.— С.335.
6. Мұғалімге арналған нұсқаулық Үшінші (негізгі) деңгей. «Назарбаев зияткерлік мектебі» ДББҰ, 2012.
7. Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында оқушылардың оқу жетістіктерін критериялды бағалау ережесі – 2015. Астана.

Туралбаева А.Т.

«Өрлеу» БАҰО» «Алматы облысы бойынша ПҚБАИ», Философия(PhD) докторы,
turalbaeva_a@mail.ru

БАСТАУЫШ СЫНЫП МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ КӘСІБИ ӘЛЕУЕТІН АРТТЫРУДЫҢ БАСЫМ БАҒЫТТАРЫ

Түйін. Бұл мақалада бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби әлеуетін арттырудың басым бағыттары көрсетіледі. Бастауыш сынып мұғалімінің имиджі талданады. Әлеует ұғымына түсінік беріледі.

Кілт сөздер. Кәсіби әлеует, оқу-танымдық, ғылыми-танымдық, тұлғалық-бағдарлы, коммуникативтік мәдениет, ақпараттық-коммуникациялық дағдылар.

Резюме. В данной статье рассматриваются приоритетные направления повышения профессионального потенциала учителей начальных классов. Анализируется имидж учителя начальных классов. Дается понятие термину потенциал.

Ключевые слова. Профессиональный потенциал, учебно-познавательной, научно-познавательной, личностно-ориентированный, информационно-коммуникационные навыки.

Summary. This article examines the priority areas for increasing the professional potential of primary school teachers. The image of the primary school teacher is analyzed. The notion of potential is given.

Keywords. Professional potential, educational-cognitive, scientific-cognitive, personality-oriented, communicative culture, information and communication skills.

Қазіргі таңдағы педагогика ғылымының көкейкесті мәселелері – әлемдік білім беру кеңістігіне сай бейімделу, кәсіби қалыптастырудың сапасын жақсарту, біліммен қамтамасыз етудің ғылыми-әдістемелік жүйесін түбегейлі жаңарту, оқытудың педагогикалық тәсілдемелерін жүзеге асыру, ұйымдастыру түрлерін өзгерту, білімдегі жаңашылдықты саралау, білім жетілдіру жүйесіндегі үздіксіздікті қамтамасыз етуде оның рөлін арттыру.

Осыған орай, «Білім туралы» Заңда ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде тұлғаны қалыптастыруға, дамытуға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім беру мен оның шығармашылық, рухани қуа-

тын жетілдіру, жеке тұлғаның жан-жақты дамуына жағдай жасау міндеті көзделгенін ескерсек, мамандардың жаңашылдыққа қарай кәсіби біліктілігін арттырудың өзектілігі анық байқалады[1].

Білім берудегі жаңаша көзқарастар педагогикалық бағыттағы барлық әрекеттердің мазмұны мен мақсатын өзгертеді және жаңа бағдарлар іздеуге мүмкіндіктер жасайды. Сондықтан мұғалімдердің кәсіби әлеуетін арттырудың маңызы зор. Оның ішінде бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби әлеуетін арттыруда: мұғалімнің имиджінің өзі тұлғалық, коммуникативтік, әрекеттік және сыртқы мінезқұлықтық құрамалардан тұратындықтан, мұғалімнің ішкі мазмұны, рухани, шығармашылық әлеуеті, балаға, өз ісіне деген сүйіспеншілігі, мейірімділігі мен қарым-қатынас құра білуі, оның жаңашылдығы білім беру үдерісінің табысты болуына ықпал етеді.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы нәтижесінде бірнеше әлеуметтік-экономикалық тиімділіктер қамтамасыз етіледі деп күтілуде. Соның бірі: «Жаңа формациядағы мұғалімдерді қажетті және тиісті біліктілікте қалыптастыру. Еңбек нарығының сұраныстарына сәйкес келетін, азаматтардың кәсіби, қызмет жолында және жеке өсуіне ықпал ететін адами сапаларын дамыту қажет» делінген[2].

Бұл жағдайда бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби әлеуетін арттыруды қолға алған жөн деп санаймыз. Біз, бірнеше ғылыми зерттеулер мен басылымдарды талдай келе, «әлеует» ұғымының мән-мағынасын түсіндіре кетейік.

Әлеует ұғымының ғылымда жан-жақты зерттелгенін байқадық. Мысалға, шығармашылық әлеует, еңбек әлеуеті, адами әлеует, тұлғаның әлеуеті, әрекет әлеуеті, тәрбиелік әлеует және біздің зерттеуімізге тікелей қатысты кәсіби әлеует.

Жоғарыдағы айтылған пікірлерді қорыта келе біз, ғалымдардың еңбектеріндегі әлеуеттің зерттелуін төмендегі кестеде ұсынып отырмыз.

Кесте 1 - Ғылыми басылымдардағы «Әлеует» ұғымының контент-талдауы

№	Авторлар	Түсініктер
	С.А.Ожегов	Әлеует – қандай да бір қатынастағы қуаттылық дәрежесі, қандай да бір құрал, мүмкіндіктер жиынтығы.
	Е.А. Иванникова	Әлеует – қандай да бір әрекет, қандай да бір функцияның ықтимал көрініс табуының дәрежесі.

	«Тұран» ұжымы	Әлеует – кәсіби қызметте нақты іске асырылуы мүмкін тұлғаның сұранысқа ие емес болып қалып отырған және өзектендірілген интегративті күйі.
	А.А.Әлімбаев	Әлеует – қандай да бір қызметтің шекті мүмкіндіктері немесе қабілеттерін, қандай да бір әрекеттерді жүзеге асыруды білдіретін термин.
	Г.И.Абдікеримова	Әлеует – тұлғаның социо мәдени және шығармашылық сипаттарының жиынтығы, қызметті жетілдіруге дайындығын және осы дайындықты қамтамасыз ететін ішкі құралдар мен әдістердің болуын білдіреді.
	Е.С.Балтабаев А.Ж.Куватов	Әлеует – адамның, жекелеген әлеуметтік топ пен жалпы қоғамның физикалық және рухани күштерінің жүйесі, оларды жүзеге асыру қоғамдық құрылымдардың кең ұдайы өндірісін және индивид өмір сапасын жоғарылатуды қамтамасыз етеді.
	Н.Темірбеков	Әлеует – жекелеген адамдар, ұйымдар немесе секторлардың белгілі бір рөлдерді орындау немесе белгілі бір өнімді дайындау тұрғысындағы дағдылары, білімдері немесе қабілеттері.
	Ф.Н.Жакыпова	Әлеует адамның бар қабілеттерін тәжірибе жүзінде қолдануы мен пайдалануы тұрғысындағы осы шақты білдіреді (әлеует «ресурс» мәнін қабылдайды).
	З.Ж.Оразалиев	Әлеует адаммен жинақталған және оның қандай да бір қызметке қабілетімен шарттайтын қасиеттерінің жиынтығы тұрғысында көрініс табады.
	Ж.Е.Ермұхамедова	Әлеует - жекелеген тұлға, қоғам, мемлекеттің белгілі бір саладағы мүмкіндіктері

Жоғарыдағыны қорытындылай келе, «әлеует» түсінігі ғылымның түрлі салаларында және түрлі мағынада пайдаланатынын байқадық. Атап айтсақ, философиялық, психологиялық, педагогикалық тұрғыда ғалымдар қарастырған. Ғылыми әдебиетті талдау әлеует ұғымының көп мағыналы түсінік екенін көрсетті[3];[4].

В.Н.Максимова үздіксіз педагогикалық білім жүйесіндегі кәсіби педагогика мен андрагогика мәселелерін зерттей отырып, біліктілікті арттырудың негізгі мақсаттарының бірі ретінде кәсіби өзіндік сананың дамуына зер салады. Автордың пайымдауынша, кәсіби өзіндік сана – кәсіби әрекетті өзі

ретке келтіріп отыратын, кәсіби әрекетте тұлғаның мінезін рефлексиялау үрдісі мен нәтижесі. Өзіндік кәсіби сананы дамытуды ынталандырушы жағдай – педагогқа еркіндік беру, оған тәжірибеден өткен ғылыми идеялар мен инновацияларды практикада кеңінен қолдану үшін кейбір ұйымдастырушылық міндеттерді тапсыру арқылы жүзеге асатындығына тоқталады[5].

Бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби әлеуетін арттырудың басым бағыттарына тоқталып өтейік.

Қазақстанның білім беру жүйесіндегі бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби әлеуетін арттырудағы басымдық бағыттарды қарастырып, бір жүйеге келтіріп төмендегі кестеде ұсынып отырмыз.

Кесте 2 – Бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби әлеуетін арттырудың басым бағыттары

№	Басым бағыттары	Мазмұны
1	Оқу-танымдық	Ерекше ұйымдастырылған таным; білім, білік, дағдылар, тәсілдерді меңгеруге бағытталған танымдық іс-әрекетті басқаруға дайын болуы.
2	Ғылыми-танымдық	Оқыту, тәрбиелеу және дамытудың объективтік заңдылықтарын ашуға бағытталған, жаңа ғылыми білімдерді қалыптастыра білуі.
3	Тұлғалық-бағдарлы	Бастауыш сынып мұғалімі тұлғасының қоғамның субъектісі ретінде дамуы.
4	Нәтижелі-бағдарлы	Бастауыш сынып мұғалімінің қалаған нәтижеге жету үшін бар мүмкіндігін сарқа жұмсап, кездескен қиыншылықтарды жеңе білуі.
5	Практикаға бағытталған	Қазіргі талаптардың негізгісі – жас маман жоғары оқу орнынан шыға салысымен білім алу барысында алған квалификациясы мен құзыреттіліктерінің арқасында еш қиындықсыз еңбек үрдісіне қосыла алуы керек.
6	Денсаулық сақтауға бағытталған	Кіші мектеп жасындағы оқушылардың дене және психикалық саулығын сақтау жолдарын меңгеруі.

7	Коммуникативтік мәдениеті	Қоғамда өмір сүру ережелері мен нормаларын орындауға мүмкіндік беретін коммуникативтік дағдылар.
8	Ақпараттық-коммуникациялық	Жаңа мультимедиалық құралдарды пайдалану мүмкіндігінің, РС дыбыстаудың пайда болуына байланысты гуманитарлық пәндер аясында оқу бағдарламаларын құра білуі

Бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби әлеуетін арттыруды біз, оқу-танымдық, ғылыми-танымдық, тұлғалық-бағдарлы, нәтижелі-бағдарлы, практикаға бағытталған, денсаулық сақтауға бағытталған, коммуникативтік мәдениеті, ақпараттық-коммуникациялық дағдыларды меңгеруі бағытында қарастырыдық [6].

Оқу-танымдық – ерекше ұйымдастырылған таным; білім, білік, дағдылар, тәсілдерді меңгеруге бағытталған танымдық іс-әрекетті басқаруға дайын болуы.

Оқытудың ең қарапайым түрі оқушы мен мұғалімнің қарым-қатынасынан тұрады, мұғалім оқушы іс-әрекетін дұрыс немесе бұрыс деп бағалайды. Оқыту жүйесінің дамуы іс-әрекеттің күрделі түрлерінің шығуынан тұрады. Бірақ та, мұндай даму іс-әрекеттің қиындығымен және оның элементтерге бөлінуімен түсіндіріледі.

Ғылыми-танымдық: бастауыш сынып мұғалімінің ғылыми-танымдық іс-әрекетінің нәтижесі бастауыш мектеп оқушыларында ғылыми түсініктер пен ұғымдар қалыптастырумен аяқталуы тиіс: бір-бірімен тығыз байланысты аксиомалар, теоремалар, тұжырымдар, ережелер. Кеңейтілген ұғымдардан ғылыми теорияға көшу мүмкін болатындықтан, бастауыш мектеп оқушыларында түсініктер мен ұғымдардың қалыптасуы үздіксіз жүруі тиіс.

Тұлғалық-бағдарлы – бастауыш сынып мұғалімі тұлғасының қоғамның субъекті ретінде дамуы. Көпдеңгейлі білім беру түрлі сферадағы құзыреттіліктерді меңгеріп қана қоймай, тұлғалық, мінез-құлықтық тұрғыдан да өзгеруді қажет етеді. Бастауыш мектеп мұғалімі өзінің қоршаған ортаны тану, талдау, жүйелеу, оған деген қатынасын қалыптастыру және осы ортада өзін-өзі дамытуға қабілеттілігінің арқасында педагогикалық іс-әрекеттің субъектісіне айналады.

Қазақстандық білім беру жүйесін жаһандық білім беру талаптарына сай модернизациялау арқылы біз мектеп бітірушілерде дүниені түрлі ракурстан қабылдауға, өмір сүру жағдайы мен мәдени ерекшеліктері әртүрлілігіне қарамастан адамзаттық құндылықтар мен қажеттіліктердің дүниежүзінде бірдей екендігі туралы түсінік қалыптастыруымыз керек.

Нәтижелі-бағдарлы – болашақ бастауыш мектеп мұғалімінің қалаған нәтижеге жету үшін бар мүмкіндігін сарқа жұмсауға, кездескен қиыншылықтар-

ды жеңе білуі. Нәтижеге бағытталған білім беру дүниежүзілік тәжірибеде бұрыннан бар.

Практикаға бағытталған оқыту. Қазіргі талаптардың негізгі ағымы – жас маман жоғары оқу орнынан шыға салысымен білім алу барысында алған квалификациясы мен құзыреттіліктерінің арқасында еш қиындықсыз еңбек үдерісіне қосыла алуы керек. Осыған байланысты білім беру тәжірибесіндегі бағыттардың ішінен практикаға бағытталған оқыту басты орынға шыға бастады, алайда оның жалпы теориялық негіздері және оқыту формалары мен технологиялары толық анықталмаған.

Денсаулық сақтауға бағытталған оқыту. Бастауыш сынып мұғалімдері оқушылардың денсаулығын сақтауға мектептің оқу үдерісінің бір міндеті ретінде даяр болуы шарт. Сондықтан бұл міндетті жүзеге асыру үшін ол денсаулық сақтау технологияларын қолдану, денсаулық сақтау ортасын құру, мұғалімдердің оқушының денсаулық мәдениетін қалыптастыру мақсатында медицина қызметкерлерімен, әлеуметтік педагог, психологтармен біріккен әрекет жасау жолдарын білім алу барысында меңгеруі қажет.

Денсаулық сақтау технологиясы бастауыш сынып мұғалімінен үлкен кәсіби құзыреттілікті (оның білімі, біліктері, мәдениеті, оқушыға деген ізгілікті қарым-қатынасы, оқытудың жеке тұлғаға бағытталған жүйесінде жұмыс істей білуі) қажет етеді. Мақсатқа жету мен жағымды нәтиже алу үшін технологиялық амалдар мен денсаулық сақтаушы әрекеттер жасалуы қажет.

Коммуникативтік мәдениеті – қоғамда өмір сүру ережелері мен нормаларын орындауға мүмкіндік беретін коммуникативтік дағдылар.

Қорыта кетсек, коммуникативтік мәдениет индивидтің қайталанбас ерекшелігі болып табылады. Сондықтан, қоғам дамуының қазіргі кезеңіндегі бастауыш мектеп мұғалімдерін даярлаудағы нәтижелі педагогикалық іс-әрекетке бағытталған ұстаным мұғалім тұлғасының негізгі құрамдас бөлігі коммуникативтік мәдениет деп түсінеді.

Ақпараттық-коммуникациялық – жаңа мультимедиалық құралдарды пайдалану мүмкіндігінің, дыбыстаудың пайда болуына байланысты бастауыш мектептегі пәндер аясында оқу бағдарламаларын құра білуі.

Қорыта келе, бастауыш сынып мұғалімінің өзін-өзі дамытуы – өз бойындағы бар әл-шамасымен көз-

деген деңгейінің арасындағы қарама-қайшылықты шешуге бағытталған энергия, психологиялық және педагогикалық кәсіби тетік болып табылады. Әрекет барысында ол өзін-өзі терең танып, өзінің өзектілігін арттыруға қызмет жасауы арқылы, өзін-өзі дамытатын кеңістік құрайды деген қорытынды жасауға болады.

Әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016 – 2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 1 наурыздағы № 205 Жарлығы

2. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы 2007 жыл 27 шілде № 319-III.

3. Тұрғынбаева Б.А. Болашақ мұғалімдердің әлеуетін дамыту: кәсіби шығармашылық жолында. – Алматы, 2012. – Б.211

4. Абсатова М., Ушатов М. ЖОО студенттерінің лидерлік әлеуетін дамытудың ғылыми-теориялық негіздері. Оқу-әдістемелік құралы. Алматы, 2016- 48 б.

5. Максимова В.Н. Формирование профессионально-педагогических умений при подготовке и повышении квалификации учителя: Учеб. пособие/ Ленингр. Обл. ИУУ. –СПб. – 1994.-52с.

6. Ержанова Р.К. Формирование профессионально-педагогического потенциала педагога профессионального обучения на основе синергетического подхода в условиях непрерывного образования: дис... канд. пед. наук. – Павлодар: Павлодарский госуниверситет им. С.Торайгырова, 2009. – 163 с.

Умурзакова Алия Исламетдиновна

академический доцент, доцент кафедры «Музыкального образования и хореографии»
Казахского национального педагогического университета имени Абая,
Лауреат Международных конкурсов (2013г.), umursakova@bk

ЗНАЧЕНИЕ ФОРТЕПИАННОЙ ПОДГОТОВКИ БУДУЩИХ УЧИТЕЛЕЙ МУЗЫКИ

Түйін. Мақала болашақ музыка мұғалімінің фортепиано аспабында ойнай білу дағдыларының орнынын талқылайды. Фортепианолық дайындық үдерісінде білім беру, танымдық, эстетикалық, кәсіптік білім беру және зияткерлік және даму міндеттерді шешіледі. Бұл жерде музыка орындаушының жеке тұлғалық қасиеттері, оның музыкалық «ой-өрісі» және саналық пен сезімталдығы маңызды рөлін атқаратындығы сөссіз.

Түйінді сөздер: фортепианолық дайындық, кәсіби білім, музыкалық «ой-өрісі».

Резюме. В статье рассматривается вопрос фортепианной подготовки будущего учителя музыки. В процессе фортепианной подготовки решаются воспитательные, познавательные, эстетические, профессионально-образовательные и интеллектуально-развивающие задачи. В этом процессе важную роль также играют личностные качества исполнителя, его музыкальный интеллект и эмоционально – осознанное отношение к музыке.

Ключевые слова: фортепианная подготовка, профессиональные знания, музыкальный интеллект.

Summary. The article deals with the piano preparation of the future music teacher. In the process of piano preparation, educational, cognitive, aesthetic, vocational-educational and intellectual-development tasks are being solved. In this process, the personal qualities of the performer, his musical intellect and emotionally conscious attitude to music play an important role.

Key words: piano training, professional knowledge, musical intelligence.

В формировании будущих учителей музыки, большую роль играет инструментальное исполнительство и, в частности, владение инструментом (фортепиано).

Исполнительская подготовка будущего учителя музыки является одним из важных компонентов музыкального образования. Она характеризуется тем, что формирует профессиональные знания, умения и навыки, развивает интеллект, художественный вкус, что в конечном счете содействует совершенствованию духовно-личностных, мировоззренческих способностей студентов. Как свидетельствует практика, без должной исполнительской подготовки, позволяющей глубже осмыслить во взаимосвязи и взаимообусловленности явления музыкального искусства, ни одно из направлений

специальной подготовки будущего учителя не может быть реализовано в полной мере.

«Жаңашыл» сөзі орыс тілінде – жақсартушы, «жаңаландырушы» аналогында мағынасы бар. Бұдан шығатын қорытынды: жаңашылдық – бұл бұрыннан бар нәрсеге жақсартулар, өзгерістер енгізу. Қазіргі уақытта «педагогикалық технология» психологиялық – педагогикалық әдебиетте ең көп таралған және қолданылатын ұғым. Енді біз дизайн пәнін оқытудағы инновациялық технологияларға шолу жасайық. «Инновация» дегеніміз- жаңа мазмұнда ұйымдастыру, ал жаңалық енгізу дегеніміз- тек қана жаңалық енгізу, ұйымдастыру, яғни инновациялық процесті мазмұнды дамыту, жаңаны ұйымдастыру, қалыптастыруды анықтайды, «ал жаңаша» деп жаңаның мазмұны, оны енгізудің әдіс-тәсілімен технологиясын қамтитын құбылысты түсінеміз. Зерттеу барысында біздің анықтағанымыз, инновация ұғымы ең алғаш XIX ғасырда мәдениеттанушылардың зерттеулерінен пайда болғанын, яғни бір ел мәдениет элементтерін екінші ел мәдениетіне енгізу дегенді білдіреді және бұл ұғым этнографияда әлі күнге дейін сақталған [2]. Инновация термині педагогика теориясы мен практикасында кеңінен қолданылуда. Бірақ бұл терминнің белгілі бір педагогикалық категория ретінде әлі де қалыптасу үстінде екені анық. Сондықтанда біз инновация ұғымын толық пайымдау үшін, оның тарихи даму деректеріне шолу жасағанда жөн көрдік. Педагогикалық инновация мәселесін жан-жақты талқылап зерттеушілердің бірі- Югославияның педагог-ғалымы К.Ангеловски.

К.Ангеловски мұғалімнің жаңашылдығына қандай әлеуметтік факторлар әсер етеді, жаңашылдыққа мұғалімдердің көз-қарасы қандай, оның мұндай іс-әрекетке қатысуы немен белгіленеді деген сұрақтарға жауап іздейді («Учителя и инновации» деген еңбегін айтуға болады). Ғылыми- педагогикалық зерттеу барысында біз «инновация», «инновациялық іс-әрекет», «инновациялық әдіс-тәсілдер», «инновациялық процесс» деген түсініктерге зерттеушілердің берген анықтамаларын келтірдік. Егер Э.М.Роджерс, инновацияны жаңа болып табылатын идея ретінде қарастырса, неміс ғалымдары инновацияны жаңа құралдарды ендіру мен пайдалану мақсатындағы өзгерістер деп түсінеді де оны процесс ретінде қарастырады. Профессор Л.В.Левчук «Инновациялық білім беру жалпы қоғамдағы жеке адамның қызметінің жаңа түрін жобалайтын, оны жүзеге асыруға жағдай жасайтын білім беру қызметінің процесі мен нәтижесі», - деп түсіндіреді [2].

Л.Н.Шилова өз зерттеулерінде: «Инновация-

белгілі әлеуметтік ортаға, ұйымға, қоғамға, топқа жаңа, тұрақты өзгерістер енгізу», - дейді [5]. Ол «Инновация» термині педагогикаға лингвистикадан келген, ол «жаңалық енгізу» дегенді білдіреді, - деп көрсетеді.

Студенттермен өтілетін дизайн сабақтарында, оқу үрдісінде инновациялық технологияларды қолдану мақсатында осы заманға сай Corel draw, Photo-paint, 3d max, т.б. бағдарламалар қолданылуда. Соның бірі Corel draw – бұл векторлы бейнелерді жасаудағы үлкен мүмкіндіктері бар қазіргі заманға ең танымды жаңа бағдарламаның бірі болып табылады. Corel draw бағдарламасында контурларды әр-түрлі және қолайлы басқару шаралары бар, сондай-ақ мәтінмен жұмыс істеу құралдары жоғары дамыған. Бағдарламаны меңгере отырып керек нәтижеге жеткізген жеңілдік өзіңізді тандандыруы мүмкін. Контурларды құрастыру және басқарудың ойлап табылған құрал-саймандар жүйесі, олардың трансформациясының қарапайымдылығы, топ ішінде объектімен жұмыс жасауға болатындығы, біріктірілген контурларды жасаудың жеңілдігі, «тірі» геометриялық пішіндердің болуы, сонымен қатар графиктермен сызбалар тұрғызу үшін арнайы саймандарды пайдалану мүмкіндігі міне осылардың барлығы керекті объектіні жасауға көп көмегін тигізеді. Сізге өз ойларыңызды іске асыру үшін әр қилы жолдарды іздей отырып, бағдарламаның шектеулері мен күресудің қажеті жоқ, оның орнына өз күштеріңізді шығармашылық тапсырмаларды шешуге жұмсайсыз. Бояу және мөлдірлік Corel draw-та әр-түрлі, ал оларды басқару жұмыстары түсінікті болып келеді. Біріңғай және градиентті бояулардан бөлек, аралас, фронтальді және бояулар бағдарламада көптеп кездеседі. Үлкен жобаларды жасау кезінде бояулармен түстердің кітапханасын қалай қолдануға болса, солай шаблонды да қолдануға болады. Салынған суреттің нәтижесі арнайы ерекше әсер береді, оларды атап айтқанда- жартылай мөлдір, жұмсақ нәзік көлеңке, болжаммен алынған қажаулар, объектінің сыртқы нобай сызығының орналасуы, дайын объектіні арнайы құрал-саймандармен бояу т.с.с. Corel draw бағдарламасы векторлы графиктерді тұрғызуға арналған бағдарлама болғандықтан, бағдарламаны кез-келген сурет салуда талап жағдайда қолданған жөн. Жоғарыда аталған мүмкіндіктерді пайдалана отырып, киімнің композициялы шешімін табуды, киімді көркемдеп сәндеу, қандай да бір бұйымның эскизін тұрғызу және адам тұлғасын салу сияқты мәселелерде шеше аламыз. Дегенімен уақыт өткен сайын Corel draw және де басқа да бағдарламалардың жаңа жетілген түрлері қолданысқа еніп жатыр.

Қаралып отырған ұғым әр түрлі болып түсіндіріледі: кейбіреулері бұл ұғымды оқу мен тәрбиенің жоғары жетістіктерін бағалау құралы десе, екіншісі бұл категорияға жаңа педагогикалық технологияға өту және құру – бұл болашақ ақпарат өр-

кендеу алдындағы білім беруге қойылған міндеттер мен өзекті шешімдердің заңды құбылысы деп көрсетеді. «Педагогикалық технология» ұғымы алғаш рет АҚШ – та енгізіліп, әр түрлі түсініктер берілген.

С. Смирнов анықтамасы бойынша «методика» немесе «форма» оқу ұйымдарында синоним ұғымдар (бақылау жұмысын жазу технологиясы, топтық қызметті ұйымдастыру технологиясы, қарым – қатынастар технологиясы және т.б.) ретінде көрсетілген. Бұл түсіндірулер бастапқы «технология» ұғымын аша алмайды. Берілген ұғымдарды салыстыра талдау Л. Шкутина, М. Танасейчуктің жұмыстарында көрсетілген.

«Білім беру технологиясы» - кең ұғым. Бұған әр түрлі оқу технологиялары тарапынан педагогикалық технологиялар енеді. Педагогикалық технология өзіне әр түрлі ғылым мен тәжірибенің әр саласында таралған мамандандыру технологияларын біріктіре алады, оларға жаңа ақпараттық технологиялар, электрондық, т.б. жатады.

Оқыту технологиясы – бұл жақын ұғым, бірақ «педагогикалық технологиямен» тепе – тең келмейді, өйткені, ол педагогикалық технология таңдаған мәселелер, такырып, пәндерге белгілі шеңберде нақты түсініктерді игерудің жолдарын көрсетеді. Оқыту технологиясы вариативті және жеке әдістерімен туыстас.

Б. Лихачев «педагогикалық технология» - оқыту әдістері мен тәсілдерін анықтайтын арнаулы құралдар жиынтығы деп жазса, Г. Селевконың түсініктерінде «педагогикалық технология» үш түрлі аспектілермен көрсетіледі:

- оқыту әдістері мен педагогикалық үрдістерді жобалау және мазмұндау мақсаттарын талдайтын әрі зерттейтін педагогика ғылымның бір бөлігі;
- оқытудың жоспарланған нәтижеге жету көздері мен әдістері;
- педагогикалық құралдар мен әдістемелік, аспаптық, технологиялық үрдістерді жүзеге асыру.

Г. Селевконың «Қазіргі заманғы білім беру технологиясы» кітабында білім беру технологияларын кең түрде қарастырған. Атап айтқанда, олар төмендегідей.

- Жеке басты педагогикалық үрдістерге бейімдеу;
- Материалдарды қайта жасау мен дидактикалық жетілдіру;
- Жеке пәндердің педагогикалық технологиясы;
- Табиғаттану технологиясы;
- Дамыта оқыту технологиясы;
- Баламалы технологиялар;
- Авторлық мектеп педагогикалық технологиясы;
- Оқушылардың белсенділіктері мен шығармашылықтарына негізделген педагогикалық технология;
- Оқу үрдістерін ұйымдастыру және басқару негізіндегі педагогикалық технология.

Оқыту технологияларын сабақта тиімді қолдану оқушылардың білім сапасын арттырып қана қоймайды, оларды жеке тұлға ретінде қалыптастыруға өз әсерін тигізеді. Тек олардың ерекшеліктеріне, мән – мағынасына қарай таңдап, қолдана білсек, ұтарымыз көп.

Инновациялық білім беру технологиясы дизайн сабақтарында білім берумен байланысты. Қазіргі кезде әлемдегі жүргізіліп жатқан ізгілендіру үрдістері білім беру мекемелеріне қойылатын жаңа талаптарды да анықтауда. Техника мен ғылым көлемінің ұлғая түсуі мектептегі білім беру мазмұнынан қайта құру және оқу – тәрбие орындарының іс - әрекет қағидаларын қайта қарауға, әсіресе мұғалімнің кәсіби біліктілігі мен тұлғасына, бүкіл педагогикалық үрдістің тұлғалық бағдарлануына қойылатын талаптардың сөзсіз арта түсуіне алып келді. Бүгінгі таңда оқу орынның оқу үрдісін жетілдіру үшін инновациялық білім беру технологияларын пайдаланудың тиімділігін практиканың өзі дәлелдеп отыр. Мұның өзі аталған мәселенің теориялық негіздемесін жасау қажеттілігін туындатады. Сондықтан біз оқығудың теориясы мен практикасындағы зерттеліп отырған проблеманың жағдайына талдау жасауды «инновациялық білім беру технологиялары» ұғымына нақты түсінік беруден бастағанды жөн көрдік. Зерттеуде ең алдымен «инновация», «педагогикалық технология» ұғымдары жөнінде анықтамалар жүйеге келтіріліп, «инновациялық білім беру технологиялары» ұғымы мазмұндық жағынан қарастырылды.

Инновациялық динамика жаңа білімдердің техникалық немесе әлеуметтік шындыққа айналуының логикалық реттелген технологиясын танытып, жаңа білімнің тауар немесе қызмет көрсету үлгісіне айналу сатыларын білдіреді.

Педагогикалық инновациялардың феноменологиясы «инновациялық ағын» ұғымын енгізеді. Бұл ұғымға педагогикалық жаңалықтарға деген дұрыс қатынасын білдіретін мұғалімдердің түрлі сипаттағы қызметтері енеді. Жаңашыл педагог – жаңа педагогикалық жүйенің авторы, яғни өзара байланысты идеялар мен тиісті технологиялардың жиынтығының авторы.

Сонымен қатар зерттеушілер мұғалімдердің инновациялық – педагогикалық үрдісіне деген қатынасына әсер ететін басқада факторларды атап өтуде. Оларға мыналар жатады:

- Жаңалықтың мақсаты,
- Жаңалықты енгізу әдістемесі,
- Жаңалықтың мотивациясы,
- Қоғам талаптарын қанағаттандыру,
- Оның жұмыс нәтижесін арттыратынына

көз жеткіздіру.

«Новация» ұғымы (латынша NOVUS – жаңа) біздің тарапымыздың жаңа енгізілім деп түсіндіріледі. Ғылыми әдебиетте «нововведение» деген

орыс сөзі бір жүйеден екінші жағдайға ауыстыру, ендірілу ортасына жаңа тұрақты элементтер (жаңалықтар) әкелетін мақсатты бағытталған өзгеріс ретінде анықталады. Әрине бұл жаңа енгізілім жаңаруымен байланысты. Алайда барлық жаңа нәрсе әр кезде дұрыс нәтиже бере бермейді. Оның себептері мынадай:

Біріншіден, жаңа нәрсе барлық кезде өзекті мәселелерді шешу құралы болып табылмайды. Шындығында, мұғалімдер оқу орнында атқару тиіс мәселелерді зерделемей, кейде оны бір жақты қарастырады.

Екіншіден, әрбір жаңа құрал толық бір нақты жағдайларда туындап, белгілі бір педагогикалық міндеттерді шешуге бағытталады. Алайда көптеген ұстаздар құралдарды таңдау кезінде нақты жағдайда талдау жасауды басшылыққа алмастан, өздеріне ұнайтын нәрселерге ғана назар аударады.

Үшіншіден, ғылымдар жаңа бір нәрсені пайдаланушылардың санының ұлғаюы, оны меңгерудегі жаңа тәжірибенің пайда болуы жаңалықтың нәтижелі болатын жағдайларын қатайта түсетіндігін бұрыннан байқаған. Сондықтан біздер өзгермелі жағдайда жаңа құралдарды пайдалану дұрыс нәтиже беретіндігіне деген ішкі сенімділігі болған жағдайдың өзінде, ұстаздар, психологтар, әлеуметтанушылар тарапынан бақыланбайтын эксперименттік бақылау жүргізу қажет деп есептедік.

Инновациялық үрдіс деп жаңалықты жасау (тудыру, әзірлеу), меңгеру, пайдалану және тарату бойынша жүргізілетін кешенді іс - әрекет ұғынылады. Білім беру қызметінде орталық орынды иеленетін оқу – тәрбиелік үрдісін инновациялық тұрғыда қарастыруға болады. Өйткені оның мақсаты – жастарға тұлғаның жаңа қасиеттерін қалыптастыруда жаңа білімдер беру. Тұлғаны қалыптастырумен байланысты жағдайларды зерттеуге деген қызығушылық оның ішінде инновацияға деген қызығушылық мәселесі соңғы уақытта әлеуметтанушылардың да назарында тұр. Соңғы жылдары жинақталған педагогикалық білім, оның құрамындағы өрелі сипаттағы білім мен оны педагогикалық практикаға енгізу және пайдаланудың қиындығы арасындағы қайшылық ерекше күшейе түседі. Бүгінгі жағдайда жаңа ғылыми, тәжірибелік және практикалық білімді жасау үрдісі мен педагогикалық тәжірибені зерттеу нәтижелерін меңгеру үрдісі арасында маңызды алшақтық пайда болды. Мұндай алшақтықтың бір себебі педагогикалық білімді дамыту мен оны енгізудегі кереғарлықта, олардың өзара тұжырымдық негіздерінен тыс әзірленуінде.

Педагогикалық инноватика осындай байланысты дизайн сабақтарында іске асырып, педагогикада жаңалықтарды жасау, олардың меңгеру мен практика жүзінде қолдану үрдістерін біріктіретін инновациялық үрдістерге тән қызмет мөлшерлерін қалыптастыруға мүмкіндік береді. Аталған қайшылық инноватикалық білімнің ерекше сала-

сы ретінде педагогикалық инноватиканы әзірлеу мәселесін айқындауға мәжбүр етті. Мұндай жаңаны құру мен оны практикада қолдану үрдістерін үйлесімді біріктіру жолдары көрсетілді. Бұл талдау педагогикада инновациялық үрдістер теориясын, инновациялық үрдістерді бейнелейтін жетекші категориялар мен қағидаларды және қоғамдағы инновациялық үрдістердің жалпы теориясының ерекше бөлімі ретіндегі педагогикалық инноватиканың құрамдас негіздерін терең түрде әзірлеу қажеттілігін көрсетіп берді.

Жалпы айтқанда, инноватика ғылымының негізінде мына мәселелер айқындалады:

1. Педагогикалық инноватика ғылымы – білімнің ерекше саласы.
2. Педагогикадағы инновациялық үрдістер – әдіснамалық зерттеулер пәні.
3. Қазіргі педагогикадағы инновациялық үрдістерді әзірлеудің жетекші бағыттары.
4. Білім беру жүйесіндегі инновациялық үрдістерді дамыту тенденциясы.
5. Педагогикалық инноватиканың құрамы, құрылымы мен функциялары.
6. Педагогикада инновациялық үрдістерді іске асыруға қажетті шарттар.
7. Педагогикада инновациялық үрдістерді ұйымдастыру мен іске асыру бойынша қызмет мөлшерлері.

Біздің тәжірибеміз көрсеткеніндей, инновациялық прогресс процедуралар мен құралдардың жиынтығын танытады. Олардың көмегі арқылы ғылыми жаңалық, идея әлеуметтік, оның ішінде білім берудегі жаңа енгізілімге айналады. Сөйтіп, идеялардың жаңа енгізілімге айналуын қамтамасыз ететін, сондай-ақ осы үрдісті басқару жүйесін қалыптастыратын іс - әрекет болып табылады.

Инновациялық іс - әрекет – дәстүрлі іс - әрекеттен түбірлі түрде ерекшеленіп тұратын индивид, іс - әрекетінің негізгі түрлерінің бірі. Ол барлық уақытта қарма – қайшылықтар болған жағдайда іске асырылады. Іс - әрекеттердің дәстүрлі модельдері тиімсіз болса, ары қарай оның жетілдірілуі қажетті нәтиже бере қоймайды. Инновациялар былай бөлінеді: білім беру мазмұнындағы инновациялар, оқыту технологиясындағы инновациялар, білім беру жүйесінің тәрбиелеу функциясы саласындағы инновациялар, педагогикалық құралдар жүйесіндегі инновациялар.

Инновациялар мен бастамашыл (орталықтан-дырылмаған) жаңа енгізілімдердің қалыптасуы тұрғысынан білім беру жүйесіне жасалған талдау көрсеткеніндей, олардың пайда болуы әлеуметтік - мәдени салт – дәстүрлердің неғұрлым жалпы заңдарына бағынады. Жаңа салт – дәстүрлік ауысым алдыңғы салт – дәстүрлерде жаңа салт – дәстүрлердің пайда болуына арналған барлық алғышарттардың қалыптасу жағдайында ғана мүмкін болмақ. Осыған орай инновациялық білім беру қызметін

жобалаудың негізгі әдіснамалық қағидасын құруға болады. Оның мәні мынада: ең алдымен білімді басқару жүйесіндегі инновациялық сала элементтерінің пайда болу жағдайы, мүмкіндіктері және жүйелік қайшылықтары зерттеледі. Келесі кезекте инновациялық қатынас элементтерін талдау кезінде инновациялық білім беру жүйелерінің дамыту жолдары негізделеді. Білім беру саласындағы инновацияларды жобалау логикасы аймақта объективті түрде пайда болған инновациялық элементтерден ғылыми білім беру кешені және эксперименттік алаңдардың бекітілген үлгісінде инновациялық саланы қалыптастыруды қарастырады. Тұжырымдай келе айтатын болсақ, оқыту технологиясы мұғалімдердің эмпирикалық инновацияларын ескере отырып, оқыту үрдісін дұрыс, ұтымды басқаруды қарастырады. Оған өзара бір – бірімен байланысты екі үрдіс енеді: білім алушының іс - әрекетін ұымдастыру және оқушы тұлғасын дамытудағы жоғары нәтижелерге қол жеткізуге бағытталған іс - әрекетті бақылау. Бұл үрдістер өзара үздіксіз әрекетте болып, бақылау нәтижесі басқарушы әрекеттердің мазмұнына әсер етеді, яғни оқу іс - әрекетінің ары қарай ұйымдастырылуын өзгертеді.

Қазіргі кезде егемен елімізде білім берудің жаңа жүйесі жасалып, әлемдік білім беру кеңістігіне енуге бағыт алуда. Бұл педагогика теориясымен оқу-тәрбие үрдісіндегі елеулі өзгерістерге байланысты болып отыр. Білім беру парадигмасы өзгерді, білім берудің жаңа мазмұны пайда болды. Кез-келген елдің экономикалық қуаты, халқының өмір сүру деңгейінің жоғарлығы, дүниежүзілік қауымдастықтағы орны мен салмағы сол елдің технологиялық даму деңгейімен анықталады. Жалпы қоғам дамуы мен жаңа технологияны енгізу сапалығы, осы елдегі білім беру ісінің жолға қойылғандығы мен осы саланы ақпараттандыру деңгейіне келіп тіреледі. Атап айтқанда: білім мазмұны жаңа біліктермен, ақпараттарды қабылдау қабілеттерінің дамуымен, ғылымдағы шығармашылық және нарық жағдайындағы білім беру бағдарламаларының нақтылануымен байи түсуде; ақпараттық дәстүрлі әдістер-ауызша және жазбаша, телефон немесе радиобайланыс қазіргі заманғы компьютерлік құралдарға ығысып орын беруде; баланың және жасөспірімнің жеке басын тәрбиелеуде, оның жан дүниесінің рухани баюына, азамат, тұлға ретінде қалыптасуына көңіл бөлінуде;

Қазіргі қазақстандық білім беру кеңістігіндегі түбегейлі өзгерістер- тарихи объективті процесс. Жоғары білім беру саласын реформалаудағы мақсат- білім беру жүйесін қайта қарап, студенттердің шығармашылық бейімделуіне қарай бағдарлы, сатылы білім алуларына жағдай жасау болып табылады. Бүгінгі таңда студенттің білім сапасын бұрынғыдай білім білігі және дағдысымен өлшеу жеткіліксіз. Қазіргі талап білім сапасы студенттің алған білімін, жеке басын әрі қарай дамытуына,

тұлға ретінде қоғамның өркендеуіне пайдалы болуымен тұжырымдалады.

«ҚР білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының» тұжырымдамасында: «Білімді, білік-дағдыларды механикалық түрде беру емес, ақпараттық-зияткерлік ресурстарды өз бетінше тауып, талдап және пайдалана білетін, идеялардың қуат көзі болатын, жедел өзгеріп отыратын, әлем жағдайында дамитын және өзін-өзі ашып көрсете алатын жеке тұлғаны қалыптастыру басымдық болып табылады» делінген[9]. Демек, бұл тұжырымдама білім берудің басты философиясы болмақ. Ал білім беру саласындағы технологиялық идеялар бұдан 400 жыл бұрын пайда болған. Бұл күнде оқыту технологиясы үлкен өзгеріске ұшырап отыр. Мұғалімдер мен студенттерге әр түрлі дидактикалық материалдармен қоса оқытудың техникалық құралдары жәрдемге келді.

«Педагогикалық технология» термині педагогикалық әдістерге негізделген оқыту технологиясы өткен ғасырдың алпысыншы жылдарында шетел зерттеушілері тарапынан енгізілген. «Педагогикалық технология дегеніміз- тәжірибеде жүзеге асырылатын белгілі бір педагогикалық жүйенің жобасы, ал педагогикалық жағдайларға сай әдіс-тәсілдер- оның бөлігі ғана» - деп көрсеткен В. Беспалько [10]. Жеке тұлғаның өзін-өзі дамыту технологиясында оқу пәндері әдістемелері мен білім беру технологияларын жоспарлау жүйесі қолданылады. Қорыта айтқанда болашақта оқу үрдісінде осындай инновациялық технологияларды дизайн сабақтарында ұтымды пайдалану өз жемісін берері сөзсіз.

Инновациялық технологияларды қолдану проблемасына байланысты ұсынған көзқарасына жасаған талдау бойынша ой тұжырымдауға мүмкіндік береді: әдіснамалық мәдениет екі салада көрініс табады (оқуға үйретуде, жаңа білімді іздестіруге үйретуде); философиялық, жалпы-ғылыми және нақты-ғылыми деңгейге сәйкес қалыптасқан әдіснамалық білім болмай, біртұтас әдіснамалық мәдениет болмайды; инновациялық технологияларды дизайн сабақтарында қолдану технологиясы оны даярлауда ерекшеліктерді ескеруі қажет, өйткені бұл инновациялық технологияларды дизайн сабақтарында қолдану да проблемалық тапсырманың ерекше түрін болжайды, ал бұл болса осы технологияның материалдық негізін құрайды.

Инновациялық технологияларды дизайн сабақтарында қолдану тұжырымдамасы жаңа заман қоғамының білікті мамандарды даярлауға байланысты қойып отырған талаптарына және педагогика ғылымының болашақ мамандарды кәсіптік даярлаудағы жетекші қағидаларына негізделеді. Инновациялық технологияларды дизайн сабақтарында қолданудың мәні мен мазмұнына кәсіптік даярлық жүйесінде талдау жасау, олардың мақсатын, мін-

деттерін, заңдылықтары мен принциптерін, атқаратын функцияларын, әдіс-тәсілдері мен өзіндік ерекшеліктерін дәлелдеп көрсетуге мүмкіндік береді.

Инновациялық педагогикалық технологияларды дизайн сабақтарында қолданудың әдістемесі дизайн пәнінің оқу бағдарламасына сай анықталады. Пәннің атауы: Заманауи дизайн Мамандық: 5В042100- дизайн Оқу түрі: күндізгі, курсы: 3 Практикалық сабақ: 45 СӨЖ: 45 Барлығы: 45 Пәнді оқытудың мақсаттары мен міндеттері. Пәннің мақсаты: Дизайн негізгі курсының мақсаты студенттерге алдына қойған мақсатты көру арқылы зерттеп дамыту және қойылған құрылымды жан-жақты ізденіп зерттеу, дизайн композиция, сурет пен кескіндеме негіздерін болашақта игеру, сонымен қатар кәсіби деңгейін қалыптастырып кәсіби-педагогикалық жолмен болашақ суретші дизайнер педагогты даярлау.

Пәннің оқыту міндеті: «Заманауи дизайн» пәнінде студенттер киім композициясымен, графика, макет жасау, жобалау негіздерін игерту. Сонымен қатар студенттер қоршаған ортамен байланыстыра отыра заттың көрінісін жасауды үйренеді.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Назарбаев Н.Ә. Қазақстан өз дамуындағы жаңа серпіліс жасау қарсаңында: Қазақстандағы әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті елу елдің қатарына кіру стратегиясы. Қазақстан халқына Жолдауы. Астана: «Елорда», 2006. – 44 б.
2. Давыдов В.В. Проблемы развивающего обучения: опыт теоретического и экспериментального психологического исследования. М., 1986.
3. Джақұпов С. М. Управление познавательной деятельностью студентов в процессе обучения: учебное пособие.-Алматы: Казак университета, 2002.
4. Досқалиев Қ.С. Білімді есепке алу және бағалау// Қазақстан мектебі, 2005, №8.
5. Дүйсембаев Б. М., Байжасарова Г. З., Медетбекова А. А. Физика және астрономия әдістемелік нұсқау. Алматы: Мектеп, 2004.
6. Бұзаубақова.К.Ж. Жаңа педагогикалық технология. Тараз: ТарМУ, 2003.
7. Бұзаубақова К.Ж. Қазақстан республикасында білім берудің инновациялық бағыттары. // Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. Көкшетау, 2006.
8. Внедрение кредитной технологии подготовки специалистов в Университете «Мирас». Шымкент, 2003.
9. Давыдов В.В. О понятии развивающего обучения // Педагогика. 1995, №1.
10. Давыдов В.В. Проблемы развивающего обучения: опыт теоретического и экспериментального психологического исследования. М., 1986.

Булатбаева А.А.

пед.ғ.д., профессор, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ

Шәбден М.Б.

6D012300-әлеуметтік педагогика және өзін өзі тану мамандығының 1 курс докторанты
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ

ӘЛЕУМЕТТІК-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМДАРДАҒЫ ҚҰНДЫЛЫҚТЫҚ БАҒДАР ТЕОРИЯЛАРЫ

Түйін. Берілген мақалада әлеуметтік-педагогикалық ғылымдардағы құндылықтық бағдар теориялары қарастырылады. Қазіргі философия, әлеуметтік, педагогикалық және психологиялық зерттеулердің маңызды мәселелерінің бірі құндылықтық бағдардың теориялық негіздерін зерттеу болып табылады.

Түйін сөздер: құндылық, құндылықтық бағдар.

Резюме. В данной статье рассматриваются теоретические основы ценностных ориентаций в социально-педагогических науках. Одной из важнейших проблем современной философии, социологии, педагогических и психологических исследований является исследование теоретических основ ценностных ориентаций.

Ключевые слова: ценности, ценностные ориентации.

Summary. This article discusses the theoretical foundations of value orientations in the socio-pedagogical sciences. One of the major problems of contemporary philosophy, sociology, pedagogic and psychological research is the study of the theoretical foundations of value orientations.

Key words: values, value orientation.

Құндылықтар әлемі кеңінен алғанда адам әлемі, мәдениет әлемі, бұл ғаламды тұлғаның игеруіндегі, танып-білуіндегі маңызды алғышарты. Өйткені, адам баласы өз санасының, дүниетанымының арқасында қоршаған ортадағы әрбір құбылысқа баға беруге тырысады. Міне, содан келіп құндылықтардың жеке адамдық деңгейдегі құрылымы пайда болады. Әрбір әлеуметтік субъектіге сәйкес келетін қасиет – ол әлемді қарастырғанда, оған міндетті түрде құндылықтық қатынасын айқындайды.

Құндылық ұғымы философияда, әлеуметтануда, психологияда кеңінен қарастырылған.

Философияда «құндылық» ұғымы - тұлға үшін маңызды, пайдалы, өзін жетілдіруге және адамзат қоғамының дамуына септігі бар адамның шынайылыққа деген қатынасының мәнін білдіреді.

Әлеуметтанулық сөздікте «құндылық» - жеке немесе қоғамдық санада үлкен мәнге ие әлеуметтік компоненттің бірі. Құндылықтар қоғам үшін ең маңызды деген әдет-ғұрыптар, нормалар мен мән-мағыналар қызметін өзіне бағындырады және реттейді. Құндылықтар адам мүддесінің объектісі

бола тұра, әлеуметтік, заттық ортадағы күнделікті тіршілікте бағыт беру рөлін атқарады. Адам өзін қоршаған заттық және рухани әлемді құндылықтар арқылы бағалайды.

Психологиялық сөздікте «құндылық» түсінігі қоғам үшін әлеуметтік-тарихи маңызы бар, «жеке адам» өмірінің болмысын анықтайтын құбылыс. Былайша айтқанда, психологияда «құндылық - қоғамдағы моральдық қарым-қатынас, қоғамның әлеуметтік-тарихи және индивидтің тұлғалық мәнін сипаттайды, сонымен бірге жеке тұлғаның мінез-құлқы мен адамдардың ара-қатынасын әлеуметтік тұрғыдан зерттейді» деп көрсетілген [1].

Психологияда құндылықтар қоғамдағы моральдық қатынастардың формасы ретінде қарастырылады. Біріншіден, құндылық - жеке тұлғаның (немесе әлеуметтік топтың, ұжымның) адамгершілік мәні, абыройы және қоғамдық институттардың (отбасы, мектеп, бала бақша, қоғамдық ұйымдар, университеттер т.с.с.) адамгершілік сипаттары болып қарастырылса, екіншіден, моральдық санаға қатысты көзқарастар: моральдық нормалар, принциптер, жақсылық пен жамандық, адалдық, бақыт туралы түсініктер.

Көптеген зерттеушілер құндылықтың мынандай белгілерін атап көрсетеді; маңыздылығы, пайдалылығы, жағымдылығы, абыройлығы, әлеуметтік мәні.

Этиканың негізін салушы Сократтың пікірі бойынша, негізгі өмірлік құндылықтарға білім арқылы жетудің негізі рухани мінез-құлықта жатыр. Сократтың айтқандарынан құндылықтарға жетудің бірден бір жолы - білім екенін және ол руханият негізінде ғана мүмкін болатындығын аңғарамыз.

Ал, И.Кант құндылықтарға ғылыми деңгейде мән беруге тырысты. Ол моральдық құндылықтардың қандай да болмасын жоғары нәрселерден тәуелсіз екенін айтты. И.Канттың айтуынша, мораль мен борыш адам ақылында болады және болуы керек. Моральдан әр адамға құнды болатын мақсат туындайды дейді. Осылайша, И. Кант құндылық жоғарылығын трансценденттік деңгейге дейін жеткізген.

Әлемде құндылық құбылысын алғаш зерттеген ғалымдардың бірі В. Виндельбанд болды. Ол құндылық өлшемін адамның алдына қойған мақ-

сатымен байланыстырады, яғни мақсат мағына мен мәнге ие болғанда ол адам үшін құндылыққа айналады. В. Виндельбанд: «Адам әлеуметтік нормалармен қаншалықты тығыз байланыста болса да, құндылықтың аналогы жоқ және болмауы керек», – деп жазады. Құндылыққа балама «норма», «абсолютті баға», «жалпыға ортақ заң» секілді категорияларды қолданып, барлық категориялар бір мағына беретіндігін және ғалым үшін құндылық арман, мұрат екендігін ұғуға болады [2].

Құндылықтарды сақтау концепциясы оның басқару функциясының мәнін ашып көрсетеді. М. Вебер бойынша әлеуметтік қатынастар жүйесі негізінде сенім және құндылықтар пайда болады. Вебер үшін қоғамдық қозғалыстар кезінде «материалды және идеялы қызығушылықтар» үлкен рөл атқарады. Ол адам өмірінің әр қырлылығы мен өзгешелігі жайлы айтқан. Осы кезде тұлғаны өзгертетін мотивтер мен құндылықтар болады және олар адамды басқарады. Сондықтан да, адам қандай мақсаттарға талпынады, олардың құндылықтары қай кезде көрінеді және т.б. анықтап алу абзал. Қоғам маңызы - мотивациялар мен құндылықтар әлемінен тұрады. Қоғам моделі, қоғам мотивациясы болып «құндылықтық бағдарлар» табылады [3].

И.А. Громов жұмысында әлеуметтік заңдар, олардың дұрыстығы құндылықтармен шектелген. Бұл кездегі әлеуметтік құбылыста мәнге көп көңіл бөлінеді. Ең негізгі құнды болатын нәрсе мотивациялар деген.

П. Сорокин қоғамдық өмір механизмдерін әлеуметтік мінез-құлық формаларын талдау негізіне байланысты ашып көрсетуге тырысты. Ол құндылықтардың үстем, басым болатындығы жайлы ерекше атап кетті [4].

Әлеуметтанушы В.Л. Оссовский құндылық функцияларының екі аспектісін көрсетті: қоғам қызығушылықтарын қанағаттандыратын, мәдениет элементі ретіндегі - норма құндылықтары және адам қызығушылықтарының объектісі ретіндегі - объект құндылықтары. Оның жұмысында бұл құндылықтардың арақатынас ерекшелігі көрсетілген.

Құндылықты сендіру түсінігі арқылы қарастыру Г.Е. Залесский мен американдық психолог М. Рокичтің жұмыстарында үлкен орын алған. Олар құндылықты тұрақты сендіру ретінде қабылдайды. Олардың ойынша, тұлға құндылығының мынадай белгілері бар:

- құндылық бастаулары - мәдениет, қоғам;
- әлеуметтік феномендерге деген құндылық әсері;
- адам дәулеті саналатын жалпы құндылықтар саны;
- құндылықтар дәрежесінің әр түрлілігі;
- жүйе бойынша ұйымдастырылған құндылықтар [5].

Ал, «құндылықтық бағдарлар» терминіне ке-

летін болсақ, бұл термин 1964-1965 жылдар аралығында пайда болған. Құндылықтық бағдарлану адамдардың әлеуметтік құндылықтарды мақсат етіп қойып, сол мақсатқа жетулеріне тырысуы кезінде көрінеді. Күрделі құбылыс саналатындықтан құндылықтық бағдарлар ғалымдар тарапынан әр қырынан, әр тұрғыдан зерттелген.

«Құндылықтық бағдарлар» түсінігі көптеген ғылымдар қиылысында дамыды - әлеуметтік және мәдени антропология, әлеуметтану, әлеуметтік психология, жалпы психология, құндылық философиясы, аксиология және т.б.

Аксиология (грек тілінің «ахиа» - құндылық және «logos» - ілім) – құндылықтардың табиғаты жайлы және дүниедегі құндылықтар жүйесі туралы философиялық ілім.

Тұлғаның әлеуметтік орта объектілеріне қатынасын анықтайтын да негізінен құндылықтық бағдарлар болып табылады (В.Г. Ананьев, М.И. Бобнева, А.Г. Здравомыслов, О.И. Зотова, А.Б. Круглов, Е.В. Шорохова және т.б.). Құндылықтық бағдарларға байланысты көптеген зерттеулер философиялық (О.Г. Дробницкий, В.П. Тугаринов, В.В. Сусленко, В. Брожик); әлеуметтік (А.Г. Здравомыслов, И.С. Кон, Э.В. Соколов, Т.М. Мальковская); әлеуметтік-психологиялық (М.И. Бобнева, О.И. Зотова, Б.С. Круглов, В.А. Ядов, М.Х. Титма, Е.В. Шорохова және т.б.) пәндер аспектісінде жүргізілген [6].

О.И. Зотова және М.Н. Бобневалар «құндылықтық бағдарлар» түсінігін философиялық, әлеуметтік, психологиялық пәндерге енгізу негізінде қарау керек деп негізді айтқан. Бұл айтқандардан құндылықтық бағдарлар түсінігінің ауқымы кең екені, мәні зор екені көрінеді. Әрине, бұл жерде көрініп тұрғандай біз құндылықтық бағдарларды бір ғана ғылым төңірегінде зерттей алмаймыз. 20 ғасырда адамзат болмысын зерделеуде бірінші орынға ғылыми таным мәселесі бөлініп шығады. Бірақ, құндылық және тұлғаның құндылықтық бағдарлары философия, этика, әлеуметтану және психологияның гносеологиялық онтологиялық деңгейлерін сипаттай келе, олардың әрқайсысын талдауға тырысты [7].

Жалпыадамзаттық құндылықтарды бағалау мен педагогика мен психологияда соңғы жылдары көптеген зерттеулер жүргізілген. Педагогика теориясында «құндылық» ұғымымен қоса, «құндылық бағдар» деген ұғым да жиі қолданылады.

Психология ғылымында құндылықтық бағдарлар өте үлкен мәселелердің бірі болып отыр. В. Дильтей психологиялық талдау пәнінің негізі жанды өмірлік байланыстар деп, оған біздің түсінігіміздегі қатынастар, құндылықтар, дағдылар және идеяларымызды кіргізген. Онда біз кез келген уақытта саналай бермейтін ережелер бар екенін айта келе, ол ережелерге біздің әрекеттеріміз

бағынатынын көрсетеді. Оның айтуынша, жалпы өмірдің мазмұны болып эмоция, сезім табылады, ал олар құндылықтардың тұлғалық көрінісін аңғартады. Ол сонымен қатар құндылықтардың сезімдерден бөлінбейтінін атап өткен. Мұндағы В. Дильтейдің айтпағы - жағымды эмоция мен жоғары сезім құндылық саналатындығы [8].

Педагог іс-әрекетіне байланысты құндылықтарды В.А.Сластенин төмендегідей жүйелейді:

- тұлғаның әлеуметтік және кәсіби ортадағы өзінің ролін анықтауымен байланысты құндылықтар (педагог еңбегінің әлеуметтік мәні, педагогикалық іс-әрекеттің жоғары бағалануы, т.б.);

- қарым-қатынас қажеттіліктерін қанағаттандыратын құндылықтар және оның шеңберінің кеңейе түсуі (балалармен сүйіспеншілік қарым-қатынас, әріптестерімен, ұжыммен үйлесімді қарым-қатынастары, рухани құндылықтармен алмасу т.б.);

- дербес шығармашылықты дамытуға бағыттайтын құндылықтар (кәсіби-шығармашылық іскерліктерді дамыту мүмкіншілігі, әлемдік мәдениетке қызығуы, өзін үнемі жетілдіруі т.б.);

- өзін-өзі іске асыра алуға мүмкіндік беретін құндылықтар (педагог еңбегінің көп қырлылығы, әлеуметтік жағдайы нашар балаларға көмек көрсете алуы, т.б.);

- жеке қажеттіліктерін қанағаттандыруға мүмкіндік беретін құндылықтар {қызметіне қарай мемлекет тарапынан еңбек ақысын алуы, жазғы демалыс узақтылығы, қызмет бойынша өсуі т.б.) [9].

Педагогикалық құндылықтар жалпы адамзаттық құндылықтармен тығыз байланысып, өріліп жатыр деуге болады. Әлеуметтік өзгерістерге байланысты қоғамның да, тұлғаның да, оқу орындарының да құндылық бағдары өзгеріп отырады. Бірақ тамырлары тереңде жатқан, көп ғасырлар бойы адамзаттың дамуына бағдар беріп келе жатқан гуманизм, адалдық, адами борыш, табиғатты аялау, сұлулық сезімдері сияқты мәңгілік құндылықтар педагог мәдениетінің негізін қалайтын іргетасы. Ал педагогикалық аксиологияның мәні педагогикалық іс-әрекетті өзгешелігімен, тұлғаны қалыптастырушылық және әлеуметтік мәнімен анықталады.

Кейбір ғалымдар «құндылықтарды салыстырмалы түрде тұрақты» десе, «кейбір ғалымдар құндылықтарды тұрақсыз және өзгеріске үнемі түсіп отырады», – дейді. Бір ғалымдар қоғамның дамуы

үшін құндылық маңызды десе, ал бір ғалымдар қоғамның дамуы мемлекеттік жүйеге байланысты дейді.

Құндылықтық бағдарлар жүйесіндегі типология мәселелерін қарастыра отырып біз мұндағы әралуандылықты мойындаймыз және көптеген авторлар көзқарастарын тұжырымдай келе мұндағы күрделілікті, иерархиялылықты баса көрсетеміз. Тұлға құрылымындағы құндылықтық бағдарлар жүйесінің тұлға дамуындағы мәнді функциясы орасан зор рөл мен алатын айшықты орнының жоғары екеніне шүбә келтірместен оның қалыптасуы мен дамуына назар аударғанымыз орынды. Өйткені тұлғаның құндылықтық бағдарлар жүйесі оның дамуының реттеушісі мен механизмі ретінде саналады. Жалпы тұлғаның құндылықтық бағдарлар жүйесінің қалыптасуы мен дамуы процесі белгілі бір заңдылық бойынша жүзеге асатыны түсінікті.

Пайдаланылған дерек көздері

1 *Большой психологический словарь. Под ред. Мецгерякова Б.Г., Зинченко В.П. – М., 2003. – 672 с.*

2 *Rokeach M. Stability and Change in American Values Priorities, American Psychologist, - 1989, vol. 44, P. 775–785.*

3 *Сурина И.А. Ценности. Ценностные ориентации. Ценностное пространство: вопросы теории и методологии. М.: Социум, 2015. – 184 с.*

4 *Ядова М. А. Современное и традиционное в ценностях постсоветской молодежи.// Социс, – 2012, № 1. С. 45-53.*

5 *Черкасова А.А. - Жизненные ценности студенческой молодежи в России и США : социологический анализ: Автореферат дис. кандидата соц. наук : - Екатеринбург, 2012. - 26 с.*

6 *Ядов В.А. Социальные трансформации в России: теории, практики, сравнительный анализ. – М.: Флинта, 2005.*

7 *Здравомыслов А.Г. Потребности. Интересы. Ценности. – М. Политиздат, 2006. - С. 157.*

8 *Эльконин Д.Б. Избранные психологические труды. Педагогика, М. 1989. –512 с.*

9 *Семенов В.Е. Ценностные ориентации и проблемы воспитания современной молодежи // СОЦИСС- 2016, - № 6. С. 29 - 36.*

ОҚУШЫНЫҢ ТҮЛҒА РЕТІНДЕ ҚАЛЫПТАСУЫНА ОҚУ ІС-ӘРЕКЕТІНЕ ДЕГЕН РЕФЛЕКСИВТІК ҚАТЫНАСТЫҢ ЫҚПАЛЫ

Резюме. В статье речь идет о становлении учащихся как личности, с развитием у них рефлексивных отношений к учебной деятельности. Задачи отбора основы научных знаний, получаемых в школе, в соответствии с современными требованиями связаны с учебной деятельностью и формированием рефлексивных отношений?

Summary. The following article about the formation of students as individuals, develop their reflexive relationship to the educational activities. The task of selection based on scientific knowledge obtained in school, in accordance with the current requirements associated with training activities and the formation of reflexive relations. Educational activity is a very complex process.

Уақыт талабы білім жүйесінде болашақ азаматтарды тәрбиелеу үдерісіне жаңаша бағыт, соңғы серпілістер мен шығармашылық негіздегі педагогикалық ізденістерді қажет етеді. Адам факторы алға шығарылып, қатаң бәсекелестік заманында өзінің білімділігі мен біліктілігін таныта алар дарынды да талапты жеке тұлға тәрбиелеу міндеті жалпы білім беретін мектептердің білім мазмұны мен оқыту үдерісіндегі жаңа ойлар мен шешімдердің жүйесіне келіп тіреледі.

Әр мектептің оқу іс-әрекеті әрбір оқушының қызығушылығы мен қабілеттілігін анықтау, оның дамуына, әлеуметтік баңдарға бейімделу қабілеттілігі мен қоғамдағы табысты іс-әрекетін қалыптастыруға бағытталған.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Елдегі жағдаймен ішкі жіне сыртқы саясатының негізгі бағыттары жөніндегі Қазақстан халқына жолдауында «Қазақстан бүгінгі таңда әлеуметтік-экономикалық жаңару мен саяси демократияландыру кезеңіне қадам басқалы тұр ... білім беру реформасы – Қазақстанның бәсекеге нақылы қабілеттілігін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін аса маңызды құралдардың бірі. Бізге экономикалық және қоғамдық жаңару қажеттіліктеріне сай келетін осы заманғы білім беру жүйесі қажет» деген [1].

Қазақстандық білім беру жүйесінің маңызды міндеті – білім беру мазмұны мен құрылымын жаңартуға бағытталған білім беруге көшу. Жаңартылған білім берудің негізгі міндеті – білім алушылардың оқу іс-әрекетін меңгеруін қамтамасыз етумен қатар, олардың жеке дара ерекшеліктерінің ашылуына жағдай жасау болса, екінші деңгейде, яғни негізгі орта мектепте, білім алушылардың оқу

іс-әрекетін ұйымдастыру арқылы оларға өзін-өзі тану тетіктерін, ғылыми таным әдістерін, зерттеу мәдениетінің негіздерін игерту, кәсіби мақсаттарын қалыптастыруды қамтамасыз ету, ал, үшінші деңгейде – оқушылардың оқу іс-әрекетін терең дербестікке бағыттап отырып, болашақ мамандыққа баулитын ғылыми білім негіздерін игерту болып табылады [2].

Олай болса, оқушыларда оқу іс-әрекетіне рефлексивті қатынастарын бастауыш деңгейден бастап қалыптастыруды нәтижелі ету үшін мұғалімдер нақты пәнді игертудегі оқу іс-әрекетінің табиғатын терең меңгеруі тиіс.

Білім беруде оқушылардың оқу іс-әрекетіне дұрыс көзқарасын қалыптастыру оны оқыту үдерісінің субъектісіне айналдырады, яғни оның сапалы өзгеруіне ықпал жасайды. Мұндай қызмет ортасы оқушының өзіне өзіндік талаптар қоюын қамтамасыз етеді, яғни оқу іс-әрекетін жоспарлауға, жауапты ісін таңдай білуге, жасаған жұмысын жұмыс барысында жандандыра алуға және оқу іс-әрекетінің қорытындысын бағалай білуге көмектеседі. Оқушылардың ойлау дәрежесі мен дербес іс-әрекеттегі белсенділігінің қалыптасуына жағдай жасап, мектепте берілетін ғылыми білім негізін жаңа заман талаптарына сай іріктеу міндеттері оқу іс-әрекетіне, рефлексивтік қатынастарын қалыптастырумен байланысты. Сондықтан да оқу іс-әрекетіне рефлексивтік қатынас, өз бетімен білім алуды қамтамасыз етудің негізгі шарттарының бірі ретінде үздіксіз білім беру жүйесінің барлық сатысында да тұлғаның дара ерекшелігін ескеруді талап етеді.

Қандай іс-әрекет негізінде даралылық жүзеге асады?

Іс-әрекет әрқашанда білгілі бір бағытқа құрылып, алға қойған мақсатқа жетуді көздейді. Іске кіріспес бұрын адам ойша іс-әрекет жоспарын белгілейді, оның түпкі нәтижелерін топшылайды, оған жетудің әр түрлі құралдарын пайдалану жолдарын ойластырады. Іс-әрекетті жүзеге асыруға тиісті еңбегінің барысын бақылап, өзіне-өзі іштей есеп беріп отырады.

Іс-әрекет – адамның қоршаған дүниемен белсенді мақсатты бағытталған өзара әрекеттесу формасы, ол осы өзара әрекеттесуді туғызатын қажеттіліктерге жауап береді. Ал қажеттілік алғышарт, іс-әрекеттің энергетикалық көзі. Алайда, қажеттілік өз бетінше іс-әрекетті анықтамайды, оны іс-әрекеттің не нәрсеге бағытталғаны, яғни оның заты анықтайды. Мысалы, композитордың іс-әре-

кеті музыкалық шығарма жазуға, ал педагогтың іс-әрекеті – әлеуметтік тәжірибеге, оқушылардың берілген мәліметтерді меңгеруін ұйымдастыруға, ал оқушының іс-әрекеті осы тәжірибені меңгеруге бағытталған [3].

Оқу іс-әрекеті өте күрделі құбылыс. Оқу іс-әрекетінде оқу міндеттері шешіліп, мақсаткерлік, мотив, танымдық үдеріс – ақпаратты қабылдаудан бастап, күрделі шығармашылық үдерістің қалыптасуымен аяқталатын түрлі сезімдік көріністермен және т.б. сипатталады. Оқу іс-әрекетінің өнімі – оқушының өзі, яғни, оның қабілеті, оның дамуының көрсеткіштері. Бұдан оқу іс-әрекеті – оқушының тұлғалық қалыптасуына әсер етеді деген тұжырым жасауға болады. Бұл тұжырым оқу іс-әрекетінің мәнін нақтылай түседі.

С.Л.Рубинштейн оқушылардың іс-әрекетінің нәтижелерін қоғамдық пайдасы тұрғысынан емес, сол оқушыдағы өзгерістердің, дамуының көрсеткіштері ретінде қарастырады. Ол «оқу іс-әрекеті – оқудың мақсаты мен нәтижесін үйрену, білім, дағдыларды меңгеру болып табылатын іс-әрекет» деп көрсетеді [4].

Сонымен оқу іс-әрекетінің басты мақсаты – оқушыны сол әрекеттің субъектісі ретінде қалыптастыру болып табылады.

Бастауыш сынып оқушыларының дара ерекшеліктерін және мүмкіншіліктерін ескере отырып, оқу іс-әрекетінің барысын және нәтижесін бағалауға, бақылауға үйрету қажеттігі – оқушыларда оқу іс-әрекетіне деген рефлексивтік бағытты қалыптастыруды талап етеді.

Психологияда рефлексия адам санасының ең маңызды ерекшелігі ретінде анықталады.

Рефлексия терминінің латын тілінен аудармалары: «reflekto» - кері бұру, «refleksus» - кері қозғалу, кері бұрылу; «reflexio» - кері қарау.

Рефлексия – субъектінің өзіндік ішкі психикалық күйін тану үдерісі дегенді білдіреді.

Дж. Локк рефлексияны – іс-әрекеттің ақылмен бақылану, әрекет идеяларының ойда бейнелену тәсілдері деп түсіндіреді.

Философияда рефлексияға индивидтің санасындағы өзі туралы ойлану үдерісі деген түсініктеме берілген.

Қазіргі заманғы философиялық әдебиеттерде рефлексия феномені мынадай мағыналарда қарастырылады:

1. Өзінің алғышарттарын ойдан өткізіп, дәлелдеуге бағытталған философиялық ойлау ұстанымы;

2. Таным көрінісінің мәні;

3. Өзінің істеген іс-әрекеттерін және олардың заңдылығының мағынасын түсінуге бағытталған, қоғамда дамыған адамның теориялық іс-әрекет формасы;

4. Адамның рухани ішкі жан дүниесінің ерекшеліктерін ашатын танымдық іс-әрекет [5].

Жоғарыда айтылған пікірлерді басшылыққа ала отырып, оқу іс-әрекетіндегі рефлексия – ойлау, қабылдау үдерісіндегі оқу іс-әрекетінің субъективтік сипат алуы болып табылады деген қорытынды шығаруға болады.

Оқу іс-әрекетіндегі рефлексия арқылы оқушы өзінің даралығын, өз ойының дұрыстығын, өзі орындаған оқу тапсырмаларын талдау, бақылау, бағалау барысында өз пікірін таразылап түсінуге мүмкіндік алады. Сондықтан да оқушылардың оқу іс-әрекетіне рефлексивтік қатынастарын қалыптастыруда бақылаудың, бағалаудың мәнін түсіну қажеттігінің маңызы зор.

Бақылау – ең алдымен жұмыстың дұрыс және толық орындалуын қадағалайтын үдеріс. Профессор Т.Сабыровтың пікірінше оқу іс-әрекетін бақылау оқушылардың өзін-өзі қадағалап тексеріп отыруы [6]. Бақылаудың маңызы әр оқушы үшін әр түрлі болады және бақылауда оқушыға өзі орындаған тапсырма нәтижесін елестете алу мүмкіндігі көрсетіліп, диагностикалық қызмет атқарылады. Бақылау қатені болдырмауға, өзіндік қорытынды жасауға негіз болады. Олай болса бақылау – оқу іс-әрекетінің құрамдас бөлігі және қорытындылау сатысы.

П.П. Блонский материалды меңгеруге қатысты өзін-өзі бақылаудың көрінуінің төрт сатысын белгілеген;

1. өзін-өзі бақылаудың болмауымен сипатталады:

2. толықтай өзін өзі бақылау. Бұл сатыда оқушы меңгерген материалды қайта жаңғыртуының дұрыстығын және олықтығын тексереді.

3. өзін-өзі бақылаудың аңдаулы сатысы ретінде көрсетеді, мұнда оқушы сұрақар бойынша екі бағытын ғана бақылайды, тексереді.

4. көрнекті өзін-өзі бақылау жоқ, ол өткен тәжірибе негізінде жүзеге асады.

Өзіндік бақылау – оқушыға міндетелген оқу міндетінің шешімін дұрыс тауып, сапалы білім алуға, жетістікке жетуге негіз болатын, оқу іс-әрекетінің маңызды бөлігі. Бақылау механизмінің сызбасын былай беруге болады: алдағы жұмыстың мақсатын анықтау өз ойын дәлелдеу алынған нәтижені талдау.

Оқу іс-әрекетіне деген өзіндік бақылаумен қатар өзін-өзі бағалау да қатар жүреді. Американдық ғалымдардың зерттеулерін қарастырғанда, мектепке дейінгі және бастауыш деңгей аралығында баланың өзін-өзі бағалауының дамуында сапалы өзгерістер болатынын айтады. Нақты өзін-өзі бағалау – белгілі бір іс-әрекетте өз мүмкіндігін бағалау болып есептеледі.

Бастауыш сынып оқушылары білімді ұдайы мұғалім арқылы алып, оның әрекеті бойынша қабылдайды. Бұл олардың өзіне-өзі сенімділігінің қалыптасуына жағымды ықпал ете бермейді, мұғалімге деген сенушілік арта түседі, өзін

бағалауға дағдыланбайды. Демек, оқушылардың іс-әрекетіне деген рефлексивтік қатынастарын қалыптастыру мұндай жағдайларды болдырмауға мүмкіндік туғызады.

Оқу іс-әрекетіне деген рефлексивтік қатынасты қалыптастыруда мұғалім мен оқушы арасындағы бірлескен қарым-қатынастың орнауының маңызы ерекше. Бұл үдерісте оқушының ой-пікір айтуы мен ой-тұжырымын, бастама мен ұсыныс жасай алуы; тапсырманы орындау шеберлігі, талпыныстары мен ізденістері, қызығушылығы мен байқампаздығы, іскерлігі мен дағдысы қалыптасулары негізінде іске батыл, сеніммен кірісуі жүзеге асады. Мұнда бағыт-бағдар беруші оқушы десек, істің дұрыс-бұрыстығын анықтап, орындалу барысын тексеріп, бағалау мен оқушы тарапынан болуы шарт.

Бастауыш сынып оқушыларының рефлексиялық қабілеті оқыту үдерісінде жүзеге асады. Бұл үдеріс баланың өз бетінше білім алуымен, өзін-өзі бағалай алумен, өзін-өзі реттеумен тығыз байланысты. Дәстүрлі оқытуда мұғалім дайын білімді оқушыларға өзі мазмұндап айтып беретін, ал оқушы дайын нәрсені алып, рефлексия туралы сөз болмайтын. Ал қазіргі оқыту жағдайында жаңа талпыныс, жаңа ашылған жолдың бірі – білім берудің жаңа жүйесінің жасалуы. Қазіргі заманғы педагогта, оқушы да әрбір сабақтан кейін «Өз сабағымда неге жеттім? неге жете алмадым», «Не ойдағыдай өтті? немесе дұрыс өтпеді?», «Неліктен сабақтың бұл қадамы орындалған жоқ?» деген сұрақтарды үнемі қойып, ізденуі, басқа сөзбен айтқанда, үнемі өз жұмысына рефлексия жасауы керек.

Бастауыш сынып оқушыларының рефлексиялық қабілетін дамыту күрделі әрі көпқырлы мәселе болып табылады. Оқыту барысында бастауыш сынып оқушыларына рефлексияның әр түрлі формаларын жиі қолдануды мақсат етіп, ол сабақ соңында асығыс атқарыла салмай, балаға байыппен ойлануға мүмкіндік беретіндей етіп ұйымдастырылуы шарт. Негізгісі – мұғалімнің балаға деген сенімі болып, оның «оқушы рефлексия жасай алмайды» деген ұғымнан аулақ болуы. Педагогикалық практикада қолдануға болатын рефлексиядан мысалдар келтіре кетсек: бастауыш сынып оқушылары өзі жасаған әрекеттеріне ауызша баға беру, суреттер салу түрінде, кестелер, диаграммалар, сауалнамалар толтыру, эссе жазу сияқты рефлексивті жұмыс түрлерімен айналыса алады. Онда оқушы-

лар алған білімдеріне, тапсырмаларына қорытынды жасап, пікір айтуға дағдыланады, ойын ортаға салды. Нәтижесінде оқушылар өз-өздерін реттейді. Жүйелі сөйлеуге, ойын ашық жеткізе білуге, талдау жасауға үйренеді. Сабақтың жақсы не жаман, мағыналы не мағынасыз, көңілді не көңілсіз өтуіне байланысты оқушылар эмоцияларын білдіріп отырады. Осыдан мұғалім өзіне қорытынды жасауына, өзіне баға беруіне болады.

Рефлексия оқушылардың өздерінің жеке дара ерекшеліктерін тануына мүмкіндік туғызады. Өзін-өзі түсінуді меңгерген тұлғаның өзінің не істеп, не қойғанын түсінуге, саналы түрде өндірістік міндеттерді алға қойып, оларды шешуге, өз іс-әрекеттерін жоспарлап, міндеттемелерді орындауға, өз сәтсіздіктерінің себептерін саралауға, өз іс-әрекеттеріне түзетулер енгізуге қабілетті. Жасаған қадамдарын өздігінен негіздеуге ұмтыла отырып, олар өз ой-болжамдарын, олардың кейде қате, шикілеу болып шығуынан именбей дауыстап талқыға сала алады. Мұның өзі олардың ойының ұғынықты және сындарлы екенін көрсетеді. Мектеп тәжірибесінде рефлексияны үнемі жүргізіп отыру арқылы оқушылардың өзін-өзі реттеуге көмектесетінін байқауға болады.

Рефлексия нәтижесінде білімді саналы түрде меңгеру жүзеге асады, оқушының жеке адам ретінде жаңа білімді санасында құрастыруы және сондай білім алуға жетелейтін жаңа тәсілдер анықталады. Яғни баланың өзіндік жұмсаған күш-жігерінің нәтижесі – білім, білік, дағды түрінде танылады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. *Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан \ \ ҚР Президенті Назарбаевтың 2007 ж 28 ақпанындағы Қазақстан халқына жолдауы.*
2. *ҚР 12 жылдық жалпы орта білім беру тұжырымдамасы. –Астана, 2007.*
3. *Давыдов В.В. Формирование учебной деятельности школьников. – М. Педагогика, 1982. -216 с.*
4. *Рубинштейн С.Л. О мышлении и путях его исследования. –М: Изд. АН СССР. 1958. 147 с.*
5. *Педагогические наследие (Я.А.Коменский, Д.Локк, Ж.Ж.Руссо, И.Г. Песолоциш- сборник) сост.: В.М.Кларин и др. –М: Педагогика, 1987 г.*
6. *Сабыров Т.С. Оқушылардың оқу белсенділігін арттыру жолдары : Адматы, 1994. -24 б.*

ЖАС ҰРПАҚҚА ПАТРИОТТЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУДІҢ НЕГІЗДЕРІ

Түйін. Автор патриоттық тәрбие беруде тұлғаның бойында ұлттық рух, ұлттық сананы қалыптастыру мәселелеріне талдау жасайды.

Резюме. Автор анализирует вопросы формирования национального духа и национального сознания в воспитании личности патриотизму.

Summary. The author analyzes questions about formation of national spirit and national consciousness in patriotic education of the person.

Қазіргі кезде жас ұрпақтың отаншылдық тәрбиесін дамытудағы мектеп пен отбасының ешбір талас тудырмайтын рөлі жөніндегі ой-пікірлер ғылыми түрде дәлелденген. Осы ретте аса күрделі үдерістерді талдау, мектеп пен отбасының қазіргі әлеуметтік-мәдени жағдайдағы рөлін айқындау маңызды. Бұл орайда қат-қабат мәселелердің қордаланып қалғанын ешкім де жоққа шығара алмайды. Жалпылама дүниетанымдармен қатар жоғалып келген немесе бұрын күштеу нәтижесінде айрылған аса маңызды қасиеттердің орнын толтыруда адамның рухани отаншылдық тәрбиесінің негізін қалау тек мектеп пен отбасында ғана жүзеге асырылады.

Ұлтымыздың рухани жарық жұлдызы Мағжан Жұмабаевтың: «Қазақтың тағдыры да, келешек ел болуы да мектебінің қандай негізде құрылуына барып тіреледі. Мектебімізді таза, берік, жанымызға қабысатын, үйлесетін негізде құра білсек, келешегіміз үшін тайынбай-ақ серттесуге болады» деген даналық өсиетінің мәні қазіргі жаһандану кезеңінде Қазақстан мемлекеті үшін орасан зор. Еуропалық және Азиялық өркениеттің аралығында орналасқан Қазақстанның геосаяси орны, ана тіліміз бен ұлттық мәдениетіміздің кеңестік дәуір кезіндегі және қазіргі жай күйі, еліміздің полимәдениеттілік, көпконфессиялық сипаты халқымыздың ұрпақ тәрбиесіндегі даналығынан, рухани құндылықтарынан, ұлы педагогтарымыз бен ғұлама гуманистеріміздің философиялық ой толғауларынан, яғни тереңге бойлаған түп тамырларымыздан нәр алып, үнемі және үздіксіз қанығып отыратын шынайы, тәуелсіз ұлттық білім жүйесін құруды талап етеді.

Қазақ елінің болашағын айқындайтын, оны тұрақты даму деңгейіне көтеретін бірден-бір құндылық, ол – жасөспірімдерді отаншылдық, ұлтжандылық рухта тәрбиелеу. Ендеше, қазақстандық жаңа білім үлгісі осыдан бастау алып, жас ұрпақты білімді және сол білімді ұтымды пайдалана алатын іскер, білгір де, білікті етіп өсірумен қатар, оның адамгершілік болмысын, ішкі жан

дүниесін, азаматтық тұлғасын, халықтық қасиеттерін дұрыс және орнықты түрде қалыптастыру болмақ. Білімнің басты ұстанымы адамға білім беру ғана емес, сол білімді және біліммен қарулануды «руханияттандыру», «адамгершіліктендіру» болғаны аса маңызды. Қазір еліміздегі ұрпақ тәрбие мәселесіне тікелей қатысты прагматикалық құндылықтарға негізделген батыстық өркениетке, батыстық мәдениет үлгілеріне (үлгіге келмейтіні қанша) талғамсыз еліктеу; идеологиялық, ақпараттық дамудың зардаптарын алдын ала ескермеу және оларға қарсы тұрудағы құлықсыздық пен шарасыздық; ұлттық идеяға негізделген сындарлы идеологиямыздың болмауы, жастар арасында саяси-идеологиялық және отаншылдық тәрбие жұмыстарының әлсіздігі; мектептің тәрбие жүйесінде стратегиялық көзқарастың болмауы, оған тиісті көңіл бөлінбей, қосымша міндет деп қарау; тәрбие жүйесінің ғылыми-әдіснамалық, педагогикалық-психологиялық және рухани-әлеуметтік негіздерінің осалдығы; тәрбие мәселесіндегі отбасының, социумның, қоғамның рөлінің төмендеуі; өзімізде барды бағаламай өзгенің жасығына еліктеп-солықтау, т.б. басты-басты ойлануға тұрарлық жағдайлардың орын алып отырғаны белгілі. Сондықтан жаңа білім үлгісін жасау аясында бүкіл қоғамды жұмылдыра отырып рухани, интеллектуалдық және экономикалық тәуелсіз мемлекет орнату болшағына бағдарланған, ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарға үйлестірілген ұлттық, отаншылдық тәрбие берудің үлгісін жасау және білім беру көлеңкесінде қалып қоймайтын, керісінше тәрбие мәселесін төрге қоятын тәрбие-білім жүйесін іске қосу – бүгінгі күннің кезек күттірмейтін басты мәселелерінің бірі болып табылады.

Ұлттық патриоттық тәрбие беру мәселесі әл-Фарабидің, Ж.Баласағұнидің, М.Қашқаридің еңбектерінен бастау алады. Ұлтымыздың ұлы тұлғалары түркі халықтарының тәрбиелік ерекшеліктеріне үлкен мән бере отырып, ұлттық тәрбие берудің әдіснамалық негізін жасады.

Халқымыздың кеменгер ағартушылары Ш.Уәлихановтың, Б.Алтынсариннің, А.Құнанбаевтың, Ш.Құдайбердиевтің, М.Жұмабаевтың, А.Байтұрсынновтың, Ж.Аймауытовтың, М.Дулатовтың, Х.Досмұхамедовтың, т.б. педагогикалық мұрасында тұлғаның қалыптасуы мен дамуындағы ұлттық отаншылдық тәрбиенің маңыздылығы мен мазмұны ашып көрсетілді.

Отаншылдық тәрбиенің негізі халықтық педагогика мен этнопедагогика болып табылады. Көрнекті қазақстандық ғалымдар Қ.Б.Жарықба-

ев, С.Қ.Қалиев, С.А.Ұзақбаева, Ж.Ж.Наурызбай, К.Ж.Қожахметова, Ә.Табылдиев, М.Х.Балтабаев, Р.Қ.Дүйсембінова, С.Ғаббасов, Қ.Қ.Шалғынбаева, т.б. тың зерттеулер жүргізіп, өз еңбектерінде этнопедагогика ғылымының қалыптасуы мен дамуын, этнопедагогика құралдарының ұрпақ тәрбиесіндегі мәнін, мектептің оқу-тәрбие процесінде алатын орны мен оларды пайдалану мүмкіндіктерін қарастырды.

Отансүйгіштік тәрбие мәселелерін зерттеумен еліміздің бірқатар ғалымдары айналысады. Олар ұлттық дәстүрлер мен отансүйгіштік тәрбие, әскери-патриоттық, ерлік тәрбиесі проблемаларын қарастырады, олардың ішінде С.Ешімханов, Н.Рамашев, С.Иманбаева, С.Нұрмұқашева, Е.Жұматаева, Д.Құсайынова, Л.Т.Сайдахметова, Ғ.Б.Базарғалиев, К.Иманбетов, Ә.Х.Казетова, Б.Қ.Қайыржанова, Ә.Қ.Мүтәлі, Қ.Наханов және т.б. зерттеулерін айтуға болады.

Отансүйгіштік – қазақ халқының мәдени-тарихи дамуының өн бойында үздіксіз сақталған өнегеліліктегі ел мен жерді қастерлеген ұлт менталитетінің басты асқақ құндылығы болғаны белгілі.

Халық педагогикасында «Отанды сүю отбасынан басталады» деп ұққан ата-бабаларымыз отансүйгіштік қасиетті ата-анасының, бауырларының, ауыл-аймақтың, елінің намысын қорғауды өз ұрпақтарына бірінші парыз ретінде ұқтырып өсірді. «Еліңді сүйсең ерлік істейсің», «Ер жігіт елі үшін туады, елі үшін өледі», «Туған жерге ту тігу елім деген азаматтың борышы» дегенді өздерінің ұл-қыздарының санасына үнемі сіңіріп отырады. «Ер намысы – ел намысы», «Ер – намыстың құлы», «Арың үшін алысу – азаматтық», «Ел үмітін ер ақтар, ер атағын ел сақтар» деген елжандылық ұрандар халқымыздың мәңгілік тәрбие қағидасына айналды. Ерлік дегеніміз ұлттық тәрбие тағылымының, салт-дәстүрдің, тұрмыс-тіршіліктің негізгі тұтқасы болып саналады. Бала дүниеге келе салысымен ерлік рухта тәрбиелеу, еңбекке, елін, жерін, ана тілін сүюге баулу бесік жырынан бастап бүкіл ауыз әдебиетінің өнегелі өсиеті болып өзекті орын алады. Еңбек пен ерлікті, ел мен жерді пір тұтқан бабаларымыз ғасырлар бойы ерліктің ерен үлгісін көрсетті.

«Ер – елдің ық жағынан панасы, қорғаны» деп бағалаған ата-бабамыз «ерлікті тәрбиеден туады» деп ұққан. «Батыр», «ер» деген ұғымдар үнемі қатар қолданылып келген.

«Қалың елім, қазағым» эмоционализмін ұстанған байырғы қазақ ойшылдарының отансүйгіштігі түркі халықтары мұраларындағы елінің ыдырауы мен күйреуіне өкініш сезімін білдіретін өз Отанына деген махаббаттың айқын бейнесін аша отырып, бұдан кейінгі ұрпақтар үлгі алатындай тағылымдық ойдың сырында өз халқына деген құрметті сезім – елі мен жер тұтастығының мәңгілік сақталуына деген ниет т.б. көңіл-күй ахуал-

дарының сақталуын талап еткендей болады. Мұны отансүйгіштік сезім мен отансүйгіштік тәрбиенің берілуінің жалғасы түріктердің тәлімгерлік идеологиясының ерекшелігі деп тұжырымдауымызға болады. Демек, отансүйгіштік тәрбиенің әр саласында әр түрлі құрылымдық өз қызметтері бойынша, яғни тәлімгерлік, мифтік т.б. әсер еткен ғибрат үлгісі екендігін көреміз.

Жеке тұлғаны отансүйгіштікке тәрбиелеу мәселесі адамзат тарихының ғасырлардан ғасырларға ұласып келе жатқан ұлы мақсат-мұраттардың ішіндегі ең бастысының бірі болып саналады. Қай елдің де өткен тарихынан, бүгінгі саяси идеологиясы мен болашаққа жасаған стратегиялық жоспарларынан көруге болады. Ал қазіргі таңда да сол бір ұрпақтан ұрпаққа жалғасып келе жатқан ұлттық идеяның негізгі мақсаты – рухани, әлеуметтік асыл мұрат Қазақстандық патриотизм, азаматтық парыз, Отан алдындағы борыш, от басынан басталатын Отанының нығая беруі, оның рухани-мәдени байлығын кеңінен таныту, елдік пен бірлік, мемлекеттілік пен тұтастық ұстанымдары болып қала береді.

Түркі мұралардағы ескерткіш тас жазуларында өзінің өсиетін қалдырған Тоныкөк (646-741 жж.) – Шығыс Түркі қағанатының негізін қалаушылардың бірі, оғыз тайпасынан шыққан ұлы дана, түркі елінің халқын бақытқа жеткізген, жерін кеңейтуге үлкен үлес қосқан әскери қайраткер. Көшпелілер тарихында тұңыш рет ел-жұртының қасіретін, қуанышын, ерлігі мен елдігін тасқа қашап жазып, мәңгілік мұра қалдырған тарихи тұлға. Сол тас жазуда: «Мен, Білге Тоныкөк, табғаш (қытай) елінде тәрбиеленіп өстім. Түркі халқы ол кезде табғаштарға бағынышты еді», - деп жазылған. Бұдан Тоныкөктің түркі тайпасының беделді адамының бірі екенін көрсетеді. Өйткені ол кезде көшпелілердің ел басқарған беделді кісілердің балалары ғана император сарайында оқып, тәрбиелене алған. Қытай сарайында жүріп, олардың өз еліне жасап жатқан зорлық-зомбылығын көріп өскен Тоныкөк ақыры шыдай алмай, 638 жылы түркі тайпаларының басшысы Құтылығпен бірге табғаштарға қарсы көтеріліске шығады. Көтерілісшілер жеңістен жеңіске жетіп, көп ұзамай әйгілі Екінші Шығыс Түркі қағанатының шаңырағын көтереді. Түрік елінің азаттыққа қол жеткізіп, дербес мемлекет болуына еңбек сіңірген дала кеменгері – Тоныкөк өзі жасаған өміріндегі жетістіктерін тасқа қашатып жаздырып кетті. Демек, «Тоныкөк» жырындағы Тоныкөктің өмірі мен қызметі, түркі халқының патриоттық тарихы және өсіп келе жатқан ұрпақты ерлік дәстүрінде тәрбиелеу турасында айтылады. Жырда қағанның кеңесшісі Тоныкөк үшін халық пен Отан данқы бәрінен жоғары екендігі көрінеді:

«Бүкіл түркі халқына
Қарулы жау келтірмедім,
Атты әскер жолатпадым.

... Еліміз қайта ел болды,

Халқымыз қайта халық болды», - деген жолдардан отаншылдық маңызы зор тағылымды ой-пікірлерді айқын байқаймыз [1, 58-б.].

Қазақ этнопедагогикасындағы отбасы тәрбиесін зерттеуші Л.Н.Ибрайымова: «Отбасы – ұлттық және рухани дәстүрлер мен құндылықтарды үйрететін, бала бойына сіңіретін орын. Отанға, елге деген борышымыз алғаш осы отбасынан басталады», - дейді. Ол отансүйгіштік тәрбие беруде отбасының тәлім-тәрбиелік орнына құндылық бағдары негізінде сипаттама береді [2, 67-б.].

Ал зерттеуші С.Т.Иманбаева: «Қазақстан Республикасының әлеуметтік даму жағдайында мектеп оқушыларына патриоттық тәрбие берудің ғылыми-педагогикалық негіздері» атты докторлық диссертациясында түркілердің батыры Күлтегін туралы: «Сәби кезінде ер-тоқым оның бесігі, жауынгер кезінде ер-тоқым оның отырар тағы болды. Оның ойыны да, өмірі де соғыс өнерін үйренумен өтті. Елтеріс қағанның алғырлығы, еліне деген сүйіспеншілігі Күлтегіннің қанына ана сүтімен сіңді», - дейді. Демек, батыр бойындағы ерлік қасиетінің қалыптасуына анасының игі ықпал еткенін байқаймыз. Сондай-ақ отансүйгіштік тәрбие берудегі ұлттық салт-дәстүрлердің маңызына сипаттама берілген [3, 61-б.].

Ал зерттеуші К.Т.Ыбрайымжанов: «Байтақ даланы мекен еткен халықтардың көне түркі жазбаларында сауатты, білімді, жігерлі болуымен қатар ерлік жасау маңызды орын алды. Мысалы, ескерткіштегі көптеген ерлікті насихаттайтын сөздердің қазіргі түркі тілдес халықтардың бәрінде кездесетіндігі кездейсоқ құбылыс емес, ол тайпалар мен халықтардың генетикалық тұрғыдан тығыз байланысты болуының нәтижесі», - деп, түбі бір түркі халықтарының ұқсастығына сипаттама береді [4, 19-б.].

Түркі әдебиетін зерттеуші Н.Келімбетов «Ежелгі түркі поэзиясы және қазақ әдебиетіндегі көркемдік дәстүр жалғастығы» деп аталатын диссертациясында ежелгі түркі әдебиетін тыңғылықты зерттей келе: «Тұран әскерлері қолбасшыларының атына қосылып айтылатын «алып» сөзі сол заманда «күшті», «батыр», «қаһарман», «ержүрек» деген мағынада қолданылады. «Алып» – сақтар мен ғұндардың заманынан бері ел қорғаған батырлардың, қолбасшы ерлердің атына қосылып айтылып келе жатқан мәртебелі есім болып табылады. Түркі қағанаты тұсында бұл ұғым әскери титул мағынасында

айтылған. Мысалы, Алып Тегін, Алып Арыслан, Алып Бамыс (Алпамыс) т.б. батырлар болғаны белгілі. Бертін келе түркілерде ер сөзі қолданысқа ие болды. Осы дәстүр сан ғасырлар бойы сақталып, қазақтарда өз батырларына ер сөзін қосып айтады. Мәселен, «Ер тарғын», «Ер Қосай», «Ер Көкше» т.б. батырлардың есімдері тарихтан белгілі», - дейді [5, 15-б.]. Яғни қазақ халқының батырлық, ерлік дәстүрді барынша сақтаған ұлт екенін нақты зерделейді.

Қазіргі кезде жас ұрпаққа ұлтжандылық, отаншылдық тәрбие беру ұлттық мемлекет құрудың, мықты ел болудың қазығы деген қағиданы credo ретінде ұстау керек. Ол үшін әрбір қазақтың бойында ұлттық рух, намыс, сана, мінез, ұлттық дәстүр, салт, наным, жігер болуы тиіс. Сонда ғана ол оянып, өз халқына, өз мемлекетіне бойындағы бар күшін сарқа жұмсайды.

Қорыта келгенде, ұрпақтан-ұрпаққа мирас болып келе жатқан ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар арқылы тәрбие беру тұлға бойындағы сана-сезімді, намысты, парызды қалыптастырумен қатар егемен еліміздің тәуелсіздігін, ынтымағын, бірлігін сақтап қалатын патриот-азамат тәрбиелеуге толық мүмкіндіктердің бар екендігін көрсетеді.

Пайдаланылған әдебиеттер

1.Келімбетов Н. Ежелгі дәуір әдебиеті /Жоғары оқу орындарының филология факультеттері студенттеріне арналған оқулық. – Алматы: «Ана тілі», 1991. – 264 б.

2.Ибрайымова Л.Н. Қазақ этнопедагогикасындағы отбасылық тәрбие: пед. ғыл. канд. ... дисс.:13.00.01. – Тараз, 2007. – 140 б.

3.Иманбаева С.Т. Қазақстан Республикасының әлеуметтік даму жағдайында мектеп оқушыларына патриоттық тәрбие берудің ғылыми-педагогикалық негіздері: пед. ғыл. д-ры ... дисс.:13.00.01. – Алматы, 2007. – 325 б.

4.Ыбрайымжанов К.Т.Қазақстанда бастауыш мектептердің қалыптасуы мен дамуы (1861-1930 жж. материалы негізінде): пед. ғыл. д-ры ... дисс.:13.00.01. – Түркістан, 2007. – 360 б.

5.Келімбетов Н. Ежелгі түркі поэзиясы және қазақ әдебиетіндегі көркемдік дәстүр жалғастығы: филол. ғыл. д-ры ... автореф.:10.01.02. – Алматы, 2002. – 58 б.7

Абитова Г. Т.

кандидат педагогических наук, доцент кафедры социально-культурных технологий
Алматинского филиала Санкт-Петербургского Гуманитарного университета профсоюзов,
г. Алматы, abitova@mail.ru

ОСНОВНЫЕ ФАКТОРЫ ФОРМИРОВАНИЯ ОСНОВ ИНФОРМАЦИОННОЙ КУЛЬТУРЫ ДОШКОЛЬНИКОВ

Резюме. Исследование проблемы формирования информационной культуры дошкольников выявило значимость факторов с учетом индивидуальных особенностей ребенка, обеспечивающих педагогическую деятельность дошкольного образовательного учреждения. Автором определены такие педагогические факторы, как влияние личности педагога на эффективность воспитательной деятельности за счет создания атмосферы сотворчества, взаимопонимания и гармонии внешнего и внутреннего мира ребенка; взаимодействие педагога и дошкольника в процессе освоения информационной культуры, опирающееся на внутреннюю логику работы с информацией; здоровьесберегающий фактор, обеспечивающий духовную безопасность и психологическую защищенность ребенка от деструктивной информации, содействующую подготовке ребенка к жизни в современном информационном обществе.

Ключевые слова: информация, дошкольный возраст, педагогический фактор, здоровьесберегающий фактор, информационная культура.

Түйін. Мектеп жасына дейінгі балалардың ақпараттық мәдениет негіздерін қалыптастырудың мәселерін зерттеу – мектепке дейінгі білім беру мекемелерінің педагогикалық қызметін қамтамасыз ететін факторлардың маңыздылығы себеп болды. Автор баланың ішкі және сыртқы әлеммен үндестікті, бірлесіп жасалатын шығармаларды, өзара түсінушілікті құру есебінен педагог тұлғасының тәрбие қызметінің тиімділігіне әсер ететін педагогикалық факторларды; жұмыстың ішкі логикалық ақпаратқа сүйенетін ақпараттық мәдениетті иерархия процесінде педагог пен мектеп жасына дейінгі баланың қарым-қатынасын; баланың рухани және психологиялық қауіпсіздігін деструктивті ақпараттан сақтайтын денсаулықты қуту факторлары заманауи ақпараттық қоғамда баланы өмір сүруге дайындығын анықтайды.

Кілтті сөздер: ақпарат, мектепке дейінгі жас, педагогикалық фактор, денсаулық сақтау факторы, ақпараттық мәдениет.

Summary. The research of the problem of forming the information culture of preschool children has revealed the importance of the factors of the pedagogical activity of the preschool educational institution taking into account the specific features of the child. The author defines the following pedagogical factors: the influence of the personality of the teacher on the efficiency of educational activity at the expense

of creating the atmosphere of co-authorship and mutual understanding promoting the harmony of external and internal world of the child; the interaction of the teacher and the preschool child in the course of the development of the information culture, based on the internal logic of the work with the information; the health saving factor providing the spiritual safety and the psychological security of the child from the destructive information that promotes the preparation of the child for the life in the modern information society.

Keywords: the information, the preschool age, the pedagogical factor, the health saving factor, the information culture.

Современный период развития общества характеризуется существенными изменениями в сфере взаимодействия человека и информации. Эти изменения оказывают существенное влияние на формирование информационной культуры личности, преобразуют социокультурную среду, влияют на формирование личностных ценностей, норм и идеалов, что требует от человека умения быстро адаптироваться к меняющимся условиям. Известно, что сегодня в информационные потоки включаются непосредственно или опосредованно не только взрослые, но и дети дошкольного возраста. Именно дети сегодня являются наиболее незащищенным субъектом, неподготовленным к использованию различного рода информации, которая по своему содержанию может быть как созидательной, так и разрушительной.

Соответственно, важнейшим фактором эффективности развития информационной культуры дошкольников является влияние личности педагога дошкольного образовательного учреждения на эффективность воспитательной деятельности за счет создания атмосферы сотворчества и взаимопонимания в процессе освоения дошкольником основ информационной культуры. Действительно, главным субъектом образовательной среды является педагог. Главная задача педагога, работающего с детьми данной возрастной ступени, – приспособить ребенка к жизни в современном информационном мире, развивая способности к познанию мира, к действиям в таком мире и проявлению отношения к миру. Данная задача решается созданием личностно развивающей среды, организацией разнообразных видов деятельности дошкольников и построением партнерского взаимодействия с ребенком. Взаимо-

понимание и контакт педагога и ребенка во многом определяют успешный результат в формировании личности дошкольника.

Формирование основ информационной культуры дошкольников требует от педагога проявления творческого подхода к организации учебно-воспитательного процесса. Педагог должен быть способен видеть и понимать внутренний мир ребенка, его способности и перспективы развития [1, с.44]. Для эффективного развития познавательной активности важно умение видеть и ценить в каждом ребенке единственную, неповторимую, самоценную и свободную личность с индивидуальными, присущими только ей чертами и особенностями. Все это будет способствовать сохранению ребенком самооценки и поддержанию его положительного отношения к познавательному процессу.

Педагогу важно уметь проектировать, планировать систему воздействия на ребенка, ее содержательные и дидактические компоненты, важно уметь прогнозировать и превосходить результаты этого воздействия, предвидеть достижения ребенка, новообразования его психического развития.

Кроме перечисленных выше психолого-педагогических знаний и навыков любой педагог, безусловно, должен иметь знания и умения в области современных информационных технологий. Информационные технологии стали неотъемлемым компонентом в жизни и деятельности дошкольника. Учитывая это, педагог должен обладать компьютерной грамотностью, осваивать работу с программными образовательными комплексами, ресурсами глобальной информационной сети Интернет для того, чтобы использовать современные компьютерные технологии для взаимодействия с воспитанниками и их родителями на качественно новом уровне.

Важность роли педагога в формировании информационной культуры дошкольника определяется многими причинами. По мнению А.И. Савенкова, ребенок способен усвоить значительный объем информации, но не всегда может перевести ее в плоскость реальной действительности. В связи с этим одним из важнейших аспектов в воспитании у детей 5-6 лет грамотного отношения к информации является создание среды для сознательного оперирования данными информационного потока, их декодирования и интерпретации. Педагогическое сопровождение данного процесса заключается в выявлении познавательных интересов ребенка, индивидуальных способов отношения к информации, в умении смысловой интерпретации содержания [2, с.56]. И взрослый выступает в роли образца, творца «алгоритма» формирования информационной культуры, а также создателя среды, в которой ребенок включается в активное общение. Именно активное общение, а также умение слушать, задавать вопросы, отвечать на них дает возможность ребенку эф-

фективно использовать необходимую информацию.

Другим фактором успешного формирования основ информационной культуры дошкольников является взаимодействие педагога и дошкольника в процессе освоения основ информационной культуры, опирающееся на внутреннюю логику работы с информацией, которая предполагает наличие следующих основных этапов.

1 этап. Определение информационной проблемы.

Информационная потребность у дошкольника возникает тогда, когда стоящая перед ним цель не может быть достигнута без привлечения дополнительной информации, поэтому на данном этапе необходимо умение осознать, определить цель и сформулировать информационный запрос для начала поиска информации и спланировать свою деятельность.

2 этап. Выявление источника информации.

На этом этапе происходит формирование умения определять разные источники информации: книги, журналы, игрушки; предметы искусства, музыкальные произведения; рассказы сверстников и взрослых; детские сайты, радиопередачи, телевидение, видеофильмы; выставки детского творчества; виртуальные экскурсии по музеям и т.д.

3 этап. Поиск и получение информации.

Данный этап предполагает умение получать информацию, используя различные источники (поиск по красочным иллюстрациям, рисункам, необычным буквицам, указателям-словарикам в конце книги, обложкам книг; слайдам); умение воспринимать на слух и понимать различные виды сообщений.

4 этап. Понимание и преобразование информации.

Данный этап связан с приобретением более сложных умений:

- умение анализировать полученную информацию и интерпретировать ее (например, составление алфавитного словарика - списка понравившихся книг, мультфильмов, сайтов, правил поведения в учреждениях культуры и искусства; собственное воспроизведение увиденного, услышанного на детских мероприятиях, театрализованных представлениях, презентациях; составление сообщения с описанием впечатлений об экскурсиях);

- умение воспроизводить и использовать информацию (подражание образам из книг, мультфильмов; пересказ любимой сказки с показом соответствующих иллюстраций в книге; презентация книжек-раскладушек; собственное ручное изготовление кукол с рассказом об их характере и отношении ребенка к ним и др.);

- умение оценивать информацию, дифференцировать, выделять главное (оценка в рисунках, рассказах; словесная оценка источников информации и поведения сверстников в отборе книг, журналов, в выборе хода детской игры и т.д.).

5 этап. Практическое применение информации.

Заключительный этап формирования основ информационной культуры предполагает наличие следующих умений:

- умение осмысливать информацию, которое осуществляется с помощью детских вопросов, задаваемых для того, чтобы выяснить свойства и особенности предметов и явлений, служащих объектом их интереса для решения жизненных проблем;

- умение сравнивать полученную информацию, находить сходство и различие и делать соответствующие выводы, выражающиеся в эмоционально-познавательной активности детей, которая проявляется в беседах, обсуждении со сверстниками и взрослыми увиденного и наблюдаемого;

- умение находить в полученной информации практический смысл и применять ее для решения лично значимых проблем.

Большую роль в формировании основ информационной культуры детей старшего дошкольного возраста играет здоровьесберегающий фактор, обеспечивающий духовную безопасность и психологическую защищенность ребенка от деструктивной информации. Необходимость актуализации данного фактора в формировании информационной культуры дошкольника определяется многими причинами. Прежде всего, опасность связана с различными техническими устройствами, которые настолько прочно вошли в современную жизнь, что многие дети не представляют, как можно обходиться без телефонов, смартфонов, планшетов, ноутбуков. Безусловно, отрицать положительное влияние компьютера и телевизора на развитие ребенка в современном информационном пространстве невозможно. Однако многие средства, технически связанные с излучением (телевидение, видео, Интернет, мобильная связь), наносят вред физическому здоровью, особенно развивающегося организма.

Известно, что в дошкольном возрасте биологическая потребность в активном движении оказывает мобилизирующее влияние на интеллектуальное и эмоциональное развитие ребенка. Ученые (Н.М. Амосов, И.А. Аршавский, В.К. Бальсевич, А.Г. Щедрина и др.) установили прямую связь между уровнем двигательной активности и словарным запасом, развитием речи, мышлением дошкольника. В состоянии же пониженной двигательной активности снижается обмен веществ и объем информации, поступающей в мозг из мышечных рецепторов, усваивается медленнее. Длительное же пребывание за телевизором и компьютером ведет к быстрому утомлению детей, биологическая потребность дошкольников в активных движениях постоянно угнетается, что оказывает отрицательное влияние на развитие памяти, воображения, мышления, речи – и как следствие ведет к отклонениям в развитии функций головного мозга.

Вместе с этим психологи и педагоги обеспокоены тем, что телевидение как средство массовой коммуникации оказывает мощное негативное влияние на психику детей. Большой поток информации, который несут средства массовой коммуникации, ребенок дошкольного возраста не в состоянии усвоить за короткий отрезок времени, что тоже приводит к негативным последствиям [3, с.88].

Чрезмерное увлечение современными компьютерными играми вызывает не только нервное истощение, но и зависимость. В подсознании ребенка возникает рисуемый символ - «экран», заменяющий для развивающейся личности все символы мироустройства, что ведет зачастую к трансформации картины мира и девальвации ценностей. Внедрение в жизнь неокрепшего и полностью не сформировавшегося детского организма информатизации и агрессивных информационных технологий зачастую также оказывает мощное негативное влияние на психику детей.

Современных специалистов, работающих с дошкольниками, такая травмирующая ребенка картина настораживает и наталкивает на поиск путей решения данных проблем. Доминирующая роль в этом принадлежит совокупности средств, форм и методов социально-культурной деятельности, которые, дополняя традиционные методы развития и воспитания детей дошкольного возраста, наделяют их признаком здоровьесбережения. Здоровьесбережение, безусловно, само по себе не может, по определению, выступать в качестве основной и единственной цели формирования основ информационной культуры детей старшего дошкольного возраста, а только в качестве фактора, одной из задач данного процесса.

Известно, что здоровьесберегающий подход к педагогическому процессу в дошкольных учреждениях становится актуальным. Основные возможные пути формирования духовной безопасности и психологической защищенности ребенка от деструктивной информации видятся в следующем:

- телевизионные передачи и компьютерные программы должны только дополнять основной процесс развития дошкольника, а время проведения за компьютером или телевизором должно строго нормироваться родителями и педагогами.

- необходимо делать основной акцент на воспитании детей дошкольного возраста оптимальной работе на технических устройствах, дозированному и взвешенному общению с современными средствами информации [4, с.74];

- большое внимание следует уделять оптимальной организации двигательного режима в дошкольных учреждениях, в семье, а также целенаправленному формированию у дошкольников культуры самосохранения и ответственности за собственное здоровье и здоровье близких в соответствии с его интересами, склонностями, способностями;

- обязательным должно являться обучение ребенка адекватному восприятию и оценке информации, ее критическому осмыслению на основе нравственных и культурных ценностей;

- целесообразно использовать категории нравственных ценностей и норм, активизировать собственные внутренние силы ребенка по самоусовершенствованию.

Большие возможности по обеспечению духовной безопасности и психологической защищенности ребенка от деструктивной информации имеют все социальные институты воспитания: семья, дошкольные учреждения, детские развивающие центры и т.д., где возможность развития духовной безопасности и психологической защищенности ребенка от деструктивной информации обусловлена сензитивностью возраста, доверием родителям или педагогу, желанием познавать новое [5, с.62].

Следует подчеркнуть, что пути решения проблемы духовной безопасности и психологической защищенности ребенка от деструктивной информации дошкольника лежат в большей степени в педагогической плоскости, т.к. педагог способен развивать систему знаний, умений работы с информацией, навыки критического мышления, способность к блокированию информации, подготовить сознание ребенка к противодействию негативным воздействиям информационных потоков [6, с.74].

Таким образом, психологические особенности детей старшего дошкольного возраста обосновывают специфику организации процесса по формированию основ информационной культуры детей данного возраста. Именно в этот период возрастает значимость роли взрослого, заключающаяся в правильном моделировании такой среды, которая способствует становлению, реализации, раскрытию, самосовершенствованию личности ребенка в информационной деятельности. Эффективную педагогическую деятельность дошкольного образовательного учреждения по формированию основ ин-

формационной культуры дошкольников позволяют осуществлять такие факторы, как влияние личности педагога путем создания атмосферы сотворчества с детьми и родителями; умелое взаимодействие педагога с дошкольником в процессе работы с необходимой информацией; использование здоровьесберегающих технологий в работе с техническими средствами и обучение ребенка адекватному восприятию и оценке информации, что способствует обеспечению безопасности жизнедеятельности дошкольника, подготовки к жизни в современном информационном обществе.

Список использованной литературы:

1. Горшкова В.В. Становление методологической и научно-методической компетентности педагогов в современных условиях образования. Учебно-методическое пособие. СПб.: ГНУ ИОВ РАО, 2007. – С.44

2. Савенков А.И. Маленький исследователь. Развитие творческого мышления. 8-9 лет. - М., Академия Развития, 2006. – С. 56

3. Андреева, А.Д. Особенности психологического развития дошкольников в современных цивилизационных условиях. - URL: <http://www.mininuniver.ru/> (дата обращения: 12.12.2014)

4. Могилёва В.Н. Психофизиологические особенности дошкольника и их учет в работе с компьютером: учебное пособие для студентов образовательных учреждений сред.проф. образования. М.: Издательский центр «Академия», 2007. – С.74

5. Бекмагамбетова Р.К. Воспитание детей дошкольного возраста в условиях семьи. Алматы, 2016. – 216с

6. Полтавцева Н.В. Приобщаем дошкольников к здоровому образу жизни. М.: ТЦ Сфера, 2013.-С.47

7. Программа обучения и воспитания детей старшего дошкольного возраста «Біз мектепке барамыз» (от 5 до 6 лет) – Астана, 2010

Меңлікжаева С.Қ.

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті
физика және математика кафедрасының доценті, п.ғ.к., saulesh_menli@mail.ru

МАТЕМАТИКА КУРСТАРЫН КІРІКТІРЕ ОҚЫТУДЫҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Кіріктірілу – бұл бір оқу материалының әр түрлі саладағы жалпы білімдермен тоғысуы, бір-бірімен етене араласып кетуі.

Интеграция дегеніміз (латынша қалпына келтіру, толықтыру, бүтін) – педагогикалық тұтастықты қалыптастырып, білімді жүйелеу мен жинақтауда әртүрлі ғылымдарды біріктіру. Бұл қазіргі өзгеріске ұшыраған орта білім беру мақсаттарының оқыту әдістеріне, құралдары мен түрлеріне сай келеді. Педагогикада «интеграция» ғылыми ұғымы XIX ғасырдың 80-ші жылдары пайда болды. Бірінші анықтама М.Д. Зверевке тиісті. Ол «интеграция» және «координация» ұғымдарын шектеді. «Интеграция» ғылыми ұғымдары және оқыту әдістемесі жалпы мазмұны жағынан байланысты бірнеше оқу пәндерінің бірігуін білдіреді; «координация» – оқу пәндерінің тиянақты дайындалған өзарабайланысты (пәнаралық байланыстары).

Кейінірек, В.Н. Максимовпен бірге жазған еңбегінде интеграция процесс ретінде қарастырылады. «Оқытуда ол бір жинақталған курсқа (тақырып, бағдарлама тарауында) әртүрлі оқу пәндері элементтерін енгізу оқу бағдарламаларының пәнаралығын ашуда ғылым салаларын қосу, әртүрлі пәндердің әдістері мен таным әдістеріне енгізу жолымен жүзеге асады». [1]

XX ғасыр аяғында интеграция ұғымы философиялық зертеулердің объектісіне айналды және философиялық категория статусын алды (жеке дифференциацияланған бөліктердің бүтінге бірігу жағдайы, сондай-ақ осындай жағдайға әкелетін процесс). Мұнда интеграция ұғымының мәнділік жағы үлкен орын алады.

Жалпы ғылыми ұғымдарды қалыптастыруда көрінетін ғылымдағы интеграция процесі А.Д. Урсул еңбектерінде қарастырылады. Бұл автор «жаңа интеграциялық формалар мен таным құралдарының жалпығылыми сипаты мынада: олар жалпы ғылымда логика-гносеологиялық бірқатар функциялар атқарады: методологиялық, метатеориялық, білімді синтездеу, оларды реттеу, ғылыми тілді бірінен екіншісіне аудару» деп көрсетеді. [2]

Орта мектепте математикалық білім берудегі интеграцияны белгілі функциялары (қызметі) бар жүйе ретінде қарастыру керек. Г.Н. Саранцев көрсеткендей: «Математикалық білім беру интеграцияның негізгі функцияларын ажырату, интеграциялық процестер мәнін математиканы оқытудағы негізгі функцияларымен (білім берушілік, тәрбиелеушілік, дамытушылық, эвристикалық, эстетикалық, болжаушылық, практикалық, бақыла-

у-бағалау, ақпараттық, ізгілендіру, интеграциялау) салыстыру арқылы анықталады». [3]

Қазіргі кезеңде ғылымдарды математикаландыру жүруде. Математикалық әдістер физика мен техникаға ғана емес, сондай-ақ экономикаға, биология мен әлеуметтануға, психология, тіпті әдебиеттану мен эстетикада да қолданылуда. Нақты және гуманитарлық ғылымдар тоғысында «искустометрия» сияқты қызықты пәндер пайда болуда, яғни ЭЕМ-да әндер шығарып, өлеңдер жазады және қолданбалы өнердің үздік үлгілерін жасауда. Математикалық әдістер құбыллысты терең түсінуге, ондағы маңызды заңдылықтарды табуға көмектеседі. Ғылым дамуымен байланысты мектепте оқытылатын материалдар қиындығы артып, ақпарат көлемі көбейе түсуде. Сондықтан, оқушылардың нақты-ғылыми дүниетанымын, білімдерінің тұтастығын қалыптастыруға бағытталған орта мектепте математикалық білім беруді интеграциялау идеясы қажетті болып табылуда.

Орта мектепте математикалық білім беруді кіріктіруге қатысты мәселелерді зерттеу бірнеше әдістемелік-математикалық бағыттар аясында жүргізілуде. Олар: пәнаралық және пәнішілік байланыстарды жүзеге асыру, кіріктірілген курстарды дайындау, қолданбалы бағыты, дидактикалық бірліктерді ірілендіру, математиканы оқытудағы сабақтастық және т.б. Математикадан оқу курстары аясында кіріктіруді әдіс-тәсілдер, курстардың мазмұнды бағыттары, бір пән әдістерін басқа пәнде қолдану (мысалы есептер шығаруда алгебралық және геометриялық әдістерді кіріктіру) арқылы жүзеге асыру мүмкіндігі бар.

Сонымен білім беруді кіріктіру саласында зерттеу іс-әрекеті мен практикалық бай тәжірибе болғанымен, бұл бағыттағы нәтижелер орта мектепте математикалық білімді интеграциялау саласында толығымен зерттелмеген.

Берілген мәселеге қатысты зерттеулер нәтижелерін талдау, әдістемелік-математикалық әдебиеттерде орта мектептегі математикалық білімді кіріктіруге біртәнді түсінік берілмеген. Сондықтан, орта мектепте математикалық білімді кіріктірудің теориялық негіздерін анықтап, оқу-әдістемелік құрал ұсыну қажет деп есептейміз.

Мектепте білім беруде интеграция идеясын жүзеге асыру жолдары кіріктірілген курстар құру, оқытудағы пәнаралық және пәнішілік байланыстарды көрсететін кіріктірілген сабақтар өткізу болып табылады. Пәнаралық және пәнішілік байланыстарды жүргізу оқушылардың білімдерін

тереңдету мен жүйелеуге көмектеседі, олардың танымдық белсенділігін арттырып, білімдерін стандартты емес жағдайларда қолдануға үйретіп, пәнді оқуға қызығушылығын арттырады. Мұндай байланыстарды математика сабақтарында жүзеге асыру өте маңызды, себебі математикалық аппарат барлық ғылым салаларында қолданылады.

Математика сабақтарында пәнішілік интеграцияны қолдану оқушылардың білімдерін жүйелеумен қатар, математиканың тараулары мен тақырыптары, әртүрлі ұғымдары арасында логикалық байланыстар жасауға мүмкіндік туғызады. Уақыт жетіспеушілігіне байланысты математикада әрбір тақырыпты оқыту барысында оқушылар ұғымдар арасындағы байланысты көрсете алмайды, оларда математика бүтін бір ғылым екендігі туралы түсінік қалыптаспайды.

Мәселені шешу жөніндегі ізденістер екі негізгі бағыттар бойынша жүргізіледі:

- пәнішілік интеграция (алгебралық және геометриялық методтардың интеграциясы) есептер шығару барысындағы;

- Математикалық кіріктірілген курстар мен кіріктірілген оқу-әдістемелік кешендерін жасау.

Кіріктірілген оқулықтар оқу материалын сызықты-концентрлі баяндау негізінде құрылады. Математиканың әрбір мазмұнды сызығы (бағыты) сыныптан сыныпқа кеңейтіліп, оқытылып қоймайды, сонымен қатар бір оқу жылы барысында жаңа тақырыпты меңгеру үшін өткен тақырып сұрақтарын қолдану арқылы сызықты қиындатылып отырады.

Әр сыныптағы математика курсы «параллель оқытылатын жүйелі баяндауға» негізделген өзара байланысты, жекелеген екі бөлім «Алгебра» және «Геометриядан» тұрады. Кіріктірілген оқулықтарда алгебра және геометрия бір мезгілде кіріктіріледі және олардың анықталған дербестігі сақталады. Кіріктірілген оқулық мазмұнын құруда білімді меңгерудің төмендегі әдістері қолданылады:

1. Жаңа білімдерді бұрын меңгерілген материалдардың өзара байланыстар жүйесіне жүйелі түрде енгізу;

2. Жаңа білімдерді, материалдардың болашағына бағытталған өзара байланыстар жүйесіне жүйелі енгізу.

Кіріктірілген оқулықтар мазмұнында төмендегі компоненттер есептеледі:

- ауызша және жазбаша тапсырмалар;
- теория мен есептерді шешуді нақты түсіндіру;
- есептерді шешу мен теоремалардың қысқа, ықшам дәлелдеуі;
- қосымша математикалық информация ретінде тестер, текстер;
- аралас тапсырмалар;

- оқушылар өздері құрған есептерді шешуге тапсырмалар.

Кіріктірілген оқулықтарда негізгі тапсырмалар мен қосымша материалдарды қамтитын тапсырмалар жүйесіне ерекше маңыз беріледі. Негізгі тапсырма – бұл теориялық материалды меңгеруге, алған білім, білік, дағдыны бекітуге бағытталған тапсырмалар. Мұндай тапсырмалар алгебра мен геометрияның негізгі тараулары арасындағы кіріктірумен қатар алгебралық және геометриялық білімдер кіріктірілуі қолданылатын дифференция және интеграция принциптерімен құрылған. Тапсырмаларды іріктеуде басты принцип ақпараттық сыйымдылығы мен тапсырмалардың әр алуандығы. Оларды тиімді қолдану мектеп курсы шеңберінде әр түрлі тақырыптар бойынша кіріктірілген сабақтар өткізуге мүмкіндік береді.

Оқу пәндерін кіріктіру мыналарға көмектеседі:

- неғұрлым ынта білдіргенде білімді жеке мәнді және саналы түрде қабылдауға;

- кіріктірілген сабақ құрылымында проблемалық жағдайлар үлесін ұлғайтуға, оны оқу материалын танып білудің жаңа тәсілін іздестіруге жетелейтін және жеке тұлғаның зерттеушілік типін қалыптастыратын оқушының ойлау әрекетін белсендіруге;

- оқушыға бір мезгілде әрекетті орындауда барлық мақсат қоюдан нәтижеге дейінгі барлық процесіне бақылау жасауға мүмкіндік беретін жалпы білімдер көлемін ұлғайтуға.

- білім берушілік, дамытушылық және танымдық үшбірлікті дидактикалық мақсатын жүзеге асыруға;

- сабақтың ақпараттық сыйымдылығын арттыруға;

- оқушылардың шығармашылық ойлауын дамытуға, олардың алған білімдерін өмірде қолдана білулеріне көмектеседі. Сонымен, кіріктіре оқыту сабақты тиімді ұйымдастырудың құралы болып саналады. Бұл кезде алынған білімді бір мезгілде теориялық, практикалық және қолданбалы салаларда пайдалану мүмкіндігі ашылады.

Пәнішілік интеграцияны жүзеге асыру үшін жалпылау сабақтарын сауатты жүргізу қажет. Алгебра және геометрия курстарын қорытынды жалпылау бөлек өткізіледі, алайда геометрияны алгебрамен бірге мақсатты қайталау өткізуге болады. Қорытынды сабақтар мен бақылау жұмыстарында алгебралық және геометриялық тапсырмаларды қолдану арқылы біріккен түрде алуға болады. Біріккен қорытынды жалпылауды өткізу үшін оқушыларға алгебралық та, геометриялық та білімдерді қолдануға бағытталған аралас тапсырмалар ұсынылады.

Осылайша, математика сабақтарында алгебра мен геометрияны кіріктіре қолдану оқушылар-

дың математикалық білімдерін тереңдетуге және жүйелеуге, оқытылатын материалдың өмірмен байланысын көрсетуге, математиканы оқуға қызығушылығын арттыруға көмектеседі. Оқушыларды жалпы математикаға оқыту барысында берілген әдісті жүйелі қолдану және кіріктіру элементтерін бірте-бірте енгізу кездесетін қиындықтарды жеңіп, оқушылардың білім сапасын көтеруге мүмкіндік туғызады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. *Зверев И.Д., Максимова В.Н. Межпредметные связи в современной школе. – М., Педагогика, 1981. – 159 с.*
2. *Урсул А.Д. Философия и интегративно-общественные процессы. – М.: Наука, 1981. – 367 с.*
3. *Саранцев Г.И. Методология методики обучения математике. –Саранск, 2001. – 110-112 с.*

Қошанова Гүлназира Дәнебекқызы

Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті,
аға оқытушы, педагогика ғылымдарының кандидаты

Қойшығұлова Диляра Жетпісбайқызы

Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің магистранты, dilya_20.01@mail.ru

АШЫҚ БІЛІМ БЕРУ РЕСУРСТАРЫНЫҢ ДАМУ ТЕНДЕНЦИЯЛАРЫ

Түйін. Мақалада ашық білім беру ресурстары туралы мағлұматтары зерттеледі және оған мысалдар жан-жақты қарастырылады.

Резюме. В статье рассматриваются теоретические и практические материалы по открытому образованию.

Summary. This article is devoted for theoretical and practical materials on open education.

Қазақстан Республикасындағы білім беру саласының қазіргі заманғы жүйесін қалыптастырудың негізгі алғы шарттары:

- «оқытудан» «білім беруге» көшу, жеке тұлғаның шығармашылық қабілеттіліктерін дамыту жеке тұлғаға бағытталған, ашық білім беруге көшу;
- білімді жинақтау мен жүйелеуде, оқушыларға білімді беру үдерісінде жаңа ақпараттық және коммуникациялық технологияларды пайдалану.

Әлемдік тәжірибеде электрондық оқыту қазіргі білім берудің ажырамас бөліктерінің бірі болып табылады.

Ақпараттандыру саласындағы білім беру ұйымдарының материалдық-техникалық базасы электрондық оқыту жүйесінің енгізілуіне өтуге дайын болуы тиіс.

Электрондық оқыту жүйесі жергілікті желі мен ауқымды Интернет желісін, желілік технологияларды белсенді қолдану арқылы ұйымдастырылатын қашықтықтан оқытудың да мүмкіндіктері де енеді.

Білім берудің ақпараттық ресурстары – ақпараттың кез келген түрі немесе оқу үдерісінде қолдану үшін арнайы жасалған программалық өнімдері.

Оның ішіндегі білім берудің электрондық ресурстарына тоқталып өтейік:

- оқу материалдары (электрондық оқулықтар, оқу құралдары, рефераттар, дипломдар);
- оқу-әдістемелік материалдар (электрондық оқу бағдарламалары, әдістемелер);
- ғылыми-әдістемелік материалдар (диссертациялар);
- қосымша мәтіндік және суретті материалдар (дәрістер, зертханалық жұмыстар);
- тестілеу жүйесі (білімді электронды тексеру тестілері);
- электрондық кітапханалар;
- білім саласының электрондық мерзімді басылымдары;
- білім саласының мерзімді басылымдарының электрондық мазмұны мен мақала аңдатпалары;
- электрондық мұрағаттар шығару.

Білім беру ресурстарын белгілі сайт адресі бойынша немесе әртүрлі тақырыптық сілтемелер арқылы пайдалануға болады [1].

Ашық білім беру ресурстары – (АБР) (Open Educational Resources, OER) – ашық еруге мүмкін болатын немесе лицензиямен шығарылатын, яғни тегін қолдануға және және үшінші жақпен модификациялауға рұқсат ететін оқытатын және ғылыми ресурстар. АБР курстар түрінде болуы мүмкін және сонымен қатар кез келген басқа құралдар түрінде, білімге рұқсатпен кіру үшін қолданылатын материалдар немесе технологиялар. Студенттердің ортасында ең танымалы жалпыға ашық онлайн курстар MOOCs (Massive Open Online Courses) болған – ол онмындаған адамдарға дейін біруақытта оқытуды ұйымдастыра алады.

MOOC – видео-лекциялар, мақалалар, презентациялар, инфографика, тесттер, жауап алулар, блогтар, пайдалы ресурстарға сілтемелер, форумдар, видеоконференциялар, әлеуметтік желілерде пікір алмасулар, және т.с.с. әр түрлі элементтерді ішіне құрайтын интернет желісінде ашық білім беру ресурстары. Мұндай курстардың материалдары тіркелгеннен кейін бәріне тегін болады.

Жалпыға ашық онлайн курстарға кіруге рұқсат беретін қазіргі уақытта бірнеше платформалар белгілі болып отыр:

- шетелдік платформалар: Coursera, EDX, Udacity, Хан-Академия, Futurelearn (Ұлыбритания), OpenupEd (Евроодақ), FUN (Франция), Iversity (Германия), Xuetangx (Қытай), OpenLearning (Австралия);

- отандық платформалар: Қазақстанның ашық университеті (ҚазҰУ).

Қазақстанның ашық университеті – Қазақстандық жетекші ғалымдардың онлайн-курстарын әзірлеуді және Интернет арқылы қолжетімді етуді көздейтін жоба. Платформада ұсынылатын онлайн-курстарға кез келген азамат кез келген уақытта жазылып, оларды меңгере алады [3].

Мақсаты – еліміздің интеллектуалды деңгейін сапалы онлайн-курстардың көмегімен көтеру.

Жоба бастамашысы – «WikiBilim» қоғамдық қоры. Бас серіктесі – «Kcell» ұялы байланыс операторы.

Серіктес жоғарғы оқу орындары мен институттары:

- Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті (ҚазҰЗТУ)

- Қазақстан-Британ техникалық университеті (ҚБТУ)
- Алматы менеджмент университеті (AlmaU)
- Сүлеймен Демирел атындағы университет (SDU)
- Математика және математикалық модельдеу институты.

Мектептегі жоғарғы сынып оқушылары, колледж және жоғарғы оқу орындарының студенттеріне, сонымен қатар, әр түрлі жағдайларға байланысты білім алуға мүмкіндіктері жоқ азаматтар және де онлайн-курстарға қызығушылық білдірген кез келген азаматтарға арналған. Ашық білім беру – архитектуралық және құрылымдық шешімдері интерфейстерге, ақпарат алмасу форматтары мен протоколдарын мобильдікпен қамтамасыз ету мақсатында, тұрақтылық, тиімділік пен тағы да басқа оң сапалармен, ашық стандарттармен қамтамасыз етілетін ұйымдасқан, педагогикалық және ақпараттық технологиялардың жүйесі.

Ашық білім берудің сапасы оқытуды жоспарлауда, орынды таңдауда, уақыт пен темпте, «өмір бойы білім алу» принципінен «өмір бойында оқып өту» принципіне өтуде жоғары еркіндікке бағытталады. Ашық білім беруде білім беру қызметтерін тек арнайы мекемелер ғана емес, сонымен қатар, әлеуметтік және мәдени орталардың кез келген элементін өз деңгейінде қолданғанда орындай алмайды.

Ашық білім берудің негізгі мақсаты – білім алушыларды қоғамдық және кәсіби іс-әрекеттерде ақпараттық қоғам жағдайында толыққанды және тиімді қатысуға дайындау.

Ашық білім беру принциптеріне:

1. Конкурстан тыс жоғары оқу орнына түсе алу;
2. Білім беруді ашық жоспарлау – курс жүйелерінен таңдау арқылы оқытудың жеке бағдарламаларын құрастыру еркіндігі;
3. Білім беру темпі мен уақытын еркін таңдау – студенттерді ЖОО-на жыл бойы қабылдау;
4. Оқу орнын таңдау еркіндігі – студенттер келмей-ақ қойса да болады немесе қайда оқитындарын өздері айтады;
5. «өмір бойына білім алып қою» принципінен «өмір бойы білім алу» принципіне көшу;
6. Білім алушының білімінен кері процесі қозғалысына өту – білім адамға жеткізіледі;
7. Дербестікті еркін дамыту – ашық білім берудің негізгі факторы жатады.

Ашық білім берудің ерекшеліктері:

1. Мамандандырылған технологиялар мен оқытудың құралдарын пайдалану – компьютерлерді, желілік құралдарды, мультимедиа технологияларын арнайы бағдарламалық қамтамасыздандыруларды оқу курстары мен дайындау үшін және студенттерді оқыту үшін қолданылу;

2. Білім сапасын тесттік бақылау – компьютер технологиялардың базасында тесттік жүйелерді пайдалану;

3. Экономикалық тиімділік – уақыт шығындарына жеткен жетістіктерге арақатынасын жақсарту;

4. Икемділік – білім алу уақыты үшін ыңғайлы уақытта білім алу мүмкіндігі;

5. Модульділік – тәуелсіз оқу курс жинағынан жеке қажеттіліктерге жауап беретін дербес оқу жоспарын құру мүмкіндігі;

6. Параллельдік – негізгі кәсіби біріктірулер арқылы оқыту мүмкіндіктері;

7. Асинхрондық – әрбір білім алушыға оқу технологиясын жүзеге асыру;

8. Оқытушының жаңа ролі – пәннің мазмұнын түзету, дербес оқу жоспарын құрастыруда ақылдасу, компьютерлік және желілік технологиялардың көмегімен оқу жобаларын басшылыққа алу;

9. Білім алушының жаңа ролі – дербес жұмыс істеу мен еңбекке құштарлықтың дағдылары мен өзін-өзі ұйымдастыру бойынша мотивациялауда, талаптарды көтеру;

10. Ақпараттық технологияларды ендіру – компьютердің құрылғыларына, компьютерлік желілердің, мультимедиа жүйелеріне негізделген технологиялар;

11. Интернационалдық – білім беру қызметтерінің экспорты мен импорт мүмкіндігі.

Сонымен, ашық білім беру жүйесі – ашық білім беру принциптерін жүзеге асыратын дидактикалық, техникалық, ақпараттық және ұйымдастырушылық, іс-әрекеттер жиынтығы.

Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке тұлғаны қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау, оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу. Тәуелсіз еліміздің болашағы болып табылатын жас ұрпаққа сапалы білім беріп, жеке тұлға етіп қалыптастыруда электрондық оқыту жүйесі мен оның берер мүмкіншілігі мол болары сөзсіз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Мендигазиева А.А. Сандық білім беру ресурстарын биология сабақтарында қолданудың тиімділігі, №42 «Ақ ниет» гимназиясы, Орал қаласы, Филиал АО статья «Нац.центр повышения квалификации «Өрлеу» институт повышения квалификации педагогических работников по ЗКО».

2. Беспалько В.П. Некоторые вопросы педагогики высшего образования. – Рига, 1972.

3. Бордовская Н.В., Реан А. А. Педагогика. – СПб.; М., 2000.

4. Зимняя И.А. Педагогическая психология. – М., 2000.

5. Зинченко В.П. Образование. Мышление. Культура // Новое педагогическое мышление / Под ред. А. В. Петровского. – М., 1989. – С. 90–102.

6. Концептуальные вопросы развития высшего образования / Отв. ред. Б. Б. Коссов. – М., 1991.

ҰЛТ ОЙШЫЛДАРЫНЫҢ РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҚТЫ МАҢЫЗДАНДЫРУ МӘСЕЛЕСІ

Түйін: Бұл мақалада ұлт зиялылары еңбектеріндегі XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басындағы мәдени құндылықтарды тарихнамалық дерек тұрғысында талдауға арнайы көңіл бөлінген. Қазақ мәдениетінің қайта жаңғыру кезеңіндегі рухани өркендеу ерекшеліктерінің басты бағыттарына байланысты кейбір зерттеушілер көзқарастары талданып және мәселенің теориялық ұстанымдарына, рухани, діни мәселелеріне байланысты пікірлерді анықтай түсуге басты назар аударылған.

Түйін сөздер: ұлттық идея, тарихи процесс, ұлттық сана, саясаткер-прагматик, интернационалист қайраткер, мұсылман шарияттары, тарихнамалық дерек, стенографиялық есептер, сменовеховшылық, трафареттік сана.

Резюме. Духовно-культурные процессы в историческом развитии казахского народа, культурных парадигм и системы духовных ценностей играет значительную роль в комплексном изучении истории Казахстана. Историография изучения культурных ценностей является важным фактором осмысления культурной эволюции казахского социума, поскольку труды казахской национальной интеллигенции способствовали формированию национального самосознания казахского народа на рубеже XIX–XX вв. В статье рассматривается как казахская интеллектуальная элита того времени поставила перед собой важные задачи по осуществлению культурной модернизации на основе синтеза лучших традиций и духовных ценностей традиционного казахского общества с передовыми культурными стандартами.

Summary. Research of spiritual-cultural processes in historical development of Kazakh people, cultural paradigms and a system of spiritual values plays a considerable role in complex research of Kazakhstan's history. Historiography of Kazakhstan's cultural values is an important factor in cultural evolution of Kazakh society because works of Kazakh national intelligentsia were promoted to formation of national consciousness of Kazakh people. At that time Kazakh national elite raised important tasks of realizing of cultural modernization on base of synthesis of the best traditions and spiritual values of Kazakh society with progressive cultural standards.

XIX–XX ғасыр басындағы рухани өмірге қатысты отарлық саясат ұлттық идеяға қозғау салатын фактор болғандықтан, көп ұзамай-ақ қазақ азаттық қозғалысы қалыптасып, дами бастағаны белгілі. Алғашқы кезеңде азаттық қозғалыстың негізгі мәні

мен мазмұны – мәдени ағартушылық болды. Азаттыққа қол жеткізу үшін ең алдымен қазақтың ұлттық сапасын арттыру қажет деп түсінген қазақ зиялылары қызметінің негізгі бағыты - мәдениеттің теориялық мәселелерімен астасып жатты. Қазақ зиялылары ұлттық мерзімді баспасөз құралдары арқылы мәдени және рухани мәселелерге қатысты ой-пікірлері мен еңбектерін жариялап, қазақ қоғамына әсер етуге тырысты.

1917 жылғы «Қос төңкеріске» дейінгі қазақ зиялыларының мәдениет пен рухани өмір мәселелеріне қатысты көзқарастары Кеңес билігі жылдарында дами түсіп, ұлттың білімі мен мәдениетін көтеру идеясы – ұлттық идеяның қайнар көзіне айналды. Қазақ зиялыларының рухани-мәдени мәселелерге қатысты көзқарастарындағы ұлттың мәдени-ағарту идеясы – XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басындағы қазақ зиялыларының санасында басталған тарихи процесс болды. Санада басталған бұл тарихи процесс Ресей қоластындағы барлық түрк тектес халықтардағы азаттық идеяларымен астасып жатты. XX ғасырдың 20-сыншы жылдары ұлт зиялылары рухани-мәдени мәселелерге өз көзқарастарын ашық білдіріп, қоғамдық өмірге еркін араласса, 30-ыншы жылдары ішкі бұлқыныс, жасырын егес дәрежесіне дейін төмендеді. Рухани-мәдени мәселелерге қатысты санада басталған тарихи процесс XX ғасырдың 30-ыншы жылдарының екінші жартысында жүргізілген жаппай қуғын-сүргін жылдарында ұлттық сана иелерінің жаппай атылуы жағдайында тұйықталып, қазақ қоғамында «социалистік мәдениет» үстемдігі орнады.

XIX ғасырдың соңынан XX ғасырдың 1917 жылына дейінгі кезеңде ұлт үшін қызмет еткен «Алаш» зиялыларының өз қызметтерін кеңестік кезеңде де жалғастырғаны белгілі. Олар РКП(б) қатарына өткенімен, олардың санасындағы рухани-мәдени өмірге қатысты ой-пікірлері мен ұстанымдары өзгерген жоқ. Кеңес билігінің орнауы – интеллигенцияның жаңа қатарын қоғамдық өмірге алып келді. Бірі эволюциялық, бірі революциялық жолмен мемлекеттік биліктің әртүрлі органдарында қызмет еткен қазақ қайраткерлерінің рухани-мәдени мәселелерге қатысты көзқарастары да сан алуан болды.

Қазақ жастары арасынан шыққан талантты саясаткер-прагматик, «Түрік Кеңес Республикасы» мен «Түрік халықтарының коммунистік партиясы» идеясының авторы Т. Рысқұловтың еңбектерінде [1] ұлттық идея, халықтың мәдениеті мәселелері жан-жақты көрініс тапқан. Сонымен қатар, Т.

Рысқұлов Түркістан Республикасының Орталық Атқару Комитетінің, кейіннен Халық Комиссарлар Кеңесінің төрағасы қызметтерін атқарған кезде халық ағарту ісіне ерекше көңіл аударған. Оның ағарту мәселесіне қатысты ой-пікірлері маңызды тарихнамалық дерек бола алады. «Қазақстанның кеңес жұмыстары мен мәдениет жұмыстары», «Жетісу мәселелері», «Қазақ елінің төңкеріске шейінгі әлеуметтік тұрмысының құрылысы» деп аталатын және т.б. еңбектерінде елімізді мәдени және рухани жағынан көтерудің негізгі бағыттары айқындалып, оның жолдары көрсетілген.

1920 жылы қаңтар айында Түркістан Республикасында өткен конференциялардан кейін, өз идеясын В.И. Лениннің алдында өткізе алмаған Т. Рысқұлов отставкаға кеткен соң, республикада қалыптасқан саяси ахуалға орай басшылық қызметтерге қол жеткізген С. Қожанов пен Н. Төрешұлының мәдени-рухани мәселелерге қатысты көзқарастары өз алдына бір төбе. С. Қожановтың мәдениетке қатысты ой-пікірлері кеңестердің бүкілқазақстандық съездері мен бүкілқазақстандық партиялық конференциялардың стенографиялық есептерінде әлі де болса ғылыми айналымға түспей жатқанын байқауымызға болады.

Ал Н. Төрешұлының «Шығармаларының көп томдық жинағының» [2] алғашқы төрт томы жарық көрді. Оның шығармаларында әдебиет, мәдениет, оқу-ағарту мәселелері кеңінен сөз болады. Мысалы, оның «Әдебиетімізге көз салу», «Түркістан тарихынан пікір», «Исламды зерттейтін көзқарас қандай болмағы қажет», «Бұл әліпбиді неге алу керек?», «Жаңа әліпби неге керек?», «Жат сөздер туралы», «Ұлт мәселесі мен мектеп» атты мақалалары мен ғылыми еңбектері тікелей оқу-ағарту және мәдениет мәселелеріне арналған. Интернационалист қайраткердің ұлтты ағарту мәселесіне қатысты өзіндік көзқарастары ерекше назар аударуды талап етеді.

Омбыда оқыған қазақ жастарының «Бірлік» ұйымында мүше болып, алғашында Алаш қозғалысының идеялық бағытын ұстанған, кейіннен Коммунистік партия қатарына өтіп, кеңестік мемлекеттік билік органдарында ірі-ірі қызметтер атқарған С. Сәдуақасовтың еңбектері [3] негізінен қазақ халқының мәдениеті мен әдебиетіне, оқу-ағарту мәселелеріне арналған. Филология ғылымдарының докторы, профессор Д. Қамзабекұлының құрастыруымен жарық көрген екі томдық шығармалар жинағының бірінші томының «Руханият туралы еңбектері» деп аталған бөлімге кірген С. Сәдуақасовтың зерттеулері өркениетті болуға талпынған елге оқу-ағартудың, өнердің аса қажеттігін үндейді.

Қазақтың біртуар азаматы, Алаш қайраткерлерінің бірі Ғ. Қараштың мәдени толғаныстары ұрпақ тәрбиесіне, әйел-ана рөліне, ғылым мен білімнен кенже қалдырған надандықтан құтылып,

халықтың ой-өрісін өсіруге барлық күш-жігермен кірісуге шақырды. Оның ислам дініне қатысты ой-тұжырымдары да құнды. Иманды адамның басты қасиетіне санай отырып, мұсылман шариғаттары бұрмалап жүргендерге тосқауыл қою қажеттігін ашып береді. Ол елдің ұлттық құндылықтарын сақтап, оны берік ұстану қажеттігін де баса көрсетсе [4], ал қазақ заңгері, Алаш партиясының көрнекті өкілі, «Сарыарқа» газетін ұйымдастырушы Райымжан Мәрсекөв еліміздің мәдени өрлеуіне апаратын бірден-бір жол оқу екендігін айта отырып, қазақ жастарын білім алуға шақырған. Ол әдебиет саласында ұлы ақын Абайдың шығармашылығын биік сатыдан көрсетуге тырысады. Әсіресе оның ғылымға қатысты жазған ойлары аса ұшқыр. Елдің елдігін сақтауда ғылымның маңыздылығын саралай келе, оған жетуде оқу қажеттігін айқын көрсетеді. Дүниежүзіндегі бірнеше елдердің өнер, білімдерін салыстырмалы түрде көрсете отырып, қазақтағы білім мен ғылымның жеткіліксіздігіне қынжылады. Елдің елдігі, ынтымағы да осы ғылым, білімде екендігіне насихаттайды [5].

Тарихшылардың аталмыш тақырыпқа тікелей және жанама қатысы бар тарихи зерттеу еңбектері (монографиялар, диссертациялар, кітапшалар, мақалалар және т.б.) негізгі тарихнамалық дерек болып табылады және оның өзі екі тарихнамалық кезеңге (кеңестік және тәуелсіздік) бөлінеді.

Тарихнамалық кезеңдердегі тарихи зерттеулердің тұжырымдары мен қорытындыларын түзуге патша өкіметінің де, Компартияның да, мемлекеттік билік органдарының да ресми құжаттары, қаулы-қарарлары тікелей әсер ететіні белгілі. Осындай ресми құжаттар идеологиялық бағыт көрсетті, ал ол өз кезегінде тарихшылардың көзқарасына әсер етті. Сондықтан да осындай ресми құжаттар [6] тарихнамалық деректердің үлкен бір тобын құрайды.

Осы уақытқа дейін жарық көрген құжаттар жинақтарында шыққан және мұрағат қорларында жатқан қазақ зиялыларының мәдени-рухани көзқарастарын объективті талдауға тікелей және жанама әсері бар тарихи құжаттар мен стенографиялық есептер, хаттамалар мен материалдар тарихнамалық деректердің жеке бір ауқымын қамтиды.

«Алаш қозғалысы» деген атаумен жарық көрген құжаттар мен материалдар жинағының алғашқы үш томында [7] патшалық және кеңестік кезеңде жұмыс істеген Алаш қайраткерлерінің қоғамдық-саяси және мәдени-ағартушылық қызметі туралы жан-жақты тарихи мәліметтер, сондай-ақ олардың мақалалары мен өкімет орындарына жазған қатынас хаттары топтастырылған. Құрастырушылар алаш зиялылары Ө. Бөкейханов, А. Байтұрсынов, М. Дулатов және т.б. жаңа өрлеу жолына түскен ұлт-азаттық қозғалысқа нысаналы сипат беруде баспасөз саласын көтеріп, газет-журнал шығару, ұлт азаматтарының аса қажетті шығармалары мен еңбектерін кітап ретінде

бастыру, мұсылмандық, түрікшілдік, жәдидшілдік қозғалыстарына ат салысқандығын дәлелдейтін маңызды материалдарды бере отырып, алғашқы қазақ интеллигенциясының ұлт идеясының басты ұстанымдарын айқындап беруге тырысты. Жинақтан олардың ұлттың дінін, ділін, тілін насихаттай, ұлттық мәдениетін мемлекеттік деңгейге көтеруді ұстанған ұстанымдарының шынайылығын білдіретін материалдарды кездестіре аламыз.

Ал қазақ зиялыларының мәдени-рухани мәселелерге қатысты бүкілқазақстандық партиялық конференцияларда сөйлеген сөздері осы уақытқа дейін ғылыми айналымға тартылмай, мұрағат қорларындағы стенографиялық есептер мен хаттамаларының [8] ішінде сол күйі жатыр және өз зерттеушілерін күтуде.

Қазақстанда кеңес өкіметі орнаған кезеңнен бастап оның мәдениет саласында жүргізген саясаты тарихнамалық көзқарастардың түзілуіне әсер етіп отырды. 1920 жылы 4-12 қазан аралығында Орынбор қаласында өткен ҚАКСР Кеңестерінің Құрылтай съезінде Қазақстандағы халық ағарту жағдайы туралы секция баяндамасы тыңдалып, ол бойынша «Халық ағарту жөніндегі резолюция» қабылданды. Онда: «Кеңестік құрылыстың дамуына кедергі келтіретін қырғыз халқының мәдени артта қалушылығына баса назар аударылады. Сауатсыздықты жою, жалпыға бірдей міндетті оқу, жас жеткіншектерді әлеуметтік тәрбиелеу, кәсіптік-техникалық білім беру – мәдени құрылыстың маңызды міндеттері» [9], - деп атап көрсетілген. Яғни құрылтай съезі қазақ халқын мәдени жағынан артта қалған, сауатсыз халық деп танып отыр. Осы тарихи құжаттың негізінде революцияға дейінгі мұсылмандық білім беру жүйесі мойындалмады және қазақ халқының мәдени артта қалғандығы негізделді. Революцияға дейінгі қазақ халқының мәдениетін зерттеуде де осындай тұжырымдар қалыптасты.

Халық ағарту комиссариаты ҚАКСР Кеңестерінің бүкілқырғыздық (бүкілқазақтық) екінші съезіне дайындаған баяндамасынан [10] қазақ жеріндегі кеңестік биліктің мәдени құрылыстың бір саласы - халыққа білім беру саласында жүргізген саясатынан толық көруге болады. ҚАКСР Кеңестерінің бүкілқырғыздық 2-ші съезінде есепті баяндама жасаған ҚазОАК төрағасы С. Меңдешев Халық ағарту халкоматының жұмысы ҚазОАК-тың ақпан айында өткен 1-ші сессиясында-ақ ҚазОАК тарапынан маңызды деп танылғанын және барлық білім беру саласының қызметкерлерін Халық ағарту халкоматының қарауына беру туралы декреттер мен қаулылардың қабылданғанын айтады [11]. Ал, ҚАКСР Кеңестерінің 5-ші съезінде жасаған баяндамасында С. Меңдешев Қазан төңкерісінің 10 жылдығы қарсаңында яғни 1927 жылға дейін республиканың 800 000 сауатсыз адамын (400 000 – орыс, 400 000 – қазақ) сауаттандыру жоспа-

ры жасалғанын және сол бағытта жұмыстар жасалып жатқанын атап көрсетті [12]. Мұның барлығы, Кеңес өкіметінің халық ағарту саласындағы игі іс-шараларын көрсетеді. Сонымен қатар, бұл кезеңде тоталитарлық жүйе әлі де орнықпағандықтан, негізінен демократиялық принциптер үстемдік құрды.

XX ғасырдың 25-ші жылдарына дейінгі кезеңдегі Қазақстанда жүргізілген мәдени құрылыс демократиялық сипатта әрі табиғи негізде жүргізілсе, 1925 жылы қыркүйек айында Қазақстан Өлкелік партия комитетінің хатшысы болып Ф.И. Голощекин келген уақыттан бастап мүлдем басқа арнаға бұрылды. Бұл Ф.И. Голощекиннің Қазақстанда жүргізген саясатымен тікелей байланысты еді. Ол мемлекеттік биліктің жоғарғы органы – Қазақ Орталық Атқару Комитеті мен орталық басқару органы – Халық Комиссарлар Кеңесін «бүктеп, аяққа таптау» әдісін қолдана отырып, онсызда мемлекеттік басқару жүйесіне тікелей жетекшілік жасап отырған Қазөлкекомды абсолютті билеушіге айналдыруға ұмтылды. «Кіші Қазан» төңкерісі арқылы егістік және шабындық жерлерді қайта бөлуді жүзеге асырып, тез арада қазақ ауылдарын кеңестендіруге тырысты. Мәдени құрылыс саласында Орталықтың саясатын барынша асыра орындауға тырыса отырып, қазақ қоғамын кеңестік идеологияға және орыстануға тікелей бағыттады. Осы саясатпен келісе алмаған ұлт зиялыларын қуғынға ұшыратты. Міне, осындай саяси жағдай қалыптасқан қоғамда қандай тарихнамалық көзқарас қалыптасуы тиіс еді?!

Дәстүрлі қазақ шаруашылығы мен мәдениетін жақтайтын, ұлттық идеяға негіздеп пікір айтатын қазақ зиялыларын тұқыртып, олардың сағын сындыру шараларын кеңінен өрістеткен Ф.И. Голощекин 1925 жылы 25-30 қараша күндері өткен Қазөлкеком мен Өлкелік Бақылау комиссиясының бірлескен 3-ші пленумында, көп кешікпей, 1927 жылы 15-23 қараша күндері өткен 6-шы Бүкілқазақстандық партия конференциясында Мәскеуде жүрген С. Қожановты, Қазақстандағы Ж. Мыңбаевты, С. Сәдуақасов пен Ы. Мұстамбаевты тұқырта отырып, өзіне қарсы пікір айтудың қандай салдары болатынын өзге қазақ қайраткерлеріне ашық ұғындырды. Шартты түрде алғанда, 1928 жылдан бастап мәдени құрылыс бағыты таза мәскеулік арнаға түсті десе де болады.

6-шы Бүкілқазақстандық партия конференциясында баяндама жасаған Ф. Голощекин интеллигенцияның рөліне тоқтала отырып, оларды Қазақстандағы кеңестік білім беру жүйесіне қажетті оқулықтар мен оқу құралдарын жазуға тарту қажет деді. «Бірақ, - деді Ф. Голощекин, - олар бізді емес, біз оларды жетектеуіміз керек, бары осы. Біздің идеологиямызға бөтен, мүлдем жаулық пиғылдағы элементтердің біздің өміріміздің әртүрлі салаларына өте қатты ықпал жасауына түзуге

болмайды. Әрине, біз кәдімгідей алға жылжыдық, интеллигенцияның арасында кейбір қозғалыстарға ие болдық, Жандосов дұрыс айтады, біз мәселеге басқаша қарайтын жаңа жас интеллигенция қабатына ие болдық» [13]. Ф. Голощекин бұл жерде, өзінің ығымен жүріп-тұратын интеллигенция туралы айтқан болатын. Ал бұрын Алаш қозғалысы қатарында болғандарға ашық сенімсіздік танытты. Ол: «Ескі интеллигенция арасында сменовеховшылықты еске түсіретін ағым бар. Сіздер Жұмбаевтың «90-ға» қатысты белгілі өлеңін білесіздер. Ол енді «90» туралы жаза бастады, ол «90-ның» жағында және көпшілік ол шынын айтып отыр деп алданып қалуда. «100-ге» ұмтылған олар жеңіліп қалды, сондықтан да «90-ды» ұтып алуға ұмтылуда, біздерді алдаусырата отырып, осы «90-ның» өз еркіне қарамай, Қазақстанның еңбекші бұқарасының өмірлік мүдделеріне қарсы өз идеологиясын жүргізу үшін ықпал алуға ұмтылуда. Олар бізбен бірге деп ойлауға болмайтыны сияқты, бұл «сменовеховшылардың» әлеуметтік табиғатына алданып қалуға болмайды» [14], - деп, халықпен бірге болуды қалаған Алаш зиялыларына толық сенімсіздік танытты. Бір сөзбен айтқанда, Алаш қозғалысы өкілдерін мәдени құрылысқа араластыруға қарсы болды. Осындай жағдайда, әрине, кеңестік тарихнама Алаш зиялыларының мәдени-рухани мәселелерге қатысты көзқарастарын жоққа шығарып немесе қаралап, оларды ығыстырып шығару әрекеттерін жасады.

XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басындағы тарихи кезеңдегі қазақ зиялыларының рухани-мәдени өмірге қатысты көзқарастары XX ғасырдың 20-30-ыншы жылдарындағы кеңестік тарихнамада ашық сынға ұшырады. Олардың ұлттың өзін-өзі билеу құқығын көтеруі, тіл мен дінге қатысты ойлары, таптық көзқарас ауқымына сыймайтын еңбектері «ұлтшылдық», «оңшыл-ауытқушылық», «феодалдық», «контрреволюциялық», «троцкийшілдік», «кондратьевшілдік» тәрізді және т.б. айдарлармен таңбаланып, пікірлері ғана емес, өздері де қуғынға ұшыратылды. Өйткені, ұлттық санасы қалыптасқан ұлт зиялыларының мәдени ағартушылық қызметі – біріншіден, кеңестік трафареттік сананы жүзеге асыруға, екіншіден, Қазақстандағы «мәдени революцияға»

кедергі келтіретін еді. Қазақ зиялыларының көрсетілген тарихи кезеңдегі рухани-мәдени өмірге қатысты еңбектерінің маңызы зор. Олардың еңбектеріндегі көзқарастарын айқындау, оларды екшеу және жіктеу, олардың негізгі бағыттарын сипаттау және бұл көзқарастарға қазіргі тәуелсіз Қазақстан тұрғысынан баға беру - бүгінгі тарихнама ғылымында әлі де жалғасын табары сөзсіз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Рыскулов Т. Мусбюро РКП(б) в Туркестане. 2 и 3 Туркестанские краевые Конференции РКП 1919-1920 гг. С введением тов. Рыскулова. – Ташкент: Туркгосиздат, 1921. – 93 с.; Рысқұлов Т.Р. Шығармаларының толық жинағы. 5 томдық. – Алматы: Қазығұрт баспасы, 2007.
2. Төрехұлов Н. Шығармаларының көп томдық жинағы: - Т. 1. – Алматы: «Ел-шежірең», 2007. – 256 б.
3. Садуақасұлы С. Екі томдық шығармалар жинағы. – Т. 1. – Алматы: Алаш, 2003. – 352 б.
4. Қараиш Ғ. Замана. – Алматы: Ғылым, 1994. – 240 б.
5. Мәрсеев Р. Қазақ қайда бара жатыр? 1909. – 56 б.
6. Россия и Центральная Азия. 1905-1925 гг. Сборник документов. – Караганды: Изд-во КарГУ, 2005. – 495 с.
7. Алаш қозғалысы. Құжаттар мен материалдар жинағы. Сәуір 1901 ж. – желтоқсан 1917 ж.
8. ҚРПМ., 139-қ., 1-т., 252-іс; 541-іс; 809-іс; 316-іс; 31в – іс; 1125-іс; 1126-іс; 1127-іс.
9. ҚРОММ. 5-қ., 1-т., 21-іс, 426-п.
10. Доклад Наркомпроса КССР 2-му Всекиргизскому съезду Советов. – Оренбург: Тип. ГСНХ № 3, 1921. – 37 с.
11. ҚРОММ. 5-қ., 2-т., 10-іс, 17-п.
12. Бюллетень V-го Всекиргизского Съезда Советов. – 15 апреля 1925 г. - № 3. – С. 6. // Пятый Всеказакский (Всекиргизский) Съезд Советов (15-19 апреля 1925 года): Стенографический отчет. – Кызыл-Орда (Ак-мечеть): Орготдел ЦИК КССР, 1925. – Бюллетени № 1-8.
13. ҚРПМ. 141-қ., 1-т., 1125-іс, 272-273-п.
14. ҚРПМ. 141-қ., 1-т., 1125-іс, 273-п.

Шайзадаев Ұлан Назарұлы

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің магистр-оқытушысы
Түркістан қ., toxaulan83@mail.ru

СҰЛТАНМАХМҰТ ТОРАЙҒЫРОВТЫҢ ДҮНИЕТАНЫМЫНДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК- МӘДЕНИ КӨЗҚАРАСТАР

Түйін. Бұл мақалада С.Торайғыровтың дүниетанымындағы әлеуметтік-мәдени көзқарастары берілген. Сонымен қатар, қоғам қайраткердің XX ғ. басында қазақ қоғамының дамуындағы әлеуметтік қайшылықтар мен оның негізгі себептері туралы идеялары ұсынылған.

Кілт сөздер: гуманизм, философия, мәдениет, қоғам, социализм, әлеуметтік экономика, лирика, прогресс, публицистика, поэма.

Резюме. В данной статье рассматриваются социально-культурные взгляды С.Торайғырова в их миропознании. Также предлагаются идеи общественного деятеля об основных причинах социальных противоречий казахского общества в начале XX века

Ключевые слова: гуманизм, философия, культура, общество, социализм, социальный экономика, публицистика, лирика, поэма, прогресс.

Summary. This article is considered the cultural-social views of S.Toraigirov's worldknowing. In the early 20th century the development of Kazakh society and social conflicts and proposed its main reasons.

Track words: humanism, philosophy, policy, culture, society, socialism, social economy, lyrics, progress, publicism, poem

Поэзиядағы Абай салған дәстүрді жалғастырушы С.Торайғыров ірі әлеуметтік ойшыл болды. Ақынның қазақ қоғамының даму заңын, салтын, дәстүр-ғұрпын, мәдениетін терең зерттей білуі оның ойшыл гуманист екенін айғақтайды. Оның шығармашылық еңбектеріне көз жіберсек адамзат қоғамының дамуы жайында философиялық еңбектер жазған ғұламалардың даналық ой-пікірлерін, арман-мақсаттарын білгені байқалады. Ақын батыстың утопист-социалистері Жан Жак Руссоның, Шарль Фурьенің қоғамдық көзқарастарынан мол хабардар болған. Бұл оның саяси ой-тұжырымдарынан байқалады. Сондай-ақ, оның капитал дүниесін зерттеуші К.Маркстің, Ф.Энгельстің еңбектерін оқығаны, Г.В.Плехановтың, Н.Г.Чернышевскийдің басқа да қоғамдық процестерді зерттеушілердің еңбектеріне ден қойғаны сезіледі.

Өзі де қазақ еліндегі ел басқару, дау-жанжалдарды шешу, ру арасындағы қарым-қатынастарды реттеу жұмыстарына араласып, билік төңірегінде жүрген. Өйткені, оның атасы Торайғыр өз елінде би болған адам.

Жан-жақты білімді ақынның қазақ халқының тарих-шежіресінен, хандар мен билер дәуірінде-

гі әлеуметтік-саяси жағдайлардан мол хабардар екенін айтуымыз керек. Сұлтанмахмұт сияқты аса дарынды ақынның «Қасым ханның қасқа жолын», «Есім ханның ескі жолын» және Өз-Тәукенің «Жеті жарғысын» білмеуі мүмкін емес. Қазақ халқының ел басқарудағы заңдар мен тәртіптерін жинақтаған бұл құжаттар қашан да оның зердесінде жүрген.

С.Торайғыровты қазақ қоғамындағы әлеуметтік мәселелерді ерекше қозғаушы ақын-саясаткер деп айтуымызға әбден болады.

Себебі, өткен ғасырдың бас кезінде қазақ елін оқу-білімге, мәдениетке үндеген сол кездің бірегей басылымы «Айқап» журналында істеп, белгілі қоғам қайраткерлері А.Байтұрсынов пен М.Дулатовтар шығарған «Қазақ» газетінің жұмысына ат салысқанын айта аламыз.

Троискіде шыққан «Айқап» журналы сол кездегі қазақ сахарасындағы әлеуметтік-саяси және рухани мәселелерді терең жазған. Ал, А.Байтұрсынов пен М.Дулатовтар жетекшілік еткен «Қазақ» газеті отарлық езгідегі елдің мұң-зарын жазып, Ресейдің ішкі, сыртқы саясатынан хабардар беретін. Қазақ сахарасындағы ел басқарудың, болыс-билер сайлаудың жайынан мағұлматтар жариялап, елдің әлеуметтік-саяси өмірін терең жазған. Аталған басылымдарды ақын сүйіп оқыды. «Айқап» журналында жүргенде Сұлтанмахмұт қазақ халқының тұрмыстық, әлеуметтік жағдайларын терең көрсететін шығармалар жазды [1.56].

Ресейдегі Қазан төңкерісінің алдындағы саяси, экономикалық дағдарыс, халықтың езіліп, қаналуы – сол дәуірдің таза шындығы еді. Өсіресе, қазақ даласындағы отарлық саясаттың шектен шығып, қанды оқиғаларға ұласуы ақынды саясатқа күштеп жетеледі. Міне, сондықтан, қазақ қоғамындағы шешімін таппаған көптеген мәселелердің төңірегінде ол ой қозғайды, әлеуметтік-экономикалық жағдайларды сөз етеді. Ақынның «Адасқан өмір» және «Кедей» поэмалары – қазақ еліндегі қоғамдық қайшылықтар мен әлеуметтік асқынуларды шегіне жеткізе суреттеген шығармалар. Қазіргі таңда жиі айтылатын әлеуметтік әділеттілік, әлеуметтік – экономикалық тұрмыс жағдайларындағы қайшылықтарды ақын сол кездің өзінде-ақ түсіндірген.

Ақынның «Адасқан өмір» дастаны біраз уақытқа дейін өзінің шынайы бағасына ие бола алмады. Оны қазақ топырағында, қазақ ақынының қаламынан туған көп жақсы шығармалардың бірі ғана емес, жалпы адамзаттық проблемаларды көтерген

